

Том 8

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

8 ТОМ

Сентябрь 1903 — июль 1904

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1975

К 21
40

Л $\frac{10102—155}{401\ (07)—75}$ 2—75

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының сегізінші томына 1903 жылғы сентябрьде — 1904 жылғы июльде, РСДРП II съезінен кейін большевиктердің меньшевиктерге қарсы шиеленіскен күресі кең өріс алған кезеңде жазылған шығармалар еніп отыр.

Россия тарихында бұл буржуазиялық-демократиялық революция тез өрістеген кез еді. 1903 жылдың жазында Россияның бүкіл оңтүстігін шарпыған, өзінің өрісі жағынан бұрын-соңды болып көрмеген стачка пролетариаттың бірінші орыс революциясы қарсаңындағы ең ірі бой көрсетулерінің бірі болды. Бұл стачка жұмысшы табының саяси санасының, оның ұйымдасуы мен топтасуының өскенін көрсетті. Жұмысшы қозғалысының өрге басуымен бірге шаруалардың жер үшін күресі барған сайын шиеленісе түсті. Бірқатар губернияларда шаруалар помещиктерге қарсы қимыл жасауға жаппай көтерілді. Студенттер қозғалысы да күшейді; қоғамның басқа топтарында наразылық пен оппозициялық толқу өсті. 1904 жылы январьда Жапонияға қарсы басталған соғыс әлеуметтік-экономикалық қайшылықтардың бәрін одан сайын ушықтырды, самодержавиелік құрылысқа қарсы күресті бұрынғыдан бетер шиеленістірді. Россия революциялық терең дағдарыс кезеңіне енді.

Ленин Россияның революциялық қозғалысы тарихындағы осы кезеңді сипаттай келіп, кейіннен былай деп жазды: «Барлық жерде ұлы дауылдың жақындағаны сезіледі. Барлық таптардың арасында толқу, дайындалу

болады. Шетелдерде эмиграиттық пресса теориялық жағынан революцияның *барлық* негізгі мәселелерін қояды. Негізгі үш таптың, басты-басты үш саяси ағымның өкілдері, либералдық-буржуазиялық ағымның, ұсақ буржуазиялық-демократиялық ағымның («социал-демократиялық» және «социал-революциялық» бағыттар деген перденi жамылған ағымның) және пролетарлық-революциялық ағымның өкілдері, программалық және тактикалық көзқарастардың мейірімсіз қатаң күресі арқылы таптардың төніп келе жатқан ашық күресін күні бұрын болжайды және дайындайды» (Шығармалар, 31-том, 10—11-беттер).

Бұл кезеңде партияның алдына бұқараны революцияға әзірлеу міндеттері мейлінше шұғыл қойылды. Бұл міндеттер партиядан берік, орталықтандырылған басшылықты, ерік пен қимыл бірлігін, тәртіпті, қатарының топтасқандығын талап етті. Мұндай жағдайда маркстік партияның ұйымдық принциптерін қорғаудың және одан әрі дамытудың, ұйымдық оппортунизмнің барлық көріністерін әшкерелеудің ерекше зор маңызы бар еді.

Партияның өмірінде бұл қатал сын уақыты, партия ішіндегі ауыр дағдарыс уақыты болды.

Дағдарыстың бірінші сатысы 1903 жылдың күзіне келеді. РСДРП II съезінде жеңіліске ұшыраған меньшевиктер қарымта қайыруға ұйғарды, сөйтіп партия орталықтарына бойкот жасау және жұмысқа іріткі салу арқылы партияға басшылық ісін қолдарына алуды өздерінің мақсаты етіп қойып, съезд аяқталысымен дереу партияның орталық мекемелеріне шабуыл бастады. Меньшевиктер үйірмелік дәстүрлер ерекше күшті болған «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» партияға қарсы күрестің тірек пункті етті.

Партия ішіндегі дағдарыстың екінші сатысы меньшевиктердің 1903 жылы ноябрьде «Искраның» редакциясын басып алуынан басталады. Меньшевиктік позицияға көшкен Плеханов бұл істе оларға көмектесті. Орталық Органды басып алғаннан кейін меньшевиктер партия Советінде көпшілік болады.

Дағдарыстың үшінші сатысы 1904 жылдың жазына келеді; бұл кезде меньшевиктер РСДРП Орталық Комитетіндегі ымырашылдардың көмегімен Орталық Комитетті басып алды. Меньшевиктер партия ішінде бүлдіру әрекетін жүргізе отырып, партия орталықтарының бәрін бірте-бірте осылай қолдарына түсіріп алды.

Меньшевиктер Россиядағы жергілікті партия комитеттерін өздеріне қаратып алу үшін де шиеленіскен күрес жүргізді. Олар бірқатар жерлерде комитеттерді жікке бөліп, басшылықты өз қолдарына ала алды. Алайда жергілікті партия комитеттерінің көпшілігінде оларға батыл тойтарыс берілді. Елдің басты-басты өнеркәсіпті аудандары мен пролетарлық ірі орталықтары: Петербург, Москва, Баку, Рига, Тула, Тверь, Екатеринослав, Нижний Новгород, Саратов, Одесса, Николаев, Луганск, Урал большевиктердің соңына ерді. Профессионал революционерлердің негізгі кадрлары түгелдей Ленинді қолдады. Меньшевиктердің жікке бөлушілік, іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы күрес жүргізгенде Ленин партия қызметкерлерінің қалың бұқарасына сүйенді. Олардың партия ұйымдарын нығайту жолындағы жігерлі күресі большевиктер партиясы күшінің ең жақсы айғағы болды.

Ленин партия ішінде болып отырған дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы РСДРП III съезін дереу шақыру деп білді. Партия Советінің январь (1904 жылғы) сессиясында Ленин съезд шақыру туралы қарар ұсынды (қараңыз: осы том, 164-бет). Алайда партия Советінде көпшілік дауысқа ие меньшевиктер бұл қарарды қабылдамай тастады. Кейінірек, 1904 жылы августа, Лениннің басшылығымен Швейцарияда өткен 22 большевиктің кеңесі Ленин жазған «Партияға» деген үндеу қабылдап, партия ұйымдарын партияның III съезін дереу шақыру үшін күрес жүргізуге шақырды. Партия комитеттерінің басым көпшілігі меньшевиктердің әрекеттерін айыптап, партия съезін шақыру жөніндегі жұмысқа белсене қатысты.

Меньшевиктердің партияға дұшпандық әрекеттері мен олардың РСДРП II съезінде және съезден кейінгі жерде партия ішіндегі күрес фактілерін бұрмалауын

әшкерелеуде В. И. Лениннің 1904 жылы майда шыққан «Бір адым ілгері, екі адым кейін (Біздің партиямыздағы дағдарыс)» деген кітабы орасан зор роль атқарды.

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітабы томда маңызды орын алады. Бұл еңбек маркстік-лениндік теорияның дамуындағы, пролетарлық партия туралы ілімнің дамуындағы маңызды кезең болды.

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітабында большевиктік партияның ұйымдық принциптері егжей-тегжейлі талдап жасалған. Ленин маркстік партия жұмысшы табының бір бөлігі, оның алдыңғы қатарлы отряды, партияны бүкіл таппен жаңылыстыруға болмайды, ол жұмысшы табының таңдаулы, революциялық іске мейлінше берілген адамдарын таңдап алу жолымен құрылады деп үйретті. Сонымен бірге «таптың алдыңғы қатарлы отряды ретінде, партия, мүмкіндігінше неғұрлым *ұйымдасқан* топ болуы...» (259-бет) қажет; егер жұмысшы табының ерік бірлігімен, қимыл бірлігімен, тәртіп бірлігімен топтасқан біртұтас, жалпы отряды болып ұйымдасса ғана партия алдыңғы қатарлы отрядтың міндетін атқара алады. Партия тек централизм негізінде құрылған жағдайда ғана берік әрі топтасқан партия бола алады. Бұл — партия съезі, ал съездер аралығында Орталық Комитет жүзеге асыратын партияға бір орталықтан басшылық жасау, азшылықтың көпшілікке, төменгі ұйымдардың жоғары ұйымдарға қатаң түрде бағынуы деген сөз. «Орталық орындардың басшылығына бағынудан бас тарту,— деп жазды Ленин,— партияда болудан бас тартумен бірдей, партияны күйретумен бірдей...» (376-бет). Партия құпия жағдайда өмір сүрген кезде партия ұйымдарын сайлау негізінде құруға мүмкіндік болмады. Алайда Ленин партия жария жағдайға көшкенде оның барлық ұйымдары демократиялық централизм негізінде құрылатын болады деп есептеді. Партияда оның барлық мүшелеріне бірдей міндетті темірдей берік тәртіп болуы қажеттігін Ленин талай рет атап көрсетті. Ол партия дегеніміз алдыңғы қатарлы отрядтың жұмысшы табының миллиондаған бұқарасымен байланысының бейнесі деп түсіндірді. Егер партияда ішкі партиялық демократия мен өзара сын болса, ол

нығая береді және оның бұқарамен байланысы да ұлғаяды. Ленин партияда «өзара сын және өз кемшіліктерін аямай ашу жұмысын...» (204-бет) жүргізу қажет екенін атап көрсетті. Ол маркстік партия дегеніміз басқа пролетарлық ұйымдардың бәріне басшылық ететін, олардың қызметін бір мақсатқа — помещиктер мен капиталистердің өкіметін құлатып, жаңа, социалистік қоғам орнатуға бағыттайтын пролетариаттың таптық ұйымының жоғары формасы екенін көрсетіп берді. Бұл принциптер жаңа тұрпатты партияны — большевиктер партиясын құрғанда негіз етіп алынды.

В. И. Ленин өзінің кітабында маркстік партияның әсіресе тарихи жаңа замандағы пролетариаттың күресінде орасан зор маңызы бар екенін ашып берді. Марксизм тарихында тұңғыш рет ұйымдық оппортунизм жан-жақты сыналып, ұйымның маңызын төмендетудің жұмысшы қозғалысы үшін өте-мөте қауіпті екендігі көрсетілді.

Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында орасан көп нақты материал негізінде РСДРП II съезіндегі ішкі партиялық күресті бейнелейді, аса маңызды мәселелерді талқылаудың барысында жекелеген делегаттардың позицияларының қалай анықталғанын, негізгі жіктердің қалай қалыптасқанын, күресуші жақтардың арасы барған сайын қалай айқын ашыла бергенін көрсетеді.

Партия уставының бірінші параграфы жөнінде — партияға мүшелік туралы съездің революциялық және оппортунистік бөліктері арасындағы күресті талдауға кітапта көп орын берілген. Ленин уставтың бірінші параграфына берген өзінің тұжырымында партия мүшесі партия ұйымдарының біріне тікелей қатысуы қажеттігін негізге алды. Ал Мартов партия мүшесінің партияға үнемі өз басы жәрдемдесіп отыруы жеткілікті деп есептеді. Уставтың бірінші параграфының әр түрлі тұжырымдарында жұмысшы табының партиясы қандай болуы керек және ол қалай құрылуы тиіс деген сұраққа қарама-қарсы екі жауап берілді. Бұл тұжырымдардан Ленин жақтайтын пролетарлық централизм мен пролетарлық тәртіптің және Мартов жақтайтын ұсақ буржуа-

зиялық анархиялық дарашылдықтың қақтығысын көреміз. Лениншілдер біртұтас, тиянақты ұйымдасқан және тәртіпті пролетарлық партияны жақтады; мартовшылдар тиянақсыз, қалыптаспаған, әр түрлі партияны жақтады. Партия уставының бірінші параграфы төңірегінде болған күрестің принципті мәні осындай еді.

Ленин өзінің кітабында уставтың бірінші параграфын тұжырымдаудағы Мартовтың негізгі қателігі мен меньшевиктердің ұйымдық мәселедегі оппортунистік көзқарастарының бүкіл жиынтығы арасында болып келген байланысты зерттейді және оны бөліп көрсетеді.

Ленин РСДРП II съезі кезіндегі және одан кейінгі жердегі партия ішіндегі күрес фактілерін мұқият зерттеу негізінде большевиктер партияның революциялық қанаты, ал меньшевиктер — оппортунистік қанаты деген аса маңызды қорытынды жасайды. Ленин меньшевиктер партияның оппортунизмге неғұрлым бейімірек, теория жағынан тым тұрақсыз, принцип жағынан өте ұстамсыз элементтері болды деген талассыз фактіні атап айтады. «Көпшілік және азшылық болып бөліну,— деп жазады ол,— социал-демократияның революциялық және оппортунистік болып, Гора және Жиронда болып бөлінуінің тікелей және сөзсіз жалғасы, бұл бөліну тек кеше ғана пайда болған жоқ, тек орыс жұмысшы партиясында ғана пайда болған жоқ және күні ертең жойыла қоймаса керек» (354-бет).

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапта меньшевизм халықаралық оппортунизмнің бір түрі ретінде көрсетілген. Ленин Россия және Батыс Европа оппортунистерінің көзқарастарын сынауға байланысты жалпы оппортунизмге айқын анықтама — оппортунизмнің бет әлпетін бүгін де айна-қатесіз тануға көмектесіп отырған анықтама береді: «Оппортунизммен күрес туралы әңгіме болып отырғанда, осы заманғы бүкіл оппортунизмнің барлық және неше түрлі салалардағы ерекше белгісін: оның бұлыңғырлығын, тиянақсыздығын, жылпостығын еш уақытта ұмытпау керек. Өзінің жаратылысында оппортунист мәселені ашық және бұлтарыссыз қоюдан ылғи қашады, аралық күш іздейді, бірін-бірі жоққа шығаратын екі түрлі көзқарастың арасында жы-

ланша іріледі, анасын да, мынасын да «мақұлдауға» тырысады, өзінің алауыздығын болмашы түзетулерге, күмәндануға, момақансыған ізгі тілектерге, тағысын-тағыларға әкеліп тірейді» (420—421-беттер).

Ленин партияның бүкіл қызметі үшін заң болған партия өмірінің тұрақты нормаларын жасап берді. «Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітабында ол жаңа түрпатты партияның ұйымдық принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыру және партия уставының талаптарын партияның барлық мүшелерінің бұлжытпай орындауы сияқты партия өмірінің аса маңызды нормаларына ерекше толық тоқталады. Ленин меньшевиктердің партияға жат қылығын әшкерелейді, олар партия съезінің шешімдеріне бағынудан бас тартып, өздерінің жікшілдік, үйірмелік мүдделері үшін партия уставын бұрмалауға және тікелей бұзуға дейін барғанын көрсетті. Меньшевиктердің партия қатарында болумен сыйыспайтын мұндай қылығын Ленин төрешілдік анархизм деп атады. Ол былай деп атап көрсетті: партиялық байланыс достық қарым-қатынасқа немесе еш нәрсемен есептеспейтін, дәлелсіз «сенімге» сүйене алмайды, қайта партия уставына негізделуге тиіс, ал «оны тек қатаң сақтағанда ғана біз үйірмелік жүгенсіздіктен, үйірмелік кесірліктен, идеялық күрестің емін-еркін «процесі» деп аталып отырған жанжалдың үйірмелік тәсілдерінен аулақ боламыз» (408-бет).

Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабын жазғанда РСДРП II съезінің протоколдарын және сол кездегі басқа да партия документтерін зерттеу жөнінде орасан зор жұмыс істеді. Осы томдағы «Дайындық материалдар» деген бөлімде Лениннің өз кітабын жазуының бастапқы кезін бейнелейтін бірқатар лениндік документтер келтіріліп отыр. Бұл документтердің арасында: «РСДРП II съезі протоколдары конспектісінің нобайы», «Протоколдар бойынша делегаттарға берілген мінездеме», «РСДРП II съезінде дауыс берудің топқа бөлінуі және типтері» және «Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітабына басқа да кейбір дайындық материалдар бар.

В. И. Лениннің томға еніп отырған басқа да біркатар еңбектері мазмұн жағынан «Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітабымен тығыз байланысты, оларда сол кездегі партия ішіндегі күрес мәселелері баяндалады. Бұл еңбектер Ленин кітабының жекелеген қағидаларын толықтыра түседі және партияның екінші съезіндегі, съезден кейінгі кезеңдегі күрес көрінісін толығырақ елестетуге мүмкіндік береді.

Томның басындағы «РСДРП II съезі туралы әңгімеде», Шетелдік лига съезінде РСДРП II съезі туралы жасалатын баяндамада, Шетелдік лига съезінде РСДРП II съезі туралы жасалатын баяндаманың жоспар-конспектісінде («Дайындық материалдар» бөлімінде берілген), «Искра» редакциясына жазылған «Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?» деген хатта Ленин әр түрлі саяси топтарға талдау жасауды бірінші орынға қоя отырып, партия съезінде болған партия ішіндегі күрестің аса маңызды оқиғаларына тоқталады. Съездің бүкіл жұмысын Ленин әр түрлі екі кезеңге бөледі: съездің бірінші жартысында барлық искрашылдар антиискрашылдарға қарсы күресе отырып, бірлесіп әрекет істейді; искрашылдар бір-біріне дұшпан екі жаққа бөлінген съездің екінші жартысында жағдай мүлде басқаша. Ленин меньшевиктердің съезде ұстаған позицияларының бүкіл қауіптілігін, сондай-ақ олардың жіберген қателіктерінің зиянды зардаптарын көрсетіп берді.

Томдағы еңбектердің үлкен тобы — меньшевиктердің съезден кейінгі жікшілдік, іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы бағытталған лениндік документтер. Бұл документтердің арасында үндеулердің жобалары, мәлімдемелер, сондай-ақ партияның әр түрлі мекемелеріне жазылған, мақала түрінде жарияланған ресми хаттар бар. Лениннің партия коллегияларының мәжілістерінде (Шетелдік лиганың съезі мен партия Советінің сессияларында) сөйлеген сөздері зор маңызы бар документтер болып табылады.

Меньшевиктер «Искраны» басып алғанға дейін жазылған «Орталық Комитеттің және Орталық Орган редакциясының оппозиция мүшелеріне арналған үндеуінің жобасы» мен «Тапсырылмаған мәлімдемеде» Ленин

орталық партия мекемелеріне бойкот жасамақ болған әрекеттері үшін меньшевиктік оппозиция мүшелерін қатты сынап, партия мүшелерінің партиялық парызын олардың есіне салады, меньшевизм лидерлері қолданған күрестің жол беруге болмайтын, партиялық емес тәсілдеріне батыл қарсы шығады.

Ленин «Партия Советінің мүшесі мен Орталық Орган редакциясының мүшесі қызметінен бас тартқаным туралы мәлімдеме», «Басып шығарылмаған мәлімдеме» сияқты документтерде, ««Искра» редакциясынан кетуімнің мән-жайы туралы» деген мақалада меньшевиктердің «Искра» редакциясын басып алуының тарихына — партия ішіндегі күрестің осы бір мейлінше шиеленіскен кезеңіне тоқталады. Ленин бұл документтерде өзінің Орталық Орган редакциясынан кетуінің себептерін айтады және РСДРП II съезінің еркіне қарсы «Искра» редакциясына оның ескі редакторларын кооптациялаған Плехановтың әрекеттерінің заңсыздығын талдайды. «Искра» 52-номерінен бастап революциялық марксизмнің айбынды органы болудан қалды.

Орталық Орган редакциясын басып алған меньшевиктер «Искраны» партияға қарсы күрес құралына, оппортунизмді уағыздау трибунасына айналдырды. «Жаңа «Искраның» позициясы туралы заметкада», «Партия мүшелеріне», «Партияға» деген үндеулердің жобаларында, партия Советінің январь (1904 жылғы) сессиясында сөйлеген сөздерінде Ленин жаңа «Искра» әрекеттерінің антипартиялық сипатын, меньшевиктердің партиядағы басшы орындарға принципсіздікпен таласуынан туған ұрыс-керіс және өсек-аяң жағдайының бүкіл зияндылығын және бұл жағдайға жол беруге болмайтындығын көрсетіп береді. Меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеттерінің салдары болған дағдарыс жағдайынан партияны алып шығу үшін Ленин партия қызметкерлерін барынша күш-жігер жұмсауға шақырады.

Томға еніп отырған бірқатар лениндік документтер В. И. Лениннің РСДРП Орталық Комитетіндегі ымырашылдарға қарсы күресін бейнелейді, олар партияда қайткен күнде, тіпті меньшевиктерге принциптік пози-

цияларды беріп қою арқылы болса да, татулыққа жетуді көздеген еді. Ымырашылдыққа қарсы күрес әсіресе 1904 жылдың көктемі мен жазында, Орталық Комитет меньшевиктердің қолына көшер қарсаңда шиеленісе түсті. Меньшевиктердің Орталық Комитетті басып алуына ымырашылдар көмектесті. «Орталық Комитет мүшелеріне хатта» және «Орталық Комитеттің үш мүшесінің мәлімдемесінде» (екі документ те 1904 жылы майда жазылған) В. И. Ленин РСДРП III съезін шақыруға меньшевиктер сияқты қарсы болған В. А. Носков, Л. Б. Красин, Л. Е. Гальпериннің және басқа ымырашылдардың принципсіз әрекеттерін сынайды. Сол кездегі аса маңызды осы мәселеде ымырашылдыққа қарсы күресе отырып, Ленин съезді жақтап үгіт жүргізу еркіндігін талап етті. «Партияға» деген үндеудің сол кезде жазылған жоспарында да Ленин осы талапты ұсынады.

В. И. Лениннің меньшевиктер мен ымырашылдардың антипартиялық әрекеттерін әшкерелейтін шығармалары оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы принципті, дәйекті, ымырасыз күрес жүргізудің үлгісі болып табылады. Бұл еңбектер партияның қуаттылығына, оның комитеттерінің көпшілігінің күші мен жетілгендігіне, оның негізгі кадрларының топтасқандығына, партияның қалың бұқарасының революциялық принциптерге адалдығына деген қалтқысыз сенімге толы. Партия ішіндегі дағдарыстың партия үшін қиын кезінде, меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеті мейлінше өршіп тұрған кезде Ленин былай деп жазды: «Революциялық социал-демократия, пролетарлық ұйым және партиялық тәртіп принциптерінің сөзсіз, толық салтанат құратынына бір сәт болса да күмәндану барып тұрған қылмысты қорқақтық болар еді» (431-бет).

Революциялық, пролетарлық партияның ұйымдық принциптерін талдап жасауға байланысты Лениннің Бунд өкілдері қорғаған федерациялық көзқарастарға қарсы табанды күрес жүргізуіне тура келді. Осы томда Лениннің Бунд федерализміне қарсы бағытталған «Асқан ұятсыздық пен болмашы логика» және «Бундтың партиядағы жағдайы» деген екі мақаласы басылып

отыр. Осы мақалаларында да, «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында да Ленин Бунд партияның федерациялық бөлігі болуға тиіс деген бундтық негізгі тезисті егжей-тегжейлі талдап, сынға алды. Ленин жұмысшы қозғалысының бірлігіне үлкен зиян келтірген бұл тезистің пролетарлық партия қабылдауға болмайтын мүлде теріс тезис екенін көрсетіп берді.

Ленин Россияда жергілікті жерлерде жүргізілген партиялық жұмыспен мейлінше тығыз байланыс жасап отырды. Социал-демократиялық ұйымдардың жағдайын, олардың талап-тілектері мен көкейтесті мұқтаждарын одан артық ешкім де жақсы білген жоқ. Ленин өзінің аса мол тәжірибесін партиялас жолдастарының ортасына салып, оларға Россиядағы революциялық қозғалысқа шетелден көмек көрсетіп, ықпал жасауды қалай ұйымдастыру керектігін үйретті. Бұл тұрғыдан алғанда томда басылып отырған «Шетелдік лиганың әкімшілігіне, партияның көмектесуші топтарына, партияның шетелдегі барлық мүшелеріне РСДРП Орталық Комитетінің хаты» үлгі бола алады. Хатта Ленин Россияға революцияшыл қызметкерлерді жөнелту ісін қалай жолға қою, шетелде жиналған ақшаны Россияға жіберуді қалай ұйымдастыру, Россияда жұмыс істеп жатқан жолдастарға көмектесу мақсатымен, сәтсіздікке ұшыраудан сақтандыру және т. б. мақсатпен Россияға дереу хабарлануға тиіс байланыстар, деректер, нұсқаулар жинауды қалай үйрену, шетелден әдебиет тасымалдауды қалай іске асыру керектігін егжей-тегжейлі түсіндіреді. Бұл хат, сірә, жіберілмесе керек, бірақ Россиядағы революциялық қозғалысқа шетелден жәрдемдесіп отырудың сол хатта белгіленген жоспары шын мәнінде Орталық Комитеттің шетелдегі бүкіл жұмысының арқауы болды.

Сегізінші томда жаңа лениндік документ: РСДРП Орталық Комитетінің «Орыс пролетариатына» деген орыс-жапон соғысына арналған листогы жарияланып отыр.

Қиыр Шығыста соғыс қимылдары басталғаннан кейін бір апта өткен соң жазылған «Орыс пролетариатына» деген листокта Ленин осы соғыстың тонаушылық, басқыншылық сипатын ашып берді, жұмысшы халықты

қисапсыз көп апатқа ұшырататын соғыстың капитал мүддесі үшін, пайдаға құнығып, өз отанын сатып жіберуге және қайыршылық күйге түсіруге дайын тұрған буржуазия мүддесі үшін жүргізіліп жатқанын көрсетті. «Орыс пролетариатына» листогы пролетарлық интернационализм рухына толы; листоктың соңғы сөздері зор күшпен естіледі:

«Халықаралық капиталдың бұғауынан толық құтылу жолында күресуші барлық елдердің пролетарларының туысқандық бірлігі жасасын! Соғысқа қарсы шыққан жапон социал-демократиясы жасасын! Қарақшы және масқара патша самодержавиесі жойылсын!» (186-бет).

В. И. Лениннің «Халықшылданушы буржуазия және сасқалақтаған халықшылдық» деген мақаласы томдағы еңбектердің арасында маңызды орын алады. Томда осы еңбекке қатысты дайындық материалдар да келтірілген, олар еңбектің тақырыптық шеңберін біраз ұлғайта түседі.

«Халықшылданушы буржуазия және сасқалақтаған халықшылдық» деген еңбегінде Ленин Л.-дің орыс либералдарының программалық көзқарастары баяндалған «Аграрлық мәселе жөнінде» деген мақаласын егжей-тегжейлі талдайды. Ленин Л.-дің мақаласы Европа оппортунистері мен орыс халықшылдары идеяларының жақындасып, тоғысып кетуінің үлгісымағы екенін көрсетіп берді.

Еңбекте орыс либерализмінің аграрлық программасын талдауға көп орын бөлінген. Ленин социал-демократтар мен либералдардың аграрлық программаларының принципті айырмашылығы неде екенін көрсетеді: біріншілері — тап күресін кеңейту, дамыту және шиеленістіру мақсатымен крепостниктік тәртіптің қалдықтарын революциялық жолмен жоюға күш салады; екіншілері — таптардың күресін бүркемелеуге және мұқалтуға ұмтыла отырып, реформашылдық жолға түсті.

Ленин халықаралық жұмысшы қозғалысының тарихын әрқашан терең зерттеді және пролетариаттың революциялық күресінің тәжірибесін насихаттау мен таратуды маңызды, қажетті міндет деп санады. Россияда халықтық революция пісіп жетілген кезде Ленин Па-

риж Коммунасының тарихына ерекше көп көңіл бөледі. 1904 жылы 9(22) мартта Женевада социал-демократтардың жиналысында Ленин Париж Коммунасы туралы баяндама жасайды. Ленин сөзінің тексті сақталмағанмен, осы баяндаманың егжей-тегжейлі үш жоспар-конспектісі сақталып қалған, бұлар осы томда «Дайындық материалдар» бөлімінде жарияланып отыр.

Ленин Париж Коммунасы туралы баяндаманың конспектілерін К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген кітапшасын, сондай-ақ Париж Коммунасының тарихы жөніндегі басқа да кейбір еңбектерді (Лиссагаре, Вейль) мұқият зерттеу негізінде жасады. 1870—1871 жылдардағы француз-пруссак соғысының және Париж Коммунасының аса маңызды оқиғаларын атап берумен қатар Ленин өзінің конспектілерінде Париж Коммунасының саяси реформаларына (шіркеуді мемлекеттен бөлу, тұрақты армияны жою, халыққа тегін білім беру, бюрократтықты жою, барлық чиновниктердің сайланып қойылуы және ауысатын болуы, шетелдіктердің толық праволы болуы, қауымдардың өзін өзі басқаруы) және Париж Коммунасы қабылдаған экономикалық реформаларға (иелері тастап кеткен фабрикаларды жұмысшыларға беру, штрафқа тыйым салу, бөлкешілердің түнде жұмыс істеуіне тыйым салу, қарызды кейінге қалдыру) ерекше тоқталады. Ленин Париж Коммунасының интернационалдық сипатын, барлық елдердегі жұмысшы қозғалысы үшін оның бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызын атап көрсетеді, «Франциядағы азамат соғысына» кірісπеде Ф. Энгельс келтірген «Коммуна туы — бүкіл дүние жүзілік республиканың туы» (519-бет) деген сөздерді ерекше бөліп көрсетеді.

Томға енген шығармалар революциялық сарқылмас оптимизмге және жақындап қалған революцияның құдіретті күшіне деген берік сенімге толы. 1904 жылы апрельде «Бірінші май» деген прокламацияда Ленин пролетариаттың соққысынан полициялық өктемдіктің шаңырағы шайқала бастағанын атап көрсетіп, жұмысшыларды алдағы күреске еселенген күш-жігермен әзірленуге шақырды.

Большевиктер партиясы таяу қалған революцияны берік, айбынды коллектив болып қарсы алды. Оппортунистерге қарсы табанды күрестің от-жалынында большевиктер Россия жұмысшы табының революция ісіне мейлінше берілген барлық таңдаулы, мықты күштерін өз төңірегіне топтастыра білді.

* *
*

Сегізінші томға лениндік төрт жаңа документ: жоғарыда аталған «Орыс пролетариатына» деген листок, 1903 жылғы 23 сентябрьдегі (6 октябрьдегі) «Протокол комиссиясына» деген мәлімдеме, 1904 жылғы 16(29) январьдағы «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитетінен» деген үндеу және 1904 жылғы 15(28) июльдегі «РСДРП Орталық Комитетінің шетелдік өкілдерінің уәкілдіктерін беру туралы мәлімдеме» енді. Сонымен бірге томда Лениннің елуден астам сөйлеген сөздері мен документтері басылып отыр, бұлар В. И. Ленин Шығармаларының алдыңғы басылымдарына енбеген және бұрын Лениннің VI, VII, X, XI, XV, XXVI жинақтары мен «Орыс революциялық социал-демократиясы Шетелдік лигасының кезекті 2-съезінің протоколдарында» жарияланған. Мәселен, Шетелдік лиганың II съезінің материалдары 8 сөйленген сөзбен, партия Советі январь (1904 жылғы) сессиясының материалдары — 8 сөйленген сөзбен, партия Советі июнь (1904 жылғы) сессиясының материалдары — 16 сөйленген сөзбен толықтырылып отыр; партия Советінің 1903 жылғы 19 октябрьдегі (1 ноябрьдегі) қаулысы да В. И. Ленин Шығармаларына тұңғыш рет енгізілді. «Дайындық материалдар» бөлімінде әр түрлі мақалалар мен баяндамалардың жоспары, конспектісі және нобайы болып табылатын лениндік 18 документ, сондай-ақ партияның II съезінің протоколдары бойынша делегаттардың сөйлеген сөздері туралы заметкалар басылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

РСДРП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ [1]

1903 ж. сентябрьдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр



Этотъ разсказ назначен только для личного знакомства, и потому чтение его без согласія автора (Ленина) равно чтенію чужого письма.

Разсказъ о II съѣздѣ Росс. С.Д. Р.П.

В. И. Лениннің «РСДРП II съезі туралы әңгіме» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1903 ж.

Кішірейтілген

Бұл әңгіме жақын таныстарға ғана арналып жазылған, сондықтан оны автордың (Лениннің) рұқсатынсыз оқу **бөтен адамның хатын оқығанмен бірдей.**

Мұның өзі бір жағынан алдын ала айтып қойғандық болса да, бұдан былайғы жерде түсінікті болуы үшін, ең алдымен съездің құрамы жайында айтайын. Съезде шешуші дауыс 51 болды (бір дауысты делегат — 33, екі дауысты — 9, «екі қолдылар» — 9) [2]. Жаңылмасам, кеңесші дауыс 10, демек, барлығы 52 адам. Съездің *өн бойында* анықталғанындай, бұл дауыстардың саяси жіктерге бөлінуі мынадай: шешуші дауыстар — 5 бундшыл, 3 рабоче-делошыл (Шетелдердегі орыс социал-демократтары Одағынан [3] 2 және питерлік «Күрес одағынан» [4] — 1), 4 южнорабочешыл («Южный рабочий» [5] тобынан — 2 және «Южный рабочий» тобымен толық ынтымақтас Харьков комитетінен — 2), 6 тартыншақ, бұлтақтаушы (бұларды **барлық** искрашылдар,— әрине, әзілдеп, «батпақ» деп атады), содан соң 33-тей искрашыл болды, бұлар өздерінің искрашылдығына азды-көпті табанды және дәйекті еді. Ынтымағы бір болып, съездегі барлық мәселелердің тағдырын шешіп отырған бұл 33 искрашыл өз тарапынан шағын 2 топқа бөлінді, тек съездің аяғында ғана біржола бөлінді: бір шағын топ, шамамен 9 дауыс болатын «солқылдақ, дұрысы, бұраң жолды» (немесе, кейбір әзілқойлардың орынды келемеждегеніндей, әйел жолды) искрашылдар, бұлар

әділет, тең ықпал жасайтын etc. жақтады (мұны төменде көреміз) және 24-тей даусы бар берік жолды искрашылдар, бұлар тактика жөнінде де, партияның орталық мекемелерінің құрамы жөнінде де дәйекті искризмді қорғады.

Қайталап айтамын, бұл жік тек қана post factum съездің (40-қа дейін мәжілісі болған съездің!) аяғында ғана біржола қалыптасып, толық анықталды, сондықтан бұл жіктелуді күні бұрын суреттеп, алдын орап жатырмын. Тағы бір ескертетінім: бұл жіктің дауыстары *шамамен* ғана алынған, өйткені кейбір ұсақ мәселелер жөнінде (бір ретте «тілдердің тең праволылығы» туралы мәселеде, бұл туралы кейінірек айтамын және тағы бір ірі мәселе жөнінде) дауыстар көбінесе бөлініп отырды, бір бөлігі қалыс қалып, топтар араласып кетіп отырды және т. с.

Съездің құрамын Ұйымдастыру комитеті [6] алдын ала белгіледі; съездің уставы бойынша, оның съезге кімді шақыруды керек деп тапса, соны кеңесші дауыспен шақыруға правосы бар еді. Съезде ең әуелі мандат тексеру комиссиясы сайланды, сөйтіп съездің құрамына қатысты мәселелердің бәрі түгелдей соның (комиссияның) карауына көшті. (Жақша ішінде айта кетейік, бұл комиссияға да бір бундшыл кірді; ол барлық комиссия мүшелерінің әбден діңкесін құртып, оларды түнгі сағат 3-ке дейін ұстады, бірақ соның өзінде *әрбір мәселе жөнінде* «ерекше пікірде» қалды.)

Съезд барлық искрашылдардың тыныш, тату жұмыс істеу жағдайында басталды. Бұлардың арасында, әрине, әрқашан пікір алалығы болды, бірақ бұл алалық саяси алауыздық болып сыртқа шықпады. Орайы келген соң айта кетейік, съездің басты саяси нәтижелерінің бірі искрашылдардың жікке бөлінуі болды, сондықтан іспен танысқысы келгендер бұл жіктелуге тіпті сәл де болса байланысты оқиғалардың бәріне айрықша көңіл бөлуі керек.

Съездің ең бас кезіндегі едәуір маңызды акт *бюро* немесе *президиум* сайлау болды. Мартов 9 адам сайлауды жақтады, ал бұл 9 адам әрбір мәжілісте бюроға 3 адамнан сайлап отырсын деді және бұл 9-дың құрамына

тіпті бундшылды да енгізбек болды. Мен съездің өн бойына үш-ақ адам сайлансын дедім және бұл үшеуі «қатты ұстау» үшін керек деп білдім. Сайланғандар: Плеханов, мен және Т. жолдас (ол туралы кейін жиі айтылатын болады, ол — берік жолды искрашыл, Ұйымдастыру комитетінің мүшесі). Дегенмен, бұл жолдас, бір южнорабочешылға қарағанда (ол да Ұйымдастыру комитетінің мүшесі) сәл ғана артық дауыспен өтті. Бюро туралы Мартов екеуіміздің таласымыздан (талас болғанда келешекке өте қатысы бар талас), алайда, жікке бөліну де, не басқа бір шатақ та шықпады: бұрын «Искра» ұйымы мен «Искра» [7] редакциясында жалпы алғанда істер көбінесе қалай шешіліп отырса, бұл жолы да іс өзінен-өзі, «семьядағы әңгімеше» тыныштықпен жайғастырылды.

Нақ съезд қарсаңында «Искра» ұйымының съездегі өзінің мандаттары туралы мәселе жөніндегі мәжілісі (әрине, жасырын және ресми емес мәжілісі) болды. Мәжіліс мәселелерді ұғынысқандық жағдайда, «жарастықпен» шешті. Бұл мәжілісті мына себептен ғана атап көрсетемін: 1-ден, искрашылдардың съездің бас кезінде бірауызды болып қызмет істескені, 2-ден, олардың дүдәмал, даулы мәселе болғанда «Искра» ұйымының (дұрысында «Искра» ұйымының съезге қатысқан мүшелерінің) беделіне жүгінуді ұйғаруы өте көзге түсерлік іс деп есептеймін; әрине, бұл жиналыстардың дауыс беруінің міндеттілік маңызы жоқ еді, өйткені «императивтік мандат жойылды», съезде әркім қандай да болсын бір ұйымға бағынуды қойып, өз қалауымен, өз еркімен дауыс береді деген ережені,— қайталап айтамын, осы ережені искрашылдардың бәрі мойындады, сондықтан «Исканың» әрбір дерлік мәжілісінің бас кезінде председатель осы ережені жұртқа естірте жариялап отырды.

Содан соң. *«Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал»* деген атышулы жанжал искрашылдардың өз арасында бәрі де ойдағыдай емес екенін көрсетіп берген және ақырғы драманың (әлде қайғылы комедияның ба?) «басы» болған алғашқы жанжал еді. Бұл жанжал жайында толығырақ тоқталу керек болады. Ол съезд өзінің басқару орындарын сайлаумен шұғылданып жат-

қанда-ақ, әлі съездің регламенті (айта кетейік, әдейі болсын-болмасын, реті келіп қалған жерде кедергі болу мүмкіндігін босқа жібермеген бундшылдардың обструкция жасауы салдарынан көп уақыт алған регламент) талқыланып жатқанда-ақ басталды. Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжалдың мәнісі мынау еді: Ұйымдастыру комитеті, бір жағынан, съезге жіберуді талап еткен «Борьбаның» («Борьба» тобының [8]) наразылығын съезге дейін-ақ қабылдамады және осы қабылдамауын мандаттарды тексеру жөніндегі комиссияда жақтады, ал екінші жағынан, әлгі Ұйымдастыру комитеті *съезде* кенеттен Рязановты кеңесші дауыспен шақырып отырғанын мәлімдеді. Бұл жанжал былайша өршіді.

Съездің мәжілістері басталмастан бұрын, Мартов маған аса жасырын түрде «Искра» ұйымының мүшесі әрі Ұйымдастыру комитетінің мүшесі (бұл адамды N әрпімен атайық) бір адамды съезге кеңесші дауыспен шақыруды Ұйымдастыру комитетінде талап етуге ұйғарды деді; бұл адамды Мартовтың өзі де «тұрлаусыз» [9] деген терминнен басқаша сипаттай алмады. (Шынында, бұл адам бір кезде «Искраға» бейім болғансып жүрді, бұлай болғандағы ойы — біраздан соң, бірнеше аптадан кейін, «Рабочее Дело» [10] жағына шықпақ екен, ал «Рабочее Дело» ол кезде толығымен кері кету жағдайында болатын.) Бұл жөнінде мен Мартовпен әңгімелестім, онда «Искра» ұйымының мүшесі, «Искраның» бетіне тура соққы болып тиетінін, әрине, біле тұра (өйткені N жолдасқа Мартов ескерту жасаған), мұндай іске қалай аяқ басып отырғанына, соның өзінде ұйыммен ақылдасуды керек деп таппағанына екеуіміз де күйіндік. N шынында да Ұйымдастыру комитетіне өз ұсынысын енгізді, бірақ Т жолдас «тұрлаусыздың» саяси құбылмалы бейнесін толық суреттеп қатты қарсылық жасағандықтан, оның ұсынысы қабылданбады. Ерекше көзге түсерлік нәрсе сол — Мартовтың айтуына қарағанда, N-нің осы жолғы ісіне оның таңқалғаны сонша, онымен бұрын аралары жақсы болғанына қарамастан, енді тіпті сөйлесе де алмаған. N-нің «Искраға» кесе-көлденең келмек болғаны оның қолдауымен Ұйымдастыру комитетінің

«Искра» редакциясына сөгіс беруінен де білінген болатын; бұл сөгіс, шынында, өте ұсақ мәселе жөнінен берілсе де, Мартов қатты ашуланды. Россиядан алынған хабарлар да N-нің шетелдік искрашылдар мен орыс искрашылдары арасында алауыздық бар деп сөз таратуға бейім екенін білдіреді, мұны да маған Мартов айтты. Осының бәрі искрашылдардың N-ге қатты сенімсіздігін туғызды, ал оның үстіне мынадай факт шыға келді. Ұйымдастыру комитеті «Борьбаның» қарсылығын қабылдамады, мұны Ұйымдастыру комитетінің мандат тексеру комиссиясына шақырылған екі мүшесінің (Т мен N) екеуі де (*соның ішінде N де!!!*) қолдап, «Борьбаға» үзілді-кесілді қарсы шықты. Сөйтсе де съездің таңертеңгі бір мәжілісінің үзілісі кезінде Ұйымдастыру комитеті «терезе алдында» тосыннан мәжіліс құрып, сол мәжілісте Рязановты кеңесші дауыспен шақыруды үйғарды! *N бұл шақыруды жақтады.* Съездің құрамы туралы мәселе мандаттарды тексеру жөніндегі съезд сайлаған ерекше комиссияға беріліп қойғаннан кейін Ұйымдастыру комитетінің мұндай шешімінің заңды еместігін айтып, Т, әлбетте, сөзсіз қарсы болды. Әрине, Ұйымдастыру комитетінің южнорабочешыл мүшелері + бундшыл + N болып Т жолдасты сүріндірді, сөйтіп Ұйымдастыру комитетінің шешімі қабылданды.

Т бұл шешім туралы «Искра» редакциясына хабарлады, редакция (мүшелері толық болмаса да, Мартовтың және Засуличтің қатысуымен), әрине, съезде Ұйымдастыру комитетіне қарсы шығуға бірауыздан қаулы қабылдады, өйткені көптеген искрашылдар съезде «Борьбаға» ашық түрде қарсы шықты, сондықтан бұл мәселеде шегіну мүмкін болмады.

Ұйымдастыру комитеті съезге (түстен кейінгі мәжілісте) өзінің шешімін мәлімдегенде, Т өзінің қарсылығын айтты. Содан кейін Ұйымдастыру комитетінің южнорабочешыл мүшесі Т-ны тәртіп бұзды (!) деп айыптап, оған дүрсе қоя берді, өйткені Ұйымдастыру комитеті съезде мұны ашпайық (sic! *) деп қаулы еткен екен. Біз (Плеханов, *Мартов* және мен), әрине, импера-

* — солай! *Ред.*

тивтік мандаттарды қайта шығардыңдар, съездің суверендігін бұздыңдар деп, тағы да сол сияқтыларды айтып, Ұйымдастыру комитетін айыптап, бар күшімізбен тарпа бас салдық. Съезд біздің жаққа шықты, Ұйымдастыру комитеті жеңіліп қалды, Ұйымдастыру комитетін коллегия ретінде съездің құрамына ықпал жүргізу правосынан айыратын қарар қабылданды.

«Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал» осылай болды. 1-ден, бұл жанжал көптеген искрашылардың N-ге деген саяси сенімін әлсіретті (ал Т-ға сенімді арттырды), 2-ден, Ұйымдастыру комитеті сияқты, барып тұрған искрашыл-мыс орталық мекемеде де «Искра» бағыты әлі тайғақ екенін тек дәлелдеп қана қойған жоқ, сонымен бірге тайға таңба басқандай етіп *көрсетті*. Ұйымдастыру комитетінде бундшылдан басқа тағы 1) айрықша саясаты бар южнорабочешылдар; 2) «искрашыл болуға ұялатын искрашылдар» және тек *жарым-жартылап* қана (3) искрашыл болудан ұялмайтын искрашылдар бар екені анықталды. Бұл қайғылы жанжал туралы южнорабочешылдар «Искра» редакциясымен ұғынысқысы келгенде (әрине, ресми түрде емес) *N жолдас, мұны ескертіп өту өте маңызды, ұғынысуға ешқандай тілек білдірмеді,*— редакция олармен ұғынысты, бұл ретте мен южнорабочешылдарға съездің мынадай ірі саяси фактіні: партияда искрашыл болуға ұялатын көптеген искрашылдар бар екенін, «Искраға» қастық қылып, Рязановты шақыру сияқты кесір іс қолынан келетіндер де бар екенін ашық айттым. Комиссияда N «Борьбаға» *қарсы* сөйлегеннен кейін, N-нің бұл кесірлігіне менің күйінгенім сондай, съезде жұрт алдына шығып, былай дедім: «комиссияда бір түрлі сойлеп, ал съезде басқа түрлі сөйлейтін адамдар көпті қалай ызаландырып күйіндіретінін шетелдердегі конгрестерде болып жүрген жолдастар біледі» *. Бундшылдар ««Искраның» итаршылары» деп «жазғырады» екен деп қорқып, *тек сол үшін ғана* «Искраға» қарсы *саяси кесір істеген* мұндай «искрашылдар», әрине, өздеріне сенімсіздік туғызып алды.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 290-бет. *Ред.*

Мартов N-мен ұғысамын деп талаптанғанда *оның, N-нің, «Искра» ұйымынан шығамын деп мәлімдеуі* N-ге искрашылдардың жалпы сенімсіздігін орасан арттыра түсті. Бұдан былай N туралы «іс» «Искраның» ұйымына көшті, N-нің *бұлай* кетуіне ұйым мүшелерінің зығырданы қайнады, сөйтіп бұл мәселе жөнінде ұйымның *4 мәжілісі* болды. Бұл мәжілістердің, әсіресе кейінгі мәжілістің, аса зор маңызы бар, өйткені бұл мәжілістерде, *ең әуелі* Орталық Комитеттің құрамы туралы мәселеде искрашылдардың жікке бөлінуі әбден айқын болды.

«Искра» ұйымының бұл мәжілістері (тағы да қайталаймын, ресми емес және формальды емес мәжілістері) туралы әңгімені бастамай тұрып, съездің жұмыстары туралы айтайын. Бұл жұмыстар күн тәртібінің 1-мәселесі (Бундтың [11] партиядағы орны) жөнінде де, 2-мәселесі (программа) жөнінде де және 3-мәселесі (партияның Орталық Органын бекіту) жөнінде де барлық искрашылдардың бірауызды болуы мағынасында ұйымшылдықпен жүргізілді. Искрашылдардың бірауыздылығы съезде ұйымдасқан басым көпшілік (бундшылдардың іштері күйіп айтқанындай, тұтас көпшілік!) болуын қамтамасыз етті, ал «тартыншақтар» (немесе «батпақ») мен южнорабочешылдар мұнда да ұсақ мәселелерде өздерінің толық тұрақсыздығын бірнеше рет көрсетті. Съездің толық искрашыл емес элементтерінің саяси жігі барған сайын анықтала берді.

«Искра» ұйымының мәжілістеріне қайтаораламын. Бірінші мәжілісте N-нен түсінік сұралсын деп ұйғарылды, сұрағанда «Искра» ұйымының құрамы қандай болғанда оның, N-нің, түсініскісі келетінін осы N-нің көрсетуіне ерік берілді. Мен мәселені бұлай қоюға батыл қарсы болдым, саяси мәселе (искрашылдардың N-ге осы съезде саяси жағынан сенімсіздік көрсеткені туралы) мен жеке адамға байланысты мәселені (N-нің таңғажайып мінез-құлқының себептерін тексеру үшін комиссия тағайындау) ажыратуды талап еттім. 2-мәжілісте N-нің *Т жоқ жерде* түсініскісі келетіні айтылды, бірақ Т-ның өз басы туралы N ештеме айтатын ниетім жоқ депті-мыс. Мен екінші рет қарсы болдым, ұйымның мүшесі емес адам бір секундқа болса да ұйым мү-

шесін, және ол жайында сөйлемейтін бола тұрып, сырт-қа теуіп отырғанда, мұндай түсінісуге қатысудан бас тарттым; мен мұны N-нің ұйымды ойыншық еткені және қорлағаны деп білдім: N-нің ұйымға сенбейтіндігі соншалық, тіпті оның түсінісу шарттарын белгілеуіне де мүмкіндік бермейді! 3-мәжілісте N «түсінік» берді, түсінігі түсінік алуға қатысушылардың көпшілігін *қанағаттандырмады.* 4-мәжіліске барлық искрашылдар түгел қатысты, бірақ бұл мәжіліс алдында съезде бірқатар маңызды оқиғалар *болды.*

Біріншіден, «тілдердің тең праволылығы» жөнінде болған оқиғаны айтып өтейік. Программаны қабылдау туралы, тілдердің теңдігі және тең праволылығы талаптарын тұжырымдау туралы сөз болды. (Программаның әрбір пункті жеке талқыланып, қабылданды, бундшылдар **жан ұшыра** обструкция жасады, сондықтан съезд уақытының $^{2}/_{3}$ бөлігіне жуығы программаға кетті!) Бундшылдар искрашылдардың бір тобын: «Искра» «тілдердің тең праволы» болуын қаламайды деп иландырып, бұл тұста олардың арасына іріткі салды,— ал іс жүзінде «Искра» редакциясының осындай сауатсыз, өз пікірінше, мүлдем қисынсыз және керексіз тұжырымды ғана қабылдағысы келмеді. Тартыс қатты болды, съезд *қақ жарылып, тең екі жартыға* бөлінді (кейбіреулер қалыс қалды): «Искра» (және «Искра» редакциясы) жағында шамасы 23 дауыс болды (әлде 23—25 шығар, анығы есімде жоқ), сонша дауыс қарсы болды. Мәселені кейінге қалдыруға, комиссияға тапсыруға тура келді, комиссия ұсыныс жасады, ол ұсынысын бүкіл съезд *бірауыздан* қабылдады. Тілдердің тең праволылығы туралы жанжалдың маңыздылығы сол, ол искризмдегі тайғақтықты тағы да көрсетті, тартыншақтардың да (нақ сол кезде бұларды, жаңылмасам, Мартов бағытындағы искрашылдардың нақ өздері *«батпақ»* деп атап еді!), южнорабочешылдардың да тайғақтығын ашық көрсетті, бұлардың бәрі де «Искраға» қарсы болды. Айтыс қатты өршіді, искрашылдар, *әсіресе мартовшылдар* южнорабочешылдарға қарсы *ауыр* сөздерді *қисапсыз көп* айтты. Мартовшылдардың бір «басшысы» үзіліс кезінде южнорабочешылдармен жанжалдасуға

дейін барды, содан соң мен (төбелестен қорыққан Плехановтың талап етуімен) мәжілісті ашуға асықтым. Осы ең берік 23 искрашылдың ішінде де мартовшылдар (яғни кейінірек Мартовтың соңынан ерген искрашылдар) *азшылық* болғанын айта кеткен жөн.

Екінші оқиға — «партия уставының» 1-параграфы үшін күрес. Бұл Tagesordnung'тің * 5-пункті болатын, съезд бітуге таяу еді. (1-пункт бойынша федерализмге қарсы қарар, 2-пункт бойынша программа қабылданды; 3-пункт бойынша «Искра» партияның Орталық Органы деп танылды **; 4-пункт бойынша «делегаттардың баяндамалары» тыңдалды, тыңдалғанда бір бөлегі тыңдалып, қалғаны комиссияға берілді, өйткені енді съездің уақыты жетпейтін болды (ақша қаражаты мен адам күші сарқылды).)

Уставтың 1-пункті партия мүшесі деген ұғымды анықтайды. Менің жобамда бұл анықтама мынадай еді: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасын мойындайтын және материалдық қаражатпен де, *партия ұйымдарының біріне* өзінің *қатысуымен де* партияны қолдайтын әрбір адам Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі болып саналады». Ал Мартов асты сызылған сөздердің орнына: *партия ұйымдарының бірінің бақылауымен және басшылығымен қызмет істеп* дегенді ұсынды. Менің тұжырымымды Плеханов жақтады, Мартовтікін — редакцияның басқа мүшелері жақтады (олар үшін съезде Аксельрод сөйледі). Біз жұмыс істеушілерді

---

* — күн тәртібінің. *Ред.*

** Мынаны есте ұстаудың өте зор маңызы бар: менің баяндамам бойынша *Ұйымдастыру комитетінде* қабылданған және *съезд бекіткен* съездің Tagesordnung-інде бөлек 2 пункт болатын: *3-пункт.* «Партияның Орталық Органын құру не оны бекіту» және *24-пункт.* «Партияның орталық мекемелерін сайлау». Бір рабоче-делошыл (3-пункт жөнінде) редакцияны біз тіпті білмейміз!, кімді бекітеміз, тек атын ғана ма? деп сұрағанда *Мартов* сөз алып, «Исканың» *бағыты* бекітіледі, бұл адамдардың құрамына байланысты емес, редакцияның құрамы мұнымен әсте анықталмайды, өйткені орталық мекемелерді кейін 24-пункт бойынша сайлаймыз және барша императивтік мандаттар жойылды деп түсіндірді.

Мартовтың бұл сөздері (3-пункт жөнінде, *искрашылдар екіге бөлінгенге дейін)* өте-мөте маңызды.

Мартовтың түсіндірмесі Tagesordnung-тің 3 және 24-пункттерінің маңызы жөніндегі *ортақ* түсінігімізге толық сай келді.

3-пункттен кейін сөйлегенде Мартов «Искра» редакциясының *бұрынғы* мүшелері деген сөз тіркесін тіпті бірнеше рет қолданды.

сандалушылардан айыру үшін, партия мүшелерінен құралса да, партия ұйымы болып табылмайтын ұйымдардың болмауы мақсатында ұйымдық былықты жою үшін осындай сорақылықты, осындай келісімсіздікті жою үшін, тағы сол сияқтылар үшін партия мүшесі деген ұғымды *тарылту* керектігін дәлелдедік. Мартов партияны *кеңейтуді* жақтады, кең — бейнесіз ұйымды керек ететін кең тап қозғалысы туралы айтты және т. т. Мартовты жақтаушылардың бәрі дерлік өз пікірлерін қорғағанда «Не істеу керек?» * деген кітапты бетке ұстай сөйлеуі күлкі боларлық іс! Плеханов Мартовқа қызу қарсы шықты, оның жоресшілдік тұжырымы оппортунистерге партия ұйымының есігін шалқасынан ашып тастайтынын, ал оппортунистердің партия ішінде болсын, ұйымның сыртында болсын осындай хал-жағдай болуын жан-тәнімен тілейтінін айтты. «Бақылауымен, басшылығымен» деген сөздердің мәнісі іс жүзінде *ешбір бақылаусыз, ешбір басшылықсыз* деген сөз болып шығады ** — дедім мен. Бұл арада Мартов *жеңіп* кетті: оның тұжырымы қабылданды (28 шамалы көпшілік дауыспен қабылданды, қарсы болған 23 дауыс немесе сол шамада, дәл саны есімде жоқ), бұл Бундтың арқасы еді, Бундтың, әрине, бұл саңылауға бірден көзі түсті де, өзінің барлық *бес* даусын беріп «ең жаманын» өткізді («Рабочее Делоның» [12] делегаты Мартовқа дауыс бергенін дәл осылайша дәлелдеді де!). Уставтың 1-параграфы туралы қызу айтыс және оны дауысқа қою съездегі саяси жікті тағы да айқындады және Бундтың + «Рабочее Делоның» искрашылдардың азшылық жағын көпшілік жағына қарсы қою арқылы қандай қарардың болса да *тағдырын шеше* алатынын айқын көрсетті.

Уставтың 1-параграфы жөнінде таласып, оны дауысқа қойғаннан *кейін* «Искра» ұйымының *соңғы* (4-ші) мәжілісі болды. Орталық Комитеттің құрамы туралы мәселе жөнінде искрашылдар арасындағы алауыздық енді әбден айқындалды және олардың қатары жікке бөлінді: біреулері искрашыл Орталық Комитетті жақтады

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 317—318-беттер. *Ред.*

(«Искра» ұйымы мен «Еңбекті азат ету»[13] тобының таратылуы және искралық істі аяқтау қажеттігі себепті), ал басқалары южнорабочешылдарды кіргізуді және «бұраң жолды» искрашылдардың басым болуын жақтады. Біреулері N-нің кандидатурасына сөзсіз қарсы болды, басқалары оны жақтады. Ақырғы рет пікір алысу үшін осы *16-ның жиналысын* шақырдық («Искра» ұйымының мүшелері, бұл ретте, қайталап айтамын, кеңесші дауыстылар да есепке кірді). Дауысқа қою нәтижесі мынадай болды: N-ге 9 дауыс қарсы болды, 4 дауыс жақтады, басқалары қалыс қалды. Одан соң көпшілік жағы азшылық жағымен жауласқысы келмей, 5 адамнан келісім тізімін ұсынды; оның ішінде бір южнорабочешыл (азшылық жағын жақтаушы) және азшылық жағының белсенді бір мүшесі, қалғандары дәйекті искрашылдар (бір маңызды нәрсе сол — бұлардың біреуі съездегі айқасқа оның тек аяқ кезінде ғана қатысты, сондықтан ешкімге бүйрегі бұрмайды, ал екеуі айқасқа мүлде қатыспаған және жеке адам мәселесінде мүлде бұра тартпайды). Бұл тізімге 10 қол көтерілді (біраздан соң бір қол көтеріліп, 11 болды), біреу қарсы болды (ол жалғыз Мартов!), басқалары қалыс қалды! Сөйтіп, келісім тізімін *Мартов* іске асыртпады. Будан кейін екі жақтан тағы 2 «айбынды» тізім дауысқа қойылды, бірақ екеуі де дауысты аз алды[14].

Сонымен, «Искра» ұйымының кейінгі жиналысында *екі мәселеде де* мартовшылдар *азшылықта қалды,* солай бола тұрып, көпшілік жақтың бір мүшесі (екі жаққа бірдей қарайтын адам немесе председатель) оларға жиналыстан кейін қайта барып, ақырғы рет келісім жасамақ болғанда, олар тағы да соғыс жариялады.

Мартовшылдардың есебі айқын және *берік* еді: бундшылдар мен рабоче-делошылдар, сөзсіз, *бұраң жолдылардың* тізімін жақтаған болар еді, өйткені съездің ай бойы болған мәжілістерінде барлық мәселе анықталды, кімнің қандай екені де белгілі болды, ненің жақсы екенін, екі жамандықтың қайсысы жеңілірек екенін съездің *әрбір* мүшесі қиналмастан таңдай алар еді. Ал Бунд + «Рабочее Дело» үшін, әрине, бұраң жолды искра-

шылдар онша зиянды болған жоқ және әрқашан да сондай бола бермекші.

16-ның жиналысынан *кейін,* искрашылдар түпкілікті айрылысып, олардың арасында соғыс жарияланғаннан кейін съездің екіге бөлінуінен туған екі партияның жиналыстары басталады, яғни барлық бір пікірлілер ресми емес, жеке-дара түрде бас қосады. *Адамдарды емес, шешуші дауыстарды* есептегенде, дәйекті бағыттағы искрашылдар әуелі 9 (16-дан 9), одан кейін 15, ең аяғында 24 дауыс болып бас қосты. Искрашылдар қатарының бұлай тез өсуінің себебі — тізімдер (Орталық Комитеттікі) таратыла бастады, ал мартовшылдардың тізімдерінен искрашылдардың басым көпшілігі божыраған тізім ретінде бірден және біржолата бойын аулақ салды: Мартовтың өткізгелі отырған кандидаттары съезде өздерінің ең жаман жақтарын (бұлтақтаушылық, ұстамсыздық, әдепсіздік etc.) көрсетті. Бұл 1-ден; 2-ден, «Искра» ұйымында не болғанын искрашылдарға түсіндіргеніміз оларды көбінесе көпшілік жағына аударды, сөйтіп Мартовтың белгілі бір саяси бағытты ұстай білмейтіні жұрттың бәріне және әркімге белгілі болды. Сондықтан дәйекті искралық тактиканы, Орталық Комитеттегі тізімді, редакцияға үш адам (жұмыс істеу қолынан келмейтін, берекесіз, бұрынғы алты адамды бекітудің орнына) сайлауды жақтап 24 дауыс оңай және тез біріге қалды.

Бұл кезде съезд уставты талқылап болды, соның өзінде Мартов пен К° искрашылдар көпшілігін *Бунд+«Рабочее Делоның» ізгі жәрдемі арқасында* тағы да (тіпті бір емес, бірнеше рет) *жеңіп кетті* — мысалы, орталық орындарға кооптациялау туралы мәселе жөнінде (бұл мәселені съезд *Мартовтың рухында* шешті) жеңді.

Уставтың осылай бұзылғанына қарамастан, уставты тұтасымен барлық искрашылдар және бүкіл съезд қабылдады. Бірақ жалпы уставтан кейін Бундтың уставына кірісті, съезд *басым* көпшілік дауыспен Бундтың ұсынысын (Бунд еврей пролетариатының партиядағы *бірден-бір* өкілі деп танылсын деген ұсынысын) қабылдамай тастады. Жаңылмасам, Бундтың жалғыз өзі бұл жерде бүкіл съезге дерлік қарсы шықты. Содан соң

бундшылдар партиядан шыққанын мәлімдеп, съезден кетіп қалды. Мартовшылдардың сенімді бес одақтасы кеміді! «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы»[15] шетелдегі *бірден-бір* партия ұйымы деп танылғаннан кейін рабоче-делошылдар да кетіп қалды. Мартовшылдардың тағы да сенімді екі одақтасы кеміді! Съезде барлығы 44(51—7) шешуші дауыс қалды, *бұлардың көпшілігі* дәйекті искрашылдар (24) болды; мартовшылдардың южнорабочешылдармен және «батпақпен» біріккендегі одағы 20-ақ дауысқа ие болды.

Мартов Бундпен коалиция жасап, дәйекті искрашылдарды *соққылап,* талқандағанда берік жолды искрашылдар бір ауыз сөз айтпастан қандай бағынған болса, енді бұраң жолды искрашылдардың да бағынатын реті келіп еді. Бірақ мартовшылдардың асқақтағаны сонша — бұлар бағынудың орнына жанжал шығарып, бөлінуге бел байлады.

Ескі редакцияны бекіту туралы мәселенің көтерілуімен жанжал болды, өйткені бір редактор мәлімдеме жасаса болғаны — съезд бекіте салумен тынбай, Орталық Органның құрамы туралы бүкіл мәселені тұтас *қарауға* міндетті еді. Орталық Орган мен Орталық Комитетті сайлаудан *бас тарту* жікке бөлінуге қарай жасалған қадам болды.

Әуелі редакцияны сайлау туралы, Tagesordnung' те, 24-пункт бойынша, жоғарыда айтылғанындай, партияның орта*лық* мекеме*лерінің сайлауы* көрсетілген. Ал Tagesordnung жөнінде менің берген түсінігімнің[16] (бұл түсінік *съезден көп бұрын б а р л ы қ искрашылдарға* және *съездің барлық мүшелеріне* мәлім болған) бір шетіне: *О р т а л ы қ О р г а н ғ а 3 а д а м* және Орталық Комитетке 3 адам сайлау деп белгі соғылған. Олай болса, үш адам сайлау редакцияның өз ортасынан шыққан талап екеніне және бұған редакцияда *ешкім* қарсы шықпағанына ешбір күмән болмауы керек. Тіпті, Мартов және мартовшылдардың басқа бір лидері әлгідей «екі үштікті» съездің *бірталай делегаттары* алдында съезден көп бұрын қорғаған болатын.

Өз басым съезде редакция *сайлауды* талап ететінімді съезден бірнеше апта бұрын Старовер мен Мартовқа

мәлімдеген болатынмын; мен 2 үштік сайлауға келістім; оның бер жағында, редакция үштігі *не* 7 адам (әйтпесе одан да көбірек) кооптация жасайды, *не* сол қалпында қалады деп ескердім (соңғының мүмкін екенін әдейі ескертіп айттым). Старовер тұрып үштік дегеніміз Плеханов +Мартов+Ленин деп тіпті ашып айтты және мен оған *қосылдым* — тек осындай адамдардың ғана басшылар болып сайлана алатыны жұрттың бәріне және әрқашан соншалық дәрежеде айқын еді. Съезде болған тартыстан соң, үштіктің қажеттілігі мен қабілеттілігіне кейіннен барып шабуыл жасау ашу қысқан, зәбірленген, естерінен жаңылған адамдардың ісі еді. Бұрынғы алтаудың іскер еместігі соншалық — олар *үш жыл бойы бір рет те* түгел жиналып бас қоспаған — бұған сенуге де болмайды, бірақ бұл факт. «Искраның» 45 номерінің *бірде-біреуін* Мартовтан немесе Лениннен басқа ешкім құрамаған (сөздің редакциялық-техникалық мағынасында алғанда). *Ірі* теориялық мәселені Плехановтан басқа ешкім *бір рет те* көтермеген. Аксельрод мүлдем жұмыс істеген жоқ («Заряда» [17] ноль мақала, «Искраның» барлық 45 номерінде 3—4 мақала). Засулич пен Старовер *ешқашан* таза редакторлық жұмыс істемей, қызметтес болумен және ақыл айтумен шектелді. Съезд ай бойы жұмыс істегеннен кейін, оның қай мүшесіне болса да *саяси басшылыққа, орталыққа* кімді сайлау керек екендігі айдай анық еді.

Ескі редакцияны бекіту туралы мәселені съезге салу *жанжалға арандатудың сорақы айласы* еді.

Сорақы айла болатын себебі — одан еш нәрсе шықпайтын еді. Алтауды бекіткен күннің өзінде редакцияның бір мүшесі (мәселен, мен) коллегияны қайта құруды, оның ішкі қатынастарын тексеруді талап еткен болар еді, сондықтан съезд істі қайтадан бастауға міндетті болар еді.

Жанжалға арандатудың айласы болатын себебі — *бекітілмей қалу зәбір ретінде* түсінілуге тиісті көрінеді, ал қайтадан сайлау титтей де реніш тудырмайды. Орталық Комитетті сайлайды екен,— Орталық Органды да сайласын. Ұйымдастыру комитетін бекіту ту-

ралы сөз болмайды екен,— ескі редакцияны бекіту туралы да сөз болмасын.

Бірақ мартовшылдар бекітуді *талап етіп,* сонысымен съездің қарсылығын *тудырғаны* түсінікті, өздері бұл қарсылықты *зәбірлеу,* қорлау, *қуғындау,* шеттету деп түсінді... содан соң қайдағы жоқ пәлені ойдан шығара бастады, осы күнде еріккен өсекшілердің қиялы осыны қорек етіп отыр!

Сайлау немесе бекіту мәселесін талқылаған уақытта редакция съезден шығып кетті. Қиян-кескі қызу айтыстан кейін *съезд: ескі редакция бекітілмейді — деп шешті.**

Редакцияның *бұрынғы* мүшелері тек осы шешімнен кейін ғана залға кірді. Сонда Мартов орнынан тұрады да *өзінің де,* өзінің әріптестерінің де сайлануынан бас тартады; «партиядағы қоршау жағдайы» (сайланбаған министрлер үшін бе?) туралы, «жеке адамдар мен топтарға» («Искра» атынан, оған Рязановты тықпалайтын және комиссияда бір түрлі, съезде екінші түрлі сөйлейтін адамдар сияқтыларға ма?) «қарсы ерекше заңдар» туралы неше түрлі қорқынышты және бейшаралық сөздер айтты.

Мен оған *саяси ұғымдарды адам айтқысыз шатастырып алғандығын* көрсетіп жауап бердім, оның аяғы партияның қызмет адамдарының коллегияларын съездің сайлауына, қайта іріктеуіне қарсы болуға апарып соғады, дедім **.

Сайланғандар: Плеханов, Мартов, Ленин болды. *Мартов тағы да бас тартты.* Кольцов та (3 дауыс алған) бас тартты. Содан кейін съезд, *қолайлы адам тапқан кезде* өздеріне қоса 3-адамды кооптация жасауды Орталық Орган редакциясының екі мүшесіне тапсыратын қарар қабылдады.

Бұдан кейін Орталық Комитеттің үш мүшесі сайланды, запискаларды есептеуші *съезге бұлардың тек біре-*

---

* Бір мартовшыл бұл арада *сондай* сөз сөйлеген — оның сөзінен кейін бір делегат секретарьға: протоколда нүктенің орнына көз жасын қой! деп айқайлады. Ескі редакцияны әсіресе *«батпақ»* адамдары қызу қорғады.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 332-бет. *Ред.*

уін ғана атады,— сонымен қатар партия Советінің [18] бесінші мүшесі (жасырын, записка арқылы) сайланды.

Мартовшылдар және оларға ерген барлық «батпақ» *запискалар тапсырмады,* бұл жөнінде бюроға жазбаша мәлімдеме тапсырды.

Бұл жікке бөлінуге, *съезге жұмыс істетпеуге,* партияны танымауға көрінеу аяқ басқандық еді. Бірақ бір южнорабочешыл съезд шешімдерінің заңдылығына *күмәнданамын* (sic!) деп ашық айтқанында, Мартов ұялғанынан оған қарсы шығып, *съезд шешімдерінің заңдылығына күмәнданбайтынын жұрт алдында мәлімдеді.*

Амал не, Мартовтың (және мартовшылдардың) істері мен қылықтары Мартовтың бұл айтқан жақсы, орынды сөздеріне үйлеспеді...

Содан кейін съезд протоколдарды жариялау мәселесін «протокол комиссиясына» тапсырды және мынадай 11 тактикалық қарар қабылдады:

1) Демонстрациялар туралы.
2) Кәсіптік қозғалыс туралы.
3) Сектанттар арасындағы жұмыс туралы.
4) Оқушы жастар арасындағы жұмыс туралы.
5) Тергеу уақытында өзіңді қалай ұстау туралы.
6) Фабрика старосталары туралы.
7) 1904 жылы Амстердамда болатын халықаралық конгресс туралы.
8) Либералдар туралы (Старовердікі).
9) Либералдар туралы (Плехановтікі).
10) Социалист-революционерлер туралы [19].
11) Партия әдебиеті туралы.

Бұдан соң председатель съезд шешімдерінің міндеттілігі жөнінде баршаға ескертіп сөйлеген қысқа сөзімен съезді жапты.

Мартовшылдардың съезден кейінгі қылықтарын, олардың бірлесіп қызмет істеуден *(мұны Орталық Органның редакциясы олардан ресми түрде сұраған болатын* *) бас тартқанын, олардың Орталық Комитетке

* Қараңыз: Шығармалар, 34-том, 169-бет. *Ред.*

жұмыс істеуден *бас тартқанын,* олардың бойкот жасауды насихаттағанын салмақтап қарағанда, мен мұны партияны іштен бұзу жөніндегі ақылға сыймайтын, партия мүшелеріне лайықсыз әрекет деп қапа атай аламын... сонда мұны не үшін істеп отыр? Орталық орындардың құрамына наразы болғандықтан *ғана* істеп отыр, өйткені *объективтік* жағынан біз осы жөнінде *ғана* айрылысқан болатынбыз, ал субъективтік бағалар (зәбірлеу, қорлау, қуу, шетке қағу, қаралау etc. etc.) — *шамданған менмендік пен дімкәс қиялдың жемісі.*

Бұл дімкәс қиял мен шамданған *менмендік жаңа орталық орындардың қызметін әлі білмей және көрмей* тұрып, олардың «іскер еместігі» туралы, Иван Ивановичтің «кірпідей қолғабы» туралы, Иван Никифоровичтің [20] «жұдырығы» және т. б. туралы масқара *өсек* таратушылыққа ұрындырады.

Орталық орындардың «іскер еместігін» *оларға бойкот жариялау арқылы* дәлелдеу — *партиялық борышты* көз көріп, құлақ естімеген түрде аяққа басқандық, сондықтан мұны ешқандай софизмдер жасыра алмайды: *бойкот — партия қатарын бұзуға қарай қадам басқандық.*

Орыс социал-демократиясына үйірмешілдіктен *партияшылдыққа,* тоғышарлықтан *революциялық борышты түсінушілікке,* өсек тарату және үйірмелерде омыраулау арқылы әрекет істеуден *тәртіптілікке* көшудің ақырғы қиын кезеңінен өтуге тура келеді.

Партия жұмысын, социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының пайдасына істелетін *істі* бағалай білетін адам орталық орындарға «заңды» және «орынды» бойкот жариялау сияқты сорлы софизмдерге жол бермейді; ондай адам орталық орындарға өздерінің және достарының өтпегеніне ренжитін ондаған адамдардың наразылығына бола жұмысты ақсатуға да, тоқтатуға да жол бермейді; — қызмет істеспеймін деп қорқыту жолымен, бойкот жариялау жолымен, ақша қаражатын тыю жолымен, өсек таратып, жала жабу жолымен партияның қызмет адамдарына ресми емес әрі жасырын ықпал жасауға жол бермейді.

ПРОТОКОЛ КОМИССИЯСЫНА

Жолдастар! II съездің протоколдарында өз есімдерімізді жариялауға біздің келісетін-келіспейтінімізді білмек болған Сіздердің сұрақтарыңызға жауап ретінде Сіздерге мынаны хабарлаймыз: өз тарапымыздан біздің бұған тура ешбір қарсылығымыз жоқ, бірақ Россиядағы жолдастарымыздың мүдделері үшін құпиялылықты сақтауға келсек, бұған жол беруге қаншалықты болатын-болмайтынын шешуді біз өзімізге ала алмаймыз. Құпиялылық жайындағы бұл мәселені шешу тиісті партия инстанциясына байланысты.

Женева, 4 октябрь,
1903 ж.

Н. Ленин
Г. Плеханов

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРОТОКОЛ КОМИССИЯСЫНА

Орталық Комитет съездің протоколдарын жариялау жөніндегі комиссиядан съезд қабылдаған: 1) партия программасының; 2) партияның ұйымдық уставының және 3) съездің *барлық* қарарлары мен шешімдерінің толық текстін дереу өзіне жеткізіп беруді сұрайды.

1903 ж. 23 сентябрьде (6 октябрьде) жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

АСҚАН ҰЯТСЫЗДЫҚ ПЕН БОЛМАШЫ ЛОГИКА

Біз 46-номерде Бундтың РСДРП-дағы жағдайы туралы Бундтың V съезінің қарарын көшіріп бастық және оған өз бағамызды бердік *. Бундтың шетелдік комитеті өзінің 9(22) сентябрьдегі листогында бізге мейлінше толық және қатты ашумен жауап қайтарды. Бұл ашулы жауаптың ең мәнді бөлімі мына керемет жаңалық болып табылады: *«Бундтың бесінші съезі максимум-уставынан басқа* (sic! **), *минимум-уставын да жасады»*, ал бұл минимум толық келтіріледі, сонымен қатар «автономияны қабылдамау» және партияға кіретін басқа бөлімдер тарапынан еврей пролетариатына үндеу жіберу жөнінде Бундтың Орталық Комитетінің келісімін талап ету *«ультиматум ретінде қойылуға тиіс»* деп, екі ескертуде түсіндіріледі. Бундтың V съезі осылай деп шешті.

Бұл қандай... әдемі, рас емес пе? Бундтың съезі *бірден* екі устав жасаған, өз тілектерінің немесе талаптарының максимумын да, минимумын да бірден-ақ белгілеген. Оның бер жағында, минимум саналы түрде (о, өте-мөте саналы түрде!) қалтаға жасырылған. Тек максимум ғана жариялапып отыр (7(20) августағы листокта), сонымен қатар уставтың бұл максималды жобасы «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезіне Бундтың партиядағы жағдайы туралы мәселені талқылау үшін (бұл есіңізде болсын!) *негіз*

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 349—352-беттер. *Ред.*
** — солай! *Ред.*

ретінде ұсынылуға тиіс» деп *көпшілік алдында,* тікелей және айқын мәлімдеп отыр. Әрине, оппоненттер осы максимумға өршелене шабуыл жасайды, өйткені бұл — максимум, бұл — өздері айыптаған бағыттың «соңғы сөзі» *. *Бір айдан кейін,* бұл адамдар титтей де шімірікпестен «минимумды» қалтадан суырып алады да қаһарлана былай дейді: *«ультиматум»!*

Мұның өзі «соңғы сөз» емес, нағыз *шегіне жеткен баға...* Мырзалар, бұл тек шегіне жеткен баға ғана ма? Сіздердің басқа қалталарыңызда минималды минимум жоқ па екен? Ол тағы да бір ай өткен шамада жарық дүниеге шыға келмес пе екен?

Осы максимум мен минимумның бүкіл «әсемдігін» бундшылдар нашар түсінген деп біз қатты қауіптенеміз. Алғашқыда үш есе қымбат сұрап, одан кейін 75 процент кеміте салып: «ақырғы бағасы осы» деп мәлімдеуден басқаша саудаласуға бола ма? Алыпсатарлық пен саясаттың арасында айырмашылық бар ма?

Айырмашылық бар, мырзалар, бар деп сіздерді сендіре аламыз. Біріншіден, кейбір партиялар саясатта жұртқа мәлім *принциптерді* үнемі жүзеге асырып отырады, ал принциптер үшін саудаласып отыру қолайсыз болады. Екіншіден, өздерін бір партияға қосып есептейтін адамдар, өздерінің кейбір талаптарын ультиматум деп, яғни партияда болудың шарты деп қараған кезде, саяси адалдық бұл жағдайдың тасаланбауын, *«уақытша»* қалтаға кіріп жасырынбауын, қайта, керісінше, әуел бастап ашық және айқын түрде ұсынылуын талап етеді.

Біз бундшылдарға осы қарапайым ақиқатты көптен бері уағыздап келеміз. Жасырынбақ ойнау ақылсыздық және лайықсыз нәрсе, Бунд (Ұйымдастыру комитеті туралы мәлімдемесімен) жеке пікір айтты, өйткені ол бүкіл партияға *шарт* ** қоятын *жақ ретінде* пікір

* Айта кету керек. Бундшылдардың айтысына өте-мөте тән болған нәрсе, осы сөз үшін «Последние Известия» [21] әсіресе бізге тап берді. Не себептен соңғы сөз, ол (федерация талабы) бұдан екі жыл бұрын айтылып еді ғой? «Искра» газет оқушының ұмытшақтығына арқа сүйеп отыр!.. Тыныштаныңыз, тыныштаныңыз, мырзалар: сіздердің максимум-уставыңызды мақала авторының соңғы сөз деп атаған себебі, *бұл сөз,* бұдан екі жыл бұрын емес, «Искраның» 46-номерінен (шамасы) екі күн бұрын айтылған еді.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 95—108-беттер. *Ред.*

айтқысы келді, деп тіпті февральда (№ 33) жазып едік. Іске осындай баға бергеніміз үшін, сол кезде бундшылдарға тән (базарға тән деп те айтуға әбден болады) балағаттаудың тұтас бір қабын төбемізден төге салған болатын, ал енді *қазір оқиға біздің дұрыс айтқанымызды көрсетіп отыр.* Атап айтқанда, Бунд V съездің шешімдерінде бүкіл партияға тікелей ультиматумдар қойып *бір жақ* болып шығып отыр! Біз әрқашан бундшылдардан мәселені нақ осылай қоюды тіледік, мұның өзі лажсыз оның ұстаған позициясынан туады деп дәлелдеп отырдық: бундшылдар ашуланып қарсылық етті, бас тартты, бұлтарды, сөйтіп ақыр аяғында әйтеуір өздерінің «минимумын» көрсетуге тиіс болды.

Бұл сорақы нәрсе, бірақ одан бетер сорақы нәрсе сол, Бунд қазір де бұлтарып келеді, «Бунд Россия партиясына федерациялық одақ болып кіруді тілейді деген «Искраның» ескі, жұртқа мәлім пікірін» «жалған» деп айтуын әлі қойған жоқ. Бұл пікірдің жалған болатын себебі, Бунд ұсынған уставтың 1-параграфында Бунд партиямен одақ болуды емес, қайта оның бір бөлігі болуды тілейді деп тура айтылған.

Өте жақсы, мырзалар! Бірақ дәл осы параграфта Бунд партияның *федерациялық* бөлігі деп айтылмаған ба? бүкіл максимум-уставта өзара келісуші жақтар туралы айтылмаған ба екен? минимум-уставта *ультиматум* туралы және партияға кіретін бөліктердің өзара келісуімен ғана «негізгі пункттерді» өзгерту туралы айтылмап па, оның бер жағында жергілікті ұйымдар да, аудандық ұйымдар да бұл ретте партия бөлігі болып табылмайды, делінбеп пе? Жергілікті ұйымдар да, аудандық ұйымдар да өзара келісуші жақ бола алмайды, тек «Бунд сияқты осы түрдегі топтасқан бөлік» қана бола алады деп Сіздер өздеріңіз айтып отырсыздар ғой. «Поляк, литван, латыш социал-демократиясы», *«егер олар партияда болса»,* сондай топтасқан бөлік бола алар еді деп Сіздер өздеріңіз мысал үшін көрсетіп дұрыс айтып отырсыздар. Ал егер олар партияда жоқ болса ше? егер сіздер үшін лайықты ұлттық ұйымдардың федерациясы қалған бүкіл партия тарапынан лайықты деп табылмаса және үзілді-кесілді қабылданбаса ше? Істің

нақ осылай болып отырғанын сіздер жақсы білесіздер ғой, бүкіл партияны ұлттар федерациясы негізінде құру талабын енді ұсынбайтындарыңызды өздеріңіз тура айтып отырсыздар ғой. Олай болса, сіздер *кімге ультиматум* қойып отырсыздар деген сұрақ туады? Бундтан басқа бүкіл партияға қойып отырғандарыңыз айқын емес пе? «Искра» пікірінің жалғандығын дәлелдеудің орнына сіздер өздеріңіздің жалтаруларыңыздағы болмашы логиканы ғана көрсетіп отырсыздар.

Рұқсат етіңіздер,— дейді бундшылдар, бізге қарсылық білдіріп,— біз тіпті федерацияны да өзіміздің минимум-уставымыздан шығарып тастаймыз! Осы «қорқынышты» сөзді алып тастау, шынында, максимумнан минимумға атышулы көшудегі ең қызықты оқиға. Бундтың принцип жөніндегі қамсыздығы, мүмкін, ешбір жерде дәл осылай аңғал айтылмаған шығар. Сіздер — догмашылдарсыздар, үмітсіз догмашылдарсыздар, сіздер дүниедегі нендей игілік үшін болса да «ұйымның» федерациялық «принципін» мойындағыларыңыз келмейді. Бірақ біздер догмашылдар емеспіз ғой, біз «мәселені таза практикалық негізде қойып отырмыз». Сіздерге ондағы бір принцип ұнамай ма? Әумесерлер! Біз принципсіз-ақ жұмыс істей аламыз, біз «1-параграфты ол ұйымның белгілі принципінің декларациясы болмайтындай етіп тұжырымдаймыз». «Мәселенің түйіні уставқа жазылған принципті тұжырымда емес, бір жағынан, еврей жұмысшы қозғалысының тілектерін қараудан, екінші жағынан — жалпы алғанда, қозғалыстан шығарылған оның нақты пункттерінде болып отыр» (9(22) септябрьдегі листоктың 1-беті).

Аңқаулығы жағынан бұл пікірдің тамаша екендігі сонша — тіпті оның авторының бетінен сүйгің келеді. Догмашылдар кейбір қорқынышты сөздерден ғана сескенеді дегенге бундшыл байғұс шынымен нанып, егер бұл сөздерді алып тастасақ, догмашы нақты пункттерден еш нәрсе түсіне алмайды деп ойлапты! Сонымен, бундшыл терлеп-тепшіп еңбек етеді, максимум жасайды (заман қандай, заң қандай деп), минимумды запасқа алады, № 1 ультиматумды, № 2 ультиматумды әзірлейді... Oleum et operam perdidisti amice! Достым, сен

босқа уақыт өткізіп, арам тер болып жүрсің. Құлықпен (ғажап құлықпен!) жарнама алынып тасталғанмен, догмашыл минимумның «нақты пункттерінен де» федерациялық принципті көріп отыр. Бұл принцип партияның бір бөлігін ешқандай аудандық шеңбермен шектемеу талабынан да, еврей пролетариатының «бірденбір» * өкілдігі болуын жақтаудан да, партияның Орталық Комитетінде «өкілдік» болуын талап етуден де, Бундтың Орталық Комитетінің ризалығынсыз-ақ Бунд бөліктерімен қатынас жасау правосын партияның Орталық Комитетінен тартып алудан да, негізгі пункттерді партияның *бөліктерімен* келіскенде ғана өзгертуге болатынын мойындауды талап етуден де көрініп тұр.

Жоқ, мырзалар. Бундтың партиядағы жағдайы туралы біздің алдымызда тұрған мәселенің ауыр салмағы тіпті де нақты пункттерде емес, ұйымның белгілі принципін декларациялауда болып отыр. Салмақтың ауыры — жолды *таңдап алуда.* Бундтың тарихи қалыптасқан оқшаулығын заңды ету керек пе, немесе оны негізінде теріс деп тауып, бүкіл партиямен толық және мейлінше тығыз жақындасу және бірігу жолына ашық, айқын, батыл және адал түсу керек пе? Оқшаулануды сақтау немесе *бірігуге бет бұру.* Дилемма осындай.

Осы дилемманы шешу Бундтың өз ықтиярына байланысты, өйткені біз 33-номердің өзінде-ақ «күштеп сүйкімді бола алмайсың» деп айтқан болатынбыз. Егер сіздер бірігуді *тілесеңіздер,* онда федерацияны теріске шығарып, автономияны қабылдайсыздар. Сонда сіздер автономия бірігу процесінің бірте-бірте болуының кепілі болатынын ұғынасыздар, мұндай жағдайда қайта құру аз өзгертумен жүргізілер еді, оның үстіне осы қайта құрудан және осы бірігуден еврей жұмысшыларының қозғалысы еш нәрсесін жоғалтпай, қайта ұтқан болар еді.

---

* Енді «бұл сөздің маңызы жоқ» деп сендірмек болады бізді Бунд. Ғажап! Маңызы жоқ сөздерді минимумға да, максимумға да тыққыштаудың не керегі бар? Орыс тілінде бұл сөздің әбден айқын маңызы бар. Бұл ретте ол сөз федерализмнің де, ұлтшылдықтың да «декларациясын» көрсетеді. Ұлтшылдық пен федерация арасындағы байланысты көрмейтін бундшылдарға бұл жөнінде ойлануды ұсынамыз.

Бірігуге бет бұрғыларыңыз келмейді екен,— онда сіздер федерацияны (оның максимум немесе минимум формасындағы, декларациялы немесе декларациясыз) жақтайтын боласыздар, онда сіздер «майоризациялаудан» қорқатын боласыздар, онда сіздер Бундтың қайғылы оқшаулануын фетишке айналдырасыздар, сөйтіп оқшаулануды жою жөнінде Бундты жою керек деп айқайлайтын боласыздар, онда сіздер өздеріңіздің оқшаулануларыңыздың дәлелін іздей бастайсыздар және сол іздеңулерде біресе еврей *«ұлтының»* сионистік идеясына [22] жармасасыздар, біресе демагогияға және өсек-өтірікке жүгінесіздер.

Федерализмді теориялық жағынан тек ұлтшылдық идеялармен ғана дәлелдеуге болады, сондықтан федерализм декларациясының еврей ұлтының өмір сүруі туралы декларация шығарған IV съездің өзінің үлесіне тиюі кездейсоқ емес деп бундшылдарға дәлелдеп жатуымыз біз үшін таңқаларлық іс болар еді.

Іс жүзінде комитеттерді «бір қалыптан шығаруды» тілейтін және оларға «жоғарыдан бұйрық болмайынша бір адым аттауға» ерік бергісі келмейтін «Исканың» «сұрапыл сұмдық», «аракчеевтік» ұйымдастыру жоспарына қарсы санасыз және тұрақсыз элементтерді айдап салу жолымен ғана бірігу идеясының беделін түсіруге болады. Не деген сұмдық! Енді барлық комитеттер кірпідей қолғапқа, аракчеевтік жұдырыққа, тағы басқаларына қарсы бас көтеруге асығатынына біз күмәнданбаймыз... Бірақ, мырзалар, мұндай мейірімсіз ұйымдастыру жоспары туралы мағлұматты сіздер қайдан алдыңыздар? Әдебиеттен бе? Ендеше, одан неге цитат келтірмейсіздер? Осы аракчеевшілдік жайында егжей-тегжейіне дейін мейлінше толық білетін, қысыр әңгімеге жандары әуес, партиядағы жолбикелердің әңгімесінен алып отырсыздар ма? Сірә, соңғы ұйғаруымыз дұрысырақ болар, өйткені, тіпті логикасы аз болса да, Орталық Комитеттің «партиядағы әрбір адамға қолы жетуіне *мүмкіндігі болуға тиіс»* * деген қажетті талапты және Орталық Комитет «бәрін істейді» және «бәрін

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 293-бет. *Ред.*

тәртіпке салады» деп қасақана құбыжық өсек айтуды бір жерге үйіп араластыру жеңіл бола қоймас еді. Немесе тағы да: «жергілікті жер мен орталық арасында «lose Organisationen» * болады дегені қандай түкке тұрғысыз нәрсе? Біздің қайырымды бундшылдар сыбысты естігенімен, оның қайдан шыққанын аңдамай қалғанын біліп отырмыз. Сәті түскенде оларға мұны толық түсіндіру керек болар.

Бірақ бәрінен де бір жаман жері сол, тек жергілікті ұйымдарға ғана емес, Орталық Комитетке де бүлік жасауға тура келеді. Рас, ол әлі туған жоқ [23], бірақ жолбикелер оның туатын күнін ғана емес, жас туманың бүкіл тағдырын егжей-тегжейіне дейін біледі. Бақсақ, *«бір топ әдебиетшілер бағыт беріп отыратын»* Орталық Комитет болады екен. Бұл күрестің сыннан өткен және арзан әдісі екендігі рас емес пе? Бұл арада бундшылдар алғашқы да, бәлкім, соңғы да емес шығар. Осы Орталық Комитеттің немесе Ұйымдастыру Комитетінің қандай да болсын қателігін әшкерелеу үшін дәлел табу керек. Адамдар өздерінің сенімі бойынша емес, басқа біреудің *бағыт сілтеуімен* әрекет етіп отыр деп оларды әшкерелеу үшін ашық айыптаушы болуға батылың жетуі керек және осылай айыптауға бүкіл партияның алдында жауаптылықты өзіңе алуың керек! Мұның бәрі — өте қымбат, барлық жағынан да қымбат. Ал жолбикелердің мылжың сөздері арзан... Бәлкім, бір нәрсе шығар. «Бағыт берумен», қолынан жетектеумен жүріп отырған, «Искраның» қолжаулығы, итаршысы болған адам (немесе мекеме) атанудың несі жақсы... Біздің болашақ бейшара Орталық Комитет-ай! Аракчеевшілдіктің езгісінен қорғанып, ол кімді паналар екен? Әлде «өз еркімен жүретін» және қандай да болсын «күдіктенушілікке» жат бундшылдарды паналар ма екен?

«Искра» № 49,
1 октябрь, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* — «кең, ерікті ұйымдар». *Ред.*

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ОРГАН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ ОППОЗИЦИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҮНДЕУІНІҢ ЖОБАСЫ [24]

Партияның Орталық Комитеті мен Орталық Орган редакциясы жүзбе-жүз сөйлесіп түсінісуге тырысқан бірқатар әрекеттер сәтсіздікке ұшыраған соң өздері өкілдері болып отырған партияның атынан сіздерге ресми хабарлама жасауды өздерінің борышы деп санайды. Мартов жолдастың редакциядан және «Искрада» қызмет істеуден бас тартуы, «Искра» редакциясының бұрынғы мүшелерінің қызмет істеуден бас тартуы, партиямыздың орталық мекемелеріне бірнеше практик жолдастардың дұшпандық көзқарасы — осы бір «оппозиция» дейтіннің бүкіл партияға мүлде қолайсыз көзқарасын туғызып отыр. Партия жұмысынан бойын аулақ ұстау, партияның орталық мекемелеріне «бойкот» жасау (мәселен, «Искраның» 46-номерінен бастап оның жұмысына қатысуды тоқтату, сол сияқты Блюменфельд жолдастың баспаханадан кетіп қалуы), партияның уставына қарамастан, Орталық Комитеттің [25] мүшесімен әңгімелескенде өздерін «топпыз» деп атау, съезд бекіткен орталықтардың адам құрамына қатты шабуыл жасау, бойкотты тоқтатудың шарты ретінде бұл құрамды өзгертуді талап ету,— бұл қылықтардың бәрін партиялық борышқа сай келеді деп тануға болмайды. Бұл қылықтардың бәрі тәртіпті тікелей бұзудың шегіне жетіп тұр және партияның күші мен қаражатын бөлу Орталық Комитетке жүктелді деп съезд (партияның уставында) қабылдаған қаулыны жоққа шығарады.

Сондықтан Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы «оппозиция» дейтіннің барлық мүшелерінің партиялық борышын олардың есіне салады. Орталықтардың адам құрамына наразылық білдіру,— ол жеке адамның ызалануынан немесе партияның қайсыбір мүшесіне елеулі болып көрінетін алауыздықтан туса да, — теріс ниетті әрекет жасауға әкеп соға алмайды және олай болмауға да тиіс. Егер орталықтар, қайсыбір жеке адамдардың пікірінше, қандай да болсын қателік істесе, бұл қателерді партияның барлық мүшелері алдында, ең алдымен, орталықтардың өздеріне көрсету — партияның барлық мүшелерінің міндеті. Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы партиялық борышын өтеп, мұндай көрсетулердің бәрін, олар кімнен түскен болса да, өте-мөте мұқият қарауға бірдей міндетті. Ал Орталық Орган редакциясы да, Орталық Комитет те оппозиция дейтіннен қателіктерді тікелей және айқын көрсеткен, немесе қандай мәселе жөнінде болса да қанағаттанбаушылықты және келіспеушілікті білдіретін ешқандай пікір естіген емес; тіпті Мартов жолдас Орталық Орган редакциясында және партияның жоғарғы Советінде орын алудан да бас тартып отыр,— ол дәл осы орында отырса орталықтардың жұмысындағы өзі байқаған қателіктердің бәрін партияның алдында ашып айта алған болар еді.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзі құрған мекемелерге заңсыз, құпия (партия алдында құпия), теріс ниетті жолмен қысым және бойкот жасау арқылы ықпал жүргізуге жол бермейді деп, Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы қатты сенеді. Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы партия өздерін алып тастағанға дейін қайткенде де өз орындарында қалады, олар өз борыштарын орындайды және өздеріне тапсырылған жұмыстардың бәрін жүзеге асыруға барлық күш-жігерін жұмсайды деп мәлімдейді. «Бойкот» жасау әрекеті Орталық Орган редакциясын да, Орталық Комитетті де съездің еркін орындай отырып, өздері жүріп келе жатқан жолдан титтей де тайдыра алмайды,— мұндай әрекет партия жұмысының жеке салаларында ұсақ көңілсіздіктер мен ірі за-



В. И. Лениннің «Орталық Комитеттің және Орталық Орган редакциясының оппозиция мүшелеріне арнаған үндеуінің жобасы» деген қолжазбасының беті.— 1903 ж.

Кішірейтілген

лалдар ғана келтіреді, мұндай әрекет партиялық борышты ұқпағандығын және іріткі салуды қоймаушылардың оны бұзғандығын ғана көрсетеді.

1903 ж. 26 сентябрь мен 13 октябрь (9 және 26 октябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ ШЕТЕЛДІК ЛИГАСЫНЫҢ» II СЪЕЗІ[26]

13—18 (26—31) ОКТЯБРЬ, 1903 ж.

1903 ж. декабрьдің аяғында мына кітапта басылған: «Орыс революциялық социал-демократиясы Шетелдік лигасының кезекті 2-съезінің протоколдары». Женева

«Протоколдар» тексті бойынша басылып отыр

1

КҮН ТӘРТІБІ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР

13(26) ОКТЯБРЬ

1

Устав жөніндегі жұмысты күн ілгері шектеудің қажеті жоқ. Устав жаңа устав болмақ,— демек, «уставты жасау» дегенді қалдыруға болады [27].

2

Менің баяндамам үшін бір сағат аз. Менің, әрине, шала-шарпы жасауыма болады, бірақ бұл жиналыстың мақсатына сай келмейді, деп ойлаймын. Съездің пікірін білу үшін председательдің одан сұрап көруін өтінемін. Съезд маған уақытты ұзарта ма, әлде мен рефератты қысқартуға тиістімін бе?

3

Лига екі делегат сайлады. Мартов жолдас өзінің уәкілдігін тапсырды, сондықтан енді заңды делегат — жалғыз мен. Егер шешендерден уақыт жағынан шектеудің бәрі алынған болса, онда Мартовтың ұсынысының қандай мағынасы бар екенін мен түсінбеймін [28]. Съездe болғандар мұнда көп, сондықтан бір емес, бірнеше корреферат болады деп ойлаймын.

2

РСДРП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАҒА АЛДЫН АЛА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

13(26) ОКТЯБРЬ

1

Ленин өзінің баяндамасына алдын ала ескертпелер жасайды. Біріншіден, мен съезде қолданылған бүркеншік есімдерді сақтауды ұсынамын, өйткені мен оларға өте-мөте әдеттенгенмін, сондықтан әрқашан делегаттың қай ұйымнан екенін ойлап тұрудан гөрі оларды айту маған жеңіл болады. Екіншіден, съезд мәжілістерінің аралығында, былайша айтқанда, жеке түрде өткізілген «Искра» ұйымының мәжілістеріне де тоқталып өтуді ойлаймын. Меніңше, мұны істеуге болады, өйткені, біріншіден, Лига «Искра» ұйымының шетелдік бөлімі болды, екіншіден, «Искра» ұйымы қазір таратылып отыр, үшіншіден, осы мәліметтерсіз партия съезі оқиғаларының шын мәнін анықтау маған қиынырақ болады.

2

Мартов жолдас «Искра» ұйымының жеке мәжілістеріне тоқталып өтуге қарсы, өйткені оларда протокол жазылған жоқ, бірақ қазір партия съезінің де протоколдары жоқ, сондықтан мен оларға да сүйене алмаймын. Мартов жолдастың өзі осында қатысып отыр ғой; егер қандай да бір дәл айтылмаған жері болса, ол түзету енгізе алады. Егер «Искраның» жеке мәжілістерінің жұмыс үшін маңызы болса, мен оларды бұдан да гөрі көп жұртшылықтың алдында да ашып беремін,— бәрібір Мартов жолдас оларды жасыра алмайды («Ehe!»). Мен бұл мәжілістерге кімді қатыстырмағанымды, мәжіліс-

терден кімнің шығып кеткенін жақсы білемін және бұл туралы мен көп сөйлеймін. Әрине, қателіктер болуы мүмкін, өйткені бәрін еске түсіре алмаймын. Ең маңыздысы — адамдардың саяси жікке бөлінуі. Әрбір жеке дауысқа салу бойынша мен, әрине, оны шамамен ғана айта аламын, ал жалпы алғанда, ол мен үшін өте айқын. Қазірдің өзінде таратылып отырған «Искра» ұйымы жөнінде және партияға енді белгілі болып отырғанды Лигадан жасырып қалу ісіміздің мүдделеріне сай келмейді. Ал протоколдағы бүркеншік есімдерге келетін болсақ, әрине, олар жақсырақ, бірақ мен протоколдарды оқымаған едім, сондықтан оларды білмеймін.

3

Мартов жолдас «Искраның» жеке мәжілістері туралы сөйлегенде өсектің соңына еріп кетуге болады деп қауіптенеді. Мен өсек қуған жоқпын, принципті дауға кімнің шыдай алатынын және өсек-аяңның лаңына кімнің еріп кететінін «біз көре жатармыз» («Ehe!»). «Біз көре жатармыз», «біз көре жатармыз»! Мен өзімді редакцияның мәжілістеріне тоқталып өтуге толық еріктімін деп санаймын, егер Мартов жолдас та бұл мәжілістерге тоқталатын болса, менің ешқандай қарсылығым жоқ, дегенмен, съезд кезінде бізде бірде-бір арнаулы редакциялық жиналыс болмағанын ескертіп өтуге тиіспін.

4

Шынында да, жиналысты мен өзім сұрадым, ал мені ешкім тоқтатқан жоқ. Бәрі туралы еркін айтқан әбден қолайлы деп ойлаймын. Жеке адамдардың сөздері мен «Искра» ұйымының мәжілістері арасында жер мен көктей айырма бар. Қалай болған күнде де жиналыс өз ойын айтсын. «Искра» ұйымының жеке жиналыстары жайында айтуымды Лига қажет деп тапқанша, мен бұл туралы әңгіме қозғамаймын.

5

Менің баяндамамның басты мақсаты — Мартовтың қателескенін дәлелдеу, бірақ оның Плеханов жолдас жөніндегі пікірінен мен мүлде басқаны көріп отырмын [29]. Бір мәселе жөнінде партияның съезінде айтқан сөзімді еске салып өтейін: «әдетте, комиссияда бір түрлі сөйлеп, ал мәжілісте — екінші түрлі сөйлеуші адамдарға қандай ыза боласың» *. Мұндай қылықты айту — саяси бағытты талқылау емес, адамның жеке басына көшу деген сөз. П. Б. Аксельродтың Х. ешқандай мәлімет ала алмай кетті деген мәлімдемесіне келетін болсақ, бұл мүлде дұрыс емес деп айта аламын [30]. Оның өзі маған хат жазды, бұл хатында, оның пікірінше, осы бөлінудің бәрінде адамның жеке басы жөнінде көп, ал принциптілік аз. Бұдан ол мәселемен таныс еді деген қорытынды жасаймын. Съезд туралы пікірімді сұрағанында мен де оған әлденеше рет хат жазған болатынмын.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 290-бет. *Ред.*

3

РСДРП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

14(27) ОКТЯБРЬ

Ленин, баяндамаға кірісер алдында, искрашылдардың партия съезі кезінде өткізілген жеке мәжілістеріне қаншалықты тоқталуға болатыны жайындағы мәселе жөнінде өткен мәжілісте болған айтыстарға тоқталады. Съездің кешегі шешімін ол протоколға кірмеген фактілерге баяндамашылар барынша аз тоқталуға тиісті деген мағынада түсіндіреді, сондықтан «Искра» ұйымы мүшелерінің жиналыстары туралы сөз еткенде, дауыс берудің нәтижелеріне ғана тоқталмақ болады.

Осы кіріспе сөзден кейін ол партия съезінің алдында өткен кезеңді әңгімелеуге кіріседі. Съезді дайындау міндетін атқару үшін құрылған Ұйымдастыру комитетінде искрашылдар басым болды, сондықтан оның жұмысы да искралық бағытта жүргізілді. Бірақ Ұйымдастыру комитетінде толық бірліктің мүлдем болмағандығы съезге дайындық кезінде-ақ ашылды. Ең алдымен оның құрамында бундшыл болды, ол жоқтан өзгені сылтау қылып, искралық бағытта съезд шақыру ісіне қолынан келгенше кедергі жасауға тырысты; Ұйымдастыру комитетінің бұл мүшесі әрқашан өзінің жеке бағытын ұстады. Ұйымдастыру комитетінде тағы да «Южный рабочийдің» екі мүшесі болды; олар өздерін искрашылдармыз деп санаса да және тіпті өздерінің «Искраға» қосылатынын жарияласа да, бұл жайында өте ұзақ келіс сөз жүргізілсе де, бұларды толық искрашылдар деп тануға болмайтын еді. Ақырында, Ұйымдастыру комитетінің құрамына кірген искрашылдардың өздерінің

арасында да толық бірлік болмады, бұлардың өздерінің арасында келіспеушілік болды. Ұйымдастыру комитетінің императивтік мандаттар туралы мәселе жөніндегі шешімін атап өтудің де зор маңызы бар. Бұл мәселе съезден көп бұрын көтеріліп, императивтік мандат жойылуға тиісті деген мағынада шешілген болатын. Бұл мәселе жөнінде редакция да дәл осы мағынада және мейлінше айқын түрде өз пікірін білдірді. Бұл шешім редакцияның өзіне де міндетті еді. Партияның ең жоғары орны болып табылатын съезде партияның әрбір мүшесі, сол сияқты редакцияның да әрбір мүшесі өздерін жіберген ұйымның алдында ешбір міндеттемелер арқылы байланыстымын деп санауға тиісті емес деп қаулы етілді. Осы шешімге сүйене отырып, мен съездің Tagesordnung -інің * жобасын жасап, оған түсінік жаздым, жобаны съезге өз атымнан ұсынуды ұйғардым. Бұл жобаның 23-пункттінің шетінде редакция мен Орталық Комитетке үш адамнан сайлау туралы жазылған болатын [31]. Осы пунктке байланысты тағы бір жағдай бар. Егер съезд кезінде редакцияның кеңесін өткізуге тура келіп, дауыстар тең бөлінетін болса, редакция мүшелері 6 адам болғандықтан, жалпы келісім бойынша, кеңеске шешуші дауыспен Павлович жолдас шақырылсын деп ұйғарылды.

Съезд басталардан көп бұрын делегаттар жинала бастады. Ұйымдастыру комитеті олардың редакциямен алдын ала танысуына мүмкіндік берді. Искрашылдардың съезге ынтымақты, біраузыды болып келуге ұмтылуы әбден табиғи нәрсе, сондықтан осы мақсатпен, көзқарас жөнінде бірлік жасау үшін келген делегаттармен жеке әңгімелер жүргізілді, сонымен қатар жиналыстар өткізілді. Бұл жиналыстарда кейбір делегаттардың бет-бейнесі әбден айқын ашылды. Мәселен, осындай жиналыстардың бірінде, мен ұлт мәселесі жөнінде реферат [32] оқыған кезде, кен өнеркәсібі ауданынан келген делегат Поляк социалистер партиясы[33] рухында сөйледі, сөйтіп жалпы көзқарасының өте шатасқандығын көрсетті.

Съездің алдында болған жағдайлар осындай.

* — күн тәртібінің. *Ред.*

Енді Лига съезге екі делегат сайласа да, съезде Лигадан менің қалайша жалғыз қалғанымды түсіндірейін. «Искраның» орыс ұйымы[34] екі делегат жіберуге тиісті болса да, съезге біреуі де келмеген болып шықты. Содан соң, искрашылдардың съезд басталар алдында болған жиналысында, Лига сайлаған екі делегаттың біреуі мандатынан бас тартып, оны екінші делегатқа берсін, ал өзі «Искра» ұйымынан делегат болып саналсын, «Искраның» екі мандатын қолына алсын, егер Россиядан сайланған делегат келе қалса, «Искра» ұйымынан алған екі мандатының біреуін соған берсін, деп ұйғарылған болатын. Лиганың атқарған ролі шамалы болғандықтан, әрине, менің де, Мартовтың да «Искрадан» делегат болғымыз келді. Бұл таласты біз жеребе тастау арқылы шештік.

Бастапқы алдын ала мәселе — съезд бюросын сайлау туралы мәселе — Мартов екеуіміздің арамызда, шамалы болса да, біраз пікір алалығын туғызды. Мартов 9 адам сайлансын деп қоймады, бұлардың ішіне тіпті бундшылды да енгізбек болды. Ал мен табанды, мықты саясат жүргізе алатын, қажет болса «кірпідей қолғап» деп аталатынды да қолдана алатын бюро сайлауды қажет деп таптым. Сайланғандар: Плеханов, Ленин және Павлович болды.

Съезде бес бундшылдан басқа Орыс социал-демократтары шетелдік одағынан екі делегат және әрқашан дерлік солармен бірге дауыс беретін Петербург «Күрес одағының» делегаты болды. Бұл адамдар әуел бастан-ақ айтысты өте ұзаққа созды. Съездің жұмыс істейтін уақытын белгілеудің бір өзі мейлінше көп уақыт алды. Бундтың партияда алатын орны туралы бірнеше мәжілісте ұшы-қиыры жоқ айтыс болды. Мандаттарды тексеру жөніндегі комиссияға кіріп алған бундшыл да дәл осындай кедергі жасап отырды. Ол қит етсе дау шығарып, осы комиссиядағы басқа мүшелермен бір мәселе жөнінде де келісімге келмеді. Және әрқашан «ерекше пікірде» қалып отырды, бұл комиссияда мен де бар едім. Мұнымен съезд ұзаққа созылуы мүмкін деген ескертпеге бундшыл «созыла берсін» деп жауап қайырып, комиссияда қанша уақыт болса да мәжіліс құрып оты-

руға әзір екенін білдірді. Мандаттарды тексеру жұмысы түн ортасы ауғанда ғана әрең аяқталды.

Съезд мәжілістерінің алғашқы күндерінде-ақ Ұйымдастыру комитетімен жанжал шықты. Оның жасаған уставы бойынша съезге «партияның көрнекті қайраткерлері» ғана кеңесші дауыспен шақырылуға тиіс еді. Мандаттарды тексеретін комиссия «Борьба» тобының өзінен съезге бір мандат жіберілсін деген өтінішін қабылдамады. Бұл комиссияға Ұйымдастыру комитетінің екі мүшесі қатысты, олар «Борьба» тобынан съезге өкіл жіберілуіне мүлде қарсы шықты. Комиссияның баяндамашысы съезге осы шешімді хабарлаған кезде өкіл жіберу «керек пе», «жоқ па» деп ұзақ айтыс болды, сонда искрашылдардың біреуі «Борьба» тобынан съезге өкіл шақырудың тіпті керегі жоқ, өйткені бұл топ пәлеқорлықпен ғана шұғылданды, болмашы нәрсеге жармаса кетуге тырысты, барлық жерде жанжал туғызып отырды деген және т. б. пікір айтты (Троцкий: «Шешеннің фамилиясын бекер атамай отырсыз,— оны мен айтып едім». П. Аксельрод: «Сірә, референт мұны өзі үшін қолайсыз деп санайтын шығар».) Шынында, Троцкий жолдас «Борьба» тобына сипаттама бергенде осылайша тым қатты кеткен-ді. «Борьба» тобынан съезге өкіл жіберу туралы айтыс қызған кезде, съезге кешігіп, осында жаңа ғана келген «Южный рабочий» [35] делегаттарының біреуі айтыс туып отырған мәселеге қатысы бар жағдайлардың бәрімен танысу үшін жиналыстан 5 минут үзіліс жасауды сұрады. Үзіліс жасау рұқсат етілгеннен кейін Ұйымдастыру комитетінің мүшелері дереу терезе алдында мәжіліс өткізді. Съезд басталмай тұрып-ақ Ұйымдастыру комитетінің кейбір мүшелерінің редакцияға қарсы біраз наразылығы болғанын айта кету керек. Мәселен, Ұйымдастыру комитетінің Бундтан сайланған мүшесі редакция неміс социал-демократтарына сайлау үшін берген өзінің 500 марка ақшасын редакция мен Ұйымдастыру комитетінен жіберілген ақша деп көрсеткеніне, бұған Ұйымдастыру комитетінен күн ілгері рұқсат алмағанына қатты ашуланды. Әрине, Россиядағы жолдастармен тез пікір алысу мүмкін болмайтын жағдайда осы бір әбден орынды,

кінәсыз нәрседен бундшыл шетелде тұратын редакция Ұйымдастыру комитетінен сұрамай-ақ оның атынан жұмыс істеп отыр деп қорытынды жасайды. Тіпті Ұйымдастыру комитетінде бұл үшін редакцияға сөгіс жариялау керек деген ұсыныс енгізілді және солай істелді де, өйткені «Искра» ұйымының бұрынғы мүшесі NN жолдас бундшылға қосылып кетті. Осы туралы мен Мартовқа айтқанымда ол қатты ашуланып, бұл «пасықтық» деді. (Мартов: «Жоқ, мен «пасықтық» деген сөзді айтқам жоқ».) Дәл не дегені есімде жоқ. Одан кейін Мартов «мұны елеусіз қалдырмаймын» деп қоса айтты. Ал мен оған бұл онша маңызды мәселе емес, осы жанжалға маңыз бермей, үндемей қалған жақсы деп түсіндірдім. Ұйымдастыру комитетінің терезе алдында болған мәжілісі аяқталған кезде оның құрамындағы Павлович жолдас бюроның басқа екі мүшесіне мынаны хабарлады: «Южный рабочийдің» көшігіп келген, Ұйымдастыру комитетінің құрамындағы делегатының ұсынысы бойынша көпшілік дауыспен «Борьбадан» кеңесші дауыс правосымен Рязановты съезге өкіл етіп шақыруға шешім қабылданды, бұл ұсынысқа Павлович қарсы болғанын айтты. Павлович жолдас бұл шешімге батыл қарсы шықты және императивтік мандат болмағандықтан, мұндай шешімге съезде қарсы шығуға өзін праволы деп есептеді. Бюро мүшелері біздерді, сол сияқты редакцияны және басқа искрашылдарды Ұйымдастыру комитетінің бұл қаулысы өте-мөте ашындырды. Мен атап өткен Ұйымдастыру комитетінің мүшесі NN жолдас мандат тексеретін комиссияның мәжілісінде «Борьбадан» съезге өкіл жіберуге өзінің қарсы екенін айтқан еді; енді Ұйымдастыру комитетінің мәжілісінде, керісінше, оны шақыруға ризалық білдірді. Енді ол Рязановты өзі әкеліп съезге қатыстырып отыр. Сөйтіп, біз тұзаққа түсіп қалдық. Содан кейін біз Ұйымдастыру комитетінің бұл өрескел қаулысына қарсы батыл күресуге бел байладық. Көптеген адамдар бұл қаулыға қарсы сөйледі. Бұл жөнінде мен өзімнің сөзімде былай дедім: «Комиссияда бір түрлі сөйлеп, ал съезде басқа түрлі сөйлейтін адамдар европалық конгрестерде қандай күшті ашу-ыза туғызады десеңізші». Мен

мұны «Искра» ұйымының мүшесі NN жөнінде айттым. Павлович жолдас Ұйымдастыру комитетінің бұл шешіміне өзінің қарсы екенін съезге білдіргенде «Южный рабочийдан» сайланған мүше мұның өзін тәртіпті бұзу, іріткі салу және т. с. деп тапты және Павлович жолдасқа бұл қылығы үшін лайықты жаза беруді съезден талап етті. Бірақ біз осы дәлелдердің бәрін талқандадық. Ұйымдастыру комитетінің көпшілігі жеңіліп қалды. Съезд мандаттарды тексеретін комиссияны сайлағаннан кейін съездің құрамына ықпал жасауға коллегия ретіндегі Ұйымдастыру комитетінің правосы жоқ деп қарар алынды. Рязановты шақыру жөніндегі ұсыныс қабылданбады. Бірақ мен съезден кейін де кейбір искрашылдардың «Борьбаның» мүшесін съезге қатыстыруға неге болмайтын еді деген күдікті сөздерін естідім (Д е й ч: «Мен осыны съезде де айтқанмын».) Әбден дұрыс, Дейч жолдас басқа мәселелер жөнінде де, мысалы, тілдердің тең праволылығы туралы мәселеде барлық искрашылдармен бірге әрқашан дауыс беріп отырған жоқ, мен бұл жайында тағы да айтамын. Кейбір искрашылдар қазір Орталық Комитет өзінің жұмысында партияның ішіндегі әр түрлі ауытқушылықтар мен өрескел көзқарастарды бейнелеп отыруға тиісті-міс деген өте-мөте таңқаларлық пікір айтып жүр. Кейбір табансыз, тұрақсыз искрашылдар съезде де осы бағытта сөйледі. Сонымен, өздерін искрашылдар қатарына қосушылардың бәрі шынында да искрашыл болып табылады дейтін көзқарас мүлде дұрыс емес. Тіпті өздерін искрашылдармыз деп айтуға ұялатын искрашылдар да бар, бұл — факт. «Искраға» қарсы күресіп, оның жолына әр түрлі кедергілер қойып, оның жұмысына бөгет жасап жүрген искрашылдар да бар. «Искра» жұртқа белгілі болды, искрашыл деп атану сәнге айналды, бірақ мұның өзі көптеген адамдардың, «Искраны» көптеген комитеттер танығанға дейін, бұрын өздері кім болса сол күйінде қалуына бөгет болмайды. Мұндай сенімсіз искрашылдар «Искраға» көп зиян келтірді. Егер олар «Искраға» қарсы тікелей, ашық күрес жүргізсе бір сәрі... Жоқ, олар бұқпантайлап, тасада тұрып, білдірмей, жасырын әрекет жасайды.

Партия съезінде Tagesordnung-тің екінші пункті партияның программасына арналды. «Рабочее Делоны» жақтаушылар, бундшылдар және съезд кезінде «батпақ» деп атақ берілген әр түрлі жеке делегаттар адам айтқысыз кедергілер жасады. Программа туралы жарыс сөз мейлінше ұзаққа созылды. Акимовтың бір өзі ондаған түзетулер енгізді. Тіпті жеке сөздер үшін, қандай да бір жалғау үшін талас болды. Көп түзетуді талқылауға тура келгені соншалық, программа жобасын қарайтын комиссияға кірген бір бундшыл: біз осы кімнің жобасын қарап отырмыз, «Искра» редакциясы ұсынғанды ма немесе Акимов енгізген жобаны ма? деп өте орынды сұрады. Бұл түзетулер түкке тұрғысыз еді, сондықтан программа ешқандай елеулі өзгерістерсіз қабылданды; дегенмен бұл туралы 20 мәжіліске жуық айтыс болды. Міне, оппозиция салдарынан съездің жұмысы осыншама өнімсіз болды, мұны «Искраға» қарсы және quasi * — искрашыл элементтер істеді.

Ұйымдастыру комитетімен болған жанжалдан кейін туған екінші ірі жанжал — тілдердің тең праволылығы туралы немесе, съезде оны мысқылдап айтқанындай, «тілдердің бостандығы туралы» жанжал болды (М а р т о в: «Немесе «есектер туралы»». К ү л к і.) Иә, «есектер туралы» да. Әңгіме мынада. Партия программасының жобасында жынысына, ұлтына, дініне және басқаларына қарамастан, барлық азаматтардың тең праволы екендігі туралы айтылады. Бундшылдар бұған қанағаттанбады және программаға әрбір ұлттың өз тілінде оқу, сондай-ақ әр түрлі қоғамдық және мемлекеттік мекемелермен өз тілінде сөйлесу правосы енгізілуін талап ете бастады. Көп сөзге құмар бір бундшылдың мемлекеттік жылқы заводын мысалға алып айтқанына, Плеханов жолдас жылқы заводы туралы сөз болуы да мүмкін емес, өйткені жылқы сөйлемейді, «тек есектер ғана сөйлейді» деп ескертті. Бундшылдар бұған ренжіп қалды, сірә, бұл қалжыңды олар өздеріне айтылып отыр деп ойласа керек.

* — жалған. *Ред.*

Тілдердің тең праволылығы жөніндегі мәселеде тұңғыш рет жікке бөліну болды. Бундшылдардан, рабочеделошылдардан және «батпақтан» басқа кейбір искрашылдар да «тілдердің бостандығын» жақтап сөйледі. Дейч жолдас бұл мәселе жөнінде өзінің дауыс беруімен бізді таң қалдырды, ашуландырды, ызаландырды және т. т.; ол біресе қалыс қалып, біресе бізге қарсы дауыс беріп отырды. Ақыр аяғында бұл мәселе ойдағыдай, бірауыздан шешілді.

Жалпы алғанда съездің алғашқы жартысында искрашылдардың барлығы бірлесіп әрекет етті. Бундшылдар өздеріне қарсы заговор істеліп отыр дегенді айтты. Бір бундшыл өзінің сөзінде съезді «тұтас көпшілік» деп сипаттады. Бұған жауап ретінде мен біздің бүкіл партиямыз бір тұтас көпшілікке айналсын деген тілек білдірдім *.

Съездің екінші жартысында жағдай мүлде басқаша болды. Осы кезден бастап Мартовтың тарихи бет бұрысы басталады. Біздің арамызда туған алауыздық тіпті де елеусіз емес-ті. Алауыздық Мартовтың қазіргі кезеңге дұрыс баға бермеуінен туды. Мартов жолдас бұрын ұстап келген жолынан бұра тартты.

Tagesordnung-тің бесінші параграфы уставқа арналды. Уставтың бірінші пункті жөнінде комиссияның өзінде-ақ Мартов екеуміздің арамызда талас туды. Біз әр түрлі тұжырымдарды жақтадық. Мен партияның программасын мойындайтын және оған материалдық көмек көрсететін, партияның әйтеуір бір ұйымына кіретін адам партия мүшесі болып танылсын деп ұсыныс жасағанымда,— Мартов алғашқы екі шартты қоймай-ақ партия ұйымдарының бірінің бақылауында жұмыс істеу жеткілікті деп санады. Мен өз тұжырымымды жақтап, централизм принципінен таймасақ, біз партия мүшесі қандай болуы керектігін басқаша айта алмаймыз деп көрсеттім. Ешқандай партия ұйымына кірмейтін адамды партия мүшесі деп тану — партия тарапынан жасалатын бақылау атаулыға қарсы пікір айту деген сөз. Мартов бұл жерде «Искраның» принциптеріне

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 292-бет. *Ред.*

мүлдем қайшы келетін жаңа принцип енгізді. Мартовтың тұжырымы партияның шеңберін ұлғайтты. Ол біздің партиямыз бұқара партиясы болуға тиіс дегенді желеу етті. Ол оппортунист атаулының бәріне есікті кең ашып, партияның шеңберін барынша жайылыңқы етіп ұлғайтты. Біздің жағдайымызда бұл өте қауіпті, өйткені революционер мен бос сандалушылардың арасын ашып көрсету өте қиын; сондықтан бізге партия деген ұғымды тарылту қажет болды. Мартовтың қатесі мынада еді: ол әр түрлі алаяқтарға партияның есігін кең ашты, сонымен қатар тіпті съездің өзінде делегаттардың үштен бір бөлігі аңысын аңдаушылар екені анықталды. Тап осы жағдайда Мартов оппортунизмге бой ұрды. Оның: партияның әрбір мүшесі ұйымның бақылауында болуға тиіс, сөйтіп Орталық Комитет партияның ақырғы мүшесіне дейін жете алатын болсын, деген тұжырымы уставқа жалған үйлесімсіздік енгізді. Менің тұжырымым ұйымдасуға дем берді. Мартов жолдас «партия мүшесі» деген ұғымды төмендетіп жіберді, менің пікірімше, ол жоғары, өте жоғары тұруға тиіс. «Рабочее Дело», Бунд және «батпақ» Мартов жағына шығып кетті, Мартов солардың көмегімен уставтың бірінші параграфын өткізді.

Содан кейін Мартов өзі жайында таратылып жүрген «масқаралаушы лақаптар» туралы сойлей бастады. Мартовтың кіммен одақтас болып шыққанын корсеткен создерде ренжірлік ештеңе болған жоқ. Брукэр жолдаспен одақтас болғанымда мен де осындай наразылыққа кездескен едім. Сол кезде Мартов маған қағаз жазып: «бірге дауыс беріп отырған адамыңның сиқын қара» дегенде мен тіпті де ренжігем жоқ. Рас, менің Брукэрмен одақ жасауым уақытша және кездейсоқ болған еді. Ал Мартовтың Бундпен одақтасуы берік болып шықты. Мен Мартовтың тұжырымына қарсы болдым, өйткені ол Versumpfung' * еді. Мен бұл туралы Мартовқа ескерттім, ал біздің дұшпандарымыз бір кісідей болып Мартовтың соңынан еріп, осы қателікті айқын

* — шалшыққа сүйреу, батпаққа батыру. *Ред.*

көрсетіп отырды. Бірақ ең қауіпті нәрсе Мартовтың батпаққа батуы емес, осы батпаққа абайсызда түсіп кетіп, содан шығуға тырыспағандығы, қайта барған сайын белшесінен бата беруі болды. Бундшылдар үстем жағдайда отырғандығын сезіп, партияның уставына өз таңбаларын түсірді.

Съездің екінші жартысында да тұтас көпшілік болды, бірақ бұл жолы ол мартовшылдардың коалициясынан және «батпақтан», және «Рабочее Дело» мен Бундтың тұтас азшылығынан құралды. Осы тұтас көпшілік искрашылдарға қарсы шықты. Бір бундшыл искрашылдар арасындағы таласты көріп: «Көсемдер төбелесіп жатқанда, айтысу қандай жақсы» деді. Осындай жағдайда Бундтың неліктен кетіп қалғаны маған түсініксіз. Ол үстем жағдайға ие болып отырғанда көп нәрсені өткізе алатын еді. Тегінде, онда императивті мандат болса керек.

Уставтың бірінші параграфы бүлінгеннен кейін, біз сынған кемеге қос құрсау салып, мүмкіндігіне қарай мықтап таңуға тиіс болдық. Әрине, бізді аңдып жүріп, алдап кетуі мүмкін деген қаупіміз болды. Сондықтан екі жақ өзара келісіп орталық мекемелерге кооптация жасау, сөйтіп партияға олардың жұмысында бірлікті қамтамасыз ету қажет болды. Осы мәселеге бола тағы да күрес басталды. Партияның III съезінде Ұйымдастыру комитетімен болғандай жанжалдың қайталанбауын қарастыру керек болды. Табанды, адал искрашыл министрлік құру қажет еді. Осы пунктте біз тағы да таяқ жедік. Орталық мекемелерге өзара келісіп кооптация жасау туралы пункт жүзеге аспай қалды. «Батпақ» қостаған Мартовтың қателігі бұрынғыдан да айқынырақ көрінді. Сол кезден бастап коалиция әбден қалыптасты және біз жеңіліп қалу қаупіне ұшырағандықтан мылтығымызды қос оқпен оқтауға мәжбүр болдық. Бунд пен «Рабочее Дело» отырып алып съездің тағдырын өз дауыстарымен шешті. Осыдан келіп батыл, қатты күрес туды.

Енді «Искра» ұйымының жеке мәжілістеріне көшейік. Біз бұл мәжілістерде көбінесе Орталық Комитет-

тің құрамы жөніндегі мәселемен шұғылдандық. «Искра» ұйымының барлық төрт мәжілісінде NN жолдас жайында айтыс жүргізілді, оған искрашылдардың бір бөлігі саяси сенімсіздік білдіргісі келді, бірақ бұл сөздің дәл мағынасында емес, өйткені ешкім NN-ді масқаралайтындай ешқандай кінә таққан жоқ, тек NN-нің искрашыл министрлікке жарайтын-жарамайтындығы арнаулы маңызы бар мәселе болып талқыланды; осы үшін кеңірдектескен керіс болды. 16 адам қатысқан соңғы мәжілісте 9 адам NN-ге қарсы сөйледі, 4 адам жақтады, басқалары қалыс қалды. Сол жердің өзінде-ақ енді өз министрлігімізді қандай құрамда өткізу керек деген мәселе шешілді.

Мартов екеуіміз әр түрлі «үштік» ұсындық; бірақ олар жөнінде келісе алмадық. Съезде дауысты бөліп жібергіміз келмегендіктен, ымырашыл тізім ұсынуды ұйғардық. Біз қандай да болсын икемге көнуге бел байладық: мен екі мартовшыл бар тізімге келістім. Азшылық бұған көнбеді. Ал «Южный рабочийдың» мүшесі біздің тізімде болғысы келмеді, сонымен қатар мартовшылдардың тізімінде болуға келісімін берді. Бөтен элемент — «Южный рабочий» — Орталық Комитет жөніндегі мәселені шешті. Искрашылдар екі жарылған соң біз пікірлес адамдарды жинауға мәжбүр болдық және қызу үгіт жүргізуге кірістік. Ойламаған жерде Бундтың съезден кетіп қалуы бүкіл жағдайды өзгертті. Ол кеткеннен кейін тұтас көпшілік пен азшылық қайта құрылды. Біз көпшілік болып Орталық Комитетке өзіміз қалаған адамдарды өткіздік.

Міне, жікке бөлінуге әкеп соққан жағдай осы. Менің редакцияны сайлауды талап ететінімді біле тұрып, «Искраның» алты редакторының бәрін бекіту мәселесін съезге салуды Мартовтың ұсынуы үлкен әкөнсіздік болды. Мұның өзі редакцияны сайлау мәселесін редакциядағы жеке адамдарға сенімсіздік білдіруге айналдыру деген сөз еді.

Сенбі күні, сағат 5-те, сайлау аяқталды. Біз қарарларды талқылауға кірістік. Бұл үшін бізде не бары бірнеше сағат уақыт қалды. «Батпақ» тарапынан кедергі

мен қарсылық болғандықтан, Tagesordnung-тен толып жатқан маңызды пункттерді алып тастауымызға тура келді; сонымен, тактика жөніндегі мәселелерді түгел талқылауға бізде уақыт қалмады.

Съезде қарарлардың бірауызды қабылданғаны соншалық, біз өзара келісу бағыты реттелді деген қорытындыға келдік; болған алауыздықтардан Мартов мемлекеттік мәселе жасамаған сияқты болып көрінді. Тіпті ол, «Южный рабочийдан» келген біреу сайлаудың заңдылығы туралы мәселе көтергенде, азшылық съездің барлық қаулыларына бағынады деп ескертті. Қарарлардың бәрі тыныштық, достық жағдайда қабылданды; жалғыз-ақ либералдар жайындағы Староведің қарары жөнінде алауыздық туды. Ол өте жайылыңқы болып кеткен және одан тағы да оппортунизмнің иісі шықты; біз оған қарсы күрестік және дәл осы мәселе жөнінде тағы да басқа қарар қабылдаттық.

Съезд туралы жалпы пікір мынадай болды: біздегі күрес аңысын аңдаушылыққа қарсы жүргізілді. Біз жұмыс істей алмайтын жағдайға душар болдық. Бұдан: «құдай, бізді мұндай достардан сақтай гөр», яғни quasi-искрашылдардан сақтай гөр деген қорытынды жасадық. Мартов мұны мүлде түсінген жоқ. Ол өзінің қате позициясын принципке дейін көтерді. Көпшілік «қоршау жағдайын» орнатып отыр деген Мартовтың пікірі партияның нақты мүдделеріне көрінеу қайшы келді. Жұмысты табысты ету үшін бөгет жасаушы элементтерді ығыстырып шығару және оларды партияға кесел келтіре алмайтын жағдайға қою қажет болды; тек осындай жағдайда ғана біз келесі съезде жемісті жұмыс істей аламыз. Міне, сондықтан партияның орталық мекемелері арасында толық бірлік орнату қажет болды.

Съездің алғашқы жартысы екінші жартысына мүлде қарама-қарсы өтті. Бүкіл съездің күрделі пункттері төрт ірі жағдаймен қорытылады, атап айтқанда: 1) Ұйымдастыру комитетімен болған жанжал; 2) тілдердің тең праволылығы жөніндегі айтыс; 3) уставтың бірінші пункті жөніндегі айтыс және 4) партияның орталық орындарын сайлау үшін жүргізілген күрес.

Съездің алғашқы жартысында біз Мартовпен бірге Ұйымдастыру комитетіне, Бундқа, «Рабочее Делоға» және «батпаққа» қарсы болдық. Ал съездің екінші жартысында ол кездейсоқта батпаққа батты. Кездейсоқ Versumpfung-тан енді, съезден кейін, нағыз Versumpfung болып отыр. (Қол шапалақтау.)

4

МАРТОВТЫҢ БАЯНДАМАСЫ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН МӘЛІМДЕМЕ

15(28) ОКТЯБРЬ[36]

Мен, Мартов және Старовер үшеуіміздің арамыздағы жеке әңгімені баяндауда кімнің өтірік айтқаны немесе кімнің пәлеқор болғаны туралы Мартовтың мәселе қоюына, мұны күрестің барып тұрған *түкке тұрғысыз* тәсілі деп санап, мен мейлінше қарсылық білдіремін. Мен бұл тәсіл Мартовтың өзі жиіркеніштілік туралы күні кеше жасаған мәлімдемеге өрескел қайшы келетінін, ал жиіркеніштілік істі жеке әңгімелерді баяндаудың шынайылығы жайындағы шешілмейтін мәселеге әкеп соқтыратынын атап көрсетемін! En question * жеке әңгімені Мартов *мүлде теріс* түсіндірді деп мәлімдеймін. Егер Мартов партияның жауапты орнында отыруына жараспайтын қылмысы бар деп мені айыптағысы келсе, мен қандай болса да аралық сотты қабылдаймын және осы сотқа Мартовты шақырамын деп мәлімдеймін. Енді нақты айып тақпай, емексіткен бірдемені айтып отырған Мартовтың адамгершілік борышы, бүкіл партия алдында өзі таққан айыпты ашықтан-ашық және өзінің қолын қойып жақтауда ерлік көрсету болып табылады, ал мен партияның Орталық органының мүшесі болғандықтан, өзінің *барлық* айыптарын дереу жеке кітапша етіп *шығаруды* бүкіл редакция атынан Мартовқа ұсынамын, деп мәлімдеймін. Мартов осыны істемесе, ол Лига съезінде партияны адамгершілік жағынан тазартуды көздемей, тек жанжал шығаруды ғана көздегенін көрсетеді.

---

* — Сөз болып отырған. *Ред.*

5

МАРТОВТЫҢ БАЯНДАМАСЫ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН МӘЛІМДЕМЕ

16(29) ОКТЯБРЬ

Кешегі Мартовтың корреферат деп аталатынының жарыс сөзді лайықсыз негізге аударғанынан кейін, мен Tagesordnung-тің бұл пункті жөніндегі қандай да болсын жарыс сөздерге қатысуды керексіз және мүмкін емес нәрсе деп есептейтінімді, демек, өзімнің қорытынды сөз сөйлеуімнен де бас тартатынымды, оның үстіне, егер Мартовтың нақты және ашықтан-ашық айыптар тағуға ерлігі жететін болса, онда ол мұны өз кітапшасында бүкіл партия алдында істеуге міндетті екенін, мен кеше Мартовты ол кітапшаны жазуға ресми түрде шақырғанымды мәлімдеймін.

6

ЛИГАНЫҢ УСТАВЫ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

17(30) ОКТЯБРЬ

1

Мен негізінен бір пунктке, атап айтқанда, баяндамашының Лига өз уставын жасауда автономиялы деген пікіріне тоқталып өтпекпін. Менің пікірімше, бұл мүлде дұрыс емес, өйткені партия уставының 6-параграфы бойынша комитеттер ұйымдастыруға правосы бар Орталық Комитет — Лига үшін устав жасаумен шұғылдана алатын бірден-бір орын; ал ұйымдастыру дегеніміз — ең алдымен устав жасау деген сөз. Ал Орталық Комитет Лиганың уставын бекітпей тұрып, оның — Лиганың уставы *болмайды*. Автономия деген ұғымды бұл жерде мүлде қолдануға болмайды, өйткені ол партияның уставына қайшы келеді. Орталық Комитет бекіткенге дейін Лиганың уставы болмайды деп тағы да батыл атап көрсетемін. Ал Лиганы партия съезінің бекітуіне келетін болсақ, бұл оның істеген жұмысы үшін емес, сірә, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан,— оның ерекше принципті ұстамдылығы үшін істеледі.

2

Бұл дәлелдерге қарсы келіп, сөзді көбейтіп жатудың қажеті жоқ [37]. 6-параграф ұйымдастыруға, демек, қайта ұйымдастыруға да[38] право береді және қайта ұйымдастырылған Лига қалай болған күнде де Лига болып, шетелдегі бірден-бір партиялық ұйым болып қалады.

3

Мартов жолдастың қызмет адамдарын Орталық Комитет бекітуге тиіс пе деп қойған сұрағына мен былай деп жауап беремін: әкімшілікке сайланған адамдарды Орталық Комитеттің бекітуіне жасалатын ешқандай кедергілерді көріп тұрған жоқпын.

7

ЛИГА УСТАВЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРЛАРҒА ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

17(30) ОКТЯБРЬ

...Ленин өзінің атынан және өзімен бірге дауыс берген жолдастардың атынан: Конягин жолдастың қарарын қабылдамай, Мартов жолдастың қарарын қабылдауды партия уставын өрескел бұзғандық деп есептейтінін мәлімдейді [39]. («Бұл дауыс беру уставтың нақ қай параграфына қайшы келеді?») Мен мұндай сұрақтарға жауап беруден бас тартамын, өйткені мұның өзі жарыс сөздердің барысында жеткілікті айқындалды. («Біз қабылдаған қарар қайшы келетін устав параграфын көрсетіңіз».) Уставты түсіндіру — партияның орталық мекемелерінің ісі; олар мұны істейді де.

ТАПСЫРЫЛМАҒАН МӘЛІМДЕМЕ [40]

29 октябрь, 1903.

Жолдастар! Мен кеше [28/X] съезд мәжілісінен шығып кеттім, себебі Мартов жиіркеніштi өсектерді, лақаптарды, екеу ара айтылған сөзді теріп, жан ұшыра айқайлағанда, жанжалды жақсы көретіндердің бәрі оған масайрап отырғанда, съезге қатысуға тіпті дәтім шыдамады. Дәл осы Мартов 3-күні өзін өзі келемеждегендей болып, әңгімелесушілердің қайсысы *өтірік айтқанын* тексеруге болмайтын, мәселені қоздыратын екеу ара айтылған сөздерді тілге тиек ету әдепсіздік болады деп айқын айтқан еді. Атышулы үштік туралы айтылған атышулы екеу ара сөзді баяндағанда *кім өтірік айтты,* мен бе немесе ол ма деп аузынан жынын шашып, кеше менен жауап алған Мартов бізге дәл осы әдепсіздігін көрсетті.

Мәселені: *кім өтірік айтты?* деп жанжал шығаратындай етіп қоятын бұл әдіс болмашы сылтау табылса-ақ жұдырығын ала жүгіретін ұр да жық адамға ғана, немесе өз қылығының ақылға сыйымсыздығын ойлап жатуға шамасы келмейтін есі ауысқан күйгелек адамға ғана лайықты. Белгілі бір саяси қателіктері үшін айыпталып отырғанда саяси қайраткер тарапынан мұндай әдіс қолданылуы қорғанудың басқа құралының жоқтығын, саяси алауыздықты бейшаралықпен жанжалға және өсекке айналдырып отырғандығын мүлтіксіз сипаттайды.

Бұдан мынадай сұрау туады: екеу ара айтылған сөзді тілге тиек етіп *дәлелдеуге болмайтын* айып қойып отырған ұр да жық, жанжалқой адамдардың бәрінің

бұл әдісіне қарсы жалпы алғанда қорғанудың қандай құралдары қолданылуы мүмкін? Мен «дәлелдеуге болмайтын» айыптар деп айтып отырмын, өйткені екеу ара айтылған, протоколға жазылмаған сөздер өзінің мәні жағынан *ешқандай* жолмен дәлелденбейді, сондықтан мұндай сөздерге сүйеніп тағылған айып «өтірік» деген сөзді жай қайталай беруге әкеп соғады. Кеше Мартов өзін осылай қайталаудың асқан шебері етіп көрсетті, ал мен оған еліктемеймін.

Өзімнің кешегі мәлімдемемде қорғанудың *бір* әдісін көрсеткен едім, енді мен сол әдісті қолдануды үзілді-кесілді талап етемін. Өтірік айтты, жала жапты деп, тағы басқа осындай толып жатқан ұшы-қиырсыз тұспалға толы сөзінде маған таққан барлық айыбын қарсыласымның дереу жеке кітапша етіп басып шығаруын ұсынамын. Мен қарсыласымның *бүкіл* партия алдында өз атынан сөйлеуін *талап етемін,* себебі ол партияның Орталық Органы редакциясының мүшесі болып отырған мені қаралады, себебі ол партияның жауапты орындарында отыруға кейбір адамдардың қақысы жоқ дегенді айтты. Мен қарсыласымның *барлық* айыптауын жариялауды міндетіме аламын, өйткені жанжалдар мен өсек-аяңды ақтарып ашық айту менің партия алдындағы ең жақсы қорғанысым болатынын жетік білемін. Қайталап айтайын, қарсыласым менің бұл шақыруымнан бас тарту арқылы өзінің айыптары жексұрын адамның жаласынан немесе алжасқан саясатқұмардың есуастық халінен туатын шылғи өтіріктен ғана құралғандығын көрсетеді.

Менде, айта кетейін, қорғанудың тағы бір жанама құралы бар. Мен өзімнің кешегі мәлімдемемде en question * екеу ара әңгімені Мартов мүлде теріс баяндап отыр дедім. *Дәлелдеуге болмайтын* пайымдаулар сенімсіз әрі мақсатсыз болатындықтан да, мен бұл әңгімені қайта қозғамаймын. Бірақ мен кеше Мартовқа тапсырған, ол съезде оқыған «документке» әркім ой жіберіп қарасыншы. Бұл документ съездің программасы және менің оған берген түсінігім,— «екеу ара» әңгіме-

* — сөз болып отырған. *Ред.*

ден *кейін* жазылған, *менің Мартовқа жіберген* және ол өзінің түзетулерімен кері қайтарған түсінігім.

Бұл документ біздің әңгімеміздің *күмәнсыз* түйіні болып табылады, сондықтан Мартов айыптарының жай өсек екенін дәлелдеу үшін оның дәл текстін келтірсем, маған осының өзі әбден жеткілікті. Оның толық тексті мынадай:

«23-пункт (съезд Tagesordnung-інің *). *Партияның Орталық Комитетін және Орталық Орган редакциясын сайлау».*

Менің түсінігім: «Съезд Орталық Орган редакциясына *3* адам және Орталық Комитетке *3* адам сайлайды. Бұл алты адам *бірлесіп,* $^2/_3$ көпшілікпен, қажет болған күнде Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитет құрамын кооптациялау арқылы толықтырып, содан соң съезге тисті баяндама жасайды. Бұл баяндаманы съезд бекіткеннен кейінгі жерде кооптациялауды Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитет жеке-жеке жүргізеді» **.

Мартов бұл жүйе *тек* редакциялық алтылық құрамын ұлғайту үшін *ғана* қабылданып еді деп сендірмек болды. Бұл сендірулерге «егер бұл қажет болса» деген сөздер *тұпа-тура* қайшы келеді. Мұндай қажеттіліктің болмауы мүмкін екені сол кездің өзінде-ақ байқалған еді. Одан кейін, егер кооптациялау үшін 6 адамның 4-нің келісуі қажет болса, онда, сірә, редакция құрамы *редактор еместердің келісімінсіз,* кем дегенде Орталық Комитеттің бір мүшесінің келісімінсіз *толықтырылмаған болар еді.* Демек, редакцияны ұлғайту бір адамның пікіріне байланысты болды, ал ол кезде оның кім екендігі (съезден әрі салғанда бір жарым ай бұрын, немесе бір ай бұрын) жөнінде көмескі жорамал ғана болуы мүмкін еді. Демек, сайланып қойылған үштікті ұлғайту мәселесінде шешуші дауыс сайланып қойылған *редактор емес* адамға беріле қалғанда, *сол кезде* Мартовтың да редакциядағы алты адам, сол күйінде, *одан әрі дербес қызмет істей* алмайды дегені анық болатын. Мартов

* — күн тәртібі. *Ред.*
** — Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 432—433-беттер. *Ред.*

та сырттан, редакциядан тыс жерден, көмек болмайынша «Искраның» ескі редакциясын партияның Орталық Органы редакциясына айналдыру мүмкін емес деп санады.

Одан әрі. Егер, әңгіме *тек* алтылықты көбейту туралы *ғана* болса, үштік жайында сөз қозғаудың не кереті бар еді? Онда бірауыздан дауыс берілген кооптацияны белгілі бір көпшілік мақұлдаған кооптациямен өзгерте салуға болар еді. Онда редакция туралы сөз қозғаудың мүлде керегі жоқ, ал жалпы алғанда партия мекемелеріне немесе атап айтқанда партияның орталық мекемелеріне кооптация жасау туралы әңгіме ету жеткілікті болар еді. Демек, тек жалғыз ұлғайту жайында ғана әңгіме болмағаны айқын. Сонымен қатар, алтылықты *көбейту* үшін ең алдымен оны үш адамға дейін *қысқарту* пайдалы деп саналса, көбейту мүмкіндігіне ескі редакцияның бір мүшесі *емес, бәлкім, екі немесе тіпті үш* мүшесі бөгет жасағаны да айқын.

Ақырында. Орталықтардың құрамын «толықтыруды», ұлғайтуды партияның съезде қабылданған қазіргі уставымен және күн тәртібінің 23-пункті жөніндегі жоғарыда айтылған түсінікте Мартов екеуіміз келтірген алғашқы жобамен салыстырып қараңыз. Алғашқы жоба бойынша *екі адамға қарсы төрт адамның* келісімі *(Орталық Орган редакциясы* мен Орталық Комитетті ұлғайту үшін) қажет болып еді, ал қазіргі устав бойынша, сайып келгенде, *екі адамға қарсы үш адамның* келісімі талап етіліп отыр, себебі орталықтарға кооптация жасау мәселесін енді Совет түпкілікті шешеді, сондықтан егер редакцияның екі мүшесі мен Советтің тағы бір мүшесі редакцияны ұлғайтқысы келсе, ол уақытта олар бұл ұлғайтуды үшінші адамның ықтиярына қарсы істей алған болар еді.

Сонымен, (анық документтің айқын мәні негізінде) редакцияның құрамын (Мартов екеуіміз ұсынған, редакция мүшелерінің ешқайсысы қарсы болмаған) өзгерту съезге дейін көп уақыт бұрын ойластырылғанына титтей де күмәндануға болмайды, сонымен қатар бұл өзгерту алтылықтың қандай болса да бір, бәлкім, екі-үш мүшесінің ықтияры мен келісіміне қарамай істелуге

тиіс еді. Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады: алты адамды бір-біріне қосақтап қоятын ресми емес императивтік мандат туралы, оның ішіндегі адамгершілік байланыс туралы, мызғымас коллегияның маңызы туралы сылдыр сөздердің және осылар сияқты Мартовтың сөзінде көп айтылған әдіс-айланың енді қандай салмағы бар. Редакцияның құрамын *жаңартуды*, анағұрлым күрделі жолмен, демек, әбден ойластырып істелген әдіспен жаңартуды талап ететін айдан анық түсінік текстіне бұл әдіс-айланың бәрі көрінеу қайшы келеді.

Осы түсініктен туатын, әсте күдіктенуге болмайтын тағы бір жағдай, редакцияның құрамын өзгерту съезде сайланған кемінде екі орыс жолдастың, Орталық Комитет мүшелерінің *келісуіне* байланысты болды. Демек, мен де, Мартов та Орталық Комитеттің болашақ осы мүшелерін редакция құрамын белгілі түрде өзгерту қажеттігіне *сендіруге* сөзсіз *үміттенгенбіз*. Олай болса, біз редакцияның құрамы туралы мәселені аты-жөні әлі айқындалмаған центровиктердің шешуіне бердік деген сөз. Демек, біз *осы центровиктерді өз жағымызға қаратып алатындығымызға сеніп* күреске шыққанбыз, ал егер қазір беделді орыс жолдастардың көпшілігі съезде, Мартовты емес, мені жақтап отырғанда (біздің арамызда туған алауыздық жөнінде), Мартовтың өзінің жеңілуіне байбалам салып, уайым жеуі және шын мәнінде дәлелдеуге болмайтын өсек-аяң мен жанжалды туғызуы — күрес жүргізудің тым тұрпайы және сорлы тәсілі болып табылады.

Н. Ленин (В. И. Ульянов)

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖЕНЕВА. 1 НОЯБРЬ, 1903 ж.

Көшірме.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы.

Партия Советі: оның құрамына кіретін — Валентинов, Ильин, Ру, Советтің бесінші мүшесі Ефимовтың даусын беруге уәкілдігі бар Васильев Советтің екі мүшесінің, Ильин мен Васильевтің, шақыруы бойынша, 1903 ж. 1 ноябрьде Женевада мәжіліс өткізіп, былай деп қаулы етті: Орталық Комитет өкілінің Лига съезіндегі іс-әрекеті дұрыс деп танылсын [41] және оның жаңа мүшелер енгізу арқылы Лиганы қайта құруына рұқсат етілсін. Валентинов, Ильин, Васильев, Ефимов үшін Васильев, Ру.

1904 ж. мына кітапшада басылған: «Орыс революциялық социал-демократиясының Шетелдік лигасы екінші съезінің протоколдарына берілген түсініктер». Женева

Кітапшаның текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ СОВЕТІНІҢ МҮШЕСІ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ОРГАН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ ҚЫЗМЕТІНЕН БАС ТАРТҚАНЫМ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ [42]

Партия Советінің мүшесі және Орталық Орган редакциясының мүшесі Г. В. Плехановтың партияның бірлігі мүдделерін көздесек мартовшылдардың айтқанына көну және алтауды кооптация жасау тап қазір пайдалы деген пікіріне қосылмағандықтан, мен партия Советінің мүшесі және Орталық Орган редакциясының мүшесі қызметінен бас тартамын.

Н. Ленин

1 ноябрь, 1903 ж.
Женева.

P. S. Әйтсе де, мен партияның жаңа орталық мекемелеріне өзімнің жұмысыммен шамам келгенше көмектесуден тіпті де бас тартпаймын.

Плехановқа тапсырылған күні: 1. XI. 1903.

1904 ж. мына кітапшада басылған: Л. Мартов. «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы «қоршау жағдайымен» күрес». Женева

Қолжазба бойынша басылып отыр

БУНДТЫҢ ПАРТИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Бунд осылай атап «Arbeiterstimme»[43]-нің 34-номерінен мақаланың аудармасын басып шығарды. Бундтың V съезінің шешімдеріне қосылған бұл мақала осы шешімдерге ресми түсінік сияқты болып табылады. Мұнда Бунд «партияның федерациялық бөлігі болуға тиіс» деген қорытындыға келуге мәжбүр ететін барлық дәлелдерді жүйелі түрде баяндауға әрекет жасалады. Осы дәлелдерді қарап өту қызғылықты.

Автор Россия социал-демократиясы алдында тұрған ең маңызды мәселе, бұл — бірігу туралы мәселе деп бастайды. Бұл бірігу қандай негіздерде болуға тиіс? 1898 жылғы манифест [44] автономия принципін негізге алған. Автор бұл принципті талдап көргеннен кейін логикасы жағынан қонымсыз, ішкі мағынасында қайшылығы бар деп табады. Егер еврей пролетариатына арнаулы қатысы бар мәселелерді үгіт әдістері (еврейлердің ерекше тіліне, ерекше психологиясына, ерекше мәдениетіне бейімделген) туралы мәселе деп қана ұғынатын болсақ, мұның өзі техникалық (?) автономия болады. Бірақ мұндай автономия қандай да болсын дербестіктің жойылатынын көрсетеді, өйткені оны әрбір партия комитеті пайдаланады, ал Бундты комитеттерге теңеу автономияны мойындамағандық болады. Егер автономияны кейбір программалық мәселелердегі автономиялылық деп ұғатын болсақ, онда Бундты программалық басқа мәселелердегі барлық дербестіктен айыру өрескелдік болады; программалық мәселелерде дербес

болу партияның орталық органдарында Бундтың өкілдігі болуын, яғни автономия емес, федерация болуын сөзсіз көздейді. Бундтың партияда алатын орнының берік негізін Россиядағы еврей революциялық қозғалысының тарихынан іздеу керек. Бұл тарих бізге еврей жұмысшылары арасында жұмыс жүргізетін барлық ұйымдардың бір одаққа — Бундқа бірккенін және оның жұмысы Литвадан бастап Польшаға, одан кейін Россияның оңтүстігіне дейін тарағанын көрсетеді. Демек, тарих барлық аудандық межелерді қопарып тастап, Бундты еврей пролетариатының бірден-бір өкілі етіп қойды. Міне, бұл принцип қысыр әңгімеден туған ақылдың жемісі емес (?), еврей жұмысшы қозғалысының бүкіл тарихының нәтижесі болып табылады: Бунд — еврей пролетариатының мүдделерін көздейтін бірден-бір өкіл. Олай болса, түгел бір ұлт пролетариатының ұйымы партияға ол федерациялық тұрғыдан құрылғанда ғана кіре алады: еврей пролетариаты бүкіл дүние жүзі пролетарлары семьясының бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар басқа халықтар арасында ерекше жағдайдағы еврей халқының да бір бөлігі болып табылады. Ақырында, партияның бөліктері арасындағы тығыз бірлік дәл осы федерациядан көрінеді, өйткені федерацияның негізгі белгісі — партияның әрбір құрамдас бөлігінің осы партия ісіне тікелей қатысуы; онда партияның барлық бөліктері өздерін тең праволы деп есептейді. Ал автономия партия бөліктерінің правосыз болуын көздейді, жалпыға бірдей іске немқұрайды қарайды, өзара сенімсіздік, ерегіс және қақтығыс туғызады.

Автордың дәлелі осындай, мұны біз оның өз сөзімен дәлме-дәл дерлік баяндадық. Бұл дәлел мынадай үш пунктке: автономияның ішкі қайшылығы мен партия бөліктерінің тығыз бірлігі тұрғысынан қарағанда автономияның жарамсыздығы жөніндегі жалпы пікірге, Бундты еврей пролетариатының бірден-бір өкілі еткен тарихтың сабақтарына және, ақырында, еврей пролетариаты ерекше жағдайдағы тұтас бір ұлттың пролетариаты дегенге саяды. Демек, автор жалпы ұйымдық принциптерге де, тарихтың сабақтарына да, ұлт идеясына да сүйенгісі келеді. Автор мәселені барлық жағынан

алып қарауға тырысады, мұнысын әділдік деп санау керек. Сондықтан да оның баяндауы біздің бәрімізді толғандырып отырған мәселеде Бундтың ұстаған бағытын бадырайтып көрсетеді.

Федерация тұсында, дейді бізге, партияның бөліктері тең праволы және жалпы іске тікелей қатысады; автономия тұсында олар правосыз және сондықтан партияның жалпы өміріне қатыспайды. Бұл пікір түгелімен нағыз сәйкессіздік саласына жатады,— бұл математиктер математикалық софизм деп атайтын пікірлерден мүлде аумайды, бұл пікір бойынша, алғаш қарағанда дәл логикалық жолмен, екі жерде екі бес, ал бөлшек бүтіннен үлкен деп дәлелденіледі және т. т. Осындай математикалық софизм жинақтары бар, олар оқушы балаларға өз пайдасын тигізіп те жүр. Бірақ еврей пролетариатының бірден-бір өкілдері боламыз деп жүрген адамдарға бір пікірдің екі жартысында «партияның бөліктерін» түрліше ұғыну сияқты соншама қарапайым софизмді түсіндіріп жатудың өзі қолайсыз. Федерация туралы сөз болғанда,— партияның бөлігі деп әр түрлі жерлердегі ұйымдардың қосындысын айтады; автономия туралы сөз болғанда, партияның бөлігі деп әрбір жергілікті жеке ұйымды айтады. Бірдей-міс деген осы ұғымдарды бір силлогизмге қатар қойып көріңіз, сонда сіз сөзсіз екі жерде екі бес деген қорытынды жасайсыз. Ал егер бундшылдарға, дегенмен, олардың софизмінің мәні түсініксіз болса, онда олар өздері жасаған устав-максимумына қарап алуына болады, сонда нақ федерация тұсында жергілікті ұйымдар партияның орталығымен тікелей қатыспайтынын, ал автономия тұсында тікелей қатысатынын көреді. Жоқ, біздің федералистерге «тығыз бірігу» туралы айтпағанның өзі жөн болар еді! Федерация — партия бөліктерінің *оқшаулануы,* ал автономия — *бірлесуі* деген қағиданы теріске шығару арқылы жұрт алдында күлкі боласың.

Автономияны программалық және техникалық деп екіге бөлу арқылы оның «логикалық сәйкессіздігін» дәлелдеуге тырысу да оңып тұрған жоқ. Осылай бөлудің өзі мүлде білместік. Еврей жұмысшылары арасындағы үгіттің арнаулы әдістері жөніндегі мәселелер не себеп-

тен техникалық деп аталады? Әңгіме тілдің, психологияның, тұрмыс жағдайларының ерекшелігі туралы болып отырғанда, техниканың қандай қатысы бар? Мысалы, еврейлердің азаматтық тең праволылығын талап ету жөніндегі программалық мәселелердегі дербестілік туралы не деп айтуға болады? Социал-демократияның программасы кәсіптік, жергілікті, ұлттық, нәсілдік өзгешеліктерге қарамастан бүкіл пролетариатқа ортақ тек негізгі талаптарды ғана қояды. Бұл өзгешелік заң алдында азаматтардың толық теңдігі жөніндегі бір талаптың өзі бір жерде тең правосыздықтың бір түріне қарсы, екінші жерде немесе пролетариаттың басқа топтары жөнінде — тең правосыздықтың басқа түріне қарсы үгіттің тууына себеп болады және т. т. Программалық бір пункттің өзі елдің әр түрлі облыстарында тұрмыс жағдайының өзгешелігіне, мәдениеттің өзгешелігіне, қоғамдық күштердің ара салмағының өзгешелігіне қарай түрліше қолданылады және т. т. Программадағы сол бір талап үшін үгіт осы өзгешеліктердің бәріне сәйкес түрліше әдіспен, түрлі тілде жүргізіледі. Демек, белгілі бір нәсілдің, белгілі бір ұлттың, белгілі бір ауданның пролетариатына тікелей қатысы бар мәселелердегі автономия — жалпы программаны орындауға байланысты қойылған арнаулы талаптарды белгілеу, үгіттің әдістерін белгілеу тиісті ұйымның дербес шешуіне беріледі деген сөз. Тұтас алғанда партия, оның орталық мекемелері программа мен тактиканың жалпы негізгі принциптерін белгілейді; осы принциптерді іс жүзінде және үгіт жұмысында жүзеге асырудың әр түрлі әдістерін де жергілікті, нәсілдік, ұлттық, мәдени және т. б. өзгешеліктерге сәйкес партияның орталығына бағынышты әр түрлі ұйымдары белгілейді.

Автономияны осылайша ұғыну не себептен түсініксіз деген сұрақ туады. Автономияны программалық мәселелер мен техникалық мәселелерде осылай бөлу нағыз барып тұрған схоластика емес пе?

Біз талқыға салып отырған кітапшада автономия деген ұғымның қаншама «логикалық тұрғыдан талдануын» байқап көріңіз. «Социал-демократияға шұғылдануға тура келетін толып жатқан барлық мәселелер-

ден,— делінген бұл кітапшада 1898 жылғы Манифестің негізіне алынған автономия принципі жөнінде,— еврей пролетариатына арнаулы қатысы бар деп танылатын кейбір мәселелер бөлініп тұрады (sic!! *)... Бундтың автономиялылығы жалпы мәселелер қай жерден басталса, сол жерде бітеді... Бундтың партиядағы екі жақты жағдайы осыдан келіп шығады: арнаулы мәселелерде ол Бунд ретінде көрінеді... жалпы мәселелерде ол өзінің бейнесін жоғалтып, партияның жай комитетіне теңеледі...» Социал-демократия программасы заң алдында барлық азаматтардың толық тең болуын талап етеді. Осы программаны *орындай отырып* Вильнодағы еврей жұмысшысы арнаулы бір талап қойса, ал Уфадағы жұмысшы башқұрт мүлде басқа арнаулы талап қояды. Мұның өзі «толып жатқан мәселелерден» «кейбір мәселелер *бөлінетінін»* білдіре ме? Егер тең праволылық туралы жалпы талап тең правосыздықтың арнаулы түрлерін жою туралы бірсыпыра арнаулы талаптарды ұсынумен жүзеге асырылып отырса, мұнда арнаулы мәселелер жалпы мәселелерден қалайша *бөлінеді?* Арнаулы талаптар жалпы талаптардан бөлінбейді, қайта программаның жалпы талаптарын *орындауға* бағытталады. Вильнодағы еврейге арнаулы қатысы бар нәрсе Уфадағы башқұртқа арнаулы қатысы бар нәрседен бөлініп тұрады. Бұлардың талаптарын қорыту, олардың *жалпы таптық мүдделеріне* (арнаулы, кәсіптік, нәсілдік, жергілікті, ұлттық және т. б. мүдделеріне емес) окіл болу — бүкіл партияның ісі, партия орталығының ісі. Бұл іс мейлінше айқын сияқты! Мұны шатастырып отырған бундшылдар, өйткені олар логикалық талдаудың орнына бізге тағы да логикалық сәйкессіздіктің үлгісін көрсетті. Олар социал-демократияның жалпы талаптарының арнаулы талаптарға қатынасын мүлде түсінбеді. Олар «социал-демократияға шұғылдануға тура келетін толып жатқан барлық мәселелерден кейбір мәселелер бөлініп тұрады» деп ойлады, ал іс жүзінде біздің программамызда сөз болған *әрбір* мәселе тұтас алғанда бірсыпыра арнаулы мәселелер мен талаптарды қорыту болып табы-

* — солай!! *Ред.*

лады; программаның *әрбір* пункті *бүкіл* пролетариат үшін ортақ болып табылады, сонымен қатар пролетарлардың кәсібінің, олардың тұрмыс жағдайының, тілінің өзгешелігіне қарай арнаулы мәселелер болып бөлінеді, тағысын тағылар. Бундтың жағдайының қайшылықтылығы мен екі жақтылығы бундшылдарды шамдандырады, байқайсыз ба, бұл қайшылықтылық пен екі жақтылық мынадан көрінеді: ол арнаулы мәселелерде Бунд болып шыға келеді де, жалпы мәселелерде өзінің бейнесінен айрылып қалады. Оларға аз ғана ойлану мұндай «екі жақтылық» *қандай да болсын* жұмысшы социал-демократтың жағдайында *«сөзсіз бар екенін* көрсетер еді, жұмысшы социал-демократ арнаулы мәселелерде белгілі кәсіптің өкілі ретінде, белгілі ұлттың мүшесі ретінде, белгілі жердің тұрғыны ретінде көрінеді, ал жалпы мәселелерде «өзінің бейнесінен айрылып қалады» және *қандай да болсын басқа* социал-демократқа теңеледі. 1898 жылғы устав бойынша, Бундтың автономиясы,— Тула комитетінің автономиясымен мүлде біртектес құбылыс; тек қана бұл автономияның шегі екіншіге қарағанда бірінші ретте біраз өзгеше және біраз кеңірек. Төмендегі ережеде мейлінше өрескел логикалық сәйкессіздіктен басқа ештеңе жоқ, бұл ережемен Бунд мынадай қорытындыны жоққа шығарады: «Егер Бундқа кейбір *программалық* мәселелерде дербестік берілсе, ол программалық басқа мәселелерде дербестік *атаулыдан* не себепті мақрұм қалып отыр?». Бұл «кейбір мәселелердің» — *«басқа мәселелерге»* қарама-қарсы қойылуы сияқты арнаулы мәселелердің жалпы мәселелерге қарама-қарсы қойылуы — Бундтық «логикалық талдаудың» теңдесі жоқ үлгісі! Жеке алмалардың түрлі түсін, дәмін және иісін «басқа» алмалардың *санына* қарама-қарсы қоюдың не екенін жұрт ешбір ұға алмайды. Мырзалар, тек кейбір ғана емес, әрбір алманың қандай да бір арнаулы дәмі, түсі және иісі бар деп сіздерді сендіре аламыз. Тек «кейбір» мәселелерде ғана емес, *түгелінен барлық* программалық мәселелерде сіздерге дербестік беріледі, мырзалар, берілгенде, әңгіме нақ осы мәселелерді еврей пролетариатының арнаулы ерекшеліктеріне қолдану туралы болып отырғандықтан беріледі. Меін

teuerer Freund, ich rat' Euch drum zuerst Collegium logicum! *

Бундшылдардың екінші дәлелі бейне бір Бундты еврей пролетариатының бірден-бір өкілі етіп қойған тарихқа сүйенуде болып отыр.

Біріншіден, бұл қағида дұрыс емес. Кітапша авторының өзі: «басқа ұйымдардың (Бундтан басқа) бұл бағыттағы жұмысы (яғни еврей пролетариаты арасындағы жұмыс) не ешқандай нәтиже бергсн жоқ, немесе назар аударуға тұрмайтын нәтиже берді» дейді. Демек, оның өзі мойындап отырғанындай, жұмыс жүргізілген, ендеше, Бунд еврей пролетариатының *бірден-бір* өкілі *болған жоқ;* осы жұмыстың нәтижелеріне беріліп отырған бағаға қарап, әрине, ешкім де Бундтың өз пікіріне сене алмайды; ақырында, Бунд басқа ұйымдардың еврей пролетариаты арасындағы жұмысына *қарама-қарсы әрекет еткені* мәлім (еврей жұмысшыларына арнап прокламация басып шығарған партияның Екатеринослав комитетіне қарсы Бунд күрес жүргізген белгілі оқиғаны атасақ та жеткілікті [46]),— олай болса, тіпті жұмыс нәтижелері шынында назар аударуға тұрмаған болса, бұған Бундтың өзі де кінәлы.

Одан әрі. Бундтың тарихи анықтамасындағы ақиқат оның дәлелдерінің дұрыстығын ешбір дәлелдемейді. Іс жүзінде орын алған және Бунд ескеріп отырған фактілер Бундты ақтамайды, қайта оны қаралайды. Бұл фактілер мынадай: Бунд,— бірінші съезден бері өткен бес жыл бойына,— партияның басқа ұйымдарынан мүлде дербес және тәуелсіз өмір сүріп, дамыды. Жалпы алғанда, бұл мезгілде партияның барлық ұйымдары арасындағы байланыс өте-мөте нашар болды, ал партияның басқа бөліктерімен Бундтың байланысы, басқа ұйымдар арасындағы байланысқа қарағанда, одан бетер нашар болып қана қоймай, барған сайын нашарлай берді. Бұл байланысты Бундтың өзі *нашарлатқанын* партиямыздың шетелдік ұйымдарының тарихы тікелей дәлелдеп береді. 1898 жылы Бундтың мүшелері шетелдегі жалпыға ортақ бір партия ұйымына кірді; 1903 жылы

* — Сондықтан, менің қымбатты достым, ең алдымен логиканы үйрену керек деп сізге кеңес беремін! [45] *Ред.*

олар мүлде дербес және тәуелсіз шетелдік ұйым болып бөлініп шықты. Бундтың дербестігі мен тәуелсіздігіне, сондай-ақ дербестігі мен тәуелсіздігінің бірте-бірте күшейгеніне де күмәндануға болмайды.

Ал осы күмәнсыз фактіден қандай қорытынды туады? Бұдан бундшылдар үшін осы факт алдында бас ию, оған құлдарша бағыну, оны Бундтың жағдайы үшін берік негіз болатын принципке, бірден-бір принципке айналдыру, осы принципті уставта заңдандыру қажеттігі туады, ал устав Бундты еврей пролетариатының партиядағы бірден-бір өкілі деп тануға тиіс. Біздің пікірімізше, мұндай қорытынды жасау — барып тұрған оппортунизм, ең нашар хвостизм. Ыдыраушылықтың бесжылдық тарихынан ыдыраушылықты заңдандыру туралы емес, қайта оны үзілді-кесілді жою қажеттігі туралы қорытынды жасау керек. Осының өзі шын ыдыраушылық болғанын әлі де біреу теріске шығара алар ма екен? Осы уақытта партияның *барлық* бөліктері дербес және тәуелсіз өркендеп келді,— енді осыдан Сибирь, Кавказ, Урал, оңтүстік және басқалар арасындағы федерация «принципін» шығаруға болмай ма?? Партия, бөліктердің ұйымдық жағынан біріктірілуі тұрғысынан алғанда, іс жүзінде өмір сүрген жоқ деп бундшылдардың өздері айтып отыр,— ал партия өмір сүрмеген кезде қалыптасқан жағдайдан ұйымдық бірлікті *қалпына келтіру* туралы мәселе жөнінде қалайша қорытынды жасауға болады? Жоқ, мырзалар, сіздердің оқшаулылық тудырған ыдыраушылықтың тарихына сүйенулеріңіз осы оқшаулық халдің берекесіздігінен басқа тіпті еш нәрсені дәлелдей алмайды. Партияның бірнеше жылғы *берекесіздігінен ұйымдық* «принцип» қорытып шығару — тарихи мектеп өкілдерінің әрекетіндей әрекет істеу деген сөз, бұлар, Маркстің жұртқа мәлім кекесін сөзімен айтқанда, шыбыртқының тарихи шыбыртқы екендігіне сүйеніп, оны қорғауға әзір тұрған болатын [47].

Сонымен, автономияны «логикалық жағынан талдау» да, тарихи анықтамалар да бундтың оқшаулануын «принциптік» жағынан дәлелдеудің маңайына да жуымайды. Оның есесіне Бундтың үшінші дәлелінің сөзсіз

принциптік сипаты бар, бұл дәлел еврей ұлтының идеясына қол артуда болып отыр. Амал не, бұл сионистік идея — өзінің мәні жағынан мүлде жалған және реакцияшыл идея. Аса көрнекті марксист теоретиктердің бірі Карл Каутский былай дейді: «белгілі территориясыз ұлт болмайтындықтан, еврейлер ұлт ретінде өмір сүруден қалды» дейді (қараңыз: «Искраның» 42-номері мен оның «Кишиневтегі қырқысу және еврей мәселесі» деген атпен жеке қағазға басылғаны, 3-бет). Жуық арада дәл осы жазушы Австриядағы ұлттар туралы мәселеге талдау жасай отырып, ұлт деген ұғымға ғылыми анықтама беруге әрекет етіп, осы ұғымның екі негізгі белгісін: тіл мен территорияны белгілейді («Die Neue Zeit» [48], 1903, № 2). Бір француз еврейі радикал Альфред Накэ антисемиттермен және сионистермен айтысқа түсіп, дәл осы пікірді сөзбе-сөз жазады. «Егер Бернар Лязар,— дейді ол белгілі сионист туралы,— өзін ерекше халықтың азаматы деп есептегісі келсе, бұл оның өз ісі; бірақ мен еврей болып туғаныммен, ... мен еврей ұлтын мойындамаймын... менде француз ұлтынан басқа ұлт жоқ... Еврейлер ерекше халық болып табыла ма? Олар бұдан көп жыл бұрын сөзсіз халық болғанымен, мен бұл сұраққа үзілді-кесілді *жоқ* деп жауап беремін. Халық деген ұғым белгілі шарттардың болуын талап етеді, ал бұл шарттар қазір болмай отыр. Халықтың территориясы болуға тиіс, ол осы территорияда өркендеуі керек, одан кейін, кем дегенде біздің заманымызда, дүние жүзілік конфедерация әлі осы базисті ұлғайтпай тұрғанда, халықтың ортақ тілі болуға тиіс. Еврейлерде территория да, ортақ тіл де жоқ... Сірә, Бернар Лязар да мен сияқты еврейше бір сөз білмесе керек және егер сионизм өзінің көздеген мақсатына жетсе, оған дүниенің басқа бөліктеріндегі өз туысқандарымен (congénères) пікір алысу оңай бола қоймас еді» («La Petite République», 24 sept. 1903 ж.) [49]. «Неміс және француз еврейлері поляк және орыс еврейлеріне мүлде ұқсамайды. Еврейлердің ерекше әлпетінде ұлт белгісін (empreinte) көрсететіндей еш нәрсе жоқ. Егер Дрюмонмен бірге еврейлерді ұлт деп тануға ерік берілсе, мұның өзі жасанды ұлт болған болар еді. Осы заманғы

еврей — табиғатқа кереғар іріктеудің нәтижесі, оның балалары 18 ғасыр бойы осындай іріктеуге душар болып келді». Бундшылдарға жаргон — тілі, отырықшылық белгісі — территориясы болып табылатын орыс еврейлерінің ерекше ұлты деген идеяны ойлап шығару ғана қала ма.

Ғылыми тұрғыдан * мүлде негізсіз ерекше еврей халқы туралы идея өзінің саяси маңызы жағынан реакцияшыл идея. Таяудағы тарихтың және қазіргі саяси шындықтың жалпы жұртқа мәлім фактілері мұның іс жүзіндегі бұлтартпас дәлелі болып отыр. Бүкіл Европада орта ғасырлық тәртіптің құруы мен саяси бостандықтың дамуы еврейлердің саяси эмансипациялануымен, олардың қай халықтың арасында тұрса жаргоннан сол халықтың тіліне көшуімен және жалпы алғанда айналадағы халықпен ассимиляциялануының сөзсіз дамуымен тығыз ұштасып отырды. Еврей пролетариаты арасында батырлық сана-сезімнің оятылуы арқасында, Россияда еврейлердің азаттық қозғалысы анағұрлым терең және анағұрлым кең болуына қарамастан, біз тағы да ерекше теорияға қайта оралып, дәл осы Россияда ерекшелік бар деп жариялауға тиіс боламыз ба? Бүкіл Европаның және әсіресе Россияның реакцияшыл күштері еврейлердің ассимиляциясына *қарсы* дүрсе қоя беріп, олардың оқшаулануын баянды етуге тырысады деген фактіні кездейсоқтық деп түсіндіруге бола ма?

Ассимиляция немесе оқшаулану — міне еврей мәселесі осылай *қойылып отыр?* — және еврей «ұлтының» идеясы бұл идеяны табанды түрде жақтаушыларда (сионистерде) ғана емес, осы идеяны социал-демократия идеясымен ұштастыруға әрекет жасаушыларда да

* Еврейлер *тарихының* ерекшелігін бірінші кезекке қойып отырған осы заманғы ғылыми зерттеу еврейлердің тек ұлттық ерекшелігін ғана емес, тіпті нәсілдік ерекшелігін де теріске шығарып отыр. К. Каутский: «Еврейлердің ерекшелігі олардың нәсілдік әлпетінен туа ма?» деп сұрақ қойып, тіпті біз нәсіл дегеннің не екенін де анық білмейміз деп жауап береді. «Шын жауабын бермей, тек жаңа мәселелерді ғана қозғайтын нәсіл ұғымына жармасудың бізге ешқандай қажеті жоқ. Әлпетінің себептерін айқындау үшін еврей халқының тарихын қарап шығу жеткілікті». Осы тарихты жақсы білетін Ренан былай дейді: «Еврейлердің ерекше белгілері және олардың тұрмыс салты нәсілдік ерекшеліктен гөрі (phénomène de race) оларға ғасырлар бойы ықпал жүргізіп келген әлеуметтік жағдайдың (nécessites sociales) нәтижесі болып табылады».

(бундшылдар) көріне реакциялық сипат алып отыр. Еврей ұлтының идеясы еврей пролетариатының мүдделеріне қайшы келеді, еврей пролетариатында ассимиляцияға қас тікелей және жанама пікір, «гетто» пікірін туғызады. «1791 жылғы Ұлттық жиналыс еврейлердің эмансипациясын декретпен заңдандырғанда,— деп жазды Ренан,— ол нәсіл жөніндегі мәселемен өте аз шұғылданды... Барлық «геттоны» жою — XIX ғасырдың ісі, сондықтан мен оны қалпына келтіруге тырысушыларды құптамаймын. Еврей нәсілі әлемге аса зор қызмет көрсетті. Әр түрлі ұлттармен ассимиляцияланып, әр түрлі ұлттармен біте қайнасқан еврей нәсілі келешекте де бұрынғысынша қызмет етеді». Ал Карл Каутский әдейі орыс еврейлерін есте ұстап, одан әрі жігерлене пікір айтады. Халықтың басқа топтары жөніндегі дұшпандық «халықтың басқа топтары жат болудан қалып, халықтың жалпы бұқарасымен қосылғанда ғана» жойылады. *«Бұл еврей мәселесін шешудің бірден-бір мүмкін жолы және біз еврейлердің оқшаулануын жоюға көмектесетіндердің бәрін қолдауға тиіспіз»*. Міне, мәселені шешудің осы бірден-бір мүмкін жолына Бунд еврейлердің оқшаулануын жоймай, қайта оны күшейтіп және заңдандырып, еврей «ұлты» идеясын және еврей пролетарларын еврей емес пролетарлармен федерацияландыру жобасын тарату арқылы қарсылық көрсетіп отыр. Бұл — «бундизмнің» негізгі қателігі, бұл қателікті еврей социал-демократиясының табанды өкілдері түзетуге тиіс және түзетеді. Бұл қателік бундшылдарды еврей пролетарларының еврей емес пролетарларға сенімсіздік көрсетуі, олардан күдіктену, олар жөнінде шындыққа жатпайтын сөз тарату сияқты халықаралық социал-демократияда бұрын-соңды болмаған халге әкеліп соқтырады. Тағы да сол кітапшадан алынған дәлелді келтірейік: «Еврей халқының ерекше тарихи тағдырына байланысты бүкіл дүние жүзі пролетариаты семьясында тең праволы орын (!!) алу үшін күрес жүргізуге әлі де тура келіп отырған еврей пролетариаты жөнінде ғана (есіңізде болсын!) осындай қисынсыз пікір (тұтас бір ұлт пролетариатының ұйымы партияның орталық органдарында өкілдіктен мақрұм етілсін деген

пікір) ашықтан-ашық уағыздалуы мүмкін». Жақында біз сионистік бір листокта дәл осындай әдепсіз қылықты кездестірдік, бұл листоктың авторлары «Искраға» қарсы жұлқынып, аласұрып отыр, олар «Искраның» Бундқа қарсы жүргізген күресін еврейдің еврей емеспен «тең правола» болуын тілемегендік деп танып отыр. Енді бундшылдар сионистік әдепсіз қылықтарды қайталап отыр! Шылғи өтірік таратылып отыр, өйткені біз еврейлер жөнінде «ғана» емес, армяндар, грузиндер және басқалар жөнінде де «өкілдіктен мақрұм етуді» «уағыздадық», ал поляктар жөнінде патша самодержавиесіне қарсы күресуші бүкіл пролетариатпен жақындасуға, бірлесуге, қосылуға шақырдық. ПСП (Поляк социалистік партиясы) бізге тектен-тек ойран салған жоқ! Еврей ұлтының сионистік *идеясы* жолындағы, партияны ұйымдастырудың федерациялық *принципі* жолындағы өз күресімізді *«бүкіл дүние жүзі пролетариаты семьясында* еврейлердің тең праволы орын алуы жолындағы күрес» деп атау — күресті идеялар мен принциптер саласынан шығарып, күдіктену, айдап салу, тарихи қалыптасқан соқыр сенімді қоздыру саласына түсіру деген сөз. Бұл — өз күресінде нағыз идеялық және принциптік құралдарының жоқтығын айқын көрсету деген сөз.

* *
*

Сонымен, біз Бундтың логикалық дәлелдері де, тарихи дәлелдері де, ұлттық дәлелдері де ешқандай сынға төтеп бере алмайды деген қорытындыға келдік. Ыдыраушылық дәуірі орыс социал-демократтары арасында бұлталақтауды және жеке ұйымдардың оқшаулануын күшейтіп, осы бағытта және одан да күштірек болып бундшылдарға әсер етті. Осы тарихи қалыптасқан (ыдыраушылықпен күшейе түскен) оқшаулыққа қарсы күресуді өздерінің ұраны етіп қоюдың орнына, олар оқшаулануды принципке айналдырып жіберді, бұл үшін автономияның ішкі қайшылығы жөнінде софизмге, еврей ұлтының сионистік идеясына жармасты. Тек осы қателікті батыл және тура мойындап, *бірлесуге бет*

бұруды жариялау ғана Бундты өзі түскен қате жолдан шығара алады. Еврей пролетариаты арасындағы социал-демократиялық идеялардың таңдаулы өкілдері Бундты оқшаулану жолынан бірлесу жолына түсуге ерте не кеш мәжбүр ететініне біз сенеміз.

«Искра» № 51,
22 октябрь, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚШЫЛДАНУШЫ БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ САСҚАЛАҚТАҒАН ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ [50]

Орыс марксистері орыстың ескі, классикалық, революциялық халықшылдығы өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері барған сайын азып-тозып барады деп, көптен бері-ақ айтып келеді. Социализмнің ұрығы мен негізі ретінде шаруалар шаруашылығының ерекше укладына, қауымға, халық қазірдің өзінде әзір тұрған әлеуметтік революцияны дереу жасау арқылы капитализм жолына соқпай өту мүмкіндігіне сенім барған сайын көмескілене берді. Шаруалар шаруашылығын және жалпы алғанда «халықтық ұсақ өндірісті» нығайту жөнінде әр түрлі шараларды талап ету ғана саяси маңызын сақтап қалды. Мұның, түптеп келгенде, буржуазиялық реформаторлықтан артық жері жоқ; халықшылдық либерализмге белшесінен батты; либерал-халықшылдық бағыт құрылды, бұл бағыт жобаланып отырған шаралардың (кредит, кооперация, мелиорация, жер иемденуді ұлғайту — осылардың бәрі) *қазіргі* буржуазиялық қоғам шеңберінен шықпайтынын көргісі келмеді немесе көре алмады. В. В., Николай — он мырзалардың және бұлардың көптеген үзеңгілестерінің халықшылдық теориялары осы бір қолайсыз, бірақ даусыз фактіні quasi *-ғылыми жолмен бүркеу болып қана қызмет етті. Маркстік сын бұл бүркеніпті талқандады, сөйтіп халықшылдық идеялардың орыс революцияшылдарына ықпалы мейлінше тез құлдырап кетті. Енді бұл

* — жалған. *Ред.*

идеялар іс жүзінде өздеріне туыс жіктің,— орыс либералдық «қоғамының» ерекше игілігі болды.

Батыс европалық бернштейншілдік жоғарыда аталған ағымды баянды етуші және сонымен қатар оның түрін өзгертуші жаңа беталыс болды. «Өз отанында пайғамбар болмайтыны» дұрыс деп бекер айтылмаған. Бернштейннің өз отанында бақыты жанбады, дегенмен оның идеялары «шындап қолға алынды» және Францияның, Италияның, Россияның буржуазиялық реформизм өкілдеріне тез айналған кейбір социалистері осы идеяларды іс жүзінде қолданды. Осы идеялармен ұрықтанған біздің либерал-халықшылдық бағыт ex *-марксистерден өзіне жаңа жақтаушылар тапты, сонымен бірге кейбір қара дүрсін бос елес пен реакциялық беталыстан ада болып, іштей есейді. Бернштейншілдік өзінің қызметін социализмді қайта өзгерту арқылы атқарған жоқ, ал буржуазиялық либерализмнің жаңа кезеңінің бейнесін қалыптастыру және кейбір quasi-социалистерден социализм бейнесін сыпырып тастау арқылы атқарды.

«Освобождениенің» [51] 9(33)-номеріндегі Л. мырзаның «Аграрлық мәселе жөнінде» деген мақаласы Европаның оппортунистік идеялары мен орыстың халықшылдық идеялары жақындасуының және қосылуының өте қызық, тағылым аларлық үлгісін береді. Бұл — автордың жалпы credo **-сын да, осы credo-ны мәселелердің белгілі саласына үнемі қолдануды да ар-ұятымен түсіндіретін нағыз программалық мақала. Бұл мақала орыс либерализмін қалыптастыруда және нығайтуда алға қарай ірі адым жасап, оның тарихында із қалдырады.

Автор өзінің буржуазиялық либерализміне ең жаңа модамен тігілген костюм кигізеді. Ол Бернштейннің сөздерін толық дерлік қайталап, «либерализм мен социализмді біріне бірін бөліп алуға немесе біріне бірін қарама-қарсы қоюға тіпті де болмайды: өздерінің негізгі мұраты жағынан олар барабар және ажырағысыз — көптеген адамдардың қауіптенетініндей, социализм либерализмге қауіп туғызбайды, ол либерализмнің өсиеттерін бұзу үшін емес, орындау үшін келеді» деп кісі кү-

* — бұрынғы. *Ред.*
** — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

лерліктей байсалдылықпен оқушыларды сендірмек болады. Не тілесең, соған сенетінің айқын нәрсе, ал Л. мырза мен оның жора-жолдастары социал-демократтардың өздерін либералдардан бөліп тастамауын, олар социализмді «тарихи дамудың бүкіл барысын күн ілгері белгілеп қойғысы келетін әзір тұрған догматтар мен қатып қалған доктриналар мағынасында емес...» (және т. т., дәл «Революционная Россия»[52] рухында) .., ал «жалпы этикалық мұрат ретінде...» (жұртқа мәлім, барлық филистерлер және мұның ішінде либералдар да, бұл дүниеде іске аспайтын салаға, келешектегі тіршілік пен «өзіндік зат» саласына жатқызатын мұрат ретінде) ұғуын өте-мөте тілейді.

Әдепсіз сөзіміз үшін кешіріңіз! Әрине, либералдар товарды өңімен көрсеткісі келеді, Россиядағы саяси либерализмді әлеуметтік-экономикалық демократизммен бірдей деп санағысы келеді. Бұл ой — мейлінше «ізгі», бірақ, сонымен қатар, мейлінше шатасқан және мейлінше мекер ой. Ізгі болатын себебі — либералдардың белгілі бір бөлігінің кең әлеуметтік реформаларды жақтайтын игі тілегін білдіреді. Шатасқан ой болатын себебі — демократиялық либерализмді буржуазиялық либерализмге қарама-қарсы қоюға негізделген (тағы да дәл «Рев. Россия» рухында!); сірә, автор қандай болса да капиталистік қоғамда кең демократиялық және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жақтайтын белгілі бір *буржуазиялық*-демократиялық элементтердің өмір сүре алатынын түсінбейтін болса керек; орыстың барлық Мильерандары сияқты, автор да *буржуазиялық* реформаны, әрине, «әзір тұрған догматтар мағынасында» ұғылмайтын социализмге теңегісі келеді және т. т. Ақырында, бұл ойдың мейлінше мекер болатын себебі — автор белгілі бір тарихи кезеңде либералдардың белгілі бір бөлігінің реформаларына тілектестік білдіру — «халықтың мұң-мұқтажы мен мүдделерінің қамын ойлау, сөздің шын және тамаша этикалық мағынасындағы «халықшылдық» — жалпы алғанда либерализмнің тұрақты қасиеті болып отыр және болуға тиіс деп өзін де, басқаларды да сендіреді. Бұл — нағыз барып тұрған аңқаулық. Отставкадағы қандай да болсын буржуазиялық

министрлік, қандай да болсын «Ұлы Мәртебелі оппозиция» оппозицияда қалып отырған кезінде өзінің шын, тамаша және этикалық «халықшылдығы» туралы әрқашан айқайлап отыратынын кім білмейді? Орыс буржуазиясы, әлі өкімет басында отырмай, оппозицияда жүргендіктен де халықшылдықтың шашбауын көтере береді (кейде ол мұны шын көңілден істейді). Орыс пролетариаты освобождениешіл мырзалардың сүйікті-мекер сөздеріне: pas si bête, messieurs! деп жауап береді. Мырзалар, мен оған сене қоятындай ақымақ емеспін!

Л. мырза либерализм мен социализм барабар деген жалпы пікірден аграрлық мәселенің жалпы теориясына көшеді. Ол он жол бойы марксизмді әбден жазғырады (тағы да, тағы да «Рев. Россия» рухында), бұл үшін марксизмді, әдеттегіше, тұрпайы түрде өңін айналдырып баяндайды, оны әрі тәжірибеге сай келмейді, әрі ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген және жалпы алғанда дұрыс емес! деп жариялайды. Бірден-бір дәлел ретінде европалық *социалистік* (курсив Л. мырзанықі) әдебиетке, сірә, бернштейндік әдебиетке сүйенушілік ерекше атап көрсетуге тұрарлықтай. Өте орынды сүйену! Егер европалық *(европалық!)* социалистер буржуазияша ойлап, пікір айтатын болса, орыс буржуалары өздерін әрі халықшылдармыз, әрі социалистерміз деп неге жарияламасқа? Шаруа мәселесіне маркстік көзқарас,— деп сендіреді бізді Л. мырза,— «егер ол даусыз және бірденбір мүмкін көзқарас болса, бүкіл земстволық (sic! *) Россияны қорқынышты, апатты халге әкеп қояр еді, озық аграрлық саясаттың және шаруалар шаруашылығына парасатты, тиімді көмектің жалпы мүмкін еместігі дәлелденгендіктен, Россияны әрекетсіздікке душар етер еді». Көріп отырсыздар, бұлтартпайтын-ақ дәлел: *өйткені* капитализм тұсында шаруалардың қандай да бір қалың топтарының баянды түрде қалай да бір гүлденуінің мүмкін еместігін марксизм дәлелдеп береді екен, *сондықтан да* ол «земстволық» (бұл «жер иемденуші» деген сөздің орнына қате жазылмады ма екен?) Россияны, яғни дәл осы шаруаларды күйзелту және

* — солай! *Ред.*

пролетарландыру есебінен өмір суретін Россияны қорқынышты, апатты халге әкеп қояды екен. Иә, иә, марксизмнің сіңірген букіл дуние жузілік-тарихи еңбектерінің бірі дәл осында болып отыр, ол халықшылдықтың, әлеуметтік-экономикалық демократизмнің және басқа осындайлардың тонып жамылған буржуазия идеологтарын қорқынышты, қайғылы-кулкілі халге біржолата қойып отыр.

Л. мырзаның теориялық жаттығуларын тамамдау ушін бізге тағы да бір керемет мысал келтіру керек болады. «Мұнда (яғни ауыл шаруашылығында),— дейді бізге,— өзінен-өзі болатын (!) прогресс жоқ және болуы мумкін де емес, бұл прогресс техниканың объективтік (!) дамуына байланысты белгілі мөлшерде өнеркәсіпте болуы мумкін». Бұл теңдесі жоқ данышпансыған пікір тугелімен Каблуков, Булгаков, Э. Давидов мырзалардан және tutti quanti *-лерден алынған, олар «ғылыми» еңбектерінде өз көзқарастарының артта қалушылығын егіншіліктің техникалық, экономикалық және әлеуметтік жағынан артта қалуымен ақтайды. Егіншіліктің артта қалуы кумәнсыз, мұны марксистер әлдеқашан мойындаған және бұл әбден тусінікті, ал енді «өнеркәсіптегі өзінен-өзі болатын (тіпті белгілі дәрежеде болсын) прогресс» пен техниканың объективтік дамуы дегені — мұның өзі мулде тукке тұрмайтын нәрсе.

Бірақ ғылым саласына шолу жасау — Л. мырзаның мақаласындағы архитектуралық әшекей сияқты бірдеме. Ол шын саясатшы ретінде жалпы пікір айтуды мейлінше шатастырумен қатар, өте-мөте дұрыс және нақты практикалық программа беріп отыр. Рас, ол кішіпейілдік көрсетіп, орыс тілінде салақ сөйлейтін әдеті бойынша программа жасаудан аулақ боламын деп ескертіп, өзінің көзқарасын білдірумен ғана тынады, бірақ онысы тек кішіпейілсіну ғана. Ал іс жузінде Л. мырзаның мақаласынан біз орыс либералдарының өте-мөте тиянақты және толық аграрлық программасын көреміз, онда жалғыз-ақ стилі жағынан редакциялау мен пункттерге бөлу ғана жетпей тұр. Программа айнымас ұстамды-

* — осы сияқтылардың бәрінен. *Ред.*

лықпен либералдық рухта жазылған: саяси бостандық, демократиялық алым-салық реформасы, қоныс аудару еркіндігі, жер меншігін демократияландыруға бағытталған шаруалардың демократиялық аграрлық саясаты. Осындай демократияландыру мақсатында қауымнан өз еркімен шығу, қандай да болсын экономикалық серіктік сияқты қауымды еріксіз қауымнан ерікті одаққа айналдыру, демократиялық аренда правосын жасау талап етіледі. Шаруалар банкінің жұмысын өрістету, уделдік жерді мемлекет меншігіне айналдыру, «жеке-ше немесе кооперациялық негізде ұсақ еңбек шаруашылықтарын құру», ақырында, шаруаларға қажет жерлерді иесінен еріксіз алу немесе міндетті түрде сатып алу секілді бірсыпыра шаралар арқылы «мемлекет» «жердің еңбекшілер бұқарасының қолына көшуіне» көмектесуге тиіс. «Әрине, бұл міндетті түрде сатып алу берік заңдылық негізде жүргізіліп, әрбір ретінде сенімді кепілдікпен істелуге тиіс», бірақ кейбір жағдайларда, мысалы, крепостниктік қатынасты тудыратын «кесінділер» жөнінде бұл сатып алу «сөзсіз дерлік (sic!)» жүргізілуі керек. Жартылай крепостниктік қатынасты жою мақсатымен мемлекетке тиісті учаскелерді иесінен еріксіз алу және еріксіз межелеу правосы берілуге тиіс.

Либералдардың аграрлық программасы осындай. Бұл программа мен социал-демократиялық аграрлық программаны салыстырып көру қажеттігі өзінен-өзі көрініп тұр. Олардың ұқсастығы ең таяудағы тенденциясының бірдейлігінен және көптеген талаптарының біркелкілігінен байқалады. Олардың айырмашылығы маңызы аса зор мына екі пунктте болып отыр. Біріншіден, (екі программа да мақсат етіп тура ұсынған) крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жоюды социал-демократтар революциялық жолмен әрі революциялық батылдықпен, ал либералдар — реформа жолымен және жалтақтап жүзеге асырғылары келеді. Екіншіден, социал-демократтар крепостниктік тәртіптің қалдықтарынан тазартылатын құрылыс буржуазиялық құрылыс деп атап көрсетеді, оның барлық қайшылықтарын күн ілгері әрі дереу әшкерелейді, сол сияқты осы жаңа құрылыстың қойнауында жасырынып жатқан, осы кездің өзінде-ақ

жарыққа шыға бастаған таптық күресті дереу ұлғайтуға, оны неғұрлым саналы күреске айналдыруға ұмтылады. Либералдар крепостниктік тәртіптен арылған құрылыстың буржуазиялық сипатын елемейді, оның қайшылықтарын бүркемелейді, оның қойнауында жасырын жатқан тап күресін бәсеңдетуге тырысады.

Осы айырмашылықтарға тоқталайық.

Либералдық аграрлық программаның реформалық, жалтақтық сипаты мынадан айқын көрінеді: ең алдымен, ол «міндетті түрде сатып алудан», оның өзінде сөзсіз «дерлік» деп қана танылатын «міндетті түрде сатып алудан» әрі бармайды,— ал социал-демократиялық аграрлық программа кесінді жерлерді бұрынғы иелерінен ақысыз-пұлсыз алуды талап етеді, ал сатып алуды ерекше жағдайларда ғана, оның өзінде дворян жер иелігі жөнінен ғана мойындайды. Жұртқа мәлім *, социал-демократтар бүкіл помещик жерін экспроприациялаудан да бас тартпайды, әрдайым орынды бола бермейтін бұл талапты программаға қосуды лайықсыз және авантюристік деп қана санайды. Социал-демократтар әуел бастан-ақ пролетариатты ауқатты шаруалармен бірге тұңғыш революциялық қадам жасауға, сөйтіп, сол сағаттаақ не шаруалар буржуазиясымен бірге помещиктер табына қарсы, немесе помещиктер табымен бірігіп шаруалар буржуазиясына қарсы алға қарай басуға шақырады. Либералдар мұнда да, жартылай крепостниктік қатынастарға қарсы күресте де, таптық әрекет пен күрестен шеттей береді. Олар реформаны өзін өзі басқару орындарының және «жорта құрылған» комиссиялардың көмегімен мемлекетке (мемлекеттің таптық сипатын ұмытып) тапсырғысы келеді, кесінді жерлерді еріксіз алуды — мұнысы мейлінше атап көрсетерліктей — темір жолдар салуға жерді еріксіз алумен салыстырады!! Біздің либералдар, темір жолдарға жер сатқанда барлық жерде және әрқашан қандай «қолайлы жағдай» жасалса, жаңа реформаны билеуші таптар үшін сондай «қолайлы жағдайда» жүргізу жөніндегі асыл тілектерін

* «Заряның» 4-номеріндегі Плехановтың мәлімдемесін және Икске қайтарылған жауаптағы менің мәлімдемемді қара. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 250—251-беттер. *Ред.)*

бұдан артық айқын айта алмаған немесе, дұрысырағы, *ұсына алмаған* болар еді. Және де мұның өзі сословиелік-аристократиялық аграрлық саясатты шаруалардың демократиялық аграрлық саясатымен алмастыру жөніндегі даурықпа сөздермен қатар істеледі! Мұндай алмастыруды жүзеге асыру үшін «қоғамдық мүддеге» емес, езуші сословиеге — дворяндар сословиесіне қарсы,— езілген сословие — шаруалар сословиесіне қол арту керек, шаруаларды дворяндарға қарсы *көтеру* керек, мемлекетті реформашылдық қызметке емес, шаруаларды революциялық әрекетке шақыру керек. Одан әрі. Жартылай крепостниктік қатынастарды жою туралы айтқанда, либералдар дәл қандай қатынастарды крепостниктіктен тазартатынына көзді жұма қарайды. Мысалы, Л. мырза Николай — он, В. В. мырзалардың және басқалардың «егіншілерді өздері өңдейтін жерге праволы деп тану принципі» жөніндегі, шаруалардың «өмірге бейімділігі» жөніндегі сөздерін қайталап отыр, бірақ осы өмірге бейімді шаруалардың буржуазиялық қожалық жүргізу және жалдама еңбекті қанау «принципі» жөнінде жұмған аузын ашпайды. Аграрлық салада демократизмді дәйектілікпен жүзеге асыру дегеніміз шаруалардың ұсақ буржуазиялық өкілдерін сөзсіз күшейтіп, нығайту деген сөз екенін буржуазияшыл демократтар түсінбейді және түсінгісі де келмейді. Л. мырза шаруалардың пролетарлануын (тағы да халықшылдардың ізімен және «Рев. Россия» рухында) «крепостниктік правоның қалдықтарынан» және «деревняның жалпы патологиялық жағдайынан» деп түсіндіріп, одан «даму типін» көруден бас тартады! Сірә, бізде конституциядан кейін қалалардың өсуі, село кедейлерінің деревнядан қашуы, помещиктердің жұмыспен өтету шаруашылығынан батырақ пайдалану шаруашылығына көшуі және т. б. тоқталатын болса керек! Л. мырза француз революциясының француз шаруаларына игілікті ықпалын көрсете келіп, ашаршылықтың жойылуы туралы, егіншіліктің өркендеуі және оның прогресі туралы шабыттана айтады, бірақ мұның өзі ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылардың «берік» табын құруға және шаруалардың *төменгі* жіктеріндегі бұқараның үнемі

қайыршылануына негізделген буржуазиялық прогресс екені туралы, міне, бұл жайлы халықшылданушы буржуа ләм демейді.

Бір сөзбен айтқанда, Л. мырзаның аграрлық программасының социал-демократиялық аграрлық программадан айырмашылығы либералдық және пролетарлық демократияның программа-минимумдарының жалпы айырмашылықтарын шағын түрде керемет дәл баяндап береді. Сіз бұл программаларды тиісті идеологтардың теориялық тұрғыдан қоюын немесе оларды тиісті партиялар мен бағыттардың жүзеге асыруын алып қарасаңыз да, мәселен, 1848 жылғы тарихқа көз салсаңыз да, ең таяудағы практикалық міндеттердің либералдық тұрғыдан қойылуы мен социал-демократиялық тұрғыдан қойылуы арасындағы дәл осы негізгі екі айырмашылықты көресіз: бір жағынан, крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы күрестегі реформашылдық сыңаржақтық пен «осы заманғы» қоғамның таптық қайшылықтарының бүркемеленуін, екінші жағынан — жаңа қоғам негізінде таптардың күресін ұлғайту, дамыту және шиеленістіру мақсатында ескіліктің қалдықтарына қарсы революциялық күресті көресіз. Әрине, дамып келе жатқан капиталистік қоғамның жаратылысына тән болған бұл негізгі өзгешеліктер әр түрлі ұлт мемлекеттерінде және әр түрлі мерзімде мейлінше алуан түрлі формада байқалады. «Ескі» буржуазиялық демократияны жаңа және өзгеше формалардан байқай білмеушілік оның табанды және табансыз идеологтарының ерекше сипаты болып табылады. Мысалы, соңғылардың қатарына «сасқалақтаған халықшылдар» өкілі — П. Новобранцев мырзаны қоспай өте алмаймыз (қараңыз: «Рев. Россия» №№ 32, 33), ол «Искраның» «Освобождение» таптық буржуазиялық баспа деп айыптауын: «Па шіркін, буржуазияны тапқан екен»,— деп мысқылдап ескерту жасаған еді. «Струве мырза,— деп үйретеді бізді «Рев. Россия» мейірімділікпен,— «тап ретіндегі буржуазияның» өкілі емес, «интеллигенцияның» өкілі, өйткені ол ешқандай тап пен сословиені біріктіріп және соңынан ертіп отырған жоқ». Өте жақсы, мырзалар! Бірақ, істің мәніне азғана көз жіберіп қарасаңыздар,

Струве мырза — *буржуазиялық* интеллигенцияның өкілі екенін сіздер көрген болар едіңіздер. Орыс пролетариаты үкімет тікелей дерлік буржуазияның қайсыбір тобының «комитеті» болатын саяси бостандық кезінде ғана буржуазияны тарихи сахнада тап ретінде көретін болады. Іс-әрекетінде, сондай-ақ ой-пікірінде, кемелденген кезінде, сондай-ақ қиялшыл-жас шағында буржуазияның қандай болатынына жұмысшы табының көзін жеткізу өздерінің міндеті екенін «социалистер түсінбегендіктен» ғана білмеуі мүмкін.

Ал қиялшылдыққа келетін болсақ, нақ осы Новобранцев мырзаны алу керек. Бірақ біздің мақаламыз тым созылып кетті, ал Новобранцев мырзаның дүниеге көзқарасы мен аграрлық-тарихи көзқарастары, әсіресе Л. мырзамен салыстырғанда, өте қызықты болып отыр, сондықтан біз бұл жөніндегі әңгімені келесі жолғыға қалдыруға тиіспіз.

1903 ж. 29 октябрь мен 5 ноябрь (11 және 18 ноябрь) аралығында жазылған

«Искра» газетінің 54-номерінде, 1903 ж. 1 декабрьде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ ОРГАНЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНА

Құрметті жолдас! «Искрада» төмендегі өтінішті басуыңызды сұраймын:

«Н. Ленин 1903 ж. 1 ноябрьден бастап (жаңаша стильмен) бұдан былай «Искра» редакциясында болмайды».

Соц.-дем. сәлеммен
Н. Ленин

1903 ж. 5(18) ноябрьде жазылган

1904 ж. мына кітапшада басылған: Л. Мартов. «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы «қоршау жағдайымен» күрес». Женева

Қолжазба бойынша басылып отыр

БАСЫП ШЫҒАРЫЛМАҒАН МӘЛІМДЕМЕ [53]

РСДРП Орталық Комитеті 1903 ж. 27 ноябрьде Женевадағы мәжілісінде бірауыздан мынадай шешім қабылдады.

Плеханов жолдастың редакцияға мартовшылдарды кооптациялауы Плехановтың партия съезінің азшылық жағына, оппортунизм мен анархизмге бейімделіп барады деп Плехановтың өзі жұрт алдында сан рет сипаттағап азшылық жағына тікелей көшкенін көрсетеді. Партия съезі мен Лига съезінің протоколдарынан бұл мейлінше айқын көрініп отыр. Бұл көшу Шетелдік лиганың ықпалымен партия съезінің еркін тікелей бұзу және партияның орыс комитеттері көпшілігінің берік мәлімдеген шешіміне қарсы шығу болып табылады. Плеханов жолдас өзінің осы қадамы үшін Ленин жолдастың орнынан түсуін пайдаланып, сенімді тікелей бұзып отырғанда Орталық Комитет съездің еркін бұлайша бұзуға жол бере алмайды, өйткені Ленин жолдас партияда тату тыныштық болу мүддесін көздеп шартты түрде орнынан түскен болатын. Ал мартовшылдар Орталық Комитеттің 25 ноябрьдегі ультиматумын [54] қабыл алмады, татулықты керек етпеді және осы арқылы соғыс жариялады.

Сондықтан Орталық Комитет революциялық жолмен партияның Орталық Органын өз қолына алады, сонымен бірге партияның болашақтағы тағдырын, Шетелдік

лиганың еркі емес және жеке адамның опасыздығы емес, тұтас алғанда партияның еркі белгілеуі үшін Орталық Комитет барынша күш салады деп мәлімдейді.

Орталық Комитет

1903 ж. 14(27) ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1928 ж.
Лениннің VII жинағында
басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

ШЕТЕЛДІК ЛИГАНЫҢ ӘКІМШІЛІГІНЕ, ПАРТИЯНЫҢ КӨМЕКТЕСУШІ ТОПТАРЫНА, ПАРТИЯНЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ХАТЫ [55]

Жолдастар! Партияның түпкілікті бірігуі социал-демократияның шетелдегі жұмысын кеңіпен өрістету және осы салада жұмыс істеуші қызметкерлердің бәрін мықтап біріктіру жөнінде қазір біздің алдымызға кекейтесті және шұғыл міндет қойып отыр.

Партияның уставына (§ 13) сәйкес, партияның бүкіл шетелдік жұмысы өзінің ұйымдастырылу сипаты жағынан әр түрлі үлкен екі салаға бөлінеді. Бір жағынан, шетелдегі насихат және үгіт жұмысын Шетелдік лига тікелей басқарып, өз қолында ұстап отырады. Бұл істің Лиганың қолында толық орталықтандырылуына жәрдемдесу үшін және осы жөніңен оның автономиясын қамтамасыз ету үшін Орталық Комитет барлық шараларды қолданады. Екінші жағынан, орыс қозғалысына ол Орталық Комитеттің айрықша тағайындаған адамдары мен топтары арқылы ғана көмек көрсете алады.

Лиганың барлық мүшелерін, барлық көмектесуші топтарды, партияның шетелдегі барлық мүшелерін Лиганың насихат және үгіт жұмысына жан-жақты жәрдемдесуге шақыра отырып, Орталық Комитет осы аралық топтарды ұйымдастыру ісіне енді барлық күш-жігерін жұмсамақшы болып отыр, өйткені орыс қозғалысына жәрдемдесу ісі осы топтар арқылы жүргізілуге тиіс.

Орталық Комитет өзінің бұл саладағы міндеттерін мына тұрғыдан түсінеді.

Орыс қозғалысына шетелден жәрдемдесу ісі ең алдымен 1) Россияға революцияшыл қызметкерлер жіберуде; 2) шетелде жиналған ақшаны Россияға жіберуде; 3) Россияда жұмыс жүргізуші жолдастарға жәрдемдесу мақсатында, сәтсіздікке ұшыраудан сақтандыру және т. с. мақсатта Россияға дереу хабарлануға тиісті орыс таныстарды, мәліметтер мен нұсқауларды шетелде жинап отыруда; 4) Россияға әдебиет жіберуде және т. с. болуға тиіс.

Орыс қозғалысына шетелден тікелей жәрдем берудің барлық формаларын осы тізіммен шектейміз деп дәме қылмаймыз; алайда біз жәрдемдесудің басты формаларын белгілеп, құрылып жатқан ұйымды осы формаларға сәйкестіру әзірге жеткілікті деп ойлаймыз. Бұдан былай бұл ұйымға қаншалық дәрежеде өзгерістер енгізу керек болатынын тәжірибе көрсетер.

Россияда жұмыс істеу үшін адамдар жіберуден бастайық. Әрине, барушылардың басым көпшілігінің Орталық Комитеттің шетелдегі бас агентурасымен — атап айтқанда, Женевалық агентурасымен тікелей қатынас жасап, одан астыртын кездесетін үйлер, парольдар, ақша, қажетті нұсқаулар алғаны жақсы болар еді. Бірақ жұмыс істеуге бара жатқандардың бірқатары Женеваға, әрине, соға алмайды, сондықтан Орталық Комитеттің азды-көпті маңызды шетелдік орталықтардың бәрінде: Лондонда, Парижде, Брюссельде, Берлинде, Венада және басқаларында өзінің агенттерін тағайындауға кірісетін ойы бар. Жұмыс істеу үшін Россияға баруға ниеттенген әрбір адам Орталық Комитеттің жергілікті агентіне жолығуға шақырылады, сонымен ол агент барушының тағайындалған жеріне мүмкіндігінше тез және қауіпсіз жетуіне, Россияға бара жатқан адамның бастапқы қадамдары Орталық Комитеттің күш пен қаржыны бөлу және т. б. жөніндегі жалпы жоспарына сәйкес болуына барлық шараларды қолданады. Шетелдік лига Орталық Комитеттің бұл агенттеріне барынша көмектеседі,— мәселен, шетелдегі адамдардың басым көпшілігін бұл агенттердің міндетімен, олармен қарым-қатынас жасау шарттарымен таныстыру арқылы, бұл қарым-қатынастарды мүмкіндігінше неғұрлым құпия тур-

де жолға қоюға жәрдемдесу және т. б. арқылы көмектеседі деп Орталық Комитет сенеді.

Шетелдердің ірі орталықтарынан Россияға адам жіберу өте үлкен іс болғандықтан және жөнелтілушілермен тиісті дәрежеде танысуға бір адамның шамасы келе бермейтіндіктен, Орталық Комитет бір агентті емес, партия уставының 13-парграфына сәйкес, керек болуына қарай, бір топ агентті тағайындай алады.

Содан соң. Ақша жіберу жағына келетін болсақ, бұл арада шетелдерде ақша жинау ісін түгелдей Лиганың қолына толық орталықтандыру және жиналған соманы Лига әкімшілігінің Орталық Комитетке тапсырып отыруы бәрінен де гөрі қолайлы болады. Тек керек болған реттерде ғана, мәселен, шұғыл жағдайлар адамның қашуына, жөнелтілуіне, әдебиеттің жіберілуіне және т. с. дереу көмек көрсетуді қажет еткен кезде, тәжірибеге сүйене отырып, белгілі соманы Лиганың жергілікті секцияларынан Орталық Комитеттің жергілікті агенттеріне тікелей тапсыруға тура келуі мүмкін. Орталық Комитет Лиганың әкімшілігі секцияларға тиісті нұсқаулар береді және ақшаны жинау мен жұмсау жөнінде есеп беріп отырудың ең жақсы формаларын белгілейді деп сенеді.

Бұдан соң Россиядан шетелдерге келетін адамдардың орыс қызметкерлері үшін өте маңызды хабарларды өте жиі жеткізетіні, әрине, жалпыға мәлім; ол хабарлар, мәселен, сәтсіздікке ұшыраудың көлемі туралы, сәтсіздікке ұшыраған жерден қашықтағы қалада тұратын пәлендей жолдастарды сақтандыру қажеттігі туралы, қашқан немесе кетіп қалған жолдастың Россияда пайдаланып үлгірмеген немесе пайдалана алмаған пәлендей байланыстарын пайдалану қажеттігі туралы және т. т. Әрине, бүкіл партиялық жұмыс Орталық Комитеттің басшылығымен бір жерге түпкілікті біріккен сайын бұл байланыстар мен нұсқаулардың бәрін Россияның нақ өзінде жинауға мүмкіндік көбірек болады және бұл бірден-бір дұрыс әрі қолайлы жол. Бірақ әр түрлі себептермен Россиядан қашқан немесе жасырын кетіп қалған жолдастардың Россиядағы байланыстарын тапсырып үлгірмеген кездері әлі көпке дейін кездесе беретіні сөз-

сіз, сондықтан бұл үшін олардың шетелде болуын пайдалану керек.

Ақырында, әдебиетті тасымалдау ісін Орталық Комитет айрықша транспорт тобының қолына мүмкіндігінше толығырақ орталықтандыруға, әрине, тырысады; ол топ мүшелерінің бір бөлігі әрқашан шетелде болады. Сондықтан Орталық Комитеттің айрықша агенттері әр түрлі шетел орталықтарындағы партиялық әдебиет қоймаларын басқару үшін, шетелдермен қарым-қатынас жасау үшін және т. т. тағайындалады. Алайда транспорт ісін өте-мөте жақсы жолға қойғанның өзінде оның кемістіктері, әрине, әрқашан болып тұрады, ол кемістіктерді жою үшін орайы келген шұғыл жағдайларды, чемодандар (бәлкім) жөнелту ісін, сауда қарым-қатынастарының, пароход қатынастарының және т. б. реті келген қолайлы кездерін пайдалануға тура келеді. Мұндай барлық істер жөніндегі хабарлардың, нұсқаулардың, анықтамалардың бәрі Орталық Комитеттің агенттеріне де жіберілуге тиіс, олар мұндай істердің бәрін бір орталыққа жинақтап отырады және Орталық Комитеттің жалпы жоспарына, оның нұсқауларына сәйкес әрекет етеді.

Орталық Комитет өзінің жұмыс жоспарын Лиганың әкімшілігіне хабарлай отырып, Лига Орталық Комитеттің шетелдегі агенттеріне өз тарапынан барынша көмек көрсетеді және әсіресе бұл агенттердің көмектесуші топтармен, жастар үйірмелерімен, тағы басқаларымен кеңінен танысуына шаралар қолданады деп сенім білдіреді.

Ерте дегенде 1903 ж. 16(29) ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ [56]

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

«Нені істемеу керек» деген мақала дәл қазіргі уақытта біздің партия өмірінің соншама маңызды, соншама келелі мәселелерін көтеріп отырғанда, өз органының бетінен меймандостықпен орын береміз деп редакцияның құрметтеп шақыруына дереу үн қосу тілегінен тоқталып қалу қиын-ақ, әсіресе «Искраға» үнемі қатысушы адамға қиын, әсіресе өз лебізіңді білдіруден бір апта кешігіп қалатын, демек, лебізіңді білдіруден, бәлкім, мүлде бас тартуға тура келетін кезде қиын.

Ал мен болуы мүмкін және сөзсіз бола ма деген кейбір түсініспеушіліктерді жою үшін өзімнің кеңесші дауыс есепті лебізімді білдіруді тілер едім.

Ең алдымен мынаны айтып өтпекпін, менің пікірімше, партияның бірлігін сақтау керек, әсіресе онша маңызды деп танылмайтын алауыздықтарға бола тағы да жікке бөлінуден аулақ болу керек деп мақала авторының талап етуі мың мәрте орынды. Басшының ұрыскерістен аулақ болуға, ілтипаттылыққа, кеңгіштікке шақыруы — жалпы алғанда және әсіресе дәл осы кезде өте-мөте мақтарлық іс. Бұрынғы экономистерге ғана емес, «кейбір дәйексіздіктен» арыла алмай жүрген социал-демократтардың топсымақтарына да қарғыс айту немесе оларды партиядан шығару, сөз жоқ, ақылсыздық, өте-мөте ақылсыздық болар еді деп, партиядан шығару бір беткей, тоң мойын, ақымақ Собакевичтердің қолынан келеді деп ойлап мақала авторының соншама ызалануы бізге әбден түсінікті. Ал біз тіпті кеңірек ой-

лаймыз: бізге партия программасы мен партия ұйымы болған кезде өздерінің дәйексіздігімен ревизионизмнің кейбір догмаларын жақтаушы топтарға немесе, автордың сөзімен айтқанда, топсымақтарға, қандай да болсын себептермен өздерінің топтық ерекшелігі мен дарашылдығын талап етушілерге біз партия органының беттерін пікір алысу үшін меймандостықпен ашып қана қоймай, сонымен қатар, өздерінің онша маңызды емес алауыздықтарын үнемі айтып отыруына мүмкіндік беруіміз керек. Сондықтан да тым бір беткей болмау үшін және «анархиялық дарашылдық» жөнінде Собакевичтерше асыра сілтемеу үшін, біздің пікірімізше, мүмкін болғанның бәрін — тіпті централизмнің әдемі схемаларынан және тәртіпке сөзсіз бағынудан біраз ауытқуға дейін барып — істеуіміз қажет, бұл топсымақтардың пікір айтуына еркіндік беру үшін, алауыздықтардың тереңдігін немесе онша маңызды еместігін бүкіл партияның ақылға салып көруіне, *дәйексіздік* дәл қай жерде, неде және *нақ кімнің жағынан* байқалып отырғанын анықтауына мүмкіндік беру үшін істеуіміз керек.

Шынында, *бұқараға* сүйенуші партияда сектанттық үйірмешілдіктің дәстүрлерін батыл лақтырып тастап,— *жарық молырақ болсын,* партия *бәрін де* білетін болсын, алауыздықтың, ревизионизмге қайта оралудың, тәртіптен ауытқудың бәріне және қандайына болса да баға беру үшін партияға *барлық материал толық* берілетін болсын деген және т. б. ұранды батыл ұсынатын мезгіл жетті. Партия қызметкерлерінің бүкіл бұқарасының дербес пікір айтуына сенім молырақ болсын: солар, тек солар ғана жіктелуге бейім топсымақтардың шектен асқан қызбалығын бәсеңдете алады, өздерінің баяу, сезілмейтін, бірақ табанды әсер етуімен партиялық тәртіпті «өз еркімен» сақтауды олардың санасына қондыра алады, анархиялық дарашылдықтың арынын баса алады, жікке бөлінуге ұмтылушы элементтер бадырайта көрсететін алауыздықтың маңызы түкке тұрғысыздығын өздерінің еліктпейтіндігімен-ақ дәлелдеп, сипаттай алады.

«Нені істемеу керек?» (жалпы алғанда нені істемеу керек және жікке бөлінуді тудырмау үшін нені істемеу керек) деген сұрауға мен ең алдымен былай деп жауап

берер едім: жікке бөлінуге бастайтын себептердің тууын және өсуін партиядан жасырмау керек, осындай себептер болып табылатын жағдайлар мен оқиғалардың бірін де жасырмау керек. Оның үстіне, тек партиядан ғана емес, сонымен қатар мүмкін болғанынша көлденең жұрттан да жасырмау керек. Менің «мүмкін болғанынша» дейтін себебім — құпиялылық талаптарына байланысты жасыру қажет болатындарды еске алып отырмын,— ал біздің жікке бөлінуімізде мұндай жағдайлар жөнді роль атқармайды. Кең жариялылық — жол бермеуге болатын жікке бөлінушіліктерді болдырмаудың, ал сөзсіз болатын бөлшектенулердің зиянын minimum'-ға дейін азайтудың ең дұрыс, бірден-бір сенімді құралы.

Партия қазірдің өзінде, үйірмелермен емес, *бұқарамен* іс жүргізіп отырған жағдайда оған қандай міндеттер жүктелетіндігін, шынында, өздеріңіз ойлап қараңыздаршы. Тек сөз жүзінде ғана бұқара партиясы болмау үшін біз партияның барлық жұмысына қалың бұқараны барған сайын көп қатыстыруымыз керек, оларды саяси немқұрайдылықтан қарсылық көрсетуге және күрес жүргізуге, қарсылық көрсетудің жалпы рухынан социал-демократиялық көзқарасты саналы түрде қабылдауға, осы көзқарасты қабылдаудан қозғалысты қостауға және қостаудан партия жұмысына ұйымшылдықпен қатысуға көтеруіміз керек. Істің шешімі бұқараға қалай да әсер етуге байланысты болғанда, оны кең жария етпей тұрып, мұндай нәтижеге жетуге бола ма? Болмашы алауыздықтар үшін жікке бөлінушілік бола қалса жұмысшылар бізді түсінбейді және армиясыз штаб сияқты бізді тастап кетеді — дейді автор және өте әділ айтып отыр. Жұмысшылар бізді түсінбейтін *болмауы* үшін, олардың күрестегі тәжірибелілігі және пролетарлық сезімі «басшы» *біздерді де кейбір істерге үйрететін* болуы үшін,— бұл үшін жікке бөлінуге бастайтын себептердің (мұндай себептер әрбір бұқаралық партияда әрқашан болып келді және әрқашан қайталана бермек) тууын ұйымдасқан жұмысшылар қадағалап отыруды, мұндай себептерге саналылықпен қарауды, қандай да болсын орыс және шетел Пошехоньесінің [57] оқиғаларын

бүкіл партия мүдделері, жалпы алғанда бүкіл қозғалыс мүдделері тұрғысынан бағалауды үйренетін болсын.

Автордың біздің орталыққа көп нәрсе беріледі және одан көп іс талап етіледі деп атап көрсетуі әбден дұрыс. Бұл, әрине, осылай. Дәл сондықтан да *бүкіл партия* орталықта өзіне лайықты адамдарды жүйелі түрде, біртебірте және ұдайы *тәрбиелеуі,* осы жоғары орынға қойылатын әрбір кандидаттың *бүкіл қызметін* алақанындағыдай көз алдында көруі, тіпті ол осы кандидаттардың дара ерекшеліктерімен, олардың күшті және әлсіз жақтарымен, олардың жеңісімен және «жеңілісімен» таныс болуы қажет. Автор осы сияқты жеңілістердің кейбір себептері туралы, тамаша тауып айтылған, сірә, бай тәжірибеге сүйенген, ескертпелер жасап отыр. Дәл осы ескертпелердің тауып айтылғандығы сонда, бұларды бүкіл партия пайдалануға тиіс, сөйтіп өзінің қандай да болсын «басшысының» әрбір, тіпті там-тұмдаған «жеңілісін» партия *әрқашан көріп отыруға* тиіс. Бірде-бір саяси қайраткер өзінің қызметінде қандай болса да бір жеңіліске ұшырамай өткен емес, егер біз бұқараға шын мәнісінде ықпал жүргіземіз, біз бұқараның «ізгі ниетін» өзімізге қаратып аламыз десек, бұл жеңілістер үйірмелер мен топсымақтардың бықсық атмосферасында жасырынып қалмай, олар көптің төрелігіне салынуына біз барлық күшімізбен ұмтылуымыз керек. Бұл қандай да болсын жеке басшыға алғашында ыңғайсыз болуы, кейде «зәбірлі» болып көрінуі мүмкін,— бірақ бұл жалған ыңғайсыздық сезімін біз жеңуіміз керек, бұл — партия алдындағы, жұмысшы табы алдындағы борышымыз. Осымен, тек осымен ғана біз ықпалды партия қызметкерлерінің бүкіл бұқарасының (іріктеліп алынған кездейсоқ үйірмелерге немесе топсымақтарға емес) өзінің көсемдерін білуіне және *олардың әрқайсысын тиісті сатыға қоюына* мүмкіндік береміз. Тек кең жариялылық қана барлық бір беткей, сыңар жақ, қыңыр бұлтаруды жөнге салады, тек сол ғана «топсымақтардың» кейде қисынсыз және күлкілі «қарсылықтарын» партиялық өзін өзі тәрбиелеудің пайдалы әрі қажетті материалына айналдырады.

Жарық, молырақ болсын жарық! Бізге үлкен концерт керек; біз сол концертте рольдерді дұрыс бөлу үшін, біреуіне сентиментальдық скрипка, екіншісіне зәрлі контрабас беріп, үшіншісіне дирижер таяқшасын ұстату үшін тәжірибе алуымыз керек. Партиялық органның және барлық партиялық басылымдардың беттерінде барлық пікірлерге меймандостық көрсетілсін деген автордың тамаша шақыруы жүзеге асатын болсын, біреулердің пікірінше тым қатты алынған, басқалардың пікірінше, бұзып айтылған, үшіншілердің пікірінше, шықпай қалған қандай да болсын нота үшін біздің «таластарымыз бен араздықтарымыз» жөнінде жұрттың бәрі және әр адам төрелік айтсын. Тек осындай бірсыпыра ашық талқылаудың нәтижесінде ғана бізде басшылардың шын мәнісінде бірауызды коллегиясы құрыла алады, тек осы жағдайда ғана жұмысшылар бізді түсінбей *қалмайтын* халге қойылады, тек сол кезде ғана біздің «штаб» шын мәнісінде штабтың соңынан еріп, сонымен қатар өз штабына бағыт беріп отыратын армияның *ізгі* жәпе *саналы* еркіне сүйенетін болады!

Ленин

«Искра» № 53,
25 ноябрь, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МЕН «ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНАН НЕЛІКТЕН ШЫҚТЫМ? *

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ[58]

Бұл — тіпті де жеке адамға байланысты мәселе емес. Бұл — біздің партия съезінің көпшілігі мен азшылығының қатынасы жөніндегі мәселе, сондықтан мен бұл мәселеге дереу және ашық жауап беруге міндеттімін, оның себебі — көпшіліктен сайланған делегаттардың мені сұраулармен бастырмалатып жатқандығында ғана емес, онымен бірге тағы бір себеп — «Искраның» 53-номеріндегі «Біздің съезд» деген мақала искрашылдарды съезд жікке бөлгенін, онша терең болмаса да, қатты іріткі салатын жікке бөлгенін *мүлдем теріс* көрсеткендігі болып отыр.

Бұл мақала жікке бөліпудің шын мәніндегі елеулі себептерінің *біреуін де* ешкім, лупамен қараса да, көре алмайтын етіп, Орталық Орган құрамының өзгеруі сияқты жағдайды түсіндірудің көлеңкесін де ешкім көре алмайтын етіп, менің коллегиядан шығуыма дәлелді себептердің нұсқасын да ешкім таба алмайтын етіп суреттейді. Мақаланың авторы: біз партияның орталық орындарын ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде — Орталық Орган мен Орталық Комитеттің қатынасы туралы, централизмді жүзеге асырудың тәсілі туралы, мүмкін болатын және пайдалы орталықтандырудың шегі мен сипаты туралы, бюрократтық формализмнің зияны туралы мәселелер жөнінде екіге жарылдық дейді.

* Бұл хатты редакцияға «Искраның» 53-номері шығысымен жіберіп едім. Редакция 54-номерде басудан бас тартты, сондықтан жеке листок етіп басып шығаруға мәжбүр болып отырмын.

Ал шынында қалай? Шынында орталық органдардың адам құрамы туралы мәселе жөнінде, съезде сайланған құрамға наразы болғандықтан бұл орталық орындарға бойкот жариялау, практикалық жұмыстың берекесін қашыру, Лиганың көпшілігі сияқты шетелдердегі социал-демократтардың кейбір *үйірмесінің* тілегіне қарай партия съезінің қарарларын бұзу орынды ма деген мәселелер жөнінде *екі жарылмадық* па?

Істің жайы нақ осылай болғанын, жолдастар, өздеріңіз жақсы білесіздер. Бірақ партияның ең ықпалды, ең белсенді қызметкерлерінің басым көпшілігі мұны әлі білмейді, сондықтан мен негізгі фактілерді қысқаша атап өтемін,— қысқаша айтатыным, «Искраның» 53-номерінің мәлімдеуіне қарағанда, біздің екіге жарылуымыздың тарихы жөніндегі толық материалдар жақында жарияланбақ [59].

Біз сөз етіп отырған мақаланың авторы да, жақында ғана жарыққа шыққан есебінде Бундтың делегациясы да дұрыс көрсетіп отырғанындай, біздің съезімізде «искрашылдар» анағұрлым көпшілік болды,— менің есебім бойынша, тіпті Бунд пен «Рабочее Делоның» делегаттары кетпей тұрып та дауыстардың $^3/_5$ бөлігіне жуық болды. Съездің алғашқы жартысында бұл искрашылдар антиискрашылдар мен дәйексіз искрашылдардың бәріне бірауыздан қарсы болып келді. Бұл съездің алғашқы жартысында болған, біздің екіге жарылуымызды түсіну үшін маңызды екі жанжалдан: Ұйымдастыру комитетімен болған жанжалдан және тілдердің тең праволылығы жөнінде болған жанжалдан өте айқын көрінді (искрашылдардың тұтас көпшілігі осы арада $^3/_5$-тен $^1/_2$-ге дейін тек бір рет қана азайды). Съездің екінші жартысында искрашылдар ыдыраса *бастады*, ал съездің аяғына қарай *мүлдем* ыдырасты. Партия уставының 1-параграфы туралы және орталық орындарды сайлау туралы болған таластар бұл ажырасудың сипатын айқын көрсетеді: искрашылдардың азшылығы (Мартов бастаған) искрашыл еместерді және тартыншақ элементтерді өз төңірегіне бірте-бірте көбірек топтастырып, искрашылдардың көпшілігіне (бұлардың ішінде Плеханов пен мен де болдым) қарсы тұрды. Уставтың 1-параграфы

фы жөнінде бұл жік біржола айқындалып болмап еді, әйтсе де искрашылдардың азшылығы бундшылдардың дауыстарын және рабоче-делошылдардың үш даусының екеуін қосып алып, салмақты аударып әкетті. Орталық орындарды сайлағанда искрашылдардың көпшілігі (бундшылдардың бес адамы, рабоче-делошылдардың екі адамы съезден кетіп қалғандығы себепті) партия съезінің көпшілігі болып алды. *Тек осы жерде ғана,* сөздің шын мағынасында, *біз екіге жарылдық.*

Бізді бәрінен бұрын өте-мөте айырып отырған Орталық Комитеттің құрамы жайындағы талас. Ұйымдастыру комитетімен жанжалдан кейін, съездің алғашқы кезінде-ақ, искрашылдар Ұйымдастыру комитетінің әр түрлі мүшелерінің *(мүше еместерінің де)* кандидатураларын Орталық Комитетке ұсынып, қызу талқылады және «Искра» ұйымының ресми емес жиналыстарында, ұзақ және қызу айтыстардан кейін, Мартовтың қолдаған кандидатураларының бірін қабылдамай тастады; мұны тоғыз дауыс жақтады, төрт дауыс қарсы болды, үш дауыс қалыс қалды; бес адамның тізімі он дауыспен қабылданды, бұған екі дауыс қарсы болып, төрт дауыс қалыс қалды, тізімге *менің ұсынуым бойынша,* искрашыл емес элементтердің бір лидері, искрашыл азшылықтың бір лидері енгізілген еді [60]. Бірақ азшылық бесеудің үшеуін өздерінен өткізуді талап етті, сөйтіп партия съезінде толық жеңіліске ұшырады. Орталық Орган редакциясына бұрынғы алтауды бекіту немесе жаңадан үшеуді сайлау туралы мәселе жөнінде съезде болған ұлы айқас та осылайша бітті *.

Тек осы кезден бастап қана екіге жарылудың толық бола бастауы соншалық — жікке бөліну туралы ойға қалдырады; тек осы кезден бастап қана дауыс беруде

* Осы атышулы «үшеу» төңірегінде неше түрлі өсек-аяң таралып жүргендіктен, бұл арада қазірден ескертіп кететінім: съездің Tagesordnung-нің жобасы жайында менің берген түсінігім азды-көпті жақын тұрған жолдастардың бәріне съезден көп бұрын белгілі болатын. Съезде қолдан қолға тараған сол түсінікте былай деп жазылған: «Съезд Орталық Органның редакциясына үш адам, Орталық Комитетке үш адам сайлайды. Осы алты адам *бірігіп* отырып, қажет болса $^2/_3$ көпшілікпен Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитеттің құрамын кооптация жолымен толықтырады да, съезге тиісті баяндама жасайды. Бұл баяндаманы съезд бекіткеннен кейін, одан арғы кооптацияны Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитеттің өздері жеке-жеке жасайды».

азшылықтың бұрын-соңды съезде болып көрмеген түрде қалыс қалуы басталады (бұл азшылық енді нағыз «тұтас» азшылыққа айналады). Бұл екіге жарылу съезден кейін барған сайын өрши түседі. Наразы болып қалған азшылық бойкотқа көшеді, бұл бойкот бірнеше айға созылады [61]. Осы негізде пайда болған бюрократтық формализм жөнінде, қалай болса солай, сөзсіз бағыну жөнінде айыптаулар және т. с. бос сөздер өз басының ауруын сау адамның басына аударғысы келгендік болып табылады; бұл өзінен-өзі түсінікті және мұны, мәселен, мынадай бір оқиға жеткілікті түрде ашып береді. Жаңа редакция (яғни Плеханов пен мен) қызмет істесуге ескі редакторлардың бәрін шақырады, шақырғанда әуелі, әрине, «формализмсіз», сөз жүзінде шақырады. Шақырғанға ешкім келмейді. Содан соң біз «құрметті жолдастарға» «қағаз» жазып (міне, бюрократтар!), жалпы қызмет істесулерін, қала берді, *өздерінің келіспеушіліктерін біз редакциялап отырған басылымдардың беттерінде баяндауларын* өтінеміз. Бұған *«Искраға» ешбір қатысқымыз* келмейді деген «формальды» мәлімдеме аламыз. Сөйтіп, редактор еместердің ешқайсысы айлар бойы «Искрада» жұмыс істемейді. Арамыздағы қатынас тек қана формальды-бюрократтық қатынас бола бастайды,— сонда бұл кімнің «инициативасымен» болады?

Астыртын әдебиет шығарыла бастайды, ол әдебиет шетелдерде толып кетеді, комитеттерге жіберіледі, енді олардың бірсыпырасы Россиядан шетелдерге қайтып келе бастады. Сибирь делегатының баяндамасы, «оппозицияның» ұрандары туралы— —-нің хаты, Мартовтың «Тағы да азшылықтасы» Ленинге «самодержавиелік жасаушы», робеспьерлік қырып-жою тәртібін орнатушы (sic! *), ескі жолдастарды саяси жағынан көмуші (орталық орындарға сайламағандық көмумен бірдей болғаны!), т. т. деп тағылған, адамның күлкісін келтіретін айыптауларға лық толы. Оппозиция, ағынға ілесіп, ұйымдық мәселелерде бірлесіп қызмет істеуге мүмкіндік бермейтін «принциптік» алауыздықтарды тауып алуға барынша тырбануда. Бұл жөнінде партия Советіндегі

* — солай! *Ред.*

атышулы «бесінші мүшені» өте-мөте көп сөз қылады. Жоғарыда көрсетілген шығармалардың бәрі де, партия Советін Лениннің дипломаттығы немесе қулық-айласы, шетелдегі Орталық Орган арқылы орыс Орталық Комитетін басып отыратын құралы деп түсіндіреді,— бұл съезд туралы есебінде істің жайын Бунд делегациясының суреттегеніне аумай ұқсайды. Бұл принциптік алауыздықтардың да атышулы бюрократтық формализм сияқты бос сөз екенін айтып жатудың керегі жоқ: бесінші мүшені съезд сайлайды; олай болса, көпшіліктің неғұрлым көбірек сеніміне бөленген *адам* жөнінде сөз болып отыр; әрқашан, партияның орталық орындары қандай түрде ұйымдастырылса да, белгілі адамдарды іріктеп алу партия съезі көпшілігінің ықтияры.

Бұл сияқты әдебиеттің шетелдерге көп тарағандығын мынадан да көруге болады, тіпті қайырымды Парвустың өзі де барлық түйінді бір қолға ұстауға және жұмысшыларға қайдағы бір Женевада отырып «команда беруге» (sic!) тырысушылыққа қарсы жорыққа шықты («Aus der Weltpolitik»[62], V. Jahrg., № 48, 30—XI 1903). Бір ай өтер, екі ай өтер, самодержавиелікке қарсы шыққан жаңа дұшпанымыз партия съезі мен Лига съезінің протоколдарын оқыр, сонда көрінген Parteiklatsch-ты * шынға балаудың салдарынан күлкі болудың оңай екеніне көзі жетер.

Оппозицияның орталық орындарға қарсы шабуылының шырқау шегі Лиганың съезі болды. Лиганың бұл съезін партия съезі жөнінде есеп айырысу майданы деп атағандардікінің дұрыс-бұрыстығын, оппозицияның жасаған шабуылында Орталық Комитетті мүлдем төтенше шаралар қолдануға (редакцияның құрамында болған өзгеріс партия ішінде татулық орнауына үміт туғызған кезде Орталық Комитеттің өзі айтқаны сияқты) итермелеген пәрселердің болған-болмағанын оқушылар сол съездің протоколдарынан көреді[63]. Самодержавиелік бюрократизм туралы мәселе жөніндегі «принциптік» алауыздықтардың қандай сипаты бар екенін сол съездің қарары көрсетіп отыр.

* — партиядағы өсек. *Ред.*

Лига съезінен кейін жікке бөліну қаупінің төнгендігі сонша — Плеханов ескі редакцияны кооптациялауға бел байлады. Оппозицияның бұған қанағаттанбайтынын мен күн ілгері білгенмін, сондықтан партия съезінің шешімін *үйірменің* ыңғайына қарай өзгертуді мүмкін емес деп таптым. Бірақ партия ішінде орнауы мүмкін болған татулыққа көсе-көлденең тұруымды одан да гөрі лайық көрмедім, сондықтан «Искраның» 51-номерінен кейін редакциядан шықтым, шыққанда жұмысына қатысып тұрудан бас тартпайтынымды және партия ішінде көңілдегідей татулық орнайтын болса, менің шыққаным жайында жариялауды талап етпейтінімді мәлімдедім. Оппозиция (бюрократизмнің, формализмнің, самодержавиеліктің, механизмнің, тағы сондайлардың өмірде жоқ жүйесін өзгертуді емес, қайта) ескі редакцияны қалпына келтіруді, Орталық Комитетке оппозицияның өкілдерін кооптациялауды, партия Советінен өздеріне екі орын беруді және Лиганың съезін заңды деп тануды талап етті. Орталық Комитетке екі адамды кооптациялауға, партия Советінен бір орын беруге, Лиганы бірте-бірте қайта құруға келісіп, Орталық Комитет татулық орнатуды ұсынды. Оппозиция бұл шарттарды да қабылдамады. Редакцияға кооптация жасалды, ал татулық мәселесі ашық қалды. «Искраның» 53-номері шығар қарсаңда істің жайы осындай еді.

Партияның татулықты және жемісті жұмыс істеуді қалайтынына күмән келтіруге бола қояр ма екен. Ал «Біздің съезд» сияқты мақалалар татулық орнатуға кедергі жасайды, кедергі жасайтыны — мәселелердің шет жағасын тұспалдап айтады, екіге жарылудың жай-жапсарын толық айтпайынша, ол мәселелер түсініксіз және түсінікті болуы мүмкін де емес; кедергі жасайтыны — шетелдегі үйірменің айыбын партияны іс жүзінде біріктіру үшін ауыр, қиын жұмыстар істеп жатқан, централизмді іске асыру жөнінде онсыз да тым көп кедергіге кездескен, әлі де кездесіп отырған практикалық орталығымыздың мойнына артады. Барлық жұмысқа кедергі жасап отырған азшылықтың іріткі салуына және бойкот жасауына қарсы орыс комитеттері күрес жүргізіп жатыр. Осы мағынадағы қарарларын Петербург, Моск-

ва, Нижегород, Тверь, Одесса, Тула комитеттері, Солтүстік одақ қазірдің өзінде-ақ жіберіп отыр.

Шетелдегі Literatengezänk * бізге енді жетер! Ол енді Россиядағы практиктерге *«нені істемеу керек»* екендігінің үлгісі болсын! Партияның Орталық Органының редакциясы қай жақтан жасалса да бойкот атаулыны тоқтатуға, партияның Орталық Комитетінің басшылығымен тату қызмет істеуге барша жұртты шақыратын болсын!

* *
*

Ал искрашылдардың арасындағы сарындардың айырмасы не? деп сұрайды оқушы. Біз бұған былайша жауап береміз: біріншіден, айырма сол — көпшіліктің ойынша, партия ішінде өз пікіріңді орталық орындардың құрамындағы адамдардың өзгеруіне байланыстырмай-ақ жүргізуге болады және солай болуға тиіс те. Қандай үйірме болса да, мәселен, рабоче-делошылдар үйірмесі, партияға кіргеннен кейін өз көзқарастарын айтып, жүзеге асыруға мүмкіндік беруді талап етуге праволы, бірақ ешбір үйірме, тіпті генералдардың үйірмесі болса да, партияның орталық орындарында өкілдеріміз болсын деп талап етуге праволы емес. Екіншіден, айырма сол — көпшіліктің ойынша, формализм мен бюрократизм жөніндегі айып орталық орындардың басшылығымен іс істеуден қашып, формальды емес түрде іс жүргізудің мүмкіншілігін қиындатқандардың мойнына түседі. Үшіншіден, ұйымдық мәселелерде маған белгілі бір, *бір-ақ* принципті алауыздық бар, атап айтқанда, ол — партия уставының 1-параграфы туралы айтыста көрінген алауыздық. Съездің протоколдары шыққан соң біз бұл мәселеге қайта оралуға тырысармыз. Мартовтың тұжырымдамасын искрашыл еместер мен quasi **-искрашыл элементтердің өткізгені кездейсоқ емес екенін, ол тұжырымдаманың оппортунизмге қарай бір адым жақындағандық екенін, мұндай адымды — —-ның хатында және «Тағы да азшылықта» деген мақалада айқыны-

* — әдебиетшілердің ұрыс-керісі. *Ред.*
** — жалған. *Ред.*

5*

рақ байқайтынымызды біз сонда көрсетеміз *. «Біздің съезд» деген мақала авторының «партия уставын талқылағанда талас тек қана партияның орталық орындарын ұйымдастыру мәселесі төңірегінде болды деуге болады» дегені шынында теріс екенін протоколдар көрсете жатар. Керісінше, екі «жақты» (яғни искрашылдардың көпшілігі мен азшылығын) аз да болса айқын бөліп кеткен бірден-бір шын принципті талас партия уставының 1-параграфы туралы талас болды. Ал Советтің құрамы туралы, орталық орындарға кооптация жасау, т. с. туралы таластар жеке делегаттардың, мені мен Мартовтың, т. с. арасындағы талас болып қалып отырды, бұл таластар мәселенің біршама өте ұсақ жағдайлары жөнінде болды, искрашылдар арасында ешқандай ашық жік туғызған жоқ, искрашылдар өздерінің дауыс беруімен біздің қайсымыздың болса да талас қызығына түсіп кеткен жерімізді түзетіп отырды. Централизмді жүзеге асыру тәсілі туралы, оның шегі, сипаты және т. б. туралы мәселелер жөнінде болған алауыздықтардың түп негізін әлгі таластарға апарып тіреу — азшылықтың ұстаған позициясын және орталық орындардың құрамындағы адамдарды өзгерту жолындағы күрес әдісін көрер көзге бояп көрсету деген сөз; азшылық осындай күрес жүргізді және осы күрестің тек бір өзі ғана біздің шынымен екіге жарылуымызды туғызды.

1903 ж. 25 және 29 ноябрь (8 және 12 декабрь) аралығында жазылған

1903 ж. декабрьде жеке листок болып басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

---

* Сонда «Біздің съезд» деген мақаланың: искрашыл еместер орынсыз еленбеді, уставтың қатаң пункттері партия ішіндегі күштердің нақты қатынастарына сай келмеді деген сөздерінің мәні не екенін түсіндіруді де сұраймыз. Бұл сөздер не жайында?

ЖАҢА «ИСКРАНЫҢ» ПОЗИЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКА

«Мартовтық» «Искраның» қазіргі ұстап отырған позициясының мені өте-мөте күйіндіретін жері *ішкі жалғандығы мен өтірігі,* істің мәнінен жалтаруға тырысатыны, партияның қоғамдық пікірі мен қарарын жасыруға тырысатыны, ұғымдар мен фактілерді *бұрмалауға* тырысатыны. Кейбір жолдастардың бұл өтірікті сезе алмай, немқұрайды қарап, топастық істеп жүргенін мен олардың істі білмейтіндігінен деп түсіндіруге бейіммін. Білместікке қарсы түсіндіру арқылы күресу керек, сондықтан мен барлық істі айрықша кітапшада барынша толық (керек болса, *барлық* документтерді келтіріп) түсіндіруге бекінген ниетімнен еш уақытта қайтпаймын, ол кітапшаны партия съезі мен Лига съезінің протоколдары шығысымен, яғни өте жақын арада қолға аламын [64].

Мартовшылдардың партияны *алдауға* құрал ететін негізгі *амалы* (өздерінің байбаламшылдығы салдарынан олар мұнысымен бәрінен бұрын өздерін алдап жүруі мүмкін және әбден ықтимал), бұл, 1-ден,— искрашылдардың өзара екіге жарылуының шын негіздері мен себептерін *бұрмалауы.* Бұл, 2-ден, үйірмешілдік пен іріткі салушылық туралы, сектанттық пен партиялылық туралы ұғымдарды *бұрмалауы.*

Бірінші бұрмалауы: съезден кейін орталық орындар оппозициямен күрескен кезде екі жақтың, шынында, *салғыласуын* «принципті» алауыздық деп көрсететіні. Салғыласқаны сол, оппозиция көпшілік жағын өктем-

шілер, формалистер, бюрократтар etc. деп атаған болатын, ал көпшілік жағы оппозицияны *байбаламшыл сұғанақтар,* түкке жарамай қалған министрлердің немесе байбаламшыл жанжалқойлардың партиясы деп атаған болатын (Лига съезін қараңыз). Міне, екі жақтың осы өзара «қошеметінің» *б і р* жағы *принциптік* алауыздық ретінде Орталық Органның алдына қойылып отыр! Бұл пасықтық емес пе?

Шынында екіге жарылудың себебі *мартовшылдардың батпаққа қарай бет бұрғандығында* еді. Бұл бет бұрыс съезде уставтың 1-параграфы талқыланған кезде және орталық орындардың сайлауы кезінде жікке бөлінушіліктен айқын көрінді. Белгілі бір жағынан алғанда сөзсіз *принципті осы* алауыздық жайында сөз болмайды; ол айтылмай қалады.

Екінші бұрмалауы: *үйірменің* мүдделері үшін, орталық орындарға өтіп алу үшін (әйтпесе шын айтысқа және пікір айту еркіндігіне ешкім қысым көрсеткен жоқ, қайта мартовшылдарды шақырдық және жазып тұруын сұрадық) мартовшылдар бүкіл партияға және бүкіл жұмысқа *үш ай бойы іріткі салды,* мартовшылдар енді, редакцияға артқы есіктен кіріп алып, мұнысын көпшілік жағына іріткі салушы формализм, бюрократизм, тағы сондайлар жөнінде кісі күлерлік кінәлар тағу арқылы бүркеп отыр, өздерінің бойкот жасағандығы, сұғанақтығы etc. туралы ләм демей отыр. Бұл пасықтық емес пе? Екінің бірі: не барлық «ұрыс-керісті» *ұмыту* керек, онда ол туралы *мүлдем* сөз қылмау керек, Орталық Комитетке *ұрыс-керістің шет пұшпағын* да жібермеу керек, өйткені бюрократизм туралы айқай — оңбаған сұғанақтықтың нақ сол *шет пұшпағы.* Не болмаса екіге жарылу туралы мәселе көтеру керек,— онда **бәрін** *жайып салу* керек.

1903 ж. декабрьдің екінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің X жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ [65]

Үйірме ме әлде партия ма? — біздің Орталық Органның талқыға салып отырған мәселесі міне осы.

Бұл мәселе өте-мөте дер кезінде талқыға салынып отыр деп санаймыз. Біздің Орталық Органның редакциясын біз ең алдымен өзіне өзі қараса екен деп шақырамыз. Бұл редакцияның өзі қандай редакция? Бірнеше жыл бойы бірге болған, енді бойкот жасау, іріткі салу, жікке бөлінеміз деп қорқыту жолымен редакцияға өтіп алған адамдардың үйірмесі ме, әлде партиямыздың қызмет адамдарының коллегиясы ма?

Заңды жолмен, уставқа сәйкес кооптацияланғанбыз дегенді сылтау етіп, бұл сұрауға жауап беруден бұлтаруға тырыспай-ақ қойыңыздар. Бұл заңдылыққа біз күмән келтірмейміз, бірақ біз сіздерді формальды көзқараспен шектелмей, біздің қойған сұрауымызға дұрыс жауап беруге шақырамыз. Біз тек заң тұрғысындағы жауапты ғана емес, саяси жауапты тілейміз. Съезд сайламаған, партия тағайындамаған «редактор» мырзалар, бұл сұрауға жауапты біз Плеханов жолдастан емес, нақ сіздерден алғымыз келеді, өйткені Плеханов жолдас, бәлкім, жікке бөлінуге жол бермеу үшін сіздерді кооптациялаудан басқа амал таба алмаған болар.

Үйірме ме әлде қызмет адамдарының партиялық коллегиясы ма?

Егер үйірме болса, онда қайдағы бір партия туралы сөз сөйлеп, екіжүзділікке салынудың, жалғандық жасаудың жөні бар ма? Апталар, айлар бойы партияның

мекемелерін, оның уставын келемеж қылып, іс жүзінде осы партияны быт-шыт еткен жоқсыздар ма? Іс жүзінде осы партияның екінші съезінің шешімдерін быт-шыт етіп тастаған жоқсыздар ма, істі жікке бөлінуге дейін жеткізген жоқсыздар ма, Орталық Комитет пен Советке бағынудан бас тартқан жоқсыздар ма, партияның съездері біздер үшін тәңірі емес, яғни міндетті іс емес деп, өздеріңізді партиядан тысқары қойып отырған жоқсыздар ма? Партияның мекемелері мен заңдарын аяққа басып отырып, сіздер «Партияның Орталық Органы» деген атқа масаттанып отырсыздар!

Ал егер сіздер партияның қызмет адамдары болсаңыздар, онда съезд тағайындамаған адамдардың партияның орталық мекемесінен орын алуға неліктен және не үшін тырысқандарын сіздердің бұл партияға айтып берулеріңізге болмас па екен? Бәлкім, редакторлардың ескі семьялық үйірмесінің «сабақтастығы» үшін шығар? Лиганың съезінде осы тоғышарлық «сабақтастық» туралы қарар қабылдаған адамдар енді партия туралы білгішсініп, басымызды ауыртпақ! Енді сіздердің партия туралы сөз етуге праволарыңыз бар ма, сірә?

II съездің формальды шешімдеріне сүйенетін адамдарды сіздер формалист деп атайсыздар,— өйткені съездің шешімдерін орындаймыз деп бәрі тегіс бір-біріне сан рет уәде берген жолдастарыңыздың *сенімін ақтамағандарыңызды* бүркеп, жасырғыларыңыз келеді. Өздеріңізге қарсы келетін формальды шешімдерге сіздер бағынбайсыздар, ал сөйте тұрып, өздеріңізге пайдалы болғандықтан, ұялмай-қызармай Лиганың формальды праволарына сүйеніп отырсыздар, партияның еркіне қарамастан, партияның жоғарғы мекемесі болып табылатын партия Советіне өздеріңіз өтіп алғаннан кейін сол партия Советінің формальды шешімдеріне сүйеніп отырсыздар!

Шетелдегі әдебиет үйірмесінің қалауымен емес, партия съезінің еркі бойынша партиялық қызмет алып отырған адамдарды сіздер бюрократ деп атайсыздар. Мұнымен сіздер партияның орталық мекемелерінен тыс жүріп партияда мүлдем қызмет атқара алмайтын

адамдардың бойына бюрократизм рухы, орынға таласушылық рухы, шен құмарлық рухы сіңгенін көрсететін, бірақ сіздер үшін қолайсыз тиетін фактіні бүркегілеріңіз келеді. Иә, сіздердің қылықтарыңыз біздің партияның бюрократизммен ауыратынын ашық көрсетті, бұл бюрократизм жұмыстан орынды артық көреді, орын алу үшін бойкот жасаудан, іріткі салудан тайынбайды.

Партия съезінің көпшілік дауыспен қабылданған шешімін сіздер қалай болса солай алына салынған өрескел шешім деп атайсыздар, ал біздің партиялық редакцияны масқаралық түрде жеңіп алуға қолдарыңызды жеткізген шетелдегі колониялар мен Лига съезіндегі күрес әдістері өздеріңізге қалай болса солай қолданылған өрескел әдіс, жанжал әдісі болып байқалмайды! Өздері партия съезінің *азшылығы* бола тұрып, партияның Орталық Органын басқаруды қолдарына алуға тырысқан және қолдарына алған адамдардың партияны танимыз деп сендіруіндегі екіжүзділікті сіздер сезбейсіздер!

Міне, осындай лайықсыз, партияға қарсы қылықты, анархияны осылай уағыздаушылықты, партия съезін осылай мазақ қылуды, оппортунистікке салынып тоғышарлық пен үйірмешілдікті ақтауды екіжүзділікпен боямалауға тырысып тыраштануларыңызды сіздер ұйымдастыру жөніндегі жаңа көзқарасымыз деп атайсыздар!

Жолдастар! Кімде-кім өзін партияның шын мүшесімін деп білетін болса, ол мына сияқты бейбастақтыққа үзілді-кесілді қарсы шығып, тамырына балта шабуы керек! Кімде-кім «Исқраның» үш жылдық жұмысын және ол даярлаған партия съезін,— сенген шын принциптік жолы бар, шын жұмыс істеп жүрген орыс социал-демократтарының ерік-тілегін білдірген партия съезін бағалай білетін болса, шетелдегі үйірмешілдіктің бұл партия съезінің барлық істеген ісін аяққа басуына жол бермейді.

Екінің бірі.

Не бізде партия жоқ, не съезіміз шетке ығыстырып тастаған шетелдік әдебиетшілер, редакторлар үйірмесі-

нің бізге құдіреті күшті болғаны,— олай болғанда, партия туралы екіжүзді сөздер жойылсын, «партиялық» басылымдар, органдар, мекемелер деген жалған аттар жойылсын. Біз социалист-революционерлер емеспіз, бізге әлеміштеп боялған декорациялардың керегі жоқ. Пролетариат партиясы шындықты талап етеді. Пролетариат партиясы ескірген үйірмешілдікті аяусыз-ашық әшкерелеуді талап етеді. Партия жоқ дегенді мойындауға батылымыз баратын болсын, онда шын партия құру және оны нығайту ісіне басынан, ең басынан, кірісейік. Үйірмешілдіктің уақытша жеңуі бізді састыра алмайды, орыстың саналы пролетариаты, сөз жүзіндегі партияны емес, іс жүзіндегі партияны құра алады, партияны жалған аттары түрінде емес, шын партия мекемелері түрінде құра алады, біз мұны білеміз және бұған сенеміз де.

Не бізде партия бар, олай болғанда, барлық үйірмелік мүдделер жойылсын, жанжалқойлардың шетелдердегі жиналыстары жойылсын! Онда партия съезі бұл орынға тағайындамаған адамдар біздің *партиялық* редакциядан дереу тайып тұрсын. Онда Орталық Органның редакциясы бұрынғы қалпында съезд сайлаған жолдастардан құрылсын. Онда *біздің* партиялық органда партия көпшілігінің көзқарасы жүзеге асырылсын, *біздің* партиялық орган партия ұйымын, партия мекемелерін қорғасын, оларды аяққа баспасын.

Үйірмешілдік жойылсын және ол ең алдымен біздің партия редакциясынан жойылсын!

Іріткі салушылар жойылсын!

Партия съезінің шешімдерін іс жүзінде орындай білетін, партия тәртібін, партия ұйымын қадірлей білетін пролетариат партиясы жасасын!

Екіжүзді сөздер мен жалған аттар жойылсын!

1904 ж. 4 және 10(17 және 23) январь аралығында жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің X жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП СОВЕТІ

15—17 (28—30) ЯНВАРЬ, 1904 ж.[66]

1904 ж. мына кітапшада (ішінара) басылған: Н. Шахов. «Съезд үшін күрес». Женева

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің X жинағында толық басылған

Қарарлардың жобалары қолжазба бойынша басылып отыр, сөздер — протоколдық жазба бойынша (В И. Лениннің түзетулерімен) басылды

1

КҮН ТӘРТІБІНЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ

15(28) ЯНВАРЬ

Ленин күн тәртібі жөнінде сөз сұрап, мұны алғаннан кейін, партияда татулықты және партияның әр қилы ойлайтын мүшелері арасында дұрыс қарым-қатынастарды қалпына келтіруге көмектесетіндей шаралар туралы мәселе талқылауды ұсынады.

2

ПАРТИЯДА ТАТУЛЫҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ 15 (28) ЯНВАРЬДА ҰСЫНЫЛҒАН ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Партия Советі партия мүшелерінің арасында кезекті екінші съезге байланысты болған келіспеушілік көрінісінің сипаты мен формасын еске алып, партияның екі орталық мекемесінің: Орталық Орган мен Орталық Комитеттің екеуінің де басшылығымен бірлесіп тату жұмыс істеуге барлық партия мүшелерін жігерлі түрде шақыруды өте қажет деп есептейді.

Россия басынан кешіріп отырған тарихи кезең — ел ішінде революциялық толқынның орасан күшеюі және соғысқа әкеп соқтыра алатын халықаралық қиыншылықтар самодержавиенің тепкісінен бүкіл халықты азат ету жолында алдыңғы сапта күресуші саналы пролетариаттың партиясына ерекше маңызды міндеттер жүктейді. Ұйымымызды нығайту үшін, жұмысшы табының мүмкіндігінше неғұрлым қалың бұқарасының санасын арттырып, бірлігін күшейту үшін партияның екі орталығының екеуінің де басшылығымен бірлесіп тату жұмыс істеудің қажеттігі нақ қазіргі кезеңдегідей еш уақытта да қатты сезілген емес.

Алуан түрлі мәселелер жөнінде белгілі бір алауыздықтар партия ішінде әрқашан болып келді және бұдан былай да сөзсіз болмақ, өйткені партия орасан зор халықтық қозғалысқа сүйенеді, үйірмешілдік атаулыға және өрісі тар сектанттық көзқарастарға батыл тойтарыс бере отырып, осы қозғалыстың саналы жақтаушысы болуды өзінің міндеті етіп қояды. Бірақ саналы түрде күресіп жатқан пролетариаттың лайықты өкілдері,

бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының лайықты қатысушылары болу үшін біздің партияның мүшелері барлық күшін салып мынаған ұмтылуға тиіс: партиямыздың программасы мойындаған принциптерді ұғынудағы және оларды жүзеге асыру әдістеріндегі жеке алауыздықтардың ешқайсысы орталық мекемелеріміздің басшылығымен бірлесіп тату жұмыс істеуге бөгет жасамасын және жасай алмайтын болсын. Біз өзіміздің программамызды және халықаралық пролетариаттың міндеттерін неғұрлым терең әрі кең түсінсек, насихаттауды, үгіттеуді және ұйымдастыруды дамыту жөніндегі тиімді жұмыстың маңызын неғұрлым көп бағаласақ, сектанттықтан, ұсақ үйірмешілдіктен және орын жөніндегі бас араздықтан неғұрлым аулақ болсақ,— біз партия мүшелерінің арасындағы алауыздықтардың байсалды түрде және істің шын мәні бойынша талқылануына, бұл алауыздықтардың жұмысымызға бөгет жасамауына, қызметімізге іріткі салмауына, орталық мекемелеріміздің дұрыс қызмет істеуіне кедергі келтірмеуіне соғұрлым көп күш жұмсауға тиіспіз.

Партияның жоғары мекемесі ретінде, партия Советі кімнің тарапынан жасалғанына қарамастан іріткі салу әрекеттерінің қандайын болса да, жұмыстан қашудың қандайын болса да, партияның орталық кассасына материалдық жәрдем беруден қашудың қандайын болса да, пікірлердің, көзқарастардың және сарындардың таза идеялық күресін өрескел түрде қалай болса солай әсер етудің әдістеріне, қайдағы бір лайықсыз ұрыс-керіске айналдыруға ғана қабілеті болатын бойкоттың қандайын болса да батыл айыптайды. Партия жарты жыл дерлік уақыт бойы созылып келе жатқан араздықтан әбден қажыды, сондықтан тыныштық орнауын қатты талап етеді. Бойкотты және күрестің, атап айтқанда, принциптілік пен идеялылықтың жоқтығын дәлелдейтін, партия мүдделерін үйірме мүдделері үшін, жұмысшы қозғалысының мүдделерін орынға таласушылықтың тар өрісті мүдделері үшін құрбан етушілікті дәлелдейтін басқа да осы сияқты әдістерін партия мүшелерінің арасындағы алауыздықтардың ешқайсысы, белгілі бір орталықтың адамдар құрамына наразылықтың ешқай-

сысы ақтай алмайды. Партия мүшелерінің белгілі бір тобының белгілі бір орталық орынның нақты қызметіне, оның ұстаған бағытының белгілі бір сипаттарына, немесе оның адамдар құрамына және т. с. наразы болатын реттері бізде, әрине, бар және үлкен партияда әрқашан болып отырады. Ондай мүшелер наразылықтарының себебі мен сипатын жолдастық пікір алысу арқылы және партия басылымдарының беттерінде айтысқа түсу арқылы анықтай алады және анықтауға тиіс те, бірақ өзінің наразылығын бойкот жасау арқылы немесе партияның екі бірдей орталығы біріктіріп және бағыт сілтеп отырған бүкіл тиімді жұмысты барлық күшін сала қолдаудан қашу арқылы білдіру революционерлерге мүлде жарамсыз және лайықсыз болар еді. Екі орталықтың екеуін де қолдау, солардың тікелей басшылығымен тату жұмыс істеу — біздің жалпы және тікелей партиялық борышымыз.

Күрестің жоғарыда көрсетілген мұндай идеясыз, ересkел және жөнсіз әдістері сөзсіз теріске шығарылуға тиіс, өйткені мұндай әдістер революционерлердің тек адал ниетімен ғана бүтіндей топтасып отырған бүкіл партияны мүлде күйрете алады. Сондықтан партия Советі партияның барлық мүшелеріне мынаны ескертеді: екінші съездің барлық қаулылары және съезд өткізген барлық сайлаулар партия мүшелерінің бәріне міндетті деп танылсын деген біздің ешкім қарсылық білдірмеген жалпы қарарымызда бұл ізгі ниет мейлінше анық білдірілді. Съезд шақыру жөніндегі жұмысы үшін жалпы жұрттан алғыс алған Ұйымдастыру комитетінің өзі II съезд уставының 18-параграфында партияның барлық комитеттері мақұлдаған мынадай шешім қабылдады:

«Съездің барлық қаулылары және съезд өткізген барлық сайлаулар партияның барлық ұйымдары үшін міндетті партия шешімі болып табылады. Оларға ешкім және ешқандай сылтау арқылы қарсылық білдіре алмайды және оларды партияның тек келесі съезі ғана өзгерте немесе бұза алады».

Съезге дейін бүкіл партия қабылдаған және съездің өзінде талай рет мақұлданған бұл шешім барлық соци-

ал-демократтардың ізгі ниет бойынша өздеріне берген антымен бірдей. Олар осы антты ұмытпасын! Олар өздерінің арасындағы ұсақ-түйек бас араздықтың бәрін тез тастап, идеялық күресті уставты бұзуға апарып соқпайтын, практикалық іс пен тиімді жұмысқа кедергі келтірмейтін шеңберге біржола қоятын болсын!

3

ПАРТИЯДА ТАТУЛЫҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

15(28) ЯНВАРЬ

1

Менің партия ішінде ізгі татулық пен дұрыс қарым-қатынастарды қалпына келтіру шаралары туралы мәселе көтеруімнің себебі — партия қызметкерлері арасындағы түсініспеушіліктердің саны қауіпті мөлшерге жетті. Егер партияның белгілі бір жағдайлардың салдарынан өзара түсініспеушілікке ұшырап отырған әр түрлі мүшелері өз жұмысында сүйенетін жалпы негіз болмаса, онда партиялық жұмыстың жемісті болуы мүмкін деп ойламаймын. Партияның жеке мүшелері немесе жеке бөліктері арасындағы қарым-қатынастардың асқынғандығы сонша, тіпті қазір, егер сылдыр сөзге салыпғымыз келмесе, *біртұтас* социал-демократиялық жұмысшы партиясы туралы сөз қылудың өзі қиын болар еді. Мен, әрине, егер қажет болса, осы жағдайды растайтын толық дәлелдер келтіре аламын (мысалы, Орталық Комитет пен Орталық Орган жазысқан іс қағаздарының көптеген оқиғаларын еске түсірелік [67]), бірақ, мүмкін, мен пайымдап отырған факт жалпыға мәлім болғандықтан, қазір ондай қытыққа тиетін дәлелдерге жүгінбеудің өзі жақсы болар. Сонымен, біз негізгі пәлені жою үшін неғұрлым батыл шаралар қолдануға әрекет жасауымыз керек. Әйтпесе партияның нағыз қарапайым, нағыз дағдылы актісі жөнінде үнемі сұрыпталыпып алынған өте күшті сөздер және — ең таңдаулы... мұны қалай жұмсақтау айтсам екен... мадақ сөздер десем бе екен... мадақ сөздер қосылған мүлде керексіз пікір алысушылық туатын жағдайға ұшыраймыз... Кейбір реттерде менің «тіл

бостандығына» қол сұққалы тұрған сияқты болып көрінуім мүмкін, бірақ істің мәні қимыл жөнінде де бәрі бірдей тап-түйнақтай болып тұрмағандығында болып отыр ғой. Өздерінің басты міндеті партия ішіндегі бөлектенуге бейім тұрғандарды біріктіру болып отырған Совет мүшелері ретінде, біз партия жұмысының барысына кедергі келтіретін егестерді жоюға әрекет жасауға тиіспіз, ал өзіміз тілесек мұның жойылмай қалуы мүмкін емес. Сонымен, мен партия ішіндегі күрестің кейбір әдістеріне қарсы белгілі бір шара қолдануға болмас па екен деп сұраймын, өйткені мұндай әдістер партияны берекесі қашқан топтың деңгейіне дейін құлдыратады, оны әшейін бір жалған нәрсеге айналдырады. Мүмкін, Совет ортақ істің мүддесі үшін қарар қабылдайтын болар, бұл қарардың жобасын мен жазған едім, қазір оқып берейін. Мен принциптік мағынада Советтің мұндай шешімін маңызды деп санаймын, ол шешім партия ішінде белгілі бір мәселелер жөнінде, өзара келіспей жүрген әр түрлі жеке адамдардың немесе топтардың арасындағы күрестің жол беруге болмайтын формаларын жою және оларды теріске шығару мақсатын көздеуге тиіс. Қайталап айтайын, қазіргі жағдай мүлде нашар, ол түзетуді керек етеді. (А к с е л ь р о д: «Бұған бәріміз де қосыламыз».) Секретарьлардан Аксельрод жолдастың ескертпесін протоколға жазуды өтінемін.

Мен енді өзім ұсынып отырған қарардың жобасын оқимын *.

Бұл мен Орталық Комитеттің атынан ұсынып отырған, оның екі өкілінің қолы қойылған жоба, ол партия мүшелерінің арасындағы белгілі бір алауыздықтарды жою жөніндегі қандай да болсын жеке мәселелерді шешуге емес, орыс социал-демократтарының ортақ бір ісінің мүдделері үшін жұмыс істеушілер табан тірейтін жалпы негіз жасауға себеп болар еді.

2

Мен Орталық Органның екі бірдей өкілінің сөздерінен олардың партияда іс жүзінде бірлік орнату үшін

* Қараңыз: осы том, 120—123-беттер. *Ред.*

батыл шаралар қолдану қажеттігін принцип жағынан мақұлдайтынына қанағаттана отырып көз жеткіздім. Мұның өзі біздің арамызда белгілі бір жалпы негіз жасайды. Ал Плеханов жолдастың ұсынысы жөнінде мен мынаны айту керек деп санаймын: Плеханов жолдас маған өзім ұсынған қарардың жобасынан партия өміріндегі байқалып отырған кеселдерді жоюға бағытталған ең елеулі практикалық шараларды жеке бөліп көрсетуді ұсынады және сонымен қатар бұл қарардың үндеулік сипаты бар екенін көрсетеді; шынында, менің ұсынысымның үндеулік сипаты бар екені рас, бірақ ол қарар нақ осыны көздеп жазылды ғой. Бұл «үндеудің» идеясы мынада: партиядағы күрестің жол беруге болатын формаларын жол беруге болмайтын формаларынан айыру керек деп Совет екі орталықтың атынан пікір айтатын болсын. Жалпы айтқанда, күрестің болмай тұрмайтынын мен білемін, бірақ күрестің де күресі бар ғой. Күрестің азды-көпті өмірге жанасымды партияда мүлде қолайсыз және жол беруге болмайтын әдістері бар. Сондықтан Мартов жолдас идеялардың арасындағы күрестен басқа, «ұйымдық қиыншылықтар» да болды деп дұрыс айтты.

Ал мұнда күрес үшін емес, партия өміріндегі қолайсыз жағдайларды жою үшін жиналып отырған біз партия ішінде жол беруге болатын күрестің шектері туралы беделді нұсқаулар беру арқылы өзіміздің басқа жолдастарымызға әсер ете аламыз және әсер етуге тиіспіз де. Бірақ мен әсер етудің үндеуден басқа әдістерін білмеймін. Бұл арада практикалық ұсыныстарды бөліп көрсетудің мағынасы болмас еді. Орталық Орган өкілдерінің мен туралы ол партия өміріндегі қолайсыздықтарды айта келіп, бұл қолайсыздықтардың себебін айтпады деген мәлімдемесі жөнінде былай деуге тиіспін: мен бұл позицияны кездейсоқ таңдап алғаным жоқ, мейлінше саналы түрде алдым, егер біз қазір онсыз да әбден шатасқан түйінді аздап болса да қозғайтын болсақ, онда біз оны шеше алмайтынымыз былай тұрсын, қайта бұрынғыдан да гөрі шиеленістіріп аламыз деген қауіппен осылай еттім. Өйткені біздің бұл түйін жөнінде бірдей көңіл бөліп отырған және өте субъективтік ниеті бар

екі жақ екенімізді шынында да ұмытпау керек қой, сондықтан егер оны шешуге әрекет жасау керек болса, онда тіпті біз емес, қайта оны шиеленістіру ісіне ешқандай қатысы болмаған адамдар әрекет жасауға тиіс. Ал біздің тарапымыздан мұндай әрекеттің болуы әр түрлі документтерді қайта қозғауға әкеп соққан болар еді, мұның өзі Советтің қазіргі құрамы тұсында тағы да... қым-қиғаш... жанжалға әкеп соққан болар еді.

Өз пікірлеріміздің негізгі пункті етіп бар пәрсені алайық, өйткені барды өшіруге болмайды, сондықтан мен Мартов жолдастың барлық алауыздықтар мен қақтығысуларды қандай да бір жанға жағымды сөздер арқылы жойып жіберуге болмайды деген сөзіне қосылуға шын ниетіммен дайынмын. Бұл дұрыс, бірақ партиялық өміріміздің бұл сияқты қайғылы жақтарына кім төреші бола алады? Мен мұндай роль қалай дегенмен де өзімізге емес, сан жағынан көп адамдарға,— жанжалға қатыспаған, практикалық қызметкерлердің ісіне берілген революционерлерге тиеді деп ойлаймын. Біздің араздықтарымыздың себептері туралы мәселені сақтықпен орағытып өтіп, мен, алайда, өзіміздің жуық арада өткен кезеңнен бір мысал келтіріп, ойымды түсіндірейін. Күрестің созылғанына міне 5 ай болды. Осы уақыттың ішінде, менің ойымша, партиялық араздықты біржола жоюға әрекет жасаған аралық адамдардың саны 50-ге дейін барды, бірақ мен тек бір кісіні ғана білем, оның бұл бағыттағы ісі, өте шағын бола тұрса да, дегенмен біршама жақсы нәтижелер берді. Мен Травинский жолдас туралы айтып отырмын, ол жөнінде мынаны ескерте кету керек: бұл адам тиімді практикалық революциялық жұмысқа белшесінен батып отырғандықтан, ол өзінің назарын түгел дерлік осы жұмысқа аударды, сондықтан ол дау-жанжалға қатысқан жоқ. Оның келістіру жөніндегі әрекеттерінің кейбір нәтижелер бергенін, сірә, тек осындай жақсы жағдайлармен ғана түсіндіруге болады. Мен партиялық қолайсыздықтардың себептерін талдауға осы сияқты адамдар қатысқанда өзімізді дал қылып отырған түйінді шешу мүмкін болар еді деп ойлаймын. Ал біз дау-жанжалдың белгілі бір себептерін талдаумен айналысудан сақ болуға тиіс-

піз, өйткені бұл, біздің еркімізге қарамастан, бізді (Мартов жолдастың айтқанындай) бір-бірімізге тағы да толып жатқан ескі жаралардың, әлі жазылудан мүлде алыс жатқан жаралардың үстіне жаңа жаралар салуға душар еткен болар еді. Міне сондықтан да мен себептерді талдап жатуға қарсымын және күрестің әдістерін, ең болмағанда, азды-көпті жол беруге болатын шеңберге түсіре алатын құралдар іздеп табуды жақтаймын. Екінің бірі: егер осы бағытта бірдеңе істеуге болатын болса, онда мұны істеуге тырысу керек, ал егер болмайтын болса, егер күресуші жақтарға беделмен сендіру арқылы әсер етуге болмайтын болса, онда бір-ақ нәрсе қалады — ұрыс болып жатқан жерден аулақ тұрған және өздерінің мен жоғарыда айтып өткен тиімді практикалық міндеттерін жүзеге асырып жүрген үшінші адамдарға жүгіну ғана қалады. Белгілі бір жақтың ісінің дұрыстығына өзімізді өзіміз сендіре аламыз дегенге мен күмән келтіремін. Бұл маған мүмкін емес сияқты көрінеді.

3

Мен Плеханов жолдастың ұсынысын онша түсініп отырғаным жоқ. Ол қандай да болсын практикалық шаралар қолдану керек дейтін болса, менің жобамда мұндай практикалық шаралардың мүмкін екені көрсетіліп отыр ғой. Тек мынаны ғана айту керек, айтқанда беделді түрде айту керек, қалыпты күреске, белгілі бір шеңберде жүргізілетін идеялық күреске жол беруге болады, бірақ: бойкотқа, Орталық Комитеттің басшылығымен жұмыс істеуден бас тартуға, партияның орталық кассасына ақшалай жәрдем көрсетуден бас тартуға, т. б. жол беруге болмайды. Сөзбен біз ешкімді де сендіре алмаймыз, деседі. Партияның екі бөлігі арасында жақсы қарым-қатынас орнату үшін осының өзі-ақ жеткілікті деп дәлелдеуге менің де батылым бармайды, өйткені, емдеуге тура келіп отырған ауру шынында да асқынған, өйткені, Мартов жолдастың айтқанындай, партияның екі бөлігі арасында шынында да өте берік дуал орнаған. Мүмкін, біз сол дуалды орнатып алып, енді оны қирата алмаспыз, бірақ мынада мүмкін емес еш

нәрсе жоқ, біз бір-бірімізге басқадан да гөрі қатты жара салдық,— біз, Советтің мүшелері ретінде, өзіміздің беделді үндеуіміз арқылы күрестің лайықсыз формаларынан жолдастарды сақтандырамыз. Ал дуалды қирату ісінде, менің ойымша, уақыт бұдан былай дуал мұжіле беретіндей роль атқарады. Ал үндеудің кейбір жерлерін екі жақ өздерінше ұғынуы мүмкін дегенге келетін болсақ, менің ойымша, біз бұл арада не айтсақ та, бәрі де әр қилы ұғынылуы мүмкін. (Аксельрод: «Сондықтан тек айтып қана коймай, сонымен қатар істеу де керек».) Бұдан соң, Аксельрод жолдастың менің ұсынысымды күрестің тек жаңа негізі ғана бола алады деп неліктен ойлайтынын түсінбеймін. Қайталап айтайын, партияның екі бөлігі арасында орнаған дуалды біз қиратпаймыз, өйткені оны орнату үшін біз өзіміз көп күш жұмсадық, ал бұл дуалды практикалық жұмыспен шұғылданып, біздің таластарымыздан аулақ болған жолдастарымыз құлата алар еді. Мартов жолдас, бүгін қанағаттанғандықпен көз жеткізгенімдей, бұл қағидаға — біздің дау-жанжалымыз жөніндегі істе осы даужанжалдан аулақ тұрған басқа жолдастарымыздың пайдалы роль атқаруы мүмкін екені туралы қағидаға принцип жағынан келіседі. Бірақ сонымен қатар, менің ойымша, орталық мекемелердің өкілдері арасында былай күресуге болады, ал былай күресуге болмайды деген келісім жасалуы фактісінің өзі-ақ — тек осының өзі ғана екі жақты бөліп тұрған дуалды алғаш рет шайқалта алар еді, содан кейін партия өмірінде болып отырған қолайсыздық құлдилай берер еді.

4

Плеханов жолдастың ұсынысы [68] менде мейлінше алақұла сезім туғызды. Күрестің себептері туралы айта келіп, ол осы жолмен нақ сол жараларға келіп соқты, мұндай жараларды біздің бір-бірімізге салғандығымызды Мартов жолдас та айтып өтті. Мен өзімнің жобамда, шабуыл кім жақтап жасалса да, біздің күресімізде жол беруге болатын нәрселерді жол беруге болмайтын нәрселерден ажыратуға әрекет жасаймын. Егер біз қашан,

кімнен, не нәрсе шыққандығы туралы айтқан болсақ, онда біз мұнымен бітіре бастаған болар едік, яғни әңгімемізді бітіре бастаған болар едік. Өзімізге өзіміз төрелік айтуымыз — психология жағынан да, моральдық жағынан да ешбір мүмкін емес. Егер біз бұл арада партия мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастарды шиеленістірген себептерді тағы да талқылай бастасақ, онда біз өзіміз ұсақ-түйек керістердің дәрежесінен жоғары көтеріле алар ма екенбіз. (Аксельрод: «Көтеріле аламыз!».) Мен Аксельрод жолдастың оптимизміне қосылмаймын. Плеханов жолдас партияның жікке бөлінуін туғызған себептерді талдаған кезде фактілерге өзінше түсінік берді, мен оның берген түсінігіне қосылмаймын. Егер біз талас бастайтын болсақ, онда протоколдарды алып, олардан анықтамалар іздеуге тура келеді. Мысалы, Плеханов жолдас былай дейді: орталық мекемелердің сайлауы туралы мәселе жөнінде съезд тең дерлік бөліктерге бөлінеді, съездің көпшіліктен азшылыққа шығып кеткен бір мүшесі өзінің кетуі арқылы съездің екі жартысын сан жағынан бірдей етті, сонымен Орталық Комитет партияның тек бір бөлігінің ғана өкілі болып табылады, т. т. Бірақ бұлайша ойлауға болмайды ғой; партияның Орталық Комитетті сайлаған тек бір бөлігінің ғана өмір сүріп отырғаны туралы айту шынында мүмкін емес қой. Көптеген адамдар, мүмкін, кейбір мәселелер бойынша қазір съездегідей дауыс бермеген болар еді. Мүмкін, көптеген мәселелер бойынша мен өзім де басқаша дауыс берген болар едім. Бірақ мұның өзі бұл ретте болуы мүмкін өзгерістер мен жаңа тәсілдер бұрынғы сайлаулардың нәтижелерін қайткенде де теріске шығарады деген сөз емес. Әңгіме күрес туралы болып отырғандықтан, бүтіннің бөлшектерге бөлінуі әрқашан бола бермек. Рас, Орталық Комитет, съезде емес, *қазір* партияның бір бөлігінің өкілі болып табылады, бірақ, жолдастардың пікірі бойынша, Орталық Органның да осы мағынада тек бір бөліктің ғана өкілі екенін мен жақсы білемін. Мен тек бір тұрғыдан ғана Плеханов жолдастың сөзін дұрыс деп тапқан болар едім, атап айтқанда, жікке бөлінушіліктің шын болып отырғаны тұрғы-

сынан дұрыс деп таныған болар едім. Белгілі бір орталық мекеме құрамының «қолайсыздығы» туралы айтуға болатындығы съездің бір нәрсе жөнінде айыпты екендігінен емес, тек пәлендей-түгендей жағдайлар болып отырғанда адамдардың өзара бірігіп жұмыс істегісі келмейтіндігінен ғана осылай деп айтуға болады... Сонымен, біз қолайсыздықтың себептерін қозғай бастағанның өзінде-ақ сол түйінді шешу қажеттігіне қайтадан кездесеміз, ал біз ол түйінді шеше алмайтынымыз былай тұрсын, қайта оны бұрынғыдан да гөрі шиелендіре түсеміз. Көптеген адамдардың Орталық Комитеттің құрамына наразы болып жүргені рас; сондай-ақ Орталық Органның қазіргі құрамына наразы болып жүрген бірсыпыра адамдардың да бар екені рас. Мартов жолдастың қазіргі бар ұйымдарды «қиратуға» бола ма деген сұрауына мен былай деген болар едім: «Иә! ұйымдарды қайта құруға әбден болады!». Партиялық компетентті мекеменің белгілі бір адамдарды революциялық жұмыстың белгілі бір түрінен алып тастауына бола ма? деген сұрауға мен: «Иә, болады!» деп жауап беремін. Ал егер мен: қандай да болсын ұйымның тұтастығына және бұзылмауына белгілі бір «қол сұғушылық» неліктен және қалайша туды, пәлендей адам партия ісінің пәлендей саласына неліктен ене алмады, т. т. деп сұрайтын болсам,—бұл арқылы мен шешуге өзіміздің күшіміз жетпей отырған баяғы түйіннің өзіне тағы да қол созған болып шығамын. Сонымен, ұйымдарды «қиратуға» болатын-болмайтыны туралы мәселе бойынша да біз тағы да алауыздыққа кездесеміз. Осының бәрі біздің жанжалдарымыздың себептері туралы қазір пікір айтудың мүлде пайдасыз екенін және уақытты босқа өткізу болып табылатынын дәлелдейді.— Пропорциялы өкілдік туралы мәселеге қайтып оралайық. Бұл туралы тек болып отырған жікке бөлінушілікті мойындау негізінде ғана айтуға болар еді. Біз бұл арада күресуші екі жақтың өкілдері болып отырмыз... (Плеханов: «Біз мұнда күресуші жақтар ретінде емес, Совет мүшелері ретінде жиналып отырмыз».) Плеханов жолдастың ескертпесі оның өз қарарына қайшы келеді, ол қарарда партия ішінде партияны екіге бөлген жанжалдың

болып отырғаны туралы айтылған, оның бер жағында, қарардың сөздері бойынша, партияның бір жартысы Орталық Комитет сияқты орталық мекемеге мүлде өкіл болып енбеген көрінеді. Әрине, біз ресми түрде күресуші екі жақтың өкілдері емеспіз, бірақ біздің айтыстарымыздың барысынан осындай өкілдік туып отырғандықтан, ол туралы айтуға менің логикалық правом бар. (Плеханов: «Сіз біз мұнда күресуші екі жақтың өкілдері ретінде жиналдық дедіңіз, сондықтан мен өз ескертпемді осы жөнінде айтып едім».) Мүмкін, мен онша дәл айтпаған болармын, мұны бекер демеймін... (Плеханов: «Сіз дұрыс айтпадыңыз».) Мүмкін, мен дұрыс айтпаған да шығармын, бұл жөнінде таласып жатпаймын. Мен тек қана мынаны атап көрсетемін: Плеханов жолдастың қарары таласты жікке бөлінуді іс жүзінде мойындау негізіне көшіреді. Біз жікке бөліндік, мен осыны айтып отырмын. Егер бұл осылай болмаса, онда қарар заңсыз болар еді. Партияның көпшілігі Орталық Органның құрамына да наразы, өйткені құрамдағы 5 адамның 4-еуі — азшылықтың адамдары. Орталық Комитетке қазір қандай талап қойылып отырса, Орталық Органның құрамын өзгерту жөнінде Орталық Комитет тарапынан да пақ сондай талап қойыла алар еді. Плеханов жолдастың қарары өзінің шын мәні бойынша тек бір жақтың ғана шарттарын мәлімдеумен бірдей... (Плеханов: «Мен көпшілікке де, азшылыққа да жатпаймын».) Плеханов жолдас бізге мен көпшілікке де, азшылыққа да жатпаймын деді, бірақ Советте мұны одан басқа ешкім де айтпайды. Формальды жағынан, устав тұрғысынан пікір айтар болсақ, Плеханов жолдастың ұсынған қарары заңсыз. Алайда, қайталап айтайын, ол қарар жікке бөлінушілік фактісіне негізделгендіктен, тек осы мағынада ғана ұғынылуы мүмкін. Ал егер бір жақ өзінің «шарттарын» айтып отырған болса, онда пақ осылайша өзінің «шарттарын» ұсынуға екінші жақ та праволы болар еді. Біз «екі жақтан» жоғары емеспіз, нақ «екі жақтың» өзіміз. Сондықтан, егер біз іс жүзінде партияда болып отырған осы жікке бөлінушілікті мойындайтын болсақ, онда біз өзіміздің таластарымыз бен «түсініспеушіліктерімізді» шешу

үшін тек бір ғана негізгі құралды мойындауға тиіспіз— үшінші адамдарға жүгінуге тиіспіз. Мен бұрын да айтқанмын, партияда пайдалы жұмыспен шұғылданып жүрген және «көпшілік» пен «азшылықтың» күресіне қатыспаған адамдар бар. Міне тек осы адамдарға ғана жүгінуге болады.

5

Мен Мартовқа да, Плехановқа да қосыла алмаймын. Олар мұндай қарардың заңсыздығы туралы сөз болуы да мүмкін емес деп, екі дәлел келтіреді. 1) Мартовтың дәлелі — Совет партияның жоғары мекемесі деп атап көрсетуі. Бірақ Советтің атқаратын міндеті уставтың арнаулы қаулысымен шектелген жоқ па еді, бұл жөнінде кезінде Мартов жолдастың өзі де көп күш салған-ды. 2) Екінші дәлелдің мәні: Совет ұсынылған қарар арқылы тек өзінің ғана пікірі мен тілегін білдіреді деу. Совет, әрине, өз пікірін айта алады және өз тілегін білдіре алады, бірақ ол нақты бір нәрселерге қол сұқпауға тиіс. (Плеханов: «Әрине! Әрине!».) Совет Орталық Комитеттің құрамына кооптация жасауды тек қана ұсына алады, бірақ онда Орталық Комитет Орталық Органның құрамын өзгертуді талап етеді. Мен белгілі бір жағдайларда пропорциялы өкілдікті жақтауға әзірмін. Бірақ мен былай деп сұраймын: Орталық Органда пропорциялы өкілдік бар ма? Орталық Органның құрамы мынадай: 4 адамға 1 адам, соның өзінде осы біреудің өзі не көпшілікке, не азшылыққа жатпайды. Орталық Комитет бір кезде 9 адамға 2 адамнан болсын деп ұсынған болатын;[69] бұл толық ыдыраушылық дәуірінде, жікке бөліну қарсаңында болған еді. Келіспеушіліктің қандайы болса да белгілі мағынада жікке бөліну болып табылады, ал партияның екі бөлігі бірлесіп жұмыс істегісі келмейтін болса, онда бұл іс жүзінде жікке бөліну болып табылады. Біз тек жікке бөліну тұрғысынан ғана Плеханов жолдастың қарарының мағынасы бар деп тани алар едік. Ол қарарға ultima ratio * деп қарауға болар еді, бірақ олай болғанда орталық мекемелердің құра-

* — соңғы құрал. *Ред.*

мын өзгерту жөнінде екі жақ та бірдей праволға ие болар еді. Орталық Органның құрамына Орталық Комитеттің де наразы екеніне мен әбден сенемін. Болып өткен съезд туралы мәселені қозғасақ болғаны, арамызда соқтығысу болып, біз ешқандай мәмлеге келе алмаймыз. Мысалы, Плеханов: съездің редакцияға үшіншіні сайламауының себебі, ондай үшінші болмады-мыс, дейді. Ал мен: съездің үшіншіні сайламауының себебі, съезд редакцияға Мартов жолдас енеді деп сенді деп атап көрсетемін. Советтің құрамы туралы да осыны айтуға болады. Съезде көптеген адамдар Мартов жолдас редакцияның мүшесі ретінде Советтің құрамына кіреді деп ойлады. Әңгіме пропорциялы өкілдік туралы болып отырғандықтан, Орталық Органды көпшілік деп аталатындардың тағы да бір алты мүшесімен толықтыру керек деп көпшілік айта алады және айтады да. Бірақ бұл сияқты пікірлер бізді қажетті нәтижеге жақындата алмайды, сондықтан мен Плеханов жолдастың қарары менің қарарымнан нашар деп ойлаймын. Менің «жол беруге болатын және жол беруге болмайтын» нәрселер туралы қарарымның мынадай маңызы болар еді: біз күресуші жақтардың өкілдері ретінде өзге жолдастарға күрестің рұқсат етілген формалары шеңберінен шықпаңдар деп ұсыныс жасаған болар едік.

Біз тек бір ғана заң тұрғысында болуға тиіс емеспіз, өйткені партия ішіндегі қарым-қатынастардың қолайсыздығын біздің жалпы мойындауымыз істің шын мәнінде біздің күресіп жатқан екі жақ екенімізді, Орталық Орган мен Орталық Комитет екенімізді мойындаумен бірдей. (Плеханов: «Бұл жерде редакцияның мәжілісі емес, Советтің мәжілісі».) Иә, мен мұны ұмытып тұрғаным жоқ. Заң тұрғысынан қарағанда біз орталық мекемелердегі пропорциялы өкілдік туралы айта алмаймыз. Сонымен қатар саяси тұрғыдан қарағанда да бұл пікірді айту пайдасыз нәрсе, неге десеңіз, бұлай болғанда бізге екінші жақтың тілегін тыңдамай тұрып, тек бір жақтың ғана тілегін еске алуға тура келеді. Біздің арамызда өзіміздің таласымызды шеше алатын үшінші жақ жоқ. Ал оның бер жағында тек осы үшін-

шінің пікірі ғана саяси жағынан да, моральдық жағынан да маңызды болар еді. Жікке бөлінушілік іс жүзінде болып отыр, егер азшылық еш нәрсемен санаспай, өзін көпшілікке айналдыру үшін әрекеттене беретін болса, онда біз формальды жағынан жікке бөліну қарсаңында тұрмыз.

4

ПАРТИЯДА ТАТУЛЫҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

16(29) ЯНВАРЬ

1

Мен ең алдымен Мартов жолдастың маған жасаған егжей-тегжейлі қарсылықтарына жауап беруді қажет деп санаймын; бірақ Плеханов жолдастың айтқан қарсылықтарын да жауапсыз қалдырмау үшін, мен ең алдымен осы соңғыларға қысқаша тоқталып өтемін. Маған Плеханов пропорциялы өкілдік көзқарасында принципті түрде тұрған сияқты болып көрінді... (Плеханов: «Олай емес!».) Мүмкін, мен оны түсінбеген шығармын, бірақ маған солай сияқты болып көрінді. Бізде, партия ұйымында, пропорциялы өкілдік принципі қолданылмайды, сондықтан мүшелері съезде сайланған белгілі бір мекеме құрамының заңды болуының бірден-бір өлшемі съезд көпшілігінің айқын білдірілген еркі болып табылады. Бірақ бұл арада: съездегі заңды сайлау істің заңсыз жағдайдан да жаман «заңды» жағдайын туғызды, деседі. Бұл дұрыс, бірақ неліктен? Көпшіліктің онша көп болмағандығынан ба, әлде азшылықтың іс жүзінде жікке бөлінушілік туғызғандығынан ба? Орталық Комитет тек 24 дауыспен ғана сайланды, яғни көпшіліктің сәл-пәл басым болуы арқылы сайланды, сөйтіп партия өміріндегі бұдан былайғы қолайсыз шиеленісулердің бәрінің себебі нақ осы жағдайға келіп тіреледі-міс, деседі, мұндай пікірді мен теріс деп білемін. Ал Плеханов жолдастың менің «формалистік ой-пікірім» жөніндегі ескертпесіне келетін болсақ, ол ой-пікір істің негізіне көз жіберуіме мүмкіндік бермейтін тәрізді, шынымды айтсам, бұл ескертпенің не нәрсе еке-

нін түсінбеймін? Мүмкін, «істің негізі» съезде жатқан болар? Олай болса, біздің бәріміз де формалистерміз, өйткені съезге ой жүгірткенде оның формальды қаулыларына сүйенуге тиіспіз. Егер «істің негізі» съезден тыс жерде жатқан болса, нақ қай жерде екен? Шынында, партиядағы істің жағдайы заңсыз жағдайдан гөрі нашар болып шықты (бұл өте маңызды сөздер), бірақ барлық мәселе неліктен осылай болып шыққандығында емес пе? бұған съезд айыпты ма, немесе съезден кейін болған жағдайлар айыпты ма? Амал не, Плеханов жолдас мәселені бұлай қойып отырған жоқ.

Мен енді Мартов жолдастың сөзіне келейін. Ол бірігіп жұмыс істемеу ниеті азшылық тарапынан болып отырған жоқ және болған да емес, дейді. Бұл дұрыс емес. Үш ай бойы — септябрь, октябрь, ноябрь бойы — азшылықтың көптеген өкілдері бірге жұмыс істегілері келмейтінін іс жүзінде дәлелдеді. Мұндай реттерде бойкотталған жақтың бір-ақ әдісті қолдануына — жұмыстан бойын аулақ салып, партияны жікке бөлінушілікке әкеп соғатын «зәбірленген» оппозициямен шарт, келісім жасауына тура келеді, өйткені бірігіп жұмыс істеуден бойын аулақ салудың осы фактісінің өзі жікке бөлінуден басқа ештеңе де емес. Жұрт біз сіздермен бірігіп жұмыс істегіміз келмейді деп тура айтып, сол арқылы «біртұтас ұйымның» жалған нәрсе екенін, шынын айтқанда, оның күйреп біткенін іс жүзінде дәлелдеп, әбден сенімді болмағанымен, шын мәнінде, *жойқын* дәлел ұсынып отыр... Мартов жолдастың екінші қарсылығына — Ру жолдастың Советтен шығуы жөніндегі қарсылығына келейін. Бұл мәселе жеке екі мәселеге бөлінеді. 1-ден, Ру редакцияның мүшесі болмаса да, оны редакциядан Советтің мүшелігіне тағайындау заңды ма еді? Мен заңды деп ойлаймын. (М а р т о в: «Әрине, заңды!».) Мартовтың ескертпесін протоколға енгізуіңізді сұраймын. 2-ден, оларды өкіл етіп жіберген мекемелердің еркі бойынша Совет мүшелерін ауыстыруға бола ма? Бұл — күрделі мәселе, бұл мәселені олай да, былай да түсіндіруге болады. Қалай дегенмен де, 1 ноябрьден бастап редакцияның бірден-бір мүшесі болып қалған Плеханов, Руды 26 ноябрьге дейін, Мартов және К⁰

кооптацияланғанға дейін, Совет мүшелігі қызметінен *алмағанын* көрсете кетемін. Ру өзінің жеке басына байланысты таласты қоздырмау үшін орнын беріп өзі кетті. (Плеханов: «Меніңше, Ру жолдас туралы талас қазір орынсыз сияқты. Бұл мәселе біздің күн тәртібімізде тұрған жоқ, сондықтан бұл мәселе жөнінде, бұл жерде бізге қатысы жоқ мәселе жөнінде айтысып қымбат уақытымызды босқа өткізудің не қажеті бар екенін мен білмеймін».) Мен көрсете кетуге тиіспін, Мартов жолдас өткен мәжілісте осы мәселе жөнінде өзінің берген түсінігін протоколға жазуды сұраған болатын,— ол түсінікке мен мүлде қосылмаймын, сондықтан егер екінші жаққа нақ осы мәселе туралы өзінің пікірін айтуға рұқсат етілмесе, онда бұл мәселе, бұл жерде, Советте, теріс, сыңар жақ түсіндіріледі. (Плеханов: «Мен мынаны ескертемін, бұл мәселе кезекте тұрған мәселе емес, сондықтан біздің кеңесіміздің басты тақырыбына тікелей қатынасы жоқ».)

Ленин, бұл тұжырымға қарсы шығып, Мартовқа қарсылық білдіре отырып, осында түрліше пайымдалып отырған фактіге түсінік беруге өзінің (Лениннің) праволы екені жөніндегі мәселені шешу туралы Советке шағым айтады. (Плеханов бұл ретте Ру туралы мәселе жөнінде жарыс сөздің орынсыз екендігін тағы да көрсетеді.)

Ленин Советте сөз болып, айтыс туғызған мәселе бойынша сөйлеуге Советтен рұқсат сұрауға өзінің праволы екенін айтады. (Мартов: «Ленин жолдас Советте өкіл болып отырған коллегиялардың өз делегаттарын шақырып алу жөніндегі правосы туралы өте маңызды мәселені қозғағандықтан, мен бұл мәселені біржола шешу туралы ерекше ұсыныс жасайтынымды мәлімдеймін. Мүмкін, бұл мәлімдеме Ленин жолдасты қанағаттандырып, оның осы айтыстардан Ру туралы мәселені алып тастауына себепші болар».)

Мартов жолдас менің Ру жолдастың Советтен шығуы туралы мәселені қазір-ақ тиісті түрде түсіндірейін деген ниетімді теріске шығармайтындығы былай тұрсын, қайта бұл ниеттің дәлелді екендігін растап отыр. Менің бұл мәселе жөнінде берген түсініктерім Мартов жолдас-

тың тиісті ескертпелеріне берілген жауап қана болғанын атап айтамын. (Плеханов Советтің осы сессиясында Совет мүшелері көңіл бөлуге тиіс мәселелер тобына кірмейтін мәселе ретінде Ру туралы мәселе қазір талқылауға жатпайды деп, Мартов пен Ленинге ескерту жасайды). Мен Ру жолдас жөніндегі мәселені мұнда талқылаудың орынсыздығы туралы Плеханов жолдастың ескертпесіне қарсымын, өйткені Ру Совет мүшелерінің ауыспауын жақтаған болатын, сондықтан Рудың Советтен шығуы партияда ізгі татулық мүдделері үшін оның оппозицияға икемделуі деп қаралуға тиіс. (Плеханов: «Советтің Ру жолдас туралы мәселе жөнінде пікір алысуға ешқандай қарсылығы жоқ болғандықтан, мен Ленинге бұл туралы сөйлей беруді ұсынамын».) Мен айтып болдым. (Плеханов: «Егер сіз айтып болсаңыз, онда мен Советке кеше Ленин жолдас пен мен ұсынған қарарларды талқылауға көшуді ұсынамын».)

Мен Мартов жолдастың Совет қарарларының заңдық емес, моральдық маңызы болар еді дегеніне қосыламын. Плеханов жолдас егер редакцияға Ленин кірсе жақсы болар еді, дегенді айтты. (Плеханов: «Мен бұлай деп айтқаным жоқ».) Дегенмен, менде сіздің сөзіңіз нақ былай деп жазылған: «Ленин редакцияға кіріп, Орталық Комитет үш адамды кооптациялаcа, бәрінен де жақсы болар еді». (Плеханов: «Иә, белгілі бір жағдайларда партияда тыныштық орнату үшін Ленинді редакцияға кіргізіп, азшылықтың өкілдерін Орталық Комитетке кооптациялауға болады дедім».)

Осында маған қойылған Орталық Орган редакциясының құрамына қандай өзгеріс енгізу дұрыс болар еді деген сұрауға жауап бергенде «көпшіліктің» пікіріне сүйену маған жеңіл болды, өйткені ол көпшілік Аксельрод, Засулич және Старовер жолдастардың редакциядан шыққаны дұрыс деген пікір айтты. Содан соң мен мынаны айтуға тиіспін, Орталық Комитеттің әрекеттерінде белгілі бір адамды партия жұмысынан шеттету жөнінде бірде-бір факт болған емес. Сондай-ақ Мартов жолдастың Орталық Комитет бір жақтың екінші жаққа қарсы айқасының құралы болып отыр деген мәлімдеме-

сіне қарсылық білдірмей отыра алмаймын. Орталық Комитет «бір жақтың екінші жаққа қарсы айқасының» құралы емес, партиялық қызметтерді атқару ісінің құралы ретінде тағайындалды. Мартов жолдастың бұл пайымдауы фактілерге мүлде қайшы келеді. Орталық Комитет азшылыққа қарсы «айқас» бастады және онымен айқасты деп ешкім бірде-бір фактімен дәлелдей алмайды. Қайта, азшылық бойкот жариялауды бастап, күрес ашты, бұл айқас сөзсіз тойтарыс алды. Содан кейін, Орталық Орган жөніндегі сенімсіздіктің тыныш жағдайдағы тиімді жұмысқа жасаған бөгетінен гөрі, Орталық Комитет жөнінде болып отырған сенімсіздік Орталық Комитетке көбірек бөгет жасайды-мыс деген пікірге де мен қарсылық білдіремін. Мартов жолдастың таласып отырғанындай, келіспеушіліктің орталығы, шетелде емес, Россияда-мыс дегенге келетін болсақ, мен партия документтері керісінше көрсетіп отырғанын айта кетуге тиіспін. Мартов жолдас, 25 ноябрьдегі документке сүйеніп, Орталық Комитет азшылықтан екі адамды кооптациялауға ризалық білдіру арқылы өз құрамының сыңаржақты сипатын принцип жүзінде өзі мойындады деді. Мен бұл документті бұлайша түсіндіруге қарсылық білдіремін, өйткені бұл документті жазуға мен өзім де қатыстым. Орталық Комитет әрекетінің мүлде басқаша маңызы болды. Орталық Комитет екі адамды кооптациялауға өз құрамының сыңаржақтылығын мойындағандығынан емес, біз партиядағы іс жүзінде толық жікке бөлінушілікті көріп отырғандықтан келісім берді. Істің жайын біз дұрыс түсіндік пе әлде теріс түсіндік пе — ол басқа мәселе... Біз ол кезде жаңа орган шығайын деп жатыр деген лақап естідік... (Плеханов: «Егер біз лақапқа сүйенетін болсақ, онда біз ештеңеге жете алмаймыз». Аксельрод: «Ал мен қазір жаңа орган шығайын деп жатыр деп естідім...».) Мен Советке жүгініп отырмын: Мартов жолдас Орталық Комитеттің қағазын [70] белгілі бір мағынада түсіндіргендіктен, мен осы мәселе жөнінде өз түсінігімді беруге тиіспін... Менің ескертпемнің бұл арада неліктен осындайлық қобалжу туғызғанын түсінбеймін. (Плеханов: «Әңгіме қобалжу туралы болып отырған жоқ, бұл

арада лақапқа сүйену дегеннің орынсыз екені туралы болып отыр».) Менің дәлелдерімді негізсіз деуі мүмкін. Мүмкін солай шығар! Бірақ мен қалай дегенмен де мынаны атап айтамын: бұл дәлелдердің мен тек жаңа айтып өткендей ғана сипаты болды.

Істің мәнісі жөніндегі сөзімді жалғастыра түсейін: Мартов жолдас екі адамды кооптациялауға ризалық білдірген Орталық Комитеттің дәлелдеріне шүбәланады. Ал мен мынаны атап айтамын: Орталық Комитет партияда іс жүзінде жікке бөлінушілік қазірдің өзінде-ақ болып отыр және біз Россиядағы органның ерекше баспасы, ерекше транспорты мен ерекше ұйымы мағынасында, формальды түрде толық жікке бөліну қарсаңында тұрмыз деген пікірге сүйенді. Енді ретіне қарай айтайын: Мартов жолдас ретіне қарай емес, істің мәнісі жөнінде ескертпе жасады. Советке мынадай сұрау қоямын: бұл жөнінде председательдің істеген әрекеті дұрыс па? [71]

2

Мартов жолдас мені партияда тыныштық орнату шараларын іздестіру жөніндегі жалпы мәселені талқылауға асып-саспай, ынтымақтасып кірісудің орнына, бірден айтыстан бастады-мыс, дейді. Мен бұған қосылмаймын, өйткені айтысты *бастаған* Мартов жолдастың өзінен басқа ешкім де емес. Менің қарарымның жобасында айтыс туғызарлық ештеңе жоқ. Аксельрод жолдас бұл қарарды «пастырьлық үндеу» деп тегін атамаған болар. Ал пастырьлық үндеулерде айтыстың болмайтыны жұртқа мәлім. Шынында да, менің ол қарарымда: партия ішіндегі күрес қандай шеңберде жүргізілуге тиіс, мұндай күрестің қандай формаларын жол беруге болатын форма деп есептеу керек және қандай формалары жол беруге болмайтын форма деп, тек партия өмірінің қалыпты барысына ғана емес, сонымен қатар тіпті партияның өмір сүруінің өзіне де қауіпті деп танылуға тиіс екендігі жөнінде ғана сөз болған-ды. Бұл ретте мен мәселені тағы да түк шықпайтын құрғақ айтысқа бізді соқтырмайтындай етіп қоюға барынша тырысып бақтым,— мен өзімнің ұсынысымда партияның

екі бөлігі арасындағы жарты жылдық дерлік айқаста көрініп келген күрес әдістеріне баға беруден бастамауға тырыстым. Ал Мартов жолдас осы негізде қалғысы келмей, айтысты үдете түсті. Бірақ, егер керек болса, мен бастапқы мәселеме кейін қайта оралуға әзірмін. Енді мыналарды атап өтейін. Мартов жолдас Травинский редакцияның құрамына оның ескі мүшелерінің кооптациялануын құттықтады дегенге сүйенді. Мен бұл арада екеу ара әңгімелердің немесе келіс сөздердің маңызы жоқ екендігін баса көрсетуді қажет деп санаймын. Травинский барлық ресми келіс сөздерді қағаз жүзінде жүргізді. Ал оның екеу ара мәлімдемелерін Мартов жолдас, сірә, дұрыс түсінбеген болуы керек, сондықтан мен, егер қажет болса, мұны *басқа бір уақытта* дәлелдеп көрсете аламын.

Содан соң Мартов жолдас Орталық Комитеттің қызметінде толып жатқан әр түрлі кемшіліктер бар дегенді айтты; Мартов жолдас бұлай деу арқылы тағы да айтыс саласына түседі. Мүмкін, Орталық Комитеттің қызметінде кемшіліктер бар да шығар, бірақ бұл қызметті Орталық Орган өкілінің сынауы айтыстың дәл өзі болып табылады. Мен, мысалы, өз тарапымнан, Орталық Органның қызметін тура жолдан тайған қызмет деп танимын, бірақ мен сонда да бұл арада әңгімені Орталық Орган қызметінің алған бағытын сынаудан емес, қайта Орталық Комитет пен Орталық Органның арасында *бір-біріне* наразы болушылық бар деп мәлімдеуден бастадым. Содан соң мен, егер менің қарарымды Совет қабылдайтын болса, онда бұл қарар Советті «айқас құралына» айналдырар еді дейтін пікірге де қарсымын. Менің үндеуімде күрестің қандай формаларына жол беруге болатындығы және қандай формаларына жол беруге болмайтындығы туралы ғана айтылады... Бұл арада «айқас құралының» не қатысы бар? Аксельрод жолдас Ленин «мадақтаумен бастап, балағаттаумен аяқтады» деді, сөйтіп мені өзінің барлық назарын партияда жікке бөлінушілік бар екенін дәлелдеуге аударды деп кінәлады. Бірақ біз жікке бөлінушіліктің бар екенін күні кеше айтқанымыз қайда... Сонан соң, Мартов жолдас келіспеушіліктің орталығы шетелде емес деп дәлелдеу

үшін Васильев жолдастың 12 декабрьдегі хатынан цитат келтірді, ол хатта Россияда нағыз тозақ делінген [72]. Бұл жөнінде мен «тозақты» әлсіз топтар да «жасай алады» дегенді ескертемін, өйткені нақ сол ұсақ-түйек ұрыс-керістер бәрінен де көбірек және бәрінен де оңайырақ жұмысқа үлкен кедергі жасайды. Мен бұрынғы редакторлардың біріне өзімнің 13 сентябрьде жазған хатымды ескертіп өттім. Бұл хатты мен бастырып шығарамын *. Плеханов жолдас «батпақ» деген сөз — балағат сөз дейді. Естеріңізге салып өтейін, неміс социалистік әдебиетінде де, неміс партиясында да съездерде versumpft ** деген термин кейде күлкі туғызады, бірақ еш уақытта балағаттау жөнінде байбалам туғызбайды. Бұл сөзді қолданғанда мен де, Васильев жолдас та біреуді балағаттауды ойлағанымыз жоқ. Белгілі бағыты бар екі жақ туралы сөз болғанда, осы екі бағыттың арасындағы тартыншақтар мен бұлғақтаушылар «батпақ» деген терминмен сипатталады, бұл терминнің орнына, бәлкім, «қақ орта» деп айтуға да болар еді.

Орталық Комитетті ешқандай орталықпен жұмысы жоқ деп атау, мүмкін, ділмәрлық болар, бірақ бұл да айтысқа әкеліп соқтырады. Орталық Орган туралы менің де осы мағынада айтуыма болатын еді ғой. Маған сенің «үндеуің» аллопатиялық зұлымдыққа қарсы гомеопатиялық құрал болып отыр, дейді. Мен ұсынып отырған құралдың тек паллиатив қана екенін өзім де бекер демеймін, бірақ біз аллопатиялық құралды *бұл арадан* таба алмаймыз ғой. Егер сіздер болып отырған кикілжіңге қарсы «аллопатиялық», шешуші құралдың қажеттігі туралы сөз қозғайтын болсаңыздар, ақырына дейін осы беттен таймаңыздар. Мұндай құрал бар, ол бірден-бір шешуші құрал *съезден* басқа ештеңе емес. Біз өзара ұғынысамыз деп арам тер болғалы 5 ай өтті («бұл дұрыс емес!»)... жоқ, бұл дұрыс, мен мұны сіздерге документ арқылы дәлелдеймін... Біз 15 сентябрьден бері ұғыныса бастадық, бірақ осы күнге дейін ұғынысқанымыз жоқ. Мұндай жағдайда кеше Мартов жолдас та айтқан коллегияға жүгіну дұрыс болмас па

* Қараңыз: осы том, 361—365-беттер. *Ред.*
** — батпақтық. *Ред.*

екен, бірақ тек партия қызметкерлерінің съезі ғана осындай коллегия бола алады. Партия съезі — «дирижер таяқшасы» туралы мәселені шешетін коллегияның нақ өзі. Біз съезге, айта кету керек, «дирижер таяқшасы» жөнінде де «төбелесу» үшін қатысамыз (әрине, сөздің дөрекі мағынасында емес). Съезде күрес билеттер арқылы, жолдастармен қарым-қатынас жасау арқылы, т. т. арқылы болады және съезде орталықтардың құрамы үшін болатын мұндай күрес — орынды күрес, ал съезден тысқарғы жерде ол партия өмірінде болмауға тиіс еді.

Сөйтіп, егер менің «пастырьлық үндеуім» паллиатив болса, егер сіздер кикілжіңнен құтылғыларыңыз келсе, съезден басқа неғұрлым шешуші құрал жоқ. Аксельрод жолдас Батыс Европада орталық мекемелердің өкілдері сол мекемелердің партияның тіпті ең алыс түкпірлеріндегі саясаты жөнінде оппозициямен санасады және пайда болған дау-жанжалдарды оппозициямен келіс сөздер жүргізу арқылы реттеуге тырысады, деп көрсетті... Бірақ дәл осыны біздің Орталық Комитет те істеп отыр. Орталық Комитет осыған бола өзінің екі мүшесін шетелге жіберді [73], Орталық Комитет оппозицияның әр түрлі өкілдерімен *ондаған* рет сөйлесті, олардың дәлелдерінің сорақылығын, қорқыныштарының ойдан шығарылған нәрсе екендігін және тағы сондайларды дәлелдеп көрсетті. Мұндай істің күштерді, ақша мен уақытты адам айтқысыз ысырап ететіндігін көрсете кету керек, міне осы мағынада айтқанда біз, шынында, тарих алдында жауаптымыз.

Тағы да практикалық ұсыныстар туралы мәселеге көше отырып, қайталап айтайын: сіздерде айтыстың осы қайғылы кезеңін жоюдың бір-ақ шешуші құралы бар,— ол құрал — съезд. Менің қарарым партия ішіндегі күресті неғұрлым қалыпты шеңберге түсіруді көздейді... Шөгір бәрібір қала береді, ауру тереңде жатыр, деседі... Мұндай жағдайда тек съезд шақыру арқылы ғана бүкіл шөгірді жұлып алуға болады.

3

Айқындық пен дәлдікке саятын талапты балағаттық талап деп айтудың өзі адам күлерлік нәрсе [74]. Біз екеу ара әңгімелерді теріс түсіндірудің қандай толып жатқан түсініспеушіліктерге және тіпті жанжалдарға да әкеліп соқтыратынын ондаған рет (әсіресе Лига съезінде) көрдік. Бұл фактіні мойындамау өрескел болар еді. Мен былай деймін: Травинский жолдастың екеу ара әңгімелерін Орталық Органның өкілі де, ішінара Плеханов жолдас та теріс ұғынған. Оның бер жағында Травинский жолдас 18 декабрьдегі хатында маған былай деп жазады: «Редакцияның комитеттерге нағыз барып тұрған *қасиетсіз* (мен бұдан да қатқыл сөздерді жұмсартып отырмын) ресми хат жібергендігі туралы жаңа ғана хабар алынды. Ол хатта редакция Орталық Комитетке тікелей қарсы шығып, Совет арқылы өзіміздің тілеген адамымызды кооптациялауға қазір де мәжбүр ете аламыз деп қорқытады, бірақ әзір ондай шара қолданғысы келмейтін көрінеді және Орталық Комитет семья болып алыпты, оның қызметке қабілеті жоқ, Ленинді кооптациялау заңсыз, деп көрсетіп комитеттерге айтатын көрінеді... Бас араздығына байланысты айтылған сөздер толып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, адам шыдарлық нәрсе емес... және (мен тағы да тым қатаң сөздерді тастап кетіп отырмын) маған берілген уәделердің бәрін бұзғандық. Мен қатты ашулымын. Плехановтың бұған шыпымен қатысқаны ма? Екатеринослав комитеті бұл хатқа қатты ашуланып, мейлінше қатаң жауап қайтарыпты... Қазір азшылық мүлде іргесін аулақ салуда. Комитеттерге жіберілген хат, меніңше, шыдамды тауысарлық қылық және жауласуға ашық түрде шақыру болып отыр. Ал менің өзіме келетін болсақ, онда Ленин өзінің хатын «Искрадан» басқа жерде басып шығаруға толық праволы деп танимын. Басқа жолдастар да бұған қарсы ештеңе айтпас деп ойлаймын».

Травинский жолдастың пікірі туралы теріс түсінік туғанын дәлелдейтін жағдай, міне, осы. Травинский жолдас партияда ізгі татулық орнатудан үміттеніп, ко-

оптацияны *қолдаған* болар, бірақ оның үміті мүлде ақталмады.

Мартов пен жолдастардың редакциясы татулықтың орнына көпшілікке қарсы айқас жариялаған болып шықты. Ал Травинский татулықтан үміттенді және үміттене алатын еді.

Плехановтың «анархияшыл индивидуалистерді» тоқтату әрекеті (оның күш салуына қарамастан) жүзеге аспады. Сондықтан Травинский екеуіміздің үмітіміз, үміт болғанда, Плеханов жаңа редакцияны көпшілікке қарсы айқас бастауға жібермейді деген үмітіміз, ақталмады. Бұл үміт атаулының бәрі бірдей орындала бермейтіндігін дәлелдейді; бұл татулыққа себепкер болар деп үміттеніп мен өзім де редакциядан кеттім, бірақ менің үмітім де ақталмады. Екеу ара келіс сөз жүргізу фактісін ешкім де бекер демейді, тек үміттенуді, жеке адамдардың арманын тұтас коллегиялардың шешімдерінен айыра білу керек. Менің екеу ара келіс сөздерден бұл жерде қорытынды жасау қолайсыз екені жөнінде айтқан ескертпемде Совет мүшелерін қорлағандай ештеңе де жоқ. Травинский жолдас Орталық Комитетке кооптация жасауға уәде берді дегенді мен үзілді-кесілді бекерге шығарамын. Сөз жоқ, ол кетерде татулық орнайды деп үміттенді және осы татулықтың нәтижесінде кооптация жасалады деп ойлады, бірақ оны жүзеге асыру жөнінде үзілді-кесілді уәде берген жоқ.

Мартов жолдас менің үндеуіме қарсы ол тек бір жақтың ғана шабуылдауы деген дәлел келтіреді. Мүлде олай емес. Тіпті, менің қосымша қарар енгізіп, Мартов жолдасқа ұнамайтын сөздерді өзгертуіме болады, бірақ оның менің қарарымды сыңаржақ қарар деуі — қайдағы бір non-sens *. Бұрын менің қарарымды пастырьлық үндеуге ұқсайды, айтатыны ылғи жалпыға мәлім нәрселер, т. т. деген еді, бірақ оны жаңа жаралар салуға бейімделген қарар деп ешкім де айтпаған еді. Мартов жолдас мені Плеханов жолдастың Орталық Комитет «азшылықтың» өкілдерін кооптациялағысы келе ме, келмей ме деген сұрауына тура жауап беруден бұлта-

* — мағынасыздық. *Ред.*

рады деп кінәлайды. Егер біз Орталық Комитеттің 9 мүшесінің барлық қалған адамдарының бұл мәселеге қазір қалай қарайтынын білмесек, қойылған сұрау бойынша сіздерге қалай жауап бере алмақпыз. (Плеханов: «Сіз Мартов жолдасты түсінбедіңіз».) Мені әдейі бұлтарып отыр деу — адам күлерлік нәрсе. Мен мұндай жауапты бере де алмас едім, ал бұл үшін мені бұлтарды деп кінәлайды. Орталық мекемелердің құрамына наразылық екі жақта да бар деп, мен ашық айттым. Басқа жолдастардың да пікірімен санасу керек қой. Маған: ұғынысу керек дейді, бірақ біз бес айдан бері ұғынысып жатырмыз емес пе. Сондықтан Мартов жолдастың Орталық Комитет съезд шақыруды ұсыну арқылы өзінің дәрменсіздігін көрсетті деген жорамалы нағыз кісі күлерлік нәрсе. Дау-жанжалды үй іші болып шешу жөнінде Орталық Комитеттің тарапынан мүмкін болатын әрекеттердің бәрі жасалмады ма? «Орталық Комитет өзінің қабілетсіздігін көрсетіп отыр»... Не нәрсеге қабілетсіздігін? күреске қабілетсіздігін бе? партияда тыныштық орнатуға қабілетсіздігін бе? Па шіркін! Менің осында бастан-аяқ сынға алынған ұсынысым да мұны айқын дәлелдеді. Сіздің қарарыңыз, былайша айтқанда, жаудан жер тартып алуға мегзейді, бірақ мұндай талап қарама-қарсы талап туғызады ғой, сондықтан мен тіпті мынадай сұрау қоямын: Орталық Комитеттің осы негізде қайтадан келіс сөз бастауға правосы бар ма? Өйткені Лигаға икемделе қалдың деп Орталық Комитетті *кінәлаған* комитеттер бар ғой [75]. Сіздер біздің көпшілікпен *санаспай*, азшылықпен санасуымызды қалайсыздар. Бұл адам күлерлік нәрсе. Ал мұндай жағдайда съезден бас тартушылық съезден қорыққандыққа ұқсас болар еді. Міне, сондықтан да, біз өзіміздің дәрменсіздігімізді мойындаймыз, бірақ бұл мойындау Мартов жолдас түсініп отырған мағынада емес. Партиядағы ұрыс-керістерді жоюға Орталық Комитет шынында да дәрменсіз болып отыр, сондықтан да біз съезд шақыру жөнінде Советке ұсыныс жасап отырмыз. Содан соң, Советтің съезд шақыру правосы туралы таза заңдық мәселені Мартов жолдас мейлінше теріс ұғынады. Уставта былай делінген: «Съезді (мүмкіндігіне

қарай кем дегенде 2 жылда бір рет) партия Советі шақырады». Демек, Совет съезді *қашан* шақырамын десе де *праволы*. Совет съезді тек бір белгілі жағдайда ғана шақыруға *міндетті* (Мартов: «Егер правосы бар ұйымдардың белгілі бір мөлшері талап етсе, немесе соңғы съездің болған уақытынан бастап екі жыл өтсе, Совет съезд шақыруға міндетті, деп уставта айқын көрсетілген. Сондықтан, екі жыл мерзім өтпейінше және ұйымдардың белгілі бір мөлшері съездің қажеттігі туралы талап етпейінше, Совет съезд шақыра алмайды». Плеханов: «Мен съезді шақыру шарттары туралы мәселені, алдымызда тұрған міндеттер тұрғысынан қарағанда қатысы жоқ мәселе ретінде, қазіргі уақытта талқылауға жатпайтын мәселе деп есептер едім».)

Бұл мәселені көтерген Мартов жолдастың өзі, сондықтан біз оны күн тәртібінен алғанымыз жоқ. Мартов Совет съезді шақыра алмайды, дейді, ал мен шақыра алады, деймін. Партия Советі съезді қажет болған уақытта ешқандай тілектерсіз-ақ — мүмкіндігіне қарай кем дегенде 2 жылда 1 рет шақырады. Мартов жолдас съезд шақыру — ultima ratio, дейді. Иә, біздің бос жарыс сөздеріміз мұны қазір де дәлелдеп отыр.

Біздің ұрыс-керістерімізге қатыспаған адамдардан құралған коллегияның партияда тыныштық орнату ісінде пайдалы роль атқара алатынын Мартов жолдастың өзі де принцип жағынан мойындағанын еске саламын. Ал өзіміздің ымыраға келу жөніндегі әрекеттеріміз ешқандай нәтижеге жеткізбегендіктен, тіпті әдебиетте де айтыстың жол берілетін формаларын сақтай алатындығымыз екіталай болғандықтан, мен тек бөгде жолдастар ғана өздерінің шешуші сөзін айта алады, деймін. Біздер, Орталық Комитеттің өкілдері, партияда тыныштық орнатудың бұдан былай жасалатын әрекеттері жөніндегі жауапкершілікті өз мойнымызға алмаймыз және біздің ұрыс-керістерімізді жою жөнінде съезге жүгінуден басқа адал құрал жоқ деп білеміз. Плеханов жолдастың «батпақ» деген сөз туралы жасаған ескертпесіне көшейін. (Плеханов: «Мен бұл терминді партияның кейбір бөлігіне қолданған Васильев жолдастың сұрауына жауап бердім; қайталап айтайын, мен, председатель ре-

тінде, партия Советінде мұндай сөздерге жол бере алмаймын».) Орталық Комитеттің қолайсыз және сыңар жақ құрамы туралы ештеңе айтқан жоқсың деп маған осында ескертпе жасады, бірақ мен мына фактіні атап айтамын: партияда жол беруге болмайтын құралдар арқылы күресіп жатқан екі жақ бар. Біз ешқандай тиімді жұмыс мүмкін болмайтын негізге көштік.

4

Істің мәнісі туралы сөйлеуден бұрын Sumpf * деген сөздің ешкімді еш уақытта зәбірлемейтінін жол-жөнекей тағы да ескертіп өтейін.

Бұдан соң Травинскиймен келіс сөздер жайында. Менің сөздерімнен осында мені Травинскиймен келіс сөздер болғандығын теріске шығарып отыр-мыс деген қорытынды жасады. Тіпті де олай емес. Мен келіс сөздердің болғандығын бекер дегенім жоқ, мен тек екеу ара келіс сөздердің маңызы мен ресми келіс сөздердің маңызы арасындағы айырмашылықты ғана анықтадым. Егер Травинский жолдас бұрын іске Плеханов жолдас сияқты қараған болса, соңғы кезде өз көзқарасын өзгерткендігін дәлелдеу үшін мен осында Травинскийдің өз *хатын* келтірдім. Сондықтан мен Франция кімге сенеді деп мәселе қоюды мүлде орынсыз деп есептеген болар едім. «Францияға» жүгінудің ешқандай қажеттігі жоқ [76].

Плеханов жолдас Лениннің татулыққа шақырған «үндеуі» тіпті оның өзіне де әсер етпепті-міс дегенді айтты. Қайталап айтайын, мен өзімнің «үндеуімде» күрестің белгілі әдістерін қолданбау жөнінде тек өз тілегімді ғана білдіремін. Мен татулыққа шақырамын. Маған Орталық Комитетке *шабуыл жасаумен* жауап береді, сосын *бұдан кейін* менің Орталық Органға шабуыл жасағаныма таңданады. Орталық Комитетке шабуыл жасалғаннан *кейін,* мені осы шабуылға берген жауабым үшін татулықты тілемейді деп кінәлайды! Status quo ** негізінде татулықты кімнің ұсынғанын және Ор-

* — батпақ. *Ред.*
** — Бұрынғы жағдай. *Ред.*

талық Комитетке қарсы айқасты кімнің жүргізе бергенін көру үшін біздің Советте болған жарыс сөздерді қарап шығу жеткілікті. Маған: Ленин оппозицияға «айтқанды тыңда, пікір айтушы болма!» деп үздіксіз қайталаумен ғана болды, деседі... Бұл онша дұрыс емес. Біздің сентябрь мен октябрьден бастап жазысқан хат-хабарларымыздың бәрі мұның керісінше болғанын дәлелдейді. Тек мынаны ғана еске салып өтейін, октябрьдің бас кезінде мен (Плеханов екеуіміз) екі адамды редакцияға кооптациялауға дайын едім. Ал енді өзім қатысқан ультиматумға келетін болсақ, мен ол кезде сіздерге Орталық Комитеттен екі орын беруге көнген болатынмын. Осыдан кейін мен өзімнің редакциядан шығуым арқылы тағы да жеңілдік жасадым,— мен шыққанда басқалардың келуіне кедергі жасамау мақсатымен шықтым. Осыдан менің: «айтқанды тыңда, пікір айтушы болма» деп қана қоймай, сонымен қатар жеңілдік жасағаным да көрініп отыр. Істің мәнісіне көшейін. Менің қарарым жөніндегі көзқарас маған өте өрескел сияқты көрінеді. Шынында, бұл қарар біреуді айыптай ма, немесе біреуге шабуыл жасау сипаты бар ма? Онда әңгіме тек пәлендей күреске жол беруге болатын-болмайтыны жөнінде ғана болып отыр. Күрестің бар екендігі — факт, сондықтан барлық мәселе осы күрестің жол беруге болатын формаларын жол беруге болмайтын формаларынан бөліп көрсетуге ғана келіп тіреледі. Міне, сондықтан да, мен бұл идеяны қолдануға бола ма немесе болмай ма?— деп сұраймын. Сонымен, «күрес құралы», «азшылыққа шабуыл жасау» және т. с. сөздерді менің қарарым жөнінде қолдану мүлде орынсыз. Мүмкін, оның формасы сәтсіз болар — мен бұған қарсы онша таласпаған болар едім және оның редакциясын өзгертуге дайын да болар едім, бірақ оның мәні партия ішінде күресуші жақтарға бұл күресті жол беруге болатын белгілі шеңберлерден шықпай жүргізу керек деп талап қоюға келіп тіреледі, міне бұл мәннің таласқа түсуі мүмкін емес. Қарар жөнінде осында кездесіп отырған көзқарас маған сыңар жақ көзқарас сияқты көрінеді, өйткені мүдделі жақтардың бірі бұл қарарды өзіне қауіпті деп танып, оны қабылдамай отыр.

(Плеханов: «Советте екі жақ жоқ деп осында бірнеше рет айтқанымды ескертемін».) Мен мынаны ескертемін: Советтің заң жүзінде екіге бөлінуі туралы емес, іс жүзінде болып отырған *екі жақ* туралы айтып тұрмын. Плеханов жолдастың қарары туралы мұнда шын мәнінде ештеңе айтылған жоқ және бұл қарарға редакция өкілдері ештеңе қосқан жоқ. Ал мен бұл қарардың сыңаржақтық сипатының өзгеруін күтумен болдым.

5

КҮН ТӘРТІБІ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР

16(29) ЯНВАРЬ

1

Ленин бұрын ұсынылған қарарды бірінші етіп дауысқа қою әдетінің бар екеніне сүйеніп, өз қарарының бірінші болып дауысқа қойылуын талап етеді [77].

2

Мәжілістің күн тәртібі тұрғысынан қарағанда ерекше пікірлер ұсыну правосы әрқашан танылады. Мартов жолдас жалпыны жалқыдан айырып алуға әрекет жасады [78]. Бұған толық келісемін, бірақ мен оның ұсынысын тек қана біраз басқаша редакциялаймын.

6

ПАРТИЯДА ТАТУЛЫҚ ОРНАТУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫН ҰСЫНУ

16(29) ЯНВАРЬ

Ленин (өз қарарын оқиды): «Партияда татулық орнату үшін және партияның әр қилы ойлайтын мүшелері арасында қалыпты қарым-қатынастар орнату үшін партия Советі партия ішіндегі күрестің қандай формалары дұрыс әрі жол беруге болатын формалар және қандай формалары теріс әрі жол беруге болмайтын формалар екені туралы мәселені түсіндіруі қажет».

Қолжазбамен салыстырылған протоколдық жазба бойынша басылып отыр

7

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ӨКІЛДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ ПІКІР ҰСЫНУЫ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

17(30) ЯНВАРЬ

Барлық съездердің практикасында қалыптасқан бір ереже бар: бұл ереже бойынша дауыс берушілер өздерінің ерекше пікірлерін ұсынуға праволы. Әрине, ерекше пікір атаулының бәрі өзінің мәні жағынан сын деген сөз. Бірақ бұл жағдай II съезде Бунд өкілдерінің ерекше пікірін — съезд қабылдаған шешімді барынша қатты сынау болып табылған пікірді қабылдауға, алайда, кедергі болған жоқ қой. Біздің ерекше пікіріміз Плеханов жолдастың ұсынысына өзіміздің неліктен қарсы шыққанымызды және жалпы алғанда бұл ұсынысқа өзіміздің көзқарасымызды түсіндіретін дәлелдерді баяндау болып табылады. Бұл ерекше пікірдің аяғында: біз өзіміздің қарарымызды қайтып аламыз деген дәлелді мәлімдеме болғандықтан да, оны оқып шығу қажет.

8

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ӨКІЛДЕРІНІҢ 17(30) ЯНВАРЬДА ҰСЫНҒАН ЕРЕКШЕ ПІКІРІ

Орталық Комитеттің партия Советіндегі өкілдері Плеханов жолдастың қарары туралы мәселе жөнінде ерекше пікір айтуды өздерінің борышы деп санайды.

Бұл қарардың іс жүзінде партия ұйымының толық жікке бөлінуін туғызатын партиялық араздықтарды тоқтатпайтындығы былай тұрсын, қайта, керісінше, оларды бұдан да гөрі күшейтіп, қоздыра түсетініне, оларды үйреншікті нәрсеге айналдыратынына, партияның тиімді жұмысына бұдан былай да іріткі салатынына Орталық Комитеттің өкілдері мейлінше сенеді.

Бұл қарар, өзінің мәні жағынан, партия съезі азшылығының Орталық Комитеттің құрамындағы адамдарды өзгерту жөніндегі тілегін дәлме-дәл білдіреді, оның үстіне партия съезі көпшілігінің оған қарама-қарсы тілегін ескермейді.

Бұл қарар, өзінің мәні жағынан және біздің кәміл сеніміміз бойынша, партия съезінің өзінен бастап оппозиция ұстаған саясатты Совет ішінде бұдан былай да жүргізе берушілік болып табылады, ал ол саясат, орталықтардың құрамын өзгерту, өзгерткенде азды-көпті дұрыс партиялық өмірдің нормаларына сай келмейтін, қазір комитеттер көпшілігінің қарарлары арқылы революциялық ортаның қоғамдық пікірі де айыптаған жолмен өзгертуді көздеген бойкот жасау, іріткі салу және анархия туғызу саясаты болатын.

Бұл қарар Орталық Комитет оппозициямен тағы да келіс сөз бастаса екен деген тілек білдіреді. Партияға

толық іріткі салған келіс сөздің созылғанына бес айдан асты. Орталық Комитет жолдастық сенім білдіру үшін 1903 ж. 25 ноябрьде-ақ екі адамды кооптация жасауға келісуі арқылы өзінің ақтық сөзін айтқанын мәлімдеді.

Келіс сөздер жол жүруге орасан көп ақша қаражатын шығындап, өз жұмысынан қол үзген революционерлердің одан да гөрі маңызы зор күштері мен уақыттарын ысырап қылды.

Орталық Комитеттің өкілдері екі жақтан бірдей жаңа наразылық туғызатын, жаңадан орынға таласушылық туғызатын, тиімді жұмысқа адам айтқысыз кесірін тигізетін мұндай ұшы-қиыры жоқ келіс сөздерді қайтадан бастауға өздерін енді праволы емеспіз деп есептейді.

Біз мұндай келіс сөздердің партия өмірінің дұрыс өтуін толық тоқтататынына өте-мөте қатты көңіл бөлеміз.

Біз бұл келіс сөздер жөніндегі бүкіл жауапкершілікті Орталық Комитет азшылыққа жүктейді деп мәлімдейміз.

Біз қазіргі партиялық араздықтардан адал және дұрыс шығудың, орталықтардың құрамы үшін болып отырған бұл масқара күресті тоқтатудың дереу партия съезін шақырудан басқа ешқандай әдісін мүлде көре алмай отырмыз деп мәлімдейміз.

Сонымен бірге біз Плеханов жолдастың қарары қабылданғаннан кейін біздің бұрын ұсынылған қарарымыз шынында бекерге шығарылады және мүлде пайдасыз болып қалады деп есептейміз: сондықтан біз оны қайтарып аламыз.

Совет мүшелері

Н. Ленин
Ф. Васильев



Представители Ц.К. в Совете Партии считают своим долгом подать особое мнение по вопросу о резолюции тов. Плеханова.

Представители Ц.К. глубоко убеждены, что эта резолюция не только не устраняет партийных раздоров, вносящих известный фактический раскол в партийную организацию, а напротив еще более усиливает и раздувает их, создавая их хроническими, внося действительную дезорганизацию в центральные учреждения Партии.

Эта резолюция, по своей сущности, представляет из себя не что иное, как выражение желания меньшинства партийного съезда попасть в высший состав Ц.К., причем игнорируется прямо выраженное желание большинства пар-

В. И. Лениннің партия Советінің мәжілісінде 1904 ж. 17(30) январьда ұсынылған «Орталық Комитет өкілдерінің ерекше пікірі» деген қолжазбасының бірінші беті

Кішірейтілген

9

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ӨКІЛДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ ПІКІРІН ҚОРҒАП СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

17(30) ЯНВАРЬ

Біздің ерекше пікірімізде Советке қарсы бағытталған тіпті жалғыз ауыз болса да айыптау бар дегенге мен үзілді-кесілді қарсылық білдіремін. Бұлай деп түсіндіру мүлде дұрыс емес, ал Мартов жолдастың әрекеті біздің пікіріміздің еркіндігіне озбырлық жасау болып табылады; сонымен, оның қарары — заңсыз қарар [79].

10

КҮН ТӘРТІБІ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ

17(30) ЯНВАРЬ

Орталық Комитеттің өкілдері тағы бірнеше ұсақ мәселені талқылауға ұсынғысы келіп еді, бірақ мен съезд шақыру туралы мәселені алдын ала кезекке қоюды сұраймын.

11

ПАРТИЯНЫҢ III СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

17(30) ЯНВАРЬ

1

Съезд шақыру туралы мәселеге қосымша бірер ауыз сөз айтуға болады. Партияның хал-жайының сұмдық ауыр екендігі Советтегі жарыс сөздердің барысынан да көрініп отыр. Съезде бірдей дерлік екі топ құрылды, сондықтан «көпшіліктен» бір адамның кетуіне байланысты екі жақ толық теңелді, деп бірнеше рет көрсетілген болатын. Бұл тепе-теңдіктің партия съезінсіз бітімге қалай жеткізерін мен көре алмай отырмын. Мұндай ырың-жырыңның барып тұрған қолайсыздыққа апарып соқтыратындығына ешкім күмәнданбайды. *Екі жақтың екеуінде де* күресу пиғылы бар екендігі күдіксіз факт болып есептелуге тиіс. Осы жағдайлардың барлығының тұрғысынан қарағанда тек қана съезд шақырудан басқа ешқандай адал және дұрыс жол бар деп ойлауға болмайды. Мартов жолдас менің съезд шақыру туралы ұсынысымды жүзеге асыру жолында техникалық, финанстық және басқадай қиыншылықтар бар деп көрсетті, бірақ істің қазіргі жағдайы осы қиыншылықтардың бәрінен де анағұрлым нашар.

2

Мен Мартовпен келісе алмаймын; ол съездің міндеттерін теріс түсіндірді. Ол: алауыздықтар барлық жолдастардың арасында әлі анықталып болған жоқ, сондықтан да съездің шақырылуы межелесу және ұйым

жөніндегі жанжалды әдебиетте жазу процесін тоқтатып тастаған болар еді дегенді айтады. Менің ойымша, *принципті* алауыздықтарды нақ еркін түрде анықтау үшін дағдарысты жою керек, жағдайымызды ұрыс-керістерден тазарту керек, ал бұл үшін съезд шақыру қажет. III съезд күреске тыйым салу үшін емес, қайта оны қалыпты шеңберге түсіру үшін керек. Съезд принципті күреске тыйым салады-мыс деп айтудың өзі таңқаларлық нәрсе. Мен II съезде председательдің айтқан сөздерін еске саламын, ол сөздердің мағынасы мынада: тіпті біздің программамыздың өзі одан әрі дамытып, айқындай түсуді керек етеді [80]; бірақ пікірлердің принципті күресі табысты да жемісті болуы үшін нақ қазіргі кезде жоқ, басқа жағдайлар керек. Мен осында келтірілген тарихи салыстыруларға және «Рабочее Делоға» сілтеме жасауға қарсымын. Істің қазіргі жағдайы мен осыдан үш жыл бұрын болған жағдайы арасындағы айырмашылық мынада: ол кезде біртұтас партия әлі болмаса, қазір ондай партия бар. Бұл арада партияның бөлініп шыққан жартысы туралы сөз етіп отырғандардың тұрғысынан қарағанда, нақ осылардың тұрғысынан қарағанда қазіргі уақытта өз күшімізбен жоя алмай отырған қолайсыздықты жою үшін съезд шақыруға қарсы шығуға болмайды. III съезд осы қолайсыздықты жойып, пікірлер арасындағы күресті белгілі шеңберге салғанда ғана тиімді жұмыс істеп, принципті келіспеушіліктерді анықтауға болады.

3

Плеханов жолдас «күшті» дәлелін ашық айтты, бірақ бұл дәлелі дұрыс емес. Егер III съезд жікке бөлінуге әкеліп соқтырса, онда бұл көпшілікке бағынғысы келмегендік, бірге жұмыс істегісі келмегендік болып табылар еді, яғни іс жүзінде бізде партияның жоқ екендігін көрсетер еді. Травинский жолдастың дау-жанжалды бітіру жолындағы әрекетінің нәтижесіз болмағандығын жұрттың бәрі мойындады, ал Травинский сияқты жолдастар толып жатыр, съезде осындай жолдастар

бір-бірімен кездесіп, әңгімелесетін болады. Батыл күрес, тіпті толып жатқан дөрекіліктері бар үзілді-кесілді күрестің өзі әлі жікке бөлінгендік болып табылмайды. Егер бірлесіп жұмыс істеуге шын ниет болса, онда көпшіліктің еркіне, яғни съезге бағынуға да ниет болуға тиіс.

12

ПАРТИЯНЫҢ III СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

17(30) ЯНВАРЬ

Партия Советі, партия ішінде II съезден кейін болған және бес айдан астам уақыт бойы созылып келе жатқан мүлде жарамсыз және іріткі салушы қарым-қатынастарды тоқтатуға партияның орталық мекемелерінің күші жетпейтіндігіне көзі жетіп, партияның III съезін шақыруға қаулы етеді.

13

ПАРТИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

17(30) ЯНВАРЬ

1

Ақырынан бастайын. Мартов жолдас Орталық Комитеттің хаттарын [81], әсіресе ақша туралы хаттарын теріс түсініп, теріс баяндады. Ол бұл хаттар өзінің, Мартовтың, Травинскиймен жүргізген әңгімесінің жалғасы екенін естен шығарды. Мартовтың өзі бұл әңгіменің мазмұны туралы былай деп жазды: «Редакция мүшелерінің қолы жететін екі қордан партия үшін *жылына* алуға болатын ұйғарулы минимум ретіндегі 5—6 мың туралы мен Травинскийге де, сіздердің өздеріңізге де білдіргенмін». Менің айтатыным, Травинский бізге бұл соманың жыл бойында емес, бірден тұтас берілетіндігін хабарлаған, ендеше мұнда бір түсінбестік бар. Айта кетерлік факт сол, біз осы 5 мыңға үміт арттық және осыған сәйкес қаржыны орыс кассасы мен шетелдік кассаға бөлдік.

Мартов жолдастың айтуынша, ақшалы екі қордың екеуі де (айта кетейін, редакция (ашу үстінде) істің жайын қаншалық теріс баяндайтындығы мынадан да көрінеді: Мартов Орталық Комитетке жазған хаттарында тіпті «ақшалы қапшықтар» деген сөздерді тырнақшаға алып қолданды және осындай сөз тіркесін бізге кінә етіп тақты. Ал шындығында бұл сөз тіркесі біздікі емес, Мартовтікі) — мінеки, сол Мартов жолдастың айтуынша, ақшалы екі қордың екеуі де бізге белгілі. Иә, олар белгілі, бірақ әңгіме олардың белгілілігінде емес, қол жетерлігінде. Маған белгілісі, бір қор *жылына* 10 мыңға дейін, ал екіншісі 40 мыңға дейін бере алар

еді, бірақ бұдан не пайда, өйткені бұларға менің қолым жетпейді. Ақша қаражаттарына тыйым салушылық бұл қорларды қол жетерлік қорлардан *қол жетпес* қорларға айналдырудан көрініп отыр, ал мұның өзі партиялық күрестің мейлінше жол беруге болмайтын тәсілі болып табылады.

Оның үстіне, осы таяуда ғана Россиядан ақша алуға тиісті адамдарға қырсығын тигізген сәтсіздіктер болды. Мұнда ақша жоқ, Россиядан тез арада ақша алудың сәті түспейді, ал арнаулы агенттер жіберуге бірнеше жүз сом жұмсалады. Әрине, егер тағы да бір қырсықтар кездеспейтін болса, ақша қалай дегенмен алынады, бірақ тез арада алына қоймайды және әбден жеткілікті мөлшерде алынуы да екіталай.

Орталық Комитеттің хатында қорқыту болды деу мүлде дұрыс емес. Ешқандай қорқыту болған жоқ, өйткені Орталық Комитет Орталық Органды шығару туралы ылғи қамқорлық көрсетіп отырды. Жасырын кездесулер туралы Васильев жолдас жауап береді.— Біздің деректерімізге қарағанда, редакция Россияға өз агенттерін жіберетін көрінеді. Бұл — Орталық Органның өзінің ерекше кассасы барын білдіреді, ал мұның өзі партияны іс жүзінде жікке бөлгендік болады. Мұның өзі Орталық Комитеттің толық хабардар болуын және бүкіл *кассаның* да, практикалық істердің бүкіл ұйымдастырылуының да *бүтіндей* соның қолына берілуін талап ететін уставқа қайшы келеді. Орталық Орган жер-жерге кісі жіберетін және агентура белгілейтін өз орталығын, практикалық басшылық ететін және комитеттердің істеріне араласатын өз орталығын құрып, осы уставты сорақы түрде бұзып отыр. Партия уставына қайшы келетін мұндай агентура жұмысқа тікелей іріткі салады. Орталық Органның өзі үнемі тәртіпсіздік енгізіп отырғаннан кейін, Орталық Комитет іс жүргізу тәртібі үшін жауап бере алмайды және жауап бермейді де.— Бұл жөнінде істің жағдайын көрсететін Одесса мен Бакуден келген хаттар мынадай. 24 декабрьде Одессадан былай деп жазады: «Кеше бізде Загорский болды; ол редакция оны өз уәкілі ретінде жібергенін, соңғы оқиғалар туралы, келіс сөздер туралы, редакциядағы істер-

дің қазіргі жағдайы туралы, редакцияның материалдар жіберу, жазып тұру, листоктарға заказ беру немесе жалпы листоктарға арнап, сондай-ақ арнайы құрылған топ шығаратын кітапшаларға арнап тақырыптар жіберіп тұру жөніндегі өтініші туралы комитеттерге хабарлауды тапсырғанын айтты. Бұрынғының бәрін қайталап, азшылықтың дұрыстығын, ізгілігін, «ақпейілділігін» барынша дәлелдеп бақты. Комитет оның сөзін тыңдап болып, бірнеше сұрау берді, айтқандайын, одан — өз қызметіңізді Орталық Комитеттің ықтияры бойынша атқарып жүрсіз бе? — деп сұрады, ол бұған: иә немесе жоқ деп қысқаша, тура жауап қайырудың орнына, өзін өзі ақтап, редакция Орталық Комитеттің ықтиярынсыз да комитеттерге сөз салуға толық праволы деп дәлелдей бастады. Мәлімдемені нақ сол арада өзінің көзінше талқылап, қарар жазуды талап етті, бұл жөнінде комитет мәлімдемені еске алатынын, ал талқылау мен қарар жайына келсек, комитет мұны керек деп тапқан кезінде істейтінін, ал қазір кезекті істерге көшетінін айтты» [82]. Ал Бакуден келген 1 январьдағы хатта былай делінген: «Баку комитетіне Орталық Органның баяндамасымен және Орталық Комитетке сенімсіздік туғызуды көздеген ашық мақсатпен Мартын келді. Ол соңынан комитеттің пікірін білгісі келген кезде, оған біз Орталық Комитетке сөзсіз сенеміз деп жауап бердік. Ал ол Орталық Орган жөніндегі көзқарасты білгім келеді деп қарсы дау айтқан кезде, біз оған, мүдірместен, әлгінде ғана тыңдалған сөзден кейін (оның қызметі баяндалғаннан кейін) ол жөніндегі сеніміміз «қобалжығанын» ескерттік.

Орталық Орган Орталық Комитеттің құрамы туралы комитеттерге ғана емес, сонымен бірге жеке адамдарға да хабарлап (мәселен, Друянға хабарлады, ал бұл жөнінде Орталық Комитет Орталық Органға жазған хатында көрсеткен болатын), заңсыздық жасап және құпияны сақтамай отыр. Ал «өктемдік жасау қатынастарына» келсек, әңгіме нақ мынада: Мартов жолдас бұл арада мүлде әр түрлі екі нәрсені шатыстырып отыр. Тиімді жұмыс пен қаражат табу саласында өктемдік жасау қатынастарына (бойкот және басқалар) мүлде жол беруге болмайды, сондықтан Орталық Комитеттің

тарапынан мұндай қатынастар ешқашан болған да емес. Ал әдебиет саласында «соғысқа» жол беруге болады, сондықтан Орталық Органның айтысын ешкім ешқашан тежеген емес. Ескерте кетейін, тіпті едәуір бұрынақ Орталық Комитет Данның оппозиция ұрандары туралы хатын да, Мартовтың «Тағы да азшылықта» деген кітапшасын да, бұлардың екеуінде де Орталық Комитетке тиісушілік бар екеніне қарамастан, бастырып шығаруға әбден әзір екенін білдірген болатын.

Орталық Органның әдебиетін бастыруда Орталық Комитеттің тарапынан титтей де кідіріс болған емес. Орталық Комитеттің әдебиетті қате немесе алалап бөлген кезі, азшылықтың комитеттерін «ренжіткен» кезі бір рет те болған емес. Қайта, Травинский бәрінен бұрын азшылықтың комитеттері мол үлес алып отырғанын растап, дәлелдеді, сондықтан Мартов жолдас бұл салада Орталық Комитеттің қызметі мінсіз екенін мойындауға тиіс еді. Партия әдебиетін беруден бас тартушылыққа келсек, онда істің жайы былай. Партияның *әрбір* мүшесіне, ешбір алаламастан (егер ол өзінің құпияшылдығы және басқа жағынан сенім тудыратын болса) Россияға апару үшін және онда тарататын етіп Орталық Комитеттің агенттеріне тапсыру үшін әдебиет *тегін* беріледі. Бірақ өздерін партия мүшелері деп атауға батылы баратын және сонымен бірге әдебиетті жаппай тарату үшін Орталық Комитет агенттерінің қолына тапсырудан бас тартатын адамдар кездесіп қалатын болса, ондай адамдармен істес болуға Орталық Комитеттің мүмкіндігі (тіпті правосы да) жоқ екендігі түсінікті. Ал егер осы адамдар әдебиетті жалпы жұмысқа іріткі салатын өздерінің жеке майдагерлік кәсіпорындары үшін кейін сатып алып отырған болса, онда олардың өз соры.

Қолжазбамен салыстырылған протоколдық жазба бойынша басылып отыр

2

Экспедитордың бірінші және екінші хаттарында [83] қандай өрескелдік бар екенін тіпті түсіне алмаймын. Ол іс есебі үшін маңызы бар деректер сұрайды, ал ре-

дакция оның өтінішіне сәйкес жолдастық жауап қайырудың орнына, кілең бюрократтық сылтаумен тынды, сөйтіп оған қалай да жауап берілмеді. Мен Орталық Орган редакциясының Орталық Комитетке жазған хатының шынында да өрескел екені жөнінде мысал келтірейін. «Орталық Орган редакциясы мына фактіге Орталық Комитеттің назарын аударады: шетелде Орталық Комитеттің үш мүшесінің болуы ешқандай тиянақты іс тындырмайды және партия уставында көрсетілмеген жаңа ұйымдық орталық құруға әкеліп соғады, партия өміріне қалай да саясатқұмарлық енгізбей, іріткі салмай қоймайды...» Мұның өзі ешбір фактісіз, мәліметсіз тікелей *балағаттау* (саясатқұмарлық) ғой! Орталық Комитет бұған былай деп жауап қайырды: «Егер редакция тым ызалы қалыпта әрекет етпеген болса, шетелде Орталық Комитеттің қанша мүшесі бар екені туралы өз пікірлерінің өте орынсыз екенін оп-оңай көрген болар еді». Редакцияның осындай және басқа жөнсіз қылықтарына (әлде нендей бір «жасырын» баспа бар екен деген сияқты кісі күлерлік қылықтарына) Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі партиялық борышты есте сақтауға және әдеби айтыстан жік туғызуға сылтау боларлық әрекеттерді тоқтатуға шақыруымен ғана жауап қайырды» [84]...

Тіпті буржуазиялық баспалар да редакторларға *жүздеген* дана беріп отырады екен деген лақапқа келсек, мен, шынымды айтайын, естіген емеспін. Мартов жолдас, егер өз сөзін далаға кетсін демейтін болса, Дитцтен сұрап көрсін: ол тарату үшін Каутскийге «Neue Zeit»-тің 400 данасын бере ме екен? Немесе Зингерден, не Фишерден сұрасын: Граднауер де өз қаражатымен тарату үшін «Vorwärts»-тің [85] *200* данасын сұрата ма екен? Неміс социал-демократтары анархия мен ұйымның арасындағы айырманы түсінеді.

Ақша туралы мәселе сәтсіздікке дейін барып отыр, бірақ мен осы мәселенің қойылысындағы сәтсіздіктен туған өзгерісті ғана көрсеттім ғой.

Редакцияның жол берілетін айтысты жол берілмейтін бойкотпен қалай шатастырып отырғандығы мына жағдайдан өте-мөте айқын көрінеді. 4 январьдағы хатында,

ақша туралы сұрауымызға жауап бере келіп, редакция «орталық кассаны белсене қолдау жөнінде таныстар арасында оның насихат жүргізуін қиындататын жағдайлардың» ішінде мынаны ауызға алады: «Орталық Комитеттің агенттері және олардың қолдауындағы адамдар жиналыстарда редакцияның қазіргі құрамының заңсыздығы туралы зілді сөздер сөйлейді (оның бер жағында, бұл туралы Орталық Комитеттің мүшесі Лениннің хатында да айтылады...)». Қараңыздаршы, мұның өзі саяси ұғымдардың мейлінше өңін айналдырушылық емес пе! Ақша қорларын табу (немесе тыйым салу) туралы мәселе сөйленген сөздердегі және кітапшалардағы айтыс туралы мәселемен *біріктіріліп* отыр! Мұның өзі идеялық күресті орын жөніндегі араздықпен және ұрыс-керіспен шатастырушылық емей немене?! Редакцияның құрамын (және қызметін) партия мүшелерінің мақұлдауы немесе мақұлдамауы туралы мәселе «заңдылық» туралы мәселемен *шатастырылып* отыр! Мұның өзі бюрократтық формализм емей немене?! Әлбетте, Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі бұған былай деп жауап қайырды: «...Орталық Комитеттің өкілі ретінде мен редакцияға мынаны ескертуді қажет деп санаймын: шетелдегі рефераттарда сөйленген қызу сөздерге сүйеніп немесе әдеби айтысқа сүйеніп, *заңдылық, т. с.* туралы мәселе көтеруге ешқандай негіз жоқ... Егер редакция айтыста өзіне тиісушілік бар деп білетін болса, жауап беруге оның да толық әрі өте толық мүмкіндігі бар ғой. Бойкот туралы да, басқа бір лайықсыз (Орталық Комитеттің пікірінше) әрекет туралы да еш жерде сөз болмаса, айтыста пәлендей қатты (редакцияның пікірінше) сөздерге бола қызулану ақылға сыя ма...» [86] Шынында да, қандай да бір «қолдаулы» адамдар туралы сөз қылу тым ерсі-ақ... Бұл не деген сөз? Бұл неткен бюрократтық тіл? Рефераттарда сөйленген сөздерде Орталық Комитеттің не жұмысы бар? Бізде сөз сөйлеу бостандығы мен айтыс бостандығына тежеу салатын цензура жоқ. *Мұндай* күресті бойкоттан айырудың керек болмағаны ма?

Мартов жолдастың Одесса комитеті жайындағы (Орталық Органға хаттарды жіберу керек пе деп Орталық

Комитеттен сұрапты деген) әңгімесін мен көрінеу әзіл деп санаймын. Бұл туралы шындап сөз қылуға болмайды.

Қайталап айтамын, Орталық Комитет тарапынан азшылықты жұмыстан шеттеткендіктің бірде-бір фактісі ешқашан болған емес. Баса айтамын, әдебиетті қате, біржақты немесе алалап бөлу жөнінде қолында фактілер жоқ екенін Мартов жолдастың өзі де мойындап отыр.

Қолжазбамен салыстырылған протоколдық жазба бойынша басылып отыр

3

Мартов жолдас біздің тарапымыздан төңкеріс жасау қаупі бар деп білген. Бұл кісі күлерлік нәрсе. (Мартов: «Ал ультиматум ше?») Орталық Комитеттің «ультиматумы» Староверднің ультиматумына жауап еді[87]. Ультиматум — жақсы бітімнің өзімізге қолайлы шарттары жөніндегі біздің соңғы сөзіміз. Бар болғаны осы. Тек дертке шалдыққан қиял ғана біздің азшылыққа жазған жауабымызда төңкеріс жасауға ұмтылушылық бар дей алады; осы азшылық, күмән жоқ, партияны жікке бөліну халіне жеткізді. Ал көпшілікке төңкеріс туралы ойлайтын дәнеңе жоқ. Енді «Искраны» үлестіру жағына келсек, оның барлық номерлері мүмкіндігінше тыңғылықты үлестіріліп келді, ал егер қандай да бір комитет осы жөнінде өзін «ұмыт» қалды деп есептеген болса, онда бұл туралы Орталық Комитетке тек жолдастық жолмен ғана хабарлау керек еді. Мұндай хабарлар бізде әлі күнге дейін жоқ. Ал редакцияның комитеттерге жазған хаты — жолдастық әрекет емес, соғыс әрекеті.

Орталық Комитеттің пікірі — әдебиет үлестіру ісі бір қолдан өтуге тиіс, үлестіретін екінші орталықтың қажеті жоқ, зиянды да. Енді экспедитор жөнінде бірнеше сөз. Қайталап айтамын, экспедитор тек өз борышын адал орындағысы келгендігінен ғана және редакциядан жөн сұрағандығынан ғана айыпкер саналып отыр. Ал редакцияның «жұмысың болмасын!», «100 немесе 200

дана беріп отыр» деген және т. с. талаптарында іске нағыз сорақы қалыпта бюрократша қараушылықтың барлық белгілері бар.

Адрестер туралы айтатыным мынау ғана: редакцияға өзіне тиісті нәрсенің бәрі де берілген. Тек жеке адамдармен және ұйымдармен жазысқан хат-хабарлар ғана бөлініп алынды, ал басқалары редакцияға берілді. Тағы бір ескертетінім, Ұйымдастыру комитеті Лондонның өзінде-ақ ұйымдармен хат-хабар жазысу ісін түгелдей формальды түрде өз қолына алған болатын.

Шетелде Орталық Комитет мүшелерінің болуына қарап жаңа бір орталық бар деу — көрінеу ілікшілдік және Орталық Комитеттің дербес жүргізуіне тиісті жұмыс саласына бюрократтықпен қол сұққандық.

Қолжазбамен салыстырылған протоколдық жазба бойынша басылып отыр

4

Мартов жолдас уставты мүлде теріс пайымдайды. Орталық Орган толық әрі жан-жақты хабардар болуға тиіс,— устав та, істің игілігі де осыны керек етеді. Бірақ ұйымдастыру мақсаттарымен жер-жерге уәкілдер жіберу әдеті,— мәселен, Орталық Комитеттің ықтиярынсыз Одесса комитетіне Z-тің жіберілуі сияқты әдет,— партияның орталық екі мекемесінің арасында қызметтердің табиғи бөлінісін көрінеу бұзады. Мұның өзі әсте хабардар болу мүдделерінен де тумайды, тек қана қимыл бірлігін мүлде бұзып, тікелей іріткі салады. Мұндай әрекет партия істеріндегі былықты сөзсіз күшейте түседі және орталық екі мекемені қызметтеріне қарай бөлудің орнына практика жүзінде партияны екі жікке бөлгендік болады.

14

17(30) ЯНВАРЬДА ҰСЫНЫЛҒАН ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ

1.

Партия Советі Орталық Комитеттің ең таяу уақытта 5—6 мың сом ақша алуы үшін өзіне байланысты шаралардың бәрін мүмкіндігіне қарай тезірек қолдануды Орталық Органның редакциясынан сұрайды; бұл ақша туралы Орталық Орган мен Орталық Комитеттің арасында хат алысылған болатын, ал қазіргі уақытта Россиядағы соңғы сәтсіздіктердің салдарынан туған ерекше жедел жағдайларға байланысты бұл ақша орталық партия кассасына өте-мөте қажет болып отыр.

2

Партия Советі Орталық Орган редакциясының Орталық Комитеттің ризалығы мен ықтиярынсыз комитеттерге редакциядан уәкілдер жіберуін теріс деп санайды, өйткені бұлайша уәкілдер жіберу партияға іріткі салады және екі орталықтың арасындағы II съезд әбден белгілеп берген қызметтерді бөлісу тәртібін бұзады.

3

Партия Советі Орталық Орган редакциясының, Орталық Комитеттің ризалығынсыз, Орталық Комитеттің құрамы туралы комитеттерге деректер хабарлауын дұрыс емес деп санайды.

4

Партия Советі Орталық Орган редакциясы өкілдерінің Орталық Орган секретарына ол туралы Васильев жолдастың пікірін хабарлауын дұрыс емес деп санайды, өйткені партияның жоғары мекемесі ішіндегі кеңестердің бір бөлігі болып табылатын бұл пікір тек Совет мүшелеріне ғана айтылған-ды.

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕН [88]

«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитеті жанынан кітапхана мен архив» ұйымдастыру жөніндегі «Инициаторлар тобының» тамаша бастамасын шын жүректен құттықтай отырып, барлық жолдастардан және әлдеқашан толғағы жеткен осы іске тілек білдірушілерден осы күрделі әрі маңызды істі ұйымдастыру еңбегін өзіне алған біздің жолдастарға қолдан келетін жәрдемін көрсетуін өтініп сұраймыз.

РСДРП Орталық Комитеті

29 январь, 1904 ж.

1904 ж. январьда («Инициаторлар тобының» үндеуімен бірге) «Жұрттың бәріне» деген жеке листокта басылған

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯҒА [89]

Жолдастар! Біздің партияның ауыр дағдарысқа ұшырап отырғандығы қазір жұрттың бәріне белгілі, бұл жағдай біздің Орталық Органның беттерінде де тура және ашық айтылған.

Біз партияның барлық мүшелерін дағдарыстан мүмкіндігіне қарай неғұрлым тез және ауыртпалықсыз құтылу үшін қажетті жұмыстардың бәріне белсене, саналы түрде қатысуға шақыруды өз борышымыз деп есептейміз.

Партияның съезінде және — одан соң көп уақыт өткеннен кейін — Шетелдік лиганың съезінде партия съезінің көпшілігі жағында болған Плеханов жолдас енді «Искраның» 57-номерінде азшылықтың талаптарын жақтап отыр, Орталық Комитетті «қыңырлық» істеді, тек жауларға ғана пайда келтірерліктей көнбестік көрсетті, азшылықтың жақтастарын кооптация жасағысы келмеді деп айыптап отыр. Нақ осындай кооптацияны Плеханов жолдас тұп-тура «біздің позицияларымызды мейлінше әлсіретіп, толып жатқан жауларымыз бен дұшпандарымыздың позицияларын күшейтетіп ауыр дағдарыс халінен партиямызды құтқарудың бірден-бір амалы» деп біледі. Тек уставтың ғана үдесінен шығып қоймау керек,— дейді Плеханов жолдас, ол, сірә, осы ауыр дағдарыс халін айтып отырса керек,— сонымен қатар істің нақты жағдайымен де, партиядағы күштердің қазіргі арасалмағымен де санасу керек. Жұмысшыларды біріктіретін нәрсені емес, қайта оларды ыдыра-

татын нәрсені бірінші қатарға қоятын үйірмешілдік және доктринерлік көзқарастан жоғары тұру керек.

Бұл жалпы қағидалар сөзсіз орынды, сондықтан осы жалпы қағидаларды дұрыс қолдану үшін барлық социал-демократтардың фактілермен дәл танысуы ғана, істің жағдайын шындап пайымдауы ғана қалады.

Иә, біз қайткен күнде де, барлық күш-жігерімізді аямастан, ұзақ та қажырлы жұмыстан қорықпастан, партиямызды үйірмешілдіктен, мардымсыз сылтаулардан туатын келіспеушілік пен ыдыраушылықтан, дирижерлік таяқшаға бола жөнсіз, лайықсыз керілдесуден сауықтыруға тиіспіз. Партиямыздың II съезінен кейін партия ішінде өрістеген оқиғаларға қараңыздар. Біздің дертіміздің диагнозын қалтқысыз, ресми жалғандықсыз белгілеп, оны дұрыс емдеп жазу үшін ол дертті батыл ашып көрсете біліңіздер.

Екінші съездің протоколдары енді толық жарыққа шықты; партия мүшелері үшін Шетелдік лига съезінің протоколдары да басылып шықты. Партия әдебиеті қазірдің өзінде дағдарысымыздың бірталай көріністері мен белгілерін ашып корсетті, және де бұл жөнінде істелетін істер әлі де көп болғанымен, қазірдің өзінде-ақ кейбір қорытындылар жасауға болады және жасау керек те.

Екінші съезд біздің орталықтардың құрамы жөніндегі шиеленіскен күреспен бітті. 20 дауысқа қарсы 24 көпшілік дауыспен үш адамнан (Плеханов, Мартов және Ленин) Орталық Органның редакциясы сайланды және Орталық Комитет те үш жолдастан сайланды. Мартов сайлаудан бас тартты, бүкіл азшылықпен бірге Орталық Комитеттің сайлауына қатысудан бас тартты. Съездің өзінен бастап азшылықтың орталықтарға қарсы кескілескен күресі басталды, дирижерлік таяқшаға бола нағыз күрес басталды, үйірмешілдіктің партиялылыққа қарсы нағыз күресі басталды, ескі редакцияны қалпына келтіру үшін, Орталық Комитетке тиісті мөлшерде (азшылықтың пікірінше) мүшелер кооптация жасау үшін күрес басталды. Айлар бойы жүргізілген бұл күрестің барысында азшылық орталық орындардың басшылығымен жұмыс істеуден толық шеттетілді, бойкот жасалды

және кілең анархиялық уағыз өріс алды; ал мұның үлгілерін партия мүшелері Лига съезінің протоколдарынан керегінше табады. Бұл күрес көбінесе шетелде, тиімді жұмыстан және пролетариаттың саналы өкілдерінің қатысуынан өте-мөте аулақ негізде жүргізілді. Бұл күрес II съезде құрылған орталықтардың сансыз ұсақ наразылықтарды, жанжалдарды, кикілжіңдерді жою мақсатын көздеп сапар шегуге, жолығысуларға, келіс сөздер жүргізуге орасан көп күшін кетірді. Оппозицияның талаптары II съездегі болсын, жалпы партиядағы болсын күштердің ешқандай арасалмағымен санаспағандығы мынадан көрінеді: мәселен, Орталық Органның редакциясы (Плеханов пен Ленин) тіпті екі адамды коптация жасауға, яғни партия съезінің көпшілігі мен азшылығына тең өкілдік беруге ризалық білдірді. Ал оппозиция редакцияда басым көпшілік (екеуге төртеу) болуын талап етті. Сөзсіз және дереу жікке бөліну қаупі туғандықтан екі орталық, ақырында, дирижерлік таяқша жөніндегі талаптарға қатысы бар бірқатар кеңшіліктер жасады: редакция кооптацияланды, редакциядан және Советтеп Ленин отставкаға кетті, көпшіліктің бір мүшесі Советтен кетті [90], партия съезінде белгіленгендердің бәрін өз съезінде бұзған Шетелдік лига қайта құрылмай сол күйінде қалдырылды, оппозицияға Орталық Комитеттен екі орын ұсынылды.

Оппозиция бұл соңғы шартты қабылдамады. Ол, сірә, көп орын талап ететін болса керек, оның бер жағында, ол орындарға Орталық Комитет сайлайтын адамдарды емес, оппозицияның өзі көрсететін адамдарды қоймақ көрінеді. Мұндай талаптарды күштердің ешқандай арасалмағы, істің ешқандай мүдделері ақтай алмайды: тек жік тудырамыз деп қорқытушылық қана, қысымның тек бойкот тәрізді және ақша қаражатын бөгеу тәрізді тұрпайы-анайы амалдары ғана осы ультиматумдарға демеу болып отыр.

Осылайша орынға таласушылықтың, тиімді жұмыстан күшті аударып әкететін күрестің салдарынан партия мейлінше ыдырап, кері кетіп отыр. Егер азшылықтың принципті алауыздықтар дейтіні осы күресті жал-

ған бүркеніппен бүркейтін болса, онда партияның кері кетуі бұрынғыдан артық болмаса, кем болмайды.

II съездің барлық шешімдері мен барлық сайлауларын өздеріне сөзсіз міндетті деп санауға жұрттың бәрі бірауыздан келіскен еді — мұны сан рет үзілді-кесілді айтқан да болатын. Қазір азшылық іс жүзінде бүкіл уставты, бүкіл сайлауды бұзып отыр, қазір бірлесіп қабылдаған шешімдерді жақтайтын адамдар «формалист» болып шығады,— өз өкілдігін съезден алған әрбір адам «бюрократ» атанады,— партиядағы күштердің арасалмағын (біздің жалпы ризалығымыз бойынша) көрсеткен көпшілік дауысқа сүйенетін адам тұрпайы-анайы және кеңсешілдік көзқарастағы адам ретінде айыпталады. Кімде-кім съезде, барлық жолдастардың қалауы бойынша қызмет бабындағы адамдарды іріктеп алуға тиісті болғандықтан, кейбір редакторларды қызметшілердің жағдайына және Ұйымдастыру комитетінің кейбір мүшелерін қатардағы қызметкерлердің жағдайына көшірген болса, ондай адам партия мүшелерін тетікке, тегершікке айналдырған кінәлы адам болып шығады, т. б., т. т. Партия съезінің өзінде-ақ азшылықтың алған теріс, тұрлаусыз позициясы сөзсіз осы жалғандыққа ұшыратты, мұны біз әлдекімнің субъективтік еркімен болды деуден тіпті аулақпыз.

Осындай ыдыраушылыққа тыйым салатын уақыт жеткен жоқ па? Партиямыздың тағдырын қымбат санайтын әрбір адам осыны ойласын.

Орталық орындар үшін жүргізіліп отырған осы күреске, бүкіл жұмысымызға іріткі салуға әсер етіп отырған осы орынқұмарлық егестерге үзілді-кесілді тыйым салатын уақыт жеткен жоқ па? Айлар бойы жүргізілген келіс сөздерден кейін оппозициямен жаңа келіс сөздерді қайта-қайта жаңғырту, Орталық Комитет сыңаржақтық немесе қыңырлық істеді деп қайта-қайта мәселе көтеру орынды ма? Редакцияны кооптация жасау арқылы бітім қамтамасыз етілген сияқты болып көрінгеннен кейін бұл мәселені қозғау біздің Орталық Органның сыңаржақтығы мен қыңырлығы туралы, тіпті партияға қарсылығы туралы мәселені сөзсіз қайта-қайта жарыққа шығарып отыр ғой. Орталық орындардың құ-

рамы жөніндегі осы лайықсыз егесті қашанға дейін жүргізе бермекпіз? Және де екі жақтың бірінің талаптары әділ екендігі туралы мәселені біз қалай шеше аламыз? Бұл әділдіктің өлшемі қайсы? Өздерінің жікке бөлінуге ұмтылуында және жікке бөлінуді тікелей әзірлеуінде іс жүзінде ерекше қатаң болып шыққан «солқылдақтарды» көнімсіз деп есептемей, съезде шешілген нәрселердің өте және өте көбіне кеңшілік жасаған «табандыларды» көнімсіз деп қалай есептемекпіз?

Жолдастар осы сорақы жағдайдан қалай құтылу керек екендігін ойласын. Орталық Комитет Орталық Органдағы министрлікті алмастыру бітімге келтіреді деп үміттенген еді. Таласушы жақтар тым алшақтап кеткен кезде, дирижерлік таяқшаға бола жүргізілген күрес түп-тура жікке бөлінуге әкелген кезде,— тағы да бір үміт қалған еді: бір-бірімізге бөгет жасамау үшін, бір партияда жұмыс істей отырып, егес атаулыны бірте-бірте әлсірету үшін, «дертті» мәселелерді қозғамау үшін немесе сирек қозғау үшін әйтеуір қалай болса да ірге айыру мүмкіндігі қалған еді. Орталық орындардың бөлінуі аздап болса да дағдарыстың тыйылуын қамтамасыз ететін сияқты еді: азшылықтың өз Орталық Органы болды және, партияда өзін «жат» санамай-ақ, сол органның төңірегіне еркін топталуға, өз пікірлерін еркін таратуға, өзінің партиялық жұмысын еркін жүргізуге мүмкіндігі бар еді. Көпшілікте де орталықтың болуы (немесе Орталық Комитетте көпшіліктің басым болуы) көпшілікті де біраз қанағаттандырғандай еді. Орталық орындар үшін күрес тоқтатылып, келіспеушіліктер мен пікір алалықтарын таза принципшілдікпен түсіндіруге жұмсалатын реті бар еді.

«Искраның» Орталық Комитетке кооптация жасау туралы мәселе қозғауы бұл үмітті жойып отыр. Орындарға бола жүргізілетін, бізде жиіркеніш сезімін туғызатын сауданы қайта бастауды біз енді мүмкін нәрсе деп есептемейміз. Егер азшылық ендігі жерде жоғары орындарда отырмайынша, партияда жұмыс істеуге мүлде қабілетсіз болатын болса, біз, бұдан басқа жол жоқ болса, тіпті *барлық* дирижерлік таяқшаларды азшылыққа беріп қоюды да мақұл көрер едік. Біздің мұндай қа-

дам жасауға әзірлігіміз қозғалысымыздың жаңа, жексұрын дерті созалаң түрге енген сайын,— осы ұсақ керістер, неғұрлым ұсақ болса, соғұрлым адам төзгісіз керістер, үйреншікті нәрсеге айналған сайын күшейе түсіп отыр.

Бірақ біз әуелі партияның пікірін мүмкіндігінше неғұрлым анық білсек дейміз, революцияшыл қауымның, әсіресе Россиядағы революцияшыл қауымның қоғамдық пікірімен де санассақ дейміз. Біз жолдастарды біздің «дағдарысымыз» туралы мәліметтерді мұқият қарап, зерттеуге, партиядағы істердің қазіргі жағдайын барлық жағынан бағалап, қозғалған барлық мәселелер жөнінде пікір айтуға шақырамыз.

1904 ж. ерте дегенде 18(31) январьда жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің X жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРЫС ПРОЛЕТАРИАТЫНА [91]

Соғыс басталды. Жапондар орыс әскерлерін қазірдің өзінде бірқатар жеңілістерге ұшыратып үлгірді, ал енді патша үкіметі осы жеңілістер үшін кек алуға барлық күшін жұмсауда. Соғыс округтары бірінен соң бірі мобилизацияланууда, ондаған мың солдаттар Қиыр Шығысқа асығыс жөнелтіліп жатыр, шетелде жаңа заем туралы келісім жасауға жанталасып күш салуда, әскери ведомствоға қажетті жұмыстарды тездеткені үшін мердігерлерге күніне бірнеше мың сомнан сыйлық беруді уәде етіп отыр. Халықтың бүкіл күші аса зор көлемде жұмылдырылуда, өйткені басталған күрес ойыншық емес, өте жақсы қаруланған, соғысқа өте жақсы әзірленген, өзінің ойынша, еркін ұлттық дамудың өте-мөте қажет шарттары үшін күресіп жатқан 50 миллион халыққа қарсы күрес ойыншық емес. Мұның өзі деспоттық және мешеу үкіметтің саяси жағынан еркін және мәдениет жағынан тез ілгері басушы халыққа қарсы күресі болады. 1877—1878 жылдарда әлсіз Түркиямен болған соғыс, орыс халқына соншалық қымбатқа түскен соғыс енді басталып отырған соғыспен салыстырғанда түк емес еді.

Орыс жұмысшысы мен шаруасы қазір жапондарға қарсы өлімге бел байлап не үшін күресіп жатыр? Маньчжурия мен Корея үшін, орыс үкіметі басып алған осы жаңа жер үшін, «Сары Россия» үшін күресіп жатыр. Орыс үкіметі басқа державалардың бәріне Қытайдың дербестігін сақтауға уәде берді, Маньчжурияны 1903

Россійская Соціальдемократическая Рабочая Партія.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Къ русскому пролетаріату.

Война началась. Японцы успѣли уже нанести русскимъ войскамъ рядъ пораженій, и теперь царское правительство напрягаетъ всѣ силы, чтобы отмстить за эти пораженія. Мобилизуются одинъ за другимъ военные округа, десятки тысячъ солдатъ спѣшно отправляются на Дальній Востокъ, заграницей дѣлаются отчаянныя усилія заключить новый заемъ, подрядчикамъ обѣщають премію по нѣскольку тысячъ рублей въ день за ускореніе работъ, необходимыхъ для военнаго вѣдомства. Всѣ силы народа подвергаются величайшему напряженію, ибо борьба начата нешуточная, борьба съ 50-ти милліоннымъ народомъ, который превосходно вооруженъ, превосходно подготовленъ къ войнѣ, который борется за настоятельно необходимыя, въ его глазахъ, условія свободнаго національнаго развитія. Это будетъ борьба деспотическаго и отсталаго правительства съ политически свободнымъ и культурно быстро прогрессирующимъ народомъ. Война съ хилой Турціей въ 1877-78 годахъ, обошедшаяся такъ дорого русскому народу, была ничтожна по сравненію съ начатой теперь войной.

Изъ-за чего же борется теперь не на жизнь, а на смерть, русскій рабочій и крестьянинъ съ японцами? Изъ-за Манджуріи и Кореи, изъ-за этой новой земли, захваченной русскимъ правительствомъ, изъ-за „Желтороссіи". Русское правительство обѣщало всѣмъ другимъ державамъ сохранять неприкосновенность Китая, обѣщало отдать Манджурію Китаю не позже 8 октября 1903 г. и не исполнило этого обѣщанія. Царское правительство настолько уже зарвалось въ своей политикѣ военныхъ приключеній и грабежа сосѣднихъ странъ, что идти назадъ оно уже оказалось не въ силахъ. Въ „Желтороссіи" настроены крѣпости и гавани, проведена желѣзная дорога, собраны десятки тысячъ войска.

Но какая же польза русскому народу отъ этихъ новыхъ земель, пріобрѣтеніе которыхъ стоило столько крови и жертвъ и будетъ стоить еще гораздо больше? Русскому рабочему и крестьянину война сулитъ новыя бѣдствія, потерю бездны человѣческихъ жизней, раззореніе массы семей, новыя тягости и налоги. Русскому военному начальству и царскому правительству война кажется обѣщающей военную славу. Русскому купцу и промышленнику-милліонеру война кажется необходимой, чтобы отстоять новые рынки для сбыта товаровъ, новыя гавани въ свободномъ незамерзающемъ морѣ для развитія русской торговли. Голодающему мужику и безработному рабочему у себя дома не продать много товаровъ, надо искать сбыта въ чужихъ земляхъ! Богатства русской буржуазіи созданы обнищаніемъ и раззореніемъ русскихъ рабочихъ, — и вотъ, чтобы увеличить еще болѣе эти богатства, рабочіе должны теперь своею кровью добиваться того, чтобы русская буржуазія могла безпрепятственно покорять и кабалить работника китайскаго и корейскаго.

Интересы алчной буржуазіи, интересы капитала, готоваго продать и раззорить свою родину въ погонѣ за прибылью, — вотъ что вызвало эту преступную войну, несущую неисчислимыя бѣдствія рабочему народу. Политика деспотическаго правительства, которая попираетъ всѣ человѣческія права и держитъ въ рабствѣ свой народъ, — вотъ что привело къ этой азартной игрѣ кровью и достояніемъ русскихъ гражданъ. И въ отвѣтъ на бѣшенные военные клики, въ отвѣтъ на „патріотическія" манифестаціи холоповъ денежнаго мѣшка и лакеевъ полицейской нагайки сознательный соціальдемократическій пролетаріатъ долженъ выступить съ удесятеренной энергіей съ требованіемъ: „Долой самодержавіе!" „Пусть будетъ созвано народное учредительное собраніе!"

Царское правительство зарвалось до такой степени въ своей азартной игрѣ военныхъ приключеній, что поставило на карту слишкомъ, слишкомъ многое. Даже въ случаѣ удачи, война съ Японіей грозитъ полнымъ истощеніемъ народныхъ силъ — при совершенной ничтожности результатовъ побѣды, ибо другія державы также не позволятъ Россіи воспользоваться плодами побѣды, какъ не позволили онѣ этого Японіи въ 1895 году. А въ случаѣ пораженія, война приведетъ прежде всего къ паденію всей правительственной системы, основанной на темнотѣ и безправіи народа, на угнетеніи и насиліи.

Кто сѣетъ вѣтеръ, тотъ пожнетъ бурю!

Да здравствуетъ братское единеніе пролетаріевъ всѣхъ странъ, борющихся за полное освобожденіе отъ ярма международнаго капитала! Да здравствуетъ японская соціальдемократія, протестовавшая противъ войны! Долой разбойническое и позорное царское самодержавіе!

Центральный Комитетъ
Россійской Соціальдемократической Рабочей Партіи.

Просятъ перепечатывать.

РСДРП Орталық Комитетінің В. И. Ленин жазған «Орыс пролетариатына» деген листогы.— 1904 ж.

Кішірейтілген

жылғы 8 октябрьден кешіктірмей Қытайға беруге уәде етті, бірақ бұл уәдесін орындамады. Патша үкіметінің соғыс оқиғалары жөніндегі және көрші елдерді тонау жөніндегі өз саясатында қазірдің өзінде шектен шығып кеткені соншалық, енді ол кейін шегінуге шарасыз болып отыр. «Сары Россияда» қамалдар мен гаваньдар салынды, темір жол тартылды, ондаған мың әскер жиналды.

Бірақ иемдену үшін соншалық қан төгіліп, құрбандықтар жасалған және әлі бұдан да көп қан төгіліп, құрбандықтар жасалатын бұл жаңа жерлерден орыс халқына қандай пайда? Орыс жұмысшысы мен шаруасын соғыс жаңа бақытсыздықтарға, қисапсыз адам қырғынына, толып жатқан семьялардың күйзелуіне, жаңа ауыртпалықтар мен салықтарға ұшыратады. Соғыс орыс әскер басшылары мен патша үкіметіне әскери даңқ әперетіндей болып көрініп отыр. Орыс көпесі мен өнеркәсіпші-миллионерге соғыс товарларды өткізуге керекті жаңа рыноктарды, орыс саудасын өрістетуге керекті бос жатқан қатпайтын теңіздегі жаңа гаваньдарды қорғап қалу үшін қажетті соғыс болып көрініп отыр. Аш мужик пен жұмыссыз отырған жұмысшыға өз елінде көп товар сата алмайды, товар өткізу орнын жат жерден іздеу керек! Орыс буржуазиясының байлығы орыс жұмысшыларының қайыршылануы және күйзелуі арқылы жасалған,— міне, осы байлықты одан сайын молайту үшін, жұмысшылар енді өз қанын төгу арқылы: қытай қызметшісі мен корей қызметшісін кедергісіз бағындырып, құл етуге орыс буржуазиясының қолын жеткізуі тиіс.

Ашқарақ буржуазияның мүдделері, пайдаға құнығып, өз отанын сатып жіберуге және күйзелтуге әзір тұрған капиталдың мүдделері — міне осылар жұмысшы халықты қисапсыз бақытсыздыққа ұшырататын осы қылмысты соғысты туғызып отыр. Адамның барлық праволарын аяққа басып, өз халқын құлдықта ұстап отырған деспоттық үкіметтің саясаты—міне осы саясат орыс азаматтарының қаны мен игілігін осылай есіре ойыншық етуге әкеліп соқтырды. Ал құтырынған әскери сұрқиялар тобына қарсы, ақшалы қалтаның құлдары мен

полицейлік қамшы малайларының «патриоттық» манифестацияларына қарсы саналы социал-демократиялық пролетариат үсті-үстіне еселенген жігермен бой көрсетіп: «Самодержавие жойылсын!», «Халықтық құрылтай жиналысы шақырылатын болсын!» деген талаптар қоюға тиіс.

Патша үкіметінің соғыс әрекеттері жөнінде шектен шығып әуейіленіп кеткені соншалық, тым-ақ көп нәрсені қауіп-қатерге ұшыратып отыр. Тіпті Жапонияға қарсы соғыс сәтті болып шыққанның өзінде халық күштерінің әбден титықтау қаупі туып отыр — ал жеңіс нәтижелері мүлде түкке тұрғысыз болады, өйткені басқа державалар жеңіс нәтижелерін 1895 жылы Жапонияның пайдалануына жол бермегені сияқты [92] Россияның пайдалануына да жол бермейді. Ал жеңіліп қалған жағдайда соғыс ең алдымен халықтың қараңғылығы мен правосыздығына, езгі мен зорлық-зомбылыққа негізделген бүкіл үкіметтік системаның құлауына әкеліп соқтырады.

Жел тілеген дауылға тап болар!

Халықаралық капиталдың бұғауынан толық құтылу жолында күресуші барлық елдердің пролетарларының туысқандық бірлігі жасасын! Соғысқа қарсы шыққан жапон социал-демократиясы жасасын! Қарақшы және масқара патша самодержавиесі жойылсын!

Россия Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясының Орталық Комитеті

1904 ж. 3(16) февральда жазылған

1904 ж. февральда жеке листок болып басылған

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНАН КЕТУІМНІҢ МӘН-ЖАЙЫ ТУРАЛЫ [93]

Женева, 20 февраль, 1904 ж.

Қадірлі жолдастар!

Сіздер өз кітапшаңызда менің «Искра» редакциясынан шығуыма себеп болған мән-жайды сөз еткендіктен, мен сіздерден Плеханов жолдастың 1904 ж. 29 январьда Мартов жолдасқа жазған, Мартовтың «қоршау жағдайымен» күресу туралы кітапшасында басылған хатына қайтарған жауабыма өз кітапшаңыздың қосымшасынан орын беруді сұраймын.

Плеханов жолдас менің редакцияға жазған хатымда істің баяндалуы *дәл емес* деп біледі *. Алайда ол *бірде-бір нақты* түзету берген жоқ, бере алмас та еді. Ол менің баяндағанымды екеуіміздің арамызда болған жеке әңгімені *бұрыс* көрсету арқылы ғана толықтырған.

Жалпы айтқанда, мен екеу ара әңгімелерге сүйенудің өзі елеулі дәлелдердің жоқтығының айқын белгісі деп есептеймін. Таяуда Плеханов жолдас Мартов жолдастың екеу ара әңгімелерге сүйенгені жөнінде қандай пікірде болған болса (Лиганың протоколдары, 134-бет), мен қазір де сондай пікірдемін, атап айтқанда, мұндай әңгімелерді «дәл келтіру» мүмкін бола қоймайды және бұлар жөніндегі «айтыс» *«ешбір нәтиже бермейді»* деген пікірдемін.

Бірақ Плеханов жолдас біздің екеу ара әңгімелерімізді келтіргеннен кейін, мен оны түсіндіріп, толықтыруға

* Қараңыз: осы том, 103—110-беттер. *Ред.*

өзімді праволы деп есептеймін, оның бер жағында, бұл әңгімелер үшінші адамдардың көзінше болған еді.

Мен кооптацияға қалай да риза болмаған күнде, Плеханов жолдас өзінің отставкаға кетуге ұйғарғаны * туралы айтқан бірінші әңгіме Лига съезі біткен күні, кешке және келесі күні таңертең партия Советінің екі мүшесінің көзінше болды. Әңгіме оппозицияның талабына көну мәселесі жайында болды. Плеханов көну қажет деп талап етті, өйткені ол партия Советінің ешқандай қаулысына оппозицияның бағынбайтыны және партияның дереу біржола жікке бөлінуі мүмкін екені күмәнсыз деп есептеді. Мен Лигада болған оқиғадан кейін, оның съезінде Орталық Комитет өкілінің шаралары қабылданғаннан кейін (ал Плеханов жолдас ол шаралардың әрқайсысын талқылауға қатысып, оларды түгел мақұлдаған болатын) анархиялық индивидуализмге көну мүмкін емес, ал айрықша әдеби топтың бой көрсетуі (Плехановпен әңгімелескен кездерімде, оның пікірімен санаспастан, мен мұны әбден жөні бар нәрсе деп талай рет айтқанмын), бәлкім, әлі де жікке бөлінушілік бола қоймас дегенді айттым. Ал әңгіме екеуіміздің біріміздің отставкаға шығуымызға келіп тірелген кезде, Плехановтың жанжалды тындыру әрекетіне, ол жік деп санаған нәрседен құтылу әрекетіне бөгет болмау үшін, мен кетейін деп сол арада-ақ айттым.

Енді Плеханов жолдастың маған ілтипатшыл бола қалғаны сонша, менің әрекетімнен ең сужүрек айлакерліктен басқа ниеттер таба алмапты. Менің осы қасиетімді ең көрнекті бояулармен суреттеп көрсету үшін Плеханов жолдас маған: «Егер тіпті Плеханов та онымен айрылысқан болса, сірә, Лениндікі теріс шығар деп әркім-ақ айтар» деген сөздерді таңады.

Бояуы қалың-ақ, не дерің бар! Қалыңдығы сонша, тіпті Плеханов жолдастың өзі де байқамай отырған көрінеу үйлесімсіздікке әкеліп соқтырады. Егер мен «әр-

---

* Плеханов жолдас, дәл айтам деп, сәл асыра сілтеп жіберіпті, ол: Плехановтың кооптация жасауды *шешуге* правосы болған жоқ, өйткені кооптация устав бойынша бірауыздылықты керек етеді, дейді. Бұл — түзету емес, ілікшілдік, өйткені устав, бірауыздылық болмаған кезде, көптеген адамдар тек көз алдау үшін ғана тым жиі қабылдайтын және іс-әрекетке айналмайтын *шешімдерге* емес, белгілі ұйымдастыру *әрекеттеріне* тыйым салады.

кім» Плехановтікі дұрыс деп табады (Плеханов жолдастың өзі жөнінде кішіпейілділікпен ойлағанындай) деп сенген болсам, егер мен сол әркімнің пікірімен санасу қажет деп есептеген болсам, онда бір айқын нәрсе сол — мен Плехановпен ешқашан ажыраспаған болар едім, мен бұл ретте де оның соңына ерген болар едім. Плеханов жолдас менің әрекетімді ең жаман ниеттерден туатын, барып тұрған жексұрын әрекет етіп көрсетуге тырысып, маған *ешбір мағынасы* жоқ ниетті әкеліп таңады. Қандай мәселеде болса да, менің Плехановпен ажырасудан қорыққаным соншалық болыпты-мыс, мен онымен ажырасып кетіппін. Плеханов жолдастың мұнысы қиюласып жатқан жоқ.

Шынында менің ойым мынадай еді: мен-ақ шығайын, әйтпесе менің айрықша пікірім Плехановтың бітім жасасу *әрекеттеріне* кедергі болады. Ондай әрекеттерге менің бөгет жасағым келмейді: бәлкім, біз бітім шарттарына келісерміз де, бірақ шетелдегі үйірмешілдер кандидаттарын *осылайша* теліп отырған редакция үшін жауап беруді мүмкін деп есептемеймін.

Бірнеше күннен кейін мен Советтің бір мүшесімен бірге шынында да Плехановқа бардым; Плеханов екеуіміздің әңгімеміз мына түрде өтті:

— Білесіз ғой, кейде бір ұрысқақ зайыптар болады,— деді Плеханов,— олардың айтқанына көну қажет, әйтпесе долданып алып, жұрттың көзінше бажылдап жанжал шығарады.

— Солай болуы мүмкін,— дедім мен,— бірақ көнгенде, бұдан да үлкен «жанжалға» жол бермеу үшін күшіңді өз бойыңда сақтайтындай болып көну керек.

— Ал кету дегеніңіз — бәріне де көну деген сөз,— деп жауап берді Плеханов.

— Ылғи олай бола бермейді,— дедім де, мен Чемберленді мысалға алдым. Менің баспасөз жүзінде айтқан ойымның өзі де нақ осы еді: егер Плеханов көпшілікке де, Плехановтың өзі қатарында ұзақ әрі жігерлі күрес жүргізген көпшілікке де, қолайлы татулық орната алса, онда мен де соғысты бастамаймын; егер олай ете алмаса, *тіпті* Плеханов та тыныштандырып, жуасыта

алмаған күнде, «ұрысқақ зайыпты» әшкерелеу үшін қимыл жасауға мүмкіндігім болады.

Сол әңгіменің кезінде мен Плехановқа (оппозицияның шарттарын ол әлі білмейтін еді) Орталық Комитетке енуді өзімнің «шешкенім» туралы айттым (менің мұны «шешуіме» болатын еді, бірақ, әлбетте, Орталық Комитеттің барлық мүшелері ризалық беруге тиісті еді). Тіпті қандай негізде болса да «ұрысқақ зайыппен» үйлесу жөніндегі соңғы әрекет ретінде бұл жоспарды Плеханов толық ұнатты. 1903 ж. 6 ноябрьде Плехановқа жазған хатымда мен оған: сіз, бәлкім, редакцияны мартовшылдарға жай бере саларсыз * дегенімде, Плеханов (8 ноябрьде) былай деп жауап қайырды «...Сіз, байқауымша, менің ой-ниеттерімді нашар ұғынған сияқтысыз. Мен кеше ой-ниетімді Васильев жолдасқа тағы да түсіндірдім» (Васильев Орталық Комитеттің мүшесі, Лиганың съезінде болған). Плеханов нақ сол Васильев жолдасқа 10 ноябрь күні «Искраның» съезд туралы хабар басылған 52-номерін шығаруды тездету немесе кідірте тұру мәселесі жөнінде былай деп жазды: «...Съезд туралы хабар басудың өзі: 1) не Мартов және басқалар «Искраға» қатыспайды деп хабар басқандық болады; не 2) бұл жөнінде Мартовқа ризалық бермегендік болады,— онда ол бұл туралы айрықша листокта басып шығарады. Осы екі реттің екеуінде де мұның өзі жұртшылықты жік туралы хабарландырады, *ал қазір біз нақ осыдан қашуымыз керек»* (курсив менікі. *Н. Л.)*. 17 ноябрьде Плеханов нақ сол жолдасқа былай деп жазады: ...«Мартовты және басқаларды дереу кооптация жасау туралы Сіз не ойлайсыз? Маған мұның өзі істі онша қиындатпай тындыру әдісі болар деген ой келді. *Мен Сізсіз әрекет істегім келмейді»...* (курсив Плехановтікі).

Плехановтың көпшілікпен бірлесіп әрекет жасауға тырысатыны, редакцияны әсте көпшілікпен соғысу үшін емес, тек бітім үшін ғана және тек бітім болатын күнде ғана кооптация жасағысы келетіні осы үзінділерден айқын көрінеді. Ал керісінше болып шыққан бол-

* Қараңыз: Шығармалар, 34-том, 185-бет. *Ред.*

са, мұның өзі тек анархиялық индивидуализмнің арбасы бойкот пен іріткішілдік тактикасында тым қатты кеткендігін ғана көрсетті; ең мықты тормоздар да әсер ете алмады. Бұл, әлбетте, өте өкінішті нәрсе болды, сөйтіп бітімді шын ниетімен көздеген Плеханов ұнамсыз жағдайда қалды; ал бұл жөніндегі айыпты жалғыз маған аударудың жөні жоқ.

Менің лайықты «эквивалент» үшін үндемеуге көнуім туралы Плехановтың айтқан сөздеріне және: «Мен оның үндемеуін сатып алуды керек деп таппадым» деген паңдық мәлімдемесіне келетін болсақ, мұндай айтыс тәсілі оныншы ноябрьдегі хаттан мен цитат етіп келтірген сөздермен салыстырғанда тек қана күлкілі әсер етеді. Нақ Плехановтың өзі үндемеу жайындағы, жік туралы жұртты хабардар етпеу жайындағы мәселеге орасан зор маңыз берген болатын *. Егер оған бітім бола қалған күнде, бұған өзімнің ризалығымды білдірсем, бұдан табиғи не бар? «Эквивалент үшін» көну туралы және «сатып алу» туралы әңгімелерге қарағанда, ендігі жолы Плеханов осындай сатып алу ісіне арнап Лениннің жалған ақша әзірлеп жатқандығы туралы жұртқа хабарлар деп күтуге тура келеді. Эмигранттық егестерде осылай болды ғой — қолайлы жағдай да бар.

Плеханов жолдастың хаты: өзінің азшылықта болу правосын енді *сатып алуына* тура келмес пе екен? — деген еріксіз ой туғызады. Партиялық орган дейтіндегі азшылықтың тактикасы қазірдің өзінде анықталып отыр. Біздің келіспеушілігімізге шын себеп болған талас мәселелер мен фактілерді бүркеуге тырысу керек. Мартынов «Искраға» Лениннен анағұрлым жақын болды деп дәлелдеуге тырысу керек, — дәл қалай, дәл неліктен және дәл қаншалық жақын болғанын жаңа «Исқраның» шатасқан редакциясы әлі де ұзақ талқылайды. Айтыста жеке кісілерді жәдігөйлікпен сөгу ке-

* A propos (— Айтпақшы. *Ред.*) Лига протоколдарын және партия съезі протоколдарының *аяғын* жарияламауды өте-мөте қатты талап еткен Плехановтың өзі болатын; сол протоколдардың аяғында Плеханов ескі редакция деп аталатынға қарсы тікелей дауыс беру үшін бүкіл адамгершілік жауапкершілікті өз мойныма аламын дейді, тағы да сол протоколдардың аяғында ол: партия әдеби күштері жағынан жарлы емес деп сенім білдіреді, — бұл мәлімдемені азшылық өкілдерінің бірі жалған классиктік стильдегі көпірмелі жел сөз деп атады.

рек,— сөйтіп іс жүзінде бүкіл күресті жеке кісіге қарсы жорыққа айналдыру керек, тіпті «дұшпанға» ең рабайсыз бірбеткейліктен бастап, ең сужүрек айлакерлікке дейінгі өте үйлесімсіз әбес сипаттарды тақудан да тайынбау керек. Тек неғұрлым батымды болса болғаны. Ал біздің жаңа одақтастардың, Плеханов пен Мартов жолдастардың сөздерінің батымдылығы соншалық, олар тез арада атақты «сілімтірлерімен» қоса атақты бундшылдардан ешбір қалыспайды. Одақтастардың өз броненостарынан мені өршелене атқылап жатқандығы соншалық, маған мынадай ой келеді: бұл — сұмдық үштіктің үштен екісінің жасаған қастандығы емес пе? Мен де жәбірленгенси қойсам қайтеді? «Қоршау жағдайы» туралы байбалам салсам қайтеді? Мұның өзі кейде өте қолайлы да, өте тиімді де болады ғой...

Тегінде, азшылықтың шын жақтасы болуы үшін Плеханов жолдастың, сірә, тағы да кішкене екі қадам жасауына тура келетін сияқты: біріншіден, съезде Мартов пен Аксельрод жолдастар жақтаған (ал енді олар қарысып ауызға алмай отырған) уставтың бірінші параграфының тұжырымы оппортунизмге қарай қадам басқандық емес, буржуазиялық индивидуализмнен сескенушілік емес, қайта жаңа, нағыз социал-демократтық, акимовтық-мартовтық, мартыновтық-аксельродтық ұйымдық көзқарастардың дәні болып табылады деп мойындауы керек. Екіншіден, съезден кейін азшылыққа қарсы күрес партия тәртібін өрескел бұзушылыққа қарсы, тек қана ызаңды келтіретін үгіт тәсілдеріне қарсы күрес емес, анархизм мен анархиялық сөзге қарсы (Лига протоколдарының 17, 96, 97, 98, 101, 102, 104-беттерін және басқа көптеген беттерін қараңыз) күрес емес, қайта «қоршау жағдайына», бюрократизмге, формализмге, т. б. қарсы күрес еді деп мойындауы керек.

Бұл сияқты талас мәселелерді қазір баспаға әзірленіп жатқан кітапшада менің кеңінен сөз қылуыма тура келеді [94]. Ал әзірше... әзірше, оқушыларға жұмбақ айтуды әдетке айналдырған біздің басшы органымыз ашқан гогольдік кейіпкерлердің галереясына көз салайық. Барша жұрттың намысына тиетін, сүйелін баса беретін тік бақай Собакевичке кім ұқсайды? Өлі жандар-

мен қоса үндемеуді де сатып алатын айлакер Чичиковқа кім ұқсайды? Ноздрев пен Хлестаковқа, Манилов пен Сквозник-Дмухановскийге [95] кім ұқсайды? Өте қызық, тәлім аларлық жұмбақтар... «Принципті айтыс»...

Н. Ленин

1904 ж. «Орыс революциялық социал-демократиясының Шетелдік лигасы екінші съезінің протоколдарына түсініктер» деген кітапшада басылған. Женева

Кітапшаның қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

БІРІНШІ МАЙ [96]

Жұмысшы-жолдастар! Бірінші май күні жақындап келеді, бұл күні барлық елдердің жұмысшылары өздерінің саналы өмірге қарай ояна бастағанын мейрамдайды, өздерінің зорлықтың бәріне және адамды адам езуінің бәріне қарсы күресте, миллиондаған еңбекшілерді аштықтан, қайыршылықтан және қорлықтан азат ету жолындағы күресте біріккенін мейрамдайды. Бұл ұлы күресте екі дүние: капитал дүниесі мен еңбек дүниесі — қанау мен құлдық дүниесі, туысқандық пен азаттық дүниесі біріне бірі қарсы тұр.

Бұл екі дүниенің бір жағында ат төбеліндей жатып ішер байлар тұр. Олар фабрикалар мен заводтарды, құралдар мен машиналарды басып алып отыр. Олар миллиондаған десятина жер мен орасан көп ақшаны өздерінің жеке меншіктеріне айналдырып отыр. Олар үкімет пен әскерді өздерінің итаршысы болуға, өздерінің жинаған байлығының адал сақшысы болуға мәжбүр етіп отыр.

Екінші жағында — миллиондаған бақытсыз бейшаралар тұр. Олар байлардан жалданып жұмыс істеуге рұқсат етуді сұрануға тиіс. Барлық байлықты өз еңбектерімен осылар жасайды, сөйте тұрып өздері бір тілім нан үшін барлық өмірін сарп етеді, қайыр-садақа тілегендей болып жұмыс сұрайды, қара тер болып еңбек етіп күштері мен денсаулықтарын жояды, деревня лашықтарында, үлкен қалаларда подвалдар мен шардақтарда жүріп ашығады.

Міне осы бақытсыз бейшаралар мен еңбекшілер байлар мен қанаушыларға қарсы соғыс жариялап отыр. Барлық елдердің жұмысшылары еңбекті жалдама құлдықтан, қайыршылық пен жоқшылықтан азат ету жолында күресуде. Олар жалпы еңбекпен жасалған байлық ат төбеліндей байлардың пайдасына кетпей, барлық еңбекшілердің пайдасына жұмсалатын қоғам құру үшін күреседі. Олар жерді, фабрикалар мен заводтарды, машиналарды барлық қызметкерлердің ортақ меншігіне айналдыруға тырысады. Олар байлар мен кедейлердің болмауын, еңбек жемісінің еңбек етуші адамға берілуін, адам ақыл-ойы барлық табыстарының, жұмыстағы барлық жетістіктердің қызметкерді езудің құралы болмай, жұмыс істеуші адамның тұрмысын жақсарту құралы болуын тілейді.

Еңбектің капиталға қарсы ұлы күресі барлық елдердің жұмысшыларына орасан зор құрбандыққа түсті. Өздерінің жақсы өмір сүру және нағыз бостандық алу правосын қорғау жолында олар қисапсыз көп қан төкті. Үкімет жұмысшы ісі жолында күресушілерді қисапсыз қудалауға ұшыратты. Бірақ, ешқандай жазаға қарамастан, бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының одағы өсіп, нығайып келеді. Жұмысшылар социалистік партияларға барған сайын тығыз бірігіп келеді, социалистік партияларды жақтаушылардың саны миллионға дейін көтерілді, сөйтіп, олар қадам басқан сайын қанаушы-капиталистер табын толық жеңуге қарай үздіксіз жақындап келеді.

Жаңа өмірге қарай орыс пролетариаты да оянды. Осы ұлы күреске ол да келіп қосылды. Біздің жұмысшыларымыз өздерінің бұғаулы тұрмысынан қалай шығудың жолын білмей, өздерінің каторгалық өмірінен жарық сәуле көрмей, маңдай терін үн қатпай төккен күндер артта қалды. Ол жолды социализм көрсетіп берді, сөйтіп мыңдаған күрескерлер жарық жұлдызға қарай бет алғандай, қызыл туға қарай лек-легімен беттей бастады. Стачкалар жұмысшыларға одақтың қандай күші бар екенін көрсетті, олар жұмысшыларды тойтарыс беруге үйретті, олар ұйымдасқан жұмысшылардың капитал үшін қандай қатер екенін көрсетті. Капиталистер мен

үкіметтің жұмысшылар еңбегімен өмір сүріп және байып отырғанын олар өз көздерімен көрді. Жұмысшылар бірігіп күрес жүргізуге, бостандық пен социализмге қарай ұмтылды. Патша самодержавиесінің қаншалықты зұлым және дүлей күш екенін жұмысшылар түсінді. Жұмысшыларға күресу үшін кеңістік керек, ал патша үкіметі олардың қол-аяғын бірдей байлап-матап отыр. Жұмысшыларға еркін жиналыстар, еркін одақтар, еркін кітапшалар мен газеттер керек, ал патша үкіметі бостандыққа ұмтылушылықтың қандайын болса да түрме, қамшы және штык арқылы басып отырады. «Самодержавие жойылсын!» деген ұран бүкіл Россияға жайылды. Бұл ұран көшелерде, көп мыңдаған жұмысшылар қатынасқан жиналыстарда барған сайын жиі қайталанып отырды. Өткен жылдың жазында Россияның бүкіл оңтүстігінде он мыңдаған жұмысшылар көтеріліске шықты, олар жақсы тұрмыс үшін, полициялық езгіден құтылу үшін күреске көтерілді. Орасан ірі қалалардың бүкіл өнеркәсібін бір-ақ сермеп тоқтатқан айбатты жұмысшы армиясын көргенде буржуазия мен үкімет шошып кетті. Жұмысшы ісі үшін ондаған күрескерлер ішкі жауға қарсы аттанған патша әскерлерінің оғына ұшты.

Бірақ бұл ішкі жауды ешқандай күштің жеңуі мүмкін емес, өйткені билеуші таптар мен үкімет тек осылардың еңбегі арқылы ғана өмір сүріп отыр. Барған сайын саналы болып, барған сайын бірігіп және ұйымдасып отырған миллиондаған жұмысшыларды жеңіп ала қоярлық күш жер бетінде жоқ. Жұмысшылардың әрбір жеңіліске ұшырауы күрескерлердің қатарын жаңадан жасақтап отырады, бұқараның бұрынғыдан да гөрі қалың тобын жаңа өмірге талпынуға, жаңа күреске әзірленуге мәжбүр етеді.

Ал Россия қазір мынадай оқиғаларды басынан кешіріп отыр: жұмысшы бұқараның бұл оянуы бұдан да гөрі тез және бұдан да гөрі кең мөлшерде болатыны сөзсіз, мұндай жағдайда біз барлық күшті пролетариат қатарын топтастыру үшін, оны бұдан да гөрі батыл күреске дайындау үшін жұмсауымыз керек. Соғыс саяси істер мен мәселелерге пролетариаттың ең артта қалған

жіктерінің де назарын аударады. Соғыс самодержавие тәртібінің барынша шірік екенін, Россияны басқарып отырған полициялық және патша ордасының төңірегіндегі қарақшылар тобы барынша қылмысты екенін барған сайын айқын, барған сайын көрнекі етіп әшкерелеп отыр. Біздің халқымыз өз елінде қайыршылыққа ұшырап, аштықтан қырылып жатыр,— ал оны басқа халық мекендеп отырған және мыңдаған шақырым алыста жатқан бөтен елдің жаңа жерін басып алуы үшін күйзеліске ұшырататын әрі мағынасыз соғысқа тартып отыр. Біздің халқымыз саяси құлдықтан жапа шегіп отыр,— ал оны жаңа халықтарды құл ету үшін соғысқа тартып отыр. Біздің халқымыз ішкі саяси тәртіптерді қайта құруды талап етіп отыр,— ал оның көңілін дүниенің басқа бір шетінде зеңбірек даусымен алаңдатып отыр. Бірақ патша үкіметі өзінің елірген ойынында, халықтың игілігін және Тынық мұхиттың жағасында қырғынға ұшырап жатқан жас күштерді қылмысты түрде талан-таражға салуында тым өрескелдік жасап отыр. Соғыстың қандайы болса да халықтың күшін көп жұмсауды талап етеді, ал мәдениетті және ерікті Жапониямен аса қиын соғыс Россияның орасан зор күш жұмсауын талап етеді. Және мұндай күш жұмсау полициялық озбыр өкіметтің ірге тасы ояна бастаған пролетариаттың соққысынан теңселіп-шайқалған уақытқа тура келіп отыр. Соғыс үкіметтің барлық әлсіз жақтарын әшкерелейді, соғыс оның жалған бет перделерін жұлып тастайды, соғыс оның ішкі шіріктігін ашып көрсетеді, соғыс патша самодержавиесінің сорақылығын асқындырып әкеліп, бұл сорақылықты барша жұрттың және әрбір адамның көзіне бадырайтып көрсетеді, соғыс ескі Россияның, правосыз, қараңғы және артта қалған Россияның, полициялық үкіметке крепостнойлық тәуелділікте қалып отырған Россияның жанталасуын барша жұртқа көрсетеді.

Ескі Россия жойылып барады. Оның орнына ерікті Россия келеді. Патша самодержавиесін күзеткен дүлей күштер құрып барады. Бірақ бұл дүлей күштерге өлтіре соққы беру тек саналы, тек ұйымдасқан пролетариаттың ғана қолынан келеді. Халыққа нағыз, жасанды

емес бостандықты алып беру тек саналы, ұйымдасқан пролетариаттың ғана қолынан келеді. Халықты алдауға, оның праволарын кемітуге, оны буржуазияның жай ғана қол шоқпары етуге тырысқан әрекеттердің қандайына болса да тойтарыс беру тек саналы, ұйымдасқан пролетариаттың ғана қолынан келеді.

Жұмысшы-жолдастар! таяуда болатын шешуші күреске еселенген жігермен әзірленейік! Социал-демократтардың — пролетарлардың қатары берік топтаса берсін! Олардың уағыздары мейлінше кең өріс алып, кең жайыла берсін! Жұмысшылардың талаптары үшін жүргізілетін үгіт жұмысы батыл өрге бассын. Бірінші май мейрамы біздің қатарымызға мыңдаған жаңа күрескерлерді тартатын болсын және бүкіл халықтың бостандығы жолындағы, барлық еңбекшілердің капитал қанауынан азат етілуі жолындағы ұлы күресте біздің күшімізді еселейтін болсын!

Сегіз сағаттық жұмыс күні жасасын!

Халықаралық революциялық социал-демократия жасасын!

Қылмысты және қарақшы патша самодержавиесі жойылсын!

1904 ж. 2(15) апрельде жазылған

1904 ж. апрельде өзгертіліп жеке листок болып басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БІР АДЫМ ІЛГЕРІ, ЕКІ АДЫМ КЕЙІН

(БІЗДІҢ ПАРТИЯМЫЗДАҒЫ ДАҒДАРЫС)[97]

1904 ж. февраль-майда жазылған

1904 ж. майда Женевада жеке кітап болып басылған

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр; бұл текст қолжазбамен және мына жинақтың текстімен салыстырылған: Вл. Ильин. «12 жыл ішінде», 1907

N LENIN. Ein Schritt vorwärts, zwei Schritt rückwärts
(Über die Krise in unserer Partei)

Россійская Соціальдемократическая Рабочая Партія

Н. ЛЕНИНЪ.

Шагъ впередъ, два шага назадъ

(Кризисъ въ нашей Партіи).

ЖЕНЕВА
Типографія Партіи. Rue de la Coulouvreniere. 27.
1904

В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының мұқабасы.— 1904 ж.

Кішірейтілген

АЛҒЫ СӨЗ

Ұзаққа созылған, қажырлы, қызу күрес болып жатқанда, әдетте біраз уақыт өткеннен кейін, түйінді, негізгі даулы мәселелер көзге айқын көріне бастайды; науқанның түпкілікті нәтижесі де сол мәселелердің шешілуіне байланысты болады және бұлармен салыстырғанда, күрестің барлық ұсақ-түйек, кіші-гірім оқиғалары барған сайын кейінге қалдырыла береді.

Жарты жылдан бері партияның барлық мүшелерінің назарын қатты аударып отырған біздің партия ішіндегі күресіміздің жайы да дәл осындай. Бүкіл күрес жайында оқушыларға ұсынылып отырған очеркте менің маңызы жоқтың қасы, толып жатқан ұсақ-түйектерге, іс жүзінде түк мәні жоқ көптеген ұрыс-керістерге тоқталып өтуіме тура келгендіктен, міне сол себепті, мен ә дегеннен-ақ оқушылардың назарын нағыз түйінді, негізгі екі пунктке аударғым келеді, бұлардың мәні орасан зор, сөзсіз тарихи маңызы бар және бұлар біздің партиямыздың күн тәртібіне қойылып отырған ең көкейтесті саяси мәселелер болып табылады.

Мұндай бірінші мәселе — біздің партиямыздың «көпшілік» және «азшылық» болып бөлінуінің саяси маңызы туралы мәселе, ол партияның екінші съезінде қалыптасты және орыс социал-демократтарының бұрынғы бөлінулерінің бәрін әлдеқайда кейінге ысырып тастады.

Екінші мәселе — жаңа «Исқраның» ұйымдық мәселелер жөніндегі позициясының принциптік маңызы ту-

ралы мәселе, өйткені бұл позиция шынында да принциптік позиция болып табылады.

Бірінші мәселе — біздің партиялық күресіміздің бастама пункті, оның шыққан жері, оның себептері, оның негізгі саяси сипаты туралы мәселе. Екінші мәселе — сол күрестің ақырғы нәтижелері туралы, оның немен тынғаны туралы, принциптер саласына жататынның бәрін қосқанда және ұрыс-керістер саласына жататынның бәрін шегеріп тастағанда шығатын принциптік қорытынды туралы мәселе. Бірінші мәселе — партия съезіндегі күреске талдау жасаумен, екіншісі — жаңа «Искраның» жаңа принциптік мазмұнына талдау жасаумен шешіледі. Менің кітапшам мазмұнының оннан тоғызын алып отырған бұл екі талдау мынадай қорытындыға келтіреді: «көпшілік» — біздің партиямыздың революциялық қанаты, ал «азшылық» — оппортунистік қанаты; қазіргі уақытта осы екі қанатты айырып отырған алауыздықтар, негізінен, программалық және тактикалық мәселелерге емес, тек қана ұйымдық мәселелерге келіп тіреледі; жаңа «Искра» өз позициясын тереңдетуге неғұрлым тырыса түскен сайын, бұл позиция кооптациядан туған ұрыс-керістерден неғұрлым тазара түскен сайын, жаңа «Искрадан» соғұрлым айқын көрініп отырған көзқарастардың жаңа жүйесі ұйымдық мәселелердегі оппортунизм болып табылады.

Біздің партия дағдарысы туралы қолда бар әдебиеттің басты кемшілігі — фактілерді зерттеп, баяндау саласында, партия съезінің протоколдарына мүлдем дерлік талдау жасалмауы, ал ұйымдық мәселенің негізгі принциптерін айқындау саласында, бір жағынан, уставтың бірінші параграфын тұжырымдаудағы және бұл тұжырымды жақтаудағы Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың негізгі қателері және «Искраның» ұйымдық мәселе жөніндегі қазіргі принциптік көзқарастарының бүкіл «жүйесі» (өйткені бұл арада әңгіме жүйе туралы болуы мүмкін) арасындағы күмәнсыз байланысқа талдау жасалмауы. «Көпшілік» әдебиетінде бірінші параграф туралы таластардың маңызы сан рет атап көрсетілсе де, «Искраның» қазіргі редакциясы бұл байланысты тіпті байқамайтын сияқты. Шынына келгенде, Аксельрод

жолдас пен Мартов жолдас бірінші параграф жөніндегі өздерінің бастапқы қателерін енді тереңдетіп, дамыта, кеңейте түсіп отыр. Шынына келгенде, бірінші параграф туралы таластың өзінде-ақ оппортунистердің ұйымдық мәселедегі бүкіл позициясы байқала бастады: олардың берекесіз, мықтап топтаспаған партия ұйымын жақтауы да, олардың партия съезіне, съезд құрған мекемелерге сүйене отырып, партияны жоғарыдан төмен қарай құру идеясына («бюрократтық» идеяға) қарсылығы да, кезкелген профессордың, кезкелген гимназистің, «әрбір стачкашының» өзін партия мүшесімін деп санауына мүмкіндік беріп, олардың төменнен жоғары қарай жүруге ұмтылуы да, олардың партия мүшесінен партия таныған бір ұйымда болуды талап ететін «формализмге» өшпенділігі де, олардың «ұйымдық қатынастарды сөз жүзінде тануға» ғана дайын тұратын буржуазияшыл интеллигенттің психологиясына бейімдігі де, олардың оппортунистік терең ойшылдыққа, анархиялық құрғақ сөзге әуестігі де, олардың централизмге қарсы автономизмге ұмтылуы да, бір сөзбен айтқанда, қазіргі күнде жаңа «Искрада» мейлінше етек алып отырған, сөйтіп бастапқыда жасалған қатені барған сайын толық және айқын көрсетуге жәрдемдесетіп нәрселердің бәрі аңғарыла бастады.

Ал партия съезінің протоколдарына келсек, оларға мүлде орынсыз көңіл бөлмеушілікті тек қана біздің таласымыздың ұрыс-керістермен былығып кеткендігінен және де, бәлкім, бұл протоколдарда нағыз шындықтың тіпті көп екендігінен деп түсіндіруге болады. Партия съезінің протоколдары — дәлдігі, толықтығы, жан-жақтылығы, байлығы және айнымас шындығы жағынан алғанда, біздің партиямыздағы шын жағдайды көрсететін, қозғалысқа қатысушылардың өздері бейнелеген көзқарастарды, пиғылдар мен жоспарларды көрсететін, партия ішіндегі саяси сарындарды, олардың салыстырмалы күштерін, олардың өзара қарым-қатынастарын, олардың күресін көрсететін, іздесең таптырмайтын бірден-бір дерек. Нақ сол партия съезінің протоколдары, тек осы протоколдар ғана бізге бұрынғы ескі, жалаң үйірмешілдік байланыстардың барлық қалдықтарын

шынында қаншалық жойғанымызды және олардың орнына біртұтас ұлы партиялық байланысты қаншалық орната алғанымызды көрсетеді. Партияның әрбір мүшесі, егер ол өз партиясының ісіне саналы түрде қатысқысы келсе, біздің партия съезін мұқият зерттеуге, шын мағынасында зерттеуге міндетті, өйткені құлаш-құлаш протоколдардың шикі материалын құр оқып шығу съездің жайын суреттеп бере алмайды. Тек өздігінен мұқият зерттеу арқылы ғана сөйленген сөздердің қысқаша конспектілерін, жарыс сөздердің құрғақ мазмұндамаларын, ұсақ (шамасы, ұсақ) мәселелер жөніндегі ұсақ керістерді жинақтап, бір бүтінге айналдыруға болады, партия мүшелерінің алдында әрбір аса көрнекті шешеннің бейнесі көз алдындағыдай болып көрінетін етуге болады, партия съезіндегі делегаттардың әрбір тобының бүкіл саяси пішіні айқындалатын етуге болады (солай ету керек те). Егерде мұны жазған адам партия съезінің протоколдарын өздігінен кең түрде зерттеуге ең болмаса түрткі салса, онда ол өз еңбегін зая кетпеді деп санайды.

Социал-демократияның қарсыластары жөнінде тағы бір ауыз сөз айта кетелік. Олар біздің таласымызға зер сала отырып, табалайды, мәз болады; олар, әрине, біздің партиямыздың кемшіліктерін, олқылықтарын көрсетуге арналған менің кітапшамның кей жерлерін үзіп-жұлып, өз мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Орыс социал-демократтары ұрыстарда әбден шыныққан, сондықтан олар мұндай шымшуларға таңданбайды, қайта, өзара сын және өз кемшіліктерін аямай ашу жөніндегі жұмыстарын жүргізе береді, жұмысшы қозғалысының өсуі бұл кемістіктерді қалайда және сөзсіз жеңіп шығады. Ал бізге қарсы мырзалар өз «партияларындағы» жағдайдың *шын* бейнесін, біздің екінші съездің протоколдарында бейнеленген жағдайға тым болмаса жанамалап ұқсайтын бейнесін бізге көрсетіп берсінші!

Н. Ленин

1904 жылғы май.

а) СЪЕЗДІ ӘЗІРЛЕУ

24 сағаттың ішінде әркім өз төрешісіне лағынет айтуға праволы деген нақыл сөз бар. Біздің партия съезі де, басқа қандай партияның қандай да болсын съезі сияқты, басшылық қызметке таласқан және жеңіліп қалған кейбір адамдарға төреші болды. Енді осы «азшылық» өкілдері іш-бауырды елжіретер аңқаулықпен, «өз төрешілеріне лағынет айтып отыр» және қайтсе де съезді кемсітіп, оның маңызы мен беделін түсіруге тырысуда. Бұл ниет съездің «тәңірлік» құдіреттілігі туралы идея жөнінде шала бүлініп, ашу шақырған Практиктің «Искраның» 57-номеріндегі мақаласында тым айқын көрінген шығар деймін. Бұл — жаңа «Искраның» өзгеше бір белгісі, сондықтан оны айтпай өтуге болмайды. Негізінен съезд *қабылдамай тастаған* адамдардан құралған редакция, бір жағынан, өзін әлі «партиялық» редакция деп атап келеді, ал екінші жағынан, съезд — тәңірі емес дейтін кісілерге құшағын жайып отыр. Сөз-ақ емес пе? Иә, мырзалар, съезд, әрине, тәңір емес, бірақ съезде жеңілгеннен *кейін,* оны «сөге» бастаған адамдар туралы не ойлау керек?

Расында да, съезді әзірлеу тарихының басты-басты фактілерін еске түсіріп көріңіздерші.

О бастан-ақ «Искра» өзінің газетті шығару алдындағы 1900 жылғы анонсында *: бірігуден бұрын, ажырасуымыз керек, деп жариялаған болатын. «Искра» 1902

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 384—390-беттер, *Ред.*

жылғы конференцияны [98] партия съезіне емес, жай кеңеске айналдыруға тырысты *. «Искра» 1902 жылдың жазы мен күзінде өте сақ қимылдап, сол конференцияда сайланған Ұйымдастыру комитетін қайта құрды. Ақырында, ажырасу ісі бітті,— біткенде, біздің жалпы ұйғаруымызша бітті. Ұйымдастыру комитеті 1902 жылдың ең аяқ шенінде құрылды. «Искра» оның нығаюын құттықтап, өзінің 32-номеріндегі *редакциялық* мақаласында: партия съезін шақыру — *ең қажетті*, ең шұғыл іс, деп мәлімдеді **. Сонымен, екінші съезді шақыруда асығыстық жасау жөнінде бізді бәрінен де гөрі аз кінәлауға болады. Біз шынында: жеті рет өлшеп, бірақ кес, деген ереже бойынша қимылдадық; жолдастарға сенуге біздің толық адамгершілік правомыз болды, бір кесілгеннен кейін, олар жылап-сықтамас және қайта өлшеп жатпас деп ойладық.

Ұйымдастыру комитеті екінші съездің уставын мейлінше ұқыпты жасады (формалистік, бюрократтық деген сөзсымақтармен қазір өздерінің саяси тұрлаусыздығын бүркемелеп жүргендер бұл уставты формалистік, бюрократтық устав дер еді), бұл уставты барлық комитеттерден өткізді және, ақырында, оны бекітті, сөйтіп 18-параграфта мынадай қаулы алды: «съездің барлық қаулылары және оның өткізген барлық сайлаулары барлық партия ұйымдары үшін міндетті партия шешімі болып табылады. Оларға ешкім, ешқандай сылтаумен қарсылық білдіре алмайды және оларды тек келесі съезд ғана жоя алады, не өзгерте алады» ***. Кезінде, өзінен-өзі солай болуы керек сияқты үнсіз қабылданылған, өте орынды көрінген бұл сөздер енді қазір «азшылыққа» шығарылған нақ үкімдей, оғаш естіліп отырғаны рас емес пе! Мұндай параграф қандай мақсатпен жасалып еді? Тек қана формальдылықты сақтау үшін бе? Әрине, жоқ. Бұл қаулы қажет сияқты болды және шынында да қажет еді, өйткені партия бірқатар бытыраңқы және өз алдына дербес топтардан құралған-ды, олардың съезді мойындамай кетуін күтуге болатын еді.

* Қараңыз: екінші съездің протоколдары, 20-бет.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 97—99-беттер. *Ред.*

*** Қараңыз: екінші съездің протоколдары, 22—23 және 380-беттер.

Бұл қаулы күллі революционерлердің нағыз *ізгі ниетін* бейнеледі (бұл жөнінде қазір жұрт өте жиі және соншалықты орынсыз сөз қылып, қыңыр деген теңеу тағуға неғұрлым лайықты нәрсені ізгі ниетті деген терминмен сыпайылап сипаттап жүр). Бұл қаулы барлық орыс социал-демократтарының бір-біріне берісен *уәделі сөзіне* пара-пар болды. Ол съезге байланысты қыруар еңбектің, қауіп-қатердің, шығынның зая кетпеуіне, съездің күлкіге айналмауына кепілдік беруге тиіс еді. Ол съезд шешімдері мен *сайлауын* мойындамаудың қандайын болса да о бастан-ақ *сенімді бұзу* деп бағалады.

Съезд тәңір емес және оның шешімдері — киелі нәрсе емес, деп жаңалық ашқан жаңа «Искра» кімге күледі? Оның ашқан бұл жаңалығында «жаңа ұйымдық көзқарастар» бар ма, әлде тек ескі ізді жасырмақ болған жаңа әрекеттер ғана ма?

б) СЪЕЗДЕГІ ЖІКТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Сонымен, съезд әбден мұқият әзірленгеннен кейін, өкілдіктің мейлінше толық болуы негізінде шақырылды. Жалпы жұрттың съезд құрамын дұрыс деп тануы және оның шешімдері *сөзсіз* орындалуға тиіс деп табуы председательдің съезді заңдастырып алғаннан кейін сөйлеген сөзінде де айтылды (протоколдар, 54-бет).

Съездің басты міндеті не еді? «Искра» ұсынып, дайындаған принциптік және ұйымдық негіздерде *шын мәніндегі* партияны құру еді. «Искраның» үш жылғы қызметі және оны комитеттер көпшілігінің тануы съездің дәл осы бағытта жұмыс істеуі керектігін алдын ала белгілеген болатын. Искралық программа мен бағыт партияның программасы мен бағыты болуы керек еді, искралық ұйымдық жоспарлар партияның ұйымдық уставында баянды етілуі керек еді. Бірақ мұндай нәтижеге күрессіз жетуге болмайтыны өзінен-өзі түсінікті: съезде өкілдіктің толық болуы «Искраға» қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізген ұйымдардың да (Бунд пен «Рабочее Дело»), «Искраны» басшы орган деп сөз жүзінде ғана танып, іс жүзінде өздерінің ерекше жоспарларын

көздеген және принцип жағынан тұрақсыздығымен көзге түскен ұйымдардың да («Южный рабочий» тобы және кейбір комитеттердің соған қосылған делегаттары) съезге қатысуын қамтамасыз етті. Мұндай жағдайда съезд *искралық бағыттың жеңуі жолындағы күрес майданына* айналмай тұра алмады. Съездің шынында да осындай күрес болғаны,— оның протоколдарын азды-көпті көңіл қоя оқыған адамның қай-қайсысына болса да ап-анық көрінеді. Ал біздің қазіргі міндетіміз — съезде әр түрлі мәселелерден білінген басты-басты жіктерді қадағалап байқау, сөйтіп протоколдардың дәл мәліметтері бойынша, съездің негізгі топтарының әрқайсысының саяси бейнесін көз алдымызға елестету. Съезде «Искраның» басшылығымен біртұтас партия болып біріккелі отырған топтар, бағыттар, сарындар қандай еді?— жарыс сөз бен дауыс беруге талдау жасау арқылы біз, міне, осыларды көрсетуіміз керек. Біздің социал-демократтардың іс жүзінде не екенін зерттеу үшін де, ажырасудың себептерін түсіну үшін де бұл жағдайды анықтаудың орасан зор маңызы бар. Міне сондықтан да мен Лига съезінде сөйлеген сөзімде және жаңа «Искра» редакциясына жазған хатымда дәл осы әр түрлі жіктерге талдау жасауды бірінші кезекке қойып отырдым *. «Азшылық» өкілдерінен шыққан менің оппоненттерім (бастығы Мартов болып) мәселенің мәнісін мүлде түсінбеді. Олар Лига съезінде оппортунизмге қарай бет бұрғандары жөнінде өздеріне тағылған айыптан «ақтала отырып», жеке түзетулер енгізумен ғана қанағаттанды және маған қарсы съездегі жіктердің *қандай да болсын басқа бір* пішінін көрсетуге тіпті тырыспады. Енді келіп, Мартов «Искрада» (№ 56) съездегі әр түрлі саяси топтардың дәл шегін айыруға бағытталған әрекеттің бәрін жай «үйірмешіл аярлық» деп көрсетпек болады. Күшті айтылған, Мартов жолдас! Бірақ жаңа «Искраның» күшті сөздерінің бір айрықша қасиеті бар: съезден бастап, ажырасудың барлық себептерін дәлме-дәл келтірсек болғаны, бұл күшті сөздердің бәрі *толығымен және ең алдымен* қазіргі редакцияға

---

* Қараңыз: осы том, 43—55, 103—110-беттер. *Ред.*

қарсы бағытталады. Үйірмешіл аярлық туралы мәселе қозғап отырған партиялық редакторлар деп аталатын мырзалар, өздеріңізге үңіліп бір қараңыздаршы!

Съездегі күресіміздің фактілері Мартовқа осы күнде есте жақпайды, сондықтан ол мұны мүлдем бүркеп тастауға тырысады. Мартов былай дейді: «Партия съезінде және оған дейін «Искрамен» толық ынтымақтас екенін білдірген, оның программасы мен ұйымдық көзқарастарын қорғаған, оның ұйымдық саясатын қолдаған адам искрашыл деп саналады. Съезде мұндай искрашылдар қырықтан астам болды—«Искра» программасын жақтап және «Искраны» партияның Орталық Органы деп тану туралы қарарды жақтап, сонша адам дауыс берді». Съезд протоколдарын ашып қарасаңыз, программаны қалыс қалған Акимовтан басқалардың *бәрінің* (233-бет) қабылдағанын көресіз. Сонымен, Мартов жолдас бундшылдар да, Брукэр де, Мартынов та өздерінің «Искрамен» «толық ынтымақтас» болғанын *дәлелдеді* және оның ұйымдық көзқарастарын *қорғады* деп, бізді сендіргісі келеді! Бұл күлкі ғой. Съезге қатысушылардың *бәрі* съезден *соң* партияның тең праволы мүшелеріне айналуы (сонда да түгел емес, өйткені бундшылдар кетіп қалды) бұл жерде съезд *кезінде* күрес туғызған жікпен шатастырылып отыр. Съезден соң «көпшілік» пен «азшылықтың» *қандай элементтерден* құралғандығын зерттеп білудің орнына: программаны таныды, деген ресми сөздер айтылып отыр!

«Искраны» Орталық Орган деп тану туралы мәселені дауысқа қоюды алыңыз. Мартов жолдас игілікті іске құлшынғандай батылдықпен, енді «Искраның» ұйымдық көзқарастары мен ұйымдық саясатын қорғады деп жүрген нақ сол Мартыновтың өзі қарардың екі бөлімін: «Искраны» Орталық Орган деп жалаң түрде тануды және оның сіңірген еңбегін тануды бір-бірінен ажыратуды жақтағанын көресіз. Қарардың бірінші бөлімін дауысқа қойғанда («Искраның» сіңірген еңбегін тану, онымен *ынтымақтастықты* білдіру), оны жақтап *35-ақ дауыс* берілді, екі дауыс қарсы болды (Акимов пен Брукэр) және он бір дауыс қалыс қалды (Мартынов, бес бундшыл және редакцияның бес даусы: мені мен Мартовта

екі-екіден, Плехановта біреу). Олай болса, антиискрашылдар тобының (бес бундшыл және үш рабоче-делошыл) қандай екені бұл арада да, Мартовтың қазіргі көзқарастарына ең тиімді және оның өзі таңдап алған мысалдан да мейлінше айқын көрінеді. Қарардың екінші бөлімін — ешбір дәлелдеусіз және ынтымақтастық білдірмей-ақ «Искраны» Орталық Орган деп тану мәселесін (протоколдар, 147-бет) дауысқа қоюды алыңыз: мұны *жақтап* берілген 44 дауысты бүгінгі Мартов искрашылдардікі деп жүр. Барлығы 51 дауыс болды; қалыс қалған редакторлардың бес даусын алып тастағанда, 46 дауыс қалады; екі дауыс қарсы болды (Акимов пен Брукэр); олай болса, қалған 44 дауысқа *бес бундшыл түгел* қосылады. Сонымен, бундшылдар съезде ««Искрамен» толық ынтымақтастығын білдірді» — ресми «Искра» ресми тарихты осылайша жазады! Ілгерірек кетіп, бұл ресми шындықтың шын себептерін оқушыларға түсіндіріп өтейік: *егер бундшылдар мен рабоче-делошылдар съезден кетіп қалмаған болса,* «Искраның» қазіргі редакциясы (қазіргідей quasi *-партиялық емес) іс жүзінде партиялық редакция бола алар еді және болар да еді; міне сондықтан да қазіргі партиялық редакция деп аталып жүрген редакцияның ең адал сақшыларын «искрашылдарға» айналдыру керек болды. Бірақ бұған кейінірек толық тоқталамыз.

Одан соң мынадай сұрақ туады: егер съезд искралық және антиискралық элементтердің күресі болса, онда осылардың арасында ауытқып жүрген әрі-сәрі, тұрақсыз элементтер болмады ма екен? Біздің партиямызбен және әр түрлі съездердің дағдылы кейпімен азын-аулақ болса да таныстығы бар адам бұл сұраққа: болды, деп жауап беруге a priori ** бейім болар еді. Мартов жолдас бұл тұрақсыз элементтерді енді тіпті есіне түсіргісі де келмейді; сондықтан ол «Южный рабочий» тобын және оны жақтайтын делегаттарды нағыз искрашылдар етіп суреттейді, ал біздің олармен алауыздықтарымызды болмашы және мәні жоқ нәрсе деп есептейді. Бақытымызға қарай, қазір біздің алдымызда протоколдардың

* — жалған. *Ред.*
** — күні бұрын. *Ред.*

толық тексті жатыр, сондықтан біз бұл мәселені — әлбетте, факт мәселесін — документті мәліметтерге сүйеніп шеше аламыз. Съездегі жалпы жік туралы біздің жоғарыда айтқандарымыз, әрине, бұл мәселені шешіп бере алмайды, тек мәселенің дұрыс қойылуын ғана көздейді.

Саяси жіктерге талдау жасамай тұрып, белгілі бір сарындардың күресі ретінде, съезді көз алдымызға елестетпей тұрып, біздің араздығымыздан ештеңе де түсінуге болмайды. Мартовтың тіпті бундшылдарды да искрашылдардың қатарына қосу арқылы әр түрлі сарындардың айырмашылығын бүркемелеуге тырысуы мәселеден оп-оңай жалтара қою болып табылады. Орыс социал-демократиясының съезге дейінгі тарихы негізінде (бұдан былай да тексеріп, егжей-тегжейіне дейін зерттеу үшін) басты-басты үш топ: искрашылдар, антиискрашылдар және тұрақсыз, жалтақ, солқылдақ элементтердің бар екені а priori байқалып отыр.

в) СЪЕЗДІҢ БАСТАЛУЫ.— ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ЖАНЖАЛ

Барған сайын айқындалып келе жатқан саяси сарындарды дәйекті түрде көрсету үшін съездегі жарыс сөздерге және дауыс беруге съезд мәжілістерінің тәртібімен талдау жасау бәрінен де гөрі қолайлырақ болады. Бір-бірімен тығыз байланысты мәселелерді немесе біртекті жіктерді біріктіріп қарау үшін, тек сөзсіз керек болғанда ғана, хронологиялық тәртіптен ауытқуға болады. Ешкімге бұра тартпау үшін біз дауысқа салулардың ең бастыларының *бәрін* көрсетуге тырысамыз; ұсақ мәселелер жөніндегі толып жатқан дауыс берулерді біз, әрине, сөз қылмаймыз, мұндайлар біздің съездің өлшеусіз көп уақытын алды (мұның өзі кейде біздің тәжірибесіздігімізден және материалды комиссия мәжілістері мен пленум мәжілістеріне бөле білмегендігімізден болды, кейде дау-жанжалға айналған сөзбұйдаңының салдарынан болды).

Әр түрлі сарындарды көрсете бастаған айтыстарды туғызған бірінші мәселе «Бундтың партиядағы жағ-

дайы» деген пунктті (протоколдар, 29—33-беттер) бірінші орынға (съездің «күн тәртібінде») қою туралы мәселе болды. Плеханов, Мартов, Троцкий және мен жақтаған искралық көзқарастың тұрғысынан қарағанда, бұл жөнінде ешбір күмәнданушылық болмауға тиіс еді. Бундтың партиядан шығып кетуі біздің пікіріміздің дұрыс екенін айқын көрсетті: егер Бундтың бізбен бірге болғысы келмесе, «Искрамен» бірге партияның көпшілігі қостаған ұйымдық негіздерді танығысы келмесе,— онда бәріміз бірге келе жатқан сияқты болып «көріну», сөйтіп съезді ұзаққа созу (бундшылдардың ұзаққа созғаны сияқты) пайдасыз әрі мағынасыз еді. Мәселе әдебиет бетінде толық анықталып болған-ды, сондықтан мәселені ашықтан-ашық қойып, не автономияны (бірге боламыз), не федерацияны (ажырасамыз) турадан-тура, шын ниетпен қалап алудың ғана қалғандығы партияның азды-көпті терең ойлы мүшелерінің қайсысына болса да айқын еді.

Өздерінің бүкіл саясатында жалтарғыш келетін бундшылдар мәселені ұзаққа созып, бұл жерде де жалтарып кетпек болды. Оларға Акимов жолдас қосылды; ол «Рабочее Делоны» жақтаушылардың бәрінің атынан болса керек, ұйымдық мәселелер жөнінде «Искрамен» екі арадағы алауыздықты бірден алға тартты (протоколдар, 31-бет). Бунд пен «Рабочее Дело» жағына Махов жолдас шықты (соның алдында ғана «Искрамен» ынтымақтас екенін білдірген Николаев комитетінің екі даусы!). Махов жолдас үшін мәселе мүлде түсініксіз, ал «демократиялық құрылым туралы немесе, керісінше (мұны байқап қойыңыз!), централизм туралы мәселені» де ол «осал жеріміз» деп есептейді,— дәл сол сияқты, біздің қазіргі «партиялық» редакцияның көпшілігі съезде бұл «осал жерді» әлі байқамаған еді!

Сөйтіп, Бунд, «Рабочее Дело» және Махов жолдас искрашылдарға қарсы шықты; бәрін қосқанда бұлардың он даусы болды, бізге қарсы берілген он дауыс та осы еді (33-бет). Бізді *жақтап 30 дауыс* берілді,— искрашылдардың даусы көбінесе осы шамада болғанын төменде көреміз. Он бір дауыс қалыс қалыпты — бұлар күресуші «партиялардың» ешқайсысына да қосылмаған

болса керек. Бір қызық жері мынау: біз Бунд уставының 2-параграфын дауысқа салғанымызда (осы 2-параграфтың қабылданбауы себепті Бунд партиядан шығып кетті), 2-параграфты жақтаған дауыстар мен қалыс қалған дауыстардың саны да он болды (протоколдар, 289-бет), соның өзінде қалыс қалғандар үш рабоче-делошыл (Брукэр, Мартынов, Акимов) мен Махов жолдас еді. Тегінде, Бунд туралы мәселенің қандай *орынға* қойылуы жөніндегі мәселені дауысқа салғанда жікке бөліну *кездейсоқ емес-ті.* Тегінде, бұл жолдастардың бәрі «Искрамен» ажырасқанда, тек мәселені талқылау тәртібі туралы жай нәрседен ғана емес, *сонымен қатар істің мәні жөнінде* де ажырасты. «Рабочее Дело» тарапынан болған бұл ажырасу іс жүзінде әркімге-ақ айқын еді, ал Махов жолдас Бундтың кетуі туралы сөзінде өзінің бұған көзқарасын мүлде өрескел түрде сипаттады (протоколдар, 289—290-беттер). Оның бұл сөзіне тоқталуға болады. Махов жолдас былай дейді: федерацияны қабылдамаған қарардан кейін, «Бундтың РСДРП-дағы жағдайы туралы мәселе ол үшін принциптік мәселеден тарихи жолмен қалыптасқан ұлттық ұйым жөніндегі нақты саясат мәселесіне айналды; мен бұл арада,— дейді шешен одан кейін,— біздің дауыс беруімізден тууы мүмкін барлық нәтижелермен санаспай тұра алмадым, сондықтан тұтас алғанда екінші пунктке дауыс берген болар едім». Махов жолдас «нақты саясат» рухын өте жақсы ұғып алған: принцип жүзінде ол федерацияны *қазірдің өзінде* қабылдамай тастады, *сондықтан* іс жүзінде ол уставтың осы федерацияны жақтаған пунктіне *дауыс берген болар еді!* Міне осы «епті» жолдас өзінің терең-принциптік бағытын мынадай сөздермен түсіндіреді: «Бірақ (Щедриннің атақты «бірағы»!), съезге қатысқан басқа адамдардың бәрі бірауыздан дерлік дауыс бергендіктен, менің не олай, не бұлай дауыс беруімнің тек принциптік сипаты ғана болды (!!) және оның практикалық сипаты болуы мүмкін емес еді, сондықтан пунктті жақтап дауыс берген Бунд делегаттарының қорғап отырған позициясынан өз позициямның бұл ретте басқаша екенін принциптік түрде»... (мұндай принциппілдіктен құдай сақтасын!)... «көрсету үшін мен дауыс

беруден қалыс қалуды артық көрдім. Ал егер Бунд делегаттары алғашқыда өздері жақтаған жағына дауыс беруден қалыс қалса, онда мен, бұған керісінше, бұл пунктті жақтап дауыс берген болар едім». Тілін білсеңіздер, түсініп көріңіздер! Принципшіл адам: иә, солай, деп ашық айтудан тартынады, өйткені мұның өзі іс жүзінде пайдасыз, неге десеңіз, жұрттың бәрі: жоқ, олай емес, деп отыр.

Бунд туралы мәселенің қандай орынға қойылуы жөніндегі мәселе дауысқа қойылысымен, съезде «Борьба» тобы туралы мәселе келіп шықты, бұл да өте-мөте қызықты жікке бөлінуге әкеліп соқтырды және съездің ең «осал» мәселесімен, орталық орындардың адам құрамы туралы мәселемен тығыз байланысты болды. Съезд құрамын белгілейтін комиссия, Ұйымдастыру комитетінің *екі рет* қабылдаған шешіміне (протоколдар, 383 және 375-беттер) және *оның комиссиядағы өкілдерінің* баяндамасына (35-бет) сәйкес «Борьба» тобын съезге шақыруға қарсы екенін білдірді.

Ұйымдастыру комитетінің мүшесі Егоров жолдас: «Мен үшін «Борьба» туралы мәселе (байқап қойыңыз: «Борьбаның» белгілі бір мүшесі туралы емес, «Борьбаның» өзі туралы) — жаңа мәселе» деп, үзіліс жасауды өтінді. Ұйымдастыру комитеті екі рет шешкен мәселе Ұйымдастыру комитетінің мүшесі үшін қалайша жаңа мәселе болғанын тіпті түсініп болмайды. Үзіліс кезінде Ұйымдастыру комитетінің мәжілісі болды (протоколдар, 40-бет), оған комитеттің съезге кездейсоқ келген мүшелері қатысты («Искра» ұйымының ескі мүшелерінен Ұйымдастыру комитетіне мүше болып кіргендердің бірнешеуі съезде болмады) *. «Борьба» туралы жарыс сөз басталды. Рабоче-делошылдар жақтап (Мартынов, Акимов және Брукэр, 36—38-беттер), искрашылдар (Павлович, Сорокин, Ланге, Троцкий, Мартов және басқалары) қарсы болды. Съезд тағы да өзімізге таныс жікке бөлінді. «Борьба» үшін басталған күрес қатты болды, Мартов жолдас ерекше байыпты (38-бет) әрі «айбын-

* Бұл мәжіліс туралы Ұйымдастыру комитетінің мүшесі, съезден бұрын редакцияның сенімді адамы, оның жетінші мүшесі болып *бір ауыздан* сайланған Павловичтің «Хатын» қараңыз (Лига протоколдары, 44-бет).

ды» сөз сөйлеп, орыс тобы мен шетелдік топтың «өкілдіктері тең емес» екенін, шетелдік топқа «артықшылық» берудің «жақсы» бола қоймайтынын (съезден кейін болған оқиғалар тұрғысынан алып қарағанда, әсіресе қазір ғибрат аларлық алтын сөздер!), «партия ішінде ешбір принциптік пікірлерден тумаған бытыраңқылықпен сипатталып отырған ұйымдық былыққа» дем бермеу керек екенін (біздің партия съезінің «азшылығына»... көзге шұқығандай тиетін сөздер!) әділ атап көрсетті. Шешендерді тізімге жазу тоқтатылғанға дейін «Рабочее Дело» жағындағылардан басқа *ешкім* «Борьбаны» ашықтан-ашық және дәлелдеп жақтаған жоқ (40-бет): әділін айту керек, Акимов жолдас пен оның достары, қайткенмен де, бұлталақтап, бой тасалаған жоқ, қайта, өздерінің бағытын ашық жүргізді, айтайын деген сөздерін ашық айтты.

Шешендерді тізімге жазу тоқтатылғаннан *кейін, іс жүзінде* енді сөз сөйлеуге болмайтын кезде, Егоров жолдас «Ұйымдастыру комитетінің жаңа ғана қабылданған қаулысын тыңдауды қатты талап етті». Съезд мүшелерінің мұндай әдіс-айлаға ашулапуы таңданарлық іс емес еді, сондықтан председатель болып отырған Плеханов жолдас «Егоров жолдастың өз талабын өткізем деп қалайша өзеурейтініне түсінбейтінін» білдірді. Екінің бірін істеу керек сияқты еді: не мәселенің мәні жөнінде өз пікіріңді бүкіл съезд алдында ашық әрі анық айту керек, не тіпті сөйлемеу керек. Ал шешендерді тізімге жазуды тоқтатуға риза болып, одан кейін, «қорытынды сөз» деген сылтаумен нақ сол талқыланған мәселе жөнінде Ұйымдастыру комитетінің *жаңа* қаулысын съездің алдына тарту — тасадан тап бергенмен бірдей!

Түскі тамақтан кейін мәжіліс қайта басталды, сөйтіп әлі аң-таң болып отырған бюро «формальдылықты» былай қойып, съездерде тек лажсыз болған жағдайда ғана қолданылатын ақырғы амалға — «жолдастық түсінісуге» көшуді ұйғарды. Ұйымдастыру комитетінің өкілі Попов Ұйымдастыру комитетінің жалғыз Павлович қарсы болып (43-бет), басқа мүшелерінің бәрі қабылдаған

және съезге Рязановты шақыруды ұсынған қаулысын хабарлады.

Павлович Ұйымдастыру комитетінің жиналысын заңды деп танымағанын және танымайтынын, Ұйымдастыру комитетінің жаңа қаулысы *«оның бұрынғы шешіміне қайшы келетінін»* мәлімдеді. Оның мәлімдемесі үлкен дау туғызды. Егоров жолдас — ол да Ұйымдастыру комитетінің мүшесі және «Южный рабочий» тобының мүшесі — мәселенің мәні жөнінде жауап беруден жалтарып, негізгі салмақты тәртіп туралы мәселеге аударғысы келді. Павлович жолдас партия тәртібін бұзыптымыс (!), өйткені Ұйымдастыру комитеті Павловичтің наразылығын талқыға салып, «Павловичтің жеке пікірін съезге жеткізбей-ақ қою керек» деп шешкен. Айтыс партия тәртібі туралы мәселеге аударылды, Плеханов Егоров жолдасқа ақыл айтып, съездегілердің ду қол шапалақтауы үстінде *«бізде императивтік мандаттар жоқ»* деп түсіндірді (42-бет, 379-бетті салыстырыңыз, съезд уставының 7-параграфында былай делінген: «Депутаттардың өкілдіктеріне императивтік мандаттармен шек қойылмауға тиіс. Өздерінің өкілдік міндеттерін атқару жөнінде олар мейлінше ерікті және тәуелсіз»). «Съезд — ең жоғары партиялық инстанция», олай болса, партия тұрмысының қандай да болсын және кез келген *барлық* мәселелері жөнінде әрбір делегаттың *тұп-тура* съезге айтатын сөзіне қандай болса да қысым жасаған адам, нақ сол адам партиялық тәртіпті және съезд уставын бұзады. Сөйтіп, даулы мәселе екінің бірін таңдауға келіп тірелді: үйірмешілдік пе, әлде партиялылық па? Әр түрлі коллегиялар мен үйірмелердің қайдағы бір праволарына, яки уставтарына бола, съезде делегаттардың праволарына шек қою немесе нағыз партиялық қызмет мекемелері құрылғанға дейін *барлық* төменгі инстанциялар мен ескі топсымақтарды тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде, съезд алдында *толық* таратып жіберу. Партияны іс жүзінде қалпына келтіруді мақсат еткен съездің бас кезінде-ақ (үшінші мәжіліс) бұл таластың қандай зор принциптік маңызы болғанын оқушы осы айтылғандардың өзінен-ақ көріп отыр. Ескі үйірмелер мен топсымақтардың («Южный рабочий»

сияқты) қайта туып келе жатқан партияға қарсы жанжалы, былайша айтқанда, осы таласқа келіп тоғысты. Антиискрашыл топтар дереу өздерінің бет-бейнесін көрсетті: бундшыл Абрамсон да, «Искраның» қазіргі редакциясының жан-тәнімен берілген одақтасы Мартынов жолдас та, бізге таныс Махов жолдас та — бұлардың бәрі де Павловичке қарсы шығып, Егоровты және «Южный рабочий» тобын жақтады. Бұл күнде Мартовпен және Аксельродпен тайталас түсіп, ұйымдық «демократизмді» мақтанышпен алға тарта беретін Мартынов жолдас тіпті... жоғары инстанцияға тек төменгі инстанция арқылы ғана арыз беруге болатын армияны ауызға алды!! Съезде болған немесе біздің партиямыздың съезге дейінгі ішкі тарихына зер салып отырған әрбір адам үшін бұл антиискралық «тұтас» оппозицияның шын мәні әбден түсінікті еді. Оппозицияның міндеті (мүмкін, кейде тіпті оның барлық өкілдері бірдей ұғына бермейтін, ал кейде екпінмен жақтайтын міндеті) — ұсақ топсымақтардың тәуелсіздігін, дербестігін, от басынан аспайтын мүдделерін искралық негізде құрылып жатқан кең өрісті партияның жойып жіберуінен қорғау болды.

Ол кезде Мартыновпен бірігіп үлгірмеген Мартов жолдас та мәселеге нақ осы тұрғыдан қарады. Мартов жолдас «партиялық тәртіп туралы түсінігінде революционердің өзі мүше болып отырған *төменгі* дәрежелі топ жөніндегі міндеттерінен әрі бармайтындарға» батыл қарсы шықты және әділ қарсы шықты. Мартов үйірмешілдікті жақтаушыларға: «біртұтас партия ішінде *күштеп* (курсив Мартовтікі) ешқандай жік құруға болмайды» деп түсіндірді; бұл сөздерімен ол өзінің съезд аяғындағы және съезден кейінгі саяси мінез-құлқын әшкерелейтінін о кезде байқамады... Ұйымдастыру комитеті үшін күштеп жік құруға болмайды, ал редакция үшін әбден болады екен. Орталық орында отырғанда Мартов күштеп жік құруды теріс деп табады, ал орталық орынның құрамына риза болмаған кезінен бастап, Мартов күштеп жік құруды жақтайды...

Айта кетерлік бір қызық факт мынау: Мартов жолдас өзінің сөзінде, Егоров жолдастың «орасан зор қатесінен» басқа, Ұйымдастыру комитеті көрсеткен саяси та-

бансыздығын ерекше атап айтты. Мартовтың: «Ұйымдастыру комитеті атынан комиссияның баяндамасына (өз тарапымыздан қоса кетелік, бұл баяндама Ұйымдастыру комитеті мүшелерінің баяндамасына негізделген: 43-бет, Кольцовтың сөздері) және *Ұйымдастыру комитетінің бұдан бұрынғы ұсыныстарына қайшы келетін* ұсыныс жасалды» (курсив менікі) деп ызалануы орынды еді. Көріп отырсыздар, «Борьбаны» Рязановпен ауыстырғанмен, Ұйымдастыру комитетінің ісіндегі шиеленіскен қайшылық пен тұрақсыздық титтей де жойылмайтынын Мартов ол *кезде*, өзінің «бет бұрысына» дейін жақсы түсінді (өзінің бет бұрысынан кейін Мартовқа істің жайы қалай болып көрінгенін партия мүшелері Лига съезі протоколдарының 57-бетінен көре алады). Ол кезде Мартов тәртіп туралы мәселені талдаумен қанағаттанған жоқ; ол Ұйымдастыру комитетіне де: *«қайта өзгертуді* керек қылғандай не жаңалық болып қалды?» (курсив менікі) деп турадан-тура сұрақ қойды. Шынында да, Ұйымдастыру комитеті өз ұсынысын жасай тұрса да, өз пікірін Акимовтың және басқалардың қорғағанындай, ашық қорғауға бата алмады. Мартов мұны бекер дейді (Лига протоколдары, 56-бет), бірақ съезд протоколдарын оқығандар Мартовтың қателесіп отырғанын көреді. Ұйымдастыру комитеті атынан ұсыныс жасаған Попов ұсынысты дәлелдерлік *бірде-бір сөз* айтқан жоқ (партия съезінің протоколдары, 41-бет). Егоров мәселені тәртіп туралы пунктке аударды, ал мәселенің мәні туралы тек қана былай деді: «Ұйымдастыру комитетінде жаңа пікірлер тууы мүмкін»... (бірақ туды ма, туса, қандай пікір туды? — бұл белгісіз)... «оның біреу-міреуді енгізуді ұмытып кетуі мүмкін және т. т.». (Шешеннің бірден-бір панаалайтын жері — осы «т. т.», өйткені Ұйымдастыру комитеті съезге дейін екі рет, комиссия алдында бір рет өзі талқылаған «Борьба» туралы мәселені *ұмытуы* мүмкін емес). «Ұйымдастыру комитеті бұл шешімді «Борьба» тобына көзқарасын өзгерткендіктен қабылдаған жоқ, партияның болашақ орталық ұйымы алғаш іске кірісkенде-ақ оның жолындағы артық кедергілерді алып тастағысы келгендіктен қабылдады» дейді. Бұл — дәлел емес, қайта, сол дәлелден

жалтарғандық. Әрбір шын ниетті социал-демократ (ал біз съезге қатысушылардың қайсысының болса да шын ниетті екеніне күмәнданбаймыз да) *өзі* кедергі деп *есептейтін* нәрселерін жоюға, *өзінің* қолайлы деп *тапқан әдістерімен* жоюға қам жасайды. Дәлелдеу — жұртқа мәлім нәрсені айтып құтылу емес, өзінің мәселеге көзқарасынды түсіндіріп, дәл жеткізу деген сөз. Ал «өзінің «Борьбаға» көзқарасынды өзгертпейінше», дәлелдеуге *болмас еді,* өйткені Ұйымдастыру комитетінің бұрынғы, бұған қарама-қарсы шешімдері де бөгеттерді жою қамын ойлады, бірақ бұл «бөгеттер» оларға мүлде басқаша болып көрінді. Сондықтан да Мартов жолдас бұл дәлелді өте-мөте қатты және түгін қалдырмай мінеді, оны *«ұсақ»* және *«сылтаумен құтылғысы»* келгендіктен айтылған дәлел деп атады, Ұйымдастыру комитетіне *«жұрт не дер екен деп қорықпауға»* кеңес берді. Бұл сөздерімен Мартов жолдас съезде аса зор роль атқарған бір саяси сарынның мәні мен мағынасын тамаша сипаттады, оның нақты өзгешелігі — дербес еместігінде, ұсақтығында, өз бағытының жоқтығында, жұрт не дер екен деп қорқатындығында, бес енеден белгілі екі жақтың арасында үнемі ауытқып жүруінде, өз *credo*-сын * ашық айтудан қорқатындығында,— қысқасы, «батпаққа белшесінен батқандығында» **.

Табансыз топтың бұл саяси тұрлаусыздығы, айтқандайын, мынаған әкеліп соқтырды: бундшыл Юдиннен басқа *ешкім* (53-бет) «Борьба» тобы мүшелерінің бірін шақыру туралы съезге қарар ұсынбай-ақ қойды. Юдиннің қарарын жақтап бес дауыс берілді — абзалында, бәрі де бундшылдар болса керек: солқылдақ элементтер тағы да жалт берді! Кольцов пен Юдиннің осы мәселе жөніндегі қарарларын дауысқа салу орта топ дауыста-

* — наным символын, программаны, дүние танымды баяндауын. *Ред.*

** Біздің партияда қазір бұл сөзді естігенде қатты ашуланып, бұл жолдастық айтыс емес деп айқай салатын адамдар бар. Бұл — орынсыз қолданылатын ресмишілдіктің ықпалымен сезімді өрескел бұрмалағандық! Күрескерлердің арасында ауытқып жүретін табансыз элементтерді көрсеткенде қолданылатын бұл терминді ішкі күрестің не екенін білетін саяси партиялардың қайсысы болса да қолданбай отыра алды ма екен. Ішкі күресті өте ұстамды шеңберге сала білетін немістер де «versumpft» (— «батпақты». *Ред.*) деген сөзге өкпелемейді, ашуланбайды, ресми pruderie (—мүләйімсіп ұялу, сыздану. *Ред.*) көрсетіп күлкі болмайды.

рының саны шамамен қаншалықты көп болғанын көрсетті: искрашылдарға 32 дауыс берілді (47-бет), бундшылдарға 16 дауыс, яғни, антиискрашылдардың сегіз даусынан басқа, Махов жолдастың екі даусы (46-бетті салыстырыңыз), «Южный рабочий» тобы мүшелерінің төрт даусы және тағы да екі дауыс берілді. Дауыстардың бұлай бөлінуі әсте кездейсоқ нәрсе емес екенін қазір көрсетеміз, бірақ әуелі Ұйымдастыру комитеті жөніндегі осы жанжал туралы Мартовтың *қазіргі* пікірін қысқаша айтып өтелік. Лигада Мартов: «Павлович және басқалар әңгімені қоздырып жіберді» деді. «Борьбаға» және Ұйымдастыру комитетіне қарсы ең байыпты, қызу және қатты сөздер сөйлеген Мартовтың өзі екенін көру үшін съезд протоколдарын қарасақ болғаны. «Айыпты» Павловичке аударуға тырысып, ол тек қана өзінің табансыздығын көрсетеді: съезден бұрын ол дәл осы Павловичті редакцияға жетінші мүше етіп сайлаған болатын, съезде Егоровқа қарсы шығып, Павловичке толық қосылған болатын (44-бет), ал кейін, Павловичтен жеңіліп, оны «әңгімені қоздырды» деп айыптай бастады. Бұған күлуге ғана болады.

«Искрада» (№ 56) Мартов иксті немесе игректі шақыру туралы мәселеге зор маңыз беріліп отыр деп мысқылдайды. Бұл мысқылы тағы да Мартовтың өзіне қарсы шығып отыр, өйткені нақ сол Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал Орталық Комитетке және Орталық Органға иксті немесе игректі шақыру сияқты «маңызды» мәселе туралы талас туғызды. Істі қай топқа, *өзінің* «төменгі дәрежелі тобына» (партияға қарағанда төменгі дәрежедегі) немесе *бөтен* топқа қатысы барлығына қарай, екі түрлі өлшеммен пішу — жақсы емес. Бұл — іске партиялық көзбен қарағандық емес, барып тұрған топшарлық, үйірмешілдік. Мартовтың Лигадағы сөзі (57-бет) мен съездегі сөзін (44-бет) жай салыстырудың өзі-ақ бұған жеткілікті дәлел бола алады. Айта кетелік, Лигада Мартов: «Жұрттың өздерін қайтсе де искрашылдармыз деп атай отырып, сонымен қатар искрашыл болуға ұялатындары маған түсініксіз» деді. «Өздерін атау» мен «болу» арасындағы, сөз бен іс

арасындағы айырманы түсінбеуі ғажап-ақ. Мартовтың өзі съезде *өзін* күштеп жік құруға қарсымын деп *атады*, ал съезден кейін сол жікті жақтаушы *болды*...

г) «ЮЖНЫЙ РАБОЧИЙ» ТОБЫН ТАРАТУ

Ұйымдастыру комитеті туралы мәселе жөнінде делегаттардың бөлінуі, бәлкім, кездейсоқ нәрсе сияқты болып көрінер. Бірақ мұндай пікір қате болар еді, сондықтан оны болдырмау үшін біз хронологиялық тәртіптен шегініп, тап қазір съезд аяқталарда болған, бірақ алдыңғы жанжалға өте тығыз байланысты тағы бір жанжалды қарап өтейік. Бұл жанжал «Южный рабочий» тобын тарату жөнінде болды. Партия күштерін толық топтастыру және күштерді бытырататын былықты жою жөніндегі искрашылдардың ұйымдық тенденцияларына осындағы *бір* топтың мүдделері қайшы келді; ол топ нағыз партия жоқ кезде пайдалы іс істеген еді, бірақ жұмысты бір орталыққа бағындырып, жолға қояр кезде керексіз болып қалды. Үйірменің мүдделері үшін — «Южный рабочий» тобы «сабақтастықтың» сақталуын және өзінің бүтіндігіне қол сұғылмауын талап ете алатын еді, бұл жөнінде оның правосы «Исканың» ескі редакциясының правосынан кем емес-ті. Партияның мүдделері үшін — бұл топ өзінің күштерін «партияның тиісті ұйымдарына» ауыстыруға көнуге тиіс болды (313-бет, съезд қабылдаған қарардың аяғы). Үйірменің мүдделері мен «тоғышарлық» тұрғысынан қарағанда, пайдалы топты таратып жіберу «қытыққа тиетін» (Русов жолдас пен Дейч жолдастың сөзі) сияқты болып көрінбей қоймады, өйткені «Искраның» ескі редакциясының тарағысы келмегені сияқты, бұл топтың да тарағысы келмеді. Партия мүдделері тұрғысынан қарағанда, оны тарату, партия ішіне «сіңіру» (Гусевтің сөзі) қажет болды. «Южный рабочий» тобы өзін таратылды деп жариялауды «қажет деп таппайтынын», «съездің өз пікірін кесіп айтуын», соның өзінде «дереу: иә немесе жоқ» деп айтуын талап ететінін тікелей мәлімдеді. «Исканың» ескі редакциясы өзі таратылғаннан кейін... сүйене бастаған «сабақтастыққа» «Южный рабочий»

тобы да сүйенді! «Біз бәріміз жеке-жеке жүріп біртұтас партияны құрасақ та,— деді Егоров жолдас,— әйтсе де партия толып жатқан ұйымдардан тұрады, *тарихи тұлғалар ретінде,* олармен санасуға тура келеді... Егер мұндай ұйым *партияға зиянды болмаса, оны таратудың қажеті жоқ»*.

Сөйтіп, маңызды *принциптік* мәселе мүлде айқын қойылды, ал барлық искрашылдар — өздерінің үйірмешілдік мүдделері әлі айқын білінбей тұрған кезде — табансыз элементтерге батыл қарсы шықты (бундшылдар және рабоче-делошылдардың екеуі бұл кезде съезде жоқ еді; олар, күмән жоқ, «тарихи тұлғалармен санасу» қажеттігін барынша жақтаған болар еді). Мәселені дауысқа қойғанда, таратуды *жақтап 31* дауыс берілді, бес дауыс қарсы шықты және бес дауыс қалыс қалды («Южный рабочий» тобы мүшелерінің төрт даусы, енді біреуі, бұрынғы мәлімдемелеріне қарағанда, Беловтың даусы болса керек, 308-бет). «Искраның» дәйекті ұйымдық жоспарын мүлде мақұлдамайтын және партиялылыққа қарсы шығып, үйірмешілдікті жақтайтын *он дауысты* топ мейлінше айқын көзге түсті. Айтыста искрашылдар бұл мәселені мейлінше принципті түрде қойды (Лангенің сөзін қараңыз, 315-бет), сөйтіп майдагерлік пен бытырандылыққа қарсы шықты, жеке ұйымдардың «бет ажарымен» есептесуден бас тартты, «егер «Южный рабочийдағы» жолдастар мұнан бұрын, бір жыл немесе екі жыл бұрын неғұрлым принциптік көзқараста болса, онда партияны біріктіру ісі, осында өзіміз бекіткен программа негіздерінің салтанат құруы бұрынырақ жүзеге асқан болар еді» деп тура айтты. Орлов та, Гусев те, Лядов та, Муравьев та, Русов та, Павлович те, Глебов та, Горин де осы рухта сөйледі. «Азшылықтың» ішіндегі искрашылдар «Южный рабочийдің», Маховтың және басқалардың саясаты мен «бағытының» принциптілігі жеткіліксіз екенін атап көрсеткен, съезде талай айтылған бұл сөздерге қарсы шықпағаны былай тұрсын, бұл жөнінде қандай да болсын ескерту жасамағаны былай тұрсын, қайта, Дейч арқылы оларға батыл қосылды, «былықты» теріс деп тапты, Русов жолдастың — *нақ сол мәжілісте* ескі редакция туралы мәселені де таза

партиялық негізде (325-бет) — қандай сұмдық! — «тікелей қоюға» батылдық еткен Русовтың — «мәселені тікелей қоюын» құттықтады (315-бет).

«Южный рабочий» тобын тарату туралы мәселе ол топты қатты ашуландырды, мұның ізі протоколдарда да бар (протоколдар жарыс сөздердің тек көмескі суретін ғана беретінін ұмытпау керек, өйткені оларда толық сөздердің орнына, өте қысқа конспектілер мен экстракттар жазылады). Егоров жолдас «Южный рабочиймен» қатар «Рабочая мысль» [99] тобының жай атын атаудың өзін «жала» деді, бұл — съезде дәйекті экономизм жөнінде қандай көзқарастың үстем болғандығының ерекше үлгісі еді. Егоров тіпті бұдан көп кейін, 37-мәжілісте, «Южный рабочийды» тарату туралы қатты ашулана сөйлеп (356-бет), протоколға: «Южный рабочий» туралы мәселені талқылағанда, ол топтың мүшелерінен Орталық Органды шығаруға керек қаражат туралы да, Орталық Орган мен Орталық Комитеттің бақылауы туралы да пікір сұралмады, деп жазуды өтінді. «Южный рабочий» туралы жарыс сөз кезінде Попов жолдас тұтас көпшілік бұл топ туралы мәселені алдын ала шешіп қойды дегенді байқатты. Ол былай деді: *«Енді, Гусев жолдас пен Орлов жолдастың сөздерінен кейін, бәрі де анықталды»* (316-бет). Бұл сөздердің мағынасы мынадай екені күмәнсыз: енді, искрашылдар пікірлерін айтып, қарар ұсынғаннан кейін, бәрі де айқындалды, яғни «Южный рабочийдің» еркіне қарамастан, оның таратылатыны айқын. Бұл арада «Южный рабочийдің» өкілі искрашылдарды (соның өзінде Гусев пен Орлов сияқтыларды), ұйымдық саясаттың әр түрлі «бағыттарының» өкілдері есебінде, өз жақтастарынан бөлектеп отыр. Ал, қазіргі «Искра» «Южный рабочий» тобын (сол сияқты, бәлкім, Маховты да?) «нағыз искрашылдар» деп көрсетіп отырса, мұның өзі съезде болған ең үлкен (сол топтың тұрғысынан қарағанда) оқиғалардың ұмытылғанын, «азшылық» дегеннің қандай элементтерден құрылғанын аңғартатын деректерді жаңа редакцияның бүркеп тастағысы келетінін айқын көрсетеді.

Амал не, съезде көпшілікке арналған орган туралы мәселе көтерілген жоқ. Искрашылдардың бәрі бұл мәселені съезге дейін де, съезд кезінде де мәжілістерден тыс уақытта оте-моте қызу талқылады, сөйтіп партия өмірінің қазіргі кезеңінде мұндай орган шығаруға шара қолдану немесе қазіргі органдардың біреуін сондай органға айналдыру өте тиімсіз болар еді дегенге тоқтады. Антиискрашылдар съезде бұған қарама-қарсы пікір айтты, «Южный рабочий» тобы да өзінің баяндамасында сондай пікір білдірді, сондықтан он адамның қолы қойылып, тиісті қарардың ұсынылмауын тек кездейсоқтық немесе «үмітсіз» мәселе көтеруді тілемегендік қана деп білу керек.

д) ТІЛДЕРДІҢ ТЕҢ ПРАВОЛЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАНЖАЛ

Съезд мәжілістерінің тәртібіне қайтып оралайық.

Съезде мәселелерді нақты талқылауға көшпестен бұрын-ақ антиискрашылдардың әбден айқындалған тобы ғана емес (8 дауыс), оның үстіне, бұл сегіз дауысты қолдауға, оларды көбейтіп, шамамен, 16—18 дауысқа жеткізуге даяр тұрған аралық, тұрақсыз элементтердің тобы да болғанына қазір біздің көзіміз жетті.

Бундтың партиядағы орны туралы мәселе съезде өтеміте, тіпті шамадан тыс тәптештеліп талқыланды, сөйтіп мұның өзі принциптік тезисті шешу мәселесіне айналды, ал мәселені іс жүзінде шешу ұйымдық қатынастарды талқылағанға дейін кейінге қалдырылды. Бұған қатысы бар тақырыптарды түсіндіруге съезге дейінгі әдебиетте едәуір көп орын берілгендіктен, мәселені съезде талқылаудан мардымды жаңалық шықпады. Тек қана мынаны ескертпей кетуге болмайды: «Рабочее Дело» жағындағылар (Мартынов, Акимов және Брукэр) Мартовтың қарарын қостағанымен, оны жеткіліксіз деп танитындығын және одан шығатын қорытындылар жөнінде өз пікірлерінің басқа екенін білдірді (69, 73, 83, 86-беттер).

Съезд Бундтың орны туралы мәселеден программаға көшті. Мұнда жарыс сөз көбінесе маңызы шамалы же-

ке түзетулер төңірегінде болды. Антиискрашылдардың оппозициясы принципті түрде Мартынов жолдастың стихиялылық пен саналылық туралы атышулы мәселенің қойылуына қарсы шабуыл жасауынан көрінді. Әрине, бундшылдар мен рабоче-делошылдар түгелінен Мартыновты қолдады. Айтқандайын, оның қарсы пікірлерінің негізсіздігін Мартов пен Плеханов көрсетті. Атап өтерлік бір өрескел нәрсе: «Искра» редакциясы қазір (ойланғаннан кейін болса керек) Мартынов жағына шығып, өзінің съездегі айтқанына қарсы пікір айтып отыр! [100]. Бұл, сірә, атақты «сабақтастық» принципіне сай келетін болар... Мартыновпен дәл қаншалықты келіскенін, нақ қандай мәселе жөнінде және нақ қай уақыттан бері келіскенін редакцияның өзі толық анықтап, бізге мәселені түсіндіріп беруін күту керек болады. Соны күте отырып, біз тек қана мынадай сұрақ қоямыз: съезден кейін өзінің съезде айтқанына мүлде қарсы пікір айтқан редакциясы бар *партиялық* орган бұрынсоңды болып па екен?

«Искраны» Орталық Орган деп тану туралы дауға (біз бұған жоғарыда соғып өттік) және устав туралы айтыстардың басталуына (бұл айтыстарды уставтың толық талқылауына байланысты сөз қылған қолайлырақ болар) соқпастан, программаны талқылау кезінде байқалған принциптік сарындарға көшелік. Ең алдымен төтенше сипаты бар бір нәрсені: пропорциялық өкілдік туралы мәселе жөніндегі жарыс сөзді көрсетіп өтелік. «Южный рабочийдегі» Егоров жолдас бұл мәселенің программаға енгізілуін жақтады және жақтағаны сонша, тіпті Посадовскийдің (азшылықтың ішіндегі искрашыл) «елеулі алауыздық» туралы әділ ескертпе жасауына тура келді. «Күмән жоқ,— деді Посадовский жолдас,— біз мына бір негізгі мәселе жөнінде ажырасып отырмыз: *белгілі бір негізгі демократиялық принциптерді абсолюттік құны бар деп танып, келешектегі саясатымызды сол принциптерге бағындыру керек пе,* әлде демократиялық принциптердің бәрі тек біздің партияның ғана пайдасына бағындырылуға тиіс пе? Мен осының соңғысын барынша жақтаймын». Плеханов «демократиялық принциптердің абсолюттік құнына», оларды

«дерексіз» қарауға одан да айқын, одан да батыл сөздермен қарсы шығып, Посадовскийге «толығынан қосылды». «Біздің, социал-демократтардың,— деді ол,— жалпыға бірдей сайлау правосына қарсы шығатын реттеріміздің болуы жорамал түрде ақылға сыярлық нәрсе. Бір кезде Италия республикаларының буржуазиясы дворяндар қатарында болған адамдарды саяси праволарынан айырды. Жоғары таптар бір кезде революцияшыл пролетариаттың саяси праволарына шек қойғаны сияқты, революцияшыл пролетариат та жоғары таптардың саяси праволарына шек қоя алар еді». Плехановтың сөзін жұрт қол шапалақтап, *шуылдап* қарсы алды; Плеханов «сіздер шуылдауға тиіс емессіздер» деген Zwischenruf-қа * қарсылық білдіріп, жолдастардың қысылмауын өтінгенде, Егоров жолдас орнынан тұрып: «жұрт мұндай сөздерге қол шапалақтайтын болса, мен шуылдауға міндеттімін» деді. Гольдблат жолдаспен (Бундтың делегатымен) бірге Егоров жолдас Посадовский мен Плехановтың көзқарастарына қарсы сөйледі. Амал не, айтыс тоқтатылды, сондықтан бұл тұста туған мәселе сол мезетте-ақ жоқ болды. Бірақ қазір Мартов жолдас бұл мәселенің маңызын кемітуге, тіпті жоққа шығаруға бекер тырысады; ол Лига съезінде былай деді: «Делегаттардың бір бөлегі бұл сөздерге (Плехановтың сөзіне) қатты наразылық білдірді, егер Плеханов жолдас: өзінің жеңісін баянды ету үшін пролетариаттың баспасөз бостандығы сияқты саяси праволарды аяққа басуына тура келетін қайғылы жағдай, әлбетте, ақылға сыймайтын нәрсе деп қосып айтқан болса... (Плеханов: «merci»), онда мұндай қатты наразылық туғызбау оңай болар еді» (Лига протоколдары, 58-бет). Бұлай деп түсіндіру Посадовский жолдастың «елеулі алауыздық» және «негізгі мәселе» жөнінде келіспеушілік туралы *съезде* жасаған үзілді-кесілді мәлімдемесіне *тікелей* қайшы келеді. Осы негізгі мәселе жөнінде искрашылдардың бәрі съезде антиискралық «оңшылдар» (Гольдблат) мен съездегі «центр» (Егоров) өкілдеріне *қарсы* шықты. Бұл — факт, сондықтан, егер

* — шешен сөз сөйлеп тұрғанда, отырған кісілердің ескертпе жасауы, реплика. *Ред.*

«центр» (бұл сөз жұмсақтықтың «ресми» жақтастарын қандай да болсын басқа сөзден артық ашуландыра қоймас деп сенемін...), егер «центр» (Егоров жолдас немесе Махов арқылы) бұл мәселе немесе осы сияқты мәселелер жөнінде өз пікірін *«еркімен»* айтса, онда елеулі алауыздық дереу байқалады деп жұртты батыл сендіруге болар еді.

Бұл алауыздық «тілдердің тең праволылығы» туралы мәселеде будан да гөрі айқын байқалды (протоколдардың 171 және одан кейінгі беттері). Бұл пункт жөнінде жарыс сөзден гөрі, дауысқа салу қызық болды: дауыстарды санағанымызда, тым көп — *он алты* дауыс болып шықты! Неліктен бұлай болды? Программада жынысына, т. т. *және тіліне* қарамастан, барлық азаматтардың тең праволы екенін айту жеткілікті ме, әлде «тіл бостандығы» немесе «тілдердің тең праволылығы» деу керек пе, деген мәселеге бола осылай болды. Мартов жолдас Лига съезінде бұл оқиғаны өте дұрыс сипаттап, былай деді: «программаның бір пунктінің редакциясы туралы болмашы даудың принциптік маңызы болды, өйткені съездің тең жартысы программалық комиссияны орнынан жұлып тастауға даяр отырды». Нақ солай еді *. Ұрыс-керіс тіпті болмашы себептен туды, сонда да ол шынымен-ақ *принциптік* сипат алды, сондықтан да ол өте-мөте қатты болды, жұрт тіпті программалық комиссияны «орнынан *жұлып тастау»* жөнінде әрекет етуге дейін барды, *«съезді алдағысы»* келеді деп жұрт бір-бірінен сезіктенді (Егоров Мартовтан осылай сезіктенді!), бір-бірін... балағаттауға дейін барды

* Мартов бұған мынаны қосады: «Бұл ретте Плехановтың есектер туралы қуақылығы бізге көп зиян келтірді» (тіл бостандығы туралы әңгіме болғанда бір бундшыл мекемелердің ішінде жылқы заводы мекемесін атағандай болды. Сонда Плеханов өзінен-өзі: «жылқы сөйлемейді, ал есектер кейде сөйлеседі» деді). Мен, әрине, бұл қуақылықты ерекше жұмсақтықтың, көнбістіктің, сақтықтың және икемділіктің нышаны дей алмаймын. Бірақ, дегенмен, таластың принциптік *маңызын* таныған Мартовтың бұл арада принциптіліктің неде екенін, бұл жерде қандай сарындардың көрініп отырғанын талдауға мүлде тоқталмай, тек қуақылықтың «зиянын» көрсетумен ғана қанағаттанғанына мен таң қаламын. Міне бұл — нағыз бюрократтық және формалистік көзқарас! Қатты кеткен қуақылық, тек бундшылдар жөнінде айтылған қуақылық қана емес, сол бундшылдардың кейде қолдап, тіпті жеңілістен аман алып қалған адамдары жөнінде айтылған қуақылықтар да, шынында, «съезде көп зиян келтірді». Алайда, жанжалдың принциптік маңызы бар деп танылғаннан кейін, кейбір қуақылықтардың «орынсыздығы» (Лига протоколдары, 58-бет) туралы құрғақ сөзбен құтылуға болмайды.

(178-бет). Тіпті Попов жолдас «түкке тұрмайтын нәрселер жөнінде *осындай жағдай* туғанына қынжылатынын білдірді» (курсив менікі, 182-бет), үш мәжіліс (16, 17 және 18) бойы жағдай осылай болды.

Бұл сөздердің бәрі мына бір аса маңызды фактіні мейлінше айқын және бұлтартпастай етіп көрсетеді: «сезіктенушілік» және барынша кескілескен күрес («орнынан жұлып тастау») жағдайы,— кейін, Лига съезінде бұл жағдайдың тууы жөнінде искрашылдардың көпшілігіне айып тағылды! — шынында, *біздің көпшілік пен азшылық болып бөлінуімізден анағұрлым бұрын* туды. Тағы да айтамын, бұл факт — аса зор маңызы бар негізгі факт, оны түсінбеушілік өте көп адамдарды: съездің аяғындағы көпшілік қолдан жасалған көпшілік болды, деген мейлінше үстірт пікірге әкеліп соқтырады. Съездегілердің $^{9}/_{10}$ бөлігі искрашылдар еді деп сендірмек болған Мартов жолдастың қазіргі көзқарасы бойынша, «принциптік сипат» алған және съезд комиссиясын құлатуға апарып соға жаздаған қақтығыстың «сәл нәрседен», «болмашы» себептен туа қалғаны жөніндегі факт мүлде түсініксіз және қисынсыз. «Зиян келтірген» қуақылықтар жөнінде қынжылу, өкіну арқылы бұл *фактіден* құтыла қоям деу күлкі болар еді. Қақтығыстың қайдағы бір қатты айтылған қуақылықтан барып *принциптік* маңыз алуы мүмкін емес, тек съездегі саяси жіктердің сипаты жағынан ғана сондай маңыз алуы мүмкін. Жанжал қатты сөздерден және қуақылықтан туған жоқ,— бұл сөздер мен қуақылықтар съездің саяси жіктерге бөлінуінің өзінде «қайшылық» бар екенінің, жанжал туғызатын себептердің бәрі бар екенінің, *тіпті болмашы* бір сылтау табылса-ақ болғаны, бойындағы бар күшімен сопаң етіп шыға келетін ішкі әр текгілік бар екенінің сыртқы *белгісі* ғана еді.

Қайта, менің съезд жөніндегі көзқарасым бойынша, оқиғаларды белгілі бір саяси мағынада ұғынғандық ретінде, мұндай ұғынудың кейбіреулерге ренішті болып көрінгеніне қарамастан, сол көзқарасымды қорғауды өзімнің борышым деп есептеймін,— осы көзқарасым бойынша, «болмашы» себептен *принциптік* сипаты бар өте қатты жанжалдың тууы сөзсіз және толық түсінік-

ті. Съезде искрашылдар мен антиискрашылдардың арасында *үнемі* күрес болып отырғандықтан, олардың арасында табансыз элементтер болғандықтан, бұлар антиискрашылдармен бірге барлық дауыстың 1/3 бөлігіне ие болғандықтан (әлбетте, менің шамамен шығарған есебім бойынша: 8+10=18-ді 51-мен салыстырғанда),— *искрашылдардың тіпті болмашы азшылығының, қандай түрде болса да, искрашылдардан бөлініп кетуі* антиискралық бағыттың жеңу мүмкіншілігін туғызатыны, сондықтан да «жанталасқан» күрестің болғаны өте түсінікті және табиғи іс. Бұл — орынсыз айтылған қатты сөздер мен дүрсе қоя берулердің нәтижесі емес, саяси айла-шарғының нәтижесі. Саяси жанжалды қатты сөздер туғызған жоқ, қайта, съездің жікке бөлінуінің өзінде саяси жанжалдың болуы осындай қатты сөздер мен дүрсе қоя берулерді туғызды,— съездің саяси маңызына және съездің нәтижелеріне баға беру жөнінде Мартовпен екі арада болып отырған негізгі принциптік алауыздығымыз осы қарама-қарсылықта жатыр.

Съездің бүкіл өн бойында, ең басты-басты оқиғаларды еске алсақ, искрашылдардың болмашы азшылығы көпшілігінен үш рет бөлініп шықты,— тілдердің тең праволылығы жөнінде, уставтың 1-параграфы жөнінде және сайлау кезінде,— бұл үш реттің үшеуінде де кескілескен күрес болды, мұның өзі ақыр аяғында партия ішіндегі қазіргі ауыр дағдарысқа әкеліп соқтырды. Бұл дағдарыс пен бұл күресті саяси жағынан түсіну үшін орынсыз қуақылық туралы сөздермен қанағаттанбау керек, қайта, съезде қақтығысқан сарындардың саяси жіктерін зерттеп қарау керек. Сондықтан ажырасудың себептерін анықтау тұрғысынан қарағанда, «тілдердің тең праволылығы» жөніндегі жанжалдың екі есе маңызы бар, өйткені ол кезде Мартов әлі (әлі де!) искрашыл еді және антиискрашылдар мен «центрге» қарсы жұрттың бәрінен де артық күреспесе, кем күреспеді.

Ұрыс Мартов жолдас пен бундшылдардың бастысы Либер жолдастың арасындағы таластан басталды (171—172-беттер). Мартов «азаматтардың тең праволылығын» талап етудің жеткілікті екенін дәлелдеді. «Тіл бостандығы» қабылданбады, бірақ соның ізінше «тілдердің

тең праволылығы» деген ұсынылды, сөйтіп Либермен бірге Егоров жолдас майданға шықты. Мартов былай деп мәлімдеді: мұның өзі — *фетишизм*, өйткені «шешендер ұлттардың тең праволы болуын талап ете отырып, правоның тең еместігін тіл саласына аударады. Ал анығында мәселені нақ екінші жағынан алып қарау керек: ұлттардың праволары тең емес, мұнда теңсіздік, айта кетейік, белгілі бір ұлтқа жататын адамдардың ана тілін пайдалану правосының болмауынан да көрініп отыр» (172-бет). Мартовтың ол кездегі айтқаны мүлде дұрыс еді. Шынында да, Либер мен Егоровтың өз тұжырымдарын дұрыс деп жақтап, бізден ұлттардың тең праволылығы принципін өткізгісі келмегендікті немесе өткізе білмегендікті таппақ болып, құр босқа әлектенуі бейне бір фетишизм болып шықты. Іс жүзінде олар принципті жақтамай, «фетишистер» сияқты, сөзді ғана жақтады, қандай болса да принциптік қате істеуден қорыққандықтан емес, жұрт не айтар екен деп қорыққандықтан осылай істеді. Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал жайында біз атап өткен дәл осы табансыздық психологиясын (бұл үшін бізді «басқалар» айыптап жүрсе қайтеміз?) бұл арада біздің бүкіл «центр» де мейлінше айқын көрсетті. Оның екінші бір өкілі, «Южный рабочийге» жақын тұрған кен заводының делегаты Львов «тілдерді езу туралы шет аймақтар ұсынған мәселені аса елеулі мәселе деп есептейді. Біз өз программамызға тіл туралы пункт енгізіп, басқа халықтарды орыстандыру туралы болжамның қандайын болса да жоюымыз қажет, өйткені социал-демократтар жайында осындай күдік тууы мүмкін». Мәселенің «елеулі екендігінің» тамаша дәлелі міне осындай. Шет аймақтардың күдіктену мүмкіншілігін жою керек *болғандықтан*, мәселе өте елеулі болып отыр! Шешен істің мәні жөнінде түк айтпайды, өзінің фетишист деп айыпталғанына ол жауап қайтармайды, қайта, оны түгелімен растап отыр, өзінің түк дәлелінің жоқтығын айтып, шет аймақтар не айтар екен деген сылтаумен құтылғысы келеді. *Айта қалса*, олардың айтатынының бәрі *дұрыс емес*,— дейді жұрт оған. Осы дұрыс па, әлде дұрыс емес пе, деп тек-

серу орнына, ол: *«күдіктенуі мүмкін»* деп жауап береді.

Мәселені елеулі және маңызды деп танығысы келіп, оны *осылайша* қою шынында қазір принциптік сипат алып бара жатыр, бірақ ол Либерлер, Егоровтар, Львовтар бұл жерден тауып алғысы келген принциптік сипат емес. Принциптік болып отырған мәселе мынау: партия ұйымдары мен мүшелеріне программаның жалпы және негізгі қағидаларын қолдануға, нақты жағдайларға сәйкестіре отырып қолдануға және осындай қолдану бағытында сол қағидаларды дамытуға ерік беруге тиіспіз бе, әлде жұрттың құр күдіктенуінен қорқып, программаны ұсақ-түйектермен, жеке нұсқаулармен, қайталаулармен, шым-шытырықтармен толтыруға тиіспіз бе? Социал-демократтар шым-шытырыққа қарсы күресте кәдімгі демократиялық праволар мен еркіндіктерді тарылтуға тырысушылық бар деп қалайша санай («күдіктене») алады деген мәселе принциптік мәселе болып отыр. Шым-шытырақ оқиғалар алдында фетишистікпен бас июден біз енді қашан арылар екенбіз? — «тілдерден» туған күресті көргенде, біздің ойымызға сап ете түскен пікір осы болды.

Атап дауысқа қою көп болғандықтан, бұл күресте делегаттардың қалай жікке бөлінгені әбден айқын еді. Мұндай дауысқа қою бір емес, үш рет болды. Барлық антиискрашылдар (8 дауыс) мен өте болмашы ауытқып отырған бүкіл центр (Махов, Львов, Егоров, Попов, Медведев, Иванов, Царев, Белов,— тек соңғы екеуі ғана алғашқы кезде біресе қалыс қалып, біресе бізбен бірге дауыс беріп, ауытқи берді, тек мәселе үшінші рет дауысқа қойылғанда ғана бағыттарын белгіледі) искралық топқа әрқашан қарсы тұрды. Искрашылдардың бір бөлегі — көбінесе кавказдықтар (алты даусы бар үш адам) искрашылдардан бөлініп кетті, осының салдарынан, ақыр аяғында, «фетишизм» бағыты басым болып шықты. Мәселе үшінші рет дауысқа қойылғанда, екі тенденцияның екеуінің де жақтастары өз бағыттарын неғұрлым айқындап алған кезде, искрашылдардың көпшілік жағынан алты даусы бар үш кавказдық бөлініп шығып, қарсы жаққа қосылды; искрашылдардың азшы-

лық жағынан екі даусы бар екі адам — Посадовский мен Костич бөлініп шықты; мәселе алғаш екі рет дауысқа қойылғанда қарсы жаққа шығып кеткендер немесе қалыс қалғандар мыналар еді: искрашылдардың көпшілігінен — Ленский, Степанов және Горский, азшылықтан — Дейч. *Искрашылдардың сегіз даусының (барлық 33 дауыстан) бөлініп кетуі антиискрашылдар мен тұрақсыз элементтердің коалициясы басым болып кетуіне мүмкіндік берді.* Бұл — съезде жікке бөлінудің *негізгі фактісі,* ол уставтың 1-параграфын дауысқа салғанда да, сайлауда да (тек қана *басқа* искрашылдар бөлініп шыққанда) қайталанды. Сайлауда жеңіліп қалғандар қазір сол жеңілістің *саяси себептерін,* тұрақсыз және саяси тұрлаусыз элементтерді партия алдында барған сайын әйгілеп, барған сайын аяусыз әшкерелеген сарындар күресінің *бастама пункттерін* көргісі келмей, көздерін тарс жұмып отырса, бұған таңдануға болмайды. Ол кезде Мартов жолдас Акимов пен Маховтың мақтап, қостауына татырлық еңбек сіңіріп үлгірмегендіктен де тілдердің тең праволылығы жөніндегі жанжал бұл күресті бізге соғұрлым айқын көрсетіп отыр.

е) АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММА

Антиискрашылдар мен «центрдің» принцип жөніндегі тұрлаусыздығы аграрлық программа туралы жарыс сөзде де айқын көрінді, мұның өзі съездің көп уақытын алды (протоколдардың 190—226-беттеріп қараңыз) және бірталай өте қызықты мәселе қойды. Дәл біздің күткеніміздей, программаға қарсы жорықты Мартынов жолдас бастады (Либер жолдас пен Егоров жолдастың ұсақ ескертпелерінен кейін). Ол «нақ осы тарихи әділетсіздікті» түзету туралы ескі дәлелді алға тартты, оның ойынша, біз бұл арқылы жанама түрде «басқа тарихи әділетсіздіктерді ардақтайтын» сияқтымыз, т. т. Егоров жолдас та Мартынов жағына шықты; Егоровқа тіпті «бұл программаның маңызы қандай екені түсініксіз. Мұның өзі бізге арналған программа ма, яғни ол біздің қойып отырған талаптарымызды белгілеп бере ме, әлде біз оны көпшілікке түсінікті программа еткіміз келе

ме» (!? !?). Либер жолдас «Егоров жолдастың айтқандарын айтқысы келер еді». Махов жолдас өзіне тән батылдықпен сөйледі, сөйтіп «ұсынылып отырған программаның не екенін және оның қандай мақсаттарды көздейтінін сөйлеушілердің көпшілігі (?) мүлде түсінбейді» деп мәлімдеді. Ұсынылып отырған программаны «социал-демократиялық аграрлық программа деп есептеу қиын» соғар; одан... «тарихи әділетсіздіктерді түзету тәлкегінің біраз нышаны сезіледі», онда «демагогия мен авантюризмнің сарыны» бар. Бұл терең ойлардың теориялық дәлелдемесі — тұрпайы марксизмнің көпірте бұрмалауы және оңайлатып көрсетуі: искрашылдар «шаруаларды құрамы жағынан қандай да біртұтас топ деп көрсетпекші; ал шаруалар әлдеқашан-ақ (?) таптарға бөлініп кеткендіктен, бірыңғай программа ұсыну оны тұтас алғанда демагогиялық программа етуге, жүзеге асырған кезде авантюраға айналдыруға қалайда әкеліп соғады» (202) деу болатын. «Искраны» «тануға» даяр (оны Маховтың өзінің таныганы сияқты), бірақ оның бағытын, оның теориялық және тактикалық позициясын мүлде ойластырмаған көптеген социал-демократтардың біздің аграрлық программамызға теріс қарауының шын себебін Махов жолдас бұл арада «абайламай» айтып салды. Әсте кейбір жеке мәселелер жөніндегі келіспеушілік емес, қайта, орыс шаруалар шаруашылығының осы заманғы уклады сияқты күрделі және көп қырлы құбылысқа марксизмді қолданғанда оны тұрпайыландырушылық бұл программаны түсінбеушілікті туғызды және туғызып отыр. Сөйтіп, осындай тұрпайы-маркстік көзқарас негізінде антиискралық элементтердің лидерлері (Либер мен Мартынов) және «центрдің» лидерлері Егоров пен Махов тез табысты. Егоров жолдас мұның үстіне «Южный рабочийге» және оған бейім топтар мен үйірмелерге тән белгілердің бірін, атап айтқанда,— шаруалар қозғалысының маңызын түсінбеушілікті, шаруалардың алғашқы атақты көтерілістері тұсында біздің социал-демократтардың осал жағы — сол шаруалар қозғалысының маңызын асыра бағалағандығы емес, қайта, жете бағаламағандығы (және қозғалысты пайдалану үшін күштің жеткіліксіздігі) бол-

ғанын түсінбеушілікті ашық білдірді. «Мен редакцияның шаруалар қозғалысымен әуестенуінен,— шаруалардың толқуынан кейін көптеген социал-демократтарды билеген әуестенушіліктен аулақпын» — деді Егоров жолдас. Амал не, Егоров жолдас *редакцияның* бұл әуестенуінің нақ неден көрінгенін съезге азды-көпті дәл айтуға тырыспады, «Искра» берген әдеби материалды нақты көрсетуге тырыспады. Мұның үстіне, ол біздің аграрлық программамыздың негізгі пункттерінің *бәрін* «Искра» өзінің үшінші номерінде-ақ *, яғни, шаруалардың толқуынан *көп бұрын* дамытқанын ұмытып қалыпты. «Искраны» тек сөз жүзінде ғана «танып» коймаған адам оның теориялық және тактикалық принциптеріне көбірек көңіл бөлсе, бұл күнә болмас еді!

«Жоқ, шаруалар арасында біз көп жұмыс істей алмаймыз!» — деп жар салды Егоров жолдас, ол одан әрі осы жар салуын белгілі бір жеке «әуестенушілікке» қарсы наразылық білдіру мағынасында емес, біздің бүкіл позициямызды бекерге шығару мағынасында түсіндіреді: «Мұның өзі — біздің ұранымыз авантюристік ұранмен бәсекелесе алмайды деген сөз». Әңгіменің бәрін әр түрлі партиялар ұрандарының «бәсекесіне» апарып тіреп, іске принципсіз қарауға өте тән тұжырым, міне, осы! Және де бұл сөздер біздің уақытша сәтсіздіктерге қынжылмай, үгіт жұмысында баянды табысқа жетуге ұмтылып отырғанымыз және программаның теориялық тұрақты базисі болмайынша, баянды табысқа жету (минуттік... «бәсекелестердің» айқай-шуына қарамастан) мүмкін еместігі атап көрсетілген теориялық түсіндірмелерге шешен өзінің «қанағаттанғанын» жариялағаннан кейін айтылып отыр (196-бет). «Қанағаттанғандығы» туралы бұл сендіру және ескі экономизмнен мұра болып қалған тұрпайы қағидаларды дереу қайталау мейлінше шатасқандықты ашып көрсетіп отыр, ал ескі экономизм «ұрандар бәсекесі» тек аграрлық программаның ғана емес, экономикалық және саяси күрестің бүкіл программасы мен бүкіл тактикасының барлық мәселелерін шешеді деп есептеді. «Сіз батырақты бай

---

* Караңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 461—470-беттер. *Ред.*

шаруамен бірге кесінді жерлер үшін күресуге көндіре алмайсыз, өйткені ол кесінділердің едәуір бөлегі қазірдің өзінде-ақ сол бай шаруаның қолында» — деді Егоров жолдас.

Тағы да қарабайырлық, едәуір бөлегі буржуазияның қолында болып отырған және келешекте одан да көп бөлегі сол буржуазияның қолына түсетін нәрсе үшін күресуге пролетарды «көндіру» мүмкін емес деп өңештеген біздің оппортунистік экономизммен сөзсіз тумалас қарабайырлық. Тағы да сол тұрпайылық, батырақ пен бай шаруа арасындағы жалпы капиталистік қатынастың орыс жағдайындағы ерекшеліктерін ұмытатын тұрпайылық. Кесінді жерлер қазір ауыртпалығын түсіріп отыр, іс жүзінде батыраққа *да* ауыртпалығын түсіріп отыр, оны кіріптарлықтан құтылу үшін күресуге «көндіріп» жатудың қажеті жоқ. Қайта, кейбір интеллигенттерді «көндіру» керек болып отыр — өз міндеттеріне көзін ашыңқырап қарауға көндіру, нақты мәселелерді талқылағанда, баяғы бір үлгіден аулақ болуға көндіру, біздің мақсаттарымызды қиындатып, өзгертіп көрсететін тарихи жағдаймен санасуға көндіру керек болып отыр. Біздің батырақ тұрмысының нақты аграрлық жағдайларын программаға қарсылардың ұмытуы тек соқыр сенімнен ғапа, тек мужик ақымақ келеді деген соқыр сенімнен ғана туып отыр,— бұл соқыр сенім, Мартов жолдастың әділ көрсеткеніндей (202-бет), Махов жолдастың және аграрлық программаға қарсы басқа адамдардың сөздерінен байқалып қалды.

Жұмысшы мен капиталист — деп, біріне-бірін беталды қарсы қоюшылыққа дейін мәселені оңайлатып, біздің «центр» өкілдері, дағдысынша, өздерінің тар өрістілігін мужикке аударуға тырысты. «Мужиктің таптық көзқарасының өрісі тарлығына қарағанда,— деді Махов жолдас,— мен оны ақылды деп санаймын, нақ сондықтан да мужик тартып алу мен бөліске салуды көздейтін ұсақ буржуазиялық мұратты жақтайды деп ойлаймын». Бұл арада екі нәрсе көріне шатастырылып отыр: мужиктің таптық көзқарасын ұсақ буржуаның көзқарасы деп сипаттау және осы көзқарасты *тарылту, оны* «өрісі тар» көзқарасқа айналдыру. Егоровтар мен Маховтар-

дың қатесі мужиктің таптық көзқарасын осы «өрісі тар» көзқарасқа айналдыруында жатыр (пролетардың көзқарасын «өрісі тар» көзқарасқа айналдырған Мартыновтар мен Акимовтардың қатесі де тап осындай еді). Оның бер жағында, ұсақ буржуаның жағдайы екі ұшты болғандықтан да, ұсақ буржуазиялық таптық көзқарастың азды-көпті тар өрісті, азды-көпті прогрестік болуы мүмкін екенін бізге логика да, тарих та үйретіп отыр. Сондықтан біздің міндетіміз әсте мужиктің тар өрістілігі («ақымақтығы») немесе оны «соқыр сенімнің» билеп алғандығы жөнінде қынжылу емес, қайта, оның көзқарасын үнемі кеңейтіп, оның ақыл-ойының соқыр сенімді жеңуіне жәрдемдесу болып табылады.

Орыстың аграрлық мәселесі жөніндегі тұрпайы-«маркстік» көзқарас «Искраның» ескі редакциясын айнымай жақтаушы Махов жолдастың принциптік сөзінің қорытындысында өте-мөте айқын көрінді. Жұрттың бұл сөзді қол шапалақтап... рас, келемеждеп қол шапалақтаумен қарсы алуы тегін емес. Плехановтың: қаралай бөлікті жақтаған қозғалыстан біз ешбір қорықпаймыз, бұл прогресшіл (буржуазиялық-прогресшіл) қозғалысқа біз бөгет жасамас едік, дегеніне ашуланған Махов жолдас былай деді: «Нені бәле деп атауды мен, әрине, білмеймін. Бірақ, егер мұны революция деп атауға болса, онда бұл революция революцияшыл болмайды. Дұрысырақ айтқанда, мен: бұл енді революция болмайды, реакция болады (к ү л к і), бүлік тәрізді революция болады дер едім... Мұндай революция бізді кейін шегеріп тастайды және қазіргі жағдайымызға қайтып оралу үшін бізге белгілі бір уақыт керек болады. Ал біз қазір француз революциясы кезіндегіден анағұрлым көп нәрсеге ие болып отырмыз (к е л е м е ж д е п қ о л ш а п а л а қ т а у), бізде социал-демократиялық партия бар (к ү л к і)» ... Иә, Маховша ойлайтын немесе орталық мекемелері Маховтарға сүйенетін социал-демократиялық партия шынында тек қана күлкі болар еді...

Сонымен, біз аграрлық программа көтерген таза принциптік мәселелер жөнінде де өзімізге таныс жіктің лезде жарыққа шыға қойғанын көріп отырмыз. Антиискрашылдар (8 дауыс) тұрпайы марксизмді жақтап

жорыққа аттанды, олардың соңына баяғы бір өрісі тар көзқарасқа үнемі сүрініп, малтығып, «центрдің» көсемдері — Егоровтар мен Маховтар ерді. Сондықтан аграрлық программаның кейбір пункттерін дауысқа қойғанда, 30 және 35 дауыстың жақтап берілуі (225 және 226-беттер), яғни Бунд туралы мәселенің талқыланатын орны жөніндегі таласта да, Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжалда да, «Южный Рабочийді» жабу туралы мәселеде де қанша дауыс берілсе, бұл жолы да, шамамен айтқанда, дәл сонша дауыс берілуі өте табиғи нәрсе. Дағдылы және қалыптасып қалған үлгінің шегінен азды-көпті шығыңқырап кететін, ерекше және жаңа (немістер үшін жаңа) әлеуметтік-экономикалық қатынастар жөнінде Маркстің теориясын өз бетімен қолдануды азды-көпті керек қылатын мәселе көтерілсе-ақ болғаны,— міндет деңгейінде бола білетін искрашылдардың даусы тек $^3/_5$ болып шыға келеді, бүкіл «центр» дереу Либерлер мен Мартыновтардың соңынан ере жөнеледі. Ал Мартов жолдас сарындар айқын байқалған дауысқа қоюлардан үрейлене жалтарып, бұл анық фактіні бүркемелеуге тырысады!

Искрашылдар съездің кемінде бестен екісіне қарсы күрескенін аграрлық программа жөніндегі жарыс сөз айқын көрсетті. Кавказдық делегаттар бұл арада өте дұрыс бағыт ұстады,— крепостниктік тәртіптің толып жатқан қалдықтарының жергілікті түрлерімен өте жақсы таныс болғандығы арқасында олар Маховтарды қанағаттандырған абстракты-үйреншікті жалаң дәлелдерді қарсы қоюдан сақтанды, олардың дұрыс бағыт ұстауына осы жағдай едәуір себеп болса керек. Плеханов та, Гусев те (Егоров жолдастың көзқарасы сияқты... «біздің деревнядағы жұмысымызға мұндай пессимистік көзқарасты»... «Россияда жұмыс істеген жолдастардың арасында көп кездестіруіме тура келді» деп растаушы Гусев те), Костров та, Карский де, Троцкий де Мартынов пен Либерге, Махов пен Егоровқа қарсы дұрсе қоя берді. Аграрлық программаны сынаушылардың «ізгі тілекті кеңестерінен» «*филистерліктің* иісі мүңкіп тұрғанын» Троцкий дұрыс көрсетті. Тек съездегі саяси жіктерді зерттеу туралы мәселе жөнінде ғана мынаны ес-

керту керек: оның сөзінің осы жерінде (208-бет) Ланге жолдастың Егоровпен және Маховпен қатар қойылуы дұрыс болар ма екен. Протоколдарды зер салып оқыған адам Ланге мен Гориннің Егоров пен Маховтың позициясынан мүлде басқа позиция ұстағанын көреді. Ланге мен Горинге кесінді жерлер туралы пункттің тұжырымы ұнамады, олар біздің аграрлық программамыздың идеясын әбден түсіне отырып, оны *басқаша* жолмен жүзеге асыруға тырысты, өздерінің көзқарасынша, анағұрлым мінсіз тұжырым табу жөнінде көп жұмыс істеді, программа авторларын сендірмек болып немесе соларды жақтап, искрашыл еместердің бәріне қарсы шықты, сөйтіп өз қарарларының жобаларын ұсынды. Мәселен, бүкіл аграрлық программаны қабылдамау (212-бет, қабылдамауды *жақтаған* дауыс тоғыз, қарсы 38) және оның жеке пункттерін қабылдамау (216 және басқа беттер) туралы Маховтың ұсыныстарын кесіпді жерлер туралы пункттің дербес редакциясын *ұсынған* Лангенің бағытымен (225-бет) салыстырып қарасақ, бұлардың арасында түбірлі айырма бар екеніне көзіміз жетеді*.

«Филистерліктің» иісі мүңкіп тұрған дәлелдер туралы одан әрі айта келіп, Троцкий жолдас былай деп атап көрсетті: «туып келе жатқан революциялық кезеңде біз шаруалармен байланыс жасауымыз керек»... «Осы міндет алдымызда тұрғанда Махов пен Егоровтың скептиктігі мен саяси «көрегендігі» өресіздіктің қандайынан болса да зияндырақ». Азшылықтың ішіндегі басқа бір искрашыл, Костич жолдас, Махов жолдастың «өзіне, өзінің принциптік табандылығына сенбейтінін» өте дәл айтты, бұл — біздің «центрге» мірдің оғындай тиетін сипаттама. «Екеуінің арасында айырма бола тұрса да, сары уайымға салыну жөнінде Махов жолдас Егоров жолдаспен табыса кетті,— деді содан соң Костич жолдас.— Социал-демократтар қазірдің өзінде шаруалар арасында жұмыс жүргізіп, қазірдің өзінде олардың қозғалысына мүмкін қадарынша басшылық етіп отырғанын Махов ұмыта береді. Сөйтіп, олар өздерінің осы сары

* Салыстырыңыз: Гориннің сөзі, 213-бет.

уайымға салынуы арқылы біздің жұмысымыздың өрісін тарылтады» (210-бет).

Съезде программа жөнінде болған жарыс сөз туралы мәселені аяқтау үшін енді оппозициялық ағымдарды қолдау жөніндегі қысқаша айтысқа тоқталып өтуге болады. Социал-демократиялық партия *«Россиядағы осы күнгі қоғамдық және саяси тәртіпке қарсы бағытталған оппозициялық* және революциялық қозғалыстың қандайын болса да» қолдайтыны біздің программада айқын айтылған [101]. Оппозициялық ағымдардың *дәл қандайын* қолдайтынымыз бұл соңғы ескертуде мейлінше дәл көрсетілген сияқты еді. Әбден талқыланған мәселе жөнінде тағы да «түсініспеушілік пен ұғыныспаушылық» болуы мүмкін деп ойлау қаншама қиын болса да, біздің партия ішінде көптен қалыптасқан сарындардың айырмасы *бұл арада да* бірден байқалды! Сірә, істің мәні түсініспеушіліктерде емес, нақ сол *сарындарда* болса керек. Махов, Либер және Мартынов дереу дабыл қағып, тағы да «тұтас» азшылыққа тап болды, сөйтіп Мартов жолдастың бұл арада да мұны айла-шарғы жасалды, әдейі істелді, дипломатия жүргізілді деп, басқа да осындай әсем сөздермен түсіндіруіне тура келгендей болды (оның Лига съезінде сөйлеген сөзін қараңыз), мұндай түсіндіру азшылықтың да, көпшіліктің де «тұтас» топтары құрылуының саяси себептеріне ой жібере алмайтын адамдардың қолданатын әдісі болып табылады.

Махов тағы да марксизмді тұрпайы дөрекілендіруден бастады. «Бізде бірден-бір революцияшыл тап — пролетариат,— дейді де, ол осы дұрыс қағидадан іле-шала мынадай теріс қорытынды жасайды: — басқалары бүйірден қосылғандар (ж ұ р т т ы ң б ә р і к ү л е д і)... Иә, бүйірден қосылады да, сәл нәрсенің өзін пайдаланып қалғысы келеді. Мен оларды қолдауға қарсымын» (226-бет). Махов жолдастың өз позициясын өрескел тұжырымдауы көп адамды (оның жақтастарынан) ұялтты, бірақ «оппозициялық» деген сөзді алып тастауды немесе оған «демократиялық-оппозициялық» деп қосып, шек қоюды ұсынып, Либер де, Мартынов та іс жүзінде Маховпен табысты. Мартыновтың бұл түзетуіне Плеханов әділ қарсы шықты. «Біз либералдарды сынауға, олар-

дың жартыкештігін әшкерелеуге тиістіміз,— деді ол.— Бұл дұрыс... Бірақ, социал-демократиялық қозғалыстан басқа қозғалыстардың бәрінің тар өрістілігі мен шектеулілігін әшкерелей отырып, біз жалпыға бірдей сайлау правосын бермейтін конституцияның өзі де, абсолютизммен салыстырғанда, бір адым ілгері басқандық екенін, сондықтан пролетариат қазіргі тәртіпті ондай конституциядан артық көрмеуге тиіс екенін пролетариатқа түсіндіруге міндеттіміз». Мартынов, Либер және Махов жолдастар бұған келіспей, өздерінің ұстаған бағытын қорғады, олардың бағытына Аксельрод, Старовер, Троцкий және тағы да Плеханов қарсы шықты. Бұл арада Махов жолдас өзін өзі тағы да төмпештеп үлгірді. Әуелі ол басқа таптар (пролетариаттан басқалары) «әншейін» екенін және өзі «оларды қолдауға қарсы» екенін айтты. Кейін мейірімі түсіп, «шын мәнінде реакцияшыл бола тұрса да, буржуазия көп реттерде,— мәселен, феодализмге және оның қалдықтарына қарсы күресуге келгенде,— революцияшыл болады» деп мойындады. Бұдан әрі ол тағы да түзеймін деп бүлдіріп алды: «Бірақ әрқашан (?) реакцияшыл топтар бар, олар — қолөнершілер» деді. Кейін ескі редакцияны аузы көпіргенше жақтаған біздің «центрдің» басшылары принцип жөнінде осындай сорақылықтарды айтуға дейін барды! Тіпті цехтық құрылым өте күшті болған Батыс Европаның өзінде абсолютизмнің құлау дәуірінде калалардағы басқа да ұсақ буржуалар сияқты ерекше революцияшылдық көрсеткен нақ осы қолөнершілер болатын. Абсолютизмнің құлауынан жүз жыл, елу жыл кейінгі дәуірде батыстық жолдастардың қазіргі қолөнершілер туралы айтқандарын ойланбастан қайталап айту нақ орыс социал-демократына әсіресе лайықсыз. Россияда саяси мәселелер жөнінде қолөнершілерді буржуазиядан реакцияшыл деу жаттап алған дағдылы құрғақ сөзден басқа еш нәрсе емес.

Амал не, Мартыновтың, Маховтың және Либердің бұл мәселе жөнінде қабыл алынбаған түзетулеріне қанша дауыс берілгені туралы протоколдарда ешбір дерек қалмаған. Біз тек антиискрашыл элементтердің лидер-

лері мен «центр» лидерлерінің бірі * бұл арада да искрашылдарға қарсы шығып, бізге ертеден таныс жікке топтасқанын ғана айта аламыз. *Программа* туралы *барлық* жарыс сөздерді қорыта келіп, азды-көпті қызу болмаған, жалпы жұрттың назарын аудармаған, сарындардың Мартов жолдас пен «Искраның» жаңа редакциясы қазір жасырып отырған айырмасын ашып көрсетпеген *бірде-бір* айтыс болмады деген қорытынды жасамауға болмайды.

ж) ПАРТИЯ УСТАВЫ. МАРТОВ ЖОЛДАСТЫҢ ЖОБАСЫ

Съезд программадан партия уставына көшті (Орталық Орган туралы жоғарыда сөз болған мәселеге және делегаттардың баяндамаларына соқпай өтеміз, амал не, делегаттардың көпшілігі бұл баяндамаларды қанағаттанарлық түрде тапсыра алмады). Біздің бәріміз үшін устав туралы мәселенің аса зор маңызы болғанын айтып жатудың қажеті жоқ. Шынында, «Искра» әуел бастанақ, тек әдеби орган есебінде ғана емес, сонымен қатар *ұйымдық* ұя есебінде көрінді ғой. Төртінші номерінің редакциялық мақаласында («Неден бастау керек?») «Искра» тұтас бір ұйымдық жоспар** ұсынды және сол жоспарды *үш жыл* бойы үнемі, үздіксіз жүзеге асырып отырды. Партияның екінші съезі «Искраны» Орталық Орган деп таныганда, тиісті қарарды (147-бет) дәлел-

* Сол топтың, «центрдің» енді бір лидері Егоров жолдас оппозициялық ағымдарды қолдау мәселесі туралы өз пікірін басқа жерде, Аксельродтың социалист-революционерлер туралы қарары сөз болған кезде айтты (359-бет). Егоров жолдас программаның қандай да болсын оппозициялық және революциялық қозғалысты *қолдау* туралы талабы мен социалист-революционерлерге де, либералдарға да *теріс* көзқарасы арасындағы «қайшылықты» көре білді. Егоров жолдас мәселеге басқа түрде және басқа жағынан қарап, бұл арада, Махов, Либер, Мартынов жолдастар сияқты, өзінің марксизмді тар мағынада түсінетінін, «Искраның» позициясына (өзі «таныған» позициясына) тұрақсыздықпен, жартылай дұшпандықпен қарайтынын көрсетті.

** «Искраны» Орталық Орган деп тану туралы сөзінде Попов жолдас сөз арасында былай деді: «Мен «Искраның» 3 немесе 4-номерінде басылған «Неден бастау керек?» деген мақаланы еске түсіремін. Россияда жұмыс істеп жүрген жолдастардың көбі оны сыпайылыққа жатпайтын мақала деп тапты: енді біреулерге бұл жоспар қиял болып көрінді, ал көпшілік (? сірә, Попов жолдастың төңірегіндегі адамдардың көпшілігі болар) мұны атақ құмарлық деді» (140-бет). Менің саяси көзқарастарымды мұндай атақ құмарлық деп түсіндірушілікке, қазір Аксельрод жолдас пен Мартов жолдас қоздырып отырған түсінікке енді көндігіп жатуымның қажеті жоқ екенін оқушы көріп отыр.

дейтін үш пункттің ішінен екі пункт *«Искраның» нақ осы ұйымдық жоспары мен ұйымдық идеяларына* арналған еді: оның партияның *практикалық* жұмысына басшылық ету ісіндегі ролі мен біріктіру жұмысындағы басшылық ролі көрсетілді. Сондықтан бүкіл партия болып белгілі бір ұйымдық идеяларды танымайынша және ол идеяларды ресми түрде бекітпейінше, «Искраның» жұмысын және партия ұйымының бүкіл ісін, партияны *іс жүзінде* қалпына келтіру жөніндегі бүкіл істі аяқталды деп есептеуге *болмайтыны* әбден табиғи нәрсе. Бұл міндетті партияның ұйымдық уставы орындауға тиіс болды.

«Искраның» партия ұйымына негіз етіп алмақ болған негізгі идеялары, шынында, мынадай екі идея еді. Біріншісі, централизм идеясы, жеке-жеке және егжейтегжейлі ұйымдық мәселелердің бәрін шешудің әдісін принцип жүзінде белгілеп берді. Екіншісі — идеялық басшылық ететін органның, газеттің, ерекше ролі — шетелдерде революциялық тегеуріннің *алғашқы* операциялық базасы құрылған күнде, саяси құлдық жағдайындағы нақ орыс социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының уақытша және ерекше мұқтаждарын ескерді. Бірден-бір принциптік идея болып табылатын бірінші идея бүкіл уставтың арқауы болуға тиіс еді; екінші идея — орынға және іс-әрекеттің түріне байланысты уақытша жағдайлардан туатын жеке идея — централизмнен ауытқығандық *сияқтанып, екі орталық, Орталық Орган мен Орталық Комитет* құрудан көрінді. Искралық партия ұйымы жөніндегі бұл негізгі екі идеяны мен «Искра» (№ 4) редакциясы атынан жазылған «Неден бастау керек?» * деген мақалада да, «Не істеу керекте?» ** де дамытқан болатынмын және, ақыр аяғында «Жолдасқа хатта» *** устав түрінде дерлік егжей-тегжейлі түсіндірген болатынмын. Егер «Искраны» тану қағаз жүзінде қалмаса, тек айтыла салған құрғақ сөз ғана болмаса, онда дәл осы идеяларды жүзеге асыруға тиісті болған уставтың параграфтарын тұжырым-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 1—13-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер. *Ред.*
*** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 7—26-беттер. *Ред.*

дау үшін, шынында, тек редакциялау жұмысы ғана қалған еді. Өзім қайта бастырған «Жолдасқа хаттың» алғы сөзінде мен ұйымдық идеялардың партия уставында да, осы кітапшада да бір-біріне толық ұқсас екенін анықтау үшін бұл екеуін жай салыстырып қараудың өзі жеткілікті болатынын атап көрсеткенмін *.

«Искраның» ұйымдық идеяларын уставта тұжырымдаудың редакциялық жұмысы жөнінде менің Мартов жолдас көтерген бір жанжалға тоқталып өтуіме тура келеді. Мартов Лига съезінде былай деді: «... Бұл (яғни бірінші) параграф жөнінде менің оппортунизмге түсуім Ленин үшін қаншалықты күтпеген іс болғанын сіздерге нақты анықтама көрсетіп берер. Съезден $1^1/_2$—2 ай бұрын мен Ленинге өзімнің жобамды көрсеттім, онда 1-параграф дәл менің съезге ұсынғанымдай баяндалып еді. Ленин менің жобамды тым егжей-тегжейлі деп тауып, оған қарсы болды және өзіне тек 1-параграфтың идеясы — мүше болу шартының анықталуы ғана ұнайтынын, бұл идеяны түрін өзгертіп өз уставына енгізетінін, өйткені менің тұжырымымды сәтсіз деп есептейтінін айтты. Демек, Ленин менің тұжырымыммен көптен таныс болатын, ол менің бұл мәселе жөніндегі көзқарастарымды білетін. Сөйтіп, съезге ниетімді, көзқарастарымды жасырмай барғанымды өздеріңіз көріп отырсыздар. Өзара кооптациялауға қарсы, Орталық Комитет пен Орталық Органға кооптация жасағанда бірауызды болу принциптеріне қарсы күресетінімді, тағысын-тағыларды мен алдын ала ескерттім» (58-бет).

Өзара кооптациялауға қарсы күресетіндігін ескертуі жөнінде істің қалай болғанын біз кезі келгенде көре жатармыз. Енді Мартов уставының «ниетін жасырмауына» тоқталайық. Өзінің сәтсіз жобасы жөнінде (Мартовтың өзі съезде бұл жобаны сәтсіз деп тауып, қайтып алған-ды, ал съезден кейін, ол өз бойына біткен дәйектілікпен, бұл жобаны тағы да жарыққа шығарды) болған оқиғаны Лигада есінде қалғаны бойынша айтып бергенде, Мартов, дағдысынша, көп нәрсені ұмытып қалған екен, сондықтан ол әңгімені тағы да шатасты-

* Шығармалар толық жинағы, 7-том, 6-бет. *Ред.*

рып алды. Жай әңгімелерге және өзінің есінде қалғанына (адам амалсыздан тек өзіне пайдалыны ғана есіне түсіреді!) сүйенуден сақтандыратын фактілер көп болған сияқты еді,— сонда да Мартов жолдас, басқа материалы болмағандықтан, сапасыз материалды пайдаланып отыр. Қазір тіпті Плеханов жолдас та оған еліктей бастапты — сірә, жаман әдет жұққыш болса керек.

Мартовтың жобасындағы бірінші параграфтың «идеясы» маған «ұнауы» мүмкін емес, өйткені съезде жарыққа шыққан *идеяның бірде-бірі* оның жобасында болған емес. Ол ұмытшақ болған. Қағаздардың арасынан Мартовтың жобасын тауып алғаным оңды болды, онда «*бірінші параграф оның съезде ұсынғанындай емес, мүлде басқаша баяндалған»!* Міне сізге «ниетті жасырмау» керек болса!

Мартовтың жобасындағы 1-параграф: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасын мойындайтын, оның міндеттерін жүзеге асыру үшін партия органдарының (sic! *) бақылауымен және басшылығымен белсеніп жұмыс істейтін әрбір адам партия мүшесі болып саналады».

Менің жобамдағы 1-параграф: «Партия программасын мойындайтын және материалдық қаражатымен де, партия ұйымдарының біріне өз басының қатысуымен де партияға көмектесетін әрбір адам партия мүшесі болып саналады».

Съезде Мартов ұсынған және съезд қабылдаған тұжырым бойынша 1-параграф мынадай: «Россия социал-демократиялық жұмыспы партиясының программасын қабылдайтып, партияға материалдық қаражатымен көмектесетін жәпе опың бір ұйымының басшылығымен партияға үнемі өз басы жәрдем көрсетіп отыратын әрбір адам партия мүшесі болып саналады».

Мартовтың жобасында ешбір *идеяның* жоқ екені, тек *құрғақ сөз* ғана бар екені осы салыстырудан айқын көрініп отыр. Партия мүшелері партия *органдарының* бақылауымен және басшылығымен жұмыс істейтіні өзінен-өзі түсінікті, мұның *басқаша болуы мүмкін емес,* бұл туралы сөз қылатындар — мәні бар еш нәрсе айт-

* — солай! *Ред.*

пай, құр сөйлей беруді жақсы көретін, «уставтарды» ұшы-қиыры жоқ сылдыр сөзбен және бюрократтық (яғни іске керегі жоқ, тек сәнге ғана керекті) формулалармен толтыруды жақсы көретін адамдар. Бірінші параграфтың идеясы *партия органдары партия ұйымдарының* біреуіне де *енбейтін* партия мүшелеріне *іс жүзінде* басшылық ете ала ма, деген сұрақ қойылғанда ғана аңғарылады. Мартов жолдастың жобасында бұл идеяның ізі де жоқ. Олай болса, Мартов жолдастың «бұл мәселе жөніндегі көзқарастарымен» *менің таныс болуым мүмкін емес,* өйткені Мартов жолдастың жобасында *бұл мәселе жөнінде ешбір көзқарас жоқ.* Мартов жолдастың нақты анықтамасы *шатасқандық* болып шықты.

Қайта, Мартов жолдастың өзі жөнінде мынаны айтуға тура келеді: ол менің жобамнан «менің бұл мәселе жөніндегі көзқарастарымды білді», менің жобам съезден 2—3 апта бұрын жұрттың бәріне көрсетілсе де, ол редакциялық коллегияда да, *тек* менің жобаммен *ғана* танысқан делегаттар алдында да менің көзқарасыма қарсы шыққан жоқ, оны теріс деген жоқ. Ол ол ма. Тіпті съезде, мен уставтың өзім жазған жобасын * ұсынып, оны *устав комиссиясы сайланғанға дейін* қорғағанымда, Мартов жолдас турадан-тура былай деп мәлімдеді: «Ленин жолдастың қорытындыларына қосыламын. *Тек екі мәселеде ғана онымен келіспеймін»* (курсив менікі) — Советті құру әдісі туралы мәселеде және бірауыздан кооптация жасау туралы мәселеде (157-бет). 1-параграф жөнінде *келіспеу* туралы бұл арада әлі *бірде-бір сөз айтылмаған.*

Қоршау жағдайы туралы кітапшасында Мартов жолдас өз уставын тағы да және неғұрлым егжей-тегжейлі

* Айта кетейік. Протокол комиссиясы XI қосымшада *«съезге Ленин ұсынған»* уставтың жобасын бастырды (393-бет). Протокол комиссиясы бұл арада да біраз шатастырыпты. Комиссия менің барлық делегаттарға (және көбіне съезге дейін) көрсетілген *алғашқы* жобамды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 282—284-беттер. *Ред.)* *съезге ұсынылған* жобамен шатастырып алып, *біріншісін* екіншісі деп *бастырды.* Менің жобаларымның *әзірлік үстіндегі барлық нұсқалары да* басыла берсін, менің оған, әрине, түк қарсылығым жоқ, бірақ, сонда да, шатастыруға болмайды. Ал шатастырудың болғаны рас, өйткені Попов пен Мартов (154 және 157-беттер) менің шынында съезге ұсынған жобамның тұжырымдарын сынады, ал протокол комиссиясы бастырған *жобада ондай тұжырымдар жоқ* (394-бет, 7 және 11-параграфтарды салыстырыңыз). Іске ұқыптырақ қарағанда, мен көрсеткен беттерді жай салыстырғанда-ақ бұл қатені байқау қиын емес еді.

еске түсіруді қажет деп тапты. Бұл кітапшасында ол өз уставына, кейбір жеке жерлерінен басқасына, қазірдің өзінде қол қоюға әзір екенін айтып (қазір 1904 жылдың февралы — үш айдан кейін не болары белгісіз), оның уставы «централизмді әсірелеуге қарсы екенін жеткілікті түрде айқын көрсетті» деп сендіреді (IV бет). Бұл жобаның съезге ұсынылмауын Мартов жолдас *қазір* мынадан деп түсіндіреді: 1-ден, «искралық тәрбие оны устав атаулыны жек көруге үйреткен» (өзіне ұнаған уақытта Мартов жолдас искралық деген сөзді өрісі тар үйірмешілдік деп танымай, мейлінше айқын бағыт деп таниды! Тек, не пайда, үш жылдың ішіндегі искралық тәрбие Мартов жолдасты анархиялық құрғақ сөзді жек көруге үйретпепті, бірігіп қабылдаған уставты бұзғандықты интеллигенттік табансыздық осындай құрғақ сөзбен ақтай алады). 2-ден, көріп отырсыздар, ол, Мартов жолдас, «негізгі ұйымдық ұйтқы болып отырған «Искраның» тактикасына қандай да болсын іріткі салудан» сақтаныпты. Қалайша тамаша ұйқасып тұр десеңізші! 1-параграфтың оппортунистік тұжырымы туралы немесе централизмді әсірелеу туралы *принциптік* мәселеде Мартов жолдас іріткі салудан (өрісі мейлінше тар үйірмешілдік тұрғыдан қарағанда ғана қорқынышты) соншама қорқып, өзінің қарсы пікірін редакция сияқты ұйтқының алдына да қоймады! Ал орталық орындардың құрамы туралы *практикалық* мәселеде Мартов жолдас «Искра» ұйымы (осы нағыз *негізгі ұйымдық ұйтқы*) мүшелерінің көпшілігі дауыс берген тоқтамға риза болмай, Бунд пен рабоче-делошылдардан жәрдем сұрады. Мәселеге қаныға рақ адамдардың берген бағасында «үйірмешілдік» жоқ деу үшін quasi-редакцияны қорғағанда үйірмешілдікті әкеліп тықпалайтын өз сөзіндегі «іріткі салушылықты», осы іріткі салушылықты Мартов жолдас байқамайды. Оған қасақана біз оның уставы жобасын *толық* келтіріп, өз тарапымыздан оның қандай *көзқарастарды* және қандай *әсірелеуді* білдіретінін көрсетіп берелік *:

* Айта кетейін, Мартов жобасының бірінші нұсқасын, амал не, таба алмадым, ол 48 параграфтан құралған сияқты еді, онда түкке тұрмайтын формализмді «әсірелеу» одан да көп болатын.

«Партия уставының жобасы.— I. Партияға мүше болу.— 1) Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасын танитын, оның міндеттерін жүзеге асыру үшін партия органдарының бақылауымен және басшылығымен белсеніп жұмыс істейтін әрбір адам партия мүшесі болып саналады.— 2) Партия мүдделеріне қайшы келетін қылықтары үшін партия мүшесі Орталық Комитеттің қаулысымен партиядан шығарылады. [Партиядан шығару туралы дәлелденіп алынған үкім партия архивінде сақталады және, талап етуі бойынша, партияның әрбір комитетіне білдіріледі. Екі немесе одан көп комитет талап етсе, онда Орталық Комитеттің партиядан шығару туралы шешімі жөнінде съезге шағым беруге болады]»... Мартов жобасының ешбір «идеясы» болмауы былай тұрсын, сондай-ақ ешбір белгілі шарт немесе талап қоймайтын *көріне-көзге* мағынасыз қағидаларын,— үкімді *дәл қай* жерге сақтауды «уставта» көрсету жөніндегі өрескелдік немесе Орталық Комитеттің партиядан шығару туралы шешімдері жөнінде (жалпы алғанда, оның қандай да болсын шешімдері жөнінде емес пе?) съезге шағым беруге болатынын көрсету сияқтыларын,— мен жақшаның ішіне аламын. Мұның өзі — барып тұрған құрғақ сөзді әсірелегендік немесе керегі жоқ, көріне пайдасыз, яки қағаз бастылыққа апарып соғатын пункттер мен параграфтарды ойлап шығару мағынасындағы нағыз бюрократтық формализм. «... II. Жергілікі комитеттер.— 3) Партияның жергілікті жұмысы жөніндегі өкілдері партия комитеттері болып табылады...» (әрі жаңалық, әрі тауып айтқандық!) «... 4) [Екінші съезге өкілдер жіберген комитеттердің сол съезд кезінде барлары партия комитеттері болып танылады].— 5) Партияның 4-параграфта көрсетілгендерден басқа жаңа комитеттерін Орталық Комитет тағайындайды [ол не сол жергілікті ұйымның бар құрамын комитет деп таниды, не жергілікті ұйымға реформа жасау жолымен жергілікті комитет құрады].— 6) Комитеттер өз құрамын кооптация жасау жолымен толықтырады.— 7) Орталық Комитет жергілікті комитеттің құрамын сан жағынан бүкіл сол құрамның $^1/_3$ бөлігінен аспайтын (өзіне белгілі) жолдастармен толықтыруға праволы...» Бұл нағыз кеңсешілдіктің үлгісі: не себепті $^1/_3$ бөлігінен аспау керек? мұның қажеті не? еш нәрсеге шек қоймайтын мұндай шек белгілеудің қандай мағынасы бар? өйткені *толықтырудың* сан рет қайталана беруі мүмкін ғой. «...8) [Егер жергілікті комитет қудалау нәтижесінде тарап кетсе немесе қиратылса» (яғни, бәрі бірдей қамауға алынбаса ма?), «Орталық Комитет оны қалпына келтіреді»]... (7-параграфпен санаспай-ақ па? Ал Мартов жолдас 8-параграф пен Россияның сыпайылық туралы заңдары — жай күндері жұмыс істеп, мейрам күндері дем алуға бұйыратын заңдары — арасында ұқсастық барын аңғармай ма?) «... 9) [Егер белгілі бір жергілікті комитеттің жұмысы партия мүдделеріне үйлеспейді деп танылса, партияның кезекті съезі Орталық Комитетке оның құрамын қайта құруды тапсыра алады. Мұндай ретте сол құрамдағы комитет таратылды деп және оның жұмыс жүргізген жеріндегі

жолдастар оған бағынбауға ерікті* деп есептеледі.»]... Бұған дейін орыс заңдарында болып келген: жұрттың бәріне және әрбір адамға маскүнемдікке салынуға рұқсат жоқ, деген статья қаншалықты пайдалы болса, бұл параграфтағы ереже де соншалықты пайдалы. «... 10) [Партияның жергілікті комитеттері партияның күллі жергілікті насихат, үгіт және ұйымдастыру жұмыстарына басшылық етеді және партияның Орталық Комитеті мен Орталық Органына жүктелетін жалпы партиялық міндеттерді орындау жөнінде оларға шама-шарқына қарай жәрдем көрсетеді.» Уһ! Құдай ақына, мұның бәрі неменеге керек еді?.. 11) [«Жергілікті ұйымның ішкі тәртіптерін, комитет пен оған бағынушы» (естисіз бе, естисіз бе, Аксельрод жолдас?) «топтардың өзара қатынастарын және бұл топтардың қарайтын істері мен дербестігінің шектерін» (қарайтын істердің шектері мен дербестіктің шектері бір нәрсе емес пе?) «комитеттің өзі белгілеп, Орталық Комитетке және Орталық Органның редакциясына білдіреді»] ...(Кемшілігі: бұл білдірулердің қайда сақталатыны айтылмаған)... «12 [Комитеттерге бағынған топтар мен партияның жеке мүшелерінің бәрі өздерінің әрбір мәселе жөніндегі пікірлерінің немесе тілектерінің партияның Орталық Комитетіне және оның Орталық Органдарына білдірілуін талап етуге праволы].— 13) Партияның жергілікті комитеті өз табыстарынан Орталық Комитеттің бөлуі бойынша оған тиісті үлесті Орталық Комитеттің кассасына аударып тұруға міндетті.— III. Басқа (орыс тілінен басқа) тілдерде үгіт жүргізу үшін құрылатын ұйымдар.— 14) [Орыс тілінен басқа тілдердің бірінде үгіт жүргізу үшін және, бұл үгіт қандай жұмысшылардың арасында жүргізілсе, сол жұмысшыларды ұйымдастыру үшін, мұндай арнаулы үгіт жүргізу керек болған және мұндай ұйым құру керек болған жерлерде жеке ұйымдар құруға болады.]—15) Мұның қаншалықты керектігі туралы мәселені партияның Орталық Комитеті шешеді, ал мәселе даулы болған реттерде партия съезі шешеді»... Уставтың мұнан кейінгі қаулыларын еске алсақ, параграфтың бірінші бөлімінің керегі жоқ, ал мәселенің даулы болатын реттері туралы екінші бөлім мүлде адам күлерлік... «16) [14-параграфта көрсетілген жергілікті ұйымдар өздерінің арнаулы істері жөнінде автономиялы, бірақ жергілікті комитеттің бақылауымен жұмыс істейді және оған бағынады, соның өзінде бұл бақылаудың формаларын және сол комитет пен сол арнаулы ұйымның арасындағы ұйымдық қатынастар нормасын жергілікті комитет белгілейді»... (бұл бос сөздердің бәрінің түкке қажеті болмағаны, құдайға шүкір, міне енді көрініп отыр.)... «Партияның жалпы істері жөнінде мұндай ұйымдар комитет ұйымының бір бөлегі есебінде жұмыс істейді.]— 17) [14-параграфта көрсетілген жергілікті ұйымдар өздерінің арнаулы міндеттерін ойдағыдай орындау үшін автономиялық одақ құра алады. Мұндай одақ өзінің арнаулы әдеби және әкімшілік

* Бұл сөзге Аксельрод жолдастың назарын аударамыз. Мұның өзі неткен сұмдық еді! Тіпті... тіпті редакцияның құрамын,.. өзгертуге дейін баратын «якобиншілдіктің» тамыры міне қайда жатыр...

органдарын құруға ықтиярлы; соның өзінде мұндай органдардың қайсысы болса да партияның Орталық Комитетінің тікелей бақылауында болады. Мұндай одақтың уставын одақтың өзі жасайды, бірақ партияның Орталық Комитеті бекітеді.] — 18) [17-параграфта көрсетілген автономиялық одақтың құрамына жергілікті жағдайға қарай өздерін көбіне сол тілде үгіт жүргізуге бейімдеген жергілікті партия комитеттері де кіре алады. *Ескерту.* Автономиялық одақтың бір бөлегі бола отырып, мұндай комитет партия комитеті болып санала береді»] ... (бүкіл параграф өте пайдалы және өте тауып айтылған, ал ескертуі одан да асып түскен)... «19) [Автономиялық одақтың құрамына кіретін жергілікті ұйымдар оның орталық органдарымен қатынас жасағанда жергілікті комитеттердің бақылауында болады.] — 20) [Партияның жергілікті комитеттері партияның Орталық Комитетімен қандай қатынаста болса, автономиялық одақтардың әдеби және әкімшілік орталық органдары да партияның Орталық Комитетімен сондай қатынаста болады.] — IV. Партияның Орталық Комитеті мен әдеби органдары.— 21) [Партияның Орталық Комитеті мен саяси және ғылыми әдебиет органдары тұтас алғанда партияның өкілдері болып табылады.] — 22) Орталық Комитетке партияның бүкіл практикалық жұмысына жалпы басшылық ету; партияның барлық күштерін дұрыс пайдалануға және дұрыс бөлуге қамқорлық жасау, партияның барлық бөлімдерінің жұмысын бақылау; жергілікті ұйымдарды әдебиетпен жабдықтау; партияның техникалық аппараттарын жолға қою; партия съездерін шақыру жүктеледі.— 23) Партияның әдеби органдарына партия өміріне идеялық басшылық ету; партия программасын насихаттау және социал-демократияның дүниеге көзқарасын ғылыми және публицистикалық жолдармен белгілеу жүктеледі.— 24) Партияның жергілікті комитеттері мен автономиялық одақтарының бәрі партияның Орталық Комитетімен де, партия органдарының редакциясымен де тікелей қатынас жасап, оларға жергілікті жерлердегі қозғалыстың және ұйымдастыру жұмысының барысы туралы ауық-ауық мәлімет беріп отырады.— 25) Партияның әдеби органдарының редакциясы партия съезінде тағайындалып, келесі съезге дейін жұмыс атқарады.— 26) [Өзінің ішкі істері жөнінде редакция автономиялы болады] және екі съезд аралығындағы уақыт ішінде өз құрамын толықтыра да және өзгерте де алады, бұл туралы әр ретте Орталық Комитетке хабарлап отырады.— 27) Орталық Комитеттен шыққан немесе Орталық Комитет мақұлдаған мәлімдемелердің бәрі, Орталық Комитеттің талап етуі бойынша, партия органдарында басылады.— 28) Орталық Комитет партия органдарының редакциясымен келісіп, әдебиет жұмысының белгілі бір түрлері үшін арнаулы әдебиет топтарын құрады.— 29) Орталық Комитет партия съезінде тағайындалып, келесі съезге дейін жұмыс атқарады. Орталық Комитет өз құрамын кооптация жолымен шексіз толықтыра алады, бұл туралы әр ретте партияның орталық органдарының редакциясына білдіріп отырады.— V. Партияның шетелдік ұйымы.— 30) Партия-

ның шетелдік ұйымы шетелдерде тұратын орыстар арасында насихат жүргізеді және олардың арасында социалистік элементтерді ұйымдастырады. Оны сайланып қойылатын әкімшілік басқарады.— 31) Партия құрамына кіретін автономиялық одақтар, осы одақтардың арнаулы міндеттерін орындауға көмектесу үшін, шетелдерде өз бөлімшелерін құра алады. Бұл бөлімшелер, автономиялық топтар есебінде, жалпы шетелдік ұйымның құрамына кіреді.— VI. Партия съездері.— 32) Съезд партияның жоғары инстанциясы болып табылады.— 33) [Партия съезі партияның программасын, уставын және оның жұмысындағы жетекші принциптерді белгілейді; партияның барлық органдарының жұмысын бақылайды және олардың арасындағы дауларды қарайды.] — 34) Съезге өкіл жіберетіндер: а) партияның барлық жергілікті комитеттері: б) партия құрамына кіретін барлық автономиялық одақтардың орталық әкімшілік органдары; в) партияның Орталық Комитеті және оның орталық органдарының редакциясы; г) партияның шетелдік ұйымы.— 35) Мандаттарды басқаға беруге болады, бірақ бір делегаттың ие болатын шын мандаттарының саны үштен артық болмауы керек. Бір мандатты екі өкілге бөлуге болады. Императивтік мандаттар болмауға тиіс.— 36) Орталық Комитет съезге қатысулары пайдалы болуы мүмкін деген жолдастарды кеңесші дауыспен съезге шақыра алады.— 37) Партия программасын немесе уставын өзгерту туралы мәселелерді шешу үшін бар дауыстың $^2/_3$ бөлік көпшілігі керек; басқа мәселелер жай көпшілікпен шешіледі.— 38) Съезд кезінде бар барлық партия комитеттерінің жартысынан көбінен өкілдер келсе, съезд толық праволы болып саналады.— 39) Съезд — мүмкіндігіне қарай — екі жылда бір рет шақырылады. [Съездің бұл мерзімде шақырылуына Орталық Комитеттің ырқынан тыс бөгеттер кездессе, ол жауапкершілікті өз мойнына алып, съезді кейінге қалдырады».]

Бұл уставсымақты ақырына дейін оқып шығуға дағдыдан тыс шыдамы жеткен оқушы бізден төмендегі қорытындыларды ерекше талдап беруді талап ете қоймас. Бірінші қорытынды: уставта айықтыруы қиынға түсетін сарсу бар. Екінші қорытынды: централизмді әсірелеуге қарсы болу мағынасында, ұйымдық көзқарастардың ерекше сарынын бұл уставтан табу мүмкін емес. Үшінші қорытынды: Мартов өз уставының $^{38}/_{39}$ бөлігінен көбін жұрттан (съезде талқылаудан да) жасырып, мейлінше дұрыс істеген. Тек мұны жасыру жөнінде бет пердесіз қимылдау туралы айтқаны сәл ерсілеу болған.

з) ИСКРАШЫЛДАР ІШІНДЕ ЖІК ШЫҚҚАНҒА *ДЕЙІН* ЦЕНТРАЛИЗМ ТУРАЛЫ БОЛҒАН ЖАРЫС СӨЗ

Уставтың 1-параграфының тұжырымы туралы шынында қызық және көзқарастардың әр түрлі сарындарын сөзсіз ашып беретін мәселеге көшпестен бұрын, съездің 14-мәжілісін және 15-мәжілісінің бір бөлігін алған устав туралы қысқаша жалпы жарыс сөзге тағы да азырақ тоқтап өтелік. Бұл жарыс сөздің белгілі маңызы бар, өйткені ол орталық орындардың құрамы туралы мәселе жөнінде «Искра» ұйымының толық ажырасуынан *бұрын болды.* Керісінше, жалпы устав туралы, оның ішінде кооптация туралы кейінгі жарыс сөз «Искра» ұйымында ажырасуымыздан *кейін* болды. Ажырасқанға *дейін* біз өз көзқарастарымызды ешкімге бұра тартпай, Орталық Комитеттің адам құрамы туралы жұрттың бәрін дүрліктірген мәселеге неғұрлым тәуелсіз болу мағынасында тура айта алғанымыз түсінікті. Жоғарыда айтқанымдай, Мартов жолдас менің ұйымдық көзқарастарыма *қосылды* (157-бет), *жеке мәселелер* жөнінде екі-ақ жерде маған қосылмайтынын ескертті. Керісінше, антиискрашылдар да, «центр» де сол арада-ақ «Искраның» бүкіл ұйымдық жоспарының *негізгі* екі идеясының екеуіне де (демек, бүкіл уставқа да): централизмге де қарсы, «екі орталыққа» да қарсы жорық ашты. Либер жолдас менің уставымды «ұйымдасқан түрде сенімсіздік білдіру» деп атады, екі орталықты (Попов және Егоров жолдастар сияқты) *децентрализм* деп тапты. Акимов жолдас жергілікті комитеттердің қарайтын мәселелерінің өрісін кеңірек белгілеуді, атап айтқанда, олардың өздеріне «өз құрамын өзгертуге право» беруді тілейтінін білдірді. «Олардың жұмысына көбірек бостандық беру керек... Орталық Комитетті Россиядағы барлық белсенді ұйымдардың өкілдері сайлайтыны сияқты, жергілікті комитеттерді сол жердегі белсенді қызметкерлер сайлауға тиіс. Егер бұған да жол беруге болмаса, онда жергілікті комитеттерге Орталық Комитет тағайындайтын мүшелердің санына шек қойылсын...» (158). Көріп отырсыздар, Акимов жолдас «централизмді әсірелеуге» қарсы дәлел келтіре-

ді, бірақ Мартов жолдас, бұл беделді нұсқауларға құлақ аспады, ол орталық орындардың құрамы туралы мәселеде жеңіліп, Акимовтың соңынан еруге әлі мәжбүр бола қойған жоқ еді. Акимов жолдас Мартовтың *өз уставының «идеясын»* (7-параграф: Орталық Комитеттің комитеттерге мүшелер енгізу жөніндегі праволарына шек қою) туралы оның аузына сөз салғанда да ол құлақ аспады. Ол кезде Мартов жолдас бізбен екі араға «іріткі салғысы» келмеген еді, сондықтан ол Акимов жолдаспен екі арадағы іріткіге де, өзімен екі арадағы іріткіге де көнді... Ол кезде «сұмдық централизмге» тек «Искраның» централизмі өздеріне көріне *пайдасыз* болған адамдар ғана қарсы шыққан еді: Акимов, Либер, Гольдблат қарсы шыққан-ды, олардың соңынан ептеп, бір шоқып, екі қарап (қашан да болса кейін бұрылуға болатындай етіп) Егоров (156 және 276-беттерді қараңыз), т. б. *ерді*. Централизмге қарсы наразылықты «Бундтың», «Южный рабочийдің», тағысын тағылардың нақ сол өзімшілдік, үйірмешілдік мүдделері туғызғаны партияның басым көпшілігіне сол кездің өзінде-ақ айқын еді. Оның бер жағында, «Искраның» ескі редакциясының централизмге қарсы наразылығын оның сол үйірмешілдік мүдделері туғызатыны партияның көпшілігіне қазір де айқын ғой...

Мәселен, Гольдблат жолдастың сөзін алыңыз (160—161). Ол менің бейне бір төменгі ұйымдарды «жоюға» апарып соғатын, «орталық орындарға шексіз билік беруге, күллі іске шексіз түрде араласу правосын беруге мейлінше ұмтылған», ұйымдарға «тек бір ғана право — жоғарыдан берілген бұйрыққа күңкілсіз бағыну правосын» беретін «сұмдық» централизміме қарсы шығып отыр, т. т. «Жоба бойынша құрылатын орталық орын құр далада қалады, оның төңірегінде ешбір жергілікті орындар болмайды, тек түрсіз-түссіз бірдеңелер ғана болады, орталықтың іс атқарушы агенттері соның ішінде сенделіп жүреді». Съезде өздері жеңілгеннен кейін Мартовтар мен Аксельродтар бізді қандай жалған сөзуарлықпен сыйласа, бұл да тап сондай *жалған сөзуарлық* қой. Жұрт Бундқа күлді, ол *біздің* централизмге қарсы күресе отырып, *өзіндегі* орталық орынға *тіпті айқыны-*

рақ белгіленген шексіз праволар берді (мәселен, мүше енгізу және шығару, тіпті делегаттарды съездерге кіргізбеу праволарын алсақ та болады). Азшылық болып отырғанда централизмге қарсы және уставқа қарсы айқай салатын, көпшілік болып алған кезде дереу уставқа сүйене қоятын *азшылықтың* ойбайына да, істің байыбына барғаннан кейін, жұрт күлетін болады.

Екі орталық туралы мәселеде де жікке бөлінушілік айқын көрінді: Либер де, Акимов та (ол Советте Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуы туралы Аксельрод пен Мартовтың қазіргі сүйікті әнін жұрттан бұрын салды), Попов та, Егоров та *барлық* искрашылдарға қарсы шықты. *Ескі* «Искра» әрқашан дамытып келген (және Попов пен Егоров жолдастар *сөз жүзінде* мақұлдаған!) ұйымдық идеялардан екі орталық жөніндегі жоспар өзінен-өзі туды. *Ескі* «Искраның» саясаты «Южный рабочийдің» жоспарларына, қатарластырып көпшілікке арналған орган құру және оны іс жүзінде басым органға айналдыру жоспарларына қайшы келді. Барлық антиискрашылдардың және бүкіл батпақтың бір орталықты, яғни *бейне бір үлкен централизмді* қостауының, үстірт қарағанда, таңырқарлық болып көрінетін қайшылығының түп тамыры міне осында жатыр. Әрине, «Южный рабочийдің» ұйымдық жоспарларының қайда апарып соғатынын және істің барысында қайда апарып соғуға тиіс екенін онша айқын түсіне қоймаған делегаттар да болды (әсіресе батпақтағылар арасында), бірақ олардың жалтақтығы мен өздеріне өздері сенбейтіндігі оларды антиискрашылдар жағына қарай итермеледі.

Устав туралы болған *бұл* (искрашылдардың жікке бөлінуі алдындағы) айтыстар кезінде искрашылдардың сөйлеген сөздері ішінде әсіресе Мартов (менің ұйымдық идеяларыма «қосылуы») және Троцкий жолдастардың сөйлеген сөздері тамаша болды. Троцкий Акимов және Либер жолдастарға жауап берді, оның бұл жауабының әрбір сөзі «азшылықтың» съезден кейінгі мінезқұлықтарының және съезден кейінгі теорияларының бүкіл жалғандығын әшкереледі. «Устав,— деді ол (Акимов жолдас),— Орталық Комитет компетенциясының

өрісін жеткілікті түрде дәл белгілемейді. Мен онымен келісе алмаймын. Керісінше, бұл анықтама: партия біртұтас партия болғандықтан, оның жергілікті комитеттерге бақылау жасауын қамтамасыз ету қажет, дегенді дәл білдіріп те тұр. Либер жолдас менің сөзімді қолданып, устав — «ұйымдасқан түрде сенімсіздік білдіру» деді. Бұл дұрыс. Бірақ мен бұл сөздерді Бунд өкілдерінің ұсынған уставы жөнінде айтқан болатынмын, ол партияның бір бөлігінің бүкіл партияға ұйымдасқан түрде сенімсіздік білдіруі болып табылатын-ды. Ал біздің устав» (ол кезде, орталық орындардың құрамы туралы мәселеде жеңілгенге дейін бұл устав «біздің устав» болатын!) «партияның өзінің барлық бөлімдеріне ұйымдасқан түрде сенімсіздік білдіруі, яғни жергілікті, аудандық, ұлттық және басқа ұйымдардың бәріне бақылау жасауы болып табылады» (158). Иә, *біздің* устав *бұл жерде* дұрыс сипатталған, сондықтан біз қазір беті бүлк етпестен: «ұйымдасқан түрде сенімсіздік білдіру» яки, екеуі бір нәрсе ғой, «қоршау жағдайы» жүйесін қаскүнем көпшілік ойлап шығарып, іске асырды, деп сендірушілерге бұл сипаттаманы еске түсіріп отыруға жиірек кеңес берер едік. Саяси тұрлаусыздықтың үлгісін, төменгі дәрежедегі өздерінің коллегиясы туралы немесе басқалардың коллегиясы туралы сөз болуына қарай, Мартов пен К⁰ көзқарастарының қалайша өзгеріп отырғандығының үлгісін көру үшін жоғарыда келтірілген сөзді Шетелдік лига съезінде сөйленген сөздермен салыстырудың өзі-ақ жеткілікті.

и) УСТАВТЫҢ БІРІНШІ ПАРАГРАФЫ

Съезде қызық айтыс туғызған әр түрлі тұжырымдарды біз жоғарыда келтірдік. Бұл айтыстар екі мәжіліске жуық уақыт алды және *екі рет атап* дауысқа қоюмен аяқталды (қателеспесем, съездің бүкіл өн бойында атап дауысқа қою тек қана сегіз рет болды, мұндай дауысқа қою өте көп уақыт алатын болғандықтан, ол тек ерекше маңызды реттерде ғана қолданылды). Көтерілген мәселе, күмән жоқ, принциптік мәселе еді. Съезд айтысқа аса көп көңіл бөлді. Дауыс беруге делегаттардың *бәрі*



В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген қолжазбасының 71-беті.— 1904 ж.

Кішірейтілген

қатысты, бұл — біздің съезде (сол сияқты үлкен съездердің қайсысында болса да) сирек кездесетін және сонымен қатар таласушылардың мәселеге ынталы екенін көрсететін оқиға.

Талас мәселенің мәні неде болды? — деген сұрақ туады. Мен съезде мынаны айттым және кейін де талай рет қайталадым: «біздің арамыздағы алауыздықты (1-параграф жөнінде) партияның өмір сүру не құрып кету тағдырын шешерліктей өте елеулі алауыздық деп тіпті санамаймын. Уставтың нашар пунктіне бола біз құрып кетпейміз!» (250) *. Принциптік сарындарды ашып берсе де, бұл алауыздықтың бір өзі съезден кейінгідей ажырасуды (шарт қоймай айтсақ, іс жүзінде жікке бөлінуді) еш уақытта туғыза алмас еді. Бірақ егер алауыздыққа табан тіреп тұрып алсаң, егер оны бірінші кезекке қойсаң, егер бұл алауыздықтың барлық тамырлары мен барлық бұтақтарын іздеуге *кіріссең,* онда қандай да болсын *кішкене* алауыздық *үлкен* алауыздыққа айналып кете алады. Егер алауыздық белгілі бір қате көзқарастарға қарай *бет бұрудың* бастамасы болса және бұл қате көзқарастар, жаңадан болған және қосымша келіспеушіліктердің тууы себепті, партияны жікке бөлініп кетуге апарып соғатын *анархистік* әрекеттермен ұштасса, онда қандай да болсын *кішкене* алауыздықтың *зор* маңыз алуы мүмкін.

Бұл жолы да дәл осы айтылғандай болды. 1-параграф жөніндегі біршама кіші-гірім алауыздық қазір зор маңыз алып отыр, өйткені азшылықтың оппортунистік терең ойға шомып, анархистік сөзуарлыққа қарай бет бұруына (әсіресе Лига съезінде, одан кейін жаңа «Исканың» бетінде де) дәл осы алауыздық себеп болды. Искрашыл азшылықтың антиискрашылдармен және батпақпен коалиция жасауы дәл осы алауыздықтан *басталды,* бұл коалиция сайлау алдында белгілі бір түрге еніп, біржолата қалыптасты және бұл коалицияны түсінбейінше, орталық орындардың құрамы туралы мәселе жөніндегі басты, түбегейлі ажырасушылықты да *түсінуге болмайды.* Мартов пен Аксельродтың бірінші пара-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 314-бет. *Ред.*

граф жөніндегі кішкене қатесі кемемізге болмашы жарықшақ түсірді (Лига съезінде мен осылай деген едім). Бұл кемеге берік *құрсау* салып, мықтап таңып қоюға болатын еді (Лига съезінде аласұруға жақын болған Мартовқа естілгендей, берік тұзақ емес). Жарықшақты үлкейтіп, кемені қақ айыру үшін *барлық* күшті жұмсауға болатын еді. Ынтасы зор мартовшылдардың бойкот жасауы және сол сияқты анархистік шаралар қолдануы арқасында солай болып шықты да. Бірінші параграф жөніндегі алауыздық орталық орындарды сайлау мәселесінде едәуір роль атқарды, ал бұл мәселеде Мартовтың жеңілуі оны дөрекі-механикалық және тіпті жанжалды әдістер қолдану жолымен («Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» съезінде сөйлеген сөздері) «принциптік күреске» шығуға әкеліп соқты.

Сонымен, қазір, осы оқиғалардың бәрінен кейін, бірінші параграф туралы мәселенің *зор маңызы* болып отыр, сондықтан біз бұл параграфты дауысқа салғанда съезде болған жіктердің сипатын да және,— мұның маңызы одан да артық,— бірінші параграф жөнінде білінген немесе біліне бастаған *көзқарастардағы сарындардың* шын сипатын да дәл біліп алуымыз керек. *Қазір,* оқушыларға белгілі оқиғалардан кейін, мәселе енді мына түрде *қойылып* отыр: Мартовтың Аксельрод жақтаған тұжырымы, партия съезінде мен айтқандай (333), оның (немесе олардың) тұрақсыздығын, табансыздығын және саяси тұрлаусыздығын, Лига съезінде Плеханов шамалағандай (Лига протоколдарының 102 және басқа беттері), оның (немесе олардың) жоресизм мен анархизмге ауытқуын көрсетті ме? Әлде, Плеханов жақтаған менің тұжырымымда централизмді теріс, бюрократтықпен, формалистікпен, помпадурлықпен түсінгендік, социал-демократша түсінбегендік бар ма? *Оппортунизм мен анархизм бе әлде бюрократизм мен формализм бе? — қазір,* кішкене ажырасу үлкен ажырасуға айналған кезде, мәселе осылай *қойылып отыр.* Сондықтан менің тұжырымымды қолдаған және оған қарсы айтылған дәлелдерді *шын мәнінде* талқылағанда,— оқиғалардың бәрімізге жүктеуінше,— егер бұлай деу тым құлақ түр-

дырарлықтай болмаса, тарихтың душар етуінше, дер едім,— мәселенің дәл *осылай* қойылғанын *есте ұстауымыз* керек.

Бұл дәлелдерді талқылауды съездегі жарыс сөзді талдаудан бастайық. Бірінші сөздің, Егоров жолдастың сөзінің, көңіл бөлерлік жері тек мынау ғана: оның көзқарасы (non liquet, шындықтың қайда екені маған әлі айқын емес, мен әлі білмеймін) шынында жаңа, едәуір қиын және егжей-тегжейлі мәселені анықтап білу өздеріне жеңіл соқпаған көптеген делегаттардың көзқарасын өте айқын сипаттайды. Келесі сөз, Аксельрод жолдастың сөзі мәселені бірден принципті түрде қойды. Бұл — Аксельрод жолдастың алғашқы принципті сөзі, тіпті дұрысын айтқанда, жалпы алғанда, съездегі алғашқы сөзі және де оның атышулы «профессор» жөнінде айтқан тырнақалды пікірін онша ойдағыдай болып шықты деп тану қиын-ақ. Аксельрод жолдас былай деді: «Меніңше, біз партия және ұйым деген ұғымдарды айырып айтуымыз керек. Ал мұнда бұл екі ұғым араласып кетіп отыр. Бүйтіп араластыру қауіпті». Менің тұжырымыма қарсы айтылған бірінші дәлел осындай. Осыны тереңінен талдап көріңізші. Егер мен: партия *ұйымдар жинағы* (және арифметикалық сандардың жинағы емес, ұйымдар комплексі) * болуы керек десем, бұл менің партия және ұйым деген ұғымдарды «араластырғаным» бола ма? Әрине, болмайды. Таптың алдыңғы қатарлы отряды ретінде, партия, мүмкіндігінше неғұрлым *ұйымдасқан* топ болсын, партия *аз да болса ұйымшылдықты қостайтын* элементтерді ғана өзіне тартсын

* «Ұйым» деген сөз әдетте екі мағынада, кең және тар мағынада айтылады. Тар мағынада ол — тым шамалы болса да қалыптасқан адамдар коллективінің жеке ұясы деген сөз. Кең мағынада ол — біртұтас болып біріккен осындай ұялардың жинағы деген сөз. Мәселен, флот, армия, мемлекет әрі ұйымдардың жинағы (сөздің тар мағынасында), әрі қоғамдық ұйымның бір түрі болып табылады (сөздің кең мағынасында). Оқу ведомствосы — ұйым (сөздің кең мағынасында), оқу ведомствосы бірталай ұйымдардан құрылады (сөздің тар мағынасында). Сол сияқты партия да — ұйым, ұйым *болуға тиіс* (сөздің кең мағынасында); мұнымен қатар партия бірталай әр алуан ұйымдардан құрылуға тиіс (сөздің тар мағынасында). Сондықтан партия және ұйым деген ұғымдарды айыру керек деп отырған Аксельрод жолдас, біріншіден, ұйым деген сөздің кең мағынасындағы және тар мағынасындағы бұл айырманы ескермеген, ал екіншіден, ұйымдасқан элементтер мен ұйымдаспаған элементтерді бір жерге үйіп-төгіп, оларды *араластырып жібергенін* байқамаған.

деген өз тілегімді, өз талабымды мен бұл арқылы өте айқын және дәл көрсеттім. Керісінше, менің оппонентім ұйымдасқан элементтер мен ұйымдаспаған элементтерді, басшылыққа көнетіндер мен басшылыққа көнбейтіндерді, алдыңғы қатарлылар мен ем қонбайтын артта қалғандарды,— өйткені ем қонатын артта қалғандар ұйымға кіре алады ғой,— бір партияға үйіп-төгіп, *араластырып* отыр. *Бүйтіп араластыру* шынында да *қауіпті.* Аксельрод жолдас бұдан әрі «өткендегі өте конспиративті және централистік ұйымдарды» («Жер және Ерлік» [102] пен «Халық еркі»[103]) тілге тиек етеді: олардың төңірегіне «ұйымға кірмеген, бірақ қайтсе де оған көмектескен және партияның мүшесі болып есептелген біргалай адамдар топтасты ғой... Социал-демократиялық ұйымда бұл принцип одан да қатаң түрде жүзеге асырылуға тиіс». Біз дәл осы арада мәселенің *түйінді жерлерінің* біріне кездесіп отырмыз: партия ұйымдарының ешбіріне кірмеген, тек «қайтсе де оған көмектесіп отырған» адамдардың өздерін партия мүшесіміз деп атауына рұқсат ететін «бұл принцип» шынында да социал-демократиялық принцип пе? Плеханов бұл сұраққа бірденбір дұрыс жауап берді: «Аксельродтың 70-жылдарды тілге тиек етуі дұрыс емес. Ол кезде жақсы ұйымдасқан және тамаша тәртіпті орталық болды, оның төңірегінде соның өзі құрған әр түрлі дәрежедегі ұйымдар болды, ал бұл ұйымдардан тыс қалғандар — былық, анархия еді. Бұл былықтың құрама элементтері өздерін партия мүшесіміз деп атады, бірақ бұдан іс пайда тапқан жоқ, зиян шекті. Біз 70-ші жылдардың анархиясына еліктемей, қайта одан аулақ болуымыз керек». Сонымен, Аксельрод жолдастың социал-демократиялық принцип деп көрсетпек болған «бұл принципі», шынында, *анархиялық принцип.* Мұны теріске шығару үшін ұйымнан тыс бақылау, басшылық және тәртіп болуы *мүмкін* екенін көрсету керек, «былығып жүрген элементтерге» партия мүшесі деген атақ берудің *қажеттігін* көрсету керек. Мартов жолдастың тұжырымын жақтаушылар *бұл екеуінің ешқайсысын да* көрсетпеді және көрсете алмады. Аксельрод жолдас «өзін социал-демократпын деп есептейтін және солай деп мәлімдейтін профессорды»

мысалға алды. Бұл мысалындағы пікірін аяқтап шығу үшін Аксельрод жолдас одан кейін былай деуге тиіс еді: ұйымдасқан социал-демократтардың өздері бұл профессорды социал-демократ деп тани ма, жоқ па? Одан кейін туатын бұл сұрақты қоймай, Аксельрод жолдас өзінің дәлелін жарты жолға тастап кетті. Шынында, екінің бірі. Не ұйымдасқан социал-демократтар біздің назарымызды аударып отырған профессорды социал-демократ деп таниды,— онда олар бұл профессорды социал-демократиялық ұйымдардың біріне неге алмайды? Тек осындай ұйымға алынғанда ғана профессордың «мәлімдемесі» бос сөз болып қалмай (профессорлардың мәлімдемелері көп ретте осындай бос сөз болып қалып жүр), өзінің ісіне сай болады. Не ұйымдасқан социал-демократтар профессорды социал-демократ деп *танымайды,*— онда оған партия мүшесі деген ардақты және жауапты атақты алып жүруге право беру өрескел, мағынасыз және *зиянды* іс болады. Сонымен, істің түйіні ұйым принципін дәйекті түрде жүзеге асыруда немесе берекесіздік пен анархияны дәріптеуде болып отыр. Партияны құрғанда, *социал-демократтардың* қазірдің өзінде-ақ құрылған және біріккен ұйтқысын, айталық, партия съезін құрған және әр түрлі партия ұйымдарын кеңейтіп, көбейте беруге тиіс болып отырған ұйтқысын негізге аламыз ба, әлде көмектесушілердің бәрі — партия мүшелері деген жұбаныш *сөзбен* қанағаттанамыз ба? «Егер Лениннің формуласын қабылдасақ,— деді одан әрі Аксельрод жолдас,— онда біз тікелей ұйымға алына қоймағанмен, сонда да партия мүшелері болып табылатын бірсыпыра адамдарды сыртқа тебеміз». Ұғымдарды шатастырып жіберді деп мені айыптағысы келген Аксельрод жолдастың өзінің шатастырғаны бұл жерде толық айқын көрінді: көмектесушілердің бәрі партияға мүше *бола ала ма* деген мәселеге бола дау туып отырғанда, оппоненттер мұндай түсініктің керектігі мен пайдасын әлі *дәлелдеуге* тиісті болып отырғанда, ол мұны әлден-ақ анықталған нәрсе деп біледі. Тосыннан қарағанда, кісінің үрейін алатын бұл: сыртқа тебеміз деген сөздің мәні қандай? Егер партия ұйымдары деп танылған ұйымдардың мүшелері ғана

партия мүшелері деп танылса, онда партия ұйымдарының бірде-біріне «тікелей» кіре алмайтын адамдар, партия ұйымы емес, бірақ партияға жақын ұйымда жұмыс істей алады ғой. Олай болса, сыртқа тебу туралы сөз жұмыстан, қозғалысқа қатысудан шеттету мағынасында айтылуы да мүмкін емес. Қайта, *нағыз* социал-демократтарды өз қатарына алған біздің партия ұйымдарымыз неғұрлым берік болса, партия *ішінде* тұрақсыздық пен табансыздық неғұрлым аз болса, өз төңірегіндегі, өзі басшылық етіп отырған жұмысшы *бұқарасы* элементтеріне партияның ықпалы соғұрлым кең, алуан түрлі, пәрменді және жемісті болады. Шынында да, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отряды болып табылатын партияны бүкіл таппен жаңылыстыруға болмайды ғой. «Біз, әрине, ең алдымен партияның ең белсенді элементтерінің ұйымын, революционерлер ұйымын құрамыз, бірақ өзіміз таптың партиясы болып отырғандықтан, біз, бәлкім, соншалықты белсенді түрде болмаса да, саналы түрде осы партияға жақын жүрген адамдарды партиядан тыс қалдырмау туралы ойлауымыз керек» дегенде, Аксельрод жолдас дәл осылай жаңылыстыруға ұрынып отыр (бұл жаңылыстыру, жалпы алғанда, біздің оппортунистік «экономизмге» тән сипат). Біріншіден, социал-демократиялық жұмысшы партиясының белсенді элементтері қатарына тек революционерлер ұйымдары ғана емес, партиялық ұйымдар деп танылған *бірқатар* жұмысшы ұйымдары да енеді. Екіншіден, біздің тап партиясы болып отырғандығымыз жөніндегі фактіден партияға *кірушілер* мен партияға *жақындасушылар* арасындағы айырманың қажеті жоқ деген қорытынды қандай себеппен, қандай логикадан туы мүмкін? Нақ бұған керісінше: саналылық дәрежесі мен белсенділік дәрежесінде айырма болғандықтан да, партияға жақындық дәрежесінде айырма жасау қажет. Біз — таптың партиясымыз, сондықтан да *бүкіл тап түгел дерлік* (ал соғыс кезінде, азамат соғысы заманында бүкіл тап түп-түгел) біздің партияның басшылығымен қимыл жасауға тиіс, біздің партияға мүмкін қадарынша тығыз жақындасуға тиіс, бірақ капитализм тұсында бүкіл тап түгел дерлік немесе бүкіл тап түп-

түгел өзінің алдыңғы қатарлы отрядының, өзінің социал-демократиялық партиясының саналылығы мен белсенділігі дәрежесіне бір кезде жете алады деп ойлау маниловшылдық, «хвостизм» болар еді. Капитализм тұсында тіпті кәсіптік ұйым да (неғұрлым қарапайым, жетілмеген топтардың санасына неғұрлым жақын ұйым) жұмысшы табын түгел дерлік немесе түп-түгел қамти алмайтынына ешбір парасатты социал-демократ әлі күмәнданып көрген жоқ. Алдыңғы қатарлы отряд пен оған бейім тұрған қалың бұқара арасындағы айырманы ұмыту, қалың бұқара топтарын бірте-бірте сол алдыңғы қатарлы дәрежеге *көтеру* алдыңғы қатарлы отрядтың тұрақты міндеті екенін ұмыту — тек өзіңді өзің алдағандық, міндеттеріміздің аса зор екеніне көз жібермегендік, бұл міндеттердің өрісін тарылтқандық болар еді. Партияға жақындасушылар мен партияға кірушілер арасындағы, саналылар мен белсенділер — және көмектесушілер арасындағы айырманы жою дәл осындай көз жібермегендік және ұмытшақтық болып табылады.

Ұйымдық бытырандылықты *ақтау үшін*, ұйымдасу мен ұйымды бұзушылықтың шатастырылуын *ақтау үшін* біз — таптың партиясымыз деп дәлел айту — «қозғалыстың «тереңге» тарайтын «тамырлары» жөніндегі философиялық және әлеуметтік-тарихи мәселені техникалық-ұйымдық мәселемен» шатастырған Надеждиннің қатесін («Не істеу керек?», 91-бет) * қайталағандық болады. Мартов жолдастың тұжырымын жақтаған шешендер осы шатастырушылықты Аксельрод жолдастан ала салып, ондаған рет қайталады. «Партия мүшесі деген атақ неғұрлым кең таратылса, соғұрлым жақсы болады» — деді Мартов, бірақ мазмұнына сай келмейтін *атақты* кең таратудан қандай пайда болатынын түсіндірмеді. Партия ұйымына кірмеген мүшелерді бақылау жалған нәрсе екенін бекер деуге бола ма? Жалған нәрсені кең тарату пайдалы емес, қайта, зиянды. «Егер әрбір стачкашы, әрбір демонстрацияшы өз іс-әрекеті үшін жауап бере отырып, өзін партия мүшесі-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 132—133-беттер. *Ред.*

мін деп жариялай алатын болса, біз тек қана қуанамыз» (239-бет). Шынында ма? *Әрбір стачкашы өзін партия мүшесімін деп жариялауға* праволы болуға тиіс пе? Бұл қағидасы арқылы Мартов жолдас социал-демократизмді стачкизм дәрежесіне дейін *төмендетіп,* Акимовтардың бейшаралығын қайталады, сөйтіп өз қатесін бірден-ақ тереңдетіп, сорақыландырып алды. Егер социал-демократия әрбір стачкаға басшылық ете алса, біз тек қана қуанамыз, өйткені социал-демократияның тікелей және сөзсіз атқаруға тиісті міндеті — пролетариаттың таптық күресінің барлық түрлеріне басшылық ету, ал стачка — осы күрестің ең терең әрі ең қуатты түрлерінің бірі. Бірақ егер күрестің мұндай бастапқы, ipso facto*, әрі кеткенде тред-юнионистік формасын социал-демократияның жан-жақты әрі саналы күресімен *бірдей* деп санасақ, біз артта жүрушілер болар едік. Егер әрбір стачкашыға «өзін партияның мүшесімін деп жариялауға» право берсек, біз *көріне жалған нәрсені* оппортунистік тұрғыдан *заңдандырар* едік, өйткені бұлай деп «жариялау» *көп ретте өтірік* жариялау болады. Капитализм тұсында «оқымаған», мамандығы жоқ жұмысшылардың мейлінше қалың топтарын сөзсіз басып-жаншып отыратын шексіз бөлшектену, езілу және топастану жағдайында *әрбір стачкашы* социал-демократ және социал-демократиялық партияның мүшесі *бола алады* деп өзімізді және басқаларды сендіруге әрекет жасасақ, өзімізді өзіміз Маниловтың қиялдарымен жұбатқан боламыз. Әрбір стачкаға социал-демократтарша басшылық етуге ұмтылған *революциялық талап* пен *әрбір* стачкашыны партия мүшесі деп жариялайтын *оппортунистік бос сөз* арасындағы айырма дәл сол *«стачкашының»* мысалынан ерекше айқын көрініп отыр. Бүкіл дерлік немесе тіпті бүкіл пролетариат табына *іс жүзінде* социал-демократтарша басшылық етіп отырғандықтан, біз — таптың партиясымыз; бірақ бұдан тек Акимовтар ғана: *сөз жүзінде* біз партия мен тапты бірдей санауымыз керек деген қорытынды шығара алады.

«Мен заговорлық ұйымнан қорықпаймын», деді сол сөзінде Мартов жолдас,— бірақ соңынан: «кең өрісті со-

* — іс жүзінде, асылында. *Ред.*

циал-демократиялық жұмысшы партиясы заговорлық ұйымды қаншалықты өзіне икемдеп отырса, оның мен үшін тек сопшалықты ғана мәні бар» (239-бет) деп қосып қойды. Дәл айту үшін: кең өрісті социал-демократиялық жұмысшы *қозғалысы* заговорлық ұйымды қаншалықты өзіне икемдеп отырса, деу керек еді. Осы күйінде де Мартов жолдастың қағидасы даусыз екені былай тұрсын, түп-тура шындық болып табылады. Бұл пунктке тоқталатын себебім тек мынау: кейінгі шешендер Мартов жолдастың бұл шындығын Ленин «партияның барлық мүшелерін тек заговоршылардан ғана құрастырып қойғысы келеді» деген тым *тез тарайтын және тым түрпайы* дәлелге айналдырды. Тек қана жұрттың күлкісін келтіретін бұл қорытындыны Посадовский жолдас та, Попов жолдас та жасады, ал оны Мартынов пен Акимов іліп әкеткенде, оның шын сипаты, атап айтқанда, оппортунистік бос сөз екені толық айқындалып қалды. Оқушы жұртшылықты жаңа редакцияның ұйымдық жаңа көзқарастарымен таныстыру үшін Аксельрод жолдас нақ осы дәлелді қазір жаңа «Искрада» дамытып отыр. Съездің өзінде-ақ 1-параграф туралы мәселе талқылаған бірінші мәжілісте мен оппоненттердің мұндай арзанқол құралды пайдаланғысы келетінін байқап, сондықтан өз сөзімде былай деп ескерткенмін (240-бет): «Партия ұйымдары тек профессионал революционерлерден тұруға тиіс деп ойламау керек. Бізге өте-мөте тар көлемді және құпия ұйымдардан бастап, аса кең, еркін, lose Organisationen-ге дейін сан алуан ұйымдардың барлық түрлері, сатылары, тараулары керек» *. Бұл — өзінен-өзі ап-айқын, өзінен-өзі түсінікті ақиқат, сондықтан мен бұған тоқталып жату қажет емес деп есептедім. Бірақ қазіргі уақытта, әлдекімдер бізді өте көп ретте кейін шегеріп тастап отырғанда, бұл арада да «өткенді пысықтауға» тура келеді. Осындай пысықтау үшін «Не істеу керек?» пен «Жолдасқа хаттан» бірнеше үзінді келтіремін:

...«Алексеев пен Мышкин, Халтурин мен Желябов сияқты кемеңгерлердің үйірмелеріне сөздің нағыз шын,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 314-бет. *Ред.*

нағыз практикалық мағынасындағы саяси міндеттер әбден қол жетерлік міндеттер болды, өйткені олардың жалынды уағызына стихиялы түрде оянып келе жатқан бұқара үн қосты, олардың қайнаған жігерін революцияшыл таптың жігері іліп алып, барынша қолдап отырды» *. Социал-демократиялық *партия* болу үшін нақ сол *таптың қолдауына* ие болу керек. Мартов жолдастың ойлағанындай, заговорлық ұйымды партия өзіне икемдемеуі керек, қайта, заговорлық ұйымдарды да, заговорлық емес ұйымдарды да қамтитын партияны революцияшыл тап, пролетариат өзіне икемдеуі керек.

...«Экономикалық күрес жүргізетін жұмысшы ұйымдары кәсіптік ұйымдар болуға тиіс. Әрбір жұмысшы социал-демократ мүмкін қадерінше бұл ұйымдарға жәрдем беріп, соларда белсеніп жұмыс істеуге тиіс... Бірақ цехтық одақтарға тек социал-демократтар ғана мүше болсын деп талап етудің бізге ешқандай пайдасы жоқ: бұл біздің бұқараға ететін әсеріміздің өрісін тарылтар еді. Қожайындар мен үкіметке қарсы күрес жүргізу үшін бірігудің қажеттігін түсінетін әрбір жұмысшы цехтық одаққа қатыса берсін. Егер цехтық одақтар тым болмаса осы бір қарапайым ұғым дәрежесіне пайымы жететіндердің бәрін біріктірмеген болса, егер осы цехтық одақтар өте *кең* ұйымдар болмаған болса, онда бұл одақтар өз мақсатына жете алмас еді. Сондықтан бұл ұйымдар неғұрлым кең болса, біздің оларға жүргізетін ықпалымыз да соғұрлым зор болады, бұл ықпал экономикалық күрестің «стихиялық» түрде дамуы арқылы ғана емес, сонымен бірге одақтың социалист мүшелерінің өз жолдастарына тікелей, саналы әсер етуі арқылы да жүргізіледі» (86-бет)**. Реті келгенде айта кетейік. 1-параграф туралы талас мәселеге баға беру үшін кәсіпшілік одақтар туралы мысалдың ерекше мәні бар. Бұл одақтар социал-демократиялық ұйымдардың «бақылауымен және басшылығымен» жұмыс істеуге *тиіс,*— бұл туралы социал-демократтар арасында екі пікірдің болуы мүмкін емес. Бірақ *осыған сүйеніп*, мұндай одақтардың барлық мүшелеріне өздерін социал-демократиялық пар-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 117-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 125-бет. *Ред.*

тияның мүшесіміз деп «жариялауға» право беру көріне ағаттық болар еді және екі түрлі зиян тигізер еді: бір жағынан, цехтық қозғалыстың өрісін *тарылту* және осының салдарынан жұмысшылардың ынтымағын нашарлату қаупін туғызар еді. Екінші жағынан, мұның өзі социал-демократиялық партия ішінде бытыраңқылықтың, тұрақсыздықтың таралуына жол ашар еді. Гамбургтың кесімді ақыға жұмыс істеген тас қалаушылары жөніндегі атақты жанжал туғанда [104], герман социал-демократиясы мұндай мәселені нақты жағдайда шешкен болатын. Социал-демократия штрейкбрехерлікті, социал-демократ тұрғысынан қарағанда, намысқа тиетін қылық деп тануға, яғни стачкаларға басшылық етіп, оларға қолдау жасауды *өзінің* төл ісі деп тануға бір сәт те іркілмеді, бірақ, сонымен қатар, ол партия мүдделерін цехтық одақтардың мүдделерімен бірдей санау, кейбір одақтардың кейбір істері үшін партияға жауапкершілік жүктеу жөніндегі талапты да үзілді-кесілді қабылдамай тастады. Партия цехтық одақтарға рух беріп, оларды өзінің ықпалына бағындыруға тиіс және мұны істеуге тырысады да, бірақ нақ осы ықпал үшін де партия бұл одақтардың анық социал-демократиялық (социал-демократиялық партияға кірген) элементтерін санасы әлі толыспаған және саяси жағынан әбден белсенді емес элементтерінен айырып қарауға тиіс, бұл екеуін бір-бірімен араластырып жібермеуге тиіс, ал Аксельрод жолдас сөйтіп жібергісі келеді.

...«Революционерлер ұйымының өте-мөте құпия қызметтерді бір орталыққа бағындыруы қалың бұқараға арналған, сол себептен де мүмкін қадерінше азырақ қатталған, мүмкін қадерінше азырақ құпиялы болатын толып жатқан өзге ұйымдардың атқаратын ісінің өрісін де, мазмұнын да әлсіретпейді, қайта, ұлғайта түседі: жұмысшылардың кәсіподақтарының да, жұмысшылардың өз бетімен білім алатын және құпия әдебиет оқитын үйірмелерінің де, халықтың *барлық* өзге топтарының арасындағы социалистік үйірмелердің де, сондай-ақ демократиялық үйірмелердің де, тағы басқаларының да атқаратын ісінің өрісі мен мазмұнын ұлғайтады. Мұндай үйірмелер, одақтар және ұйымдар барлық жер-

де де *барынша көп* болуы керек, бұлардың атқаратын міндеттері барынша әр түрлі болуы керек, бірақ мұндай ұйымдарды *революционерлердің* ұйымымен *шатастырушылық*, олардың арасындағы айырманы жоғалтушылық әрі сорақы, әрі зиянды нәрсе»... (96-бет) *. Мартов жолдастың маған революционерлер ұйымын кең өрісті жұмысшы ұйымдары өзіне икемдеуі керек, деп ескертуінің орынсыз болғаны осы анықтамадан көрініп отыр. Мен мұны тіпті «Не істеу керекте?» атап көрсеткен болатынмын, ал «Жолдасқа хатта» бұл идеяны нақтырақ баяндаған едім. Мен онда былай деп жаздым: завод үйірмелері «біз үшін айрықша маңызды: қозғалыстың барлық басты күші — жұмысшылардың *ірі* заводтарда ұйымдасқанында ғой, өйткені бүкіл жұмысшы табының тек сан жағынан басым ғана емес, ықпалы, ой-өрісі, күресуге қабілеті жағынан одан да басым бөлегі осы ірі заводтарда (және фабрикаларда). Әрбір завод біздің қамалымыз болуға тиіс... Заводтық көмекші комитет бүкіл заводты, жұмысшылардың мүмкіндігінше көп бөлегін әр алуан үйірмелер (немесе агенттер) жүйесімен қамтуға тырысуы тиіс... Барлық топтар, үйірмелер, көмекші комитеттер, тағысын-тағылар комитет мекемелерінің немесе комитеттің филиал бөлімшелерінің дәрежесінде болуға тиіс. Олардың бірқатары Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрамына енуді қалайтындықтарын ашық мәлімдеп, комитет бекіткен күнде, партия құрамына кіреді, өздеріне (комитеттің тапсыруы бойынша немесе онымен келісу бойынша) белгілі міндеттер алады, партия органдарының жарлықтарына бағынуға міндеттенеді, партияның барлық мүшелерінің праволарына ие болады, комитет мүшелігіне ең таяу тұрған кандидаттар болып саналады, т. т. Енді бірқатары РСДРП-ға кірмейді, партия мүшелері құрған, немесе партияның белгілі бір тобына жақын тұрған үйірме жағдайында қала береді және т. т.» (17—18-беттер) **. 1-параграфтың мен жасаған тұжырымының *идеясы* «Жолдасқа хатта-ақ» толық баяндалғаны мен астын сызған сөздерден ерекше айқын

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 139-бет. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 16, 18—19-беттер. *Ред.*

көрініп отыр. Партияға кіру шарттары бұл арада тұп-тура көрсетілген, атап айтқанда, олар мыналар: 1) белгілі дәрежеде ұйымшылдық және 2) партия комитетінің бекітуі. Мұнан кейінгі бетте мен қандай топтар мен ұйымдардың қандай себеппен партияға енгізілуі керек (немесе енгізілмеуі керек) екенін де шамамен көрсетіп бердім: «Әдебиет таратып берушілердің тобы РСДРП қатарында болуға тиіс және оның мүшелері мен оның қызмет адамдарының белгілі бір бөлегін білуі қажет. Еңбектің кәсіптік жағдайларын зерттейтін және кәсіптік талаптардың түрлерін белгілейтін топтың РСДРП қатарында болуы қалайда міндетті емес. Партияның бір-екі мүшесінің *қатысуымен* өздігінен білім алушы студенттер, офицерлер, қызметшілер тобы оның партияда бар-жоғын кейде мүлдем білмеуге тиіс және т. т.» (18—19-беттер) *.

«Ниетті жасырмау» туралы мәселе жөнінде міне сізге тағы бір материал! Мартов жолдастың жобасындағы формула партияның ұйымға қатынасы туралы мүлде сөз қылмай отырғанда — мен бір ұйымдардың партияға кіруі керек, ал екінші бір ұйымдардың кірмеуі керек екенін съезден бір жыл бұрын дерлік көрсеткенмін. Съезде мен қорғаған идея «Жолдасқа хаттан-ақ» айқын көрініп тұр. Істі мына түрде айқын аңғаруға болады. Ұйымның жалпы алғанда ұйымшылдық дәрежесіне, жеке алғанда құпиялылықты сақтау дәрежесіне қарай, ұйымдарды, шамамен, мынадай разрядтарға бөлуге болады: 1) революционерлер ұйымдары; 2) жұмысшылардың мүмкіндігіне қарай неғұрлым кең әрі алуан түрлі ұйымдары (белгілі бір жағдайларда басқа таптардың да белгілі бір элементтері жұмысшы ұйымдарына кіретіні өзінен-өзі түсінікті деп есептеп, мен тек жұмысшы табын ғана алып отырмын). Партия осы екі разрядтан құралады. Мұнан кейін, 3) партияға жанасатын жұмысшы ұйымдары; 4) партияға жанаспайтын, бірақ іс жүзінде оның бақылауы мен басшылығына бағынатын жұмысшы ұйымдары; 5) жұмысшы табының ұйымдаспаған элементтері; ең болмағанда тап күресі-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 20-бет. *Ред.*

нің ірі оқиғалары тұсында бұлар да социал-демократияның басшылығына ішінара бағынады. Менің көзқарасымша, істің мәні, шамамен айтқанда, міне осындай болып отыр. Керісінше, Мартов жолдастың көзқарасынша, партияның шекарасы мүлде белгіленбей қала береді, өйткені «әрбір стачкашы» «өзін партия мүшесімін деп жариялай» алады. Мұндай қойыртпақтан қандай пайда бар? «Атақты» кең тарату керек дейді. Мұның зияны — тап пен партияны араластырып жіберетін *берекесіздік* идеясын енгізу.

Өзіміз ұсынған жалпы қағидаларды суреттеу үшін съезде 1-параграф туралы болған бұдан былайғы жарыс сөзге тағы да көз салып өтейік. Брукэр жолдас менің тұжырымымды жақтады (Мартов жолдас бұған риза болып қалды), бірақ *оның* менімен одақтасуы, Акимов жолдастың Мартовпен одақтасуынан басқаша, түсініспеушілікке негізделген одақ болып шықты. Брукэр жолдас «бүкіл уставты және оның бүкіл рухын қостамайды» (239-бет) және «Рабочее Дело» жағындағылар тілеген *демократизмнің негізі ретінде,* менің формуламды жақтайды. Саяси күресте кейде *пәленің кішірегін* қалауға тура келеді, деген көзқарастың дәрежесіне Брукэр жолдас әлі жетпеген; біздің съезіміз сияқты съезде демократизмді қорғаудың пайдасыз екенін Брукэр жолдас байқамаған. Акимов жолдас көрегендеу болып шықты. «Мартов және Ленин жолдастар өздерінің ортақ мақсатына қайсысының (қай тұжырымның) оңдырақ жеткізетіні жөнінде таласып жатыр» (252-бет) деп тауып, ол мәселені өте дұрыс қойды. «Мен және Брукэр,— деді одан әрі Акимов,— *мақсатқа дәл жеткізе қоймайтын* тұжырымды қалағымыз келеді. Бұл ретте мен Мартовтың тұжырымын қалаймын». Сөйтіп Акимов жолдас «олардың көздеген мақсатының өзін» (Плеханов, Мартов үшеуіміздің мақсатымызды — революционерлердің басшы ұйымын құру мақсатын) «жүзеге аспайтын және зиянды мақсат» деп есептейтінін ашық түсіндірді; Мартынов жолдас сияқты *, Акимов

* Ал оның бер жағында, Мартынов жолдас өзін Акимов жолдастан бөлек етіп көрсеткісі келеді, заговоршы деген сөз құпия деген сөз емес, бұл сөздердің айырмасы ұғымдардың айырмасын көрсетеді, деп

та экономистердің «революционерлер ұйымының» керексіздігі туралы идеясын қорғайды. Ол «Мартовтың формуласын немесе Лениннің формуласын көлденең қойып, жолды бөгегендеріңе қарамастан, өмірдің өзі-ақ біздің партия ұйымына басып кірмей қоймайтындығына қатты сенеді». Мұндай пікірді Мартов жолдастан да кездестірмесек, «өмірді» осылай «артта жүрушілік» тұрғыдан түсінуге тоқталудың қажеті болмас та еді. Мартов жолдастың екінші сөзі (245-бет) жалпы алғанда көңіл бөлерлік екені соншалық, оны егжей-тегжейлі талдауға болады.

Мартов жолдастың бірінші дәлелі: ұйымға кірмеген партия мүшелеріне партия ұйымдарының бақылау жасауын «жүзеге асыруға болады, өйткені комитет әлдекімге белгілі бір міндет жүктей отырып, оның орындалуын қадағалай алады» (245-бет). Бұл тезистің тамаша бір сипаты бар, өйткені Мартов тұжырымының *кімге* керек екенін және *іс жүзінде* кімге қызмет ететінін: жалғыз-жарым интеллигенттерге ме, әлде жұмысшы топтары мен жұмысшы бұқарасына ма,— міне осы жағын бұл тезис, былайша айтқанда, «әшкерелеп береді». Әңгіме Мартовтың формуласын екі түрлі түсінуге болатындығында: 1) партия ұйымдарының біреуінің басшылығымен өз басы партияға үнемі көмек көрсетіп жүрген әрбір адам *«өзін»* партия мүшесімін деп *«жариялауға»* (Мартов жолдастың өз сөзі) праволы; 2) партияның қай ұйымы болса да сол ұйымның басшылығымен өз басы партияға үнемі жәрдем көрсетіп жүрген әрбір адамды партия мүшесі деп *тануға праволы.* Тек бірінші түсіндірме ғана «әрбір стачкашыға» өзін партия мүшесімін деп атауға шын мәнінде мүмкіндік береді, сондықтан *осы түсіндірме* Либерлердің, Акимовтардың және Мартыновтардың көкейіне бірден қона қалды. Бірақ бұл түсіндірменің әлден-ақ құрғақ сөз бо-

---

дәлелдегісі келеді. Мұның қандай айырма екенін Мартынов жолдас та, қазір оның ізімен келе жатқан Аксельрод жолдас та түсіндірмей-ақ қойды. Мартынов жолдас «тонын айналдыра қояды», оның ойынша, мен, мәселен, «Не істеу керекте?» («Міндеттерде» де (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 471—510-беттер. *Ред.*)) «саяси күресті заговор дәрежесіне дейін *тарылтуға»* үзілді-кесілді қарсы шыққаппын. Маған қарсы күрескендердің *революционерлер ұйымын* қажет деп *таппағанын* Мартынов жолдас тыңдаушыларға *ұмыттырғысы* келеді, Акимов жолдас мұны қазір де қажет деп таппай отыр.

лып отырғаны айқын, өйткені бұл ұғымға бүкіл жұмысшы табы жатады, сөйтіп партия мен тап арасындағы айырма жойылып кетеді; «әрбір стачкашыға» бақылау жасау және басшылық ету туралы тек «символды түрде» ғана айтуға болады. Міне сондықтан да Мартов жолдас өзінің екінші сөзінде: комитет міндеттер жүктеп, олардың орындалуын қадағалап отырады — деген екінші түсіндірмеге бірден-ақ ауып түсті (жақша ішінде айта кетелік, Костичтің қарарын[105] мақұлдамаған *съезд бұл түсіндірмені де турадан-тура қабылдамай тастады,* 255-бет). Жұмысшылар *бұқарасына, мыңдаған* пролетарларға (Аксельрод жолдас пен Мартынов жолдас солар туралы айтып отыр) мұндай арнаулы міндеттер, әрине, еш уақытта тапсырылмайды,— көбінесе мұндай міндеттер Аксельрод жолдас есіне алып өткен дәл сол *профессорларға,* Либер жолдас пен Попов жолдас қамқорлық жасап отырған (241-бет) *гимназистерге,* өзінің екінші сөзінде Аксельрод жолдас тілге тиек еткен (242-бет) *революцияшыл жастарға* тапсырылады. Қысқасын айтқанда, Мартов жолдастың формуласы не түкке аспайтын бос сөз болып қалады, не ол негізінен және түгелдей дерлік *«бақайшағына дейін буржуазиялық дарашылдық дертіне шалдыққан»* және ұйымға кіргісі келмейтін *«интеллигенттерге»* пайда береді. Мартовтың формуласы *сөз жүзінде* пролетариаттың қалың топтарының мүдделерін қорғайды; *іс жүзінде* бұл формула пролетарлық тәртіп пен ұйымды менсінбейтін *буржуазиялық интеллигенцияның* мүдделеріне қызмет етеді. Осы заманғы капиталистік қоғамдардың *ерекше тобы болып отырған интеллигенцияға,* жалпы әрі тұтас алғанда, *нақ дарашылдық* және тәртіп пен ұйымға көне алмайтындық тән екенін бекер деуге ешкімнің батылы бармайды (ең болмаса Каутскийдің интеллигенция туралы белгілі мақалаларын салыстырып қараңыз); ал оның бер жағында, бұл қоғамдық топтың пролетариаттан тиімсіз айырмасы міне осында; пролетариатқа тым жиі сезіліп тұратын интеллигенттік босаңдық пен табансыздықтың бір себебі міне осында; ал интеллигенцияның бұл қасиеті оның тұрмысының дағдылы жағдайларымен, өте-мөте көп ретте *ұсақ буржуазиялық*

тіршілік жағдайларына (жеке-жеке немесе тым шағын коллективтерде жұмыс істеу, т. т.) жуық келетін оның табыс табу жағдайларымен тығыз байланысты. Ақырында, нақ сол Мартов жолдастың формуласын жақтаушылардың профессорлар мен гимназистерді мысалға алуға тиісті болуы да кездейсоқ емес! 1-параграф туралы таласта, Мартынов және Аксельрод жолдастар ойлағандай, кең өрісті пролетарлық күресті жақтаушылар радикалдық-заговорлық ұйымды жақтаушыларға қарсы шыққан жоқ, қайта, *буржуазиялық-интеллигенттік дарашылдықтың* жақтастары *пролетарлық ұйым мен тәртіптің* жақтастарымен қақтығысты.

Попов жолдас былай деді: «Николаевтағыдай немесе Одессадағыдай, Петербургтің қай жерінде болса да, бұл қалалардың өкілдері айтқандай, әдебиет таратып, ауызша үгіт жүргізіп жүрген, бірақ ұйымға мүше бола алмай отырған ондаған жұмысшылар бар. Оларды ұйымға тіркеуге болады, бірақ мүше деп есептеуге болмайды» (241-бет). Не себепті олар ұйымға мүше бола алмайды? — бұл Попов жолдастың жасырын сыры болып қалды. Мен жоғарыда «Жолдасқа хаттың» бір жерінен цитат келтірдім, онда осындай жұмысшылардың бәрін (ондап емес, жүздеп) ұйымдарға енгізуге болатындығы және енгізудің қажеттігі көрсетілді, ал бұл ұйымдардың басым көпшілігі партияға кіре алады және кіруге тиіс.

Мартов жолдастың екінші дәлелі: «Ленин үшін партия ұйымдарынан басқа ұйымдар партияда жоқ»... Әбден дұрыс!.. «Меніңше, қайта, мұндай ұйымдар өмір сүруге тиіс. Өмірдің ұйымдарды туғызып, өрбітуі біздің оларды професcионал революционерлерге арналған жауынгер ұйымымыздың иерархиясына қосып үлгеруімізден шапшаңырақ»... Мұның терістігінің екі жағы бар: 1) «өмір» революционерлердің іскер ұйымдарын бізге керегінен, жұмысшы қозғалысына қажет болып отырғандағыдан анағұрлым аз туғызады; 2) біздің партия тек революционерлер ұйымдарының иерархиясы ғана емес, толып жатқан жұмысшы ұйымдарының да иерархиясы болуға тиіс... «Ленин: Орталық Комитет принциптік жағынан толық сенімді ұйымдарды ғана партиялық ұйымдар атағында бекітеді, деп ойлайды. Бірақ

өмір (sic!) өз дегенін істейді және көптеген ұйымдарды партиядан тыс қалдырмау үшін, олардың толық сенерліктей емес сипатына қарамастан, Орталық Комитет бұл ұйымдарды жария етуге тиісті болады, мұны Брукэр жолдас жақсы түсінеді; сондықтан да Брукэр жолдас Ленинге қосылып отыр»... «Өмірді» шынында да «артта жүрушілік» тұрғыдан түсіну деген міне осы болады! Әрине, егер Орталық Комитет, *міндетті түрде,* өз пікірінше емес, басқалардың айтуымен іс ететін (Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжалды қараңыз) адамдардан құралған болса, онда «өмір» мына мағынада «өз дегенін» істеген болар еді: партияның неғұрлым артта қалған элементтері бел алып кетер еді *(қазір, партияның «азшылығы» артта қалған элементтерден құралған кезде, дәл осылай болып та отыр).* Бірақ, *іске байыпты қарайтын* Орталық Комитетті «сенімсіз» элементтерді партияға алуға мәжбүр ететіндей бірде-бір *ақылға сыйымды* себеп айту мүмкін емес. Сенімсіз элементтерді «өрбітетін» «өмірге» сүйенуімен де Мартов жолдас өзінің ұйымдық жоспарының оппортунистік сипатын айқын көрсетіп отыр!.. «Ал менің ойымша,— дейді одан әрі ол,— егер мұндай ұйым (толық сенерліктей емес ұйым) партия программасы мен партия бақылауын қабылдауға риза болса, біз оны партия ұйымына айналдырмай-ақ, партияға енгізе аламыз. Мәселен, егер бір «тәуелсіздер» одағы социал-демократияның көзқарасын және оның программасын қабылдайтып, сөйтіп партияға кіретін болып шешім алса, мен мұны біздің партияның зор табысы деп есептер едім, алайда мұның өзі біздің әлгі одақты партия ұйымына қосқанымыз болып табылмайды»... Міне, Мартовтың формуласы мынадай шатастырушылыққа апарып соғады: партиядағы партиялық емес ұйымдар! *Оның* мына схемасын байқап көріңіздерші: партия = 1) революционерлер ұйымдары + 2) партия ұйымдары деп танылған жұмысшы ұйымдары + 3) партия ұйымдары деп танылмаған жұмысшы ұйымдары (көбінесе «тәуелсіздерден» құралған) + 4) әр түрлі міндеттер атқаратын жеке адамдар, профессорлар, гимназистер, т. т. + 5) «әрбір стачкашы». Бұл тамаша жоспармен Либер жолдастың тек мына сөзде-

рін ғана қатар қоюға болады: «Біздің міндетіміз тек ұйымды ұйымдастыру ғана емес (!!), біз партияны ұйымдастыра аламыз және ұйымдастыруға тиістіміз» (241-бет). Иә, әрине, біз мұны істей аламыз және істеуге тиістіміз, бірақ бұл үшін «ұйымдарды ұйымдастыру» туралы мағынасыз сөздер керек емес, партия мүшелерінен олардың *ұйымдастыру* жұмысымен іс жүзінде шұғылдануын *тікелей талап ету керек.* «Партияны ұйымдастыру» туралы айта отырып, қандай да болсын ұйымдаспаушылықты және қандай да болсын берекесіздікті партия деген сөзбен бүркемелеуді қорғау бос сөз айтқандық болады.

«Біздің тұжырым,— дейді Мартов жолдас,— революционерлердің ұйымы мен бұқара арасында бірсыпыра ұйымдар болуына ұмтылғандықты көрсетеді». Тіпті олай емес. Мартовтың формуласы нақ осы шын мәнінде міндетті түрдегі ұмтылғандықты *көрсетпей* отыр, өйткені ол *ұйымдасуға ынталандырмайды,* ұйымдасуды талап етпейді, ұйымдасқанды ұйымдаспағаннан бөліп қарамайды. Бұл формула тек қана жалғыз *атақты* * алға

* Лига съезінде Мартов жолдас өз тұжырымын жақтау үшін тағы бір дәлел келтірді, оның мұнысы кісі күлерлік-ақ нәрсе. «Сөзбе-сөз ұққанда, Лениннің формуласы *Орталық Комитеттің агенттерін* партиядан шығарып тастайды, өйткені бұлар ұйым болып табылмайды, деп көрсете алар едік» — дейді Мартов (59-бет.) Бұл дәлелді Лига съезінің де *келемеждеп күліп* қарсы алғаны протоколда жазылған. Мартов жолдас өзі көрсеткен «қиыншылық» тек Орталық Комитет агенттерінің «Орталық Комитет ұйымына» кіруі арқылы ғана жойылады, деп ойлайды. Бірақ әңгіме онда емес. Әңгіме мынада: Мартов жолдас осы мысалы арқылы *өзінің 1-параграф идеясын мүлде түсінбегендігін* айқын көрсетті, шынымен-ақ мазақтап күлуге тұратын нағыз әріпқұмар сынның үлгісін көрсетті. *Формальды* жағынан алғанда, «Орталық Комитет агенттерінің ұйымын» құрып, оны партияға қосу туралы *қаулы* шығарудың өзі-ақ жеткілікті болар еді, сонда Мартов жолдастың осыншама басын қатырған «қиыншылық» бірден жойылған болар еді. Ал менің тұжырымымдағы 1-параграфтың *идеясы* «ұйымдасыңдар!» деп *ынталандырады, нақты* бақылау мен басшылықты *қамтамасыз етеді. Істің мәні* жағынан алып қарағанда, Орталық Комитеттің агенттері партияға кіре ме, деп сұрау қоюдың өзі күлкі, өйткені *олар агенттікке тағайындалған, олар агенттік* қызметте қалады, осының өзі-ақ оларға *нақты* бақылау жүргізілуін сөзсіз толық қамтамасыз етеді. Олай болса, ұйымдасқандар мен ұйымдаспағандарды *шатастыру* туралы (Мартов жолдастың тұжырымындағы қатенің түп тамыры) бұл жерде сөз болып отырған жоқ. Мартов жолдастың формуласының жарамсыздығы мынада: кез келген әрбір адам, кез келген оппортунист, кез келген сандалбай, кез келген «профессор» және кез келген «гимназист» *өзін* партия мүшесімін деп *жариялай* алады. Өзін өзі мүшемін деп есептеу туралы, өзін өзі мүшемін деп жариялау туралы сөз болуы да мүмкін емес реттерді мысалға алып, Мартов жолдас өз тұжырымының осы *жанды жерін бүркемелеуге* тырысып, босқа арам тер болады.

тартады, сондықтан бұл жөнінде Аксельрод жолдастың мына сөздерін еске түсірмеуге болмайды: «Олардың (революцияшыл жастар үйірмелерінің, тағы басқалардың) және жеке адамдардың өздерін социал-демократпыз деп атауына ешқандай декретпен тыйым салуға болмайды» (бұл қасиетті шындық!) «және тіпті өздерін партияның бір бөлігіміз деп есептеуіне тыйым салуға болмайды»... міне бұл *сөзсіз теріс* нәрсе! Социал-демократпыз деп атануға тыйым салуға болмайды және оның *қажеті жоқ,* өйткені бұл сөз белгілі бір ұйымдық қатынастарды емес, тек көзқарастар жүйесін ғана *тікелей* көрсетеді. Партия ісіне зиян келтіріп отырған, оны аздырып немесе берекесін кетіріп отырған жеке үйірмелер мен адамдардың «өздерін партияның бір бөлігіміз деп есептеуіне» тыйым салуға болады және тыйым салу керек те. Егер партия үйірменің өзін тұтастың «бір бөлігімін деп есептеуіне» «декретпен тыйым сала» алмаса, тұтас партия ретінде, саяси тұлға ретінде *партия* туралы сөз етудің өзі күлкі болар еді! Онда партиядан шығарудың тәртібі мен шарттарын белгілеудің қандай қажеті бар? Аксельрод жолдас Мартов жолдастың негізгі қатесін турадан-тура сорақылыққа әкеліп соқтырды; ол «Лениннің тұжырымындағы 1-параграф пролетариаттың социал-демократиялық партиясының шын мәніне (!!), міндеттеріне принциптік түрде тұп-тура қайшы келеді» (243-бет) деген сөздерді қосқанда, бұл қатені тіпті *оппортунистік теорияға* айналдырды. Мұның өзі артық, кемі жоқ: таптан гөрі партияға неғұрлым қатты талаптар қою — пролетариат міндеттерінің шын мәніне принциптік түрде қайшы келтендік деген сөз. Акимовтың мұндай *теорияны* жан-тәнімен қостауы таңданарлық іс емес.

Әділдік үшін мынаны атап көрсету керек: көріне оппортунизмге бет алып отырған бұл қате тұжырымды *енді жаңа* көзқарастардың ұрығына айналдырғысы келген Аксельрод жолдас съезде, қайта, «саудаласа түсуге» әзір екенін білдіріп, былай деді: «Бірақ мен ашық есікті қағып тұрғанымды байқаймын»... (мен мұны жаңа «Искрадан» да байқап отырмын)... «өйткені партия ұйымының бөліктері деп саналатын өзінің жергілікті

үйірмелерімен Ленин жолдас менің талабымды қостайды»... (тек жергілікті үйірмелермен ғана емес, сондай-ақ әр түрлі жұмысшы одақтарымен де: протоколдардың 242-бетін, Страхов жолдастың сөзіндегілерді және «Не істеу керек?» пен «Жолдасқа хаттан» жоғарыда келтірілген үзінділерді салыстырыңыз)... «Ендігі қалғаны — жеке адамдар, бірақ бұл жөнінде де әлі саудаласа түсуге болар еді». Мен Аксельрод жолдасқа: жалпы алғанда, саудаласа түсуден қашпаймын, деп жауап бердім *, енді мұны қандай мағынада айтқанымды түсіндіруге тиістімін. Мен бәрінен де дәл осы жеке адамдар, барлық осы профессорлар, гимназистер және басқалар жөнінде мәмлеге келуге көне қоймас едім; бірақ егер жұмысшы ұйымдары жөнінде күмән туған болса, онда мен (бұл күмәндanулардың мүлде негізсіз екенін жоғарыда дәлелдегеніме қарамастан) өзімнің 1-параграфыма: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасы мен уставын қабылдайтын жұмысшы ұйымдары, партия ұйымдарының қатарына мүмкіндігіне қарай көбірек қосылуға тиіс» деген сияқты ескерту енгізуге келісер едім. Әрине, турасын айтқанда, мұндай тілек юридикалық анықтамалармен шектелуге тиісті уставқа кіргізілмей, түсінік беретін комментарийлерге, кітапшаларға кіргізілуі керек (уставтан көп бұрын өз кітапшаларымда мұндай түсініктер келтіргенімді мен бұдан бұрын айтқанмын), бірақ, қалай дегенмен мұндай ескертуде берекесіздікке бастайтын *теріс* пікірлердің ұшығы да болмас еді, Мартов жолдастың тұжырымына сөзсіз кіретін *оппортунистік* пікірлердің ** және *«анархистік концепциялардың»* ұшығы да болмас еді.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 314-бет. *Ред.*

** Әсіресе Троцкий жолдастың: «оппортунизм уставтың белгілі бір пунктінен гөрі күрделірек себептерден туады (немесе: оны тереңірек себептер белгілейді),— ол буржуазиялық демократия мен пролетариат дамуының біршама дәрежесінен туады»... деген сөзі (248 және 346-беттер) Мартовтың формуласын дәлелдеуге тырысқанда сөзсіз туатын осындай пікірлердің қатарына қосылады. Әңгіме уставтың пункттерінен оппортунизмнің тууы мүмкін екендігінде емес, әңгіме сол пункттердің жәрдемімен оппортунизмге қарсы азды-көпті өткір құрал шыңдауда болып отыр. Оппортунизмнің себептері неғұрлым терең болған сайын, бұл құрал да соғұрлым өткір болуға тиіс. Сондықтан оппортунизмге жол ашатын тұжырымды оппортунизмнің «терең себептерімен» *ақтау* — барып тұрған хвостизм. Троцкий жолдас Либер жолдасқа қар-

Мен тырнақшаға алған соңғы сөз — Павлович жолдастың айтқаны; оның *«жауапсыз* және өздерін өздері партия қатарына *қосатын»* мүшелерді тануды *анархизмге* жатқызғаны өте әділ болды. Менің тұжырымымды Либер жолдасқа түсіндіріп, Павлович жолдас «жалпақ тілге аударғанда», ол тұжырымның мәнісі мынау деді: «партия мүшесі болғың келеді екен, сен ұйымдық қатынастарды да сырттай танып қана қоймауың керек». Бұл «аударма» қаншама қарапайым болса да, ол әр түрлі күмәнды профессорлар мен гимназистер үшін ғана емес, сондай-ақ партияның нағыз мүшелері үшін де, жоғары тұрған адамдар үшін де орынсыз болған жоқ (мұны съезден кейінгі оқиғалар көрсетті)... Мартов жолдастың формуласы мен ғылыми социализмнің сол Мартов жолдас орынсыз цитат келтірген даусыз қағидасы арасындағы қайшылықты да Павлович жолдас сон-

---

сы болған кезінде устав — бүтіннің бөлшекке, алдыңғы қатарлы отрядтың артта қалған отрядқа «ұйымдасқан түрде сенімсіздік білдіруі» екенін түсінген еді, ал өзі Либер жолдастың жағына шығып кеткеннен кейін Троцкий жолдас мұны мүлде ұмытты, сөйтіп *біздің* бұл сенбестікті (оппортунизмге сенбеушілікті) ұйымдастыруымыздың *нашарлығын* және осалдығын «күрделі себептермен», «пролетариаттың даму дәрежесімен», т. с. ақтай бастады. Троцкий жолдастың енді бір дәлелі: «Қандай түрде болса да ұйымдасқан интеллигент жастардың *өздерін* партия тізіміне *енгізуі* (курсив менікі) анағұрлым жеңіл болады». Нақ солай. Міне, сондықтан да интеллигенттік бытыраңқылық *«өздерін»* тізімге «енгізу» правосын *жоятын* менің тұжырымымда болып отырған жоқ, тіпті ұйымдаспаған элементтерге де *өздерін* партия мүшесіміз деп *жариялауға* ерік беретін тұжырымда болып отыр. Троцкий жолдас былай дейді: егер Орталық Комитет оппортунистер ұйымын «танымаса» ондағы адамдардың мінез-құлқына бола танымайды, ал олардың саяси дарашылдар екені мәлім болғандықтан, бұлар қауіпті емес, оларды жалпы партиялық бойкотпен ығыстырып тастауға болады. Бұл тек *партиядан шығару* керек болатын реттер жөнінде ғана дұрыс (онда да тек жартылай ғана дұрыс, өйткені ұйымдасқан партия бойкот арқылы емес, қарсы дауыс беру арқылы *шығарады*). *Шығару* қисынсыз болатын, тек қана *бақылау* керек болатын реттер жиі кездеседі, мұндай реттерде бұл мүлде дұрыс емес. Бақылау мақсатымен Орталық Комитет онша сенімді емес, бірақ іс жүргізуге қабілеті бар ұйымды, белгілі бір шартпен, *әдейі* партияға алуы мүмкін, алғанда, оны сынау үшін, оны *шындық жолына салуға* әрекет жасау үшін, оның ішінара ауытқуларын өзінің басшылығы арқылы тоқтату үшін, т. т. үшін алуы мүмкін. *Егер,* жалпы айтқанда, *«өздерін»* партия тізіміне *«енгізушілікке»* жол берілмесе, онда әлгіндей түрде партияға алу қауіпті емес. Қате көзқарастар мен қате тактиканы ашықтан-ашық және *жауапты* түрде, бақылау арқылы білдіру (және талқылау) үшін бүйтіп партияға алу көп ретте пайдалы болып шығады. «Бірақ егер юридикалық анықтамалар іс жүзіндегі қатынастарға сай келуге тиіс болса, онда Ленин жолдастың формуласы қабылданбауы керек» — дейді Троцкий жолдас, сөйтіп ол мұны тағы да оппортунисше айтады. Іс жүзіндегі қатынастар жансыз нәрсе емес, олар өмір сүріп, дамып отырады. Юридикалық анықтамалар осы қатынастардың прогрестік дамуына сай келуі мүмкін, бірақ олардың (егер бұл анықтамалар жаман болса) регреске немесе тоқыраушылыққа «сай келуі» де мүмкін. Осы соңғы жағдай — дәл Мартов жолдастың «жағдайы».

шалықты әділ атап көрсетті. «Біздің партия — санасыз процесті саналы түрде бейнелеуші». Нақ солай. Нақ сондықтан да «әрбір стачкашының» өзін партия мүшесімін деп атай алуына ұмтылу дұрыс емес, өйткені егер «әрбір стачка» қуатты таптық инстинкттің және әлеуметтік революцияға бастамай қоймайтын тап күресінің тек стихиялық бейнесі ғана болып қоймай, сол процестің *саналы бейнесі* де болса, онда... онда жаппай стачка анархиялық бос сөз болмас еді, онда біздің партия бүкіл жұмысшы табын дереу және бірден *өзіне қаратып алған болар еді,* демек, *бүкіл буржуазиялық қоғамды* да бірден жоқ қылған болар еді. *Іс жүзінде* саналы бейнелеуші болу үшін партия саналылықтың *белгілі дәрежеде болуын қамтамасыз ететін* және сол дәрежені үнемі арттырып отыратын ұйымдық қатынастарды белгілей білуге тиіс. «Егер Мартовтың жолына түсетін болсақ,— деді Павлович жолдас,— ең алдымен *программаны* тану туралы пунктті алып тастау керек, өйткені программаны қабылдау үшін оны ұғынып, түсіну керек... Программаны тану үшін саяси саналылықтың дәрежесі айтарлықтай жоғары болуы шарт». Социал-демократияны *қолдауға,* оның басшылық етіп отырған күресіне *қатысуға* қандай талаптармен болса да (ұғыну, түсіну, т. б.) әдейі *шек қойылуына* біз еш уақытта жол бермейміз, өйткені сол *қатысудың* өзі-ақ тек өзінің жарқ етіп көрінуімен ғана саналылықты да, ұйымдық инстинктті де *арттырады,* бірақ *біз* жоспарлы жұмыс жүргізу үшін *партия болып біріккендіктен,* біз сол жоспарлылықты қамтамасыз етудің қамын істеуге тиіспіз.

Павлович жолдастың программа жөнінде сақтандыруының артық болмағандығы *сол арада-ақ, сол* мәжілістің *өзінде-ақ* көрінді. Мартов жолдастың тұжырымын өткізген * Акимов жолдас пен Либер жолдас: программаны да (партияға «мүше» болу үшін) тек сырттай ға-

* Оның тұжырымын жақтап 28 дауыс, оған қарсы 22 дауыс берілді. Сегіз антиискрашылдың жетеуі Мартовты, біреуі мені қостады. Оппортунистердің жәрдемінсіз, Мартов жолдас өзінің оппортунистік формуласын өткізе алмаған болар еді. (Лига съезінде Мартов жолдас осы күмәнсыз фактіні бекерге шығармақ болып, тым орынсыз тырысты: неге екені белгісіз, ол тек бундшылдардың ғана дауыстарын айтып, Акимов жолдас пен оның достары туралы ұмытып кетті,— дәлірек айтқанда, маған қарсы куә бола алатын кезде *ғана* оларды еске алды — Брукэр жолдастың менімен келіскенін айтты.)

на, тек оның «негізгі қағидаларын» ғана тану керек еді деген талап қойып (254—255-беттер), *сол арада-ақ* өздерінің шын бейнесін көрсетті. «Мартов жолдастың тұрғысынан қарағанда, Акимов жолдастың ұсынысы әбден қисынды» — деп атап көрсетті Павлович жолдас. Амал не, Акимовтың бұл ұсынысы *қанша* дауыс алғанын біз протоколдардан көре алмай отырмыз,— сірә, жеті дауыстан кем болмаса керек (бундшылдардың бес даусы, Акимов пен Брукэр). Сөйтіп, дәл *жеті* делегаттың съезден кетіп қалуы уставтың 1-параграфы жөнінде құрала бастаған «тұтас көпшілікті» (антиискрашылдар, «центр» және мартовшылдар) тұтас азшылыққа айналдырды! Дәл *жеті* делегаттың съезден кетуі ескі редакцияны бекіту туралы ұсыныстың іске аспай қалуына — «Искраны» басқарудағы «сабақтастықты» осылай бейне бір өрескел бұзуға әкеліп соқты! «Искраның» «сабақтастығын» бірден-бір аман сақтап қалған және кепіл болған осы тамаша *жетілік* еді: бұл жетілік бундшылдардан, Акимов пен Брукэрден құралды, яғни «Искраны» Орталық Орган деп тану *дәлелдеріне* қарсы дауыс берген делегаттар, съезде ондаған рет оппортунист деп танылған, атап айтқанда, программа жөнінде 1-параграфты *жұмсарту* туралы мәселе қаралғанда Мартов пен Плеханов оппортунист деп атаған делегаттар нақ осылар еді. «Искраның» антиискрашылдар қорғайтын «сабақтастығына» не айтарсың! — бұл арада біз съезден кейінгі трагикомедияның *басталған* жеріне жақын келіп отырмыз.

* *
*

Уставтың бірінші параграфы жөнінде берілген дауыстардың топталуы дәл тілдердің тең праволылығы туралы жанжал кезіндегідей жағдайды ашып берді: искрашылдар көпшілігінің төрттен (шамамен) бір бөлігінің бөлініп кетуі антиискрашылдардың жеңуіне мүмкіндік берді, оларға «центр» ерді. Бұл көріністің тұтас бейнесін бұзған жеке дауыстар, әрине, бұл арада да болды,— біздің съезд сияқты үлкен жиналыста біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа кездейсоқ ауысып жүретін бір бөлек «жабайы» дауыстар болмай қоймайды,

эсіресе бірінші параграф сияқты мәселеде сойтеді, өйткені мұнда ажырасудың шын сипаты жаңа ғана көріне бастаған еді және жұрттың көбі мұны әлі *түсініп үлгірмеген еді* (мәселе әдебиет бетінде алдын ала талдапбаған кезде). Искрашылдар көпшілігінен бес дауыс бөлініп кетті (әрқайсысының екі даусы бар Русов пен Карский және бір даусы бар Ленский); керісінше, оларға бір антиискрашыл (Брукэр) және центрден үш адам (Медведев, Егоров, Царев) қосылды; барлығы 23 дауыс (24—5+4) болып шықты, дауыстардың сайлау кезінде түпкілікті топталғандағысынан бір дауыс кем болды. *Антиискрашылдар Мартовқа көпшілік дауыс алып берді,* олардың 7-еуі соның жағында болды, біреуі мені қостады («центрдегілердің» де жетеуі Мартовты, үшеуі мені қостады). Искрашылдар азшылығының антиискрашылдармен және «центрмен» жасасқан, съезд аяғында және съезден кейін тұтас азшылық болып қалыптасқан коалициясы *құрыла бастады.* Бірінші параграфты тұжырымдауда және әсіресе сол тұжырымды қорғауда *оппортунизм мен анархистік дарашылдыққа қарай күмәнсыз қадам басқан* Мартов пен Аксельродтың саяси қатесі съездегі айтыстың еркін және ашық болуы арқасында бірден-ақ және ерекше айқын көрінді, ол табандылығы мен принципттік ұстамдылығы мейлінше кем элементтердің революциялық социал-демократияның көзқарастарынан байқалған саңылау мен жарықшақты кеңейтуге бірден-ақ барлық күштерін жұмсағанынан көрінді. Ұйымдық мәселелер жөнінде ашықтан-ашық *әр түрлі мақсаттарды* көздеген адамдардың (Акимовтың сөзін қараңыз) съезде бірігіп жұмыс істеуі біздің ұйымдық жоспарымызға және біздің уставымызға *принципті* түрде қарсы шығушыларды бірден-ақ Мартов пен Аксельрод жолдастардың қатесін қолдауға итермеледі. Бұл мәселеде де революциялық социал-демократияның көзқарастарынан айнымаған искрашылдар *азшылық* болып қалды. Бұл — *орасан* зор маңызы бар жағдай, өйткені мұны ұғынбайынша, уставтың жеке мәселелері жайында туған күресті де, Орталық Орган мен Орталық Комитеттің адам құрамы жайында туған күресті де мүлде түсінуге болмайды.

i) ОППОРТУНИЗМГЕ БОЙ ҰРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛҒАН АЙЫПТАН КІНӘСЫЗ КҮЙГЕНДЕР

Орталық мекемелердің адам құрамы туралы мәселе жөніндегі пікір алалығын анықтау үшін устав туралы одан әрі болған жарыс сөздерге көшпей тұрып, «Искра» ұйымының съезд кезіндегі *жеке* мәжілістеріне тоқталып өту керек. Бұл төрт мәжілістің соңғысы және ең маңыздысы уставтың бірінші параграфы туралы мәселе дауысқа қойылғаннан кейін *іле-шала* өткізілді,— сонымен, «Искра» ұйымының осы мәжілісте жікке бөлінуі, хронологиясы жағынан да, логикасы жағынан да, бұдан былайғы күрестің алғы шарты болды.

«Искра» ұйымының жеке мәжілістері * Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжалдан кейін көп кешікпей басталды, мұның өзі Орталық Комитетке өтуі мүмкін кандидаттар туралы мәселені талқылауға сылтау болды. Императивтік мандаттар жойылғандықтап, бұл мәжілістер тек қана кеңесші сипатта болып, ешкімнің қолын бөгемегені өзінен-өзі түсінікті, бірақ сонда да олардың маңызы зор болды. Жасырын есімдерді де, «Искра» ұйымының ішкі жұмысын да білмеген делегаттар үшін Орталық Комитетке сайлау едәуір қиынға соқты; ал «Искра» ұйымы іс жүзінде партияның бірлігін шыңдады, практикалық қозғалысқа басшылық жасады, мұның өзі «Искраны» ресми түрде тануға дәлел болды. Искрашылдар бірауызды болса, олардың съезде аса ірі, $^3/_5$ бөлігіне дейінгі көпшілік болуы толық қамтамасыз етілетінін біз сонда-ақ көрдік және мұны делегаттардың бәрі тамаша түсінді. Искрашылдардың бәрі де *«Искра» ұйымы* Орталық Комитеттің белгілі адам құрамын ұсынады деп күтіп, Орталық Комитеттің құрамын «Искра» ұйымында алдын ала талқылауға ұйым мүшелерінің бірде-бірі ешқандай қарсылық білдірген жоқ, Ұйымдастыру комитетінің бүкіл құрамын бекіту, яғни оны Орталық Комитетке айналдыру туралы ешкім жұмған ау-

---

* Бітпейтін даулардан аулақ болу үшін Лига съезінде-ақ мен жеке жиналыстарда болған жәйттерді баяндаудың мүмкіндігінше тар шеңберін белгілеуге тырыстым. Негізгі фактілер менің ««Искра» редакциясына хатымда» да баяндалды (4-бет). Мартов жолдас өз «Жауабында» бұл фактілерге қарсылық білдірген жоқ.

зың ашқан жоқ, *тіпті* Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттар жөнінде Ұйымдастыру комитетінің бүкіл құрамы болып *кеңесу туралы да* үндемеді. Бұл жағдайдың да ерекше мәні бар, сондықтан оны есте тұту өте қажет, өйткені *қазір* мартовшылдар *кері оралып,* Ұйымдастыру комитетін қызғыштай қорғап жүр, сөйтіп бұл арқылы тек қана өздерінің саяси тұрлаусыздығын жүздеген және мыңдаған рет дәлелдеп отыр *. Орталық орындардың құрамы жөнінде жікке бөліну Мартовты Акимовтармен біріктіргенге дейін,— съезде жұрттың бәріне айқын болған, съезд протоколдарынан және «Искраның» бүкіл тарихынан әрбір әділ адамның оп-оңай көз жеткізуіне болатын нәрсе, атап айтқанда, мынау еді: Ұйымдастыру комитеті *негізінен* съезд шақыратын комиссия, Бундқа дейінгі әр түрлі сарындардың өкілдерінен әдейі құрылған комиссия болды; ал партияның ұйымдық бірлігін *жасау* жөнінде нақты жұмысты толығынан «Искра» ұйымының бір өзі атқарды (тұтқынға алынуы себепті, сол сияқты «өздеріне байланыссты емес» басқа себептермен Ұйымдастыру комитетінің искрашыл *бірнеше* мүшесі тіпті ойда жоқ жерде съезге қатыса алмады, мұны да есте тұту керек). Съезде болған «Искра» ұйымының құрамы Павлович жолдастың кітапшасында көрсетілген-ді (оның «II съезд туралы хатының» 13-бетін қараңыз) [106].

«Искра» ұйымындағы қызу айтыстың түпкі нәтижесінде мәселе екі рет дауысқа қойылды, мұны мен «Редакцияға хатымда» көрсеткенмін. Бірінші дауысқа қоюдың нәтижесі: «Мартов жақтаған кандидатуралардың біреуі қабылданбады, оған тоғыз дауыс қарсы болды, төрт дауыс қостады, үш дауыс қалыс қалды». «Искра» ұйымының съезде болған он алты мүшесінің бәрінің жалпы ризалығымен, ұсынылуы мүмкін кандидатуралар туралы мәселе қаралды, сөйтіп көпшілік Мартов жол-

---

* Осы «мінез-құлықты» өздеріңіз ойға салып көріңіздер: «Искра» ұйымының *делегаты съезде тек* осы ұйыммен *ғана* кеңеседі және Ұйымдастыру комитетімен кеңесу туралы тіпті *жұмған аузын ашпайды.* Ал бұл ұйымда да, съезде де жеңілгеннен кейін, ол Ұйымдастыру комитетінің бекітілмегеніне *қынжыла* бастайды, кері оралып, оны әсіре мадақтайды және өзіне мандат берген ұйымды елемей, тәкаппарлық көрсетеді! Нағыз социал-демократиялық партияның және нағыз жұмысшы партиясының ешқайсысының тарихынан мұндай фактінің табылмайтындығына кепіл болуға болады.

дастың кандидатураларының біреуін қабылдамай тастады (атап айтқанда, Штейн жолдастың кандидатурасын қабылдамады, шыдамы жетпеген Мартов жолдастың өзі-ақ мұны қазірдің өзінде-ақ айтып қойды, «Қоршау жағдайының» 69-беті), былайша қарағанда, бұл фактіден түсінікті әрі қарапайым не бар? Ал оның бер жағында, біз партия съезіне жиналғанда, «дирижер таяқшасын» кімге береміз деген мәселені талқылап, шешу үшін жиналдық қой — және күн тәртібінің бұл пунктіне аса елеулі мән беріп, бұл мәселені, Русов жолдастың кейін өте әділ айтқанындай, «тоғыпардың мейірімділігі» тұрғысынан емес, *іс мүдделері* тұрғысынан қарап шешу біздің партиялық ортақ міндетіміз еді ғой. Әрине, *съезде* кандидаттар туралы мәселені талқылағанда, олардың өз бастарының белгілі бір қасиеттеріне де соқпай кетуге болмады, әсіресе ресми емес және өзара жиналыста өзіңнің жақтайтыныңды немесе жақтамайтыныңды білдірмеске болмады *. Кандидатураны жақтамағандық «қорлағандық» (Лига протоколдары, 49-бет) деп есептеудің жөні жоқ екенін, қызмет адамдарын саналы түрде, байқап сайлау жөніндегі партиялық міндетті тура орындауға байланысты нәрсеге бола «жанжал» туғызып, бұлан-талан болудың жөні жоқ екенін *мен Лига съезінде-ақ ескерткен болатынмын.* Ал оның бер жағында, біздің азшылық үшін шатақ дәл осыдан туып кетті ғой, *съезден кейін* олар «беделді түсіргендік» туралы айқай шығара бастады (Лига протоколдары, 70-бет) және Штейн жолдас бұрынғы Ұйымдастыру комитетінің «басты қайраткері» еді, ол «қай-

---

* Мартов жолдас Лигада менің жақтамайтындығымның қатаң айтылғанын көңіліне ауыр алып, шағым жасады, ол бұл шағымынан өзіне қарсы қорытынды шығатынын байқамады. Оның сөзімен айтқанда, Ленин тым қызбалық көрсетті (Лига протоколдары, 63-бет). Дұрыс. Ол есікті қатты жапты. Рас. Ол өзінің жүріс-тұрысымен («Искра» ұйымының екінші не үшінші мәжілісінде) жиналыста қалған мүшелердің ызасын келтірді. Шындық.— Бірақ бұл нені көрсетеді? Бұл тек даулы мәселелердің мәні жөніндегі дәлелдерімнің нанымды болып, съездің барысында расталғанын ғана көрсетеді. Шынында да, «Искра» ұйымының он алты мүшесінің тоғызы, ақыр аяғында, қалайда менімен бірге қалса, онда мұның өзі қасақы сөздерге *қарамастан* және мұндай сөздерді ешбір *ілтипатқа алмаудан* болған жәйт екені айқын. Демек, егер «қатты сөздер» айтылмаса, онда менің жағыма шығушылар, мүмкін, тоғыздан да көп болар еді. Демек, «ыза» кемерінен қаншалықты асып түсуге тиіс болса, дәлелдер мен фактілердің соншалықты нанымды болғаны.

дағы бір сұрапыл жоспарлар жөнінде» орынсыз айыпталды деп *баспасөз бетінде қалың көпшілікті* сендіруге тыраса бастады («Қоршау жағдайы», 69-бет). Кандидаттарды жақтау немесе жақтамау жөнінде «беделді түсіргендік» деп айқайлау бұлан-талан болу емей не? «Искра» ұйымының жеке жиналысында да, ресми, жоғары партия жиналысы болып табылатын съезде де жеңілген адамдар кейін көшеге шығып, шағым айтса және жарамсыз деп танылған кандидаттарды аса құрметті көпшілікке «басты қайраткерлер» еді деп ұсынса, одан кейін жікке бөліну және *кооптацияны* талап ету арқылы өз кандидаттарын партияға күштеп қабылдатпақ болса, бұл ұрыс-керіс емей не? Бізде шетелдің сасық ауасында саяси ұғымдардың бытысып кеткендігі соншалық, тіпті Мартов жолдас қазірдің өзінде-ақ партиялық борышты үйірмешілдік пен құдандалықтан айыра алмайтын болып қалған! Кандидаттар туралы мәселені съездерде *ғана* талқылап, шешкен жөн, мұнда делегаттар, ең алдымен, принциптік маңызы бар мәселелерді талқылау үшін жиналады, мұнда адамдар туралы мәселеге әділ қарайтын, шешуші дауыс беру үшін кандидаттар туралы барлық деректерді *талап етіп,* жинап алуға қабілеті бар (және міндетті) қозғалыс өкілдері бас қосады, мұнда дирижер таяқшасы жөніндегі таласқа белгілі дәрежеде көңіл бөлу табиғи және қажет нәрсе, деп ойлау бюрократизм және формализм болар еді. Осы бейне бір бюрократтық және формалистік көзқарастың орнына бізде қазір басқа әдет енгізілген: съездерден кейін біз Иван Иванычтың саяси қазаға ұшырағаны туралы, Иван Никифоровичтің беделі түскені туралы оңды-солды орағытып, айта береміз; кез келген әдебиетшілер өз кітапшаларында кандидаттар ұсынып жатады, соның өзінде олар: үйірме емеспіз, партиямыз деп жәдігөйлікпен кеуделерін қағады... Оқушы көпшіліктің жанжалға әуестері бұл таңқаларлық жаңалыққа: пәлендей кісі Ұйымдастыру комитетінің басты қайраткері болған екен, мұны Мартовтың өзі айтыпты * деп, қадала қала-

* Мартов сияқты, мен де «Искра» ұйымында Орталық Комитетке бір кандидатты өткізбек болып, өткізе алмадым, оның ерекше фактілермен дәлелденетін съезге дейінгі және съездің бас кезіндегі тама-

ды. Көпшілік дауыспен қалай болса солай дөрекі шешімдер қабылдай салатын съездер сияқты формалистік мекемелерден гөрі, бұл оқушы жұртшылық мәселені талқылап, шешуге анағұрлым қабілетті келеді... Иә, біздің нағыз партия қызметкерлерінің шетелдік ұрыс-керіске толы Авгий ат қорасын [107] тазартуына тура келеді!

«Искра» ұйымының екінші бір мәселені дауысқа қоюының нәтижесі: «бес адамның (Орталық Комитетке ұсынылған) тізімі он дауыспен қабылданды, бұған екі дауыс қарсы болып, төрт дауыс қалыс қалды; менің ұсынуым бойынша, искрашыл емес элементтердің бір лидері, искрашыл азшылықтың бір лидері тізімге енгізілді» *. Дауыс берудің бұл нәтижесінің аса зор маңызы бар, өйткені ол кейін, ұрыс-керіс жағдайында туған: біз искрашыл еместерді партиядан қуып шығармақ немесе аластамақ болыппыз, көпшілік съездің тек бір жағына ғана сүйеніп, сол жағының адамдарын сайлапты-мыс, т. т. деген өсек-аяңның түгелдей өтірік екенін даусыз және бұлжымастай етіп дәлелдеп берді. Мұның бәрі — шылғи өтірік. Искрашыл еместерді партиядан аластамақ түгіл, Орталық Комитеттен де қумағанымызды, қайта, өз оппоненттерімізге өте *азшылық* орын бергенімізді мен жоғарыда келтірген дауыс беру нәтижесі көрсетіп отыр. Барлық әңгіме мынада: олар *көпшілік болғысы келді,* ал осы кіші-гірім тілектері іске аспай қалғаннан кейін, олар орталық орындарға қатысудан мүлде бас тартып, *жанжал* шығарды. Мартов жолдастың Лигада пайымдағандарына қарамастан, істің дәл осылай болғаны «Искра» ұйымының азшылығы съезде уставтың 1-параграфы қабылдағаннан кейін іле-шала бізге, искрашылдардың көпшілігіне (жеті дауыстың кетіп қалуына орай, съездің де көпшілігіне) жіберген төмендегі *хаттан* көрінеді («Искра» ұйымының мен айт-

---

ша беделі туралы мен де айта алар едім. Бірақ бұл менің ойыма да келмейді. Бұл жолдас *өзін өзі жеткілікті құрметтейді,* ол біреудің съезден кейін оның кандидатурасын баспасөз бетінде ұсынуына немесе саяси қазаға ұшырау, беделдің түсуі, т. т. туралы шағым жасауына *жол бермейді.*

* Қараңыз: осы том, 105—106-бет. *Ред.*

қан жиналысы *ақырғы* жиналыс болғанын айта кету керек: одан кейін ұйым *іс жүзінде* тарап кетті және екі жағы да біздікі дұрыс деп, съездің басқа делегаттарын сендіруге тырысты).

Хаттың тексті мынау:

«Редакция мен «Еңбекті азат ету» тобы көпшілігінің жиналысқа (пәлен күні*) қатысқысы келетіндігі туралы мәселе жөнінде делегаттар Сорокин мен Саблинаның түсіндірмелерін тыңдап, бұл делегаттардың жәрдемімен мынаны анықтадық: мұның алдындағы жиналыста Орталық Комитетке ұсынылған кандидаттардың тізімі оқылған, бұл тізім бізден шығыпты-мыс, ол біздің бүкіл *саяси* позициямызды теріс сипаттау үшін пайдаланылған, сонымен қатар біз мынаны ескердік: біріншіден, осы тізімнің қайдан шыққанын тексеруге ешбір әрекет жасалмастан, бұл тізім бізге таңылып отыр; екіншіден, бұл жағдай «Искра» редакциясы мен «Еңбекті азат ету» тобының көпшілігін оппортунизмге бой ұрды деген айыптаушылықпен — ашықтан-ашық таратылып жүрген осы айыптаушылықпен сөзсіз байланысты; үшіншіден, бұл айыптау *«Искра» редакциясының құрамын өзгерту* жөніндегі қазір әбден белгілі болып отырған жоспармен байланысты екені бізге айдан анық,— сондықтан біз: жиналысқа жібермеудің себептері туралы бізге берілген түсініктер бізді қанағаттандырмайды деп есептейміз, ал жиналысқа жібергісі келмегендік жоғарыда айтылған өтірік айыптан арылуымызға мүмкіндік бергісі келмегендікті көрсететін дәлел деп танимыз.

Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттардың ортақ тізімі жөнінде біздің арамызда жасалуы мүмкін келісім туралы мәселе жайында біз: келісімнің негізі ретінде біз қабылдай алатын бірден-бір тізім — Попов, Троцкий, Глебов деп мәлімдейміз, соның өзінде біз бұл тізімнің *компромистік* тізім екенін атап көрсетеміз, неге десеңіз, бұл тізімге Глебов жолдасты енгізгенде, көпшіліктің тілегін орындау ретінде ғана енгізіп отырмыз, өйткені Глебов жолдастың съездегі ролі бізге анық болғаннан кейін, *біз Глебов жолдасты* Орталық Комитетке ұсыныл-

* Менің есебімше (қараңыз: осы том, 513-бет. *Ред.)*, хатта көрсетілген күн сейсенбіге тура келеді. Жиналыс сейсенбі күні кешке, яғни съездің 28-мәжілісінен *кейін* болды. Бұл хронологиялық анықтаманың аса зор маңызы бар. Ол Мартов жолдастың: біз орталық орындардың адам құрамы туралы мәселе жөнінде емес, орталық орындарды ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде келісе алмадық деген пікірін *документ жүзінде бекерге шығарады.* Ол менің Лига съезінде және «Редакцияға хатта» айтқандарымның дұрыс екенін *документ жүзінде дәлелдейді.* Съездің 28-мәжілісінен *кейін* Мартов және Старовер жолдастар оппортунизмге бой ұрғандары туралы оларға жалған айып тағылғаны жөнінде тым көп айтып, Советтің құрамы туралы немесе орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселе жөнінде келісе алмаушылық жайында *жұмған ауыздарын ашпайды* (бұл туралы біз 25, 26 және 27-мәжілістерде дауластық).

ған кандидатқа қойылатын талаптарды орындарлық адам деп *есептемейміз.*

Мұнымен қатар біз мына жағдайды атап көрсетеміз: Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттар туралы келіс сөз жүргізгенде, мұны біз Орталық Орган редакциясының құрамы туралы мәселеге еш бір қатысы жоқ деп білеміз, өйткені бұл мәселе жөнінде (редакцияның құрамы туралы) ешқандай келіс сөз жүргізуге риза емеспіз.

Жолдастар үшін Мартов пен Старовер»

Дауласушы екі жақтың пиғылын және даудың мән-жайын дәл бейнелейтін бұл хат бізге басталып келе жатқан жікке бөлінудің «өзегін» бірден-ақ сездіреді және оның шын себептерін көрсетеді. «Искра» ұйымының азшылығы көпшіліктің дегеніне көнгісі келмей, съезде еркін үгіт жүргізуді артық көріп (әрине, оған толық праволы бола отырып), соның өзінде, көпшіліктің «делегаттарынан» олардың жеке жиналысына өздерін енгізуді талап етеді! Әрине, бұл қызық талапты біздің жиналысымыздағылар (хат, әлбетте, жиналыста оқылды) миығынан күліп, таңданып қарсы алды, ал «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыптар» жайындағы айқайларға, бұлан-талан болушылыққа жиналыстағылар тіпті ду күлді. Бірақ әуелі Мартов пен Старовердің зарлы шағымын пункт-пункттімен талдап шығайық.

Тізімді оларға таңу дұрыс болмапты; олардың саяси позициясы теріс сипатталыпты.— Бірақ Мартовтың өзінің де мойындап отырғанындай (Лига протоколдары, 64-бет), оның: тізім авторы мен емеспін, деген сөзінің дұрыстығына күдіктену менің ойыма да келген жоқ. Жалпы алғанда, авторлық туралы мәселенің бұл жерге қатысы жоқ, тізімді искрашылдардың бірі жасады ма әлде «центр» өкілдерінің бірі жасады ма, т. с.— мұның ешқандай маңызы жоқ. Маңызды нәрсе мынау: түп-түгел қазіргі азшылық мүшелерінен құралған бұл тізім, тіпті жай жорамал немесе болжам есебінде болса да, съезде қолдан-қолға көшіп жүрді. Ақырында, *бәрінен маңыздысы* мынау: Мартов жолдастың съезде *мұндай* тізімнен ат-тонын ала қашуына *тура келді,* ол қазір бұл тізімді құшақ жайып қарсы алса *керек еді.* Екі ай-

дың ішінде «масқара лақап» туралы ойбайдан бастап, бейне бір масқара тізімдегі сол кандидаттарды партияның орталық орнына еріксіз тықпалауға дейін жеткен адамдар мен сарындарға баға берудегі тұрақсыздықты бұдан айқын суреттеуге болмайды! *

Бұл тізім,— деді Лига съезінде Мартов жолдас,— «саяси жағынан алғанда, біздің және «Южный рабочийдің» Бундпен жасасқан одағы, *тікелей келісім* мағынасындағы одағы еді» (64-бет). Бұл дұрыс емес, өйткені, біріншіден, бундшылдардың бірде-бірі енбеген тізім туралы «келісім» жасасуға Бунд еш уақытта көнбес еді; ал екіншіден, тек Бундпен ғана емес, сондай-ақ «Южный рабочий» тобымен де тікелей келісім (Мартовқа масқара болып көрінген келісім) жасасу туралы сөз болған жоқ *және болуы мүмкін емес еді*. Әңгіме келісім туралы емес, нақ сол коалиция туралы, Мартов жолдастың мәмлеге келуі туралы емес, съездің бірінші жартысында Мартовтың өзі қарсы күрескен және уставтың 1-параграфындағы оның қатесіне жармаса кеткен антиискрашылдар мен солқылдақ элементтердің енді оны *сөзсіз қолдауға тиіс екені* туралы болды. «Өкпелеудің» *түп тамыры* нақ сол *оппортунизмге бой ұру жөнінде ашықтан-ашық, оның үстіне жалған айып тағуда* жатқанын жоғарыда мен келтірген хат ешбір даусыз дәлелдеп береді. Үлкен шатақ туғызған және, «Редакцияға хатта» менің ескерткеніме қарамастан, *қазір* Мартов жолдас жоламай отырған бұл «айыптар» екі түрлі болды: біріншіден, уставтың 1-параграфы туралы жарыс сөз кезінде Плеханов тура былай деді: 1-параграф туралы мәселе «оппортунизмнің неше түрлі өкілдерін» бізден «бөлектеу» туралы мәселе болып табылады, сондықтан олардың партияға баса-көктеп кіруіне қарсы тосқауыл ретінде, менің жобама «тек осы себепті ғана оппортунизмге қарсылардың бәрі дауыс беруге тиіс» (съезд протоколдары, 246-бет). Бұл жігерлі сөздер, менің аздап жұмсарту енгізгеніме (250-бет) ** қарамастан,

---

* Гусев жолдас пен Дейч жолдастың жанжалы туралы хабар келгенде, мұның алдындағы жолдар теріліп қалған еді. Біз бұл жанжалды *қосымшада* өз алдына сөз қыламыз. (Қараңыз: осы том, 433—442-беттер. *Ред.*)

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 315-бет. *Ред.*

сенсация туғызды, бұл Русов (247-бет), Троцкий (248-бет) және Акимов (253-бет) жолдастардың сөздерінен айқын көрінді. Біздің «парламенттің» «қалтарыстарында» 1-параграф туралы болып жататын ұшы-қиыры жоқ дауларда Плехановтың тезисі қызу сөз болып, сан саққа жүгіртілді. Ал енді, істің шын мәнінде өздерін қорғау орнына, біздің қадірлі жолдастар «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыпқа» қарсы жазбаша шағым жасауға дейін барып, кісі күлерлік өкпе айтумен болды!

Жұрт алдындағы ашық таластың жаңа лебін көтере алмайтын үйірмешілдіктің және партиялық жағынан мейлінше жетілмегендіктің психологиясы осы жерде айқын көрінді. Бұл — Россия адамына таныс психология: не тісін сындыр, не қолыңды бер! — дейтін ескі нақылға дәл келеді! Өздерімен өздері болып, шүйіркелесіп қалған шағын жиынның әйнекті қауашағына дағдыланған адамдар емін-еркін және ашық айтыста әркім өзіне жауапкершілік ала сөйлеген алғашқы сөзді естігенде-ақ шалқаларынан түсті. Олар біреуді айыптамақ, сонда кімді десеңізші? «Еңбекті азат ету» тобын, тіпті оның көпшілігін оппортунизмге бой ұру жөнінде айыптамақ,— мұндай да сұмдық болады екен-ау! Мұндай кешірілмейтін жәбір үшін не партия жікке бөлінуі керек, не әйнекті қауашақтың «сабақтастығын» қалпына келтіріп, «үй ішіндегі кикілжіңді» жуып-шаю керек — сөз болып отырған хатта осы дилемма едәуір айқын көрініп отыр. Интеллигенттік даралшылдық пен үйірмешілдіктің психологиясы партия алдында пікірді ашық айту талабына қарсы келіп килікті. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, «оппортунизмге бой ұру жөніндегі *жалған* айыпқа» қарсы шағым жасау сияқты сорақылықпен ұрыскеріс неміс партиясында болар ма еді! Пролетарлық ұйым мен тәртіп онда бұл интеллигенттік жыламсақтықты әлдеқашан ұмыттырған. Айталық, Либкнехтті жұрттың бәрі өте құрметтейді, бірақ 1895 жылғы съезде [108] Либкнехт аграрлық мәселе жөнінде белгілі оппортунист Фольмар мен оның достарының жағымсыз тобына қосылып кеткенде, оны (Бебельмен бірге) «оппортунизмге бой ұру жөнінде ашық айыптауға» қарсы *шағым*

етушілерді бұл партияда қандай келемеж қылар еді. Либкнехттің есімі неміс жұмысшы қозғалысының тарихымен тығыз байланысты болып отырса, бұл, әрине, Либкнехттің мұндай біршама ұсақ және жеке мәселе жөнінде оппортунизмге бой ұруына тура келгендігіне қарамастан осылай болып отыр. Дәл сол сияқты, күрестің қаншама қызу болғанына қарамастан, айталық, Аксельрод жолдастың есімін әрбір орыс социал-демократы құрметтейді және әрқашан құрметтемек, бірақ партиямыздың екінші съезінде Аксельродтың оппортунистік идеясымақты қорғауына тура келгені үшін емес, Лиганың екінші съезінде анархистік ескі мылжыңды қайтадан қозғағаны үшін емес, қайта, бұған қарамастан құрметтейді. «Еңбекті азат ету» тобының көпшілігіне оппортунизмге бой ұру жөнінде жалған айып тағылды» екен деп, бұлан-талан болуды, ұрыс-керіс шығаруды және партияда жікке бөлінуді тек: не тісін сындыр, не қолыңды бер, дейтін логиканы қолданатын кертартпа үйірмешілдік қана туғыза алады.

Бұл масқара айыптың екінші дәлелі алдыңғысымен мейлінше тығыз байланысты (Мартов жолдас Лига съезінде (63-бет) бұл жанжалдың *бір* жағына соқпай кетуге, оны бүркемелеуге бекер тырысты). Бұл дәлел — антиискрашылдардың және солқылдақ элементтердің Мартов жолдаспен жасасқан, уставтың 1-параграфы жөнінде *байқалған коалициясына* байланысты дәлел. Әлбетте, Мартов жолдас пен антиискрашылдардың арасында ешбір тікелей де, жанама да келісім болған жоқ және болуы мүмкін емес еді, бұл жөнінде одан ешкім сезіктенген жоқ: оған тек қана қорыққаннан осылай көрінген. Бірақ оның қатесі *саяси жағынан* тап мынадан байқалды: оппортунизмге бейімділігі күмәнсыз адамдар оның төңірегіне топтасып, барған сайын молая түскен «тұтас» көпшілікті (жеті делегаттың «ойда жоқта» кетіп қалуы себепті *ғана* қазір азшылыққа айналған көпшілікті) құра бастады. Бұл «коалицияны» біз, әрине, 1-параграфтың ізінше съезде де (Павлович жолдастың жоғарыда айтылған ескертпесін қараңыз, съезд протоколдары, 255-бет), «Искра» ұйымында да *ашықтан-ашық* атап көрсеткенбіз (мұны әсіресе Плехановтың

атап көрсеткені есімде). 1895 жылы Бебель мен Либкнехтке Цеткина: «Es tut mir in der Seele weh, daβ ich dich in der Gesellschaft seh'» (сені — яғни Бебельді — мұндай адамдармен — яғни Фольмармен және К⁰-мен бірге көріп отырғаныма қатты қынжыламын) [109] дегенде, жұрт Бебель мен Либкнехтке қандай күлген болса, бұл да дәл сондай күлгендік және дәл сондай қатесін атап көрсеткендік. Бебель мен Либкнехттің ол кезде Каутский мен Цеткинаға: оппортунизмге бой ұру жөнінде жалған айып тақтыңдар деп хат жазып, бұлан-талан болмағаны шынында да таңданарлық нәрсе...

Орталық Комитетке ұсынылған кандидаттардың тізіміне келсек, онда бұл хат бізбен мәмлеге келуден әлі үзілді-кесілді бас тартпағандықтарын Лигада өз аузынан айтқан Мартов жолдастың қателескенін көрсетеді, мұның өзі саяси күресте документтермен анықтама берудің орнына, болған *әңгімені* есте қалған күйінде айтып беруге тырысудың орынсыз екеніне тағы бір мысал болып табылады. Шынында, «азшылықтың» қанағатсыл болғаны соншалық, тіпті «азшылықтан» екеу, «көпшіліктен» біреу (компромисс ретінде және *тек* кеңшілік жасау үшін *ғана!)* алынсын деп «көпшілікке» ультиматум ұсынды. Бұл масқара нәрсе, бірақ факт. «Көпшілік» съездің бір жағына сүйеніп, тек сол жағының ғана өкілдерін сайлады-мыс деген қазіргі өсек-аяңның бос сөз екенін бұл факт айқын көрсетеді. *Нақ керісінше болды:* мартовшылдар тек кеңшілік жасау үшін ғана бізге үшеудің біреуін ұсынды, демек, егер біз бұл ерекше «кеңшілікке» көнбесек, *барлығын* өздерінен өткізбек болды! Біз өзіміздің жеке жиналысымызда мартовшылдардың қанағатшылдығына күлдік те, өз тізімімізді жасадық: Глебов — Травинский (кейін ол Орталық Комитетке сайланды) — *Попов.* Біз бұл соңғы кісінің орнына (бұл да 24-кісінің жеке жиналысында) Васильев жолдасты (кейін ол Орталық Комитетке сайланды) енгіздік, оның *жалғыз-ақ себебі* болды: Попов жолдас біздің тізімде болудан бас тартты, әуелі жеке әңгімеде, кейін съезде де ашық түрде бас тартты (338-бет).

Істің жайы, міне, осылай болды.

Қанағатшыл «азшылық» көпшілік болып қанағаттанғысы келді. Бұл қанағатшылдық тілегі қабылданбағаннан кейін, «азшылық» ынтымақтан біржолата бас тартып, жанжал шығара бастады. Ал қазір «көпшіліктің» «кеңшілікке көнбейтіндігі» туралы мейірбандықпен маңызданып сөйлеушілер әлі де табылып отыр!

Съезде еміи-еркін үгіт жүргізуге бел байлаған «азшылық» «көпшілікке» адам күлерліктей ультиматумдар қойды. Жеңіліп қалғаннан кейін, *біздің сабаздар жылап-сықтап, қоршауда қалдық деп байбалам салды.* Voilà tout*.

Бізді редакцияның құрамын өзгертпекші деп аяусыз айыптауларын да біз (24 кісінің жеке жиналысында) күлкімен қарсы алдық: алғашқы үш адамды сайлау арқылы редакцияны *жаңарту* жоспары жөнінде съездің басынан-ақ және съезден бұрын да жұрттың бәрі жақсы білетін (съездегі редакция сайлауы туралы сөз болғанда, бұл туралы толығырақ айтамын). «Азшылықтың» антиискрашылдармен коалиция жасауы бұл жоспардың дұрыстығына тамаша дәлел болғанын көргеннен *кейін,* «азшылықтың» бұл жоспардан үрейі ұшып кетті,— бұл бізді таңдандырған жоқ, бұл әбден табиғи нәрсе еді. Съездегі күреске дейін, өз ықтиярларыңмен азшылыққа айналыңдар деген ұсынысқа біз, әрине, пәлендей мән бере алмадық, «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айып» туралы соншама терісіне сыймай байбалам салуға дейін барған авторлардың бүкіл хатына пәлендей мән бере алмадық. «Жүрекке жара салу» жөніндегі табиғи тілекті партиялық борыштың өте тез жеңіп шығатынына біз кәміл сендік.

к) УСТАВ ТУРАЛЫ ЖАРЫС СӨЗДІҢ ЖАЛҒАСЫ. СОВЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

Уставтың бұдан кейінгі пункттері ұйым принциптерінен гөрі, жеке мәселелер туралы анағұрлым көп талас туғызды. Съездің 24-мәжілісі түгелінен партия съездеріне өкілдер жіберу тәртібі туралы мәселеге арналды, соның өзінде искрашылдардың бәріне ортақ жоспарлар-

* — Бар болғаны, міне, осы. *Ред.*

ға қарсы батыл және ашықтан-ашық күрес жүргізушілер тағы да тек бундшылдар (Гольдблат пен Либер, 258—259-беттер) және Акимов жолдас болды, Акимов өзінің съездегі ролін мақтаныш сезімімен, жасырмай мойындады: «Мен сөйлеген сайын өз дәлелдеріммен жолдастарға ықпал жасамайтынымды, керісінше, өзім жақтап отырған пунктке зиян келтіретінімді айқын сеземін» деді (261-бет). Бұл нысанаға дөп тиетін ескертпенің уставтың 1-параграфынан кейін іле-шала айтылуы өте орынды болды; тек қана бұл арада «керісінше» деген сөз онша дұрыс қолданылмаған, өйткені Акимов жолдас тек белгілі бір пункттерге зиян келтіруді ғана біліп қоймай, сонымен бірге және осы ісімен оппортунистік бос сөзге бейім, өте дәйексіз искрашылдардың арасындағы «жолдастарға ықпал жасауды»... да білді.

Жалпы алғанда, уставтың съезге өкілдер жіберу шарттарын белгілейтін 3-параграфы көпшілік дауыспен қабылданды, 7-дауыс қалыс қалды (263-бет),— бұлар антиискрашылдар болса керек.

Съездің 25-мәжілісінің жартысынан көбін алған Советтің құрамы туралы талас толып жатқан әр түрлі жобалардың төңірегіндегі жіктердің мейлінше бытыраңқы екенін аңғартты. Абрамсон мен Царев Совет жөніндегі жоспарға тіпті қарсы болды. Панин Советті тек қана аралық сотқа айналдыруға тырысып бақты, сондықтан ол Совет — жоғары мекеме және оны Советтің кез келген екі мүшесі шақыра алады деген анықтаманы алып тастауды әбден дәйекті түрде ұсынды *. Герц, Русов устав комиссиясының *бес* мүшесі ұсынған *үш* әдісті толықтыру ретінде, Советті құрудың әр түрлі әдістерін жақтады.

Талас мәселелер бәрінен бұрын Советтің міндеттерін белгілеу жайында болды: аралық сот па әлде партияның жоғары мекемесі ме? Бұл екеуінің алғашқысын дәйекті түрде Панин жолдас жақтағанын мен жоғары-

* Панин жолдастың көзқарасын Староверов жолдас та қолдағысы келген болса керек, екеуінің айырмасы тек мынау ғана: Панин жолдас өзіне не керек екенін білді, сондықтан ол әбден дәйекті түрде қимылдап, Советті тек қана аралық, бітістіруші мекемеге айналдыратын қарарлар ұсынды, ал Староверов жолдас өзіне не керек екенін білмеді, Совет жоба бойынша, «тек екі жақтың тілегі бойынша ғана» жиналады (266-бет) деді. Мұнысы тіпті дұрыс емес.

да айттым. Бірақ ол жалғыз еді. Мартов жолдас оған батыл қарсы шығып, былай деді: «Мен «Совет — жоғары мекеме» деген сөздерді сызып тастау туралы ұсынысты қабылдамау керек деп ұсынамын: біздің тұжырымымыз» (яғни Совет міндеттерінің устав комиссиясында біз келіскен тұжырымы) «Советтің дами келе, жоғары партиялық мекемеге айналуына әдейі мүмкіншілік қалдырады. Біз үшін Совет тек бітістіруші мекеме ғана емес». Ал оның бер жағында, Мартов жолдастың жобасы бойынша, Советтің құрамы бүтіндей әрі түгелдей «бітістіруші мекемелердің» немесе аралық соттардың сипатына сай келуге тиіс болды: екі орталық орынның әрқайсысынан екі мүшеден және осы төрт мүше сайлайтын бесінші мүше болуы керек. Советтің тек мұндай құрамы ғана емес, сондай-ақ Русов және Герц жолдастардың ұсынысы бойынша съезд қабылдаған құрамы да (бесінші мүшені съезд тағайындайды) түгелінен бітістіру немесе араға түсу мақсаттарына сай келеді. Советтің мұндай құрамы мен оның партиялық жоғары мекеме болуы арасында ымыраға келмейтін қайшылық бар. Партияның жоғары мекемесінің құрамы тұрақты болуға тиіс, орталық орындардың құрамындағы кездейсоқ (кейде сәтсіздікке ұшырауы себепті) өзгерістерге тәуелді болмауға тиіс. Жоғары мекеме партия съезімен тікелей байланысты болуға тиіс, өз уәкілдігін партияның съезге бағынған басқа екі мекемесінен емес, съездің өзінен алып отыруға тиіс. Жоғары мекеме партия съезіне белгілі адамдардан құрылуға тиіс. Ақырында, *жоғары* мекемені ұйымдастырғанда, *оның өмір сүруінің өзі* кездейсоқ оқиғаға байланысты болатын етіп: бесінші мүшені сайлау жөнінде екі коллегия келісе алмаса, партия жоғары мекемесіз қалатын етіп *ұйымдастыруға* болмайды! Бұған қарсы болғандар былай дейді: 1) бесеудің біреуі қалыс қалып, қалған төртеуі екі-екіден бөлінгенде де жағдайдың тұйыққа тірелуі мүмкін ғой (Егоров). Бұл қарсы дау дәлелді емес, өйткені *қандай* коллегияның болса да *шешім қабылдай* алмайтын кездері болмай қоймайды, бірақ бұл коллегия *құруға* тіпті болмайды деген соз емес. Екінші қарсы дау: «егер Совет сияқты мекеме бесінші мүшені сайлай алмаса,

онда бұл мекеме, тегінде, ешбір қабілеті жоқ мекеме болып шығады» (Засулич). Бірақ бұл жерде әңгіме қабілетсіздікте болып отырған жоқ, *жоғары* мекеменің жоқтығында болып отыр: бесінші мүшесіз ешбір Совет *болмайды, ешбір «мекеме»* болмайды, сондықтан қабілетсіздік туралы сөз етуге де болмайды. Ақырында, егер мұндай партиялық коллегиялардың біреуі құрылмай қалатын реттерде, оның үстінен қарайтын екінші, жоғары коллегия болса, онда бұл шатақты әлі де түзетуге болар еді, өйткені онда бұл жоғары коллегия шұғыл реттерде қашан да болсын олқылықтың орнын қалайда толтыра алар еді. Бірақ Советтің үстінен қарайтын, съезден басқа, ешбір коллегия *жоқ,* сондықтан уставта Советті *тіпті құруға да* болмайтындай *мүмкіншілік* қалдыру көріне қисынсыздық болады.

Менің съезде бұл мәселе жөнінде сөйлеген қысқаша сөздерімнің екеуі де Мартовтың жобасын оның өзі және басқа жолдастар қорғай айтқан *осы екі* теріс дәлелді *ғана* талдауға арналды (267 және 269-беттер) *. Ал Советте Орталық Органның немесе Орталық Комитеттің басым болуы туралы мәселені *мен тіпті қозғаған да жоқпын.* Орталық Органның басым болып кету қаупін атап көрсету мағынасында, бұл мәселені съездің 14-мәжілісінде-ақ *алғаш рет* қозғаған *Акимов жолдас* еді (157-бет), «көпшілік» Орталық Комитетті редакцияның құралына айналдырғысы келеді деген қисынсыз, демагогтық ертекті туғызу үшін Мартов, Аксельрод және басқа жолдастар *тек съезден кейін ғана* Акимовтың соңына ерді. Өзінің «Қоршау жағдайында» бұл мәселені сөз ете отырып, Мартов жолдас оның нағыз инициаторын кішіпейілділікпен атамай кеткен!

Байланысын үзіп, жеке-жеке алынған цитаттармен қанағаттанбай, Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуы туралы мәселенің партия съезінде қалайша қойылғанымен *түгел* таныскысы келген адам Мартов жолдастың істі бұрмалап отырғанын оп-оңай көреді. *«Орталық Органның ықпалын кеміту үшін* партия шынында «нағыз қатаң орталықтандыруды» қорғағысы»

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 319-бет. *Ред.*

келеді (154-бет, курсив менікі), «мұндай жүйенің (Акимов жүйесінің) бүкіл мәні дәл осында» деп, 14-мәжілісте-ақ сөзін *Акимов жолдастың көзқарастарына қарсы* айтыстан бастаған *басқа емес, Попов жолдастың өзі* болатын. «Мұндай орталықтандыруды менің жақтамайтындығым былай тұрсын,— деді оның үстіне Попов жолдас,— мен оған қарсы күресуге даярмын, өйткені ол — *оппортунизмнің туы»*. Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуы туралы атышулы мәселенің *түп тамыры*, міне, осында, сондықтан да қазір Мартов жолдастың мәселенің шынында қалай туғаны жөнінде жұмған аузын ашпауына *тура келіп отырса*, оған таңырқауға болмайды. Орталық Органның басым болуы туралы Акимовтың бұл пікірінің оппортунистік сипатын тіпті Попов жолдас та көрмей тұра алмады *, сондықтан өзін Акимов жолдастан әбден ажырату үшін Попов жолдас былай деп *үзілді-кесілді* мәлімдеді: «бұл орталық орында (Советте) редакциядан үш мүше және Орталық Комитеттен екі мүше бола қойсын. Бұл — *екінші дәрежелі мәселе* (курсив менікі), ең маңызды нәрсе: басшылықтың, партияға жоғарыдан басшылық ету ісінің бір жерден шығуында» (155-бет). Акимов жолдас бұған қарсы шығып: «жоба бойынша, Советте Орталық Органның басым болуы қамтамасыз етіліп отыр, өйткені редакцияның құрамы тұрақты, ал Орталық Комитеттің құрамы ауыспалы» деді (157-бет) — бұл тек *принциптік* басшылықтың «тұрақтылығына» ғана қатысы бар дәлел (дұрыс және керекті нәрсе), ал дербестікке араласу немесе қол сұғу мағынасындағы «басымдылыққа» эсте қатысы жоқ. Орталық Комитетті дербес емес деп өсек таратып, орталық орындар-

* Акимов жолдасты оппортунист деп атаудан Попов жолдас та, Мартов жолдас та тайынған жоқ, олар бұлай атау тек «тілдердің тең праволылығы» үшін немесе 1-параграф үшін *олардың өздеріне* қолданылғанда және әділ қолданылғанда ғана ренжіп, ашулана бастады. Мартов жолдасты соңына ерткен Акимов жолдас, қайткенмен де, Лига съезіндегі Мартов жолдас пен К^{0}-ге ұқсамай, партия съезінде өзін байсалды ұстап, ерлік көрсетті. «Бұлар мені оппортунист деп атап отыр,— деді партия съезінде Акимов жолдас,— өз басым бұл сөзді кісіні балағаттайтын, қорлайтын сөз деп есептеймін және ондай атақ тағарлықтай мен ештеңе істегенім жоқ деп ойлаймын; алайда бұған қарсы наразылық білдірмеймін» (296-бет). Мүмкін, Мартов және Старовер жолдастар өздерінің оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыпқа қарсы наразылығына қол қоюды Акимов жолдасқа ұсынған шығар, бірақ Акимов жолдас одан бас тартқан болар?

дың құрамына наразылығын жасырып отырған «азшылыққа» ол кезде әлі қосылмаған Попов жолдас та Акимов жолдасқа өте орынды жауап берді: «Мен оны (Советті) партияның басшы орталығы деп есептеуді ұсынамын, сонда: *«Советте Орталық Органның өкілдері көп бола ма әлде Орталық Комитеттің өкілдері көп бола ма, деген мәселенің ешбір маңызы болмай қалады»* (157—158-беттер. Курсив менікі).

Советтің құрамы туралы мәселені талқылау 25-мәжілісте қайтадан басталғанда, Павлович жолдас ескі айтысты жалғастыра келіп, «Орталық Органның тұрақты болуы себепті» (264) оның Орталық Комитеттен басым болуын жақтап сөйледі, ол нақ сол *принциптік* тұрақтылықты мұны Мартов жолдастың түсінгеніндей етіп айтты, ал Мартов Павловичжолдастан кейін дереу сөз сөйлеп, «бір мекеменің екіншісінен басым болуын атап көрсетуді» қажет емес деп тапты және Орталық Комитет мүшелерінің бірі шетелде болуы мүмкін екенін айтты: «бұлай еткенде Орталық Комитеттің принциптік тұрақтылығы белгілі бір мөлшерде сақталады» деді (264). *Принциптік* тұрақтылық пен оны қорғау туралы мәселені Орталық Комитеттің дербестігін және тәуелсіздігін сақтаумен *шатастырып,* демагогтық жасаудың бұл жерде нышаны да болған жоқ. Съезден *кейін* Мартов жолдастың ең басты дәлелі іспеттес болған бұл шатастырушылықты *съезде тек Акимов жолдас қана* табанды түрде жақтады, ол *сол кездің өзінде-ақ* «уставтың аракчеевшілдік рухы» (268) туралы айтты, *«егер партия Советінде Орталық Органның үш мүшесі болса, онда Орталық Комитет редакцияның дегенін істейтін жай атқарушыға айналады* (курсив менікі). Шетелде тұратын үш адам бүкіл (!!) партияның жұмысына шексіз (!!) билік жүргізуге право алады. Олардың қауіпсіз болу жағы қамтамасыз етіледі, сондықтан олардың билігі өмір бойына кетеді» деді (268). *Идеялық басшылық орнына бүкіл партияның жұмысына қол сұғушылықты* әкеліп тықпалаған (және съезден кейін Аксельрод жолдасқа, оның «теократия» [110] туралы сөздерімен қосылып, арзан ұран болып табылған) дәл осындай, мүлде қисынсыз және демагогтық сөздерге Павлович жолдас тағы

да қарсы шықты, *бұларға қарсы шыққанда* ол: ««Искра» қорғаған принциптердің берік әрі таза болуын жақтаймын. Орталық Орган редакциясының басым болуына жол бере отырып, мен мұнымен сол принциптерді нығайтамын» деді (268).

Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуы туралы атышулы мәселе шынында міне осылай қойылды. Аксельрод және Мартов жолдастардың бұл атақты «принциптік алауыздығы» *Акимов жолдастың оппортунистік және демагогтық мылжың сөздерін қайталаудан* басқа ештеңе емес, бұл мылжың сөздердің шын сиқын тіпті Попов жолдас та айқын көрді, көргенде, орталық орындардың құрамы туралы мәселе жөнінде жеңілмей тұрып көрді!

* *
*

Советтің құрамы туралы мәселенің қорытындысы: «Қоршау жағдайында» Мартов жолдас менің «Редакцияға хатта» баяндағанымды қайшылығы бар, дұрыс емес деп дәлелдеуге тырысқанына қарамастан, съезд протоколдары мынаны айқын көрсетіп отыр: 1-параграфпен *салыстырғанда* бұл мәселе шынында *болмашы* нәрсе, ал біздерді «тек қана дерлік» партияның орталық мекемелерін құру туралы таласты демек болған «Біздің съезд» атты мақаланың («Искра», № 53) мәлімдеуі мән-жайды *толығынан бұрмалағандық* болды. Мақала авторы *1-параграф туралы таласқа тіпті соқпай өткендіктен де* бұл бұрмалаушылық тым сорақы болып тұр. Мұнан кейін, Советтің құрамы туралы мәселе жөнінде искрашылдардың белгілі бір жікке бөлінбегенін протоколдар растап отыр: атап дауысқа қою болған жоқ, Мартов Панинді қостамады, мен Половты қостадым, Егоров пен Гусев ерекше қалды, т. т. Ақырында, («Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» съезінде) мартовшылдардың антиискрашылдармен коалициясы нығая түсті деген менің соңғы пікірімді алсақ, *ол да расталып отыр,* мұның өзі қазір Мартов және Аксельрод жолдастардың бұл мәселеде де Акимов жолдасқа қарай бет бұрғандығынан жұрттың бәріне көрініп отыр.

л) УСТАВ ТУРАЛЫ ЖАРЫС СӨЗДІҢ АЯҚТАЛУЫ. ОРТАЛЫҚ ОРЫНДАРҒА КООПТАЦИЯ ЖАСАУ. «РАБОЧЕЕ ДЕЛО» ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ КЕТУІ

Устав туралы бұдан былайғы (съездің 26-мәжілісіндегі) жарыс сөздердің ішінен тек Орталық Комитеттің билігіне шек қою туралы мәселені ғана атап өтуге болады, бұл мәселе мартовшылдардың *қазір* әсіре централизмге шабуыл жасауының сипаты қандай екенін байқатады. Егоров және Попов жолдастар өздерінің кандидатурасына немесе өздері өткізбек болған кандидатураға қарамастан, централизмге шек қоюға күштірек сеніммен тырысты. Олар устав комиссиясының өзінде-ақ Советтің келісім беруі арқылы, оның үстіне ерекше атап айтылған реттерде (272-бет, 1-ескерту) Орталық Комитеттің жергілікті комитеттерді тарату жөніндегі правосына шек қоюға ұсыныс жасады. Устав комиссиясының үш мүшесі (Глебов, Мартов және мен) бұған қарсы болдық, ал съезде Мартов жолдас біздің пікірімізді жақтады (273-бет), Егоров пен Поповқа қарсы шығып: «Ұйымды тарату сияқты елеулі қадам жасауға бел байламастан бұрын, Орталық Комитет бұл мәселені онсыз да талқыға салады» деді. *Көріп отырсыздар,* Мартов жолдас централизмге қарсы әрекеттердің *қандайына болса да ол кезде* құлақ аспады, сөйтіп съезд Егоров пен Поповтың ұсынысын қабылдамады,— амал не, қанша дауыспен қабылдамағанын біз протоколдардан біле алмаймыз.

Партия съезінде Мартов жолдас сондай-ақ «ұйымдастырады (Орталық Комитет комитеттерді ұйымдастырады, т. т. партия уставының 6-параграфында) деген сөзді бекітеді деген сөзбен ауыстыруға қарсы» болды. Тек Лига съезінде ғана ашылған тамаша идеяға — бекіту «ұйымдастыру» ұғымына кірмейді деген идеяға әлі ойы жетпеген Мартов жолдас *ол кезде:* «ұйымдастыруға да право беру керек» деді.

Осы екі пункттен басқа, уставтың 5—11-параграфтарының жеке мәселелері жөніндегі мүлде ұсақ айтыстар (протоколдар, 273—276-беттер) көңіл бөлерліктей бола қояр ма екен. 12-параграф — жалпы алғанда, партия-

лық коллегиялардың бәріне, жеке алғанда, орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселе. Комиссия кооптация жасау үшін керек болатын беделді көпшілікті $^{2}/_{3}$-ден $^{4}/_{5}$-ке дейін жеткізуді ұсынды. Баяндамашы (Глебов) Орталық Комитетке *бірауыздан* кооптация жасауды ұсынды. Егоров жолдас *кедір-бұдыр* етудің қажеті жоқ деп танып, дәлелді veto болмаған жерде, жай көпшілікпен қабылдауды жақтады. Попов жолдас комиссиямен де, Егоров жолдаспен де келіспей, не жай көпшілікпен (veto правосынсыз) қабылдауды, не бірауыздан қабылдауды талап етті. Мартов жолдас комиссиямен де, Глебовпен де, Егоровпен де, Поповпен де келіспей, бірауыздан қабылдауға, $^{4}/_{5}$-ке қарсы болды ($^{2}/_{3}$-ні жақтады), *«өзара кооптациялауға», яғни Орталық Комитетке кооптациялауға Орталық Орган редакциясының наразылық жасау правосына және, керісінше, Орталық Орган редакциясына кооптациялауға Орталық Комитеттің наразылық жасау правосына* («кооптациялауды өзара бақылау правосына») қарсы шықты.

Оқушының көріп отырғанындай, жікке бөліну мейлінше ала-құла болды, сөйтіп әрбір делегаттың көзқарасындағы «бірауызды» өзгешеліктердің күллісі жөнінде дерлік алауыздық туды!

Мартов жолдас былай дейді: «Ұнамсыз адамдармен жұмыс істеу психология жағынан мүмкін емес екенін мен мойындаймын. Бірақ біздің ұйымның өмірге бейім және қабілетті болуының да біз үшін маңызы зор... Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясының кооптациялағанда өзара бақылау жасау правосы болуының керегі жоқ. Мен бұған қарсы болғанда, олар бірбірінің ісін білмейді деп ойлағандықтан қарсы болып отырған жоқпын. Жоқ, олай емес! Мәселен, Орталық Органның редакциясы, айталық, Надеждин мырзаны Орталық Комитетке алу-алмау туралы Орталық Комитетке жақсы кеңес бере алар еді. Мен қарсы болғанда, бір-бірін ашуландыратын былық туғызуды тілемегендіктен қарсы боламын».

Мен оған қарсы былай дедім: «Бұл жерде екі мәселе бар. Бірінші мәселе беделді көпшілік туралы, мұны

$^4/_5$-тен $^2/_3$-ге дейін кеміту керек деген ұсынысқа мен де қарсымын. Дәлелденген наразылықты енгізу пайдалы емес, бұған мен де қарсымын. Екінші мәселенің — Орталық Комитет пен Орталық Органның кооптацияны өзара бақылау правосы туралы мәселенің маңызы анағұрлым зор. Екі орталық орынның бір-бірімен келісіп отыруы — үйлесімді жұмыстың керекті шарты. Бұл арада мәселе екі орталық орынның ажырасуы туралы болып отыр. Кімде-кім жікке бөлінуді тілемесе, ол үйлесім болуын ойлауға тиіс. Жік туғызған адамдардың болғаны партия өмірінен мәлім. Бұл — принципті мәселе, маңызды мәселе, партияның келешектегі бүкіл тағдыры осыған байланысты болуы мүмкін» (276—277) *. Мартов жолдас ерекше зор мән беріп отырған менің сөзімнің съезде жазылған конспектісінің толық тексті, міне, осындай. Амал не, ол менің сөзіме елеулі мән бере отырып, оны барлық жарыс сөзбен және съездің сол кездегі бүкіл саяси жағдайымен байланыстыруға тырыспады.

Ең алдымен мынадай сұрақ туады: өзімнің алғашқы жобамда (қараңыз: 394-бет, § 11) ** мен не себепті $^2/_3$-мен қанағаттанып, орталық орындарға кооптациялауға өзара бақылау жасалуын талап етпедім? Менен кейін сөйлеген (277-бет) Троцкий жолдас бірден-ақ осы мәселені көтерді.

Бұл сұраққа менің Лига съезінде сөйлеген сөзім және Павлович жолдастың II съезд туралы хаты жауап береді. Лига съезінде мен: уставтың 1-параграфы «кемемізді қақ айырды», оған енді «қос құрсау» салу керек еді,— дедім. Мұның мәнісі, 1-ден, таза теориялық мәселеде Мартов оппортунист болып шықты және оның қатесін Либер мен Акимов *қорғады.* Мұның мәнісі, 2-ден, мартовшылдардың (яғни искрашылдардың болмашы азшылығының) антиискрашылдармен коалициясы орталық орындардың адам құрамын өткізгенде олардың *съезде көпшілік болуына* мүмкіндік берді. Ал мен үйлесім керек екенін атап көрсете отырып және *«жік туғызып келген адамдардан» сақтандыра отырып*, бұл жер-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 320-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 283-бет. *Ред.*

де нақ сол орталық орындардың *адам құрамы* туралы айттым. Бұл сақтандырудың шынында аса зор принциптік маңызы болды, өйткені «Искра» ұйымы (сөз жоқ, орталық орындардың адам құрамы туралы мәселеге неғұрлым жетігірек, іс жүзінде күллі жұмыспен және барлық кандидаттармен неғұрлым жақын таныс болғандықтан), «Искра» ұйымы сол кездің өзінде-ақ бұл мәселе жөнінде өзінің кеңесші пікірін білдіріп, өзі қауіптенген кандидатуралар жөнінде бізге мәлім шешімді қабылдаған еді. Бұл күрделі мәселеде «Искра» ұйымының моральдық жағынан да, істің мәні жөнінде де (яғни шешім шығарушының іске жетіктігі жөнінде) шешуші маңызы болуға тиіс еді. Бірақ «Искра» ұйымының көпшілігіне *қарсы* шығып, Либерлер мен Акимовтарға шағым етуіне, *формальды жағынан алғанда,* Мартов жолдастың, әлбетте, толық правосы болды. Ал Акимов жолдас өзінің 1-параграф туралы тамаша сөзінде: искрашылдар арасында олардың ортақ, искралық мақсатына жету әдістері туралы алауыздық барлығын көрген кезде, мен біле тұра және әдейі *ең жаман әдісті жақтап дауыс беремін,* өйткені менің, Акимовтың, мақсаттарым искрашылдардың мақсаттарына тікелей қарама-қарсы — деп өте анық айтты және тауып айтты. Сонымен, тіпті Мартов жолдастың еркі мен санасынан тыс Либерлер мен Акимовтардың *орталық орындардың дәл жаман құрамын* қолдайтынына *ешбір күмән болуы* мүмкін емес еді. Олар «жік туғызып келген адамдардың» болуын қамтамасыз ете алатын тізімге, дәл сондай тізімге *дауыс бере алады,* дауыс беруге тиіс те (олардың сөздеріне емес, олардың *істеріне,* олардың 1-параграфқа дауыс беруіне қарағанда), нақ сол «жік туғызу» *үшін* дауыс беруге тиіс. Мұндай жағдайда партияның келешектегі бүкіл тағдыры байланысты болуы мүмкін принциптік маңызды мәселе (екі орталық орынның үйлесімі) жөнінде менің сөз сөйлегеніме таңдануға бола ма?

Орталық орындардың құрамы туралы «Искра» ұйымының ішіндегі дауды Либерлер мен Акимовтардың шешуі формальды жағынан дұрыс болса да, мүмкін болатын нәтижелердің *ең нашарын* қамтамасыз ететі-

ніне искралық идеялармен, жоспарлармен және қозғалыс тарихымен азды-көпті таныс, бұл идеяларды азды-көпті шын ниетімен қостайтын бірде-бір социал-демократ бір сәтке де күмән келтіре алмады. Мүмкін болатын осы ең жаман нәтижелерге қарсы міндетті түрде *күрес жүргізу* керек болды.

Қалай күресу керек?— деген сұрақ туады. Біз, әрине, бұлан-талан болу және жанжалдасу арқылы емес, *әбден орынды әрі толық заңды* құралдар арқылы күрестік: азшылық (1-параграф жөнінде азшылық болғанымыз сияқты) екенімізді сезгендіктен, *біз азшылықтың праволарын қорғау туралы съезге өтініш ете бастадық.* Мүшелер алу тәртібінің өте қатаң болуын да ($^2/_3$ орнына $^4/_5$), кооптация жасағанда бірауыздылық болуын да, орталық орындарға кооптация жасағанда өзара бақылау болуын да,— осының бәрін біз *орталық орындардың адам құрамы туралы мәселе жөнінде азшылық болып қалғанда* қорғай бастадық. Ивандар мен Петрлер бұл фактіні ылғи елемейді, олар съезге баға бергенде, *барлық* протоколдарды және мүдделі адамдардың барлық «жауаптарын» зер салып зерттемей, өзара шүйіркелескен бір-екі әңгімеден кейін, атүсті баға беруге тым әуес. Бұл протоколдар мен жауаптарды шын ниетімен зерттегісі келген әрбір адам мен атап көрсеткен мына фактіге соқпай қоймайды: *съездің осы кезеңінде* таластың *түп тамыры* дәл осы орталық орындардың адам құрамы туралы мәселеде жатыр және біз бақылау шарттары қатаңырақ болуын талап еткенде, дәл азшылық болғандығымыздан, Либерлер мен Акимовтардың алақайлап, қуана-қуана қатысуымен, Мартов қақ айырған «кемеге қос құрсау салғымыз» келгендіктен талап еттік.

«Егер істің жайы бұлай болмаса,— дейді съездің бұл кезеңі туралы Павлович жолдас,— онда кооптация жасағанда дауыстың бірауызды болуы туралы пунктті ұсына отырып, біз қарсыластарымыздың қамын ойлаған болып шығамыз, өйткені белгілі бір мекемеде басым болып отырған партия үшін бірауыздылықтың қажет емес екені былай тұрсын, тіпті тиімсіз де» («II съезд туралы хаттың» 14-беті). Бірақ қазіргі уақытта жұрт оқиғалардың хронологиясын жиі-жиі ұмыта береді, *съез-*

дің тұтас бір кезеңінде қазіргі азшылықтың көпшілік болғанын (Либерлер мен Акимовтардың қатысуы арқасында) және орталық орындарға кооптация жасау туралы таластың дәл осы кезеңге жататынын, бұл талас орталық орындардың адам құрамы жөнінде «Искра» ұйымында болған келіспеушіліктен туғанын ұмыта береді. Бұл жағдайды ұққан адам біздің айтыстың неге қызу болғанын да түсінеді, қайдағы бір ұсақ, жеке мәселелер жөніндегі алауыздықтан нағыз маңызды, принциптік мәселелердің тууы қайшылық *сияқты* болып көрінгеніне ол таңданбайды.

Сол мәжілісте (277-бет) сөз сөйлеген Дейч жолдас: «Бұл ұсыныстың осы кезеңге арналғаны күмәнсыз» деп мәлімдегенде бірсыдырғы дұрыс айтты. Шынында да, тек *осы кезеңнің* күллі қиындығын түсінгенде ғана, таластың шын мәнін түсінуге болады. Сондықтан мынаны ескерудің аса зор маңызы бар: *біз* азшылық болған кезімізде азшылықтың праволарын Европаның кез келген социал-демократы заңды және орынды деп танитын *әдістермен* қорғадық: атап айтқанда, орталық орындардың адам құрамына қатаңырақ бақылау жасалуын съезден өтіндік. Сол съезде, бірақ басқа бір мәжілісте Егоров жолдас та бірсыдырғы дұрыс айтып, былай деді: «Айтыстарда принциптерге сүйену туралы тағы да естіп отырғаныма мен өте таңданамын»... (Ол бұл сөзді Орталық Комитет сайлауы жөнінде, съездің 31-мәжілісінде, яғни, қателеспесем, бейсенбі күні таңертең айтты, ал қазір сөз болып отырған 26-мәжіліс дүйсенбі күні кешке болды)... «Соңғы күндердегі айтыстардың бәрі мәселені белгілі бір принциптік түрде қою жөнінде болмай, тек белгілі бір адамның орталық мекемелерге өтуін қамтамасыз ету немесе оның өтуіне бөгет жасау төңірегінде ғана болғаны жұрттың бәріне айқын болса керек. Бұл съезде принциптердің әлдеқашаннан-ақ жоғалғанын мойындап, әр нәрсені өзінің шын атымен атайық. (Ж ұ р т т ы ң б ә р і к ү л е д і. М у р а в ь е в: «Мартов жолдастың езу тартқанын протоколға жазып қоюды өтінемін.)» (337-бет.) Егоров жолдастың шынында кісі күлерлік шағымына Мартов жолдастың да, бәріміздің де сақылдап күлгенімізге таң-

дануға болмайды. Иә, *«соңғы күндері»* орталық орындардың адам құрамы туралы мәселенің *төңірегінде* тым көп әңгіме болды. Бұл рас. Бұл шынында да съезде *жұрттың бәріне айқын* болды (бұл айқын жағдайды азшылық тек *енді* ғана *бүркемелеуге* тырысып отыр). Ақырында, әр нәрсені өзінің шын атымен атау керек екені де рас. Бірақ, құдай ақына, *бұл арада* «принциптердің жоғалуы» жөнінде сөз қылудың қандай орны бар еді?? Біз съезге жиналғанда *алғашқы күндері* программа, тактика, устав туралы сөйлесіп, тиісті мәселелерді біржолата шешу *үшін* (қараңыз: съездің күн тәртібі, 10-бет) және *соңғы күндері* (күн тәртібінің 18—19-пункттері) орталық орындардың адам құрамы туралы сөйлесіп, *бұл* мәселелерді біржолата шешу *үшін* жиналдық. Егер жұрт дирижер таяқшасы үшін күреске съездердің *соңғы күндерін* пайдаланып отырса, бұл табиғи және мейлінше заңды нәрсе. (Егер жұрт дирижер таяқшасы үшін *съездерден кейін* жүз шайысса, онда бұл — ұрыс-керістің нақ өзі.) Егер кімде-кім орталық орындардың адам құрамы туралы мәселе жөнінде *съезде* жеңіліп қалса (Егоров жолдас сияқты), онда *бұдан кейін* «принциптердің жоғалуы» туралы сөз қылу *кісінің күлкісін келтіреді.* Сондықтан да Егоров жолдасқа жұрттың бәрінің күлуі түсінікті. Бұл күлкіге Мартов жолдастың қатысқанын протоколға жазып қоюды Муравьев жолдастың не себепті сұрағаны да түсінікті: *Мартов жолдас Егоров жолдасқа күлемін деп, өзіне-өзі күлді...*

Муравьев жолдастың сықағына мынадай фактіні қосу, мүмкін, орынсыз да болмас. *Съезден кейін* Мартов жолдастың: нақ сол орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселе біздің ажырасуымызда ең басты роль атқарды, «ескі редакцияның көпшілігі» орталық орындарға кооптация жасау жөніндегі өзара бақылауға мейлінше қарсы болды деп, жұрттың бәрін сендіруге тырысқаны мәлім. *Съезден бұрын* екі үштікті сайлау және $^2/_3$ көпшілікпен өзара кооптациялау жөніндегі менің жобамды қабылдап, Мартов жолдас *бұл туралы маған былай деп жазды: «Өзара кооптациялаудың мұндай формасын қабылдай отырып,* съезден кейін әр колле-

гияның біршама басқарақ негізде толықтырылатынын атап көрсету керек (*мен мынадай кеңес берер едім:* әр коллегия өзінің ойын екінші коллегияға білдіре отырып, жаңа мүшелерді кооптациялайды: *екінші коллегия бұған қарсылық көрсете алады, онда дауды Совет шешеді*. Істің былықпауы үшін бұл тәртіп *күні бұрын белгіленген кандидаттар жөнінде, ең болмағанда Орталық Комитет үшін* қолданылады, бұл кандидаттар есебінен толықтыру ісін тезірек жүргізуге болады). Мұнан кейінгі кооптация партия уставында белгіленген тәртіп бойынша жасалатынын көрсету үшін, 22-параграфқа *: «... және алынған шешімдерді бекітетін» деп қосу керек» (курсив менікі).

Мұны түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

Орталық орындарға кооптация жасау туралы талас болған кезеңнің маңызын түсіндіргенде, біз бұған қатысы бар *дауысқа қоюларға* біраз тоқталып отуіміз керек — *жарыс сөздерге* тоқталуға тура келмейді, өйткені мен жоғарыда келтірген Мартов жолдастың сөзі мен менің сөзімнен кейін тек қысқаша репликалар ғана болды, бұл репликаларға қатысқан делегаттар өте аз (протоколдардың 277—280-беттерін қараңыз). Дауысқа қоюлар жөнінде Лига съезінде Мартов жолдастың пайымдауынша, мен «устав төңірегінде болған күресті»... (Мартов жолдас абайламай үлкен шындықты айтып салды: 1-параграфтан кейін дәл осы уставтың *төңірегінде* қызу айтыс болды)... «Бундпен коалиция жасаған мартовшылдарға қарсы «Искраның» күресі деп көрсетіп» өзімнің баяндауымда «аса зор бұрмалаушылық» жасаппын (Лига протоколдары, 60-бет).

«Аса зор бұрмалаушылық» туралы осы қызық мәселені құнттап қарайық. Мартов жолдас Советтің құра-

---

* Съездің Tagesordnung-іне арналған менің алғашқы жобам және оның барлық делегаттарға мәлім түсіндірмесі туралы сөз болып отыр. Бұл жобаның 22-параграфында атап айтқанда Орталық Орган мен Орталық Комитетке екі үштік сайлау туралы, бұл алтылықтың $^{2}/_{3}$ көпшілікпен «өзара кооптация жасауы» туралы, бұл өзара кооптацияны съездің бекітуі туралы және Орталық Орган мен Орталық Комитетке олардың өз беттерімен одан әрі кооптация жасауы туралы айтылды.

мы туралы мәселені дауысқа қою мен кооптация туралы мәселені дауысқа қоюды қосып жіберіп, *сегіз рет* дауысқа қоюды мысалға келтіріп отыр: 1) Советке Орталық Орган мен Орталық Комитеттің әрқайсысынан екі өкілден сайлау — жақтағандар 27 (М), қарсы болғандар — 16 (Л), қалыс қалғандар — 7 *. (Жақша ішінде айта кетелік, протоколдардың 270-бетінде қалыс қалғандардың саны 8 деп көрсетіліпті, бірақ бұл ұсақ мәселе.) — 2) съезде Советтің бесінші мүшесін сайлау — жақтағандар 23 (Л), қарсы болғандар 18 (М), қалыс қалғандар 7.— 3) Советтің шығып қалған мүшелері орнына Советтің өзінде жаңа мүшелер алу — қарсы болғандар 23(М), жақтағандар 16(Л), қалыс қалғандар 12.— 4) Орталық Комитетте бірауыздылық болуы — жақтағандар 25 (Л), қарсы болғандар 19 (М), қалыс қалғандар 7.— 5) мүшені қабылдамау үшін дәлелденген *бір* қарсылық болуын талап ету — жақтағандар 21 (Л), қарсы болғандар 19(М), қалыс қалғандар 11.— 6) Орталық Органға кооптация жасағанда бірауызды болу — жақтағандар 23(Л), қарсы болғандар 21 (М), қалыс қалғандар 7.—7) жаңа мүшені қабылдамау туралы Орталық Орган мен Орталық Комитеттің шешімін Советтің бұзуға правосы болуы жөніндегі мәселені дауысқа салудың керектігі — жақтағандар 25 (М), қарсы болғандар 19 (Л), қалыс қалғандар 7.— 8) бұл туралы ұсыныстың өзі — жақтағандар 24 (М), қарсы болғандар 23 (Л), қалыс қалғандар 4. Мартов жолдас былай деп қорытынды жасайды (Лига протоколдарының 61-беті): *«Бұл арада Бундтың бір делегаты ұсынысты жақтап дауыс беріп, басқаларының қалыс қалғаны анық».* (Курсив менікі.)

Мынадай сұрақ туады: атап дауысқа қою болмаған кезде Мартов жолдас бір бундшылдың *өзіне, Мартовқа,* дауыс бергені *анық* деп не себепті есептейді?

Себебі — ол *дауыс бергендердің санын* есепке алады да, бұл сан Бундтың дауыс беруге *қатысқанын* көрсетсе, онда ол, Мартов жолдас, *бұл қатысу* оның, Мартовтың, пайдасына болғанына шүбәланбайды.

---

* Жақшаның ішіндегі М және Л әріптері менің (Л) қай жақта болғанымды және Мартовтың (М) қай жақта болғанын көрсетеді.

Бұл жердегі менің тарапымнан болған «аса зор бұрмалаушылық» қайда?

Барлық дауыс саны — 51, ал бундшылдардың даусын қоспағанда — 46, рабоче-делошылдардың даусын қоспағанда — 43. Мартов жолдас келтірген сегіз рет дауысқа қоюдың *жетеуіне* 43, 41, 39, 44, 40, 44 және 44 делегат қатысты, *біреуіне* 47 делегат (дәлірек айтқанда, дауыс) қатысты, мұнда да оны бір бундшылдың қолдағанын Мартов жолдастың өзі мойындап отыр. Сонымен, Мартов суреттеген (және кем суреттеген, мұны қазір көреміз) мән-жай *тек қана күрестің мен көрсеткен сипатын растап, толықтыра түсетін* болып шықты! Өте көп ретте қалыс қалғандардың саны *тым көп* болып шықты: нақ *осының өзі* белгілі бір *жеке* мәселелерге бүкіл съездің *біршама* аз көңіл бөлгенін, бұл мәселелер жөнінде искрашылдардың толық қалыптасқан тобының болмағанын көрсетеді. Мартовтың: бундшылдар «өздерінің қалыс қалуымен Ленинге жәрдемдесіп отыр» (Лига протоколдары, 62-бет) деген сөздері *нақ Мартовтың өзіне қарсы дәлел болып отыр:* олай болса, мен кейде *тек* бундшылдар жоқ болғанда немесе олар қалыс қалғанда *ғана* жеңіске жетемін деп есептеген екенмін. Бірақ бундшылдар күреске араласуға *тұрарлық деп есептеген* реттердің қайсысында болса да, олар Мартов жолдасты қолдады, ал мұндай араласу *тек* жоғарыда көрсетілген 47 делегат қатысқан ретте *ғана* болып қойған жоқ. Съезд протоколдарымен танысқысы келген адам Мартов жолдастың мән-жайды *өте таңданарлық түрде кем* суреттегенін көреді. Бунд дауыс беруге *қатысқан тағы да бір үш ретті* Мартов жолдас *тіпті тастап кетіп отыр, бұл реттердің бәрінде де* Мартов жолдас, *әлбетте,* жеңіп шыққан. Бұл реттер мыналар: 1) Беделді көпшілікті $^4/_5$-тен $^2/_3$-ге кеміткен Фомин жолдастың түзетуі қабылданады. Жақтаушылар 27, қарсылар 21 болды (278-бет), демек, 48 дауыс қатысқан. 2) Өзара кооптацияны жою туралы Мартов жолдастың ұсынысы қабылданды. Жақтаушылар 26, қарсылар 24 болды (279-бет), демек, дауыс беруге 50 дауыс қатысқан. Ақырында, 3) Орталық Орган мен Орталық Комитетке кооптация жасағанда, мұны тек Советтің барлық

мүшелерінің ризалығымен ғана істеуге болатындығы туралы менің ұсынысым қабылданбады (280-бет). Қарсылар 27, жақтаушылар 22 болды (тіпті атап дауысқа қою да болды, ол, амал не, протоколдарда сақталмаған), демек, дауыс берушілердің саны 49 болған.

Қорытынды мынау: орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселелер жөнінде бундшылдар *тек төрт рет қана дауыс беруге* қатысты (жаңа мен келтірген *үш ретте* 48, 50 және 49 адам қатысты. Мартов жолдас келтірген *бір ретте* 47 адам қатысты). *Осы дауыс берулердің бәрінде де* Мартов жолдас жеңіп шықты. *Менің баяндауым барлық пункттерде:* Бундпен жасалған коалицияны көрсетуде де, мәселелердің біршама ұсақтық сипатын атап айтуда да (толып жатқан реттерде қалыс қалушылардың көп болуы), искрашылдардың белгілі бір тобының болмағанын көрсетуде де (атап дауысқа қоюдың болмауы; жарыс сөзде сөйлегендердің өте аз болуы) *дұрыс болып шықты.*

Менің баяндауымнан қайшылық таппақ болып, Мартов жолдастың шабуыл жасауы жарамсыз құралдармен шабуыл жасағандық болып шықты, өйткені Мартов жолдас істің мән-жайын толық көрсетуге тырыспай, тек жеке сөздерді ғана жырып алды.

Уставтың шетелдік ұйым туралы мәселеге арналған соңғы параграфы съездегі жіктерді тамаша сипаттаған жарыс сөздер мен дауысқа қоюларды тағы да туғызды. Әңгіме Лиганы партияның шетелдік ұйымы деп тану туралы болды. Акимов жолдас бірінші съезд бекіткен шетелдік Одақты еске салып, мәселенің принциптік маңызын көрсете келіп, әлбетте, дереу қарсы шықты. «Ең алдымен,— деді ол,— бұл мәселенің не олай , не бұлай шешілуіне ерекше практикалық мән бермейтінімді ескертіп өтемін. Осы уақытқа дейін партиямызда жүргізіліп келген идеялық күрестің аяқталмағаны күмәнсыз; бірақ бұл күрес басқа негізде және күштердің басқаша топтасуы жағдайында одан әрі жүргізіле береді... Уставтың 13-параграфына біздің съезді партиялық съезден фракциялық съезге айналдыру тенденциясы тағы

бір рет және өте қатты әсер етті. Партия ұйымдарының бәрін біріктіріп, партия бірлігін сақтау үшін Россиядағы барлық социал-демократтарды партия съезінің шешімдеріне бағындыру орнына, азшылық ұйымын жою, азшылықты көзден ғайып болуға көндіру жөнінде съезге ұсыныс жасалып отыр» (281). Оқушының көріп отырғанындай, Мартов жолдас орталық орындардың құрамы туралы мәселеде жеңілгеннен кейін, оған «сабақтастық» қандай қымбат болса, Акимов жолдасқа да сондай қымбат болды. Бірақ өздерін бір түрлі өлшеммен, басқаларды екінші түрлі өлшеммен бағдарлайтын адамдар съезде Акимов жолдасқа қарсы өре түрегелді. Программаның қабылданғанына, «Искраның» танылғанына және уставтың түгелінен дерлік қабылданғанына қарамастан, «принцип жүзінде» Лиганы Одақтан бөлектеген нақ сол «принцип» алға қойылды. Мартов жолдас былай деді: «Егер Акимов жолдас мәселені принциптік негізге қойғысы келсе, біздің ешбір қарсылығымыз жоқ; әсіресе Акимов жолдас екі ағымға қарсы күресте мүмкін болатын айла-тәсілдерді айтқандықтан да қарсылығымыз жоқ. *Бір бағыттың жеңісін мақұлдағанда* (бұл сөздер съездің 27-мәжілісінде айтылып отырғанын байқап қойыңыз!), «Искрамен» тағы бір рет қоштасу мағынасында мақұлдамай, *Акимов жолдас айтқан мүмкін болатын айла-тәсілдердің қандайымен болса да біржолата қош айтысу* мағынасында мақұлдау керек» (282. Курсив менікі).

Істің мән-жайы мынадай: съездегі барлық программалық даулар аяқталғаннан *кейін*, Мартов жолдас орталық орындардың құрамы туралы мәселеде жеңілгенге дейін... мүмкін болатын айла-тәсілдердің қандайымен болса да одан әрі *біржолата қоштасумен* болды! Мартов жолдас съезде *мүмкін болатын* «айла-тәсілмен» «біржолата қоштасып», *съезден кейін екінші күні* сол «айла-тәсілді» еміп-еркін жүзеге асырды. Бірақ Акимов жолдас *сол кездің өзінде-ақ* Мартов жолдастан анағұрлым көреген болды; Акимов жолдас «бірінші съездің ырқымен комитет деп аталған ескі партия ұйымының» бес жылдық жұмысын тілге тиек етті, сөйтін сөзін *сәуегейлік* улы мысқылмен аяқтады: «Біздің партиямызда

өзге ағымның тууына менің үміт артқанымды құр әуре деп тапқан Мартов жолдастың пікіріне келсек, онда мен: *тіпті оның өзі де мені үміттендіреді* деуге тиіспін» (283-бет. Курсив менікі).

Иә, мойындау керек, Мартов жолдас Акимов жолдастың үмітін тамаша ақтады!

Үш жыл бойына жұмыс істеген болып есептелген ескі партия коллегиясының «сабақтастығы» бұзылғаннан кейін, Акимов жолдастың айтқаны дұрыс екеніне көзі жетіп, Мартов жолдас оның соңынан ерді. Акимов жолдастың жеңісі оған қымбатқа түскен жоқ.

Бірақ съезде Акимов жолдасты тек Мартынов, Брукэр жолдастар мен бундшылдар ғана (8 дауыс) жақтады және дәйекті түрде жақтады. «Центрдің» нағыз көсемі ретінде, Егоров жолдас дәл жуан ортаны ұстады: байқайсыз ба, ол искрашылдарды жақтайды екен, оларға «тілектес» екен (282-бет) және сол тілектестігін сөз болып отырған принциптік мәселеге мүлде соқпай өту, Лига туралы да, Одақ туралы да *үндемеу* жөнінде *ұсыныс жасау* арқылы (283-бет) *дәлелдейді* екен. 15 дауыс жақтап, 27 дауыс қарсы болып, ұсыныс қабылданбады. Анығында, антиискрашылдардан (8) басқа, «центр» түгел дерлік (10) Егоров жолдаспен бірге дауыс берген (дауыс бергендердің ұзын саны 42, олай болса, бірсыпыра адам қалыс қалған немесе мәжілісте *болмаған*, өйткені қызығы жоқ және нәтижесінің қандай *болатыны күмәнсыз* мәселелер дауысқа қойылғанда көбінесе осылай болып жүрді). *Искралық принциптерді жүзеге асыру* туралы *әңгіме көтерілсе-ақ* болғаны, «центрдің» «тілектестігі» тек *сөз жүзінде* ғана болып шыға келеді, сөйтіп бізді жақтайтын дауыстар отыздан көп емес немесе отыздан аз-ақ астам. Русовтың ұсынысы жөнінде (Лиганы шетелдік *бірден-бір* ұйым деп тану туралы) болған айтыстар мен дауысқа қоюлар мұны одан да айқын көрсетіп отыр. Антиискрашылдар мен «батпақ» енді тура *принциптік* көзқарасқа түсе бастады, соның өзінде бұл көзқарасты Либер және Егоров жолдастар қолдады, олар Русов жолдастың ұсынысын дауысқа қоюға болмайтын, заңға сыймайтын ұсыныс деп жариялады: «Бұл ұсыныс басқа да шетелдік ұйым-

дарды түгел құртады» деді (Егоров). Сөйтіп, «ұйымдарды құртуға» қатысқысы келмеген шешен, дауыс беруден бас тартқанымен қоймай, тіпті залдан шығып кетті. Бірақ, әділін айту керек, «центр» лидерінің нанымы (өзінің қате принциптеріне нанымы) мен саяси ерлігі, Мартов жолдас пен К^0-ге қарағанда, он есе артық болды, ол «құртылғалы отырған» ұйымды қорғағанда, ашық күресте жеңіліп қалған *өз үйірмесі туралы сөз болған кезде ғана емес,* басқа уақытта да қорғады.

Русов жолдастың ұсынысы — 15 дауысқа қарсы 27 дауыспен — дауысқа қоюға болады деп танылды, одан кейін бұл ұсыныс 17 дауысқа қарсы 25 дауыспен қабылданды. Бұл 17 дауысқа мәжілісте болмаған Егоров жолдасты қоссақ, *антиискрашылдар мен «центрдің» толық комплекті (18)* шыға келеді.

Уставтың шетелдік ұйым туралы бүкіл 13-параграфы 12 дауысқа қарсы *31 дауыспен* ғана қабылданды, алты дауыс қалыс қалды. Съездегі искрашылдардың, яғни «Искраның» көзқарастарын дәйекті түрде қорғаушы және *іс жүзіне* асырушы адамдардың, шамамен қанша екенін көрсететін бұл санды, 31-ді съездегі дауыс берулерге жасалған талдаудан қазірдің өзінде кемінде *алтыншы рет* кездестіріп отырмыз (Бунд туралы мәселенің қай орынға қойылуы, Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал, «Южный рабочий» тобын тарату және аграрлық программа туралы мәселені екі рет дауысқа қою). Ал Мартов жолдас шынымен бізді: искрашылдардың мұндай «шағын» тобын бөліп көрсетуге ешқандай негіз жоқ, деп сендіргісі келеді.

Уставтың 13-параграфын қабылдау Акимов және Мартынов жолдастардың «дауыс беруге қатысудан бас тарту» туралы (288-бет) мәлімдемесі жөнінде өте ерекше жарыс сөз туғызғанын да айтпай кетуге болмайды. Съезд бюросы бұл мәлімдемені талқылап, Одақтың тікелей жабылуы да Одақ делегаттарына съезд жұмысына қатысудан бас тартуға ешқандай право бермес еді деп тапты және мұның өзі өте орынды болды. Бюромен бірге бүкіл съезд, оның ішінде 28-мәжілісте өздері *қатты айыптаған ісін 31-мәжілісте өздері істеген* азшылық искрашылдар да: дауыс беруден бас тарту — мүлде те-

ріс және жол беруге болмайтын іс деген көзқарасты жақтады! Мартынов жолдас өз мәлімдемесін (291-бет) қорғай бастағанда, Павлович те, Троцкий де, Карский де, Мартов та оған қарсы шықты. Мартов жолдас наразы азшылықтың міндеттерін ерекше айқын ұғынды (өзі азшылықта қалғанға дейін!) және олар жөнінде ерекше уағыз айтып, тілін безеді. Акимов және Мартынов жолдастарға арнап ол былай лепірді: «Егер сіздер съездің мүшелері болсаңыздар, онда съездің *барлық* жұмыстарына қатысуға *тиіссіздер»* (курсив менікі; азшылықтың көпшілікке бағынуындағы формализм мен бюрократизмді Мартов жолдас ол кезде әлі байқамаған екен!), «егер сіздер мүше болмасаңыздар, онда мәжілісте қала алмайсыздар... Одақ делегаттары өздерінің мәлімдемесімен мені мынадай екі сұрақ қоюға мәжбүр етіп отыр: олар партия мүшелері ме және олар съезд мүшелері ме?» (292-бет).

Мартов жолдас Акимов жолдасты партия мүшелерінің міндеттерін орындауға үйретеді! Бірақ Мартов жолдасқа аздап үміт артатынын Акимов жолдас тегін айтпаған болар... Оның бұл үміті жүзеге асуға тиіс те еді, бірақ сайлауда Мартов жеңілгеннен *кейін* ғана жүзеге асты. Әңгіме өзі туралы емес, басқалар туралы болғанда, Мартов жолдас «ерекше заң» деген *алғаш рет Мартынов жолдастың аузынан шыққан* (егер қателеспесем) сұрапыл сөзге тіпті құлақ аспады. Мәлімдемеңді қайтып ал деп үгіттегендерге Мартов жолдас былай деп жауап береді: «Шешім принципттік шешім бе еді, әлде бұл Одаққа қарсы қолданылған *ерекше шара* ма еді,— бізге берілген түсініктер мұны анықтаған жоқ. Олай болса, біз Одақ жәбірленді деп есептейміз. Біз сияқты, Егоров жолдас та мұны Одаққа қарсы *ерекше заң* (курсив менікі) деп білді, сондықтан да ол тіпті мәжіліс залынан шығып кетті» (295). Мартов жолдас та, Троцкий жолдас та Плехановпен бірігіп, съездің дауысқа қоюын *жәбірлегендік* деп түсінген қисынсыз, *шын мәнінде қисынсыз* идеяға батыл қарсы шықты, сондықтан Троцкий жолдас өзінің ұсынысы бойынша съезд қабылдаған қарарды (Акимов және Мартынов жолдастар өздерін толық қанағаттандық деп есептей алады деген қарарды) қор-

ғай келіп, «қарардың тоғышарлық емес, принциптік сипаты бар, ал *бұған біреудің ренжігенінде біздің жұмысымыз жоқ»* деп сендірді (296-бет). Алайда, біздің партияда үйірмешілдік пен тоғышарлықтың әлі де өте күшті екені көп ұзамай-ақ көрінді, сөйтіп мен астын сызған лепірме сөздер құр мылжың болып қала берді.

Акимов және Мартынов жолдастар өздерінің мәлімдемесін қайтып алудан бас тартып, съезден кетіп қалды, делегаттар оларға: «бұларың мүлде орынсыз!» деп қосыла дауыстады.

м) САЙЛАУ. СЪЕЗДІҢ СОҢЫ

Уставты қабылдағаннан кейін съезд аудандық ұйымдар туралы қарар, партияның жеке ұйымдары туралы бірсыпыра қарарлар қабылдады және «Южный рабочий» тобы туралы жоғарыда мен талдаған өте ғибратты жарыс сөзден кейін, партияның орталық мекемелерін сайлау туралы мәселеге көшті.

Бүкіл съезд беделді ұсыныс жасайды деп күткен «Искра» ұйымының бұл мәселе жөнінде жікке бөлінгенін біз бұрыннан білеміз, өйткені ұйымның *азшылығы* съезде *көпшілікті* өзіне қарата алатынын немесе қарата алмайтынын ашық және еркін күресте сынағысы келді. Сол сияқты біз мынаны да білеміз: Орталық Орган мен Орталық Комитетке екі үштік сайлау жолымен редакцияны *жаңарту* жоспары съезден көп бұрын және съездің өзінде барлық делегаттарға белгілі болды. Съездегі жарыс сөздерді ұғыну үшін осы жоспарға толығырақ тоқталып көрейік.

Съезд Tagesordnung-інің жобасына арналған және сол жоспарды баяндаған менің түсіндірмемнің дәлме-дәл тексті мынау *: «Съезд Орталық Органның редакциясына үш адам және Орталық Комитетке үш адам сайлайды. Бұл алты адам *бірігіп* 2/3 көпшілікпен, керек болған уақытта, Орталық Органның редакциясын және Орталық Комитеттің құрамын кооптация жасау жолымен толықтырады және съезге тиісті баяндама жасайды.

* Менің ««Искра» редакциясына хатымның» 5-бетін және Лига протоколдарының 53-бетін қараңыз.

Бұл баяндаманы съезд бекіткеннен кейін, одан арғы кооптацияны Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитет жеке-жеке жүргізеді».

Бұл текстен жоспар екіұшты мағына бермейтіндей болып мейлінше айқын көрініп тұр: бұл жоспар бойынша, редакция тактикалық жұмыста болған ең ықпалды басшылардың *қатысуымен жаңартылады.* Жоғарыда келтірілген тексті аз да болса зер салып оқып шыққан әр адамға бұл жоспардың мен айтқан екі сипатының екеуі де бірден байқалады. Бірақ қазіргі уақытта тіпті баршаға аян нәрселердің өзін түсіндіріп жатуға тура келеді. Жоспар редакцияны нақ сол *жаңалауды,* оның мүшелерінің санын міндетті түрде көбейтуді және міндетті түрде азайтуды емес, нақ сол жаңалауды көздейді, өйткені мүмкін болатын көбейту немесе азайту туралы мәселе *ашық* қалдырылған: кооптация тек *қажет болғанда* ғана қолданылады. Бұл жаңалау туралы мәселе жөнінде әр түрлі адамдардың айтқан ұйғарымдары ішінде редакция мүшелерінің санын азайтуға болады және жетіге дейін (мен өз басым жетілікті қашанда алтылықтан анағұрлым қолайлы деп есептедім), тіпті он бірге дейін (мен мұны жалпы социал-демократиялық ұйымдардың бәрімен, әсіресе Бундпен және Польша социал-демократиясымен тату бірікгенде мүмкін болады деп есептедім) көбейтуге болады деген жоспарлар да бар еді. Бірақ «үштік» туралы айтушы адамдар әдетте ең басты нәрсені — *Орталық Органға одан әрі кооптация жасау мәселесін шешуге Орталық Комитет мүшелерінің қатысуын талап етуді* ескермейді. Ұйымның барлық мүшелері мен съездің «азшылықтан» келген делегаттары ішінде бұл жоспарды білгендерден және мақұлдағандардан (не өздерінің ризалығын арнайы білдіруі арқылы, не үндемеуі арқылы мақұлдағандардан (бірде-бір жолдас бұл талаптың маңызын түсіндіруге тырысқан жоқ. Біріншіден, редакцияны жаңалау негізіне дәл осы үштік, тек қана үштік неліктен алынды? Анығында, егер *тек қана,* немесе, ең болмағанда, негізінен коллегияны *кеңейту* көзделген болса, егер бұл коллегия шынында «үйлесімді» деп табылса, мұның өзі *мүлде мағынасыз* болар еді. «Үйлесімді» коллегияны

кеңейту үшін осы коллегия түгел *негізге* алынбай, оның тек *бір бөлегі* ғана негізге алынса, бұл таңданарлық болар еді. Анығында, коллегия құрамын жаңалау туралы, редакторлық ескі үйірмені *партиялық мекемеге* айналдыру туралы мәселені талқылап, *шешу* үшін коллегия мүшелерінің *бәрі бірдей* әбден жарамды деп танылмаған ғой. Анығында, кеңейту түрінде жаңалауды тілеген адамның өзі де ескі құрамды үйлесімсіз, партиялық мекеменің мұратына сай емес деп таныған ғой, әйтпесе алтылықты кеңейту үшін *әуелі* оны *үштікке* дейін кемітудің қажеті болмас еді. Қайталап айтамын: бұл өзіненөзі түсінікті, сондықтан тек «жеке адамдардың» араластырылуы арқылы мәселенің уақытша былығуы ғана мұны ұмыттыра алды.

Екіншіден, жоғарыда келтірілген текстен мынаны көруге болады: үштікті кеңейту үшін *Орталық Органның үш мүшесінің үшеуінің де ризалығы* әлі жеткілікті бола алмас еді. Бұл да әрқашан ескерілмейді. Кооптация жасау үшін *алтаудың* $^2/_3$ бөлігі, яғни *төрт* дауыс керек; демек, Орталық Комитеттің сайланған үш мүшесі «veto» десе-ақ біткені, *үштіктің қандай да болса кеңейтілуі мүмкін болмас еді.* Керісінше, Орталық Орган редакциясының үш мүшесінің тіпті екеуі одан әрі кооптация жасауға қарсы болса,— сонда да, Орталық Комитеттің барлық үш мүшесі кооптация жасауға келіссе, кооптация жасалған болар еді. Сонымен, анығында, ескі үйірмені партиялық мекемеге айналдырғанда, съезд сайлайтын практикалық жұмыстағы басшыларға *шешуші* дауыс беру жағы көзделді. Бұл ретте қандай жолдастарды шамалап ұйғарғанымыз мынадан көрінеді: съезде коллегия атынан сөз сөйлеуге тура келуі мүмкіндігін ескеріп, редакция съезге дейін өзінің құрамына жетінші мүше етіп Павлович жолдасты бірауыздан сайлады; Павлович жолдастан басқа, жетінші мүшенің орнына «Искра» ұйымының көптенгі бір мүшесі және Ұйымдастыру комитетінің мүшесі ұсынылды, *ол кейін Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды* [111].

Сонымен, екі үштікті сайлау жоспары: 1) редакцияны жаңалауды, 2) одан партиялық мекемеге лайықсыз ескі үйірмешілдіктің кейбір белгілерін жоюды (егер

жоятын түк болмаса, онда алғашқы үштікті ойлап шығарудың да қажеті болмас еді!), ақырында, 3) әдебиетшілер коллегиясының «теократиялық» белгілерін жоюды (үштікті кеңейту туралы мәселені *шешуге* аса көрнекті практиктерді қатыстыру жолымен жоюды) анық көздеді. Барлық редакторлар танысқан бұл жоспар, анығында, *үш жылдық* жұмыс *тәжірибесіне* негізделді және революциялық ұйымның өзіміз *толық* дәйектілікпен жүзеге асырған принциптеріне сай келді: «Искра» жарыққа шыққан *ыдырау* кезінде жеке топтар үйірмешілдіктің кейбір зиянды көріністерін лажсыз сақтай отырып, көбінесе кездейсоқ және стихиялы түрде қалыптасты. Партия құру мұндай белгілердің жойылуын көздеді және олардың жойылуын талап етті; мұны жоюға аса көрнекті практиктердің қатысуы *қажет* болды, өйткені редакцияның кейбір мүшелері *әрқашан* ұйымдық істерді басқарды, сондықтан партиялық мекемелер жүйесіне тек әдебиетшілер коллегиясы ғана кірмей, саяси басшылар коллегиясы кіруге тиіс болды. Съезге алғашқы үштікті сайлау правосын беру, «Исқраның» ежелгі саясаты тұрғысынан қарағанда, сондай табиғи нәрсе еді: біз съезге мейлінше *сақ* әзірлендік, программаның, тактиканың және ұйымның принциптік даулы мәселелерінің *толық* анықталуын күттік; осы негізгі мәселелерде аса зор көпшіліктің ынтымақты болуы мағынасында, съездің *искрашыл* съезд болатынына біз *күмәнданбадық* («Искраны» басшы орган деп тану туралы қарар да бұған ішінара дәлел болады); сондықтан біз «Искра» идеяларын тарату және оның партияға айналуын әзірлеу жөніндегі жұмыстың бәрін мойнымен көтерген жолдастардың партиялық жаңа мекемеге неғұрлым жарамды кандидаттар туралы мәселені *өздері* шешуіне ерік беруге *тиіс болдық*. Бұл жоспарды жалпы жұрттың мақұлдауы, онымен бәсекелесетін басқа ешбір жоспардың болмауы осы «екі үштік» жоспарының табиғи жоспар болғандығынан *ғана*, «Искраның» бүкіл саясатына, іске азды-көпті жақын тұрған адамдардың «Искра» туралы білетіндерінің бәріне бұл жоспардың *толық сай келетіндігінен ғана деп түсіндіруге болады.*

Сонымен, съезде Русов жолдас ең алдымен *екі үштік* сайлауды ұсынды. *Бұл жоспардың оппортунизмге бой ұру жөнінде тағылған жалған айыппен байланысы бар екенін бізге хат арқылы білдірген* Мартовтың жақтастары, алайда, алтылық пен үштік туралы таласты бұл айыптаудың дұрыстығы немесе терістігі туралы мәселеге айналдыруды *ойлаған да жоқ. Олардың бірде-бірі бұл туралы жұмған аузын ашқан жоқ!* Алтылық пен үштікке байланысты сарындардың принциптік айырмасы туралы *олардың бірде-бірінің аузын ашуға батылы бармады.* Олар неғұрлым өтімді және арзан қол тәсіл қолдануды — *аяушылық сұрауды, болуы мүмкін жәбірді* тілге тиек етуді, «Искраны» Орталық Орган етіп тағайындау арқылы *редакция туралы мәселе әлдеқашан шешілді* деп көлгірсуді артық көрді. Кольцов жолдастың Русов жолдасқа қарсы келтірген бұл соңғы дәлелі — *түп-тура өтірік.* Съездің күн тәртібіне ерекше екі пункт (қараңыз: протоколдар, 10-бет), әрине, кездейсоқ қойылған жоқ: 4-пункт — «Партияның Орталық Органы» және 18-пункт — «Орталық Комитетті және Орталық Органның редакциясын сайлау». Бұл бір. Екіншіден, Орталық Органды тағайындағанда делегаттардың *бәрі:* мұнымен редакция *бекітілмейді,* тек бағыт қана бекітіледі * деп үзілді-кесілді мәлімдеді, бұл мәлімдемелерге қарсы *бірде-бір наразылық* болған жоқ.

Сонымен, белгілі бір органды бекітумен съезд асылында редакцияны да бекітті деген мәлімдеме — азшылықты жақтаушылардың (Кольцовтың, 321-бетте, Посадовскийдің, бұл да сол бетте, Поповтың, 322-бетте жә-

* Қараңыз: протоколдар, 140-бет, *Акимовтың* сөзі: ... «маған Орталық Органның сайлауы туралы соңынан сөз қыламыз деушілер болды», Акимовқа қарсы *Муравьевтің* сөзінде Акимовтың «Орталық Органның келешектегі редакциясы туралы мәселені өзіне өте жақын көретіндігі» айтылды (141-бет), *Павловичтің* сөзінде органды тағайындағаннан кейін біздің «нақты материал» алғандығымыз, «Акимов жолдастың соншама қам жеген істерін сол материал бойынша жүргізе алатындығымыз» туралы және «партия шешімдеріне» «Искраның» «бағынуы» жөнінде титтей де күмән болмауға тиіс екені туралы айтылды (142-бет); *Троцкийдің* сөзі: «біз редакцияны бекітпесек, «Искраның» несін бекітеміз?.. Атын емес, бағытын... атын емес, туын» (142-бет); *Мартыновтың* сөзі: ...«Басқа да көптеген жолдастар сияқты, мен де былай деп ойлаймын: белгілі бір бағыт ұстаған газет есебінде «Искраны» Орталық Органымыз деп тану туралы мәселені талқылағанда, біз қазір оның редакциясын сайлау немесе бекіту әдісі туралы сөз қозғамауымыз керек; бұл туралы кейін, күн тәртібінің тиісті жерінде сөз болады»... (143-бет).

не басқа көптеген адамдардың) талай рет қайталап айтып жүрген мәлімдемесі,— *іс жүзінде түп-тура жалған* еді. Мұның өзі — орталық орындардың құрамы туралы мәселеге *жұрттың бәрі шынында әділ* қарай алатын кезде ұстаған позициядан *тайғандықты* бүркемелейтін *айла-шарғы* болғаны жұртқа айқын көрініп отыр. Позициядан таюды принциптік дәлелдермен де ақтауға болмады (өйткені *съезде* «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айып» туралы мәселе көтеру азшылық үшін өте тиімсіз болды, сондықтан олар бұл жөнінде *жұмған аузын ашқан да жоқ*), алтылықтың немесе үштіктің шын іскерлігі жөніндегі *нақты* мәліметтерге сүйенумен де ақтауға болмады (өйткені бұл мәліметтерді қозғаудың өзі-ақ азшылыққа қарсы таудай дәлелдер тауып берер еді). «Сындарлы бүтін» туралы, «үйлесімді коллектив» туралы, «сындарлы және кіршіксіз-тұтас бүтін», т. с. туралы *құрғақ сөзбен* құтылуға тура келді. Мұндай дәлелдердің дереу: *«аянышты сөздер»* (328-бет) деп өзінің шын атымен аталып кеткеніне таңдануға болмайды. Үштік жоспарының өзі «үйлесімділіктің» әлі жеткіліксіз екеніне айқын дәлел болды, ал бірлесіп жұмыс істеген бір айдан артық уақыттың ішінде делегаттардың алған әсері, анығында, делегаттардың *дербес* пікір айтуы үшін толып жатқан материал тауып берді. Посадовский жолдас бұл материалды аңғартқанда (оның козқарасынша, абайламай, ойланбай аңғартқанда: оның «кедір-бұдырлық» деген сөзді «шартты түрде» қолданғаны туралы 321 және 325-беттерді қараңыз), Муравьев жолдас тура былай деп мәлімдеді: «Менің пікірімше, мұндай * кедір-бұдырлықтың күмәнсыз бар екені қазіргі кезде съездің копшілігі үшін өте айқын болып отыр» (321). Азшылық Муравьев жолдасқа қарсы шығуға бата алмай, алтылықты қорғау үшін *істің шын мәні жөнінде бірде-бір* дәлел келтіре алмай,

* Посадовский жолдастың нақ қандай «кедір-бұдырлықты» айтқанын біз съезде біле алмай-ақ қойдық. Ал Муравьев жолдас сол мәжілісте (322-бет) өз пікірінің дұрыс берілмегенін айтты, ал протоколдарды бекіткен кезде түп-тура былай деп мәлімдеді: мен «съезде әр түрлі мәселелер жөніндегі жарыс сөзде байқалған кедір-бұдырлықтар, принциптік сипаты бар кедір-бұдырлықтар туралы айттым, мұндай кедір-бұдырлықтардың болуы, амал не, қазіргі уақытта ешкім теріске шығара алмайтын факт болып отыр» (353-бет).

«кедір-бұдырлық» деген сөзді (Муравьев емес, Посадовский айтқан сөзді) әлдекімнің жеке басына ғана қатысы бар бірдеңе деп түсінгісі келді. Сөйтіп, түк өнбейтіндігі жағынан масқара күлкі боларлық дау туды: көпшілік (Муравьев жолдас арқылы) алтылық пен үштіктің шын мәнін өздері *әбден айқын көріп отырғандықтарын* мәлімдеді, ал азшылық бұған тіпті құлақ аспады және «біздің мұны талдауға *мүмкіншілігіміз жоқ» деп* сендіруге тырысты. Көпшілік мұны талдау мүмкін деп есептейтіні былай тұрсын, қазірдің өзінде «талдауға кірісіп», бұл талдаудың нәтижесі өзіне *әбден айқын* болып отырғанын айтты, ал азшылық кілең «аянышты сөздерді» бетке ұстап *талдаудан қорқатын* болса керек. Көпшілік «біздің Орталық Орган тек әдеби топ қана емес екенін есте ұстауға» кеңес береді, көпшілік «Орталық Органды *барынша байсалды, съезге мәлім адамдар,* мен айтқан *талаптарға»* (яғни тек әдеби талаптарға ғана емес, 327-бет, Ланге жолдастың сөзі) *«сай келетін адамдар* басқаруын тілейді». Азшылық бұған қарсы шығуға тағы да бата алмады және тек әдеби ғана емес коллегия үшін, оның пікірінше, кімнің жарамды екені, кімнің «барынша байсалды және съезге мәлім» тұлға екені туралы түк айтпады. Азшылық атышулы «үйлесімділікті» бетке ұстап, бұрынғысынша бұғып қалды. Ол ол ма. Азшылық тіпті принцип жағынан мүлде теріс, сондықтан да, әділін айтсақ, қатты қарсылық туғызып отырған дәлелдерді желеу етті. «Редакцияны қайтадан кесіп-пішуге съездің,— көресіз бе,— адамгершілік жағынан да, саяси жағынан да правосы жоқ» (Троцкий, 326-бет), «бұл өте қытыққа тиетін (sic!) мәселе» (бұл да соның сөзі), *«редакцияның сайланбаған мүшелері съездің оларды бұдан былай редакция құрамында қалдырғысы келмейтініне қалай қарауға тиіс?»* (Царев, 324-бет) *.

Нағыз принциптік, нағыз саяси дәлелдер саласындағы дәрменсіздікті тікелей мойындағандық болғандықтан, мұндай дәлелдер әлдеқашаннан-ақ мәселені *аяныш пен жәбірге* апарып біржола тіреген болатын. Сондық-

* Посадовский жолдастың: ...«Ескі редакцияның алты мүшесінің үшеуін сайлау арқылы сіздер қалған үшеуін керексіз, артық адамдар деп танисыздар. Ал мұны істеуге сіздердің праволарыңыз да, дәлелдеріңіз де жоқ» деген сөзімен салыстырыңыз.

тап да көпшілік мәселенің осылай қойылуын дереу *тоғышарлық* деген *нақты* сөзбен (Русов жолдас) сипаттады. Русов жолдас былай деп әділ айтты: «Революционерлердің аузынан партия жұмысы, партиялық этика ұғымына мүлде қайшы келетін осындай таңданарлық сөздер шығып жүр. Үштіктерді сайлауға қарсы тұрғандардың негізгі дәлелі *партия істеріне тек қана тоғышарлық көзбен қарауға* барып тіреледі» (барлық жерде курсив менікі)... «Бұл партиялық емес, *тоғышарлық* көзқарасты жақтасақ, біз сайлау сайын: оны сайламай, Ивановты сайлағанымызға Петров өкпелеп жүрмей ме, Орталық Комитетке оны сайламай, басқаны сайлағанымызға Ұйымдастыру комитетінің пәлендей мүшесі өкпелеп жүрмей ме,— деген сұраққа кездесе берер едік. Жолдастар, бұл бізді қайда апарып соғар еді? Егер біз осында жиналғанда, *бір-бірімізге жағымды сөз айту үшін, тоғышарлық сыпайылық білдіру үшін* жиналмай, партия құру үшін жиналсақ, онда біз мұндай көзқарасқа әсте келісе алмаймыз. Біз *қызмет адамдарын сайлау* мәселесін шешкелі отырмыз, ал бұл арада қандай да болсын сайланбай қалған адамға сенімсіздік көрсету туралы мәселенің болуы мүмкін емес, *тек істің пайдасы және сайланған адамның өзі сайланатын қызметке лайықты болуы туралы мәселе ғана болуға тиіс»* (325-бет).

Партиядағы жікке бөлінудің себептерін өз бетімен талдап, съезде оның *түп тамырын* тапқысы келгендердің бәріне біз Русов жолдастың сөзін *оқуға және қайта-қайта оқуға* кеңес берер едік, азшылық оның дәлелдерін бекерге шығара алмағаны былай тұрсын, тіпті оған қарсы дау да айта алмады. Мұндай баршаға аян, өзінен-өзі түсінікті шындыққа қарсы дау айтуға да болмайды ғой, мұны ұмыту тек *«ашу үстінде»* ғана болатынын Русов жолдастың өзі де дұрыс түсіндірді. Шынында да мұның өзі азшылықтың партиялық көзқарастан тоғышарлық және үйірмешілдік көзқарасқа қалайша түскенін көрсететін, азшылық үшін мейлінше ұнамсыз түсіндірме * еді.

* Мартов жолдас өзінің «Қоршау жағдайында» өзі қозғаған басқа мәселелерге қалай қараса, бұл мәселеге де солай қарады. Ол таласты

Бірақ сайлауға қарсы ақылға сыйымды және іске жанасымды дәлелдер табуға ешбір мүмкіншілігі болмағандықтан, азшылық партиялық іске тоғышарлықты әкеліп тықпалаудың үстіне, тіпті *жанжал* шығаратын *тәсілдер* қолдануға дейін барды. Шынында да, Муравьев жолдасқа «қиын *тапсырмаларды* міндетіне алма» (322-бет) деп кеңес берген Попов жолдастың тәсілін қалайша осылай атамассың? Сорокин жолдастың әділ айтқанындай, бұл «басқа біреудің ішіне кіріп шыққандық» (328-бет) емей не? Бұл, саяси дәлелдері болмағандықтан, *«жеке адамды»* саудаға салғандық емес пе? «Біз мұндай тәсілдерге әрқашан қарсы болдық» дегенде, Сорокин жолдас шын айтты ма әлде өтірік айтты ма? *«Дейч жолдастың* өз де-

---

толық суреттеп көрсетуге тырыспады. Бұл таласта өзінен-өзі келіп шыққан: тоғышарлық сыпайылық па әлде қызмет адамдарын сайлау ма? — деген бірден-бір нағыз *принциптік* сұраққа ол мүләйімсіп соқпай өтті. Партиялық көзқарас па әлде Иван Иванычтардың өкпесі ме? Мартов жолдас бұл арада да оқиғаның бір-бірімен байланысы жоқ жеке бөлшектерін үзіп-жұлып алумен, оған қоса мені түрліше балағаттаумен қанағаттанды. Бұл аздық қылады, Мартов жолдас!

Мартов жолдас әсіресе: съезде Аксельрод, Засулич және Старовер жолдастар *неге* сайланбады — деген сұрақты қойып *менің* мазамды алады. Тоғышарлық көзқарасқа түскендіктен, ол мұндай сұрақтар қоюдың *әдепсіздігін* байқамайды (ол мұны өзінің редакциядағы әріптесі Плеханов жолдастан неге сұрамайды?). Менің съезде азшылықтың алтылық туралы мәселе жөніндегі қылығын «әдепсіздік» деп санағанымнан және сонымен қатар партиялық жариялауды талап еткенімнен ол қайшылық таппақ болады. Мәселенің үзінділерін алмай, оның *күллі* егжей-тегжейін бір-бірімен байланыстыра баяндауға тырысса, бұл жерде қайшылық жоқ екенін Мартовтың өзі де оп-оңай көрген болар еді. Мәселені тоғышарлық көзқараспен қою, аяныш пен жәбірге нек арту әдепсіздік болды; партиялық жариялаудың мүдделері алтылықтың үштіктен артықшылығына *шын мәнінде* баға беруді, қызмет орындарына ұсынылған кандидаттарға баға беруді, сарындарға баға беруді талап еткен болар еді: *азшылық съезде бұл туралы жұмған аузын ашқан жоқ.*

Протоколдарды құнттап зерттесе, Мартов жолдас делегаттардың сөздерінде алтылыққа қарсы *бірталай* дәлелдер бар екенін көрген болар еді. Бұл сөздерден теріп алынған үзінділер міне мынадай: біріншіден, принциптік сарындар мағынасында, ескі алтылықтағы кедір-бұдырлықтар айқын көрініп отыр; екіншіден, редакциялық жұмысты техникалық жағынан оңайлатқан жоқ; үшіншіден, тоғышарлық сыпайылықтан гөрі істің пайдалы болу жағы қажеттірек; сайланған адамдардың қызметтеріне лайықты болуын тек сайлау ғана қамтамасыз етеді; төртіншіден, съездің сайлау бостандығына шек қоюға болмайды; бесіншіден, партия қазір Орталық Органда тек әдеби топтың ғана болуын керек қылмайды, Орталық Органда тек әдебиетшілер ғана емес, әкімгерлер де болуы керек; алтыншыдан, Орталық Органда әбден байсалды, *съезге* мәлім адамдар болуы керек; жетіншіден, алты адамнан құрылған коллегия көбінесе қабілетсіз болады, ал оның жұмысы уставтың дұрыс болмауы *арқасында емес,* қайта, *оған қарамастан* орындалып келді; сегізіншіден, газетті басқару — партиялық іс (үйірмелік іс емес), т. т.— Егер сайланбаудың себептері туралы мәселемен соншалықты танысқысы келсе, Мартов жолдас осы пікірлердің әрқайсысына *ой жіберіп,* олардың *ең болмағанда біреуін* теріске шығарып көрсін.

геніне көнбеген жолдастарды масқаралауға тырысып, қыр көрсеткендегі *қылығы орынды ма?»* * (328-бет).

Редакция туралы мәселе жөніндегі жарыс сөзге қорытынды жасалық. Үштік жобасының *делегаттарға* съездің нақ бас кезінде *және съезге дейін де* мәлім болғанын, сондықтан бұл жобаның *съезде болған оқиғалар мен дауларға қатысы жоқ пікірлер мен мәліметтерге* негізделгенін көпшілік сан рет көрсетті, мұны азшылық бекерге шығарған жоқ (және бекерге шығарып көрген жоқ). Алтылықты жақтағанда, азшылық *тоғышарлық* ой-пікірден туған, *принципінде теріс және орынсыз* позиция ұстады. Қызметке ұсынылған әрбір кандидатқа, сол қызметте атқаратын міндеттерге оның лайықты немесе лайықсыз екендігіне *баға беру* жағына мүлде жоламай, азшылық *қызмет адамдарын* сайлау жөніндегі *партиялық* көзқарасты толық ұмытқандығын көрсетті. Атышулы үйлесімділікті сылтау қылып, біреуді біреу бейне бір «өлтіргелі тұрғандай», «көз жасын төгіп» және «екіленіп» (327-бет, Лангенің сөзі), азшылық мәселені шын мәнісінде талқылаудан *тайсалды.* Азшылық *«ашу үстінде»* тіпті *«басқа біреудің ішіне кіріп шығуға»* дейін, сайлауды «қылмысты» іс деуге және сол сияқты *жөнсіз* тәсілдер қолдануға дейін барды (325-бет).

Біздің съездің отызыншы мәжілісінде алтылық пен үштік үшін күрес — *тоғышарлықтың партиялылықпен, «жеке адамдардың»* тым нашарларының *саяси ой-пікірмен, аяныштьı сөздердің революциялық борыш* жөніндегі жұртқа мәлім ұғымдармен күресі болды.

* Дейч жолдастың сөздерін (324-бетпен салыстырыңыз — «Орловпен екі арадағы қатты егес») Сорокин жолдас *сол мәжілісте* осылай түсінді. Дейч жолдас «мұндай еш нәрсе айтпағанын» түсіндірді (351-бет), бірақ соған өте «ұқсас» бір нәрсе айтқанын оның өзі *сол жерде-ақ* мойындады. Дейч жолдас былай деп түсіндіреді. «Мен: кімнің батылы барады,— дегенім жоқ, мен: үшеуді сайлау сияқты мұндай қылмысты (sic!) ұсынысты қолдауға батылы баратын адамдардың кімдер екенін (sic! Дейч жолдас түзетем деп бүлдіріп алды) көргім келеді,— дедім» (351-бет). Дейч жолдас Сорокин жолдастың сөздерін бекерге шығарған жоқ, қайта *растады.* Дейч жолдас Сорокин жолдастың «бұл жерде ұғымдардың бәрі шатасып кеткен» (азшылықтың алтылықты жақтағандығы дәлелінде) деп таққан кінәсын растады. Дейч жолдас Сорокин жолдастың: «біз партия мүшесіміз және тек саяси ой-пікірлерді ғана басшылыққа ала отырып қимыл жасауға тиіспіз» деп *жұртқа мәлім* шындықты ескертуі орынды екенін растады. Сайлауды *қылмысты іс* деп айқай салу тек тоғышарлыққа дейін ғана емес, тіпті *жанжалсымақтың* дәрежесіне *дейін* төмендегендік болады!

31-мәжілісте де ескі редакцияны түгел бекіту туралы ұсынысты съезд үш дауыс қалыс қалып, 17 дауысқа қарсы 19 дауыспен *қабылдамаған* кезде (қараңыз: 330-бет және *түзетулер)* және *бұрынғы редакторлар* мәжіліс залына қайтып келген кезде Мартов жолдас «бұрынғы редакцияның көпшілігі атынан жасаған мәлімдемесінде» (330—331-беттер) саяси позициясы мен саяси *ұғымдарының* бұрынғыдай солқылдақтығын және бұрынғыдай тұрақсыздығын одан сайын айқын көрсетті. Коллективтік *мәлімдеменің* және менің оған қайтарған жауабымның (332—333-беттер) әрбір пунктін толығырақ талдап көрейік.

Ескі редакция бекітілмегеннен кейін Мартов жолдас былай деді: «Бүгіннен бастап ескі «Искра» жоқ, сондықтан оның атын өзгерту дәйектілік болар еді. Қалай дегенмен де, съездің алғашқы мәжілістерінің бірінде «Искраға» білдірілген сенімге съездің жаңа қаулысында едәуір шек қойылғанын көріп отырмыз».

Мартов жолдас, әріптестерімен бірге, *саяси дәйектілік* туралы шынында қызық және көп ретте ғибратты мәселе көтерді. «Искраны» бекіткенде *бәрімiздің* айтқанымызды дәлелге келтіріп, мен бұған бұдан бұрын-ақ жауап бергенмін (протоколдың 349-бетін жоғарыдағы 82-бетпен салыстырыңыз) *. Саяси дәйексіздіктің ең сорақы оқиғаларының бірін көріп отырғанымыз күмәнсыз; съезд көпшілігі тарапынан ба, әлде ескі редакция көпшілігі тарапынан ба,— кімнің тарапынан болған саяси дәйексіздік екенін оқушының өзі айтсын. Мартов жолдас пен оның әріптестері өте орынды көтерген басқа екі мәселені де шешу мүмкіндігін біз оқушының өзіне берейік: 1) *съездің Орталық Орган редакциясына қызмет адамдарын сайлау* туралы шешімінде ««Искраға» білдірілген сенімге шек қойғандық» бар деп тануға тырысу *тоғышарлық* көзқарас па әлде *партиялық* көзқарас па? 2) *ескі «Искра»* шынында қай мезгілден бастап *өмір сүрмей отыр:* оны Плеханов екеуіміз басқара бастаған кезден — 46-номерден бе, әлде оны ескі редакцияның көпшілігі басқара бастаған кезден — 53-номерден бе? Егер бірінші мәселе өте қызықты *принцип мәсе-*

* Қараңыз: осы том, 318—320-беттер. *Ред.*

лесі болса, екінші мәселе — өте қызықты *факт мәселесі*.

Мұнан әрі Мартов жолдас былай деді: «Қазір редакцияны үш адамнан сайлау ұйғарылғандықтан, мен өз атымнан және басқа үш жолдастың атынан: мұндай жаңа редакцияға біздің біреуіміз де қатыспаймыз — деп мәлімдеймін. Өзім туралы оның үстіне мынаны білдіремін: кейбір жолдастардың осы «үштікке» ұсынылған кандидаттардың бірі ретінде, менің атымды тізімге жазғысы келгені рас болса, онда мұны мен өзімді орынсыз жәбірлегендік (sic!) деп білуге тиістімін. Мен мұны редакцияны өзгерту жөнінде шешім қабылданғандағы жағдайларды ескеріп айтып отырмын. Бұл шешім қайдағы бір «егестердің»* болуы, бұрынғы редакцияның іске қабілетсіздігі себепті қабылданды, соның өзінде съезд бұл егестер жайында редакциядан сұрастырмай және редакцияның іске қабілетсіздігі туралы мәселе қою үшін ең болмаса комиссия құрмай, бұл мәселені нақты бір мағынада шешті»... («Редакциядан сұрастыру» немесе комиссия құру жөнінде съезге ұсыныс жасау азшылықтың ішінде ешкімнің ойына келмеуі таңданарлық нәрсе! Мұның себебі «Искра» ұйымының жікке бөлінуінен және Мартов жолдас пен Старовер жолдас жазған келіс сөздер сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, мұндай ұсыныс жасаудың пайдасыз болғандығында емес пе?)... «Мұндай жағдайларда кейбір жолдастардың мені осы жолмен өзгертілген редакцияда жұмыс істеуге келісім береді деп жорамалдауын мен өзімнің саяси беделіме кір жұқтырғандық деп есептеуге тиіспін»... **

* Мартов жолдас Посадовский жолдастың «кедір-бұдырлық» деген сөзін айтатын болса керек. Қайталап айтамын, Посадовский жолдас *өзінің* не айтқысы келгенін съезге түсіндірмей-ақ қойды, ал сол сөзді қолданған Муравьев жолдас *съездегі жарыс сөздерде байқалған принциптік* кедір-бұдырлықтар туралы айтқанын түсіндірді. Төрт редактор (Плеханов, Мартов, Аксельрод және мен) қатысқан *бірден-бір* нағыз *принципті* жарыс сөз уставтың 1-параграфы туралы болғанын және Мартов жолдас пен Старовер жолдас редакцияны «өзгерту» дәлелдерінің бірі ретінде, «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыпқа» *жазбаша* шағым жасағанын оқушы еске түсірер. Мартов жолдас *бұл хатында* редакцияны өзгерту жоспарымен «оппортунизмнің» *айқын* байланысы бар деп тапты, ал *съезде «қайдағы бір егестерді»* бықсытумен шектелді. «Оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айып» соның өзінде-ақ ұмытылған!

** Мартов жолдас бұған қоса былай деді: «Мұндай роль атқаруға көнсе, Рязанов көнер, бірақ Мартов көнбейді, сіздер оны жұмысы арқылы білесіздер ғой деп ойлаймын». Бұл Рязановтың *өз басына* тап

Съезден кейін соншама күшейген және *ұрыс-керіс* деуден басқа ат қоюға болмайтын бұл қылықтың үлгісін және қалай басталғанын оқушыға көрсету үшін мен бұл пайымдауды әдейі түгел келтірдім. Бұл сөзді мен ««Искра» редакциясына хатымда» қолданған болатынмын және, редакцияның наразылығына қарамастан, оны қайталауға мәжбүр болып отырмын, өйткені мұның дұрыс айтылған сөз екені даусыз. Ұрыс-керіс «жаман ой» туғызады (жаңа «Искра» редакциясының қорытқаны сияқты) деп ойлау қате: біздің жер аударылған адамдарымызбен және эмиграниттық колонияларме азды-көпті таныс әрбір революционер «ашу үстінде» және тұрмыстың өте ауыр, жиіркенішті жағдайларында бір-бірін тым өрескел айыптаған, сезімсіздік білдірген, өздерін өздері кінәлаған, адамның «жеке басын» қорлаған, т. с. ондаған ұрыс-керісті көрген болар. Бұл *ұрыс-керістердің шығуы қаншама жаманшылық бола тұрса да,* ақылы бар ешбір адам бұл жанжалдардан қалай да *жаман ой* табамын дей қоймас. Мартов жолдастың сөзінен мен келтірген абзацтағыдай өрескелдіктердің, адамның жеке басын қорлаушылықтың, қияли қорқыныштың, адамның ішіне кіріп шығушылықтың, ызамен тіл тигізушіліктің және қаралаушылықтың осы бір шиеленген түйіншегі тек «ашу үстінде» ғана пайда болады. Тұрмыстың жиіркенішті жағдайлары осындай жүздеген ұрыс-керістерді туғызады, сондықтан өзінің бойындағы кеселді атап айтуға, дерттің қандай екенін тайсалмай айырып, оны емдеу амалдарын іздеп табуға бата алмаған саяси партияны құрметтеуге болмас еді.

беру болғандықтан, Мартов жолдас бұл сөзін қайтып алды. Бірақ Рязановтың есімі съезде нашар жағынан аталып отырды, ол әсте өз басының белгілі бір кемістігі үшін емес (өз басын сөз қылу орынсыз болар еді), «Борьба» тобының *саяси кескіні* үшін, оның *саяси қателері* үшін жамандалды. Адамның жеке басының намысына тимек болған немесе шынында да тиіп кеткен сөздерін қайтып алса, Мартов жолдас өте жақсы істеген, бірақ бұған қарап *партияға сабақ* болуға тиісті *саяси қателерді* ұмытуға болмайды. «Борьба» тобы біздің съезде «ұйымдық былыққа» және «ешбір принциптік ой-пікірден тумаған бытыраңқылыққа» душар қылғаны үшін айыпталды (38-бет, Мартов жолдастың сөзі). Партия съезіне дейінгі *жалпы* былық кезінде кішігірім топ тарапынан болғанда ғана емес, партия съезінен *кейін*, былықты жою дәуірінде, тіпті ««Искра» редакциясының көпшілігі мен «Еңбекті азат ету» тобының көпшілігі» тарапынан болғанда да, *мұндай* саяси қылықты бетке басуға әбден болады.

Бұл түйіншектің ішінен принциптік нәрсені айырып алуға болатындықтан, мынадай қорытындыға *лажсыз* келуге болады: «сайлаудың саяси беделге тіл тигізушілікпен үш қайнаса, сорпасы қосылмайды», «жаңа сайлау жүргізуге, қызмет адамдарының құрамын қандай да болса өзгертуге, өзі өкіл еткен коллегияларды қайта қарастыруға съездің правосы бар екенін теріске шығару» мәселені *былықтырғандық* болады, «бұрынғы коллегияның бір бөлігін сайлауға болатын-болмайтындығы жөніндегі Мартов жолдастың көзқарасынан *саяси ұғымдарды мықтап шатастырғандық* байқалады» (съезде менің айтқанымдай, 332-бет) *.

Үштік жоспары кімнен шықты деген мәселе жөнінде Мартов жолдастың «жеке басының» ескертпесін қоя тұрып, оның ескі редакцияның бекітілмеуінің маңызды мәніне берген «саяси» сипаттамасына көшемін: ....«Қазіргі болып отырған оқиға — съездің екінші жартысында болған күрестің соңғы кезеңі»... (Дұрыс-ақ! және бұл екінші жартысы уставтың 1-параграфы туралы мәселеде Мартов Акимов жолдастың құшағына мықтап ілінген кезден басталды.)... «Бұл реформада әңгіме «іске қабілеттілік» туралы емес, Орталық Комитетке ықпал жасау үшін күрес туралы болып отырғаны жұрттың бәріне құпия емес»... (Біріншіден, бұл арада әңгіменің іске қабілеттілік туралы *да*, Орталық Комитеттің *құрамы* жөніндегі араздық туралы *да* болғаны жұрттың бәріне құпия емес, өйткені «реформа» жоспары екінші араздық туралы *сөз болуы тіпті мүмкін емес* кезде, біз Мартов жолдаспен бірлесіп, Павлович жолдасты редакциялық коллегияның жетінші мүшесі етіп сайлаған кезде ұсынылды! Екіншіден, әңгіме Орталық Комитеттің *адам құрамы* туралы болғанын, әңгіме à la fin des fins **: Глебов — Травинский — Попов деген тізім мен Глебов — Троцкий — Попов деген тізімнің айырмасына келіп тірелгенін біз документтік мәліметтер бойынша көрсеткенбіз.)... «Редакция көпшілігі Орталық Комитеттің редакцияның құралына айналуын тілемейтінін көр-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 332-бет. *Ред.*
** — ақыр аяғында. *Ред.*

сетті»... (Акимовтың әніне басты: орталық мекемелерде *көпшілік* болып ықпалды *нығайту* үшін қандай да болсын көпшілік қандай да болсын партия съезінде, қай уақытта және қай жерде болса да ықпал үшін күреседі, міне осы ықпал туралы мәселе *редакцияның* «құралы» туралы, кейінірек, сол Мартов жолдастың айтқанындай, 334-бетте редакцияның «жай *шылауы*» туралы *оппортунистік өсек-аяңға* айналды.)... «Міне сол себепті редакция мүшелерінің санын азайту керек болды (!!). Сондықтан да мен мұндай редакцияға кіре алмаймын»... (Осы «сондықтанға» көбірек зер салып қараңыздаршы: редакция Орталық Комитетті шылауға немесе құралға қалай айналдыра *алар еді? тек* Советте үш даусы болып, осы басымдығын *жолсыз пайдаланғанда ғана*, тек осылай еткенде ғана айналдыра алар еді ғой? бұл айдан анық емес пе? Және де үшінші болып сайланған Мартов жолдас қандай да болсын жолсыздыққа әр уақытта бөгет жасай алар еді және редакцияның Советтегі басымдығының қандайын болса да *жалғыз өзінің даусымен-ақ* жойып жібере алар еді, бұл да айдан анық емес пе? Олай болса, әңгіме Орталық Комитеттің адам құрамында болып отыр, ал құрал мен шылау туралы сөздер бірден-ақ *өсек-аяң* болып қала бермек.)... «Ескі редакцияның көпшілігімен бірге мен: съезд партия ішіндегі «қоршау жағдайын» жояр және партияда қалыпты тәртіп орнатар деп ойладым. Ал іс жүзінде жеке топтарға қарсы ерекше заңдар қолданатын қоршау жағдайы одан әрі созылып отыр және тіпті шиеленісіп кетті. Устав бойынша редакцияға берілген праволардың партияға зиянды болмауына тек бүкіл ескі редакцияның құрамында ғана кепіл бола аламыз»...

Мартов жолдастың созінің *«қоршау жағдайы» деген атышулы ұранды алғаш рет көтерген* жері түгел келтіргенде, міне, осы. Ал енді менің оған қайтарған жауабыма көз салыңыздар:

...«Мартов жолдастың екі үштік жобасы жеке сипатта жасалды деген сөздерін түзете отырып, мен, алайда, бұрынғы редакцияны бекітпеу жөнінде біздің жасаған шарамызға сол Мартовтың өзінің қандай «саяси маңыз» бергенін сөз етпекші емеспін. Қайта, Мартов жолдастың

бұл қадамымыздың үлкен саяси маңызы бар дегеніне даусыз толық қосыламын, бірақ саяси маңызы болғанда Мартов айтқандай емес. Ол мұны — Россияда Орталық Комитетке ықпал жүргізу үшін күресу әрекеті дейді. Мен Мартовтан да әрірек барамын. «Искраның» жеке топ ретінде осы күнге дейінгі істеп келген жұмысының барлығы да өзінің ықпалын жүргізу үшін *күрес* болған, ал енді әңгіме ықпал үшін күресу туралы ғана емес, үлкенірек мәселе туралы, ықпалды ұйымдастыру жағынан нығайту туралы болып отыр. Саяси жағынан Мартов жолдаспен екеуміздің арамыз бұл жерде қаншалықты қашықтап отырғанын мынадан көруге болады: ол маған Орталық Комитетке ықпал жүргіздіртпек болады деп кінә тағады, ал мен мұны өзімнің сіңірген еңбегім деп білемін, мен бұл ықпалды ұйымдастыру жолымен нығайтуға талпынып келдім және бұдан былай да соған талпына бермекпін. Бақсақ, екеуміз тіпті екі түрлі сөйлеп отыр екенбіз! Егер біздің бүкіл жұмысымыздың, біздің бүкіл күш-жігеріміздің мақсаты ықпалды толық жүргізу және нығайту үшін күрес болмай, бұрынғыша ықпал жүргізу үшін күрес болып қала беретін болса, біздің бұл жұмысымыз бен күш-жігеріміздің не қажеті болар еді. Иә, Мартов жолдас әбден дұрыс айтады: жасалған қадамымыздың ірі саяси маңызы бар екені сөзсіз, мұның өзі партиямыздың ілгергі істері үшін қазір белгілі екі бағыттың бірін таңдап алғанымызды көрсетеді. *«Партия ішіндегі қоршау жағдайы» туралы, «жеке адамдар мен топтарға қарсы айрықша заңдар» туралы және т. с. қорқынышты сөздер мені титтей де қорқытпайды.* Тиянақсыз, солқылдақ элементтерге «қоршау жағдайын» жасайтынымыз былай тұрсын, оны жасауға міндеттіміз, сондықтан партиямыздың бүкіл уставы, бүгіннен бастап съезде бекітілген централизміміз саяси тиянақсыздықтың осыншама көп негізі үшін «қоршау жағдайы» болып табылады. Атап айтқанда, тиянақсыздыққа қарсы ерекше, тіпті айрықша заңдар керек те, сондықтан съезд жасаған қадам осындай заңдар мен осындай шаралардың берік негізін салып, саяси бағытты дұрыс белгілеп берді». *

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 334—335-беттер. *Ред.*

Мен съезде сөйлеген сөзімнің осы конспектісінде *Мартов жолдас өзінің «Қоршау жағдайында»* (16-бет) *тастап кетуді жөн көрген бір сөйлемнің* астын сызып қойдым. Оның бұл сөйлемді ұнатпағанына және айқын мағынасын түсінгісі келмегеніне таңдануға болмайды.

«Қорқынышты сөздер» деген тіркес не білдіреді, Мартов жолдас?

Бұл *келемеж қылғандық*, кіші-гірім заттарға үлкен атақ беретіндерді, жай мәселені бұра тартқан сөзуарлықпен шиеленістіретіндерді келемеж қылғандық болып табылады.

Мартов жолдастың «ашу шақыруына» *тек жалғыз өзі ғана* сылтау бола алған және сылтау болған кішкентай әрі қарапайым факт *съезде орталық орындардың адам құрамы* туралы мәселеде *тек* Мартов жолдастың жеңіліп *қалғандығы ғана* болды. Бұл қарапайым фактінің саяси маңызы мынада еді: партия съезінің көпшілігі жеңгеннен кейін, партиялық басқармаға да көпшілікті өткізді, сол көпшіліктің: солқылдақтық, тұрақсыздық және бытыраңқылық деп тапқанына қарсы устав бойынша күресу үшін ұйымдық негіз жасады, сөйтіп өзінің ықпалын нығайтты *. Бұл жөнінде «ықпал үшін күрес» туралы үрейленіп сөз қылу және «қоршау жағдайына» шағым жасау *бұра тартқан сөзуарлықтан*, қорқынышты сөздерден басқа ештеңе емес еді.

Мартов жолдас мұнымен келіспей ме? Көпшіліктің жеңіп алған ықпалын: 1) орталық орындарға да көпшілікті өткізумен, 2) солқылдақтықты, тұрақсыздықты және бытыраңқылықты жою үшін көпшіліктің қолына билік берумен нығайтпаған партиялық съезд дүниеде болғанын, тегінде мұндай партиялық съездің болуы мүмкін екенін Мартов бізге көрсетіп бермес пе екен?

Сайлау алдында біздің съезд мына мәселені шешіп алуы керек еді: Орталық Орган мен Орталық Комитет-

* Искралық азшылықтың тұрақсыздығы, солқылдақтығы және бытыраңқылығы съезде неден көрінді? Біріншіден, уставтың 1-параграфы туралы айтылған оппортунистік сөздерден; екіншіден, Акимов және Либер жолдастармен коалиция жасаудан көрінді, бұл коалиция съездің екінші жартысында тез өсті; үшіншіден, Орталық Органға қызмет адамдарын сайлау мәселесінің құнын түсіріп, тоғышарлыққа, аянышты сөздерге және тіпті біреудің ішіне кіріп шығуға салынудан көрінді. Ал съезден кейін бұл сүйкімді қасиеттердің бәрі түйнек салып, гүл атты, жеміс берді.

тегі дауыстардың *үштен бірін* партиялық көпшілікке беру керек пе әлде партиялық азшылыққа беру керек пе? Алтылық және Мартов жолдастың тізімі дауыстың үштен бірін бізге, үштен екісін оның жақтастарына беруді көздеді. Орталық Органға ұсынылған үштік және біздің тізім дауыстың үштен екісін бізге, үштен бірін Мартов жолдастың жақтастарына беруді көздеді. Мартов жолдас бізбен мәмлеге келуден немесе біздің дегенімізге көнуден бас тартты *және хат арқылы* бізді съезд алдындағы шайқасқа шақырды; ал съезд алдында жеңілгеннен кейін, ол көз жасын көл қылып, «қоршау жағдайына» шағым жасай бастады! Міне, бұл ұрыс-керіс емей не? Бұл интеллигенттік жылауықтықтың жаңа белгісі емей не?

Бұл жөнінде К. Каутскийдің осы соңғы айтылған қасиетке жақында берген тамаша әлеуметтік-психологиялық сипаттамасын еске түсірмеуге болмайды. Әр түрлі елдердің социал-демократиялық партиялары қазіргі күнде бір-біріне ұқсас дертке жиі шалдығып жүр, олай болса, дертті дұрыс айырып, дұрыс емдеуді неғұрлым тәжірибелі жолдастардан үйрену бізге мейлінше пайдалы болмақ. Сондықтан К. Каутскийдің кейбір интеллигенттерге берген мінездемесін келтіру тек үстірт қарағанда ғана тақырыбымыздан ауытқығандық болып көрінеді.

...*«Интеллигенция* * *мен пролетариат арасындағы антагонизм* туралы мәселе қазіргі уақытта біздің назарымызды тағы да қатты аударып отыр. Менің әріптестерім» (Каутскийдің өзі де интеллигент, әдебиетші және редактор) «менің бұл антагонизмді мойындағаныма шетінен ашуланар. Бірақ іс жүзінде ол бар ғой, сондықтан бар нәрсені жоқ деп, одан аулақ болуға тырысу ең тиімсіз тактика болар еді (бұл арада да, басқа реттерде де). Бұл антагонизм — жеке адамдардан емес, таптардан байқалатын әлеуметтік антагонизм. Жеке капиталист те, жеке интеллигент те пролетариаттың таптық күресіне бүтіндей ене алады. Осылай болған реттерде интеллигент өзінің сипатын да өзгертеді. Сондықтан бұдан былайғы баяндауда, негізінен, қазіргі уақытта да әлі өз табының ішінде бірен-саран болып отыр-

* Немістің Literat, Literatentum деген сөздерін мен интеллигент, интеллигенция деп аудардым, бұл тек әдебиетшілерді ғана емес, білімді адамдардың бәрін, жалпы алғанда, еркін кәсіп өкілдерін, дене еңбегінің өкілдерінен айырмасы бар ой еңбегінің өкілдерін (brain worker деп ағылшындар айтқандай) қамтиды.

ған *бұл типтегі* интеллигенттер туралы сөз болмайды. Егер ерекше ескертулер болмаса, бұдан былайғы баяндауда *мен буржуазиялық қоғам негізінде тұрған* және интеллигенция *табының* нағыз өкілі болып табылатын *кәдімгі интеллигентті ғана интеллигент деп түсінемін.* Бұл *тап* пролетариатқа белгілі бір *антагонизмде* болады.

Бұл антагонизм — еңбек пен капитал арасындағы антагонизмнен басқа. Интеллигент — капиталист емес. Рас, оның тұрмыс дәрежесі — буржуазиялық дәреже, ол қайыршыға айналғанша, осы тұрмыс дәрежесін бір қалыпта ұстауға мәжбүр болады, бірақ сонымен бірге ол өз еңбегінің өнімін, көп ретте өзінің жұмыс күшін де сатуға мәжбүр болады, ол көбінесе капиталистің қанауына ұшырайды және белгілі бір әлеуметтік жапа шегеді. Сонымен, интеллигенттің пролетариатқа деген ешбір экономикалық антагонизмі жоқ. Бірақ оның тұрмыс жағдайы, оның еңбек жағдайлары пролетарлық емес, осыдан барып оның пиғылы мен ойында белгілі бір антагонизм туады.

Өзімен өзі жеке индивидуум болып отырғанда пролетар түк емес. Ол өзінің барлық күшін, өзінің прогреске деген бүкіл қабілетін, өзінің барлық үміті мен арманын *ұйымнан,* жолдастармен бірлесіп жоспарлы түрде қызмет істеуден табады. Ол ұлы және күшті организмнің бір бөлігі болып отырғанда, өзін ұлы және күшті сезінеді. Пролетар үшін ең бастысы — осы организм, ал онымен салыстырғанда, жеке индивидуум жоққа тән. Пролетар өз басының пайдасын, өз басының даңқын көздемей, жалпы бұқараның кіші-гірім бөлігі ретінде, қай орында болса да өз борышын орындай отырып, өзінің бүкіл сезіміне, бүкіл ақыл-ойына сіңген тәртіпке еркімен бағына отырып, мейлінше жанқиярлықпен күрес жүргізеді.

Интеллигент мүлде басқаша. Ол белгілі бір күш қолданып күреспейді, дәлелдердің жәрдемімен күреседі. Оның қаруы — оның өз басының білімі, өз басының қабілеті, өз басының сенімі. Тек өз басының қасиеттері арқасында ғана ол белгілі бір маңыз алуы мүмкін. Сондықтан өзінің жеке басын көрсете білуге толық бостандық берілуі ол үшін ойдағыдай жұмыс істеудің бірінші шарты болып табылады. Ол белгілі бір тұтас топқа сол тұтас топтың қызмет атқаратын бір бөлігі ретінде ғана әрең бағынады, өз тілегі бойынша емес, қажет болғандықтан бағынады. Тәртіпті ол қалаулы жандар үшін емес, тек бұқара үшін ғана қажет деп таниды. Ал өзін ол, әлбетте, қалаулы жандардың қатарына қосады...

...Ницше философиясы, барлық іс өз қара басының толық дамуын қамтамасыз етуде деп есептейтін, қандай да болсын қоғамдық ұлы мақсатқа өз басының қандай түрде болса да бағынуын оңбағандық, жексұрындық деп танитын әсіре адамға табынатын бұл философия — нағыз интеллигенттің дүние танымы, мұның өзі оны пролетариаттың таптық күресіне қатысуға мүлде жарамсыз етеді.

Ницшемен қатар, интеллигенцияның өз пиғылына сай келетін дүние танымының аса көрнекті өкілі — Ибсен. Оның доктор

Штокманы («Халық жауы» деген драмасында) — көптеген адамдар ойлағандай, социалист емес, пролетарлық қозғалыспен, жалпы алғанда, өзі осы қозғалыста қимыл жасауға тырысатындықтан, қандай да болсын халық қозғалысымен сөзсіз қақтығысуға тиіс интеллигент типі. Мұның себебі — қандай да болсын демократиялық* қозғалыс сияқты, пролетарлық қозғалыстың да негізі жолдастардың көпшілігін құрметтеу болып табылады. Кәдімгі интеллигент à la Штокман «тұтас көпшілікті» албастыдай көреді, оны құрту керек деп есептейді.

...Пролетарлық пиғылға бүтіндей көшкен, тамаша жазушы бола тұрып, интеллигентке тән психикалық белгілерінен қол үзген, қатарда сап түзеп, күңкілсіз жүріп отырған, өзін тағайындаған орынның қандайында болса да жұмыс істеген, біздің ұлы ісімізге өзін бүтіндей бағындырған және ((weichliches Gewinsel), Ибсен мен Ницшеден тәрбие алған интеллигенттер азшылықта қалған кезде солардан біз жиі еститін өз басының еріксіз болуы жөнінде егіле қыңсылауды жек көрген интеллигенттің асқан үлгісі,— социалистік қозғалысқа керек интеллигенттің асқан үлгісі Либкнехт болды. Еш уақытта бірінші орынға таласпаған және өзі талай рет азшылықта қалған Интернационалда партиялық тәртіпке үлгілі түрде бағынған Марксті де бұл жерде атап өтуге болады**.

Ескі үйірме бекітілмегеннен кейін-ақ Мартовтың және оның әріптестерінің қызметтен бас тартуы, қоршау жағдайына және Мартовқа «Южный рабочий» мен «Рабочее Делоны» таратқанда қадірлі болмай, *өз* коллегиясын таратқанда қадірлі бола қалған «жеке топтарға қарсы» ерекше заңдарға шағым жасауы — азшылықта қалған интеллигенттің дәл осындай егіле қыңсылауы болды және бұдан басқа түк те емес еді.

Мартовтың бастап беруімен біздің партия съезінде *** (съезден кейін одан да күшті) тасқын судай ағытылған «тұтас көпшілік» жөніндегі осы ұшы-қиыры жоқ шағым жасаудың, кінә тағудың, оспақтаудың, сөге жамандаудың, өсек айтудың және жала жабудың бәрі — азшы-

---

* Біздің мартовшылдардың Акимовқа және *орынсыз* демократизмге бет бұрып, сонымен қатар *редакцияны демократиялық жолмен сайлауға, съезде* сайлауға, жұрттың бәрі күн ілгері белгіленген сайлауға *өшігуі* олардың барлық ұйымдық мәселелерге енгізген былығын өте-мөте айқын сипаттайды! Бұл да, мүмкін, сіздердің *принциптеріңіз* болар мырзалар?

** *Karl Kautsky:* «Franz Mehring», «Neue Zeit», XXII, I, S. 99—101, 1903, № 4 (*Карл Каутский:* «Франц Меринг», «Жаңа Заман», XXII, I, 99—101-беттер, 1903, № 4, *Ред.*).

*** Қараңыз: съезд протоколдары, 337, 338, 340, 352 және басқа беттер.

лықта қалған интеллигенттердің дәл осындай егіле қынжылуы болды.

Тұтас көпшіліктің жеке жиналыстары болғанына азшылық қатты ренжіді: азшылық өзінің жеке жиналыстарына шақырған делегаттар бұл жиналыстарға барудан бас тартқанын, ал құлшына баратындарды (Егоровтарды, Маховтарды, Брукэрлерді), бұл екі жақтың арасында съезде болған күрестен кейін, азшылықтың шақыруы мүмкін болмағанын,— өзіне ұнамсыз осы бір фактіні азшылықтың, шынында да, бірдеңемен бүркемелеуі керек болды.

«Оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыпқа» олар қатты ренжіді: антиискрашылдардың соңынан тым жиі ерген *нақ сол оппортунистердің,* ішінара антиискрашылдардың өздерінің де тұтас азшылық болып құралғанын, мекемелердегі үйірмешілдікті, ой-пікірдегі оппортунизмді, партиялық істегі тоғышарлықты, интеллигенттік солқылдақтық пен жылауықтықты мейлінше қолдағанын — осы бір ұнамсыз фактіні, шынында да, бірдеңемен бүркемелеу керек болды.

Съезд аяғында «тұтас көпшіліктің» құрылуы сияқты өте көңіл бөлерлік *саяси фактінің* мәнісі неде екенін, жұрт қаншама жауап күтсе де, бұл көпшіліктің құрылу *себептері* мен *тарихы* туралы мәселеден азшылықтың неліктен өлердей *қашатынын* біз келесі параграфта көрсетеміз. Бірақ әуелі съездегі жарыс сөзге талдау жасап болайық.

Орталық Комитетті сайларда Мартов жолдас ерекше сипаты бар қарар ұсынды (336-бет), оның негізгі үш белгісін мен кезінде «үш жүрісте мат қою» деп атаған едім. Бұл белгілер мынау: 1) Орталық Комитетке ұсынылған жеке кандидаттар дауысқа қойылмайды, кандидаттардың *тізімдері* дауысқа қойылады; 2) тізімдер оқылғаннан кейін екі мәжіліс былайша өткізіледі (сірә, талқылау үшін болса керек); 3) басым көпшілік болмаған жағдайда екінші рет дауысқа қою түпкілікті болып танылады. Бұл қарар — тамаша ойластырылған стратегия (қарсыласың жөнінде де әділін айту керек!), Егоров жолдас бұл қарармен келіспеді (337-бет), бірақ, *егер бундшылдар мен рабоче-делошылдардың жетілігі*

съезден кетіп қалмаса, бұл стратегия Мартовтың толық жеңуін *әлбетте* қамтамасыз еткен болар еді. Бұл стратегияның мәнісі мынау: искралық азшылықтың тек Бундпен және Брукэрмен ғана емес, *сондай-ақ Егоров және Махов жолдастармен де* «тікелей келісімі» *болған жоқ және болуы да мүмкін емес еді* (искралық көпшілікте мұндай келісім болды).

Лига съезінде Мартов жолдастың: «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айып» менің Бундпен тікелей келісім жасауымды көздеді-міс деп жылағанын еске түсіріңіздерші. Қайталап айтамын, Мартов жолдасқа қорыққандықтан солай болып көрінген, шынында *Егоров жолдастың тізімдерді дауысқа қоюға келіспеуінің өзі-ақ* (Егоров жолдас «өз принциптерін әлі жоғалтқан жоқ», бұл принциптер демократиялық кепілдемелердің шын мәніне баға беру жөнінде оны Гольдблатпен бірігуге көндірсе керек) *«тікелей келісім» туралы тіпті Егоровпен екі арада да сөз болуы мүмкін емес* екені жайындағы осындай зор маңызы бар фактіні *айқын* көрсетеді. Бірақ Егоровпен де, Брукэрмен де *коалиция* жасалуы мүмкін еді және жасалды да, мартовшылдар бізбен елеулі түрде жанжалдасқан сайын, Акимовке және оның достарына *пәленің ең азын* қалауға тура келген сайын, олардың мартовшылдарды қолдауының *қамтамасыз етілуі* мағынасында коалиция жасалды. *Пәленің ең азы* есебінде, *искрашылдарды мақсаттарына нашар жеткізетін* құрал есебінде (қараңыз: Акимовтың 1-параграф туралы сөзі және оның Мартовқа «үміт артуы»), *Акимов және Либер жолдастар Орталық Органға ұсынылған алтылықты да, Мартовтың Орталық Комитетке ұсынған тізімін де сөзсіз қалап алатынына* титтей де күмән болған жоқ және болмайды да. Тізімдерді дауысқа қою, екі мәжілісті өткізіп жіберу және қайтадан дауысқа қою — ешбір тікелей келісім жасамай-ақ, бәрін дерлік дәлме-дәл келтіріп, нақ осы нәтижеге жету үшін алдын ала белгіленген амал еді.

Бірақ біздің тұтас көпшілік тұтас көпшілік болып қалғандықтан,— Мартов жолдастың айналма жолы тек қана істі созбидаға салу болды, сондықтан біз оны қабылдай алмадық. Азшылық хат арқылы (мәлімдемеде,

341-бет) бұған шағым жасады, «сайлау өткізілгендегі жағдайларды ескеріп», *Мартынов пен Акимовтың үлгісі бойынша, дауыс беруден* және Орталық Комитетті сайлаудан *бас тартты*. Сайлау жағдайы дұрыс болмады-мыс деген бұл шағымдарын олар (қараңыз: «Қоршау жағдайы», 31-бет) съезден кейін партиядағы жүздеген жолбикелерге оңды-солды айта берді. Бірақ мұндағы *дұрыс болмаған* не? Жасырын дауысқа салғандық па? — бұл съезд регламентінде күн ілгері белгіленген болатын (6-параграф, протоколдардың 11-беті) және оны «екіжүзділік» немесе «әділетсіздік» деп білу күлкі болар еді. Жылауық интеллигенттерге «құбыжық» болып көрінетін тұтас көпшіліктің құрылуында ма? Әлде съезд сайлауларының бәрін танитындықтары туралы съезд алдында берген *сөздерін* (380-бет, съезд уставының 18-параграфы) осы құрметті интеллигенттердің *бұзғысы келген орынсыз* тілегінде ме?

Попов жолдас бұл тілекті *eптеп* аңғартып, сайлау күні съезде былай деп тікелей сұрақ қойды: «Егер қатысушылардың қақ жартысы дауыс беруден бас тартса, съезд шешімінің күшін сақтайтынына және заңды болатынына бюро сене ме?» *. Бюро, әрине, сенетінін айтып жауап берді және Акимов, Мартынов жолдастармен болған жанжалды еске салды. Мартов жолдас бюроның пікіріне қосылды және Попов жолдастың қателесетінін, *«съезд шешімдері заңды»* (343-бет) екенін ашық мәлімдеді. *Партия алдында жасалған бұл мәлімдемені* съезден кейінгі қылығымен және *«партияның қақ жартысының съезде-ақ басталған көтерілісі»* (20-бет) туралы «Қоршау жағдайындағы» сөздерімен салыстырғанда айқын көрінетін осы,— өзінше, әбден жөні бар,— саяси дәйектілік жайында оқушының өзі төрелік айтсын. Акимов жолдастың Мартов жолдасқа артқан үміті Мартовтың өзінің ең ізгі өткінші ниетінен асып түсті.

«Сен жеңдің», Акимов жолдас!

---

* 342-бет. Бұл арада Советке бесінші мүше сайлау туралы айтылып отыр. 24 записка (барлығы 44 дауыс) берілді, оның ішінде екеуі ақ күйінде келді.

* *
*

Қазір мәңгілік қайғылы-күлкілі мағына беріліп отырған «қоршау жағдайы» туралы атышулы сөздің қаншалықты «қорқынышты сөз» болғанын съездің *аяқ кезіндегі,* сайлаудан *кейінгі* аяқ кезіндегі түріне қарағанда ұсақ, бірақ мәні жағынан аса маңызды кейбір оқиғалар сипаттай алады. Мартов жолдас қазір осы қайғылы-күлкілі «қоршау жағдайын» аузынан тастамай, өзінің ойдан шығарған бұл құбыжығын — «көпшіліктің» «азшылықты» бейне бір орынсыз қудалауы, азаптауы, шалдықтыруы деп көрсетіп, өзін де, оқушыларды да сендіруге шынымен-ақ тырысуда. Съезден *кейін* істің жайы қалай болғанын біз қазір көрсетеміз. Бірақ тіпті съездің аяқ кезін алсаңыз да «тұтас көпшіліктің» *сайлаудан кейін* бақытсыз, шалдыққан, жәбірленген және дарға асуға апарыла жатқан мартовшылдарды қудаламағаны былай тұрсын, қайта, оларға протокол комиссиясындағы *үш орынның екеуін өзі ұсынғанын* (Лядов арқылы) өздеріңіз көресіздер (354-бет). Тактикалық және басқа мәселелер жөніндегі қарарларды (355 және келесі беттер) алсаңыз да, мәселенің іскерлікпен қаралып, шын мәнінде талқыланғанын, қарарларды ұсынған жолдастардың қойған қолдары арасында құбыжық тұтас «көпшілік» өкілдерінің де, «кемсітілген және қорланған» «азшылық» жақтастарының да қолдары алма-кезек кездесетінін көресіз (протоколдардың 355, 357, 363, 365, 367-беттері). Расында да, мұның өзі «жұмыстан шеттеткендікке» және басқа қандай да болсын «шалдықтырғандыққа» қаншалық ұқсайды?

Бірден-бір көңіл бөлерлік, бірақ, амал не, өте қысқа дау, іс жүзінде, либералдар туралы Старовер ұсынған қарар жөнінде туды. Астына қойылған қолдарға қарағанда (357 және 358-беттер), съезд бұл қарарды қабылдаған, себебі — «көпшілік» жағындағылардың үшеуі (Браун, Орлов, Осипов) екі қарардың арасындағы бітіспейтін қайшылықты көрмей, *Старовердің қарарын да,* Плехановтың қарарын да *жақтап* дауыс берген. Былайша қарағанда, бұл екеуінің арасында бітіспейтін қайшылық жоқ сияқты, өйткені Плехановтың қарары

жалпы принципті белгілейді, *Россиядағы буржуазиялық либерализм* жөніндегі белгілі принциптік және тактикалық көзқарасты білдіреді, ал Староведің қарары «либералдық немесе либерал-демократиялық ағымдармен» *«уақытша келісімдер» жасауға жол берудің нақты шарттарын* белгілеуге тырысады. Екі қарардың тақырыбы екі түрлі. Бірақ Старовер ұсынған қарардың кемшілігі — *саяси бытыраңқылығында*, сондықтан ол ұсақ және ұсақшыл болып шыққан. Ол *орыс либерализмінің таптық мазмұнын ашып көрсетпейді*, оны білдіретін *белгілі бір* саяси ағымдарды атап айтпайды, ол пролетариатқа оның осы бір белгілі ағымдар жөнінде жүргізетін насихаты мен үгітінің *негізгі* міндеттерін түсіндірмейді, ол студенттер қозғалысы мен «Освобождение» сияқты әр түрлі нәрсені шатастырады (өзінің бытыраңқылығы себепті), ол «уақытша келісімдер» жасауға жол ашатын нақты *үш* шартты тым ұсақтықпен, жалтармалап ұсынады. Басқа да көптеген реттердегідей, бұл ретте де саяси бытыраңқылық жалтармаға бастайды. Жалпы принциптің жоқтығы және «шарттарды» санап көрсетуге әрекеттену бұл шарттарды ұсақтап көрсетуге және, қатаң айтсақ, *теріс* көрсетуге апарып соғады. Шынында да, Староведің мына үш шартын алып қараңыздаршы: 1) «либералдық немесе либерал-демократиялық ағымдар» «өздерінің самодержавиелік үкіметке қарсы күресінде Россия социал-демократиясының жағына батыл шығатындығын екіұшты мағына бермейтіндей етіп айқын мәлімдеуге» тиіс. Либералдық және либерал-демократиялық ағымдардың бір-бірінен айырмасы неде? Бұл сұраққа жауап қайтару үшін қарарда ешбір материал жоқ. Айырмасы — либералдық ағымдар саяси жағынан прогресшілдігі неғұрлым кем буржуазия топтарының позициясын корсететіндігінде, ал либерал-демократиялық ағымдар буржуазия мен ұсақ буржуазияның ең прогресшіл топтарының позициясын көрсететіндігінде емес пе? Егер осылай болса, онда Старовер жолдас прогресшілдігі неғұрлым кем (бірақ сонда да прогресшіл, әйтпесе либерализм туралы сөз қылуға болмас еді) буржуазия топтарының «социал-демократия жағына батыл шығуы» мүмкін деп есептегені

ме?? Бұл — сорақылық, ал егер мұндай ағымның өкілдері *«мұны екіұшты мағына бермейтіндей етіп айқын мәлімдеген»* күнде де (мүлде мүмкін емес жорамал), біз, пролетариат партиясы, олардың мәлімдемелеріне *сенбеуге міндетті болар едік.* Либерал болу және социал-демократия жағына батыл шығу,— бір-бірімен тіпті сыйыса алмайды.

Содан соң. «Либералдық немесе либерал-демократиялық ағымдар» өздерінің самодержавиеге қарсы күресінде *социалист-революционерлер* жағына батыл шығатынын екіұшты мағына бермейтіндей етіп айқын мәлімдей қойсын делік. Староверділ жорамалына қарағанда, бұл жорамалдың іске аспау мүмкіндігі анағұрлым кемірек (социалист-революционерлер бағытының буржуазиялық-демократиялық мәні болғандықтан). Старовер қарарының мағынасы бойынша, оның бытыраңқылығы мен жалтақтығы себепті, *мұндай ретте* ондай либералдармен *уақытша келісім жасауға болмаса* керек. Оның бер жағында, Старовер жолдастың қарарынан сөзсіз туатын бұл қорытынды *мүлде теріс* қағидаға әкеліп соғады. Социалист-революционерлермен де (съездің олар туралы қарарын қараңыз), *демек,* социалист-революционерлер жағына шығатын либералдармен де уақытша келісімдер жасасуға болады.

Екінші шарты: егер бұл ағымдар «өз программаларында жұмысшы табының және, жалпы алғанда, демократияның мүдделеріне қайшы келетін немесе бұл мүдделерді түсінуді күңгірттендіретін талаптар қоймаса». Бұл жерде де сол қате: өз программаларында жұмысшы табының мүдделеріне қайшы келетін және оның (пролетариаттың) санасын күңгірттендіретін талаптар қоймаған либерал-демократиялық ағымдар ешқашан болған емес және болуы мүмкін емес. Тіпті біздің либерал-демократиялық ағымның ең демократияшыл фракцияларының бірі — социалист-революционерлер фракциясы өзінің барлық либералдық программалар сияқты, бытысқан программасында жұмысшы табының мүдделеріне қайшы келетін және оның санасын күңгірттендіретін талаптар қойып отыр. Бұл фактіден уақытша келісімдер жасауға жол беруге болмайды деген қоры-

тынды емес, «буржуазияның азаттық қозғалысының тар өрістілігі мен жеткіліксіздігін әшкерелеу» *қажет* деген қорытынды шығару керек.

Ақырында, Старовер жолдастың үшінші «шарты» да (жалпыға бірдей, тең, жасырын және төте сайлау правосын либерал-демократтар өз күресінің ұраны етіп алсын деген шарт) бұл жалпылама қойылысында *дұрыс емес:* цензді конституция, жалпы алғанда, «шолақ» конституция ұранын көтерген либерал-демократиялық ағымдармен ешбір уақытша келісімдер және жеке келісімдер жасасуға болмайды деп жариялау *ақылсыздық болар еді.* Асылында, «освобождениешіл» мырзалардың «ағымы» нақ осы жерге дәл келер еді, бірақ ең жасқаншақ либералдармен болса да «уақытша келісімдер» жасауға күн ілгері тыйым салып, өз қолыңды өзің байлау марксизм принциптерімен сыйыспайтын саяси өресіздік болар еді.

Қорытынды: Мартов және Аксельрод жолдастар да қол қойған Старовер жолдастың қарары *қате,* сондықтан үшінші съезд оны қабылдамай тастаса, өте дұрыс істейді. Оның теориялық және тактикалық позициясында — *саяси бытыраңқылық,* ол талап етіп отырған практикалық «шарттарда» жалтару бар. Ол *екі мәселені:* 1) *қандай да болсын* либерал-демократиялық ағымның «революцияға қарсы және пролетариатқа қарсы» сипаттарын әшкерелеуді және осы сипаттарға қарсы *күрес жүргізу* міндеттілігін және 2) бұл ағымдардың қандайымен болса да уақытша және жеке *келісімдер* жасау *шартын шатастырып жіберген.* Онда керегі (либерализмнің таптық мазмұнын талдау) айтылмаған, ал керек емесі («шарттарды» алдын ала белгілеу) айтылған. Белгілі бір контрагент — мұндай мүмкіндігі бар келісім жасасатын субъект жоқта, жалпы алғанда, партия съезінде уақытша келісімдердің нақты «шарттарын» белгілеудің өзі өрескел нәрсе; мұндай «субъект» бар болған күннің өзінде де, уақытша келісім «шарттарын» белгілеуді партияның орталық мекемелерінің еркіне берген жүз есе тиімді болар еді, социалист-революционер мырзалардың «ағымы» жөнінде съезд осылай істеді де (Аксельрод жолдас ұсынған карардың аяғын Пле-

хановтың қалай өзгерткенін қараңыз, протоколдардың 362 және 15-беттері).

Плеханов қарарына «азшылықтың» қарсылық білдіруіне келетін болсақ, онда Мартов жолдастың бірденбір дәлелі мынау еді: Плеханов қарары «болмашы қорытындымен тынады: бір әдебиетшіні әшкерелеу керек екен. Бұл — «шыбынға шоқпар ала жүгіргендік» болмай ма? (358-бет). Пікір тапшылығын «болмашы қорытынды» деген шайпау сөзбен бүркемелеген бұл дәлел бізге қыңыр сөздің жаңа үлгісін көрсетіп отыр. Біріншіден, Плеханов қарарында «буржуазияның азаттық қозғалысының тар өрістілігі мен жеткіліксіздігі қай жерде көрінсе де, бұл тар өрістілік пен жеткіліксіздікті барлық жерде пролетариат алдында әшкерелеп отыру» туралы айтылған. Сондықтан Мартов жолдастың «барлық назар жалғыз Струвеге, жалғыз либералға аударылуы керек» деуі (Лига съезінде, протоколдар, 88-бет) — барып тұрған бос сөз. Екіншіден, орыс либералдарымен уақытша келісім жасау мүмкіншілігі туралы сөз болып отырғанда, Струве мырзаны «шыбынға» теңеу жұртқа мәлім саяси ақиқатты шайпау сөзге құрбан еткендік болады. Жоқ, Струве мырза шыбын емес, саяси тұлға және ол өз басының аса ірі тұлға болғандығынан саяси тұлға болып отырған жоқ. Оны саяси тұлға етіп отырған — оның позициясы, орыс либерализмінің, бұл астыртын дүниеде азды-көпті бірдеңе істей алатын және ұйымдасқан либерализмнің бірден-бір өкілінің позициясы. Сондықтан орыс либералдары туралы және біздің партияның оларға көзқарасы туралы сөз қылғанда, нақ осы Струве мырзаны, дәл осы «Освобождениені» еске алмау — түк айтпау үшін сөйлеу болады. Немесе, мүмкін, Мартов жолдас қазіргі уақытта «Освобождение» ағымымен Россияда титтей де болса теңесе алатын *тым болмаса бірден-бір жалғыз* «либералдық немесе либерал-демократиялық ағымды» көрсетуге әрекет жасар? Мұндай әрекетті көрудің өзі қызық болар еді! *

* Лига съезінде Мартов жолдас Плеханов жолдастың қарарына қарсы тағы да мынадай дәлел келтірді: «Оған қарсы айтылатын негізгі пікір, бұл қарардың негізгі кемшілігі мынау: біздің міндетіміз — самодержавиеге қарсы күресте либерал-демократиялық элементтермен одақ жасаудан қашпау екенін бұл қарар мүлде елемейді. Ленин жол-

Костров жолдас Мартов жолдасты қолдап: «Струвенің есімі жұмысшыларға түк емес» — деді. Костров жолдас пен Мартов жолдасқа ашуланғандықтан айтылған сөз болмасын, бұл дәлел — құдды Акимовтың дәлелі. Мұның өзі ілік жалғауындағы пролетариат сияқты [112].

Қандай жұмысшыларға «Струвенің есімі түк емес» (Плеханов жолдастың қарарында Струве мырзаның есімімен қатар аталған «Освобожденеенің» аты да түк емес пе)? Россиядағы «либералдық және либерал-демократиялық ағымдармен» таныстығы өте аз немесе тіпті таныс емес жұмысшыларға бұл түк емес. Мұндай жұмысшыларға біздің партия съезі қалай қарауы керек: партия мүшелеріне бұл жұмысшыларды Россиядағы бірден-бір анық либералдық ағыммен таныстырыңдар деп тапсыруға тиіс пе? әлде жұмысшылардың саясатпен аз таныс болуы себепті, оларга таныстығы шамалы есім туралы *үндемеуге* тиіс пе? деген сұрақ туады. Егер Костров жолдас Акимов жолдастың соңына еріп, бір қадам аттағаннан кейін, екінші рет аттағысы келмесе, онда ол бұл мәселені алғашқы мағынада шешсе керек. Ал алгашқы мағынада шешсе, ол өз дәлелінің қаншалықты дәйексіз болғанын көреді. *Қалай болғанда да,* Плеханов қарарындағы: «Струве» және «Освобождение» деген сөздер жұмысшыларға Старовер қарарындағы: «либералдық және либерал-демократиялық ағым» деген сөздерден әлдеқайда есе артық түсінік *бере алады.*

Орыс жұмысшысы біздегі либерализмнің азды-көпті айқын саяси тенденцияларымен қазіргі уақытта тек

дас мұндай тенденцияны мартыновтық тенденция деп атар еді. Жаңа «Искрада» бұл тенденция қазірдің өзінде көрініп отыр» (88-бет).

Бұл пассус — өзінің молдығы жағынан өте сирек кездесетін «кереметт сөздердің» жинағы. 1) Либералдармен *одақ* жасау туралы сөздер — барып тұрған былықтыру. Одақ туралы ешкім ештеңе деген жоқ қой, Мартов жолдас, тек уақытша немесе жеке келісімдер туралы ғана айтылды. Бұл екеуінің зор айырмасы бар. 2) Егер Плеханов қарарында мүмкіндігі жоқ «одақты» жоққа шығарып, тек жалпы «қолдау» туралы айтса, онда бұл — қарардың кемшілігі емес, қайта, артықшылығы. 3) «Мартыновтық тенденциялардың», жалпы алғанда, қандай екенін Мартов жолдас бізге түсіндіріп бермес пе екен? Бұл тенденциялардың оппортунизмге қандай қатынасы барлығын ол бізге айтып бермес пе екен? Уставтың бірінші параграфына бұл тенденциялардың қандай қатынасы барлығын ол байқап көрмес пе екен? 4) «Мартыновтық тенденциялардың» «жаңа» «Искрада» неден көрінгенін Мартов жолдастан есіткім келіп, мен барынша асыға күтудемін. Мартов жолдас, мені асыға күту азабынан құтқара көріңіз!

«Освобождение» арқылы ғана іс жүзінде таныса алады. Либералдық жария әдебиет нақ өзінің бұлдырлығынан бұл жерде іске аспайды. Сондықтан төңкерістің демократиялық сипатын кеміту жөнінде освобождениешіл мырзалардың сөзсіз жасайтын әрекеттерін келешек революция кезінде орыс пролетариаты нағыз қарулы сынмен іске асыртпауы үшін біз өзіміздің сынымыздың қаруын освобождениешілдерге қарсы мүмкіндігіне қарай барынша қатты жұмсауымыз керек (және жұмысшылардың неғұрлым қалың бұқарасы алдында жұмсауымыз керек).

Оппозициялық және революциялық қозғалысты біздің «қолдауымыз» туралы мәселе жөнінде Егоров жолдастың жоғарыда мен көрсеткен «таңдануынан» басқа, қарарлар туралы жарыс сөзде қызықты материал болмады, тіпті жарыс сөздің өзі де болмады дерлік еді.

Председатель съезд қаулылары партия мүшелерінің бәріне міндетті екенін ескертті, осымен съезд аяқталды.

н) СЪЕЗДЕГІ КҮРЕСТІҢ ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ. ПАРТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОППОРТУНИСТІК ҚАНАТЫ

Съездегі жарыс сөзге және дауыс беруге талдау жасап болғаннан кейін, біз енді қорытынды жасауға тиіспіз, сөйтіп *бүкіл* съезд материалы негізінде: сайлауда өзіміз көрген және біраз уақыт партиядағы бөлінуіміздің негізгі себебі болған түпкілікті көпшілік пен азшылық қандай элементтерден, топтардан, сарындардан құрылды?— деген сұраққа жауап беруіміз керек. Принциптік, теориялық және тактикалық сарындар жөніндегі бүкіл материалға қорытынды жасау қажет, ал мұндай материал съезд протоколдарында мол берілген. Бүкіл съездің және дауыс беру кезіндегі барлық басты-басты жіктердің жалпы «жиынтығын» шығарып, жалпы бейнесін жасап алмайынша, бұл материал тым бөл-

шекті, шашыранды болып қала береді, сондықтан, алғаш қарағанда, әсіресе съезд протоколдарын өз бетімен және жан-жақты *зерттеуге* күш салып көрмеген адамға белгілі бір жіктер кездейсоқ нәрсе болып көрінеді (ал өз бетімен және жан-жақты зерттеуге күш салған оқушылар көп пе?).

Ағылшын парламентінің есептерінде division — бөліну деген кәнігі сөз жиі кездеседі. Белгілі бір мәселені дауысқа қою жөнінде: палата пәлендей көпшілік пен азшылыққа «бөлінді» деседі. Съезде қаралған әр түрлі мәселелер жөнінде біздің социал-демократиялық палатаның «бөлінуі» партиядағы ішкі күрестің *толықтығы мен дәлдігі жағынан таптырмайтын бірден-бір* көрінісін, күрестің сарындары мен топтарының көрінісін көрсетіп береді. Бұл көріністі айқын ету үшін, бір-бірімен байланысы жоқ, бөлек-бөлек, дара-дара фактілер мен фактісымақтардың үйме-жүймесін емес, нағыз *көрініс* жасау үшін, жекелеген дауысқа қоюлар туралы (кім кімді жақтап дауыс берді, кім кімді қолдады?— деген) ұшы-қиыры жоқ, мағынасыз таластарды тоқтату үшін, мен біздің съездегі «бөлінулердің» *барлық негізгі* типтерін *диаграмма* түрінде көрсетіп беруді ұйғардым. Мұндай әдіс өте көп адамдарға, бәлкім, ерсі болып көрінер, бірақ шын жинақтап, қорытынды жасап, мүмкіндігіне қарай неғұрлым толық әрі мейлінше дәл баяндаудың бұдан өзге әдісін табуға болар ма екен, бұған менің шүбәм бар. Белгілі бір ұсынысқа қай делегат қарсы немесе жақтап дауыс берді,— мұны атап дауысқа қоюдан дәл анықтауға сөзсіз болады, ал кейбір атамай дауысқа қоюлардың маңыздылары жөнінде мұны протоколдар арқылы білуге болады, бұл шамаға мейлінше жуық, ақиқатқа барынша жақын келеді. Егер бұл ретте атап дауысқа қоюлардың *бәрін* және азды-көпті маңызы бар (мәселен, жарыс сөздің толықтығына және қызулығына қарай) мәселелер туралы атамай дауысқа қоюлардың бәрін еске алсақ, онда біздің партия ішіндегі күресіміз, қолда бар материал бойынша, барынша объективті түрде суреттелген болады. Біз бұл ретте фотографиялық суреттің, яғни әрбір дауысқа қоюды жеке алып суреттеудің орнына көріністі көрсетуге, яғни да-

уысқа қоюлардың барлық басты-басты *типтерін* келтіруге тырысып отырмыз, ал біршама маңызсыз шегіністер мен өзгешеліктерді тастап кеттік, өйткені бұлар істі тек қана былықтырар еді. Қалай болғанда да, кім де болса біз жасаған көріністегі әрбір белгіні протоколдарға сүйеніп тексере алады, қандай да болсын жеке дауысқа қоюмен толықтыра алады, қысқасы, бұл көріністі пікір айту, шүбә келтіру, бірен-саран кемшіліктерін көрсету арқылы ғана емес, осы материалдың негізінде *басқа көрініс* жасау арқылы да сынай алады.

Дауысқа қоюға қатысқан әрбір делегатты диаграммаға енгізе отырып, съездегі бүкіл айтыс үстінде өзіміз толық байқап отырған негізгі төрт топты айрықша сызықпен белгілейміз, атап айтқанда, олар мыналар: 1) көпшілік искрашылдар; 2) азшылық искрашылдар; 3) «центр» және 4) антиискрашылдар. Бұл топтардың арасындағы принциптік сарындардың айырмасын біз *толып жатқан мысалдардан* көрдік, егер бұраң жолмен әуестенушілерге «Искра» ұйымы мен «Искра» бағытын тым айқын еске салатын топтардың *аттары* кейбіреулерге ұнамаса, онда біз оларға істің мәні атында емес екенін айтамыз. Енді біз съездің *барлық* айтыстарында сарындарды әбден байқағаннан кейін, орныққан дағдылы (кейбіреулердің құлағына жағымсыз) партиялық лақап аттардың орнына *топтар арасындағы сарындардың мәнін* сипаттауды оп-оңай қолдануға болады. Осылай өзгерткенде жоғарыда айтылған төрт топтың аттары мынадай болады: 1) дәйекті революцияшыл социал-демократтар; 2) кіші оппортунистер; 3) орташа оппортунистер; 4) үлкен оппортунистер (біздің орыс көлемінде үлкендер). Біраз уақыттан бері өздерін де, өзгелерді де: «искрашыл» деген тек «үйермеге» ғана арналған ат, *бағыт* емес деп сендіріп жүргендерді бұл аттар көп ашуландырмас деп сенеміз.

Ұсынылып отырған диаграммаға дауыс берудің қандай типтерінің «түсірілгенін» егжей-тегжейлі баяндауға кірісейік («Съездегі күрестің жалпы көрінісі» деген диаграмманы қараңыз).

Дауыс берудің бірінші типі (А) искрашылдар мен «центр» бірігін, антиискрашылдарға немесе олардың

СЪЕЗДЕГІ КҮРЕСТІҢ ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ



+ және — белгілерімен жазылған цифрлар белгілі бір мәселе жөнінде *жақтап* немесе *қарсы* берілген дауыстардың жалпы санын көрсетеді. Сызықтардың астындағы цифрлар төрт топтың әрқайсысындағы дауыстардың санын көрсетеді. А — Д типтерінің дауыс берудің қандай түрлерін көрсететіні текстте баяндалған.



бір бөлігіне қарсы болған реттерді көрсетеді. Бұған кіретіндер программаны тұтас дауысқа қою (жалғыз Акимов жолдас қалыс қалды, басқалары жақтады), федерацияға қарсы принциптік қарарды дауысқа қою (бес бундшылдан басқалары түгел жақтады), Бунд уставының 2-параграфын дауысқа қою (бізге бес бундшыл қарсы болды, бес кісі: Мартынов, Акимов, Брукэр және екі даусы бар Махов қалыс қалды, басқалары бізбен бірге болды); *А диаграммасында, міне, осы дауысқа қою көрсетіледі.* Одан соң «Искраны» партияның Орталық Органы етіп бекіту мәселесі жөніндегі *үш рет* дауысқа қою да осы типте болды; редакция (бес дауыс) қалыс қалды, үш рет дауысқа қоюдың бәрінде де екі дауыс (Акимов пен Брукэр) қарсы болды және мұның сыртында, «Искраны» бекіту *дәлелдерін* дауысқа қойғанда бес бундшыл мен Мартынов жолдас қалыс қалды *.

Дауысқа қоюлардың талданып отырған типі: съезд «центрі» искрашылдармен қай уақытта бірге болды? деген өте қызық әрі маңызды сұраққа жауап береді. Не *антиискрашылдардың да* біразынан басқасы *біз жақта болғанда* (программаны қабылдау, дәлелдерге қарамастан, «Искраны» бекіту), не белгілі бір саяси позиция ұстауға әлі тікелей міндеттемейтін *мәлімдемелер* туралы сөз болғанда («Искраның» ұйымдық жұмысын тану оның жеке топтар жөніндегі ұйымдық саясатын жүзеге асыруға міндеттемейді; федерацияны қабыл алмау федерацияның нақты жобасы туралы мәселе жөнінде қалыс қалуға кедергі келтірмейді, мұны біз Махов жолдастың мысалынан көрдік) съезд «центрі» искрашылдармен бірге болды. Жоғарыда біз, жалпы, съездегі жіктердің маңызы туралы сөз қылғанда, ресми «Искраның» ресми баяндауында бұл мәселенің қаншалықты теріс көрсетілгенін байқадық, «Искра» (Мартов жол-

* Диаграммада суреттеу үшін Бунд уставы 2-параграфының дауысқа қойылуы не себепті алынды? Себебі — «Искраны» тану жөніндегі дауысқа қою толық емес, ал программа мен федерация жөніндегі дауысқа қою онша анықталмаған нақты саяси шешімдер жайында болды. Жалпы алғанда, *біртекті* дауысқа қоюлардың қайсысын болса да қалап алу көріністің негізгі сипатын ешбір өзгертпейді, бұлай екендігіне әрбір адам тиісті өзгерістер енгізу арқылы оңай-ақ көз жеткізеді.

дастың сөзі арқылы) искрашылдар мен «центр» арасындағы, дәйекті революцияшыл социал-демократтар мен оппортунистер арасындағы айырмашылықты *өшіріп, бүркемелейді, бұған антиискрашылдардың да бізбен бірге болған кездерін* сылтау қылады! Тіпті социал-демократиялық партиялардағы неміс және француз оппортунистерінің ең «оңшылдары» да *программаны тұтас тану* сияқты пункттерге қарсы дауыс бермейді.

Дауысқа қоюлардың екінші типі (Б) дәйекті және дәйексіз искрашылдар бірігіп, барлық антиискрашылдар мен бүкіл «центрге» қарсы болған реттерді көрсетеді. Мұндай реттер, негізінен, искралық саясаттың нақты-айқын жоспарларын жүзеге асыру туралы, «Искраны» *тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде* тану туралы әңгіме болған уақыттағы мәселелерде кездесті. Бұған кіретіндер: *Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал,** Бундтың партиядағы жағдайы туралы мәселені бірінші орынға қою, «Южный рабочий» тобын тарату, аграрлық программа туралы екі рет дауысқа қою және, ақырында, алтыншыдан, орыс социал-демократтарының шетелдік Одағына («Рабочее Делоға») *қарсы* дауыс беру, яғни Лиганы партияның шетелдегі бірден-бір ұйымы деп тану. Ескі, партиядан бұрынғы үйірмешілдік, оппортунистік ұйымдардың немесе топсымақтардың мүдделері, марксизмді саяз түсінушілік бұл арада революцияшыл социал-демократияның принцип жағынан ұстамды әрі дәйекті саясатына қарсы күресті; азшылық искрашылдар біргалай реттердс, біргалай аса маңызды (Ұйымдастыру Комитетінің, «Южный рабочийдің» және «Рабочее Делоның» көзқарасы тұрғысы-

---

* Б диаграммасында нақ осы дауысқа қою суреттелді: искрашылдардың 32 даусы болды, бундшылдың қарарына 16 дауыс берілді. Ескертіп өтейік: бұл типтегі дауысқа қоюлардың ішінде *бір рет те* атап дауысқа қою болған жоқ. Делегаттардың бөлінуін екі түрлі мәлімет шындыққа мейлінше жақын етіп көрсетеді: 1) жарыс сөздерде искрашылдардың екі тобының шешендері де жақтап сөйлеген, ал антиискрашылдар мен «центр» шешендері қарсы сөйлеген; 2) *«жақтап»* берілген дауыстардың саны қай уақытта болса да 33 деген цифрға тым жақын келіп отырады. Мұнымен қатар, съездегі жарыс сөздерді талдай отырып, «центрдің» антиискрашылдармен (оппортунистермен) қосылып, бізге қарсы болған кездерін, дауысқа қоюдан басқа да, *әлденеше* оқиғаларды атап көрсеткенімізді ұмытпау керек. Бұған кіретіндер: демократиялық талаптардың ерекше бағасы туралы, оппозициялық элементтерді қолдау туралы, централизмді тежеу туралы мәселелер, т. т.

нан маңызды) дауыс берулерде әлі де бізбен бірге болған еді,.. *олардың өз* үйірмешілдігі, олардың өз дәйексіздігі сөз болғанға дейін бізбен бірге болған еді. Талданып отырған типтегі «бөліну» мынаны айқын көрсетеді: біздің принциптерімізді жүзеге асыру жөніндегі бірталай мәселелерде *«центр» антиискрашылдармен бірге болды*, бізден гөрі, оларға неғұрлым жақын, социал-демократияның *революциялық* қанатынан гөрі, *оппортунистік* қанатына *іс жүзінде* анағұрлым бейім болды. «Искрашылдар» деп *аталып*, искрашыл *болуға* ұялғандар өз сырларын ашып алды, сөйтіп болмай қоймайтын күрес көп наразылық туғызды. Мұның өзі аз ойлап, көп әсерленетін адамдардан бұл күресте ашылатын принциптік сарындардың мәнін бүркемеледі. Ал қазір, күрестің қызуы біраз басылып, протоколдар толып жатқан қызу шайқастардың объективтік мазмұндамасы болып қалғанда, Махов, Егоровтардың Акимов, Либерлермен бірігуі кездейсоқ нәрсе болмағанын, кездейсоқ нәрсе болуы мүмкін емес екенін тек көздерін жұмған адамдар ғана көре алмайды. Мартов пен Аксельрод үшін протоколдарға жан-жақты және дәлме-дәл талдау жасаудан ат-тонын ала қашудан басқа, не болмаса түрлі *өкініштер* айту арқылы өздерінің съездегі қылықтарын енді *қайта өзгертуге* тырысудан басқа еш теңе қалған жоқ. Көзқарастар айырмасын, саясат айырмасын құр өкініш айтумен жоюға болар ма екен! Мартов, Аксельродтардың Акимов, Брукэр, Мартыновтармен жасаған қазіргі одағы екінші съезде қалпына келтірілген біздің партиямызға бүкіл съезд бойы дерлік искрашылдардың антиискрашылдарға қарсы жүргізген күресін ұмыттыра алар ма екен.

Диаграмманың бес бөлігінің соңғы үшеуін (атап айтқанда, В, Г және Д бөліктерін) қамтитын съездегі дауысқа қоюдың үшінші типі *искрашылдардың біразы бөлініп, антиискрашылдар жағына шыққанын*, сондықтан да бұлардың (өздері съезден кеткенше) жеңіп отырғанын көрсетеді. Азшылық искрашылдардың антиискрашылдармен жасаған осы атақты *коалициясының* — мұны еске түсірудің өзі-ақ Мартовқа съезде аузына келгенін айтқызған осы коалицияның дамуын то-

лық дәлдікпен көру үшін мұнда *атап* дауысқа қоюдың негізгі үш типінің бәрі де келтіріліп отыр. *В* — тілдердің тең праволылығы туралы мәселені дауысқа қою (бұл пункт жөнінде үш рет атап дауысқа қоюдың, ең толығы ретінде, соңғысы алынды). Барлық антиискрашылдар мен бүкіл орталық сап түзеп, бізге қарсы тұрды, ал искрашылдардан көпшіліктің біразы мен азшылықтың біразы бөлініп шықты. *Қай искрашылдар съездің оппортунистік «оң қанатымен» түпкілікті әрі берік коалиция жасай алатыны әлі белгісіз еді.* Бұдан кейін, *Г* типіндегі дауысқа қою — уставтың бірінші параграфы туралы дауысқа қою (екі дауысқа қоюдың анығырағы, яғни ешкім қалыс қалмағаны алынды). *Коалиция анығырақ бейнеленіп, берігірек қалыптасты* *: азшылық искрашылдардың *бәрі* қазірдің өзінде Акимов пен Либер жағына шықты, копшілік искрашылдардан ол жаққа шыққан біраз кісі біздің жаққа «центрден» ауысқан үш кісі мен антиискрашылдардан ауысқан бір кісінің орнын толтырды. Қай элементтердің біресе ол жаққа, біресе бұл жаққа кездейсоқ, уақытша ауысқанын, *қай элементтердің алды-артына қарамастан, Акимовтармен берік коалиция жасауға бет бұрғанын* түсіну үшін диаграммаға көз салудың өзі-ақ жеткілікті. *Көпшілік пен азшылық болып біржолата бөлінуді нақты көрсететін* соңғы дауысқа қоюдан (Д — Орталық Органға, Орталық Комитетке, партия Советіне сайлау) азшылық искрашылдардың *бүкіл* «центрмен» және антиискрашылдардың *қалдықтарымен* толық қосылғаны айқын байқалады. Бұл уақытта сегіз антиискрашылдан съезде *жалғыз* Брукэр жолдас қалған-ды (Акимов жолдас оған қатесін түсіндірген соң, ол *мартовшылдар* қатарынан өзіне тиісті орын алды). *Неғұр-*

* *Бар мағлұматқа қарағанда, устав жөнінде осындай тағы төрт рет дауысқа қою* болды; 278-бетте — біздің 21-ге қарсы Фоминді жақтағандар — 27; 279-бетте — бізді жақтаған 24-ке қарсы Мартовты жақтағандар — 26; 280-бетте — маған қарсылар — 27, жақтағандар — 22, тағы сол бетте — бізді жақтаған 23-ке қарсы Мартовты жақтағандар — 24. Бұл — орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселелер жөнінде бұрын мен қозғаған дауысқа қоюлар. Ал атап дауысқа қоюлар болған жоқ (біреу болған екен, бірақ жоғалып қалған). Бундшылдар (барлығы немесе бір бөлегі), шамасы Мартовты *сақтамақ*. Осы түрдегі дауысқа қою жөнінде Мартовтың (Лигада) қате айтқаны жоғарыда түзетілді.

лым «оңшыл» жеті *оппортунистің* кетуі сайлаудың тағдырын Мартовқа қарсы шешті *.

Әр түрлі типтегі дауысқа қоюлар туралы объективті мәліметтерге сүйене отырып, енді съезге қорытынды жасаймыз.

Біздің съездегі көпшіліктің *«кездейсоқ»* сипаты туралы көп әңгіме болды. Мартов жолдас «Тағы да азшылықта» деген кітапшасында өзін тек осы дәлелмен ғана жұбатты. Диаграммадан мынаны айқын көруге болады: көпшілікті *бір мағынада,* тек бір ғана мағынада кездейсоқ деуге болады, атап айтқанда, *«оң қанаттың»* барынша оппортунистік элементтерінің жетеуі *кездейсоқ* кетіп қалды-мыс деген мағынада осылай деуге болады. Осы кету қаншалық кездейсоқ болса, біздің көпшілігіміз де *соншалық* (одан артық емес) кездейсоқ болды. Бұл жетеудің кім жағында болатынын, *болуға тиісті екенін* диаграммаға көз салудың өзі-ақ ұзақ сөздерден гөрі жақсырақ көрсетеді **. Бірақ шынында бұл жетеудің кетуін қаншалық кездейсоқ деп есептеуге болады?— деген сұрақ туады. Көпшіліктің «кездейсоқтығы» туралы құлшына айтатын адамдардың өздеріне қойғысы келмейтін сұрағы, міне, осы. Бұл — оларға ұнамайтын сұрақ. Партиямыздың *сол* қанатының емес, *оң* қанатының аса белсенді өкілдерінің кеткені кездейсоқ па? Дәйекті *революцияшыл социал-демократтар* кетпей, *оппортунистердің* кеткені кездейсоқ па? Бұл «кездейсоқ» кету оппортунистік қанатқа қарсы бүкіл съезд бойы жүргізілген және біздің диаграммамызда соншалықты айқын көрсетілген күреспен едәуір байланысты емес пе?

Көпшіліктің кездейсоқтығы туралы әңгімелермен қандай фактінің *бүркемеленетінін* анықтау үшін азшы-

---

* 2-съезден кетіп қалған жеті оппортунистің бесеуі бундшыл (федерациялық принцип қабыл алынбағаннан кейін, екінші съезде Бунд партиядан шықты), екеуі «рабоче-делошыл» — «Мартынов жолдас пен Акимов жолдас. Кейінгі екеуі *тек* искралық Лига партияның шетелдік ұйымы болып танылғаннан кейін *ғана,* яғни «рабоче-делошылдардың» шетелдегі «Орыс социал-демократтарының одағы» таратылғаннан кейін съезден кетті. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

** Акимов жолдас та, Акимов жолдасқа мейлінше *жақын* Воронеж комитеті де съезден *кейін «азшылыққа»* тілектес екенін ашық айтты, мұны біз төменде көреміз.

лыққа ұнамайтын осы сұрақтарды қоюдың өзі-ақ жеткілікті. *Азшылық біздің партия мүшелерінің оппортунизмге анағұрлым бейімдерінен құралды,* бұл күмәнсыз және даусыз факт. Азшылық партияның теория жағынан *неғұрлым табансыз, принцип* жағынан *неғұрлым ұстамсыз* элементтерінен құралды. Азшылық партияның нақ *оң қанатынан* құралды. Көпшілік және азшылық болып бөліну — социал-демократияның революциялық және оппортунистік болып, Гора және Жиронда [113] болып бөлінуінің тікелей және сөзсіз жалғасы, бұл бөліну тек кеше ғана пайда болған жоқ, тек орыс жұмысшы партиясында ғана пайда болған жоқ және күні ертең жойыла қоймаса керек.

Бұл факт ажырасудың себептері мен кезеңдерін анықтау ісінде аса зор маңыз алып отыр. Съезде болған күресті және сол күресте байқалған принциптік сарындарды теріске шығару немесе бүркемелеу арқылы бұл фактіге *соқпай өтуге* тырысу — ақыл-ой жағынан және саяси жағынан өресізбін деп өзіңе өзің толық куәлік берумен бірдей. Ал бұл фактіні *бекерге шығару* үшін, *біріншіден,* біздің партия съезінде дауысқа қоюлар мен «бөлінулердің» жалпы көрінісі жаңа мен келтіргендей болмағанын көрсету керек; *екіншіден,* съездің «бөлінуіне» себеп болған барлық мәселелердің *мәні жөнінде* Россияда өздерін искрашылдармыз деп атаған ең дәйекті революцияшыл социал-демократтардың пікірлері теріс болғанын көрсету керек *. Осыны көрсетіп беріңіздерші, мырзалар!

---

* Мартов жолдас үшін жазылған ескерту. *Искрашыл — үйірменің мүшесі* емес, бір *бағытты жақтаушы* деген сөз екенін Мартов жолдас енді ұмытып қалған болса, біз оған съезд протоколдарынан осы мәселе жөнінде Троцкий жолдастың Акимов жолдасқа берген түсінігін оқып шығуға кеңес береміз. Съезде (партияға қатынасы жөнінде) үш үйірме: «Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» редакциясы, «Искра» ұйымы — искралық *үйірмелер* болды. Бұл үш үйірменің екеуі дұрыс істегені социалық, олар өздерін өздері таратып жіберді; үшіншісінің мұны істеуге партиялылығы жетпеді, сөйтіп оны съезд таратты. Мүшелері ең көп искралық үйірмеден — «Искра» ұйымынан (бір өзі редакцияны да, «Еңбекті азат ету» тобын да қамтыған) съезде барлығы 16 адам болды, олардың *тек он бірінің ғана* шешуші даусы бар еді. Ал, искралық «үйірмелердің» ешқайсысында жоқ, *бағыты жөнінен* искрашыл болып жүргендер съезде, менің есебімше, *27* болды, олардың *33 даусы*. бар-ды. Демек, искрашылдардың *жартысынан кемі* искралық *үйірмелерде* болған.

Азшылықтың партияның негұрлым оппортунистік, негұрлым тұрақсыз және негұрлым ұстамсыз элементтерінен құрылуы жөніндегі факт іспен жақсы таныс емес немесе мәселені жақсы ойластырмаған адамдардың көпшілікке айтып жүрген көптеген сауалдары мен қарсылықтарына қайтарылған жауап та болып табылады. Бізге: *ажырасу* Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың кішкене қатесінен болды деу ұсақтық емес пе?— деседі. Иә, мырзалар, Мартов жолдастың қатесі үлкен емес еді (мұны мен съездің өзінде, күрестің қызу кезінде-ақ айтқанмын), бірақ бұл кішкене қатеден үлкен зиян келуі *мүмкін еді (зиян келді де)*, өйткені *бірталай қателер* істеген, бірталай мәселелерде оппортунизмге бой ұрған, принцип жөнінен ұстамсыздық көрсеткен делегаттар Мартов жолдасты өз жағына қаратып алды. Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың тұрақсыздық көрсеткені жеке адамға тән әрі маңызы жоқ факт еді, ал негұрлым тұрақсыз элементтердің *бәрінен*, немесе «Искра» бағытын мүлде мойындамай, оған қарсы ашық күрес жүргізген, немесе сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде антиискрашылдармен ылғи бірге болған адамдардың *бәрінен* едәуір азшылық құрылғаны жеке адамға тән факт емес, *партиялық* және *аса маңызды* факт болды.

«Искраның» ескі редакциясының кішкене үйірмесіндегі бойға сіңген үйірмешілдік пен революциялық тоғышарлықтың үстемдік етуі ажырасуға себеп болды деп *түсіндіру* кісі күлерлік емес пе? Жоқ, кісі күлерлік емес, өйткені *біздің партияда* бүкіл съезд бойына *үйірмешілдік атаулыны* жақтап күрескендердің *бәрі, жалпы алғанда*, революциялық тоғышарлықтан *асып кете алмағандардың* бәрі, тоғышарлық және үйірмешілдік кеселді ақтап, қорғау үшін осы кеселдің «тарихи» сипатын тілге тиек еткендердің бәрі осы дара үйірмешілдікті қолдады. «Искра» редакциясының бір кішкене үйірмесінде өрісі тар үйірмелік мүдделердің партиялылықтан жоғары тұрғанын, бәлкім, кездейсоқтық деп есептеуге болар еді. Бірақ бұл үйірмешілдікті атақты Воронеж комитеті мен атышулы Петербург «Жұмысшы ұйымының» [114] «тарихи сабақтастығын» қымбат тұтуы

(артық болмаса) кем болмаған Акимов және Брукэр жолдастардың барынша қолдағаны, ескі редакцияның «өлтірілуіне» қандай қайғырса, «Рабочее Делоның» «өлтірілуіне» де сондай қайғырған (одан да гөрі артық қайғырмаса) Егоров жолдастардың қолдағаны, Махов, т. б. жолдастардың қолдағаны кездейсоқтық емес еді. Маған кіммен таныс екеніңді айтсаң, саған кім екеніңді айтамын,— деген нақыл бар. Маған саяси одақтасың кім екенін, саған кім дауыс беретінін айтсаң,— саған *саяси пішініңнің* қандай екенін айтамын.

Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың ұсақ қатесі партиямыздың бүкіл оппортунистік қанатымен олардың *берік одақ жасауына* бастама негіз болғанға дейін, осы одақтың арқасында ол оппортунизмнің *кекірік атуына* бастағанға дейін, «Искра» кімдерге қарсы күрес жүргізсе, солардың бәрін және *қазіргі күнде* революциялық социал-демократияның дәйекті жақтастарынан қуана-қуана *ақуын қайтаруға* дайын тұрғандардың бәрін *кек алуға* бастағанға дейін *ұсақ* қалпында қалып еді және солай болып қалатын да еді. Съезден кейінгі оқиғалар нақ мынаған әкеліп соқты: жаңа «Искрадан» біз нақ оппортунизмнің кекірік атуын, Акимовтар мен Брукэрлердің кек алуын (қараңыз: Воронеж комитетінің листогы *), жексұрын «Искрада» жексұрын «жауды» бұрынғы неше түрлі қорлықтары үшін бір тарпып тастауға ақырында келіп (ақырында келіп!) мүмкіндік алған Мартыновтардың шаттануын көріп отырмыз. Мұның өзі искралық «сабақтастықты» сақтау үшін... ««Искраның» ескі редакциясын қалпына келтірудің» (Старовер жолдастың 1903 жылғы 3 ноябрьдегі ультиматумынан) қаншалықты қажет болғанын бізге ерекше айқын көрсетіп отыр.

Съездің (партияның да) сол және оң, революциялық және оппортунистік қанат болып бөліну фактісінің өзі ешқандай қорқынышты және ешқандай дағдарысты нәрсе болмағаны былай тұрсын, тіпті ешбір орынсыз да емес еді. Қайта, орыс социал-демократиясының (тек орыс социал-демократиясының ғана емес)

* Қараңыз: осы том, 424—426-беттер. *Ред.*

тарихындағы бүкіл соңғы он жылдық сөзсіз және лажсыз түрде осы бөлінуге әкеліп соққан еді. Бөлінуге оң қанаттың бірталай өте ұсақ қателері, маңызы өте шамалы (салыстырмалы түрде) алауыздықтар себеп болды,— бұл жағдай (үстірт бақылаушыға және ақылы шамалы филистерге шамданарлық болып көрінетін жағдай) *тұтас алғанда бүкіл партиямыздың ірі қадаммен ілгері басқанын* көрсетті. Бұрын біз кейде тіпті жікке бөлінуге де дәлел боларлық ірі мәселелер жөнінде ажырасып жүрдік, ал қазір біз барлық ірі әрі маңызды мәселелер жөнінде бірігіп отырмыз, енді бізді бөліп отырған тек *сарындар* ғана, бұл жөнінде таласуға болады және таласу *керек те,* бірақ ажырасып кету өрескелдік, балалық болар еді (бұл туралы «Нені істемеу керек» деген қызғылықты мақаласында Плеханов жолдас өте әділ айтты, біз ол мақалаға кейін айналып соғармыз). *Қазір,* азшылықтың *съезден кейінгі анархистік мінез-құлқы* партияны жікке бөлінуге душар ете жаздап отырғанда: тегінде, Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал, «Южный рабочий» немесе «Рабочее Дело» тобын тарату, 1-параграф, ескі редакцияны тарату, т. с. сияқты ұсақ нәрселер үшін съезде күресу керек пе еді? — дейтін ақылгөйлерді жиі кездестіруге болады. Бұлай ойлайтындар * партия істеріне нақ үйірмелік көзқарас енгізеді: күрес анархияға және жікке бөлінуге бастамай тұрған кезде, күрес барлық жолдастар және партия мүшелері бірігіп мақұлдаған *шеңберде* болып жатқан кезде, партияда *сарындар* күресінің болуы *сөзсіз және қажет.* Партияның *съездегі* оң қанатына қарсы, Акимов пен Аксельродқа қарсы, Мартынов пен Мартовқа қарсы жүргізген *біздің күресіміз*

* Бұл жөнінде өзімнің съезде «центр» делегаттарының бірімен болған әңгімемді еске түсірмей кете алмаймын. Ол қынжылып былай деді: «Біздің съезде жағдай қандай ауырлап кетті! Бұл кескілескен күрес қой, бұл бір-бірімізге қарсы үгіт жүргізу ғой, бұл қатты кеткен айтыс қой, бұл жолдастыққа жатпайды ғой!..» Мен оған былай деп жауап бердім: «Біздің съезіміз қандай тамаша өтіп жатыр! Ашық, еркін күрес. Пікірлер айтылды. Сарындар айқындалды. Топтар белгіленді. Қолдар көтерілді. Шешім қабылданды. Кезеңнен оттік. Енді алға! — міне, іс болса, осындай болсын. Бұл — өмір. Бұл — интеллигенттердің ұшы-қиыры жоқ, адамды жалықтыратын даурықпа сөзі емес, даурықпа сөз жұрт мәселені шешкендіктен бітпейді, сөйлей-сөйлей шаршағандықтан бітеді...»

«Центрден» келген жолдас маған таңдана қарап, иығын қозғады да қойды. Біз бір-бірімізді түсінбедік.

осы шеңберден ешбір шыққан жоқ. Мұны ешбір даусыз дәлелдейтін екі фактіні еске түсіру жеткілікті: 1) Мартынов және Акимов жолдастар съезден шығып кетпек болғанда, біз *бәріміз де* «қорлау» туралы ойды қалай да ысырып тастауға *әзір болдық, біз бәріміз де* (32 даусспен) Троцкий жолдастың бұл жолдастарды түсіндірмемен қанағаттануға және мәлімдемелерін қайтып алуға шақыратын қарарын *қабылдадық;* 2) орталық орындарды сайлауға келгенде, біз съездегі азшылыққа (немесе оппортунистік қанатқа) *екі орталық орыннан да азшылық орын бердік:* Мартовқа Орталық Органнан, Поповқа Орталық Комитеттен орын бердік. Екі үштік сайлансын деп өзіміз съезге дейін-ақ ұйғарып қойғандықтан, партиялық тұрғыдан қарағанда, біз басқаша істей *алмадық. Егер съезде білінген сарындардың айырмасы шамалы болса,* онда бұл сарындардың күресінен жасаған *практикалық* қорытындымыз да *шамалы* болғаны ғой: бұл қорытынды *тек қана* мынаған екі үштікте де *үштен екісін* партия съезінің *көпшілігіне* беру керек дегенге тірелді.

Партия съезіндегі азшылықтың *орталық орындарда азшылық* болуға *көнбеуі* ғана жеңіліп қалған интеллигенттердің әуелі «бос қыңқылын», ал кейін *анархиялық жел сөздері* мен анархиялық қимылдарын туғызды.

Қорытындыда, орталық орындардың құрамы туралы мәселе тұрғысынан диаграммаға тағы бір рет көз салайық. Сарындар туралы мәселеден *басқа,* сайлау кезінде делегаттар алдында белгілі бір *кісінің іске жарамдылығы,* қабілеттілігі, т. с. туралы мәселенің де тұрғаны әбден табиғи нәрсе еді. Енді азшылық осы мәселелерді әдейі шатастырып жүр. Ал бұлардың әр түрлі мәселелер екені өзінен-өзі түсінікті және мына бір жай фактіден-ақ көрінеді: Орталық Органға *бастапқы* үштікті сайлау *съезге дейін* белгіленген-ді, ол кезде Мартов пен Аксельродтың Мартыновпен, Акимовпен одақтасатынын ешбір жан болжай алмаған еді. Әр түрлі сұрақтарға жауап та әр түрлі жолдармен берілуге тиіс: сарындар туралы сұраққа жауапты *съезд протоколдарынан,* барлық және неше түрлі пункттердің *ашық* талқыланып, дауысқа қойылуынан іздеу керек. *Адамдар-*

дың іске жарамдылығы туралы мәселе съезде *жасырын дауысқа қою* жолымен шешілсін деп жұрттың бәрі ұйғарған болатын. Неліктен *бүкіл съезд бірауыздан* осындай шешім қабылдады? — бұл жұртқа мәлім сұраққа тоқталып жату да ерсі болар еді. Бірақ азшылық (өздері сайлауда жеңілгеннен кейін) ақиқатты да ұмыта бастады. Біз ескі редакцияны қорғаған қызу, ызалы, естен тандырарлықтай ашу кернеген талай сөздерді естідік, бірақ алтылық үшін және үштік үшін күреске байланысты *съездегі* сарындар туралы біз *тіпті ештеңе де* естімедік. Біз Орталық Комитетке сайланған адамдардың қабілетсіздігі, жарамсыздығы, пасықтығы, т. т. туралы бос әңгіме мен өсек-аянды бұрыш-бұрыштың бәрінен естіп жүрміз, бірақ Орталық Комитетте басым болу үшін күрескен *съездегі* сарындар туралы біз *тіпті ештеңе де* естімедік. Менің ойымша, *съезден тысқары жерде* адамдардың қадір-қасиеті мен іс-әрекеті туралы өсек-аяң мен бос әңгіме айту ұят әрі лайықсыз (өйткені мұндай іс-әрекеттердің 100-ден 99-ы партияның тек жоғарғы инстанциясы алдында ғана ашылатын ұйымдық құпия болып табылады). *Съезден тысқары жерде мұндай бос әңгімелер* арқылы күрес жүргізу, менің пікірімше, *өсек айту* болады. Бұл бос әңгімелер жөнінде менің жұртқа бере алатын жалғыз-ақ жауабым — съездегі күресті атап көрсету болар еді; сіздер Орталық Комитет азғантай көпшілікпен сайланды дейсіздер. Бұл рас. Бірақ бұл азғантай көпшілік сөз жүзінде емес, іс жүзінде асқан дәйектілікпен искралық жоспарларды жүзеге асыру үшін күрескендердің бәрінен құралды. Сондықтан бұл көпшіліктің *моральдық* беделі *формальды* беделінен анағұрлым жоғары болуға тиіс,— «Искра» *бағытының* сабақтастығын «Исканың» белгілі бір *үйірмесінің* сабақтастығынан артық бағалайтындар үшін жоғары болуға тиіс. «Искра» саясатын жүзеге асыруға кімдердің жарамды екеніне *кім неғұрлым білгірлікпен төрелік* айта алар еді? съезде осы саясатты жүргізгендер ме әлде бірқатар жағдайларда осы саясатқа қарсы күресіп, артта қалушылық атаулыны, ескі-құсқы атаулыны, үйірмешілдік атаулыны жақтағандар ма?

о) СЪЕЗДЕН КЕЙІН. КҮРЕСТІҢ ЕКІ ТӘСІЛІ

Съездегі жарыс сөздер мен дауысқа қоюларға талдау жасауды біз аяқтадық, бұл талдау *съезден кейін болған оқиғалардың бәрін,* шынында, іп пісе (бастама қалпында) түсіндіріп берді, сондықтан біздің партия дағдарысының бұдан былайғы кезеңдерін қысқаша айтып өтуімізге болады.

Мартов пен Поповтың сайлаудан бас тартуы партиялық сарындардың партиялық күресіне бірден-ақ *дау-жанжал* енгізді. Глебов жолдас сайланбаған редакторлардың шынымен-ақ Акимов пен Мартыновқа қарай *бұрылуға* бел байлағанын өрескел іс деп есептеп, мұны ең алдымен ашу үстінде болды деп түсіндіріп, съезден кейін, келесі күні-ақ мені мен Плехановқа істі тату-тәтті тындыруға, Советте редакциядан өкіл болуын қамтамасыз ету шартымен (яғни екі өкілдің біреуі қалайда *партиялық* көпшіліктен болуы үшін) төртеуін де «кооптациялауға» ұсыныс жасады. Бұл шарт Плеханов пен маған қолайлы болып көрінді, өйткені онымен келісу *съездегі қатені үнсіз мойындағандық*, ұрысты емес, татулықты тілегендік, Акимов пен Мартыновқа, Егоров пен Маховқа жақын болудан гөрі Плеханов пен бізге жақын болуды тілегендік еді. Сонымен, «кооптация» жөнінде жеңілдік жасау *жекелік* сипат алды, ал наразылықты жойып, татулық орнататын жеке жеңілдіктен бас тартудың қажеті болмады. Сондықтан Плеханов екеуіміз ризалығымызды бердік. Редакцияның көпшілігі шартты қабылдамады. *Глебов кетіп қалды.* Біз ақырын күттік: Мартов съезде ұстаған дұрыс бағытында (центрдің өкілі Попов жолдасқа *қарсы*) тұрып қалар ма екен әлде оны соңына ерткен тұрақсыз және жіктелуге бейім элементтер үстем болып шығар ма екен деп күттік.

Біздің алдымызда мына дилемма тұрды: Мартов жолдас өзінің съездегі «коалициясын» бір жолғы саяси факт деп есептегісі келе ме (1895 ж. Бебельдің Фольмармен коалиция жасауы бір жолғы оқиға болғаны сияқты — *si licet parva componere magnis *),* әлде ол осы

* — егер кішкенені үлкенмен салыстыруға болатын болса. *Ред.*

коалицияны *баянды* еткісі келіп, *Плеханов пен біздің* съездегі қатемізді дәлелдеуге барлық күш-жігерін жұмсай ма, партиямыздың оппортунистік қанатының нағыз басшысы бола ма. Бұл дилемма басқаша айтқанда былай тұжырымдалды: ұрыс-керіс пе, әлде партиялық саяси күрес пе? Съездің ертеңінде орталық мекемелердің мүшелерінен үш-ақ кісі бар едік, осы үшеуіміздің ішімізде Глебов мәселені алғашқы айтылғандай етіп шешуді көбірек жақтап, ұрысып қалған балаларды татуластыруға көбірек күш салды. Плеханов жолдас мәселені екінші түрде шешуге көбірек ұмтылып, мүлде қарысып алды. Мен бұл жолы өзімді «центр» немесе «батпақ» санап, жұртты иландыру жағын қарастырдым. Қазіргі уақытта сөз жүзіндегі үгітті бұрынғы қалпынша қайта айтып беремін деу үміт етуге тұрмайтын былыққан әрекет болар еді, сондықтан мен Мартов жолдас пен Плехановжолдастың жаман үлгісін қолданбаймын. Бірақ «азшылық» искрашылдардың біріне хат арқылы жолдаған үгітімнің кейбір жерлерін келтіруді қажет деп санаймын:

...«Мартовтың редакциядан бас тартуы, оның және партиядағы басқа да әдебиетшілердің бірлесіп қызмет істеуден бас тартуы, бірсыпыра адамдардың Орталық Комитетке жұмыс істеуден бас тартуы, бойкот жасау немесе салғырт қарсылық көрсету идеясын насихаттау,— осының бәрі, тіпті Мартовтың және оның достарының ырқына қарамастан, партияның жікке бөлінуін туғызбай қоймайды. Егер Мартов тіпті өзінше дұрыс деп ұстаған бағытында (съезде соншалықты батыл қолдаған бағытында) тұрып қалса да, басқалары шыдап отыра алмайды,— сөйтіп, мен айтқан нәтиже тумай қоймайды...

Сондықтан мен өзіме-өзім: шынында, біз не себепті ажырасамыз?.. деген сұрақ қоямын. Съезде болған барлық оқиғалар мен съезд әсерлерін көз алдыма келтіріп, мен көп ретте қатты ашу үстінде «қызына» сөйлеп, қимыл жасағанымды сезінемін; егер сол кездегі жағдайдан, егестен, айтыстан, etc. күрестен туған нәрсені кінә деп атау керек болса, онда өз айыбымды кімнің алдында болса да мойындауға шын ынтаммен даярмын. Бірақ

қол жеткен нәтижелерге, қырғып күрес арқасында жүзеге асқан жұмыстарға қазір ешбір қызбалықсыз көз жібергенде, мен бұл нәтижелерден партияға зиянды еш нәрсені, азшылықты ренжіткендік немесе қорлағандық болатын еш нәрсені мүлде көре алмаймын.

Әрине, азшылықта қалудың өзі-ақ кісі ренжірлік нәрсе болмауы мүмкін емес, бірақ біз біреуді «қаралаппыз», біз біреуді қорлағымыз немесе кеміткіміз *келіпті* деген ойға үзілді-кесілді қарсымын. Мұндай еш нәрсе болған жоқ. Сондықтан саяси ажырасушылық оқиғаларды түсіндіргенде екінші жақты арамза, алаяқ, жанжалқор деуге, басқа да осындай сүйкімді сөздермен айыптауға жол бермеу керек; бұларды біз төніп келе жатқан жікке бөліну жағдайында барған сайын жиі естіп жүрміз. Бұған жол бермеу керек, өйткені бұл, ең кем дегенде, nec plus ultra * ақылсыздық болады.

Мартовпен ондаған рет ажырасқанымыз сияқты, біз онымен саяси (және ұйымдық) жағынан ажырастық. Уставтың 1-параграфы туралы мәселеде жеңілгеннен кейін, мен қолда бар (және съездегі) құралды қолданып, күллі жігер-қайратыммен кек қайтаруға ұмтылмай тұра алмадым. Мен, бір жағынан, нағыз искрашыл Орталық Комитетті, екінші жағынан, редакциялық үштікті көксемей тұра алмадым... Мен тамыр-таныстық пен салдыр-салақтыққа негізделген коллегия болу емес, қызмет атқарушы мекеме болу, адамның жеке басына қатысты нәрсенің бәрінен, ренжу, кетіп қалу, т. с. пікірлердің қандайынан болса да аулақ тұрып және оған irrespective **, әркім әр уақытта өзінің партиялық көзқарасын ұсына алатын және қорғай алатын нағыз бірден-бір орталық орын болу *тек қана* осы үштіктің қолынан келеді деп есептеймін.

Съезде болған оқиғалардан кейін бұл үштік бір мағынада Мартовқа қарсы бет алған саяси және ұйымдық бағытты сөзсіз заңды етіп бекітті. Бұл күмәнсыз. Осыған бола айрылысу керек пе? Осыған бола партияны бұзу керек пе?? Ал демонстрациялар туралы мәселеде Мартов пен Плеханов маған қарсы болмады ма? Ал про-

* — барып тұрған. *Ред.*
** — ырық бермей. *Ред.*

грамма туралы мәселеде Мартовпен екеуіміз Плехановқа қарсы болмадық па? Қай үштіктің болса да бір жағы әрқашан сол үштікке қатысушылардың біріне қарсы болмай ма? Егер искрашылдардың көпшілігі «Искра» ұйымында да, съезде де Мартов бағытының бұл арпаулы сарыпын ұйымдық және саяси жағынан қате деп тапса, онда мұны қайдағы бір «ор қазғандық», «айдап салғандық», т. т. деп түсіндіруге тырысу, шынында да, ақылсыздық емес пе? Бұл көпшілікті «бұзақылар» деп *балағаттап*, бұл фактіден бос сөзбен құтылу ақылсыздық болмас па еді?

Қайталап айтамын: Мартовтың теріс бағыт ұстағанына және оны түзету керек болғанына, съездегі искрашылдардың көпшілігі сияқты, менің де әбден көзім жетті. Бұл түзетуге бола ренжу, мұнан кемсіту etc. дегенді шығару — ақылға сыймайтын нәрсе. Біз ешкімді ешқандай істе «қаралаған» жоқпыз, «қараламаймыз» және *жұмыстан* шеттетпейміз. Ал *орталық орыннан* шеттедім деп жік шығару мен түсіне алмайтын ақылсыздық болар еді» *.

Мен өзімнің осы жазбаша мәлімдемелерімді қазір қайта қалпына келтіру керек деп таптым, өйткені, бір жағынан, шабуылдың қаттылығы, «қызбалығы», т. с. себепті болып қалуы мүмкін (және қызу күресте болмай қоймайтын) адамның жеке басының ренжуі мен ашулануы және, екінші жағынан, белгілі бір саяси қате, саяси бағыт (оң қапатпен коалиция құру) арасына көпшіліктің *бірден-ақ* белгілі бір шек қоюға ұмтылғанын бұл мәлімдемелер *дәл* көрсетіп отыр.

Бұл мәлімдемелер мынаны дәлелдейді: азшылықтың *салғырт қарсылығы съезден кейін іле-шала басталды* және бізді бірден-ақ сақтануға мәжбүр етті, мұның өзі *партияны жікке бөлетін қадам*; — мұның өзі *съезде жасалған адал мәлімдемелерге* тікелей қайшы келеді; — мұның өзі *орталық мекемелерден шеттетілгендіктен*

* Бұл хат *сентябрьде-ақ* (жаңаша) жазылған. (Қараңыз: Шығармалар, 34-том, 159—162-беттер. *Ред.).* Менінше, оның іске қатысы жоқ жерлері алынбаған. Егер хатты алушы дәл сол қалып қойған жерлерін маңызды деп есептесе, онда оған бұл кем жерлерін толықтыру қиын емес. Осы жағдайды пайдаланып айта кетейін, мен барлық оппоненттеріме, егер олар іс үшін керекті деп тапса, менің жеке хаттарымның бәрін жариялауға рұқсат етемін.

(яғни сайланбағандықтан) ғана жікке бөліну болады, өйткені партия мүшелерінің ешқайсысын *жұмыстан* шеттетуді ешкім еш уақытта ойлаған жоқ;— арамызда болған саяси ажырасушылық (съездегі бағытта Мартов қателесті ме әлде біз қателестік пе деген мәселе әлі анықталмағандықтан және шешілмегендіктен, болмай қоймайтын ажырасушылық) *барған сайын бұрмаланып,* балағаттау, күдік туғызу, т. т. аралас *ұрыс-керіске* айналып барады деп сақтандық.

Сақтандыру ем болмады. Азшылықтың мінез-құлқы олардың арасындағы неғұрлым табансыз және *партияны неғұрлым кем бағалайтын* элементтердің басым болып бара жатқанын көрсетті. Мұның өзі Плеханов екеуімізді Глебовтың ұсынысына берген келісімімізді қайтып алуға мәжбүр етті: шынында да, егер азшылық өз *істерімен* тек принциптер жөнінде ғана емес, *кәдімгі партиялық адалдық* жөнінде де өздерінің саяси тұрақсыздығын дәлелдеп отырса, ондай атышулы «сабақтастық» туралы *сөздердің* қандай маңызы болуы мүмкін? Өздерінің жаңа туған және көбейіп бара жатқан наразылықтарын тура мәлімдейтін адамдардың көпшілігін партиялық редакцияға «кооптациялау» жөніндегі талаптың мүлде қисынсыз екенін Плехановтай өткір тілмен келемеждеген адам болған жоқ! Шынында да, *жаңадан* туған алауыздықтарды баспасөз бетінде, партия алдында *анықтап алмай тұрып,* орталық мекемелердегі партиялық көпшіліктің өзін өзі азшылыққа айналдырғанын бұл дүниеде кім көрген еді? Әуелі алауыздықтар баяндалсын, партия олардың мәні мен маңызын талқыласын, егер белгілі бір қате дәлелденсе, партия өзінің екінші съезде істеген қатесін өзі түзетсін! Әлі ешкім білмейтін алауыздықтарға *бола* әлгіндей талап қоюдың өзі талап етушілердің мүлде тұрақсыздығын, саяси ажырасушылықты ұрыс-керістің мүлде жеңіп алғанын, бүкіл партияны да, өз сенімдерін де олардың мүлде құрметтемейтінін көрсетті. Өздері басқаша пікірге сендірмек болып отырған мекемеде көпшілік *(ресми емес жолмен)* болмай тұрып, оны *сендіруден* бас тартқан *принциптік сенімі бар* адамдар дүниеде әлі болып көрген жоқ және еш уақытта болмайды да.

Ақырында, 4 октябрьде Плеханов жолдас бұл сорақылықты жоюға *ақырғы рет* әрекет жасап көретінін жариялады. Ескі редакцияның барлық алты мүшесінің жиналысы шақырылды; бұл жиналысқа Орталық Комитеттің жаңа мүшесі * қатысты. «Азшылықтың» төрт адамын «көпшіліктің» екі адамы үстіне «кооптациялау» талабының ақылға сыймайтынын Плеханов жолдас үш сағат бойы дәлелдеді. Бір жағынан, біреуді азаптағысы, жаныштағысы, тұйыққа тірегісі, дарға асқысы, жермен-жексен еткісі келеді деп біз туралы қандай болса да қауіптенушілікті жою үшін, екінші жағынан, партиялық «көпшіліктің» праволары мен позициясын қорғау үшін Плеханов *екі адамды кооптациялауға* ұсыныс жасады. *Екі адамды кооптациялау туралы ұсыныс та қабылданбады.*

6 октябрьде біз Плехановпен бірігіп, «Исканың» барлық ескі редакторларына және қызметкері Троцкий жолдасқа мынадай мазмұнда ресми хат жаздық:

«Құрметті жолдастар! Орталық Органның редакциясы Сіздердің «Искра» мен «Заряға» қатысудан кеткеніңіз жөнінде ресми түрде өзінің өкінішін білдіруді борышым деп есептейді. Партияның екінші съезінен кейін де іле-шала бірге істесуге сан рет шақырғанымызға қарамастан, содан кейін де әлденеше қайталап шақырғанымызға қарамастан, біз Сіздерден бірде-бір әдеби шығарма ала алмадық. Орталық Органның редакциясының мәлімдейтіні — редакция Сіздердің бірге істесуден кетуіңіз ешбір редакция тарапынан болмаған нәрсе деп есептейді. Әлдеқалай бір жеке реніш, әрине, партияның Орталық Органында жұмыс істеуге кедергі болмауға тиіс. Ал егер Сіздердің кетуіңіз Сіздер мен біздердің арамыздағы пәлендей бір пікір алалығынан туған болса, онда біз мұндай алауыздықтардың толық баяндалуын партия мүддесі үшін өте-мөте пайдалы деп есептер едік. Ол ол ма. Біз бұл алауыздықтардың сипаты мен тереңдігінің біз редакциялап отырған басылымдардың бетінде мүмкін қадері тезірек бүкіл партия алдын-

* Орталық Комитеттің бұл мүшесі [115] сонымен бірге азшылықпен бірсыпыра жеке және коллективтік әңгімелер өткізіп, қисынсыз өсекаяңдарды бекер деп тауып, партиялық борышты өтеуге шақырды.

да анықталғаны өте-мөте жөн болар еді деп есептер едік» *.

«Азшылықтың» қимылдарында жеке кісілердің ашу шақыруы басым ба әлде органға (және партияға) *жаңа бағыт* беру тілегі басым ба, дәл қай істе, дәл қандай бағыт беру жөнінде,— бұл жағы бізге әлі мүлде белгісіз болып келгенін оқушының өзі көріп отыр. Менің ойымша, қандай әдебиетті болса да, куәлардың берген қандай мағлұматтарын болса да негізге алып, осы мәселені анықтау жұмысына 70 білгішті отырғызса, олар қазірдің өзінде де бұл былықты еш уақытта айыра алмас еді. Ұрыс-керістің түйінін қалаған уақытында шешуге бола қояр ма екен: оны не шауып тастау керек, не одан аулақ болу керек **.

6 октябрьдегі хатқа Аксельрод, Засулич, Старовер, Троцкий және Кольцов: төменде қол қойғандар, «Искра» жаңа редакцияның қолына көшкеннен бері, оның жұмысына ешбір қатыспайды — деп бірер сөзбен жауап қайтарды. Мартов жолдас олардан гөрі созуарлау болып, бізді мынадай жауап қайтарумен құрметтеді:

«РСДРП Орталық Органының редакциясына. Қадірлі жолдастар! Сіздердің 6 октябрьдегі хатыңызға жауап ретінде мен мынаны мәлімдеймін: 4 октябрьде Орталық Комитет мүшесінің қатысуымен болған кеңестен кейін, бір органда бірігіп жұмыс істеу туралы мәселе жөніндегі біздің түсіндірмелеріміздің бәрі аяқталды деп есептеймін; Сіздер бізге өздеріңіз жасаған: Ленин жолдасты Советке өзіміздің «өкіліміз» етіп сайлауға уәде берсек, Аксельродтың, Засуличтің, Староверпдің және менің редакцияға кіретініміз туралы ұсынысты қайтып алуға Сіздерді мәжбүр еткен себептер жөніндегі сұраққа жауап беруден осы кеңесте бас тарттыңыздар. Куәлар алдында өздеріңіз жасаған мәлімдемелеріңіздің тұжырымынан сол кеңесте Сіздер бірнеше рет бас тартқаннан кейін, мен қазіргі жағдайда «Искрада» жұмыс істеуден бас тартуымның себептерін Сіздерге жазған ха-

* Мартов жолдасқа жазылған хатқа бір кітапша туралы тағы бір мәселе және мынадай сөйлем қосылды: «Ақырында, іс мүддесі үшін, біз мынаны Сіздердің естеріңізге тағы да саламыз: партиялық жоғарғы мекемеде өздеріңіздің барлық көзқарастарыңызды ресми мәлімдеп, қорғауларыңызға толық мүмкіндік беру үшін біз қазір Сіздерді Орталық Орган редакциясының мүшелігіне кооптациялауға әзірміз». (Қараңыз: Шығармалар, 34-том, 169—170-беттер. *Ред.*)

** Плеханов жолдас, бәлкім, бұл жерде: не ұрыс-керісті бастаушылардың *қандай да болсын талаптарының бәрін* орындау керек — деп қосар еді. Бұлай етуге неліктен болмағанын біз кейін көреміз.

тымда түсіндіруді қажет деп таппаймын. Егер керек болса, мен бұл туралы бүкіл партия алдында егжей-тегжейлі айтып беремін, редакциядан және Советтен орын алу туралы Сіздердің қазір қайталап отырған ұсыныстарыңыздан менің не себепті бас тартқанымды партия екінші съезд протоколдарынан-ақ білетін болады... *

Л. Мартов»

Жоғарыда көрсетілген документтермен бірге, бұл хат Мартов жолдас өзінің «Қоршау жағдайында» әдейі соқпай кетіп отырған (леп белгілері мен көп нүктелер қою арқылы) мәселе — бойкот жасау, іріткі салу, анархия, жікке бөлінуді әзірлеу туралы мәселе жөнінде — күрестің адал және арамза құралдары туралы мәселе жөнінде ешкім бекер дей алмайтын түсінік береді.

Мартов жолдасқа және басқаларға алауыздықты баяндаңыздар деп *ұсыныс жасалып отыр,* істің мәні неде екенін және олардың ниеттері қандай екенін тура айтыңыздар деп *өтініш жасалып отыр,* қыңырлықты қойып, 1-параграф жөніндегі қатені (оңға қарай бұрылудағы қатемен тығыз байланысты қатені) сабырлылықпен талдаңыздар деп *ақыл айтылып отыр,*— ал Мартов жолдас пен К⁰ *сөйлесуден бас тартып:* мені тұйыққа тіреп отыр, мені азаптап отыр! — деп айқай салады. «Қорқынышты сөздің» келекеге айналуы бұл кісі күлерлік байбаламның қызуын басқан жоқ.

Біз Мартов жолдастан былай деп сұрадық: *бірге жұмыс істеуден бас тартып отырған* адамды қалайша *тұйыққа тіреуге* болады? *Азшылықта болудан бас тартып* отырған азшылықты қалайша жәбірлеуге, «азаптауға», қыспаққа алуға болады?? Азшылықта болудың қандайы болса да азшылықта қалғандарға міндетті түрде және қалайда белгілі бір қолайсыздық туғызбай қоймайды ғой. Бұл қолайсыздық мынада: не белгілі бір мәселелерде үстемдік ететін коллегияға кіруге тура келеді, не коллегиядан тыс қалып, оған шабуыл жасауға және, олай болса, мықтап бекінген батареялардың жаудырған оғы астында қалуға тура келеді.

* Мартовтың сол кезде қайта басылған кітапшасы жөніндегі жауапты қалдырып кетіп отырмын.

Мартов жолдас «қоршау жағдайы» туралы байбалам салғанда: азшылықта қалғандарға қарсы күрес немесе оларды басқару ісі әділ және адал жүргізілмей отыр — дегісі келген болар? *Тек* осындай тезисте ғана (Мартовтың көзқарасы бойынша) парасаттылықтың нышаны болар еді, өйткені, қайталап айтамын, азшылықта болу міндетті түрде және қалайда белгілі бір қолайсыздық туғызбай қоймайды. Бірақ мұның кісі күлерлік жері мынада: Мартов жолдас сөйлесуден бас тартып отырғанда, онымен *күресуге ешбір* мүмкіндік болмады! азшылық азшылықта болудан бас тартып отырғанда, оны *басқаруға ешбір* мүмкіндік болмады!

Біз Плехановпен бірге редакцияда болған кезде Орталық Орган редакциясының билікті асыра қолданғаны немесе оны жөнсіз пайдаланғапы жөнінде Мартов жолдас *бірде-бір фактіні* дәлелдей алмады. Азшылықтың практиктері де Орталық Комитет тарапынан *бірде-бір фактіні* дәлелдей алмады. Мартов жолдас өзінің «Қоршау жағдайында» қазір қаншама бұлтарса да,— *қоршау жағдайы туралы байбаламда «бос қыңқылдан» басқа тіпті түк жоқ* екені әбден күмәнсыз болып отыр.

Мартов жолдастың және К^{0}-нің съезд тағайындаған редакцияға қарсы айтатын *ақылға сыйымды* дәлелдерінің мүлде жоқ екенін солардың өздерінің: «біз крепостной емеспіз!» деген сөзсымақтары («Қоршау жағдайы», 34-бет) бәрінен де жақсы сипаттайды. Өзін бұқаралық ұйымнан және бұқаралық тәртіптен жоғары тұрған «таңдаулы жандардың» қатарына қосатын буржуазиялық интеллигенттің психологиясы бұл жерде тамаша айқын көрініп отыр. Партияда жұмыс істеуден бас тартуға «біз крепостной емеспіз» деп *себеп айту — өзіңнің кім екеніңді толық ашып бергендік,* дәлелдеріңнің мүлде жоқтығын, дәлелдеуге мүлде дәрменсіз екеніңді, наразы болуға орынды себептеріңнің мүлде жоқ екенін мойындағандық болады. Плеханов екеуіміз: бас тартушылыққа біздің тарапымыздан ешқандай себеп болған жоқ деп есептейміз, алауыздықты баяндауларыңызды өтінеміз деп мәлімдедік, ал олар бізге: «біз крепостной емеспіз» деп жауап береді (кооптация жөнінде біз әлі саудаласып біткен жоқпыз дегенді қоса айтады).

1-параграф туралы таласта-ақ өзін өзі әшкерелеп, оппортунистік мылжың сөз бен анархистік жел сөзге бейімдігін көрсеткен интеллигенттік дарашылдыққа *қандай болса да* пролетарлық ұйым мен тәртіп *крепостниктік право* болып көрінеді. Бұл «партия мүшелеріне» және *партияның* «қызмет адамдарына» партияның жаңа *съезі* де «таңдаулы жандар» үшін қорқынышты және адам төзе алмайтын крепостниктік мекеме болып көрінетінін оқушы жұртшылық көп кешікпей өзі-ақ байқар... Партиялық атақты пайдалануға әуес, бірақ партияның мүдделері мен партияның еркіне бұл атақтың *сай келмейтінін* сезетін адамдар үшін бұл «мекеме» шынында да қорқынышты.

Менің жаңа «Искра» редакциясына жазған хатымда тізіп көрсетілген және «Қоршау жағдайында» Мартов жолдас бастырып шығарған комитеттер қарарлары іс жүзінде мынаны дәлелдеп отыр: азшылықтың қимылы басынан аяғына дейін съезд қаулыларына *бағынбағандық,* практикалық пайдалы жұмыстың *берекесін кетіргендік* болды. Оппортунистерден және «Искраны» жек көрушілерден құралған азшылық съезде жеңілгені үшін өш алмақ болып және оппортунизмге бой ұру жөнінде, интеллигенттік тұрақсыздық жөнінде екінші съезде өздеріне тағылған айыпты *әділ де адал* жолмен (істі баспасөз бетінде немесе съезде түсіндіру жолымен) *еш уақытта* бекерге шығара алмайтынын сезіп, *партияны жұлмалады,* жұмысты бүлдіріп, берекесін кетірді. Партияны *сендіруге* шамасы келмейтінін мойындай отырып, олар партияның *берекесін кетіру* және *қандай жұмысқа болса да бөгет жасау* жолымен әрекет етті. Жұрт оларды: сіздер (съезде істі былықтырып) біздің кемемізге жарықшақ түсірдіңіздер — деп кінәлаған еді; олар бұл кінәлауға жауап ретінде, жарықшақ түскен кемені *біржолата қиратуға барлық күшін салды.*

Ұғымдардың шатасқандығы соншалық, тіпті бойкот жасау және жұмыстан шеттеу күрестің «*адал* * жолы» деп жарияланды. Мартов жолдас қазір осы қытыққа тиетін пункттің маңында шырқ айналып жүр. Мартов

* Кен заводының қарары («Қоршау жағдайы», 38-бет).

жолдастың «принципшілдігі» соншалық, тіпті азшылық бойкот жасаса, ол бұл бойкотты... қорғайды, ал көпшіліктің қатарында болып қалғанда, бойкот Мартовтың өзіне қауіп төндірсе, ол бұл бойкотты айыптайды!

Мұның өзі ұрыс-керіс пе әлде социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы күрестің адал жолдары жөніндегі «принциптік алауыздық» па — деген мәселені талдамасақ та болады ғой деп ойлаймын.

«Кооптация» жөнінде жанжал шығарған жолдастардан түсінік алу әрекеттері (4 және 6 октябрь) сәтсіз болғаннан кейін, орталық мекемелерге олардың адал жолмен күресеміз деп сөз жүзінде берген уәдесінің іс жүзінде қандай болатынын байқап көру ғана қалды. 10 октябрьде Орталық Комитет Лигаға нұсқау хат жолдап (қараңыз: Лига протоколдары, 3—5-беттер), өзінің устав жасап жатқанын мәлімдеді және Лига мүшелерін көмектесуге шақырды. Лига әкімшілігі ол кезде Лига съезін шақыруды қабылдамаған еді (бір дауысқа қарсы екі дауыс, қараңыз: протоколдар, 20-бет). Азшылық жағындағылардың бұл нұсқау хатқа қайтарған жауабы бірден мынаны көрсетті: атышулы адалдық және съезд шешімдерін танушылық дегеніміз бос сөз болып шықты, іс жүзінде азшылық партияның орталық мекемелеріне қалайда *бағынбауға* бел байлап, олардың бірлесіп жұмыс істеуге шақырған ұсынысына софизм мен *анархистік* бос сөзге толы *сылтаулармен* жауап берді. Әкімшілік мүшесі Дейчтің атышулы ашық хатына (10-бет) біз Плехановпен және көпшіліктің басқа да жақтастарымен бірігіп, былай деп батыл жауап бердік: «партиялық тәртіпті өрескел бұзушылыққа қарсы наразылық білдіреміз, Лиганың қызмет адамы бұл арқылы партиялық мекеменің ұйымдық қызметіне бөгет жасайды және басқа жолдастарды тәртіп пен уставты дәл осылай бұзуға шақырады. «Орталық Комитеттің шақыруы бойынша мұндай жұмысқа қатысуға өзімнің правом жоқ деп есептеймін», немесе «жолдастар! біз қалай болғанда да Лига үшін жаңа устав жасау ісін оған (Орталық Комитетке) бермеуге тиістіміз» деген тағы басқа сол

сияқты сөздер — үгіт жүргізу тәсілдерінің бірі, бұлар партия, ұйым, партиялық тәртіп деген ұғымдардың не екенін аз да болса айыра алатын әрбір адамның тек зығырданын қайната түседі. Бұл сияқты тәсілдердің сорақы болатын тағы бір себебі — олар жаңа ғана құрылған партиялық мекеме жөнінде қолданылып отыр, сөйтіп, бұл — партиядағы жолдастар арасында осы мекемеге деген сенімді кемітуге сөзсіз әрекет жасағандық болып табылады және соның өзінде бұл тәсілдер Лига әкімшілігінің мүшесі атынан және Орталық Комитеттен жасырын қолданылып отыр» (17-бет).

Мұндай жағдайда Лига съезі тек жанжалға айналатын еді.

Мартов жолдас «адамның ішіне кіріп шығу» жөніндегі съезде жүргізген тактикасын әуел бастан-ақ қолдана берді, бұл жолы оны жеке әңгімелерді бұрмалау арқылы Плеханов жолдасқа қолданды. Плеханов жолдас бұған наразылық білдірді, сондықтан Мартов жолдастың ойламай айтқан немесе ашумен айтқан согіс сөздерін қайтып алуына тура келді (Лига протоколдары, 39 және 134-беттер).

Баяндама жасауға кезек келді. Партия съезінде Лига делегаты мен едім. Оқушы менің баяндамамның конспектісін (43-және келесі беттер) * жай қарап өткеннің өзінде-ақ мынаны байқайды: мен онда съездегі дауыс берулерге жасалған және өңделген түрде осы кітапшаның да мазмұны болып отырған талдаудың алғашқы нобайын бердім. Баяндаманың негізгі міндеті — Мартовтың және $К^{0}$-нің өздері жасаған қателері салдарынан партиямыздың оппортунистік қанатына ауысып кеткенін дәлелдеу еді. Баяндама бізге мейлінше өшігіп алған қарсы жақтың көпшілігі алдында жасалғанына қарамастан, олар баяндамадан партиялық күрес пен айтыстың адал тәсілдерінен тысқары кеткен ештеңе таба алмады.

Қайта, Мартовтың баяндамасы, менің баяндауыма ұсақ және жеке «түзетулер» (бұл түзетулердің дұрыс

* Қараңыз: осы том, 43—55-беттер. *Ред.*

еместігін біз жоғарыда көрсеттік) енгізудің үстіне... ішінара ашудан туған баяндама болды.

Мұндай жағдайда күрес жүргізуден көпшіліктің бас тартуы таңданарлық нәрсе емес. Плеханов жолдас *«жанжалға»* қарсы наразылық білдірді (68-бет) — бұл шынында да «жанжалдың» нағыз өзі болатын! — және баяндаманың мәні жөнінде қарсы айтпақ болып даярлап қойған сөзін айтқысы келмей, съезден кетіп қалды. Мартов жолдастың «лайықсыз қылығына» қарсы жазбаша наразылық білдіріп, көпшіліктің басқа жақтастары да түгел дерлік съезден шығып кетті (Лига протоколдары, 75-бет).

Азшылықтың күрес тәсілдері жұрттың бәріне әбден мәлім болды. Біз азшылықты съезде саяси қате істеді, оппортунизмге қарай бой ұрды, бундшылдармен, Акимовтармен, Брукэрлермен, Егоровтармен және Маховтармен коалиция жасады деп айыптадық. Азшылық съезде жеңіліп қалды және жекелеген амал-айлалар қолданудың, шабуыл жасаудың, дүрсе қоя берудің, т. т. ұшы-қиыры жоқ алуан түрлерін қамтитын күрестің *екі* тәсілін «ойлап шығарды».

Бірінші тәсіл — «себебін түсіндірместен» бүкіл партиялық жұмыстың берекесін кетіру, істі бүлдіру, барлық іске бөгет жасауға тырысу.

Екінші тәсіл — «жанжал» шығару, т. т.*

«Күрестің» бұл «екінші тәсілі» Лиганың атышулы «принциптік» қарарларынан да көрініп отыр, бұл қарарларды талқылауға «көпшілік», әлбетте, қатыспаған еді. Қазір Мартов жолдас өзінің «Қоршау жағдайында» қайта бастырып шығарған осы қарарларға зер салалық.

Троцкий, Фомин, Дейч және басқа жолдастар қол қойған бірінші қарарда партия съезінің «көпшілігіне» қарсы бағытталған екі тезис бар: 1) «Съезде білінген, іс жүзінде «Искраның» бұрынғы саясатына қайшы ке-

---

* Эмиграция және айдау жағдайында үнемі кездесетін ұрыс-керістердің ең сөкет формалары сөкет себептерден өрбиді деу ақылсыздық болатынын мен бұдан бұрын атап көрсеткен едім. Мұның өзі — тұрмыстың белгілі бір қолайсыз жағдайларында, белгілі бір дәрежеде ашушандық күшейген кезде, т. с. реттерде біреуден біреуге тез жұға қалатын өзінше бір дерт. Менің бұл жерде күрестің осы жүйесінің шын сипатын қайтадан көрсетуіме *тура келді*, өйткені Мартов жолдас *өзінің «Қоршау жағдайында» оны толық қайталапты.*

летін тенденциялардың салдарынан, партия уставын жасағанда Орталық Комитеттің тәуелсіздігі мен беделін қорғау үшін жеткілікті кепілдіктер жасауға тиісті көңіл бөлінбегеніне Лига өзінің қатты қынжылатынын білдіреді» (Лига протоколдары, 83-бет).

Бұл «принциптік» тезис, біздің жоғарыда көргеніміздей, *Акимовтың* жел сөзіне саяды, бұл жел сөздің *оппортунистік* сипатын партия съезінде *тіпті* Попов жолдас та әшкерелеген болатын! Асылында, «көпшілік» Орталық Комитеттің тәуелсіздігі мен беделін қорғауды ойламайды деген пікір әрқашанда тек *өсек* болып қала беретін. Бұл жөнінде мынаны атап көрсетсек те жеткілікті: біз Плехановпен бірге редакцияда болғанымызда, *Советте* Орталық Орган Орталық Комитеттен басым *болмады,* ал мартовшылдар редакцияға кіргеннен кейін, Советте Орталық Орган Орталық Комитеттен басым *болып шықты!* Біз редакцияда болған кезде, Советте *орыс практиктері* шетелдік әдебиетшілерден *басым болды*; мартовшылдарда керісінше болды. Біз редакцияда болған кезде, Совет *бірде-бір практикалық* мәселеге қол сұқпақшы болып *бірде-бір рет* оқталған жоқ; бірауыздан кооптация жасалғалы *мұндай қол сұғушылық басталды,* оқушы жұртшылық мұны көп ұзамай анық білетін болады.

Біз талдап отырған қарардың екінші тезисі мынау: «...партияның ресми орталық орындарын құрғанда, съезд іс жүзінде қалыптасып қалған орталық орындармен сабақтастық байланысты елемеді...»

Бұл тезис бүтіндей орталық орындардың *адам* құрамы туралы мәселеге тіреліп отыр. «Азшылық» ескі орталық орындардың съезде өздерінің жарамсыздығын көрсеткеніне және бірталай қателер жасағанына соқпай өтуді артық көрді. Бірақ Ұйымдастыру комитеті жөніндегі «сабақтастыққа» сүйену бәрінен де күлкілі болып шықты. Ұйымдастыру комитетінің бүкіл құрамын бекіту туралы съезде бірде-бір адамның жұмған аузын ашпағанын көрдік. Съезде Мартов Ұйымдастыру комитетінің үш мүшесі енгізілген тізім оны масқаралайтынын айтып, тіпті даусы қарлыққанша айқайлады. Съезде «азшылық» Ұйымдастыру комитетінің *бір* мүшесі енгі-

зілген *ақырғы* тізімін ұсынды (*Попов,* Глебов немесе Фомин және Троцкий), ал «көпшілік» Ұйымдастыру комитетінің үш мүшесінің (*Травинский, Васильев* және Глебов) *екеуі* енгізілген тізімді өткізді. Олай болса, бұл «сабақтастыққа» сүйенуді қалайша «принциптік алауыздық» деп атауға болады? — деген сұрақ туады.

Ескі редакцияның Аксельрод жолдас бастаған төрт мүшесі қол қойған екінші қарарға көшелік. Бұдан біз «көпшілікке» қарсы қойылған, кейін баспасөзде талай рет қайталанған басты-басты айыптаудың бәрін табамыз. Бұл айыптарды бәрінен де нақ сол редакторлар үйірмесі мүшелерінің тұжырымы бойынша талдау қолайлырақ болар. Бұл айыптар «партияны самодержавиелік-бюрократтық жолмен басқару жүйесіне» қарсы, «бюрократтық централизмге» қарсы бағытталған, «бюрократтық централизмнің» «шын социал-демократиялық централизмнен» айырмасы мынадай: ол «ішкі бірлікті бірінші орынға қоймайды, нағыз механикалық құралдармен, жеке адамдардың инициативасы мен қоғамдық талапкерлігін үнемі басып-жаншып отыру жолымен жүзеге асырылатын және сақталатын сыртқы, формальды бірлікті бірінші орынға қояды»; сондықтан ол «өзінің түпкі мәні бойынша қоғамның құрамды элементтерін етене біріктіре алмайды».

Аксельрод жолдас пен К^0 бұл жерде қай «қоғам» туралы айтып отырғанын бір алланың өзі білсін. Басқару жөнінде керекті реформалар жасау туралы земствоның өтінішін жазып отыр ма әлде «азшылықтың» шағымдарын білдіріп отыр ма,— мұны, сірә, Аксельрод жолдастың өзі де жақсы білмеген болса керек. Наразы «редакторлар» байбалам салып отырған партиядағы «самодержавие» дегеннің нендей *мағына беруі мүмкін?* Самодержавие — жалғыз адамның жоғары дәрежелі, бақыланбайтын, жауапты болмайтын, сайланбайтын өктемдік билігі. Басқаны емес, *мені* нақ осындай билептөстеуші деп есептейтіндері «азшылық» әдебиетінен өте жақсы мәлім. Талданып отырған қарар жазылып, қабылданған кезде мен Плехановпен бірге Орталық Органда едім. Олай болса, Аксельрод жолдас пен К^0 өздерінің былай деп сенетіндіктерін білдіріп отыр: Пле-

ханов та, Орталық Комитеттің барлық мүшелері де «партияны басқарғанда» істің пайдасына қарай, өздерінің көзқарастары бойынша басқармай, билеп-төстеуші Лениннің *ырқымен* басқарды. Самодержавиелік жолмен басқару жөнінде айыптау басқаруға қатысушылардың билеп-төстеушіден басқаларының бәрін, басқа біреудің қол шоқпары, басқаның айдағанына жүріп, айтқанына көнетін жандар деп тапуды сөзсіз қажет етеді. Сондықтан біз: шынында да бұл аса қадірлі Аксельрод жолдастың «принциптік алауыздығы» ма? — деген сұрақты қайта-қайта қоямыз.

Бұдан соң. Партия съезінен жаңа ғана қайтып келген, оның шешімдерін салтанатты түрде заңды деп таныған біздің «партия мүшелері» бұл жерде қандай сыртқы, формальды бірлік туралы айтып отыр? Азды-көпті берік негізде ұйымдастырылған партияда бірлік орнату үшін олар партия съезінен басқа амал бар деп біле ме екен? Егер басқа амал бар деп білетін болса, онда екінші съезді әлден-ақ заңды съезд деп танымайтындықтарын ашық айтуға неге олардың батылы жетпейді? Олар өздерінің жаңа пікірлерін және бейне бір ұйымдастырылған бейне бір партияда бірлік орнатудың жаңа әдістерін неге бізге баяндап көрмейді?

Бұдан соң. Партияның Орталық Органы осының алдында ғана алауыздықтарыңызды баяндап беріңіздер деп *сұрағанда, жауап берудің орнына* «кооптация» туралы саудаласқан біздің дарашыл интеллигенттеріміз қандай «жеке адамдардың инициативасын басып-жаныштау» туралы айтып отыр? *Қандай* «жұмысты» болса да бізбен бірігіп істеуден бас тартқан адамдардың инициативасы мен талапкерлігін, жалпы алғанда, біз Плехановпен бірге немесе Орталық Комитет болып қалайша басып-жаныштай алатын едік! Басып-жаныштаулушы адам *қатысудан бас тартқан* мекемеде немесе коллегияда оны қалайша «басып-жаныштауға» болады? Өздері *«басқарылатын болудан»* бас тартып отырғанда, сайланбаған редакторлар «басқару жүйесіне» қалайша наразылық білдіре алады? Жолдастарымызға басшылық еткенде біз *ешқандай* қателік жасауымыз *мүмкін емес* еді, өйткені мұның себебі тек мынада ғана: бұл жол-

дастар біздің басшылығымызбен мүлде жұмыс істеген жоқ.

Атышулы бюрократизм туралы байбалам салу — орталық орындардың адам құрамына наразылықты жай бүркемелеу екені, съезде салтанатты түрде берілген уәденің бұзылғандығын арамзалықпен жасыру екені айқын болса керек. Сен бюрократсың, өйткені съезд сені тағайындағанда менің ырқыммен емес, менің ырқыма қарсы тағайындады; сен формалиссің, өйткені сен менің ризалығыма сүйенбей, съездің формальды шешімдеріне сүйенесің; сен дөрекі-механикалық түрде әрекет етесің, өйткені партия съезінің «механикалық» көпшілігіне сүйенесің, менің кооптацияланғым келетіндігімен санаспайсың; сен — билеп-төстеушісің, өйткені сен ымы-жымы бір ескі топқа билік бергің келмейді; бұл топ съездің үйірмешілдікті мақұлдамай тастауы өзіне неғұрлым жағымсыз болған сайын, өздерінің үйірмешілдік «сабақтастығын» соғұрлым күштірек қорғайды.

Бюрократизм туралы бұл байбаламда жоғарыда көрсетілгеннен басқа ешқандай *нақты* мазмұн болған емес және жоқ та *. Күрестің нақ осындай әдісі азшылықтың интеллигенттік тұрақсыздығын тағы да көрсетіп береді. Ол партияны орталық орындардың сайлауы ойдағыдай болмады деп сендірмек еді. Қалай сендірмек? Плехановпен екеуіміз басқарған «Искраны» сынау арқылы ма? Жоқ, мұны істеуге олардың шамасы келмеді. Олар партияның бір бөлігіне өздері жек көретін орталық орындардың басшылығымен жұмыс істеуден бас тартуы арқылы сендірмек болды. Бірақ басшылыққа бағынғысы келмегендерге басшылық ете алатынын дүние жүзінде ешбір партияның ешбір орталық мекемесі дәлелдей алмайды. Орталық орындардың басшылығына бағынудан бас тарту партияда болудан бас тартумен бірдей, партияны күйретумен бірдей, мұның өзі — сендіру амалы емес, *бүлдіру* амалы. Дәл осы сендіру орнына бүлдірудің қолданылуы принциптік ұстамдылықтың жоқтығын, өз идеяларына сенімнің жоқтығын көрсетеді.

* Плеханов жолдас игілікті кооптацияны жасағаннан кейін, ол азшылықтың көз алдында «бюрократтық централизмнің» жақтасы болудан қалды, осыны көрсетудің өзі-ақ жеткілікті.

Бюрократизм туралы айтылып жүр. Бюрократизмді орыс тіліне: мансапқорлық деген сөзбен аударуға болады. Бюрократизм дегеніміз — *істің* мүдделерін *мансаптың* мүдделеріне бағындыру, *орынға* ерекше көңіл бөліп, жұмысты елемеу, *идеялар* үшін күресу орнына *кооптация* үшін жанжал шығару. Шынында, мұндай бюрократизмнің партияға керексіз әрі зиянды екені сөзсіз, сондықтан қазір біздің партиямызда күрес жүргізуші екі жақтың қайсысы осындай бюрократтық істеп отырғанын мен оп-оңай оқушының өз төрелігіне беремін... Бірігудің дөрекі-механикалық тәсілдері туралы айтылып жүр. Дөрекі-механикалық тәсілдердің зиянды екені түсінікті, бірақ жаңа көзқарастардың дұрыстығына партияның көзін жеткізбей тұрып, бұл көзқарастарды партияға баяндамай тұрып, жаңа бағыттың ескі бағытқа қарсы күресінің партиялық мекемелерге адамдар енгізуден асқан дөрекі, одан асқан механикалық әдісін ойлап табуға бола ма? — мұның төрелігін айтуды да мен оқушының өзіне беремін.

Бірақ, мүмкін, азшылық өте жақсы көретін сөздердің аздаған принциптік маңызы да бар болар, бұл ретте «бет бұрыстың» бастамасы болғаны күмәнсыз ұсақ және жеке дәлелге қарамастан, бұл сөздер идеялардың кейбір ерекше тобын көрсететін болар? Мүмкін, «кооптацияға» байланысты жанжалдан көңілімізді басқа жаққа аударсақ, бұл сөздер қалайда көзқарастардың басқа бір жүйесінің белгісі болып шығар?

Мәселені осы жағынан қарайық. Бұл жөнінде бізге ең алдымен мына жағдайды атап өтуге тура келеді: Лигада мәселені осылай қарауға бірінші болып кіріскен Плеханов жолдас еді, ол азшылықтың *анархизм* мен *оппортунизмге* қарай бет бұрғанын атап көрсетті, ал Мартов жолдас (кейбіреулер менің позициямды принциптік * позиция деп танығысы келмейді — деп қазір

* Ленин принциптік алауыздықты көргісі келмейді немесе оны бекерге шығарады-мыс дегенді айтып, жаңа «Искраның» *өкпелеуі* тіпті кісі күлерлік нәрсе. Сіздер іске неғұрлым принциптілікпен қарасаңыздар, онда оппортунизмге қарай бет бұрғандықты менің қайта-қайта атап көрсеткенімді соғұрлым тезірек көрген болар едіңіздер. Сіздердің позицияларыңыз неғұрлым принципті болса, сіздер идеялық күресті мансапқа таласу дәрежесіне түсіріп, оншама кемітпес едіңіздер. Өздеріңізді принципті адамдар деп тануға өздеріңіз бөгет жасау үшін не керектің бәрін істеген болсаңыздар, онда өздеріңізден көріңіздер.

қатты өкпелеп жүрген Мартов) өзінің «Қоршау жағдайында» бұл жанжалға *мүлде соқпай өтуді* артық көрді.

Лига съезінде: Лиганың немесе комитеттің өзі үшін жасап жатқан уставы, бұл уставты Орталық Комитет бекітпейінше, күшіне ене ме? Орталық Комитеттің бекіту-бекітпеуіне қарамастан күшіне ене ме? — деген жалпы мәселе көтерілді. Мәселе тіпті айдан анық сияқты: устав дегеніміз — ұйымдасқандықтың формальды белгісі, ал комитеттерді ұйымдастыру правосы, біздің партия уставының алтыншы параграфы бойынша, тек Орталық Комитеттің өзіне ғапа беріліп отыр; устав комитет автономиясының шегін белгілейді, ал бұл шекті белгілеу жөнінде партияның жергілікті мекемесінің емес, орталық мекемесінің шешуші даусы бар. *Бұл — ап-айқын нәрсе,* сондықтан «ұйымдастыру» деген сөз әрқашанда «уставты бекіту» деген сөз бола бермейді деп, терең ойлы пайымдауға салыну барып тұрған балалық болды (нақ осы ресми устав негізінде ұйымдасқысы келетінін Лига өз бетімен білдірмеген сияқты). Бірақ Мартов жолдас социал-демократияның әліппесін де ұмытқан (уақытша ұмытқан деп сенейік). Оның пікірінше, уставтың бекітілуін талап ету тек қана «бұрынғы искрашыл революциялық централизмнің орнына бюрократтық централизм орнатқандықты» (Лига протоколдары, 95-бет) көрсетеді, мұнымен қатар Мартов жолдас сол сөзінде істің «принципті жағы» дәл осы арада деп білетінін мәлімдеді (96-бет), ал осы принципті жағына ол өзінің «Қоршау жағдайында» соқпай өтуді артық көрген!

Плеханов жолдас Мартовқа сол сәтте жауап беріп, бюрократизм, помпадурлық, т. т. сияқты «съездің беделін түсіретін» сөздерден тыйылуды өтінді (96-бет). Бұл сөздерді «белгілі бағыттың принциптік сипаты» деп біл-

---

Міне, мәселен, Мартов жолдас, «Қоршау жағдайында» Лига съезі туралы сөз қылғанда, анархизм туралы Плехановпен екі арада болған талас жайында түк айтпайды, бірақ оның есесіне: Ленин — орталық орындардың үстінен қараушы, Ленин көзін бір қысып қалса болғаны, орталық орын жарлық береді, Орталық Комитет Лигаға баса-көктеп кіріп келді — дегендерді айтады, т. т. Өзінің терең идеялылығы мен принциптілігін Мартов жолдас дәл осы тақырыпты таңдап алуы арқылы-ақ дәлелдегеніне күмәнданудан аулақпын.

ген Мартов жолдаспен екі арада шалыс сөздер айтылды. Көпшілік жағындағылардың бәрі сияқты, Плеханов жолдас та *ол кезде* бұл сөздердің принциптік емес, былайша айтқанда, тек қана «кооптациялық» мағынасын айқын түсініп, бұл сөздерді нақты мәнінде ұғынды. Алайда ол Мартовтар мен Дейчтердің талап қоюына кеңшілік жасап (96—97-беттер), бейне бір принциптік көзқарастарды *принципті* түрде қарауға көшті. «Егер бұл солай болса (яғни өз ұйымын құру, өз уставын жасау жөнінде комитеттер автономиялы болса),— дейді ол,— онда олар тұтас ұйым, партия жөнінде де автономиялы болар еді. Мұның өзі бундшылдық көзқарас емес, тікелей анархистік көзқарас. Шынында да анархистер: жеке адамдардың праволарына шек қойылмаған; олар бір-бірімен соқтығысып қалуы мүмкін; өз праволарының шегін әрбір жеке адам өзі белгілейді,— деп ойлайды. Автономияның шегін топтың өзі емес, сол топ бір бөлігі болып отырған тұтас ұйым белгілеуге тиіс. Бунд осы принципті бұзудың айқын мысалы бола алады. Демек, автономияның шегін съезд белгілейді немесе съезд құрған жоғары орын анықтайды. Орталық мекеменің билігі парасат пен ақылға сүйенген беделдің негізінде құрылуға тиіс. Бұған мен, әрине, қосыламын. Ұйымның әрбір өкілі мекеменің парасатқа сүйенген беделі болуына қамқорлық жасауы керек. Бірақ бұдан бедел керек болса, онда биліктің керегі жоқ деген мағына тумайды... Идеялар беделіне билік беделін қарсы қою — анархистік жел сөз, бұл жерде оған орын болмауы керек» (98). Бұл қағидалар — мейлінше айқын, нағыз аксиомалар, сондықтан оларды дауысқа қоюдың өзі таңданарлық нәрсе болды (102-бет), ал бұл қағидалар жөнінде күмән туып отырса, тек «қазіргі уақытта ұғымдардың шатасқандығынан» ғана туып отыр (бұл да сонда). Бірақ интеллигенттік дарашылдық азшылықты съезді болдырмай тастау, көпшілікке бағынбау ниетіне ұрындырмай қоймады; бұл ниетті *анархистік жел сөзбен* ақтамаса, басқаша ақтауға болмайтын еді. Бір өте ерсі нәрсе — азшылық Плехановқа оппортунизм, анархизм және басқа өте қатаң сөздерді қолданғанына *шағым жасаудан* басқа түк айта алған жоқ. Плеханов

бұл шағымды әділ келекелеп, «жоресизм және анархизм деген сөздерді қолданудың қолайсыз, ал lèse-majesté (ұлыққа тіл тигізу) және помпадурлық деген сөздерді қолданудың қолайлы» болу себебі не? — деп сұрақ қойды. Бұл сұраққа жауап қайтарылмады. Бұл ерекше qui pro quo * Мартов, Аксельрод жолдастарда және К⁰-де үнемі кездесіп тұрады: олардың жаңа сөзсымақтарының «жүректен» шыққандығы айқын көрінеді; ал мұны бетіне айтсаң, олар ренжіп, біз принципшіл адамдармыз дейді; бірақ сіздер бөлшектің бүтінге бағынуын *принцип бойынша* қабылдамасаңыздар, онда сіздер — анархиссіздер, делінеді оларға. Қатты сөз айтқанға олар тағы да ренжиді! Басқаша айтқанда: олар Плехановпен шайқасқысы келеді, бірақ Плеханов бізге қатты шабуыл жасамасын деп шарт қояды!

Мартов жолдас және басқа да түрлі «меньшевиктер» мені төменде айтылғандай «қайшылық» жасады деп талай әшкерелемек болып, балалық дерлік іс істеді. Олар «Не істеу керектің?» немесе «Жолдасқа хаттың» идеялық ықпал туралы, ықпал жасау үшін күрес, т. т. туралы жазылған жерлерінен цитат алады да, устав арқылы «бюрократтық» ықпал жасауды, билікке және басқаларына сүйенбек болған «самодержавиелік» дәмені қарсы қояды. Аңқау байғұстар-ай! *Бұрын* біздің партия формальды жағынан ұйымдасқан тұтас ұйым болмағанын, тек жеке топтардың жинағы ғана болғанын, сондықтан бұл топтар арасында идеялық ықпалдан басқа қарым-қатынастың болуы мүмкін де емес екенін олар әлден ұмытып қалыпты. *Қазір* біз ұйымдасқан партия болдық, ал мұның өзі — билік жүргізу, идеялар беделін билік беделіне айналдыру, төменгі партия ұйымдарының жоғары партия орындарына бағынуы деген сөз. Шынында, әсіресе әңгіме сайлау жөнінде азшылықтың көпшілікке бағынғысы келмейтіндігіне келіп тірелгенде, мұндай ап-айқын нәрсені өзіңнің ескі жолдастарыңа шайнап беру тіпті бір түрлі ыңғайсыз екен! Бірақ мені қайшылық жасады деп әшкерелемек болған бұл ұшы-қиыры жоқ әрекеттердің бәрі *принцип жүзінде түгелі-*

* — қателік. *Ред.*

мен анархистік жел сөзге айналды. Жаңа «Искра» партиялық мекеменің атағы мен правосын пайдаланудан қашпайды, бірақ партияның көпшілігіне бағынғысы келмейді.

Егер бюрократизм туралы жел сөздерде принцип болса, егер мұның өзі бөлшектің бүтінге бағыну міндетін анархистерше бекерге шығару болмаса, онда бұл — жекелеген интеллигенттердің пролетариат партиясы алдындағы жауапкершілігін кемітуге, орталық мекемелердің ықпалын әлсіретуге, партиядағы ұстамдылығы негұрлым кем элементтердің автономиясын күшейтуге, ұйымдық қатынастарды нашарлатып, оларды сөз жүзінде тек сырттай ғана мойындауға тырысатын оппортунизм принципі екенін көреміз. Мұны біз партия съезінде көрген болатынбыз, съезде Акимовтар мен Либерлер «жан түршігерлік» централизм туралы не десе, Лига съезінде Мартов пен К⁰ де дәл соны айтты. Оппортунизм кездейсоқ нәрсе емес, ол өзінің табиғаты жағынан тек Россияда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде де Мартов пен Аксельродтың ұйымдық «көзқарастарына» әкеліп соғып отыр, мұны біз төменде, Аксельрод жолдастың жаңа «Искрадағы» мақаласын талдағанда көреміз.

п) СӘЛ РЕНІШ ЕДӘУІР СҮЙІНІШКЕ БӨГЕТ БОЛМАУҒА ТИІС

Лига уставын Орталық Комитет бекітуі қажет деген қарарды Лиганың қабылдамауы (Лига протоколдары, 105-бет), партия съезінің бүкіл көпшілігі сол сәтте-ақ атап айтқандай, *«партия уставын өрескел бұзғандық»* болды. Егер бұл бұзуды принципшіл адамдардың істеген ісі деп қарайтын болсақ, онда бұл нағыз анархизм болып табылады, ал съезден кейінгі күрес жағдайында мұның өзі партия азшылығының партия көпшілігінен «өш алуы» болып көрінді (Лига протоколдары, 112-бет), мұның өзі партияда бола тұрып, партияға бағынуды қажет деп санамағандық болады. Уставты өзгерту қажеттігі туралы Орталық Комитеттің мәлімдемесі бойынша қарар қабылдаудан Лиганың бас тартуы (124—125-бет-

тер) партия ұйымының жиналысы болып *есептелгісі* келген және сонымен қатар партияның орталық мекемесіне бағынғысы келмеген жиналысты *заңсыз* деп табуға сөзсіз әкеліп соқты. Сондықтан партия көпшілігін жақтаушылар бұл лайықсыз комедияға қатысқысы келмей, дереу quasi-партия жиналысынан кетіп қалды.

Сонымен, ұйымдық қатынастарды сырттай мойындаған уставтың 1-параграфы туралы мәселе жөнінде пікір тұрақсыздығын көрсеткен интеллигенттік дарашылдық іс жүзінде өзінің логикалық шегіне, сентябрьде-ақ, яғни бұдан $1^1/_2$ ай бұрын мен болжап айтқан шегіне жетті — партия ұйымын *күйретуге* дейін барды. Міне сол кезде, Лига съезі аяқталған күннің кешінде, Плеханов жолдас партияның орталық екі мекемесіндегі әріптестеріне: «өз адамдарымызға оқ атуға» шамам келмейді, «жікке бөлінгеннен де өзіңді өзің атып өлтіргенің артық», бұдан да үлкен пәлеге ұшырамау үшін жеке адамдарға барынша жеңілдік жасау керек, ал сол жеңілдік үшін, шынында, осындай апатты күрес (1-параграф жөніндегі теріс позициядан көрініп қалған принциптер жөнінде болған күрестен анағұрлым күшті күрес) жүргізіліп жатыр — деп мәлімдеді. Плеханов жолдастың белгілі бір дәрежеде жалпы партиялық маңыз алған бұл бет бұрысын дәлірек сипаттау үшін мен жеке әңгімелерге және жеке хаттарға (басқа барар жер болмағанда тығылатын бұл баспанаға) емес, істі бүкіл партия алдында Плехановтың өзінің баяндауына, «Исканың» 52-номеріндегі оның «Не істемеу керек» деген мақаласына сүйенуді неғұрлым тиімді деп есептеймін, бұл мақала дәл Лига съезінен кейін, мен Орталық Орган редакциясынан шыққаннан кейін (1 ноябрь, 1903 ж.) және мартовшылдар кооптацияланғанға дейін (26 ноябрь, 1903 ж.) жазылған болатын.

«Не істемеу керек» деген мақаланың негізгі пікірі мынадай: саясатта бір беткей, орынсыз қатаң, орынсыз қарыспа болмау керек, жік туғызбау үшін кейде ревизионистерге де (бізбен жақындасушылардың немесе дәйексіздердің арасындағыларға), анархист дарашылдарға да жеңілдік жасау қажет. Бұл дерексіз жалпы қағидалардың «Искра» оқушыларын түгелдей таңдандырғаны

әбден табиғи нәрсе. Плеханов жолдастың (кейінгі мақалаларында): менің пікірім жаңа болғандықтан, диалектиканы білмегендіктен, журт менің айтқандарымды түсінбеді — деген тамаша әрі лепірме сөздерін оқығанда, күлмей отыра алмайсың. Шынында, «Не істемеу керек» деген мақала жазылған кезде, оны Женева маңындағы, аттарының алғашқы екі әрпі бірдей болып басталатын екі мекенде тұратын оншақты-ақ адам түсіне алатын еді [116]. Плеханов жолдастың сорлаған жері мынау: съезден кейін азшылыққа қарсы күрестің барлық шатақтарына қатысқан осы оншақты-ақ адамға арналған толып жатқан тұспал мен кекесінді, алгебралық белгілер мен жұмбақтарды ол ондаған мың оқушының алдына тартты. Плеханов жолдастың бұлай сорлауының себебі — ол қисынсыз жерде өзі еске түсірген диалектиканың: дерексіз ақиқат жоқ, ақиқат қай уақытта болса да нақты деген негізгі қағидасын бұзды. Нақ сондықтан да Лига съезінен кейін мартовшылдарға жеңілдік жасау туралы өте нақты пікірге дерексіз форма беру орынсыз болды.

Плеханов жолдастың жаңа айбынды сөз есебінде ұсынған жеңілдік жасағыштығы мынадай екі ретте: не жеңілдік жасаушы жеңілдік сұраушылардың айтқанының дұрыстығына көзі жеткен кезде (адал саяси қайраткерлер мұндайда өздерінің қатесін тура және ашық мойындайды), не ақылға сыймайтын және іске зиянды болатын талапқа одан да үлкен пәледен құтылу үшін жеңілдік жасалған кезде заңды әрі қажетті болмақ. Автордың осы екінші жағдайды айтып отырғаны талданып отырған мақаладан әбден айқын көрінеді: ол ревизионистер мен анархистік дарашылдарға (яғни мартовшылдарға, мұны қазір Лига протоколдарынан партия мүшелерінің бәрі біледі) жасалатын жеңілдік туралы, жік туғызбау үшін міндетті жеңілдік туралы ашық айтып отыр. Көріп отырсыздар, Плеханов жолдастың жаңа пікір дегені, түгелімен алғанда, оншама жаңалық болып табылмайтын от басындағы мынадай даналыққа тіреліп отыр: сәл реніш едәуір сүйінішке бөгет болмауға тиіс, аздаған оппортунистік ақымақтық пен аздаған анархистік жел сөз партия ішінде үлкен жікке бөлінуден гөрі тәуір. Бұл мақаланы жазғанда Плеханов жолдас азшы-

лық біздің партияның оппортунистік қанаты екенін және олар анархистік әдістермен күрес жүргізіп отырғанын айқын көрді. Плеханов жолдас бұл азшылықпен күрескенде, неміс социал-демократиясының Бернштейнмен күрескені сияқты (тағы да si licet parva componere magnis), жеке адамдарға жеңілдік жасау жолымен күресу жобасын ұсынды. Ортаның ықпалына Бернштейн жолдастан (бұрын Плеханов жолдастың мырза деп атағанды тәуір көретініндей, Бернштейн мырза емес, Бернштейн жолдас) көбірек берілген ешкімді білмейтінін Бебель өз партиясының конгрестерінде былай деп мәлімдеді: біз оны өз ортамызға аламыз, біз оны рейхстаг делегаты етіп аламыз, біз ревизионизмге қарсы күресеміз, ревизиониске қарсы орынсыз қаталдықпен (à la Собакевич — Parvus) күреспейміз, біз бұл ревизионисті «мақтамен бауыздаймыз» (kill with kindness), әлі есімде, мұны М. Бер (M. Beer) жолдас ағылшын социал-демократиясының бір жиналысында сипаттай келіп, немістердің жеңілдік жасағыштығын, татулықты тәуір көретінін, жұмсақтығын, икемділігін, сақтығын ағылшын Собакевич-Гайндманның шабуылынан қорғаған еді. Дәл сол сияқты Плеханов жолдас та Аксельрод және Мартов жолдастардың аздаған анархизмі мен аздаған оппортунизмін «мақтамен бауыздағысы» келді. Рас, «анархистік дарашылдарға» әбден айқын тұспалдаумен қатар, Плеханов жолдас ревизионистер жөнінде әдейі күңгірт айтты, ортодоксиядан *ревизионизмге* бет бұра бастаған Аксельрод пен Мартовты емес, оппортунизмнен ортодоксияға бет бұрып отырған рабочеделошылдарды айтқан сияқтанды, бірақ бұл әншейін әскери айла еді *, бұл партия жариялылығының артилле-

* Мартынов, Акимов және Брукәр жолдастар жөнінде жеңілдік жасау туралы партия съезінен кейін тіпті сөз де болған жоқ. Олардың да «кооптация» талап еткенін мен естіген жоқпын. «Партияның қақ жартысы» атынан өздерінің қағаздары мен «ноталарын» жазғанда, Старовер жолдас немесе Мартов жолдас Брукәр жолдаспен кеңесті ме екен, мен тіпті бұған да күмәнданамын... Лига съезінде Мартов жолдас қайсар саяси күрескерше қатты ашуланып, «Рязановпен немесе Мартыновпен бірігу» туралы, олармен «мәмлеге келу» немесе ең болмағанда бірігіп (редактор ретінде) «партияға қызмет ету» мүмкіндігі туралы пікірдің өзін маңына жолатпады (Лига протоколдары, 53-бет). Мартов жолдас Лига съезінде «мартыновшылдық тенденцияларды» қатты сөкті (88-бет), ал Ортодокс жолдас Аксельрод пен Мартовтың «жиналып, өздеріне арнап устав жасауға және өздерінің қалауына

рия оғына төтеп бере алмайтын нашар салынған фортификациялы құрылыс болатын.

Сондықтан да, бұл суреттеліп отырған саяси кезеңнің нақты конъюнктурасымен танысқан адам, Плеханов жолдастың психологиясына зер салған адам менің ол кезде басқаша істей алмағанымды түсінер. Мұны мен көпшілікті жақтаушылардың ішінде мені редакцияны беріп қойғаным үшін кінәлағандарға арнап айтып отырмын. Лига съезінен кейін Плеханов жолдас басқа жаққа бет бұрып, көпшілікті жақтаушыдан қалай болған күнде де ымыраға келуді жақтаушыға айналғанда, мен оның бұл бет бұрысын ең жақсы мағынада түсінуге міндетті болдым. Мүмкін, Плеханов жолдас өз мақаласында ізгі де адал татулық программасын жасап бергісі келген болар? Мұндай программаның қандайы болса да екі жақтың да өз қателерін риясыз мойындауын керек қылады. Плеханов жолдас көпшіліктің қандай қатесін көрсетті? — Ревизионистерге Собакевичше орынсыз қатаң тиіскендікті көрсетті. Бұл ретте Плеханов жолдас: өзінің есектер жөніндегі қалжыңын есіне алды ма әлде Аксельродтың көзінше, анархизм мен оппортунизм туралы абайсызда айтылып қалған сөздерді есіне алды ма,— белгісіз; Плеханов жолдас «дерексіз» сөйлеуді, соның өзінде біреуге сілтей салуды артық көрді. Әрине, әркім өзіне ұнағанын істейді. Бірақ мен өзімнің қатты кеткенімді искрашылға жазған хатымда да, Лига съезінде де ашық мойындадым ғой; көпшіліктің мұндай «қатесін» мен қалайша мойындамаймын? Ал азшылыққа келетін болсақ, Плеханов жолдас олардың қатесі: ревизионизм (партия съезінде оппортунизм туралы және Лига съезінде жоресизм туралы оның айтқан ескертпелерін салыстырыңыз) және жікке бөлінуге апарып соққан анархизм екенін айқын көрсетті. Жеке адамдарға жеңілдік жасау және, жалпы айтқанда, әр түрлі «kindness» (жайдарылық, жұмсақтық, т. т.) жасау жолымен бұл қателерді мойындату және олардың зиянын жою

қарай сол устав бойынша әрекет істеуге Акимов, Мартынов жолдастардың және басқалардың да правосы барлығын мойындауы» мүмкін екенін еппен байқатқанда (99-бет), мартовшылдар Петрдің Христостан безгеніндей, өз сөздерінен өздері безе бастады (100-бет: «Акимовтар, Мартыновтар, т. т. жөнінде» «Ортодокс жолдастың күдіктенуі» «дәлелсіз»).

әрекетіне мен бөгет жасай алатын ба едім? «Не істемеу керек» деген мақаласында Плеханов жолдас: «тек кейбір дәйексіздігі себепті ғана» ревизионист болып жүрген ревизионистердің арасындағы *«қарсыластарды аяу керек»* деп турадан-тура үгіттеп отырғанда, мен мұндай әрекетке бөгет жасай алатын ба едім? Егер мен бұл әрекетке сенбесем, Орталық Орган жөнінде жеке адамдарға жеңілдік жасаудан және көпшіліктің позициясын қорғау үшін Орталық Комитетке ауысудан басқа не істей алатын едім? * Мұндай әрекеттердің болу мүмкіндігін мен мүлде жоққа шығара алмадым және төніп келе жатқан жікке бөлінуге жауаптылықты жалғыз өз мойныма ала алмадым, өйткені 6 октябрьдегі хатта өзім де жанжалды «ашу шақырудың» салдары деп түсіндіруге бейім едім. Ал көпшілік позициясын қорғауды мен өзімнің саяси борышым деп есептедім және есептеймін. Бұл жөнінде Плеханов жолдасқа сену қиын және қауіпті болды, өйткені өзінің: «жауынгерлік қабілет саяси мақсатқа қайшы келіп отырғанда, өзінің осы жауынгерлік қабілетіне беріліп кетуге пролетариат басшысының правосы жоқ» деген сөзін Плеханов жолдастың: егер оқ ату керек болса, онда көпшілікке атқан тиімдірек (Женевадағы ауа райының ноябрьдегі жағдайына қарай) деген мағынада диалектикалық жолмен түсіндіруге даяр тұрғаны қай жағынан болса да көрініп қалды... Көпшілік позициясын қорғау қажет болды, өйткені Плеханов жолдас революционердің ізгі (?) ниеті туралы мәселеге тоқталғанда,— мәсе-

* Мені avec armes et bagages (қаруы мен жүгін қолына ала. *Ред.)* келді — деп Мартов жолдас бұл жөнінде өте тауып айтты. Лигаға шабуыл, шайқас, жазылмайтын жарақат, т. т. сияқты әскери теңеулерді қолдануға Мартов жолдас құмар-ақ. Шынын айту керек, әскери теңеулерге мен де әуеспін, әсіресе қазіргі уақытта, Тынық мұхиттан келген хабарларды қатты көңіл қойып бақылап отырған кезде, өте-мөте құмармын. Егер әскери тілмен сөйлесетін болсақ, онда істің жайы мынадай болды ғой, Мартов жолдас. Біз партия съезінде екі фортты өзімізге қаратып алдық. Сіздер Лига съезінде осы екі фортқа шабуыл жасадыңыздар. Алғашқы жеңіл-желпі атыстан кейін-ақ менің әріптесім, бір қамалдың коменданты, дұшпанға қақпаны ашып берді. Мен, әлбетте, өзімнің азын-аулақ артиллериямды жинап, мүлде бекінбеген деуге болатын екінші фортқа кеттім — сан жағынан басым дұшпаннан «панапай тұру» үшін кеттім. Мен тіпті бітіспек болдым: екі бірдей державамен қалай соғысарсың? Бірақ жаңа одақтастар, бітісуге ұсыныс жасағаныма жауап ретінде, менің «қалған» фортыма бомба жаудырды. Мен қарсы оқ аттым. Сонда менің бұрынғы әріптесім — комендант тым қатты ашуланып: қараңыздар, жамағат, мынау Чемберленнің бейбітшілікке ниеті аз ғой өзі! — деп айқай салды.

лені нақты түрде және барлық жағынан алып қарауды талап ететін диалектиканы мазақ етіп,— *революционерге сену* туралы, партияның белгілі бір қанатына басшылық еткен «пролетариат басшысына» сену туралы мәселеге мүләйімсіп соқпай кетті. Анархистік дарашылдық туралы сөз қылып, тәртіптің бұзылуын «кей уақыттарда» елемеуге, «революциялық идеяға берілгендікпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сезімге негізделген» интеллигенттік салдыр-салақтыққа «кей кездері» жол беруге ақыл айтып, Плеханов жолдас партия көпшілігінің ізгі ниетімен де санасу керек екенін, анархистік дарашылдарға жеңілдік жасау *мөлшерін* белгілеуді *нақ сол практиктерге* беру керек екенін, сірә, ұмытып кетсе керек. Әдебиет бетінде анархистік балалық сандыраққа қарсы күрес жүргізу қаншалық оңай болса, бір ұйымда анархистік дарашылдармен практикалық жұмыс істеу соншалық қиын. Іс жүзінде анархизмге жасалуы мүмкін жеңілдіктердің мөлшерін белгілеуді міндетіне алған әдебиетші бұл арқылы тек өзінің шектен шыққан, нағыз доктринерлік, әдебиетшілдік менмендігін ғана көрсетер еді. Плеханов жолдас кеудесін көтеріп (Базаров [117] айтқандай, маңғаздану үшін): егер жаңадан жік туса, жұмысшылар бізді түсінуден қалады — деді, сөйте тұрып, оның өзі жаңа «Искрада» нағыз, нақты маңызы тек жұмысшыларға ғана емес, тіпті бүкіл әлемге ешбір түсініксіз болып қала берген ұшы-қиыры жоқ көптеген мақалаларға жол бастап берді. «Не істемеу керек» деген мақаланы корректурасынан оқыған Орталық Комитеттің мүшесі [118] Плеханов жолдасты сақтандырып, оның кейбір материалдарды (партия съезі мен Лига съезінің протоколдарын) жариялау ісін аздап қысқарту жөніндегі жоспарын дәл осы мақаланың бұзатынын, өйткені ол жұртты елеңдететін, қызықтыратын және сонымен бірге мүлде түсініксіз бір нәрсені көшедегі жұрттың талқысына салатынын *, «не боп қалды?» деп аң-таң

* Біз бөтен адам кірмейтін бір үйде қызу әрі қатты таластық. Ойламаған жерден біздің арамызда біреу орнынан атып тұрып, көшеге қараған терезені шалқасынан ашып жіберді де, Собакевичтерге, анархистік дарашылдарға, ревизионистерге және басқаларға қарсы айқай сала бастады. Әрине, көшеде оқиғаны қызықтап, білгісі келген жұрт жиналып қалды, бізді жауларымыз табалай бастады. Ешкім білмейтін нәрселерге тұспалдамай-ақ істі басынан бастап түсіндіріп бермек

қылатын сұраулар туғызатынын ескерткені таңданарлық нәрсе емес. Плеханов жолдастың пікірі дерексіз болуы, тұспалдары айқын болмауы себепті, оның дәл осы мақаласы социал-демократияның жауларын қуандырғаны таңқаларлық нәрсе емес: «Революционная Россия» өз бетінде би билеп, мәз болды, «Освобожденидегі» дәйекті ревизионистер мақаланы лепіре мақтады. Кейін Плеханов жолдас күлкіге ұшырап, қайғы шегіп әрең құтылған осы күлкілі әрі өкінішті түсініспеушіліктердің бәрі[120] диалектиканың негізгі қағидасын: нақты мәселелерді мейлінше нақты талдау керек деген қағиданы бұзудан болды. Атап айтқанда, Струве мырзаның қуануы әбден түсінікті: Плеханов жолдастың көздеген (бірақ орындалмауы да мүмкін) «жақсы» мақсаттарымен (kill with kindness) оның ісі болғап жоқ; *біздің партиямыздың оппортунистік қанаты жағына қарай* жаңа «Искрада» басталған бет бұрысты Струве мырза құттықтап қарсы алды және құттықтап қарсы алмауы мүмкін емес еді, мұны қазір жұрттың бәрі, әркім-ақ көріп отыр. Барлық социал-демократиялық партияларда оппортунизмге қарай жасалған әрбір бет бұрысты, тіпті ең ұсақ және уақытша бет бұрыстың өзін тек орыс буржуазияшыл демократтары ғана құттықтап қоймайды. Ақылды дұшпанның берген бағасында жаппай ағаттық бәрінен де сирек кездеседі: маған сені кім мақтағанын айтсаң, саған қатенің неде екенін айтайын. Сондықтан Плеханов жолдас: көпшілік партияның сол қанатынан оң қанатына көшуге қарсы болған жоқ, кооптация жөнінде жеке адамдарға жеңілдік жасауға сөзсіз қарсы болды — деп, істі осылайша көрсетсе, оқушы аңғармайды деп ойлап, босқа дәмеленеді. Істің мәні эсте Плеханов жолдастың жік туғызбау үшін өз тарапынан жеңілдік жасағанында емес (мұнысы өте мақтарлық), істің мәні мынада: дәйексіз ревизионистермен және анархистік дарашылдармен *таласу* қажеттігін толық мойындай отырып, ол

болып, таласқа қатысушылардың басқалары да терезенің қасына келді. Сол кезде терезе тарс жабылып қалды: *ұрыс-керіс* туралы айтудың қажеті жоқ — десті («Искра», № 53, 8-бет, 2-бағана, төменнен санағанда 24-жол). *«Искрада»* «ұрыс-керіс» туралы сөз *бастаудың* қажеті жоқ еді, Плеханов жолдас[119]» — міне, бұл шындық болады!

анархизмге жасалуы мүмкін нақты жеңілдіктердің *мөлшері жөнінде* келісе алмаған көпшілікпен таласуды артық көрді. Істің мәні әсте Плеханов жолдастың редакцияның адам құрамын өзгертіп жібергенінде емес, істің мәні мынада: ол ревизионизммен және анархизммен таласта өз позициясына опасыздық жасап, бұл позициясын партияның Орталық Органында қорғамайтын болды.

Ол кезде көпшіліктің бірден-бір ұйымдасқан өкілі ретінде іс жүргізген Орталық Комитетке келетін болсақ, онымен (Орталық Комитетпен) Плеханов жолдас ол кезде *тек анархизмге жасалуы мүмкін нақты жеңілдіктердің мөлшері жөнінде ғана* ажырасты. 1 ноябрьден бері, өзімнің кетіп қалуым арқылы kill with kindness саясатына жол ашқанымнан бері бір айға жуық уақыт өтті. Алуан түрлі қатынастар жасап, бұл саясаттың жарамдылығын тексеруге Плеханов жолдастың толық мүмкіншілігі болды. Плеханов жолдас бұл кезде «Не істемеу керек» деген мақаласын бастырып шығарды, мұның өзі мартовшылдардың редакцияға кіруіне мүмкіндік берген, былайша айтқанда, бірден-бір билет болды *және болып отыр.* Ревизионизм (мұнымен дұшпанды аяй отырып таласу керек) және анархистік дарашылдық (мұны мақтамен бауыздай отырып алдап-сулау керек) деген ұрандар бұл билетте үлкен әріптермен басылған. Қош келдіңіздер, мырзалар, рақым етіңіздер, мен сіздерді мақтамен бауыздаймын,— Плеханов жолдас өзінің редакциядағы жаңа әріптестеріне бұл шақыру билетімен осыны айтады. Әрине, Орталық Комитетке өз көзқарасы тұрғысынан анархистік дарашылдыққа жасауға болатын нақты жеңілдіктердің мөлшері туралы өзінің соңғы сөзін (ультиматум, ал мұның өзі мүмкін болатын татулық туралы соңғы сөз) айту ғана қалды. Не сіздер татулық тілейсіздер,— онда сіздерге пәлендей орын береміз, бұл біздің жұмсақтығымызды, татулықты тәуір көретіндігімізді, жеңілдік жасағыштығымызды etc. дәлелдейді (партиядағы татулықты, таластың болмауы мағынасындағы татулықты емес, анархистік дарашылдықтың партияны бұзбауы мағынасындағы татулықты қамтамасыз ете отырып, біз бұдан ар-

тық бере алмаймыз), осы орындарды алыңыздар да, қайтадан аздап Акимовтан Плехановқа қарай бұрылыңыздар. Не сіздер өздеріңіздің көзқарастарыңызды қорғап, дамытқыларыңыз келеді, Акимовқа қарай біржолата (ең болмағанда тек ұйымдық мәселелер жөнінде ғана) бұрылғыларыңыз келеді, Плехановқа қарсы өз пікірлеріңізді растап, партияны сендіргілеріңіз келеді,— онда өздеріңіз әдеби топ құрыңыздар, съезде өкілдік алыңыздар, сөйтіп адал күрес, ашық айтыс арқылы көпшілікті өздеріңізге тарта бастаңыздар. Орталық Комитеттің 1903 жылғы 25 ноябрьдегі ультиматумында («Қоршау жағдайын» және «Лига протоколдарына берілген түсінікті» қараңыз *) мартовшылдардың алдына мейлінше айқын қойылған бұл альтернатива Плеханов екеуіміздің 1903 жылғы 6 октябрьде бұрынғы редакторларға жазған хатымызға толық сай келеді: не ашу шақыру (онда, *ең құрығанда,* «кооптациялауға» да болады), не принциптік ажырасу (онда *әуелі* партияны сендіру керек, содан кейін орталық орындардың адам құрамын қайта өзгертуді сөз ету керек). Орталық Комитеттің бұл сыпайыгерлік дилемманы шешу мүмкіндігін мартовшылдардың өздеріне берген себебі: *дәл сол кезде*

---

* Жеке әңгімелерді etc. тілге тиек еткен Мартовтың «Қоршау жағдайында» Орталық Комитеттің осы ультиматумы төңірегіне шырмаған шумағын мен, әлбетте, тарқатпай, сол күйінде қалдырамын. Бұл — мұның алдындағы параграфта мен сипаттаған «күрестің екінші тәсілі», мұны әйтеуір бір нәтиже шығар деген үмітпен талдау тек невропатология жөніндегі маманның ғана қолынан келеді. Мынаны айтсақ та жеткілікті: Мартов жолдас онда келіс сөздерді жарияламау туралы Орталық Комитетпен жасасқан келісім бар деп өңештейді, бірақ, қанша іздестіргенмен, мұндай келісім осы уақытқа дейін табылған емес. Орталық Комитеттің атынан келіс сөз жүргізген Травинский жолдас маған хат жазып, редакцияға жазған хатымды «Искрадан» тыс бастыруға менің правом бар деп есептейтінін білдірді.

Мартов жолдастың тек бір сөзі ғана маған өте ұнады. Бұл — «ең жаман бонапартизм» деген сөзі. Меніңше, Мартов жолдас бұл категорияны өте дер кезінде ұсынды. Кәне, бұл ұғымның мәнісі не екеніне аспай-саспай көз жіберелік. Меніңше, оның мәнісі — *формальды* жағынан заңды жолмен, ал *іс жүзінде* халықтың (немесе партияның) ырқына қарсы жолмен билік алғандық. Солай емес пе, Мартов жолдас? Ендеше төрелік айту мүмкіндігін мен аспай-саспай жұрттың өзіне беремін: бұл «ең жаман бонапартизм» кімнің тарапынан болды — II съездің ырқына сүйене отырып, мартовшылдарды өткізбеуге өздерінің *формальды* правосы барлығын пайдалана алатын, бірақ бұл правосын *пайдаланбаған* Ленин мен Игрек тарапынан болды ма; — әлде редакцияны басып алу шынында *II съездің ырқына қайшы келетінін* біле тұрып және II съездің ырқын III съездің тексеруінен қорқып, редакцияны *формальды жағынан дұрыс* жолмен («бірауызды кооптация») басып алғандар тарапынан болды ма?

Мартов жолдас өзінің profession de foi * («Тағы да азшылықта») деген еңбегінде мынадай сөздер жазды:

«Азшылық бір абыройдан — «жеңіле тұрып» та, *жаңа партия құрмауға* болатындығының үлгісін партиямыздың тарихында тұңғыш рет көрсетуден дәмеленеді. Азшылықтың мұндай позициясы партияның ұйымдық дамуы жөніндегі өзінің барлық көзқарастарынан туады, бұл позиция бұдан бұрынғы партиялық жұмыспен өзінің байланысы күшті екенін ұғынудан туады. Азшылық «қағаз жүзіндегі революцияның» мистикалық күшіне сенбейді және өз талаптарының *өмірге терең тамыр жайған дәлелділігін партия ішінде таза идеялық насихат жүргізу арқылы өзінің ұйымдық принциптерінің салтанат құруына жете алатындығының* кепілі деп біледі». (Курсив менікі.)

Бұл қандай тамаша, айбарлы сөздер еді! Бірақ мұның *тек бос сөз* екенін тәжірибе жүзінде көру қандай өкінішті болды... Сіз мені ғапу етіңіз, Мартов жолдас, ал енді *мен сіздер ақтай алмаған* осы «абыройға» ие болуға *көпшілік атынан тілек білдіремін.* Бұл абырой шынында да үлкен абырой болады, ол үшін таласуға әбден болады, өйткені үйірмешілдік дәстүрлері тым оңай бола қалатын жікке бөлінуді және: не тісін сындыр, не қолыңды бер деген ережені барынша тырысып қолдануды бізге мұра етіп қалдырды.

Едәуір сүйініш (біртұтас партияның болуы) сәл ренішті (кооптация жөнінде болған ұрыс-керіс сияқтыларды) басып кетуге тиіс еді және басып кетті де. Мен Орталық Органнан кеттім, Игрек жолдас (Плеханов екеуіміз оны Орталық Орган редакциясынан партия Советіне өкіл етіп жібергенбіз) Советтен кетті. Орталық Комитеттің татулық туралы соңғы сөзіне мартовшылдар соғыс жариялаумен бірдей хат (цитат алынған басылымдарды қараңыз) жазу арқылы жауап берді. Сол кезде, тек сол кезде ғана мен жариялылық туралы редакцияға хат («Искра» № 53) жаздым **. Егер ревизионизм

---

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 98—102-беттер. *Ред.*

туралы айтатын болсақ, дәйексіздік туралы және анархистік дарашылдық туралы, әр түрлі басшылардың жеңілуі туралы дауласатын болсақ, онда, келіңдер, мырзалар, істің қалай болғанын жасырмай, түгел айтып берейік дедім — жариялылық туралы бұл хаттың мазмұны, міне, осындай еді. Редакция бұл хатқа ашулы балағатпен жауап берді және: *«үйірме өмірінің ұсақ-түйектері мен ұрыс-керістерін* («Искра» № 53) сөз ете көрме,— деп тамаша ақыл айтты. Мен ішімнен: ә, солай ма, «үйірме өмірінің ұсақ-түйектері мен ұрыс-керістері ме»... es ist mir recht, мырзалар, мен бұған қосыламын — деп ойладым. Демек, сіздер «кооптация» жөніндегі әбігерлікті *үйірмелік ұрыс-керістерге* тікелей жатқызады екенсіздер ғой. Бұл рас. Ал, сол 53-номердің бас мақаласында сол (бейне бір сол) редакция бюрократизм, формализм және басқалар туралы алып қашпа сөздер таратып отырса, онда бұл үндестіктің бұзылғаны болар *. Орталық Органға кооптация жасау жолындағы күрес туралы мәселе көтеруге сенің қақың жоқ, өйткені бұл ұрыс-керіс болады. Ал біз Орталық Комитетке кооптация жасау туралы мәселе көтереміз және мұны ұрыс-керіс деп атамай, «формализм» туралы принципті ажырасушылық деп атаймыз.— Оларың болмайды, қымбатты жолдастар, сіздердің бұларыңызға жол бермеуге рұқсат етерсіздер, деп ойлаймын. Сіздер менің фортыма оқ атқыларыңыз келеді, сөйтіп отырып менен артиллерияны сіздерге қолдан беруді талап етесіздер. Әзілге айналдырғыларың келеді екен! Сондықтан мен «Редакцияға хат» жазып, оны «Искрадан» бөлек бастырдым («Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?» **, онда мен істің қалай болғанын қысқаша айтып бердім, әрі-бері қарастырып, мынадай үлес алсақ, татулық болар ма екен деп ойладым: Орталық Орган сіздердікі, Орталық Комитет біздердікі болсын. Сонда қай жағы болсын өз партиясында өзін «жатпын» деп

* «Үндестіктің бұзылуы» Орталық Орган редакциясының құрамындағы үндестіктің бұзылуынан оп-оңай туа салғаны кейін анықталды. «Ұрыс-керіс» туралы Плеханов жазды (оның «Өкінішті түсініспеушіліктегі» мойындауын қараңыз, № 57), ал «Біздің съезд» деген бас мақаланы Мартов жазды («Қоршау жағдайы», 84-бет). Біреу ойға, біреу қырға.

** Қараңыз: осы том, 103—110-беттер. *Ред.*

сезбейді, ал оппортунизмге бет бұру жөнінде біз әлі айтысамыз, әуелі әдебиет бетінде, кейін, бәлкім, партияның үшінші съезінде де айтысамыз.

Татулық туралы ескертуге жауап ретінде дұшпанның барлық батареяларынан, соның ішінде Советтен де оқ жаудырылды. Оқ қардай борады. Билеп-төстеуші, Швейцер, бюрократ, формалист, орталық орындардың үстінен қараушы, сыңар жақ, тік бақай, тоң мойын, өресіз, сенімсіз, жұғымсыз... Өте жақсы, достарым! Болдыңыздар ма? Сақтап қалған еш нәрселеріңіз жоқ қой? Ендеше оқтарыңыз түкке тұрмайды...

Ендігі сөз менікі. Жаңа «Искраның» ұйымдық жаңа көзқарастарының *мазмұнына* және біздің партияның «көпшілік» пен «азшылық» болып бөлінуіне осы көзқарастардың қандай қатынасы бар екенін байқайық, бұл бөлінудің шын сипатын біз екінші съездегі жарыс сөздер мен дауысқа қоюларға талдау жасау арқылы көрсеткен болатынбыз.

р) ЖАҢА «ИСКРА». ҰЙЫМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДЕГІ ОППОРТУНИЗМ

Жаңа «Искраның» принциптік позициясын талдауға негіз етіп, сөз жоқ, Аксельрод жолдастың екі фельетонын * алу керек. Оның толып жатқан сүйікті сөздерінің нақты мәнін біз жоғарыда егжей-тегжейлі көрсеткенбіз, енді бұл нақты мәнге тоқталмауға тырысуымыз керек, «азшылықты» қандай да болсын басқа бір ұрандарға емес, дәл осы ұрандарға (әр түрлі ұсақ-түйек себептермен) әкеліп тіреген пікір өрісін ұғуымыз керек, олардың қайдан шыққанына қарамастан, «кооптацияға» қарамастан, бұл ұрандардың принциптік мәнін талдауымыз керек. Біз қазір жеңілдік жасау рухындамыз: Аксельрод жолдасқа да жеңілдік жасап, оның «теориясын» «шындап қолға алайық».

Аксельрод жолдастың негізгі тезисі («Искра» № 57) мынау: «біздің қозғалысымыз әуел бастан-ақ бір-біріне

---

* Бұл фельетондар ««Искра» екі жыл ішінде» деген жинаққа кірді, II бөлім, 122 және келесі беттер (СПБ. 1906). (1907 ж. басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

қарама-қарсы екі тенденцияны өз бойында сақтап келді, бұлардың өзара антагонизмі дамымай тұра алмады және қозғалыстың өз дамуымен қатарласа отырып, оған әсер етпей қоймады. Атап айтқанда: «принцип жағынан, қозғалыстың пролетарлық мақсаты (Россияда) батыс социал-демократиясындағы қозғалыстың пролетарлық мақсатымен бірдей». Бірақ бізде жұмысшы бұқарасына әсер ету «бұқараға жат әлеуметтік элемент» — радикалдық интеллигенция тарапынан болып отыр. Сөйтіп, Аксельрод жолдас біздің партиямыздағы пролетарлық тенденция мен радикал-интеллигенттік тенденция арасында антагонизм бар деп біледі.

Аксельрод жолдастың мұнысы сөзсіз дұрыс. Бұл антагонизмнің бар екенінде (және тек жалғыз орыс социал-демократиялық партиясында ғана емес) күмән жоқ. Ол ол ма. Осы заманғы социал-демократияның революциялық (әрі ортодоксиялық) және оппортунистік (ревизионистік, министериалистік, реформистік) болып бөлінуі едәуір дәрежеде нақ осы антагонизмнен болып отырғаны жұрттың бәріне және әркімге белгілі, мұның өзі біздің қозғалысымыздың соңғы он жылы ішінде Россияда да әбден айқындалып отыр. Қозғалыстың дәл пролетарлық тенденцияларын — ортодоксиялық социал-демократия, ал демократиялық-интеллигенттік тенденцияларын — оппортунистік социал-демократия білдіретіні де жұрттың бәріне белгілі.

Бірақ Аксельрод жолдас жалпыға мәлім бұл фактіге жақын келіп, қорқып шегіне бастайды. Бұл айтылған бөлінудің, жалпы алғанда, орыс социал-демократиясының тарихында және әсіресе біздің партия съезінде қалай байқалғанын талдауға ол *ешбір әрекет* жасамайды,— ал Аксельрод жолдас нақ осы съезд жайында жазып отыр ғой! Жаңа «Искраның» бүкіл редакциясы сияқты, Аксельрод жолдас та осы съездің протоколдарынан *өлердей қорқады*. Бүкіл жоғарыда айтылғандардан кейін, бұған біз таңырқамауға тиіспіз, бірақ қозғалысымыздағы әр түрлі тенденцияларды бейне бір зерттеуші «теоретиктің» мұнысы *шындықтан қорқудың* ерекше түрі болып табылады. Өзінің осы қасиеті арқасында Аксельрод жолдас қозғалысымыздың тенденция-

лары туралы ең жаңа және ең дұрыс материалды ысырып тастап, сүйкімді қиялдар дүниесінен өзіне пана іздейді. «Жария марксизм яки жартылай марксизм біздің либералдарға әдеби көсем тауып берді ғой,— дейді ол.— Ал тентек тарих революциялық буржуазиялық демократияға ортодоксиялық, революциялық марксизм мектебімен неге көсем тауып бермейді?» Аксельрод жолдас ұнататын бұл қиял туралы біз тек мынаны ғана айтамыз: егер тарихтың тентектік жасайтын кезі болса, онда бұл осы тарихқа талдау жасамақ болған адамның *пікірінің тентек* болуын ақтамайды. Жартылай марксизмнің көсемінен либерал көрініп тұрғанда, оның «тенденцияларын» байқағысы келген *(және байқай алған)* адамдар тарихтың болуы мүмкін тентектігіне сүйенген жоқ, сол көсемнің психологиясы мен логикасының ондаған және жүздеген үлгісымақтарына, буржуазиялық әдебиетте марксизм бейнесін көрсеткен оның бүкіл әдеби пішінінің ерекшеліктеріне сүйенді [121]. «Біздің қозғалысымыздағы жалпы революциялық және пролетарлық тенденцияларға» талдау жасамақ болған Аксельрод жолдас партияның өзі жек көретін ортодоксиялық қанатының пәлендей де пәлендей өкілдерінің белгілі бір тенденциялары бар екенін *еш нәрсемен, мүлде еш нәрсемен* дәлелдеп көрсете алмаса, онда ол мұнысымен өзіне өзі *мүсәпірлігі туралы салтанатты куәлік* қана берді. Тарихтың болуы мүмкін тентектігіне ғана сүйеніп отырғанына қарағанда, Аксельрод жолдастың жағдайы мүшкіл болса керек!

Аксельрод жолдастың «якобиншілдерді» тілге тиек етуі бұдан да гөрі ғибратты. Осы заманғы социал-демократияның революциялық социал-демократия және оппортунистік социал-демократия болып бөлінуі әлдеқашан,— және тек Россияда ғана емес,— «ұлы француз революциясы заманының тарихи аналогияларын» келтіруге себепші болғаны Аксельрод жолдасқа, сірә, белгісіз болмаса керек. *Осы заманғы социал-демократияның жирондистері* өз дұшпандарын сипаттау үшін «якобиншілдік», «бланкизм», т. с. терминдерді көрінген жерде және қашан болса да қолданатыны Аксельрод жолдасқа, сірә, белгісіз болмаса керек. Бірақ Аксельрод жол-

дастың шындықтан қорқуына еліктемей-ақ қояйық, съезіміздің протоколдарында біз талдап отырған тенденциялар мен біз талқылап отырған аналогияларға талдау жасауға және тексеруге керекті материал жоқ па екен, соны байқайық.

Бірінші мысал. Партия съезінде программа туралы болған талас. Акимов жолдас (Мартынов жолдастың айтқанына «әбден қосылып») былай деп мәлімдеді: «саяси өкіметті жеңіп алу туралы (пролетариат диктатурасы туралы) абзац, басқа да барлық социал-демократиялық программалармен салыстырғанда, өзгеше жазылған, бұл қалпында басшы ұйымның ролі сол ұйым басшылық етіп отырған тапты кейін ығыстыруға және ұйымды таптан оқшаулауға тиіс болады деп түсіндірілуі мүмкін және шынында да Плеханов осылай түсіндірді. Сондықтан саяси міндеттеріміздің тұжырымдалуы да дәл «Халық еркінікі» сияқты» (протоколдар, 124-бет). Акимов жолдасқа Плеханов жолдас және басқа искрашылдар қарсы шығып, оны оппортунизмге салындың деп кінәлады. Бұл талас бізге социал-демократиядағы *осы заманғы якобиншілдер* мен осы заманғы *жирондистердің* антагонизмін көрсететінін (тарихтың қиялдағы тентектігінде емес, іс жүзінде көрсететінін) Аксельрод жолдас мойындамас па екен? Және де Аксельрод жолдас (өзі істеген қателері салдарынан) социал-демократия *жирондистерінің* қатарында болып қалғандықтан, якобиншілдер туралы сөз қозғап отырған жоқ па екен?

Екінші мысал. Посадовский жолдас «демократиялық принциптердің абсолюттік құны» туралы «негізгі мәселе» жөніндегі «елеулі алауыздық» жайында мәселе көтерді (169-бет). Ол Плехановпен бірге бұлардың абсолюттік құнын бекерге шығарды. «Центрдің» яки батпақтың лидері (Егоров) және антиискрашылдардың лидері (Гольдблат) бұған үзілді-кесілді қарсы шығып, Плехановтың «буржуазиялық тактикаға еліктегенін» аңғарды (170-бет) — *бұл ортодоксияның буржуазиялық тенденциямен байланысы туралы Аксельрод жолдас айтқан идеясының дәл өзі,* жалғыз-ақ айырмасы мынау: Аксельродтың бұл идеясының негізі жоқ, ал

Гольдблаттың идеясы белгілі бір айтыстарға байланысты. Біз тағы да былай деп сұрақ қоямыз: бұл талас та осы заманғы социал-демократиядағы якобиншілдер мен жирондистердің антагонизмін бізге өзіміздің партия съезінде *өз көзімізбен* көргендей етіп көрсетіп бергенін Аксельрод жолдас мойындамас па екен? Өзі жирондистердің қатарында қалып қойғандықтан, Аксельрод жолдас якобиншілдерге қарсы айқай көтеріп отырған жоқ па екен?

Үшінші мысал. Уставтың 1-параграфы туралы таластар. *«Біздің қозғалысымыздағы пролетарлық тенденцияларды»* қорғаушы кім, жұмысшының ұйымнан қорықпайтынын, пролетардың анархияға тілектес болмайтынын, оның «ұйымдасыңдар!» деген ұранды бағалай білетінін атап айтқан кім, тұла-бойын оппортунизм жайлап алған буржуазияшыл интеллигенциядан сақтандырған кім? *Социал-демократия якобиншілдері.* Ал радикал интеллигенцияны партияға тықпалаған кім, профессорлар, гимназистер туралы, жеке-дара жүргендер туралы, радикал жастар туралы қам жеп жүрген кім? *Жирондист Аксельрод пен жирондист Либер.*

Біздің партия съезінде «Еңбекті азат ету» тобының көпшілігіне қарсы ашық түрде қолданылған, «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыптан» Аксельрод жолдас шебер қорғана алмай отыр! Ол қорғанғанда якобиншілдік, бланкизм және басқалары туралы Бернштейннің ескі әуеніне басып, айыптың дұрыс тағылғанын дәлелдейді! Ол радикал интеллигенцияның қауіптілігі туралы айқайлап, партия съезінде өзінің сол интеллигенция жөнінде қам жей сөйлеген сөздерін ұмыттырмақ болады.

Якобиншілдік, т. с. туралы бұл «қорқынышты сөздерде» *оппортунизмнен* басқа ештеңе жоқ. Таптық мүдделерін түсінген пролетариат *ұйымымен* тығыз байланысты якобиншіл — бұл *революцияшыл социал-демократ*. Профессорлар, гимназистер туралы уайымдайтын, пролетариат диктатурасынан қорқатын, демократиялық талаптардың абсолюттік құны туралы күрсінетін жирондист — ол *оппортунист*. Саяси күресті заговор дәрежесіне дейін тарылту туралы пікір әдебиетте мыңдаған

рет теріс деп танылған кезде, өмірдің өзі оны әлдеқашан теріс деп тауып, ысырып тастаған кезде, бұқаралық саяси үгіттің айрықша маңызы анықталып, айтыла-айтыла жұртты әбден ығыр қылған кезде, тек оппортунистер ғана қазіргі уақытта заговорлық ұйымдарды қауіпті деп есептей алады. Заговоршылықтан, бланкизмнен қорқудың нақты негізі — практикалық қозғалыстың белгілі бір анықталған белгісі емес (мұны Бернштейн мен $К^0$ көптен бері осылай деп көрсетуге бекер тырысып жүр), осы заманғы социал-демократтардың арасында психологиясы жиі көрініп қалатын буржуазияшыл интеллигенттің жирондистік жасқаншақтығы. Жаңа «Искраның» қырқыншы және алпысыншы жылдардағы француз революционер-заговоршыларының тактикасынан сақтандыру сияқты *жаңа сөз* айтпақ болып (кезінде жүздеген рет айтылған) осыншама тырыштануынан күлкілі ештеңе жоқ (№ 62, бас мақала) [122]. Осы заманғы социал-демократияның жирондистері «Искраның» жақында шығатын бір номерінде қырқыншы жылдардағы француз заговоршыларының бір тобын бізге, сірә, көрсетіп беретін болар, олар үшін жұмысшылар бұқарасы арасындағы саяси үгіттің маңызы, партия тарапынан тапқа әсер етудің негізі ретіндегі жұмысшы газеттерінің маңызы әлдеқашан жаттанды болған және естен де шығып кеткен әліппе болар еді.

Алайда жаңа «Искраның» жаңа сөз шығарғансып, артын пысықтауға және әліппені қайта жаттауға ұмтылуы әсте кездейсоқ нәрсе емес, қайта, біздің партиямыздың оппортунистік қанатына шығып кеткен Аксельрод пен Мартов жағдайынан сөзсіз туып отырған нәтиже болып табылады. Адамды жағдай көп нәрсеге міндеттейді. Съездегі күрес және партияның съезде қалыптасқан сарындары мен бөлінулері тұрғысынан алып қарағанда қорғауға келмейтін өз позициясын ақтайтын қандай болса да бір айғақты *баяғы өткен уақыттан* табуға тырысу үшін оппортунистік жел сөздерді қайталап айта беруге, *кейін шегінуге* тура келеді. Якобиншілдік пен бланкизм жөніндегі акимовтық терең ойға Аксельрод жолдас: «экономистер» ғана емес, «саясатшылар» да «бір жақты» болды, тым «әуестеніп кетті»,

т. т., т. с. деген нақ сол акимовтық қыңқылдарды қосып отыр. Мұндай бір жақтылық пен әуесқойлықтың бәрінен де жоғары тұрмын деп меңменсіген жаңа «Искрадан» осы тақырыпқа жазылған даурықпа пікірлерді оқығанда, өзіңнен-өзің: бұлар кімді бейнелемек? олар осы әңгімелерді қайдан естиді?[123] — деп таңдана сұрайсың. Орыс социал-демократтарын экономистер, саясатшылар деп бөлудің әлдеқашан күні өткенін кім білмейді? Партия съезі алдындағы соңғы бір-екі жылдағы «Искраны» ақтарып қарасаңыздар, «экономизмге» қарсы күрес бәсеңдеп барып, 1902 жылдың өзінде-ақ әбден біткенін көресіздер, мәселен, 1903 жылғы июльде (№ 43) «экономизм заманы» туралы «біржолата бастан өткен» нәрсе ретінде сөз болғанын, экономизмнің «біржолата келмеске кеткен» нәрсе деп саналғанын, саясатшылардың әуестенуі айдан анық атавизм деп есептелгенін көресіздер. «Искраның» жаңа редакциясы біржолата келмеске кеткен бұл бөлінуге неліктен айналып соғып отыр? Съезде біз Акимовтарға қарсы күрескенде, олардың бұдан екі жыл бұрын «Рабочее Делода» істеген қателері үшін күрескенбіз бе? Егер біз бұлай еткен болсақ, онда біз нағыз нақұрыс болар едік. Бірақ біздің бұлай істемегенімізді, съезде Акимовтарға қарсы күрескенде, олардың «Рабочее Делодағы» біржолата келмеске кеткен ескі қателері үшін емес, олардың съездегі пайымдауларында, дауыс берулерінде істеген *жаңа қателері* үшін күрескенімізді кім де болса біледі. Олардың қандай қателерінің шынында да бастан өткенін, қазір қандай қателері бар екенін және дау туғызып отырғанын талдағанда, біз олардың «Рабочее Делодағы» позициясына емес, съездегі позициясына қарадық. Съезд қарсаңында экономистер және саясатшылар деп бұрынғыша бөлу жоқ еді, бірақ әр түрлі оппортунистік тенденциялар әлі бар еді, бұлар бірқатар мәселелер жөніндегі жарыс сөздер мен дауысқа қоюлардан көрінді және ақырында партияның «көпшілік» және «азшылық» болып жаңадан бөлінуіне әкеліп соқты. Істің күллі мәнісі мынада: оп-оңай түсінуге болатын себептермен, «Искраның» жаңа редакциясы бұл жаңадан бөлінудің партиямыздағы *осы заманғы* оппортунизммен

байланысты екенін бүркемелеуге тырысып отыр, сондықтан ол жаңа бөлінуден ескі бөлінуге қарай кейін шегінуге мәжбүр болып отыр. Жаңа бөлінудің саяси тегін түсіндіре алмау (немесе жеңілдік жасалғаны үшін бұл текті бүркемелеуге * тырысу) әлдеқашан күні өтіп кеткен ескі бөліну жөніндегі баяғы бір сағызды қайта-қайта шайнатып отыр. Ұйым принциптері туралы таластан басталып (уставтың 1-параграфы), анархистерге лайықты «практикамен» тынған *ұйымдық* мәселелер жөнінде ажырасу жаңадан бөлінуге негіз болғаны жұрттың бәріне және әркімге мәлім. Көбінесе *тактикалық* мәселелер жөніндегі ажырасулар экономистер және саясатшылар болып ескіше бөлінуге негіз болған еді.

Партия өмірінің негұрлым күрделі, шынында да осы замангы және көкейтесті мәселелерінен әлдеқашан шешілген, әдейі қайта қозғалып отырған мәселелерге шегінуді жаңа «Искра» кісі күлерлік терең ойлылықпен ақтауға тырысады, мұны хвостизм дегеннен басқа атпен атауға болмайды. Формадан мазмұн маңыздырақ, ұйымнан программа мен тактика маңыздырақ, «ұйымның өміршеңдігі оның қозғалысқа енгізетін мазмұнының көлемі мен мәніне тікелей пропорциялы», централизм «өзімен-өзі болатын бірдеңе» емес, «барлық пәледен сақтайтын тұмар» емес, т. т., т. с. деген терең «ой» Аксельрод жолдастың жеңіл қолымен жаңа «Искраның» барлық жазбаларына өзек болып отыр. Терең мәнді, ұлы ақиқат! Шынында да, программа тактикадан маңыздырақ, тактика ұйымнан маңыздырақ. Әліппе этимологиядан маңыздырақ, этимология синтаксистен маңыздырақ,—бірақ синтаксистен емтихан тапсыра алмай, енді маңғазданып, төменгі класта екінші жылға қал-

* «Искраның» 53-номеріндегі Плехановтың «экономизм» туралы мақаласын қараңыз. Бұл мақаланың тақырыпшасында кішкене қате кеткен сияқты. «Партияның екінші съезі жөнінде естірте айтылған пікірлер» дегеннің орнына, бәлкім, *«Лига* съезі жөнінде» немесе, мүмкін, *«кооптация* жөнінде» деп оқу керек сияқты. Белгілі бір жағдайларда, жеке талаптар жөнінде жеңілдік жасау қаншалықты орынды болса, партияны толғандырып отырған мәселелерді шатастыру, ортодоксиядан оппортунизмге бет бұра бастаған Мартов пен Аксельродтың жаңа қатесі туралы мәселенің орнына — бұл күнде программа мен тактиканың көптеген мәселелері жөнінде оппортунизмнен ортодоксияға бет бұруға, мүмкін, өздері де дайын тұрған Мартыновтар мен Акимовтардың ескі (қазір жаңа «Искрадан» басқа ешкім ескермейтін) қатесі туралы мәселені қою соншалықты орынсыз.

ғандарына мақтанып жүрген адамдар туралы не деуге болады? Аксельрод жолдас ұйымның принциптік мәселелері туралы оппортунисше пікір айтты (§ 1), ал ұйымда анархисше іс-әрекет жасады (Лига съезі),— енді келіп, социал-демократияны тереңдетпек болады: дәмесінің зорып! Шынында да, ұйым деген не? бұл тек форма ғана ғой; централизм деген не? бұл тұмар емес қой; синтаксис деген не? бұл этимологиядан гөрі маңызы кем нәрсе ғой, бұл тек этимология элементтерінің құралу формасы ғана ғой... «Егер біз: устав қанша мінсіз болып көрінсе де, оны қабылдаудан гөрі, партия программасын жасау арқылы съезд партия жұмысының орталықтануына анағұрлым көбірек себепші болды десек, Александров жолдас бізбен келіспес пе екен?»— деп «Исканың» жаңа редакциясы қоқилана сұрақ қояды (№ 56, қосымша). Бұл тамаша нақыл кең таралуы және тарихи жағынан белгілі болуы жөнінде Кричевский жолдастың: социал-демократия, бүкіл адам баласы сияқты, өзінің алдына әрдайым орындалатын міндеттерді қойып отырады — деген атақты сөзінен кем соқпайды деп сену керек. Жаңа «Искраның» әлгі терең ойының түрі де нақ осындай ғой. Кричевский жолдастың сөзінің әжуаланған себебі не еді? Себебі: ол социал-демократтардың белгілі бір бөлегінің тактика мәселелеріндегі қатесін, саяси міндеттерді дұрыс қоя білмеушілігін — философияға баланған сорақылықпен ақтаған болатын. Дәл осы сияқты, жаңа «Искра» да социал-демократтардың белгілі бір бөлегінің ұйым мәселелеріндегі қатесін, белгілі бір жолдастарды анархистік жел сөз айтуға мәжбүр еткен олардың интеллигенттік тұрақсыздығын — программа уставтан маңыздырақ, программалық мәселелер ұйымдық мәселелерден маңыздырақ деген сорақылықпен ақтап отыр! Ау, мұның өзі хвостизм емей не? Бұл өздерінің төменгі класта екінші жылға қалғандарына мақтанғандық емей не?

Жұмысты бір орталыққа бағындыруға уставты қабылдаудан гөрі программаны қабылдау көбірек жәрдемдеседі. Философияға баланып отырған бұл сорақылықтан социал-демократизмнен гөрі буржуазиялық декаденттікке анағұрлым жақынырақ тұратын радикал

интеллигенттің иісі қандай мүңкіп тұр! Мына атақты сөз тіркесінде бір орталыққа бағындыру деген сөз нағыз *символикалық* мағына беріп тұр ғой. Егер бұл сөз тіркесінің авторлары ойлай білмейтін болса, не ойлағысы келмейтін болса, онда олар ең болмағанда мына бір жай фактіні еске түсірсе екен: бундшылдармен бірге программа қабылдау біздің жалпы жұмысымызды бір орталыққа бағындыруға жеткізбек түгіл, бізді жікке бөлінуден де сақтандыра алмады. Программа мәселелері мен тактика мәселелеріндегі бірлік — партияны біріктірудің, партия жұмысын бір орталыққа бағындырудың қажетті, бірақ әлі жеткіліксіз шарты (құдайым-ау! барлық ұғымдар шатасып болған бұл заманда қандай әліппені жұрттың аузына шайнап салуға тура келіп отыр десеңізші!). Бұл үшін әлі ұйым бірлігі керек, семьялық үйірме шеңберінен азды-көпті өсіп шыққан партияда реттелген уставсыз, азшылықтың көпшілікке бағынуынсыз, бөлшектің бүтінге бағынуынсыз мұндай бірліктің болуы мүмкін емес. Программа мен тактиканың негізгі мәселелерінде бірлігіміз жоқ кезде, біз бытыраңқылық пен үйірмешілдік заманында жүрміз деп тура айтқанбыз, біз бірігуден бұрын арамызды ашып алуымыз керек деп тура мәлімдегенбіз, біз бірлескен ұйымның формалары туралы сөз қылғанымыз да жоқ, оппортунизмге қарсы программалық және тактикалық күрестің жаңа (ол кезде шын мәнінде жаңа) мәселелерін ғана сөз еттік. Қазір бұл күрес, біздің бәріміздің мойындауымызша, партия программасында және партияның тактика туралы қарарларында тұжырымдалған жеткілікті бірлік болуын қамтамасыз етті; енді біз тағы бір адым ілгері басуымыз керек, бәріміз келісе отырып, мұны да істедік: барлық үйірмелерді бірыңғай етіп біріктіретін біртұтас ұйымның *формаларын* жасап шығардық. Бұл формаларды жартылай бұзып, олар бізді енді кейін шегіндірді, анархистік қылыққа, анархистік жел сөзге, партиялық редакцияның орнына үйірмені қалпына келтіруге қарай шегіндірді, сөйтіп енді артқа шегінген бұл адымды: сауатты сөйлеуге синтаксисті білгеннен гөрі әліппе көбірек жәрдемдеседі — деп ақтайды!

Бұдан үш жыл бұрын тактика мәселелерінде дәурен сүрген хвостизм философиясы енді ұйым мәселелеріне қолданылмақ болып, қайта тіріліп отыр. Жаңа редакцияның мына бір пікірін алыңыздар. «Партияда айбынды социал-демократиялық бағыт,— дейді Александров жолдас,— тек идеялық күреспен ғана емес, белгілі бір ұйым формаларымен де жүргізілуге тиіс». Редакция бізді былай деп үйретеді: «Идеялық күрес пен ұйым формаларын бұлай салыстыру жаман емес. Идеялық күрес дегеніміз — процесс, ал ұйым формалары дегеніміз тек қана... формалар», (құдай ақына, 56-номерде дәл осылай басылған, қосымша, 4-бет, 1-бағана, төменде!), «дамып келе жатқан өзгермелі мазмұнды — партияның дамып келе жатқан практикалық жұмысын білдіруге тиісті формалар». Мұның өзі: ядро дегеніміз — ядро, ал бомба дегеніміз — бомба деген анекдоттан мүлде аумайды. Идеялық күрес дегеніміз — процесс, ал ұйым формалары дегеніміз — тек мазмұнды білдіретін формалар ғана! Мәселе мынада болып отыр: біздің идеялық күресіміз *неғұрлым жоғары* формаларға, жұрттың бәріне міндетті партия ұйымы формаларына ие бола ма, әлде ескі бытырандылық, ескі үйірмешілдік формаларына ие бола ма. Олар бізді неғұрлым жоғары формалардан неғұрлым қара дүрсін формаларға қарай шегіндіріп отыр және мұны: идеялық күрес дегеніміз — процесс, ал формалар дегеніміз — тек қана формалар деп ақтайды. Дәл осы сияқты Кричевский жолдас та бізді бір заманда тактика-жоспардан тактика-процеске қарай кері сүйреген болатын.

Жаңа «Искраның» формаға бола бейне бір мазмұнды аңғара алмай қалатындарға қарсы айтылған «пролетариаттың өзін өзі тәрбиелеуі» туралы мына бір дәмелі сөздерін алыңыздар (№ 58, бас мақала). Бұл екінші номерлі акимовшылдық емес пе? Бірінші номерлі акимовшылдық социал-демократиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің тактикалық міндеттерді алға қоюда артта қалғандығын «пролетарлық күрестің» неғұрлым «терең» мазмұнына сүйенумен, пролетариаттың өзін өзі тәрбиелеуіне сүйенумен ақтаған болатын. Екінші номерлі акимовшылдық социал-демократиялық интелли-

генцияның кейбір бөлегінің ұйым теориясы мен практикасы мәселелеріндегі артта қалғандығын: ұйым дегеніміз — форма ғана, ал істің бүкіл мәні пролетариаттың өзін өзі тәрбиелеуінде деген дәл осындай терең ойларға сүйенумен ақтайды. Інісі жөнінде қам жеп жүрген мырзалар-ау, пролетариат ұйым мен тәртіптен қорықпайды! Ұйымға кіргісі келмейтін профессор және гимназист мырзалар ұйымның бақылауымен жұмыс жүргізгені үшін партия мүшесі болып танылсын деп пролетариат күйіп-піспейді. Көптеген интеллигентсымақтардан гөрі пролетариат өзінің бүкіл өмірінде ұйымшылдыққа анағұрлым жақсы тәрбиеленеді. Біздің программамыз бен біздің тактикамызды азды-көпті ұққан пролетариат ұйымдасудағы артта қалғандықты мазмұннан форманың маңызы кемірек деумен ақтамайды. Ұйым мен тәртіп рухында, анархистік жел сөзге деген дұшпандық пен жиіркеніш рухында *өзін өзі тәрбиелеу* пролетариатта емес, біздің партиямыздағы *кейбір интеллигенттерде* кем болып жүр. Бірінші номерлі Акимовтардың саяси күреске дайындығы жоқ деп пролетариатқа жала жапқаны сияқты, екінші номерлі Акимовтар да ұйымдасуға дайындығы жоқ деп пролетариатқа жала жауып отыр. Саналы социал-демократ болған және өзін партия мүшесімін деп сезінген пролетар тактика мәселелеріндегі хвостизмді қалай жек көріп, теріске шығарған болса, ұйымдық мәселелердегі хвостизмді де солай жек көріп, теріске шығарады.

Ақырында, жаңа «Искра» «Практигінің» терең ойларын алып қараңыздар. Ол былай дейді: «Революционерлердің *қызметін»* (курсивпен тереңдетуін-ай) «біріктіретін және бір орталыққа бағындыратын «айбынды» бір орталыққа бағынған ұйымның шын мәнінде түсінілген идеясы әлбетте осы қызмет *бар болғанда* ғана жүзеге асады» (әрі жаңа, әрі тауып айтылған сөз); «ұйымның өзі, форма ретінде» (тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!), «сол форманың мазмұнын құрайтын революциялық жұмыстың өсуімен *бір мезгілде* ғана өсе алады» (осы цитаттың барлық жерінде курсив автордікі) (№ 57). Мұның өзі өлікті жерлеуге бара жатқан азалы шеруді көргенде: қояр көбейсін — деп айқайлаған ха-

лық эпосындағы кейіпкерді еске салмай ма? Біздің қызметіміздің нақ сол формасы (яғни ұйым) мазмұнынан әлдеқашан кейін қалғанын, тіпті мықтап кейін қалғанын түсінбейтін, артта келе жатқан адамдарға: қатар жүріңдер! ілгері кетіп қалмаңдар! — деп айқай салу тек партиялық Иванушкаларға ғана лайық екенін түсінбейтін бірде-бір практик (тырнақшасыз), сірә, біздің партиядан табыла қоймас. Мәселен, біздің партияны Бундпен-ақ салыстырып байқаңыз. Біздің партия жұмысының *мазмұны* * Бундтікіне қарағанда өлшеусіз бай, әр тарапты, кең және терең екені титтей де күмән туғызбайды. Теориялық серпін неғұрлым ірі, программа неғұрлым дамыған, жұмысшылар бұқарасына (тек ұйымдасқан қолөнершілерге ғана емес) ықпал неғұрлым кең әрі терең, насихат пен үгіт неғұрлым жан-жақты, озаттар мен қатардағылардың саяси жұмысының тамыры жиірек соғады, демонстрациялар мен жалпы стачкаларда *халық* қозғалысы айбындырақ, пролетар емес топтардың арасындағы жұмыс қажырлырақ. Ал «форма» ше? Біздің жұмысымыздың «формасы» артта қалды, Бундтікіне қарағанда, кешіргісіз жағдайда артта қалды, артта қалғандығы сонша, тіпті бұл өз партиясының жұмысына «немқұрайды» қарамайтын әрбір адамның көзіне түрткі болып, бетінен отын шығарады. Жұмыстың мазмұнымен салыстырғанда, оны ұйымдастырудың артта қалғандығы — біздің осал жеріміз, ол съезден көп бұрын, Ұйымдастыру комитетін құрудан көп бұрын осал жер болған-ды. Форманың жетілмегендігі мен күйректігі мазмұнды дамытуда одан әрі елеулі қадам жасауға мүмкіндік бермейді, ұятқа қалдырарлықтай тоқырау туғызады, күштерді ысырап етуге, сөз бен істің арасында алшақтықтың болуына әкеліп соғады. Осы алшақтық жұрттың бәрінің жүйкесіне тиіп отырғанда,— Аксельродтар мен жаңа «Искраның» «Прак-

* Тек *күресу арқасында* ғана, антиискрашылдарға қарсы және біздің «азшылықта» өкілдері сан жағынан басым болып отырған батпаққа қарсы күресу арқасында ғана біздің партиялық жұмысымыздың *мазмұны* съезде (программада, тағы басқаларда) революциялық социал-демократия рухында белгіленгенін айтып жатпаймын. «Мазмұн» туралы мәселе жөнінде, мәселен, айталық, ескі «Искраның» алты номері (№№ 46—51) мен жаңа «Искраның» он екі номерін (№№ 52—63) салыстыру да қызық. Бірақ мұны тағы бірде айтармыз.

тиктері» келеді де: форма мазмұнмен бір мезгілде ғана табиғи түрде өсіп жетілуге тиіс! — деген терең ойлы уағыз айтады.

Егер сіздер сорақылықты *тереңдетіп,* оппортунистік жел сөзді философиялық жағынан негіздемек болсаңыздар, ұйымдық мәселе жөніндегі кішкене қате (§ 1) міне осыған әкеліп соғады. Абайлап, ақырын бас![124] — деген әуенді біз тактика мәселелері жөнінде естігенбіз, енді оны біз ұйым мәселелері жөнінде естіп отырмыз. Анархиялық дарашыл өзінің (әуелде, мүмкін, кездейсоқ болған) анархиялық ауытқуларын *көзқарастар жүйесіне,* ерекше *принциптік алауыздықтарға* айналдыра бастаса, онда *ұйымдық мәселелердегі хвостизм анархиялық дарашыл* психологиясының табиғи әрі сөзсіз нәтижесі болады. Бұл анархизмнің басын біз Лига съезінде көрген едік, жаңа «Искрадан» оны көзқарастар жүйесіне айналдыруға әрекет жасағандықты көріп отырмыз. Бұл әрекеттер социал-демократияға қосылған буржуазиялық интеллигент пен өзінің таптық мүдделерін ұққан пролетардың көзқарастары әр түрлі екені жөнінде партия съезінде-ақ айтылған пікірді тамаша растайды. Мәселен, жаңа «Искраның» әлгі «Практигі», оның терең ойларымен біз жоғарыда таныс́қанбыз, — партия оған Орталық Комитет тәрізді директор бастаған «орасан зор фабрика» сияқты болып көрінеді деп мені әшкерелемек болады (№ 57, қосымша). Осы айтып отырған қорқынышты сөзінен пролетарлық ұйымның практикасымен де, теориясымен де таныс емес буржуазиялық интеллигенттің психологиясы бірден-ақ көрініп тұрғанын «Практик» сезбейді де. Кейбіреулерге тек құбыжық болып қана көрінетін нақ осы фабрика пролетариатты біріктірген, тәртіпті еткен, ұйымдасуға үйреткен, оны еңбекші және қаналушы халықтың басқа топтарының бәріне басшы еткен капиталистік кооперацияның ең жоғары формасы болып табылады. Капитализм арқылы ысылған пролетариаттың идеологиясы ретінде, нақ марксизм табансыз интеллигенттерге фабриканың қанаушылық жағы (аштан өлуден қорқуға негізделген тәртіп) мен оның ұйымдастырушылық жағы (техникалық жоғары дәрежеде дамыған өндіріс

жағдайында бас қосып, бірлесіп еңбек етуге негізделген тәртіп) арасындағы айырмашылықты түсінуге үйретті және үйретіп отыр. Буржуазиялық интеллигентке соншама қиындықпен қонатын тәртіп пен ұйымшылдықты пролетариат нақ сол фабрикалық «мектептің» арқасында ерекше оңай игереді. Бұл мектептен олердей қорқу, оның ұйымдастырушылық мәнін мүлде түсінбеу — өмір сүрудің ұсақ буржуазиялық жағдайын бейнелейтін, анархизмнің неміс социал-демократтары Edelanarchismus, яғни «асыл текті» мырзаның анархизмі деп атайтын түрін туғызатын ой-пікір тәсілдеріне тән, анархизмнің бұл түрін мен төрешілдік анархизм дер едім. Орыс нигилисіне бұл төрешілдік анархизм өте-мөте тән. Партия ұйымы оған құбыжық «фабрика» болып көрінеді, бөлшектің бүтінге және азшылықтың көпшілікке бағынуы оған «басыбайлылық» болып көрінеді (Аксельродтың фельетондарын қараңыз), орталық орынның басшылығымен еңбек бөлісу адамдарды «ұсақ тегершік пен бұрандаға» айналдыру деп тас-талқан болып, қарсы байбалам салады (соның өзінде ол мұның ең жаман түрі — редакторларды жай қызметкерлерге айналдыру деп санайды), партияның ұйымдық уставы туралы сөз қозғалса, ол жақтырмай, бетін тыржитып, менсінбейді («формалистерге» қарап), тіпті уставсыз да күн көруге болмай ма дегенді айтады.

Бұл адам нанғысыз нәрсе, бірақ — факт: айтқандары барынша дәлелді болуы үшін менің «Жолдасқа хаттағы» өз сөздеріме сүйеніп, Мартов жолдас «Искраның» 58-номерінде маған нақ осылай ақылгөйсіп ескерту жасады. Бытыраңқылық заманынан, үйірмелер заманынан мысал алып, партиялылық заманындағы үйірмешілдік пен анархияны сақтап, дәріптеуді *ақтау* «төрешілдік анархизм» емей не, хвостизм емей не?

Бізге уставтың бұрын керек болмаған себебі не? Өйткені бұрын партия ұйымдық жағынан ешқандай дәнекермен байланыспаған жеке үйірмелерден құралған-ды. Үйірмеден үйірмеге көшу тұтастық еркінің ешқандай қалыптасқан белгісін білмеген белгілі бір жеке адамның тек «ізгі ниетіне» ғана байланысты болды. Үйірмелердің ішіндегі талас мәселелер устав бойынша шешілмей-

тін, *«күреспен, кетем деп қорқытумен шешілетін»:* жалпы алғанда, бірталай үйірмелердің, атап айтқанда, өзіміздің редакциялық алтылықтың тәжірибесіне сүйеніп, мен «Жолдасқа хатта» * осылай деген болатынмын. Үйірмелер заманында мұндай құбылыс табиғи және болмай қоймайтын құбылыс еді, бірақ оны дәріптеу, мұрат деп санау ешкімнің де ойына келмеді, жұрттың бәрі мұндай бытыраңқылықты ұнатпай, оны ауыр көрді, бытыраңқы үйірмелердің қалыптасқан партия ұйымы болып бірігуін көкседі. Енді келіп, бұл бірігу болғаннан кейін, кейбіреулер бізді кері сүйрейді, жоғары дәрежедегі ұйымдық көзқарастарды айтқан болып, бізге анархиялық жел сөздерді тықпалайды! Семьялық-үйірмелік обломовшылдықтың кең шапаны мен сұға салма шәркесіне үйренген адамдарға идеялық күрестің емін-еркін «процесі» үшін ресми устав әрі тығыз, әрі тар, әрі әлегі көп, әрі опасыз, әрі бюрократтық, әрі крепостнойлық, әрі қысылтаяң болып көрінеді. Үйірмелік тар байланыстардың орнына партиялық кең байланыс орнату үшін нақ сол ресми устав керек екенін төрешілдік анархизм түсінбейді. Үйірме ішіндегі немесе үйірмелер арасындағы байланысты тиянақтаудың керегі жоқ және ол мүмкін де емес еді, өйткені бұл байланыс көңілдестікке немесе байыпсыз, дәлелсіз «сенімге» сүйенетін. Партиялық байланыс мұның екеуіне де сүйене алмайды және сүйенуге тиіс емес, оны нақ *ресми* «бюрократтықпен» (азғынданған интеллигенттің көзқарасынша) қатырып тастаған уставқа негіздеу қажет, оны тек қатаң сақтағанда ғана біз үйірмелік жүгенсіздіктен, үйірмелік кесірліктен, идеялық күрестің еміи-еркін «процесі» деп аталып отырған жанжалдың үйірмелік тәсілдерінен аулақ боламыз.

Жаңа «Искра» редакциясы Александровқа қарсы кеудесін көтеріп, мынадай уағыз ескерту жасайды: «сенім дегеніміз — жүрек пен басқа сыналап енгізуге болмайтын нәзік нәрсе» (№ 56, қосымша). Бұл сенім категориясын, *жалаң* сенім категориясын алға тартудың өзі-ақ оны төрешілдік анархизм мен ұйымдық хвостизм жө-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 25-бет. *Ред.*

нінде тағы да әшкереленіп отырғанын редакция түсінбейді. Редакция алтылығының болсын, «Искра» ұйымының болсын, әйтеуір бір үйірменің мүшесі болып жүрген кезімде, мен, айталық, өзімнің Икспен бірге қызмет істегім келмегенін дәлелдеу үшін тек байыпсыз, дәлелсіз сенбеушілікке ғана сүйенуге праволы едім. Ал енді партия мүшесі болып отырған кезімде тек тиянақталмаған сенбеушілікке ғана сүйенуге *правом жоқ*, өйткені мұндай сүйену ескі үйірмешілдіктің әрбір аусарлығы мен әрбір жүгенсіздігіне есікті кең ашар еді; мен өзімнің «сенетінімді» не «сенбейтінімді» ресми дәлелмен, яғни біздің программамыздың, біздің тактикамыздың, біздің уставымыздың ресми түрде белгіленген тиісті бір қағидасына сүйенумен дәлелдеуге *міндеттімін*; байыпсыз «сенемін» не «сенбеймін» деумен қанағаттанбай, мен өз ұйғарымдарымның және, жалпы алғанда, партияның кез келген бөлегінің барлық шешімдерінің бүкіл партияға *бағынышты* екенін мойындауға міндеттімін; өзімнің «сенбейтіндігімді» білдіру үшін, осы сенбестіктен туатын көзқарастарым мен тілектерімді жүзеге асыру үшін мен *ресми түрде белгіленген* жолмен жүруге міндеттімін. Біз енді байыпсыз «сенім» жөніндегі *үйірмелік* көзқарастан сенім білдірудің және оны *тексерудің* бағынышты әрі ресми түрде белгіленген әдістерін сақтауды талап ететін *партиялық* көзқарас дәрежесіне көтерілдік, ал редакция бізді кері сүйреп, өзінің хвостизмін ұйымдық жаңа көзқарастар деп атап отыр!

Редакциядан өз өкілдеріне орын талап ете алатын әдеби топтар туралы біздің партиялық редакция деп аталатын редакциямыздың қалай пайымдап отырғанын қараңыздар. «Біз ашуланбаймыз, тәртіп туралы айқай салмаймыз»,— қандай да болсын тәртіпке әрдайым және барлық жерде менсінбей қарайтын төрешіл анархистер бізге осылай деп ақыл үйретеді. Егер іскер топ болса, біз онымен «мәмлеге келеміз» (sic!), әйтпесе оның талаптарына бір күлеміз де қоямыз— деседі олар.

Па шіркін, мына арада тұрпайы «фабрикалық» формализмге қарсы қаншалықты асыл сөздер айтылып отырғанын-ай!— дерсің. Ал іс жүзінде, бұл — өзін партиялық мекеме емес, ескі үйірменің сарқыншағы деп

сезетін редакцияның партияға ұсынып отырған үйірмешілдігінің өңі айналдырылған ескі мылжыңы. Бұл позицияның ішкі жалғандығы әлдеқашан бастан өткен нәрсе деп сөз жүзінде екіжүзділікпен жарияланып отырған бытыраңқылықты социал-демократиялық ұйым *принципіне* айналдыратын *анархистік* терең ойға сөзсіз әкеліп соғады. Төменгі және жоғарғы партиялық коллегиялар мен инстанциялардың ешқандай иерархиясының керегі жоқ,— төрешілдік анархизмге мұндай иерархия ведомстволардың, департаменттердің, тағы сондайлардың кеңседе отырып ойдан шығарған нәрсесі болып көрінеді (Аксельродтың фельетонын қараңыз),— бөлшектің бүтінге бағынуының ешбір керегі жоқ, «мәмлеге келудің» немесе ажырасудың *партиялық* әдістерін «формальды-бюрократтық» жолмен анықтаудың ешбір керегі жоқ, ескі үйірмелік дау-жанжал ұйымның «шын социал-демократиялық» тәсілдері жайындағы сөзуарлықпен баяндала берсін — деседі олар.

«Фабрика» мектебінен өткен пролетардың анархистік дарашылдыққа ақыл үйрете алатын және үйретуге тиісті жері, міне, осы. Саналы жұмысшы кәдімгі интеллигенттен бойын аулақ салатын кезіндегі жөргегін әлдеқашан тастаған. Саналы жұмысшы социал-демократ интеллигенттердің анағұрлым мол білім қорын, анағұрлым кең саяси ой өресін бағалай біледі. Бірақ бізде *нағыз* партия қалыптасқан сайын, саналы жұмысшы пролетариат армиясы жауынгерінің психологиясын анархистік жел сөзбен кербезденіп жүрген буржуазиялық интеллигенттің психологиясынан ажырата білуді үйренуге тиіс, тек қатардағылардан ғана емес, «жоғары адамдардан» да партия мүшесінің міндеттерін орындауды *талап етуді* үйренуге тиіс, ол бір заманда тактика мәселелеріндегі хвостизмді қалай жек көрген болса, ұйымдық мәселелердегі хвостизмді де дәл солай жек көруді үйренуге тиіс!

Жаңа «Искраның» ұйымдық мәселелердегі позициясының өзіне тән соңғы бір ерекшелігі жирондизммен және төрешілдік анархизммен тығыз байланыстылығында болып отыр: бұл — централизмге қарсы *автономизмді* қорғау. Бюрократизм туралы және самодержавие ту-

ралы жылап-сықтаудың, «искрашыл еместерді (съезде автономизмді қорғағандарды) орынсыз елемеушілік» туралы өкінудің, «сөзсіз бағынуды» талап ету туралы кісі күлерлік байбалам салудың, «помпадурлыққа», тағы сондайларға, т. б., т. т. қарсы зар илеп шағым жасаудың дәл осындай принциптік мәні бар (егер бар болса *). Қандай партияның болса да оппортунистік қанаты әрқашан артта қалушылықты — әрі программалық, әрі тактикалық, әрі ұйымдық мәселелердегі артта қалушылықты қорғап, ақтайды. Жаңа «Искраның» ұйымдық мәселедегі артта қалушылықты (хвостизмді) қорғауы *автономизмді* қорғауымен тығыз байланысты. Рас, жалпы айтқанда, ескі «Искраның» үш жылдық уағызы автономизмнің беделін түсіріп болғаны сонша лық, тіпті оны жаңа «Искра» ашықтан-ашық қорғауға *әлі* ұялады; централизмді тәуір көретініне бізді әлі де сендірмек болады, бірақ мұнысы централизм деген сөздің курсивпен жазылуы арқылы ғана дәлелденіп отыр. Іс жүзінде жаңа «Искраның» «шын социал-демократиялық» (анархиялық емес пе?) quasi-централизмінің «принциптеріне» сынның жеңіл-желпі тиіп кетуінің өзі автономизм көзқарасын қадам басқан сайын әшкерелейді. Аксельрод пен Мартовтың ұйымдық мәселелерде Акимовқа қарай бұрылып кеткені енді жұрттың бәріне және әркімге анық емес пе? «Искрашыл еместерді орынсыз елемеушілік» туралы өздерінің әйгілі сөздерінде олар мұнысын салтанатты түрде мойындамады ма? Акимов пен оның достарының біздің партия съезінде қорғағаны автономизм емес пе еді?

Лига съезінде: Мартов пен Аксельрод бөлшек бүтінге бағынбауға тиіс, бөлшек өзінің бүтінге деген қатынастарын анықтау жөнінде автономиялы, бұл қатынастарды тұжырымдайтын Шетелдік лиганың уставы, партия көпшілігінің ырқына қарамастан, партия орталығының ырқына қарамастан, күшінде қалады — деп адам күлерліктей ынтамен дәлелдемек болғанда, олар дәл автономизмді (анархизмді болып жүрмесе) қорғаған болатын. Орталық Комитеттің жергілікті комитеттерге мүше ен-

* Бүкіл осы параграфта сияқты, бұл жерде де мен бұл жылап-сықтаулардың «кооптациялық» мәніне тоқталмаймын.

гізуі туралы мәселе жөнінде[125] Мартов жолдас қазір жаңа «Искра» беттерінде де (№ 60) дәл автономизмді ашықтан-ашық қорғап отыр. Мен Мартов жолдастың автономизмді Лига съезінде жақтағандағы және жаңа «Искрада» жақтап отырғандағы балалық софизмдері туралы айтпаймын*,— ұйымдық мәселелердегі оппортунизмге тән принциптік белгі ретінде, *централизмге қарсы автономизмді қорғау* тенденциясының сөзсіз болғанын атап көрсетудің бұл арада мен үшін зор маңызы бар.

Бюрократизм ұғымына *талдау жасау* жөнінде жасалған жалғыз дерлік әрекет — жаңа «Искрада» (№ 53) «формальды-*демократиялық* негізді» (курсив автордікі) «формальды-*бюрократтық* негізге» қарсы қою. Бұл қарсы қоюда (амал не, искрашыл еместер жөніндегі пікір сияқты, бұл қарсы қою да дамытылмай және түсіндірілмей қалды) шындықтың дәні бар. Демократизм versus ** бюрократизм — автономизм versus централизм дегеніміздің дәл өзі, социал-демократия оппортунистерінің ұйымдық принципі жөніндегі революциялық социал-демократияның ұйымдық принципі дегеніміздің дәл өзі. Социал-демократия оппортунистерінің ұйымдық принципі төменнен жоғары қарай жүруге ұмтылады, сондықтан да, мүмкіндігі бар жердің бәрінде және мүмкін болғанынша, автономизмді, анархизмге дейін баратын (ақылға салмай тыраштанатындар да осылай болады) «демократизмді» қорғайды. Революциялық социал-демократияның ұйымдық принципі орталықтың бөлшек жөніндегі праволары мен уәкілдіктерін кеңітуді жақтай отырып, жоғарыдан бастауға ұмтылады. Бытыраңқылық пен үйірмешілдік заманында революциялық социал-демократияның ұйымдық жағынан сүйеніш еткен бұл жоғары орны — өзінің қызметі мен өзінің революциялық дәйектілігі жағынан неғұрлым ықпалды бір үйірме болғаны сөзсіз (бұл ретте — «Искра» ұйымы). Партияның іс жүзіндегі бірлігі қалпына келтірілген

* Мартов жолдас уставтың әр түрлі параграфтарын аударыстыра отырып, бүтіннің бөлшекке қатынасы туралы айтылатын дәл мына параграфты *тастап кеткен:* Орталық Комитет «партияның күштерін бөліп отырады» (§ 6). Қызметкерлерді комитеттен комитетке ауыстырмайынша, күштерді бөлуге бола ма? Бұл әліппеге тоқталып жатудың өзі, шынында, бір түрлі қолайсыз сияқты.

** versus — жөніндегі.

және бұл бірлікте ескірген үйірмелер таратылған заманда мұндай жоғары орын — партияның ең жоғарғы органы болып табылатын *партия съезі* екені сөзсіз; съезд белсенді ұйымдардың барлық өкілдерін мүмкіндігінше біріктіре түседі және орталық мекемелерді тағайындай отырып (көбінесе партияның артта қалған элементтерінен гөрі, алдыңғы қатарлы элементтерін көбірек қанағаттандыратын, партияның оппортунистік қанатынан гөрі, революциялық қанатына көбірек ұнайтын құрамда тағайындай отырып), оларды келесі съезге дейін жоғары орын етеді. Қайткен күнде де европалық социал-демократтар осылай істейді, анархистер принцип жүзінде жек көретін бұл салт, аз-маздап болса да, бейнетсіз, күрессіз және ұрыс-керіссіз болмаса да, азиялық социал-демократтарға да тарай бастады.

Айта кететін тағы бір өте қызық нәрсе мынау: мен жоғарыда атап көрсеткен ұйымдық мәселелердегі оппортунизмнің принципті белгілері (автономизм, төрешілдік яки интеллигенттік анархизм, хвостизм және жирондизм) бүкіл дүние жүзіндегі революциялық және оппортунистік қанат болып бөлінуі бар (ал ол қайда жоқ?) социал-демократиялық партиялардың бәрінен де mutatis mutandis (тиісті өзгерістерімен) байқалып отыр. Мұның өзі әсіресе осы ең соңғы кезде, 20-шы Саксон сайлау округінде болған сайлауда жеңіліп қалу (Гёрэ жанжалы деп аталатын жанжал *) партия ұйымының *принциптерін* күн тәртібіне қойған кезде, герман социал-демократиялық партиясында ерекше айқын көрінді. Бұл айтылған жанжал жөнінде принципті мәселенің көтерілуіне әсіресе неміс оппортунистерінің қызу кірісуі себеп болды. Гёрэ (бұрынғы пастор, «Drei Monate Fabrikarbeiter» ** деген белгілі кітаптың авторы және Дрезден съезі «қаһармандарының» бірі) — өзі барып тұрған оппортунист, сондықтан дәйекті неміс оп-

* Гёрэ 1903 жылы 16 июньде 15-ші Саксон округінде рейхстагқа сайланған, бірақ Дрезден съезінен[126] кейін өзі орнынан түскен; Розенов өлгеннен кейін бос қалған 20-округтің сайлаушылары тағы да Гёрэнің кандидатурасын ұсынбақ болған. Партияның орталық басқармасы мен Саксон орталық үгіт комитеті бұған қарсы болған және, Гёрэнің кандидатурасына тыйым салуға формальды жағынан правосы жоқ болса да, Гёрэні өз кандидатурасынан бас тартуға көндірген. Социал-демократтар сайлауда жеңіліп қалған.

** — «Фабрикадағы жұмысшыларға үш ай». *Ред.*

портунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») [127] деген органы оған жалма-жан «болыса» кетті.

Программа жөніндегі оппортунизм тактика жөніндегі оппортунизммен және ұйымдық мәселелер жөніндегі оппортунизммен етене байланысты. «Жаңа» көзқарасты баяндау ісін Вольфганг Гейне жолдас қолға алды. Социал-демократияға қосылған және оппортунистік ой-пікір дағдыларын өзімен бірге ала келген бұл нағыз интеллигенттің пішінін оқушыға сипаттап көрсету үшін мынаны айтсақ та жеткілікті: Вольфганг Гейне жолдас — немістік Акимов жолдастан сәл кішілеу, немістік Егоров жолдастан сәл үлкендеу.

«Социалистік Әрайлықта» жорыққа аттанған Вольфганг Гейне жолдастың айбары жаңа «Искрада» жорыққа шыққан Аксельрод жолдастың айбарынан кем соққан жоқ. Мақаланың «Гёрэ жанжалы жөніндегі демократиялық заметкалар» деген атының өзі неге тұрады (№ 4, апрель, «Sozialistische Monatshefte»). Мазмұны да олқы емес. В. Гейне жолдас «сайлау округінің автономиясына қол сұғуға» қарсы шығады, «демократиялық принципті» қорғайды, халықтың өз еркімен делегаттар сайлауына «тағайындалған бастықтардың» (яғни партияның орталық басқармасының) араласуына қарсы наразылық білдіреді. Мұнда әңгіме кездейсоқ болған жанжалда емес, *«партияда бюрократизм мен централизмге бет алған жалпы тенденцияда»*, ертеректе де байқалған, ал қазір ерекше қауіпті болып отырған тенденцияда — деп бізге ақыл үйретеді В. Гейне жолдас. «Партияның жергілікті мекемелері — партия өмірінің түпкі тірегі екенін принцип жүзінде мойындау» керек (Мартов жолдастың: «Тағы да азшылықта» деген кітапшасынан ұрлаған). «Маңызды саяси шешімдердің бәрі бір орталықтан шығуына дағдылануға» болмайды, партияны «өмірмен байланысын жоғалтатын доктринерлік саясаттан» сақтандыру керек (Мартов жолдастың партия съезінде «өмір дегенін істетеді» деп сөйлеген сөзінен алынған). «...Егер мәселенің түп тамырына қарасақ,— деп В. Гейне жолдас өз дәлелін тереңдете түседі,— егер әр уақыттағыдай бұл жерде де үлкен роль

атқарған жеке қақтығыстардан аулақ болсақ, онда *ревизионистерге* қарсы бұл өшігуден (курсив автордікі, ол ревизионизмге қарсы күрес және ревизионистерге қарсы күрес деген ұғымдардың айырмасын меңзеп отырса керек) біз, негізінен, партиядағы ресми адамдардың *«бөтен элементке»* сенбеушілігін көреміз (В. Гейне, сірә, қоршау жағдайына қарсы күрес туралы кітапшаны әлі оқымаса керек, сондықтан ол ағылшынша: Outsidertum дегенге жармасып отыр), дәстүрдің әдеттен тыс нәрсеге,— өзіне тән ерекшелігі жоқ мекеменің дара нәрсеге сенбеушілігін көреміз» (дара инициативаны басып-жаныштау туралы Аксельрод жолдастың Лига съезіндегі қарарын қараңыз), «бір сөзбен айтқанда, жоғарыда біз сипаттаған дәл осы тенденцияны — партияда бюрократизм мен централизмге бет алған тенденцияны көреміз».

«Тәртіп» ұғымы В. Гейне жолдасты Аксельрод жолдастан кем ашуландырмайды. Ол былай деп жазады: *«... Партия бақылауында* болмағандықтан, тіпті жұрт социал-демократиялық орган деп мойындағысы келмеген «Социалистік Әрайлыққа» мақала жазғандары үшін ревизионистерді біреулер тәртібі кем деп айыптады. Тек осы «социал-демократиялық» деген ұғымды тарылтам деп әрекеттенудің өзі-ақ, бостандық сөзсіз үстем болуға тиісті идеялық өндіріс саласында *тәртіптің болуын* талап етудің өзі-ақ» (еске түсіріңіздерші: идеялық күрес дегеніміз — процесс, ал ұйым формалары дегеніміз тек формалар ғана) «бюрократизмге және даралықты басып-жаныштауға бет алған тенденцияны көрсетеді». В. Гейне «бәрін қамтитын, бір орталыққа мүмкіндігіне қарай көбірек бағынатын *бір* үлкен ұйым, *бір* тактика, *бір* теория» жасау жөніндегі бұл жиіркенішті тенденцияны біраз жерге дейін сан саққа жүгіртіп, талқандайды, «сөзсіз бас июшілікті», «беталды бағынушылықты» талап етуді талқандайды, «дөрекі централизмді», т. т., т. с. талқандайды, құдды «Аксельродша» талқандайды.

В. Гейне көтерген талас қыза түсті, бірақ неміс партиясында кооптацияға байланысты ешбір ұрыс-керіс бұл таласты бытыстырмағандықтан, неміс Акимовтары

өз бейнелерін съездерде ғана емес, ерекше органда үнемі айқындап отыратын болғандықтан, талас тезінен ұйымдық мәселедегі ортодоксия мен ревизионизмнің принциптік тенденцияларын талдауға барып тірелді. Революциялық бағыттың (әлбетте, біздегі сияқты, «диктаторлық», «инквизиторлық», тағы басқа сондай қорқынышты сөздер жөнінде айыпталып жүрген бағыттың) бір өкілі ретінде К. Каутский шықты («Neue Zeit», 1904, № 28, «Wahlkreis und Partei» — «Сайлау округі және партия» деген мақала). В. Гейненің мақаласы «бүкіл ревизионистік бағыттың ой-өрісін көрсетеді» — дейді Каутский. Жалғыз Германияда ғана емес, Францияда да, Италияда да оппортунистер автономизмді, партия тәртібін бесеңдетуді, оны мүлде жоюды жан-тәнімен қолдайды, олардың тенденциялары барлық жерлерде *іріткі салуға,* «демократиялық принципті» *анархизмге* айналдыруға әкеліп соғады. «Демократия дегеніміз — өкіметтің болмауы емес,— деп үйретеді К. Каутский ұйымдық мәселе жөніндегі оппортунистерге,— демократия дегеніміз— анархия емес, ол — бұқараның өз уәкілдеріне үстемдік етуі, халықтың жалған қызметшілері шынында халыққа қожалық жасайтын басқа да өкімет формаларынан оның айырмашылығы да осы». К. Каутский әр түрлі елдердегі оппортунистік автономизмнің іріткі салушылық ролін егжей-тегжейіне дейін қадағалайды, *«толып жатқан буржуазияшыл элементтердің»* * социал-демократияға қосылуының өзі оппортунизмді, автономизмді және тәртіп бұзу тенденциясын күшейтетінін көрсетеді, нақ сол «ұйым — пролетариаттың өзін өзі азат ететін құрал» екенін, нақ сол «ұйым — тап күресінің пролетариатқа тән құралы» екенін қайта-қайта еске салады.

Франция мен Италиядағыдан гөрі, Германияда оппортунизм әлсіздеу болғандықтан, «автономистік тенденциялар әзірше диктаторлар мен ұлы инквизиторларға қарсы, шіркеуден аластауға ** және дін бұзарларды із-

* К. Каутский мысал ретінде *Жоресті* атайды. Оппортунизмге қарай ауытқыған сайын, мұндай адамдарға «партия тәртібі олардың бас еркіндігіне ауыр қысым жасағандық болып сөзсіз көрінуге тиіс еді».

** *Bannstrahl* — қарғыс. Бұл — орыстың «қоршау жағдайы» мен «ерекше заңдарының» немісше баламасы. Бұл — неміс оппортунистерінің «қорқынышты сөзі».

деуге қарсы белгілі бір дәрежеде салтанатты тақпақтарға ғана, ұшы-қиыры жоқ кикілжің мен ұрыс-керіске ғана әкеліп тіреді, ал бұларды талдап жату ұшы-қиыры жоқ дау-шарға киліктірер еді».

Германиядағыдан гөрі, Россияда партия ішіндегі оппортунизм анағұрлым әлсіз болғандықтан, автономистік тенденциялардың идеяларды азырақ, «салтанатты тақпақтар» мен ұрыс-керістерді көбірек туғызғанына таңдануға болмайды.

Каутскийдің: «Барлық елдердің ревизионизмі әр түрлі, әр түсті болғанымен, басқа мәселелердің ешқайсысында да дәл ұйымдық мәселедегідей біртекті болмаған шығар» — деген қорытындыға келуіне де таңдануға болмайды. Бұл саладағы ортодоксия мен ревизионизмнің негізгі тенденцияларын К. Каутский де: демократизмге versus (қарсы) бюрократизм — деген «қорқынышты сөзбен» тұжырымдайды. Жұрт бізге былай дейді, деп жазады К. Каутский: жергілікті сайлау округтері кандидат (парламент депутаттығына) сайлағанда партия басқармасының ықпал етуіне право беру — «бүкіл саяси жұмыстың бюрократтық жолмен, жоғарыдан төмен қарай емес, бұқараның талапкерлігі арқылы, төменнен жоғары қарай жүргізілуін талап ететін демократиялық принципке ұялмай қол сұғу ғой... Ал егер қандай болса да шын демократиялық принцип бар болса, онда бұл мынау: көпшілік азшылықтан басым болуға тиіс, керісінше болмауға тиіс...» Қандай жеке сайлау округінен болса да парламентке депутаттар сайлау — тұтас алғанда, бүкіл партия үшін маңызды мәселе, сондықтан да партия өзінің сенімді адамдары (Vertrauensmänner) арқылы болса да, кандидаттарды белгілеу ісіне ықпал жасауға тиіс. «Мұны тым бюрократтық немесе централистік деушілер болса, олар кандидаттарды, жалпы алғанда, партия мүшелерінің бәрінің (sämtliche Parteigenossen) тікелей дауыс беруі арқылы белгілеу жөнінде ұсыныс жасап көрсін. Ал бұлай ету мүмкін болмаса, онда бұл міндет, бүкіл партияға қатысты басқа да көптеген міндеттер сияқты, бір немесе бірнеше партия инстанциясы арқылы орындалатын жағдайдағы демократизмнің жеткіліксіздігіне наразы болудың да

жөні жоқ». Герман партиясының «ғұрып правосы» бойынша, бұрын да белгілі бір кандидатты ұсыну туралы жеке сайлау округтері партия басқармасымен «жолдастық ретінде келісетін». «Бірақ қазір партия тым үлкейіп кетті, сондықтан бұл үнсіз ғұрып правосы жеткілікті болмай қалды. Ғұрып правосын өзінен-өзі түсінікті нәрсе ретінде мойындау тоқтағанда, оның анықтамаларының мазмұны және оның өзінің бар-жоқтығы даулы болғанда, ол право болудан қалады. Сонда бұл правоны дәл тұжырымдап, оны кодификациялау сөзсіз қажет болады...», неғұрлым «дәл устав етіп бекітуге* (statutarische Festlegung), ал сонымен қатар ұйымның қатаңдығын күшейтуге (größere Straffheit)» көшу қажет болады.

Сонымен, сіздер партияның оппортунистік қанаты мен революциялық қанатының ұйымдық мәселе жөніндегі бәз-баяғы күресін, автономизм мен централизм, демократизм мен «бюрократизм» арасындағы, ұйым мен тәртіптің қатаңдығын бәсеңдету және күшейту тенденциялары арасындағы, тұрақсыз интеллигент пен ұстамды пролетардың психологиясы арасындағы, интеллигенттік дарашылдық пен пролетарлық топтасқандық арасындағы бәз-баяғы жанжалды басқа жағдайда көріп отырсыздар. Бұл жанжалға *буржуазиялық демократия* қалай қарады,— демократия болғанда, тентек тарих Аксельрод жолдасқа әйтеуір бірде жасырып көрсетпек болған демократия емес,— кәдімгі, шын буржуазиялық демократия, Германияда біздің освобожденецшіл мырзалардан кем соқпайтын ақылды және көрегеп өкілдері бар буржуазиялық демократия қалай қарады? Неміс буржуазиялық демократиясы бұл жаңа дауға бірден үн қосты және дәл орыс буржуазиялық демократиясының барлық уақытта, барлық жерде қорғағаны сияқты, социал-демократиялық партияның оппортунистік қанатын жан-тәнімен қорғады. Неміс биржа капиталының

* Үнсіз танылатын ғұрып правосының орнына формальды түрде бекітілген уставтық правоны қолдану туралы К. Каутскийдің бұл ескертпелерін, жалпы алғанда, біздің партиямыздың және, жеке алғанда, редакцияның партия съезінен бергі жерде бастарынан кешірген бүкіл «өзгерісімен» салыстыру аса көп ғибрат берер еді. В. И. Засуличтің сөзін салыстырыңыз (Лига съезіндегі сөз, 66 және келесі беттер), ол болып жатқан өзгерістің бүкіл мәнін түсіне қойды ма екен.

аса көрнекті органы — *«Франкфурт Газеті»* [128] дауылдатқан бас мақала жазды («Frankf. Ztg.», 1904, 7 Apr., № 97, Abendblatt *), ол Аксельродтан ұялмай ұрлау неміс баспасөзінің тіпті бір ауруы болып отырғанын көрсетеді. Франкфурт биржасының қаһарлы демократтары социал-демократиялық партияның ішіндегі «самодержавиені», «партия диктатурасын», «партия бастықтарының автократиялық үстемдігін», «бүкіл ревизионизмді жазаламақ» болған («оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыпты» еске түсіріңіздер) «шіркеуден аластауды», «көз жұмып көне беруді», «өлі тәртіпті» талап етуді, «құлша бағынуды», партия мүшелерінің «саяси өлексеге» айналуын (бұл ұсақ бұрандалар мен тегершіктерден қаттырақ тиеді!) талап етуді қатты сөгеді. Социал-демократияның антидемократиялық тәртіптерін көргенде биржа серілерінің зығырданы қайнайды: «әрбір жеке адамның ерекшелігі, әрбір дарашылдық, көресіздер ме, кудалануға тиіс, өйткені мұның бәрі» саксон социал-демократтарының партия съезінде «осы мәселе жөнінде баяндаған Зиндерманның тура айтқанындай, француз тәртіптеріне, жоресизм мен мильеранизмге апарып соғу қаупін туғызады».

Сонымен, жаңа «Искраның» ұйымдық мәселе жөніндегі жаңа сөзсымақтарының қаншалықты принципті мағынасы бар болса, бұл мағынаның оппортунистік мағына екені соншалықты күмәнсыз. Революциялық және оппортунистік қанатқа бөлінген біздің партия съезі жөніндегі күллі талдау да, *барлық* европалық социал-демократиялық партиялардың мысалы да осы қорытындының дұрыстығын дәлелдейді; бұл партияларда ұйымдық мәселе жөніндегі оппортунизм баяғы бір тенденциялардан, баяғы бір айыптаулардан, екінің бірінде баяғы бір сөзсымақтардан көрінеді. Әрине, әр түрлі партиялардың ұлттық ерекшеліктері және әр түрлі елдердегі саяси жағдайлардың бірдей болмауы өз әсерін тигізіп, неміс оппортунизмін франц118дікіне, француз оппортунизмін

* — «Франкфурт Газеті», 1904, 7 апрель, № 97, кешкі шығуы. *Ред.*

итальяндікіне, итальян оппортунизмін орыстікіне тіпті ұқсатпай жібереді. Бірақ жағдайлардың жоғарыда көрсетілген барлық өзгешеліктеріне қарамастан, осы партиялардың бәрінің революциялық және оппортунистік қанатқа негізгі бөлінуінің біртектес екені, ұйымдық мәселедегі оппортунизмнің ой-пікірі мен тенденцияларының біртектес екені анық көрінеді *. Біздің марксистер мен біздің социал-демократтардың қатарында радикалдық интеллигенция өкілдерінің молдығы мейлінше әр түрлі салаларда және мейлінше әр түрлі формаларда интеллигенция психологиясынан туатын оппортунизмнің болуын қажетті етті және қажетті етіп отыр. Біз өзіміздің дүние тануымыздың негізгі мәселелері жөнінде, программа мәселелері жөнінде оппортунизммен күрестік, сөйтіп мақсаттарымыздың мүлде алшақ жатқандығы біздің жария марксизмді бұзған либералдардың және социал-демократтардың бір-бірінен іргені біржолата аулақ салуына сөзсіз әкеліп тіреді. Біз тактика мәселелері жөнінде оппортунизммен күрестік, сөйтіп маңызы сәл кемдеу бұл мәселелер жөнінде Кричевский және Акимов жолдастармен, әлбетте, тек қана уақытша ажырастық және бұл әр түрлі партиялардың құрылуына ешқандай себепші болмады. Енді біз, программалық және тактикалық мәселелерге қарағанда, әрине, маңызы кемдеу болса да, қазіргі кезеңде біздің партия өмірінің маңдай алды мәселесіне айналған ұйымдық мәселелер жөніндегі Мартов пен Аксельродтың оппортунизмін жеңуге тиіспіз.

Оппортунизммен күрес туралы әңгіме болып отырғанда, осы заманғы бүкіл оппортунизмнің барлық және неше түрлі салалардағы ерекше белгісін: оның бұлыңғыр-

---

* Бір жағынан, Мартынов және Акимов жолдастардың, екінші жағынан, фон-Фольмар және фон-Эльм немесе Жорес және Мильеран жолдастардың арасындағы айырма өте ірі болса да, тактика мәселелері жөнінде орыс социал-демократтарының ертеде экономистер және саясатшылар болып екіге бөлінгені бүкіл халықаралық социал-демократияның оппортунистер және революционерлер болып екіге бөлінуімен біртектес екеніне қазір ешкім күмәнданбайды. Дәл осы сияқты, саяси правосыз елдер мен саяси ерікті елдердің жағдайлары арасындағы зор айырмаға қарамастан, ұйымдық мәселе жөніндегі негізгі бөлінулердің біртектестігі де күмәнсыз. Аса назар аударарлық нәрсе мынау: жаңа «Искраның» принципті редакциясы Каутскийдің Гейнемен айтысын үстірт сөз етіп (№ 64), ұйымдық мәселедегі *қандай болса да* оппортунизмнің және қандай болса да ортодоксияның *принциптік* тенденциялары туралы мәселеден қорқып, оған *соқпай өтті*.

лығын, тиянақсыздығын, жылпостығын еш уақытта ұмытпау керек. Өзінің жаратылысында оппортунист мәселені ашық және бұлтарыссыз қоюдан ылғи қашады, аралық күш іздейді, бірін-бірі жоққа шығаратын екі түрлі көзқарастың арасында жыланша иіреледі, анасын да, мынасын да «мақұлдауға» тырысады, өзінің алауыздығын болмашы түзетулерге, күмәндануға, момақансыған ізгі тілектерге, тағысын-тағыларға әкеліп тірейді. Программа мәселелері жөніндегі оппортунист Эд. Бернштейн жолдас партияның революциялық программасымен «келіседі», оған, бәлкім, «түбірінен реформа жасауды» тілер де еді, бірақ мұны әлі ерте, тиімсіз, «сынның» «жалпы принциптерін» (негізінен буржуазиялық демократиядан талғамсыз алына салынған принциптер мен ұсақ сөздерден тұратын) анықтаудай маңызды нәрсе емес деп есептейді. Тактика мәселелері жөніндегі оппортунист фон-Фольмар жолдас та революциялық социал-демократияның ескі тактикасымен келіседі, бұл да көбіне тақпақпен, болмашы түзетулермен, ұсақ оспақтармен қанағаттанады, бірақ белгілі бір «министериалистік» тактика [129] ұсынбайды. Ұйымдық мәселелер жөніндегі оппортунистер Мартов және Аксельрод жолдастар да, өздеріне тікелей ұсыныс айтылғанына қарамастан, «устав арқылы беки алатын» белгілі бір принциптік тезистердің бірде-бірін ұсынған жоқ; бұлар да біздің ұйымдық уставымызға «түбірінен реформа жасауды» тілер еді, сөзсіз тілер еді («Искра» № 58, 2-бет, 3-бағана), бірақ олар әуелі «ұйымның жалпы мәселелерімен» шұғылдануды тәуір көрер еді (өйткені, 1-параграфына қарамастан, қайткенмен де централистік сипаты бар уставымызға шынымен түбегейлі реформа жасау жаңа «Искра» рухында жүргізіліп, автономизмге сөзсіз апарып соғар еді, ал Мартов жолдас өзінің автономизмге бет алған *принциптік* тенденциясын, әрине, тіпті іштей де мойындағысы келмейді). Сондықтан бұлардың ұйымдық мәселе жөніндегі «принциптік» позициясы кемпірқосақтың түсіндей құбылады: самодержавие мен бюрократизм туралы, көз жұмып көне беру туралы, ұсақ бұрандалар мен тегершіктер туралы момақансыған салтанатты тақпағы басым болады,— бұл тақ-

пақтардың момақандығы соншалық, тіпті олардың қайсысының шын принциптік, қайсысының шын кооптациялық мәні бар екенін айырып алу әлі өте қиын. Ал орманға кірген сайын, отынға молығасың: өшпенді «бюрократизмді» талдау және дәл анықтау әрекеті автономизмге сөзсіз сүйрейді, «тереңдету» және дәлелдеу әрекеті артта қалушылықты ақтауға, хвостизмге, жирондистік жел сөздерге даусыз әкеліп соғады. Ақырында келіп, шын мәнінде анық, сондықтан да іс жүзінде ерекше айқын көрінетін (практика теориядан әрдайым бұрын жүреді) бірден-бір принцип ретінде *анархизм* принципі пайда болады. Тәртіпті сықақ ету — автономизм — анархизм,— міне біздің ұйымдық оппортунизмнің басқыштан басқышқа секіріп, өз принциптерін қалай болса да айқын тұжырымдаудан шебер бұлтаратын, біресе төмен түсіп, біресе жоғары шығатын сатысы осы *. Программа мен тактика жөніндегі оппортунизмде де дәл осындай сатылау байқалады: «ортодоксияны», правоға сенушілікті, тар өрістілікті және салбөкселікті сықақ ету — ревизионистік «сын» мен министериализм — буржуазиялық демократия.

* Кімде-кім 1-параграф туралы жарыс сөзді есіне түсірсе, ол Мартов жолдас пен Аксельрод жолдастың 1-параграф жөніндегі қатесі дами келе және тереңдей түсе, ұйымдық оппортунизмге *сөзсіз* әкеліп соғатынын енді айқын көреді. Мартов жолдастың негізгі идеясы — жұрттың өзін өзі партияға енгізуі — нағыз жалған «демократизм», партияны төменнен жоғары қарай құру идеясы. Бұған керісінше, менің идеямның «бюрократтық мағынасы мынада: партия жоғарыдан төмен қарай, партия съезінен жеке партия ұйымдарына қарай құрылады. Буржуазияшыл интеллигенттің психологиясы да, анархистік жел сөздер де, оппортунистік, артта жүрушілік терең ойлар да,— осының бәрі де 1-параграф туралы жарыс сөзде-ақ белгілі болды. Мартов жолдас «Қоршау жағдайында» (20-бет) жаңа «Искрада» «басталған ой жұмысы» туралы сөз етеді. Аксельрод екеуі ойды 1-параграфтан бастап жаңа бағытта шын мәнінде ілгері жылжытады десек, бұл рас. Бәле тек бұл бағыттың оппортунистік бағыт екендігінде ғана. Олар *бұл* бағытта неғұрлым ілгерілете «жұмыс істеген» сайын, бұл жұмыс кооптациялық ұрыс-керістерден неғұрлым таза болған сайын, олар батпаққа соғұрлым терең бата береді. Плеханов жолдас мұны партия съезінде-ақ анық көрді, сондықтан «Нені істемеу керек» деген мақаласында оларды екінші рет сақтандырып: мен сіздерді кооптациялауға да дайынмын, сіздер тек оппортунизм мен анархизмге ғана апаратын осынау жолмен жүрмеңіздер,— деді,— Мартов пен Аксельрод бұл жақсы кеңесті тыңдамады: қалай? жүрмегені несі? кооптация — тек қана ұрыс-керіс деген Лениннің сөзіне көнгеніміз бе? Мұны еш уақытта істемейміз! Біз оған өзіміздің принципті адамдар екенімізді көрсетеміз!— десті.— Көрсетті де. Олардың жаңа принциптері бар болса, бұл принциптердің оппортунизм принциптері екенін олар жұрттың бәріне айқын көрсетті.

Жалпы алғанда, осы заманғы оппортунистердің бәрінің, жеке алғанда, біздегі азшылықтың барлық жазбаларындағы тынымсыз, ыңырсыған *өкпелеу* сарыны тәртіпті жек көрушілікпен психологиялық жағынан тығыз байланысты естіледі. Оларды біреу ылғи қудалап, қысып, тықсырып, қоршап, мұқатып жатады. Бұл сөзсымақтарда психологиялық және саяси шындық бар және ол мұқалушылар мен мұқатушылар [130] жөніндегі әдемі әрі тауып айтылған әзіл авторының ойлағанынан анағұрлым көп те болар. Шынында, біздің партия съезінің протоколдарын алып қарасаңыздар,— азшылықтың кілең өкпелілер, барлығы кезінде бір нәрсе үшін революциялық социал-демократияға өкпелегендер екенін көресіздер. Мұнда бізге өкпелегені соншалық, тіпті съезден кетіп қалған бундшылдар мен рабоче-делошылдар да, мұнда жалпы ұйымдарды, соның ішінде олардың өз ұйымын жойғанға өлердей өкпелеген южнорабочийшілдер де, мұнда сөз алып сөйлеген сайын өкпелеген Махов жолдас та (өйткені ол сөйлеген сайын масқара болып қалатын), ақырында, мұнда уставтың 1-параграфы үшін «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыпқа» және сайлауда жеңіліп қалғандарына өкпелеген Мартов жолдас пен Аксельрод жолдас та бар. Мұндай қатты өкпелеудің бәрі, осы күнге дейін көптеген филистерлердің ойлайтынындай, орынсыз тіл тигізудің, ожар мінез көрсетудің, жан ұшыра айтысудың, есікті қатты жабудың, жұдырық көрсетудің кездейсоқ салдары емес, «Искраның» үш жыл бойы жүргізген бүкіл идеялық жұмысының сөзсіз саяси нәтижесі болды. Егер біз осы үш жылдың ішінде тілімізді безей бермей, іске асуға тиісті пікірлер айтқан болсақ, онда съезде антиискрашылдарға және «батпаққа» қарсы күреспеуге амалымыз болмас еді. Ал біз, ниетін жасырмай, алдыңғы қатарда жүріп алысқан Мартов жолдаспен бірге, мұншама жұртты шамадан тыс өкпелетіп алғанымызда,— шектен шығып кету үшін біз Аксельрод жолдас пен Мартов жолдасты азғантай ғана, сәл ғана өкпелетсек болғаны еді. Сан сапаға айналды. Терістеуді терістеу жүзеге асты. Өкпелегендердің бәрі бір-біріне өкпелерін ұмытты,

бірімен-бірі еңіреп, құшақтасып көрісті, сөйтіп «ленинизмге қарсы көтеріліс» * туын ұстады.

Алдыңғы қатарлы элементтер реакцияшыл элементтерге қарсы көтерілген болса, көтеріліс деген тамаша нәрсе. Революциялық қанат оппортунистік қанатқа қарсы көтерілсе, бұл жақсы. Оппортунистік қанат революциялық қанатқа қарсы көтерілсе, ол жаман.

Плеханов жолдастың осы жаман іске, былайша айтқанда, соғыс тұтқыны есебінде қатысуына тура келіп отыр. Ол «көпшіліктің» пайдасына жазылған белгілі бір қарар авторларының кейбір үйлесімсіз сөздерін теріп алып, «ашуын басуға» тырысады, сөйтіп: «О, пақыр Ленин жолдас! Оның ортодоксияшыл жақтастары тым жақсы-ау!» — деп кекетеді («Искра» № 63, қосымша).

Иә, біліп қойыңыз, Плеханов жолдас, егер мен пақыр болсам, жаңа «Искраның» редакциясы әлден-ақ қайыр сұрап жүр ғой. Мен қанша пақыр болсам да, көзімді жұмып, партия съезіне қарамай, өзімнің тапқырлығымды жаттықтыру үшін комитетшілдердің қарарларынан материал іздейтін жұрдай қайыршының дәрежесіне жеткенім жоқ. Мен қанша пақыр болсам да, белгілі бір үйлесімсіз сөздерді әдейі айтатын, ал барлық мәселелерде, ұйымдық мәселелер жөнінде де, тактикалық мәселелер жөнінде де, программалық мәселелер жөнінде де революциялық социал-демократияның принциптеріне қарама-қарсы принциптерді қасарысып, берік ұстайтын жақтастары барлардан мың есе баймын. Мен қанша пақыр болсам да, мұндай жақтастардың маған сый етіп тартатын мақтауларын *жұрттан жасыратын* дәрежеге жеткенім жоқ. Ал жаңа «Искра» редакциясының осыны істеуіне тура келіп отыр.

Иә, оқушы, сіз Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Воронеж комитетінің не екенін білесіз бе? Егер сіз мұны білмесеңіз, онда партия съезінің протоколдарын оқыңыз. Бұл комитеттің бағытын Акимов жолдас пен Брукэр жолдастың толық білдіретінін

* Бұл ғажап сөздің иесі — Мартов жолдас («Қоршау жағдайы», 68-бет). Жалғыз маған қарсы «көтеріліс» жасау үшін Мартов жолдас бір өзін бес адамға балайтын кезеңін күтті. Мартов жолдас шебер айтыса алмайды: ол өзінің қарсыласын мейлінше мақтау арқылы жоқ қылғысы келеді.

сіз одан оқып білесіз, олар съезде бүкіл бағыт жөнінен партияның революциялық қанатына қарсы күресті және Плеханов жолдастан бастап Попов жолдасқа дейін, жұрттың бәрі оларды ондаған рет оппортунистер қатарына қосты. Міне, осы Воронеж комитеті өзінің январьдағы листогында (№ 12, 1904 ж., январь) былай деп мәлімдейді:

«Біздің үздіксіз өсіп келе жатқан партиямызда өткен жылы партия үшін ірі және маңызды оқиға болды: РСДРП-ның — оның ұйымдары өкілдерінің екінші съезі болды. Партия съезін шақыру өте күрделі және монархиялық жағдайлар тұсында өте қауіпті, қиын іс, сондықтан да съезд шақыру ісінің *тым жеткіліксіз* орындалғанына таңдануға болмайды және съездің өзі, өте оңды өтсе де, өзіне партия қойған талаптарды түгел орындамады. 1902 жылғы конференция (кеңес) съезд шақыруды тапсырған жолдастар тұтқынға алынды, сондықтан *съезді орыс социал-демократиясындағы тек бір бағыттың ғана — искралық бағыттың бөлген адамдары өткізді.* Социал-демократтардың искрашыл емес *көптеген* ұйымдары съезд жұмысына қатыстырылмады: ішінара *сол себептен* съездің партия *программасы мен уставын* жасап шығару жөніндегі міндеттері *мейлінше жеткіліксіз* орындалды, уставтағы «қауіпті шатақтар туғызуы мүмкін» ірі кемшіліктерді съезге қатысқандардың өздері де мойындап отыр. Съезде искрашылдардың өздері жікке бөлінді, сөйтіп бұрын «Искраның» іс-әрекет программасын бүтіндей қабыл алып жүрген біздің РСДРП-ның көптеген ірі қайраткерлері «Искраның» *негізінен Ленин мен Плеханов* жүргізіп отырған бірталай көзқарастарын өмірге бейім емес деп таныды. Съезде Ленин мен Плеханов жеңсе де, практикалық өмір күші, искрашыл еместердің бәрі қолдап отырған нақты жұмыс талаптары теоретиктердің қателерін тез жөндеп, съезден кейін елеулі түзетулер енгізді. *«Искра» қатты өзгерді және* жалпы социал-демократия қайраткерлерінің талаптарына мұқият құлақ қоюға *уәде етіп отыр.* Сонымен, *съездің жұмыстары* келесі съезде *қайта қарауға жататын* болса да және, съезге қатысқандардың өздері де көріп отырғанындай, қанағаттанарлық болмаса да, *сондықтан да бұлжымайтын қаулылар есебінде партия ішіне тарай алмайтын болса да,* съезд партиядағы істердің жағдайын анықтады, партияның бұдан былайғы теориялық және ұйымдық қызметіне көп материал берді және жалпы партия жұмысына аса зор өнегелі тәжірибе болды. Съезд қаулыларын және оның жасаған уставын барлық ұйымдар *еске алады,* бірақ олардың кемістіктері айқын болуы *себепті,* көптеген ұйымдар *тек соларды ғана басшылыққа алудан тартына тұрады.*

Воронеж комитеті жалпы партия жұмысының маңызын толық түсініп, съезді ұйымдастыру жөніндегі мәселелердің бәріне жіті *көңіл бөлді.* Ол съезде болған оқиғалардың маңызын то-

лық түсінеді, Орталық Орган (бас орган) болған *«Искрадағы» бет бұрысты құттықтайды.* Партия мен Орталық Комитеттегі істердің жағдайы бізді *әлі* қанағаттандырмаса да, біз партияны ұйымдастыру жөніндегі қиын жұмыс біріккен күш-жігер арқылы жетілдіріледі деп сенеміз. Воронеж комитеті партиядан шығады екен деген өтірік лақап тарағандықтан, Воронеж комитеті жолдастарға бұл туралы тіпті сөз болуы да мүмкін емес деп мәлімдейді. Воронеж комитеті сияқты жұмысшы ұйымының РСДРП-дан шығуы қандай қауіпті прецедент (үлгі) болатынын, *мұның партияға қаншама кінә болып тағылатынын,* мұндай үлгіге еруі мүмкін жұмысшы ұйымдарына оның қаншалықты тиімсіз болатынын Воронеж комитеті өте жақсы түсінеді. Біз жаңадан жік туғызбай, барлық саналы жұмысшылар мен социалистерді бір партияға біріктіруге табандылықпен ұмтылуымыз керек. Оның үстіне екінші съезд құрылтай съезі емес, кезекті съезд болды. Партиядан шығару тек партия соты бойынша ғана мүмкін болады, ешбір ұйымның, тіпті Орталық Комитеттің өзінің де, белгілі бір социал-демократиялық ұйымды партиядан шығаруға правосы жоқ. Ол ол ма, екінші съезде қабылданған уставтың сегізінші параграфы бойынша, әрбір ұйым өзінің жергілікті істерінде автономиялы (дербес), сондықтан *Воронеж комитеті өзінің ұйымдық көзқарастарын жүзеге асыруға және партия ішіне таратуға толық праволы».*

Жаңа «Искраның» редакциясы 61-номерде осы листокқа сүйеніп, жоғарыда келтірілген тираданың ірі әріппен терілген екінші бөлімін көшіріп басқан; ал петитпен терілген бірінші бөлімін редакция *тастап кетуді жөн көріпті.*

Ұялған ғой.

с) ДИАЛЕКТИКА ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ. ЕКІ ТӨҢКЕРІС

Біздің партия дағдарысының дамуына жалпы көз салсақ, біз күресуші екі жақтың негізгі құрамы барлық уақытта дерлік бір қалыпты болып отырғанын оп-оңай

көреміз. Бұл күрес партиямыздың революциялық қанаты мен оппортунистік қанатының күресі еді. Бірақ бұл күрес неше түрлі кезеңдерден өтті, қазірдің өзінде жиналып қалған көп әдебиетті, толып жатқан үзінді сөздерді, алына салынған цитаттарды, жеке айыптауларды, тағы сондайларды түсінгісі келген әрбір адамға бұл кезеңдердің әрқайсысының ерекшеліктерін дәл білу қажет-ақ.

Бір-бірінен айырмасы зор басты-басты кезеңдерді атап өтейік: 1) Уставтың 1-параграфы туралы талас. Ұйымның негізгі принциптері туралы таза идеялық күрес. Біз Плехановпен бірге азшылықта болдық. Мартов пен Аксельрод оппортунистік тұжырым ұсынып, оппортунистердің құшағында қалды. 2) Орталық Комитетке кандидаттардың тізімі туралы мәселе жөнінде «Искра» ұйымының жікке бөлінуі: Фомин немесе Васильев бестікте, Троцкий немесе Травинский үштікте болды. Біз Плехановпен бірге көпшілікті қаратып алдық (тоғыз жетіге қарсы),— мұның бір себебі: 1-параграф жөнінде біздің азшылықта болғанымыз. Мартовтың оппортунистермен коалициясы менің Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжалдан туған барлық қауіптерімді іс жүзінде растады. 3) Уставтың егжей-тегжейі туралы таластың жалғасы. Мартовты тағы да оппортунистер құтқарды. Біз тағы да азшылықта қалып, азшылықтың орталық орындардағы праволарын қорғадық. 4) Барып тұрған оппортунистердің жетеуі съезден шығып кетті. Біз көпшілік болып қалдық, сайлауда коалицияны (азшылық искрашылдардың, «батпақтың» және антиискрашылдардың коалициясын) жеңіп шықтық. Мартов пен Попов біздің үштіктеріміздегі орындардан бас тартты. 5) Кооптация жөнінде съезден кейін болған дау-жанжал. Анархистік мінез-құлық пен анархистік жел сөздердің етек алуы. «Азшылық» ішіндегі неғұрлым ұстамсыз және тұрақсыз элементтер күш алып кетті. 6) Плеханов жікке бөлінуге жол бермеу үшін «kill with kindness» саясатына көшті. «Азшылық» Орталық Орган редакциясы мен Советті басып алды және барлық күшін салып Орталық Комитетке шабуыл жасады. Барлық істе дау-жанжал үдей түсті. 7) Орталық Комитетке

жасалған бірінші шабуыл тойтарылды. Дау-жанжал аздап бәсеңдей бастаған тәрізді болды. Партияны қатты толқытып отырған, таза идеялық мынадай екі мәселені біршама жайшылықпен талқылауға мүмкіндік туды: а) біздің партиямыздың екінші съезде «көпшілік» және «азшылық» болып екіге бөлінуінің және мұның бұрынғы барлық бөлінулердің орнын басуының саяси мәні қандай және оның себебі неде? б) жаңа «Искраның» ұйымдық мәселе жөніндегі жаңа позициясының принциптік мәні қандай?

Бұл кезеңдердің әрқайсысы күрестің елеулі айырмасы бар жағдайымен және шабуылдың тікелей мақсатымен сипатталады; әрбір кезең, былайша айтқанда, жалпы соғыс жорығындағы бөлек бір ұрыс сияқты. Әрбір ұрыстың нақты жағдайын зерттемейінше, біздің күресімізден еш нәрсе түсінуге болмайды. Мұны зерттесек, дамудың шынында диалектика жолымен, қайшылықтар жолымен бара жатқанын анық көреміз: азшылық көпшілікке, көпшілік азшылыққа айналып отыр; әр жақ қорғаныстан шабуылға, шабуылдан қорғанысқа көшіп келеді; идеялық күрестің бастама пункті (§ 1) «теріске шығарылып» отыр, оның орнын дүниені жайлап алған дау-жанжал * басты, бірақ бұдан кейін «терістеуді терістеу» басталды, сөйтіп біз әр түрлі орталық орындарда құдай қосқан қосағымызбен әрең дегенде «шүйіркелесіп», таза идеялық күрестің бастама пунктіне қайта оралып отырдық, бірақ бұл «тезис» енді «антитезистің» барлық нәтижелерімен толықты және жоғары синтезиске айналды, бұл тұста 1-параграф жөніндегі жеке-дара, кездейсоқ қате ұйымдық мәселе жөніндегі оппортунистік көзқарастардың quasi-жүйесіне ұласты, бұл тұста біздің партиямыздың революциялық және оппортунистік қанат болып негізгі екі қанатқа бөлінуі мен әлгі құбылыстың байланысы бүкіл жұрт алдында барған сайын анық көріне бастады. Қысқасы, тек сұлы ғана Гегель айтқан жолмен өсіп қоймайды, сондай-ақ орыс социал-

* Дау-жанжал мен принциптік келіспеушілікті айырып алу туралы қиын мәселе енді өзінен-өзі шешіледі: кооптацияға жататын нәрсенің бәрі — дау-жанжал; съездегі күресті талдауға, 1-параграф туралы, оппортунизм мен анархизмге қарай бет бұру туралы таластарға жататын нәрсенің бәрі — принциптік келіспеушілік.

демократтары да бірімен-бірі Гегель айтқан жолмен қырқысып келеді.

Бірақ марксизм аяғынан тік қойып, түзеп алған гегельдік ұлы диалектиканы партияның революциялық қанатынан оппортунистік қанатына ұшып-қонып жүрген саяси қайраткерлердің бұлталақтауларын ақтаудың тұрпайы әдісімен, жеке мәлімдемелерді, біртұтас процестің әр түрлі кезеңдері дамуының жеке мезеттерін бір төбе қылып үйе салатын тұрпайы әдетпен еш уақытта шатастырмау керек. Шынайы диалектика жеке адамның қателерін ақтамайды, қайта, болмай қоймайтын бұрылыстарды зерттейді, олардың болмай қоймайтынын дамудың бүкіл нақтылығын егжей-тегжейлі зерттеу арқылы дәлелдейді. Диалектиканың негізгі қағидасы: абстракт ақиқат жоқ, ақиқат әрдайым нақты болады... Гегельдік бұл ұлы диалектиканы итальяндардың: mettere la coda dove non va il capo (басың сыймаса, құйрығыңды тық) деген мәтеліндегідей от басының анайы ақылгөйлігімен де шатастырмау керек.

Біздің партия күресінің диалектикалық дамуының қорытындысы екі төңкеріске тіреледі. «Тағы да азшылықта» деген еңбегінде Мартов жолдастың әділ атап айтқанындай, партия съезі нағыз төңкеріс болды. Азшылықтағы кейбір созуарлардың: дүниені революциялар қозғайды, сондықтан да біз революция жасадық!— деулері де дұрыс. Олар съезден кейін шынында да революция жасады; жалпы айтқанда, дүниені революциялар қозғайтыны да рас. Бірақ әрбір нақты революцияның нақты мәні мұндай жалпы нақылмен анықталмайды: естен кетпес Махов жолдастың естен кетпес сөздерін өзгертіп айтқанда, реакция тәрізді революциялар да болады. Белгілі бір нақты революцияның «дүниені» (біздің партиямызды) ілгері не кейін қозғағанын анықтау үшін,— төңкеріс жасаған нақты күш партияның революциялық қанаты ма, әлде оппортунистік қанаты ма, соны білу керек, күрескерлерді жігерлендірген революциялық принциптер ме, әлде оппортунистік принциптер ме, соны білу керек.

Біздің партия съезі орыс революциялық қозғалысының бүкіл тарихында бұрын көз көріп, құлақ естімеген

бірден-бір құбылыс болды. Жасырын жүрген революцияшыл партия бірінші рет астыртын түнектен жарық дүниеге шығып, біздің партиялық ішкі күресіміздің бүкіл барысы мен нәтижесін, біздің партияның және оның азды-көпті елеулі әрбір бөлегінің программа, тактика, ұйым мәселелері жөніндегі бүкіл бейнесін жұрттың бәріне және әркімге көрсетіп берді. Біз тұңғыш рет үйірмелік берекесіздік пен революциялық тоғышарлық дәстүрлерінен құтылып, мейлінше алуан түрлі, көбіне бір-бірімен өлгенше жауласып келген, тек идея күшімен ғана байланысқан және қандай да болсын топтық ерекшелігі мен топтық дербестігін түгелдей ұлы тұлға жолында, біз алғаш рет іс жүзінде құрып жатқан бүтін тұлға: *партия* жолында құрбан етуге әзір тұрған (принцип жүзінде әзір тұрған) ондаған топтарды біріктіре алдық. Бірақ саясатта құрбандық текке берілмейді, ұрыспен алынады. Ұйымдарды жансыздандыру үшін болған ұрыс сұрапыл қатты ұрыс болды. Ашық еркін күрестің самал желі құйынға айналды. Бұл құйын барлық үйірмешілдік мүдделердің, сезімдер мен дәстүрлердің неше түрлі қалдықтарын түк қалдырмай ұшырып әкетті,— ұшырғаны тамаша болды! — тұңғыш рет шын мәнінде партиялық қызмет коллегияларын құрды.

Бірақ аталу бір басқа да, болу бір басқа. Принцип жүзінде партияның пайдасы үшін үйірмешілдікті құрбан қылу бір басқа да, өз үйірмеңнен бас тарту бір басқа. Сасық тоғышарлыққа үйренгендерге самал жел әзірге тым майда самал болып тиді. Өзінің «Тағы да азшылықта» деген еңбегінде Мартов жолдастың әділ айтқанындай (байқаусызда әділ айтқанындай), «партия өзінің бірінші конгресін көтере алмады». Ұйымдарды жансыздандыруға өкпелеу тым күшті болды. Долы құйын біздің партия тасқынының түбіндегі бүкіл лайды бетіне шығарды және бұл лай қарымта қайтарды. Әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас партиялылықты сіресіп қалған ескі үйірмешілдік жеңіп кетті. Партияның күл-талқаны шыққан оппортунистік қанаты Акимовтың кездейсоқ олжасымен әлденіп, революциялық қанатты жеңді,— әрине, уақытша жеңді.

Қорытындысында жаңа «Искра» пайда болды, ол партия съезінде редакторлары жасаған қатені дамытып, тереңдетуге мәжбүр болды. Ескі «Искра» революциялық күрестің ақиқатын үйретті. Жаңа «Искра» от басының ақылгөйлігін: көнгіштік пен көнбістікті үйретіп отыр. Ескі «Искра» жауынгер ортодоксия органы еді. Жаңа «Искра» біздің алдымызға негізінен ұйымдық мәселелерде оппортунизмнің сілімтігін көлденең тартып отыр. Ескі «Искра» орыс оппортунистеріне де, батыс европалық оппортунистерге де жек көрінішті болуы арқылы құрметке бөленді. Жаңа «Искраның» «ақылы кірді» және өзін барып тұрған оппортунистердің көпірте мақтауынан көп кешікпей ұялмайтын да болар. Ескі «Искра» өз мақсатына қарай бұлтармай алға басты және оның сөзі мен ісі бір жерден шығып отырды. Жаңа «Искра» позициясының ішкі жалғандығы — тіпті кімнің болса да еркі мен санасына қарамастан — саяси екіжүзділікті сөзсіз туғызады. Ол үйірмешілдіктің партиялылықты жеңгенін бүркемелеу үшін үйірмешілдікке қарсы айқайлайды. Азды-көпті ұйымдасқан азды-көпті партияда азшылықтың көпшілікке бағынуынан басқа жікке бөлінуге қарсы тағы да бір құрал бар деп түсінуге болатындай, ол жікке бөлінуді екіжүзділікпен сөгеді. Ол революциялық қоғам пікірімен санасу керек деп мәлімдейді, сөйтіп Акимовтардың мақтағанын жасырып, партияның революциялық қанатының комитеттері туралы ұсақ-түйек өсек-аяң айтады *. Бұл не деген масқара! Олар біздің ескі «Искраны» қайтіп масқаралады десеңізші!

Бір адым ілгері, екі адым кейін... Бұл жеке адамдардың өмірінде де, ұлттардың тарихында да, партиялардың дамуында да болады. Революциялық социал-демократия, пролетарлық ұйым және партиялық тәртіп принциптерінің сөзсіз, толық салтанат құратынына бір сәт болса да күмәндану барып тұрған қылмысты қорқақтық болар еді. Біз қазірдің өзінде өте көп нәрсені жеңіп алдық, сәтсіздікке ұшырай қалған күнде еңсені

* Бұл сүйкімді жұмыс үшін әлден-ақ стереотиптік үлгі де жасалған: біздің X деген өз тілшіміздің Y деген көпшілік комитеті туралы — ол азшылықтағы Z жолдасқа жаман жасады деп хабарлайды.

түсірмей, біз бұдан былай да күресе беруге тиіспіз, күрескенде үйірмелік ұрыстың тоғышарлық тәсілдерінен жирене отырып, Россияның барлық социал-демократтарының осыншалық күш-жігермен жасалған біртұтас партиялық байланысын қолдан келгенше сақтай отырып, партияның барлық мүшелерін, әсіресе жұмысшыларды партиялық міндеттермен, партияның II съезіндегі күреспен, біздің ажырасуымыздың барлық себептерімен және қат-қабат оқиғаларымен, оппортунизмнің күллі залалымен қажырлы және үздіксіз еңбек ету арқылы толық әрі саналы түрде таныстыра отырып, байсалды түрде күрес жүргізуге тиіспіз, ал оппортунизм біздің программа мен біздің тактика жөнінде қалай істесе, ұйымдық істер жөнінде де дәл солай буржуазиялық психология алдында дәрменсіздікпен бас иеді, буржуазиялық демократияның көзқарасын дәл солай талғамай қабыл алады, пролетариаттың таптық күресінің қаруын дәл солай мұқалтады.

Өкімет үшін күресте пролетариаттың ұйымнан басқа қаруы жоқ. Буржуазиялық дүниедегі анархиялық бәсекенің үстемдігінен тоз-тоз болып жүрген, капиталға еріксіз еңбек етумен езіліп, жанышталған, барып тұрған қайыршылықтың, тағылық пен азғындаудың «түңғиығына» үнемі итеріп тасталып отырған пролетариат жеңімпаз күш бола алады және сөзсіз болады да, өйткені оның марксизм принциптері негізінде идеялық жағынан бірігуі миллиондаған еңбекшілерді жұмысшы табының армиясы етіп топтастыратын ұйымның материалдық тұтастығымен баянды етіледі. Бұл армияға орыс самодержавиесінің қаусаған өкіметі де, халықаралық капиталдың қаусап бара жатқан өкіметі де төтеп бере алмайды. Ешқандай бұраң жолдарға және кері басқан қадамдарға қарамастан, осы заманғы социал-демократия жирондистерінің оппортунистік жел сөздеріне қарамастан, артта қалған үйірмешілдікті мәз болып мадақтауға қарамастан, *интеллигенттік* анархизмнің сыртқы жылтырағы мен даурықпалы думанына қарамастан, бұл армия өз қатарын барған сайын тығыз топтастыра береді.

Қосымша

ГУСЕВ ЖОЛДАС ПЕН ДЕЙЧ ЖОЛДАСТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ЖАНЖАЛ

і параграфының текстінде келтірілген Мартов және Старовер жолдастардың хатында айтылған «жалған» (Мартов жолдастың сөзімен айтқанда) тізім дегенмен тығыз байланысты бұл жанжалдың мәні мынада. Гусев жолдас Павлович жолдасқа: Штейн, Егоров, Попов, Троцкий және Фомин жолдастар енген бұл тізімді оған, Гусевке, Дейч жолдастың бергенін хабарлаған (Павлович жолдастың «Хаты», 12-бет). Дейч жолдас бұл хабары үшін Гусев жолдасты «қасақана жала жапты» деп айыптады, ал жолдастық аралық сот Гусев жолдастың «хабарын» *«теріс»* деп тапты (соттың қарарын «Искраның» 62-номерінен қараңыз). «Искра» *редакциясы* соттың қарарын басқаннан кейін, *Мартов жолдас* (енді редакция емес) «Жолдастық аралық соттың қарары» деген атпен жеке листок шығарды, мұнда ол соттың толық қарарын ғана емес, сонымен бірге істің басынан аяғына дейін қаралуы туралы толық есепті, оған қоса *өзінің соңғы сөзін* басып шығарды. Айтқандайын, бұл соңғы сөзінде Мартов жолдас «фракциялық күрестің мүдделері үшін жалған тізім жасау фактісін» «масқара» деп атайды. Бұл листокқа жауап ретінде II съезд делегаттары Лядов және Горин жолдастар «Аралық соттағы төртінші адам» деген листок шығарды, мұнда олар сот қасақана жала жапқандық бар деп таппай, тек қана Гусев жолдастың хабары теріс деп қаулы шығарып отырғанда, «Мартов жолдастың Гусев жолдасты жаман ниетте болды деп айыптап, сот шешімдерінен аулақтап кеткеніне батыл наразылық білдірді». Горин және Лядов жолдастар Гусев жолдастың хабары кәдімгі қатеден тууы мүмкін екенін толық түсіндірді және Гусев жолдасты жаман ниетте болды деп беталды айып-

тап, өзі бірқатар қате мәлімдемелер жасаған (және өз листогында осындай қателер жасап отырған) Мартов жолдастың қылығын *«лайықсыз»* деп сипаттады. Бұл жерде тіпті жаман ниеттің болуы мүмкін де емес еді дейді олар. Қателеспесем, бұл мәселе жөніндегі бүкіл «әдебиет», міне, осы, бұл мәселенің түсіндірулеріне жәрдемдесуді мен өзімнің борышым деп санаймын.

Ең алдымен, оқушы бұл тізімнің (Орталық Комитетке ұсынылған кандидаттар тізімінің) қай уақытта және қандай жағдайда жасалғанын дәл түсініп алатын болуы керек. Менің тексте айтқанымдай, съезде «Искра» ұйымы Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттардың тізімі жөнінде кеңес өткізді, ол осындай тізімді съезге бірлесіп ұсына алатын еді. Кеңес ажырасумен тынды; «Искра» ұйымының көпшілігі: Травинский, Глебов, Васильев, Попов және Троцкий енгізілетін тізімді қабылдады, бірақ азшылық бұған көңгісі келмей: Травинский, Глебов, Фомин, Попов, Троцкий енгізілетін тізімді қабылдауды талап етті. «Искра» ұйымының екі бөлегінің екеуі де сол тізімдер ұсынылған және дауысқа қойылған жиналыстан кейін бас қосқан жоқ. Ұйымның екі бөлегінің екеуі де өздерін ажыратып отырған даулы мәселені бүкіл партия съезінде дауысқа қойып шешпек болды және әрқайсысы өз жағына неғұрлым көп делегат тартуға тырысып, съезде еркін үгіт жүргізді. Съездегі бұл еркін үгіт тексте мен соншалықты толық талдаған саяси фактіні, атап айтқанда: бізді жеңу үшін искрашылдар азшылығының (Мартов бастаған азшылықтың) «центрге» (батпаққа) және антиискрашылдарға сүйенуі қажет болғанын бірден-ақ аңғартты. Мұның өзі қажет болды, өйткені антиискрашылдар мен «центрдің» тегеурініне төтеп беріп, «Искраның» программасын, тактикасын және ұйымдық жоспарларын дәйектілікпен қорғаған делегаттардың орасан зор көпшілігі өте тез және асқан табандылықпен біздің жағымызға шықты. Антиискрашылдарға да, «центрге» де қосылмаған 33 делегаттың (дәлірек айтқанда: дауыстың) ішінен 24-ін біз тез арада өз жағымызға шығарып алдық, сөйтіп олармен «тікелей келісім» жасадық, «тұтас көпшілік» құрдық. Ал Мартов жолдас тоғыз-ақ

дауыспен қалды; бізді жеңу үшін оған антиискрашылдар мен «центрдің» барлық даусы керек болды, бұл топтармен ол бірге бола алатын еді (уставтың 1-параграфы жөніндегідей), «біріге» алатын еді, яғни олардың жәрдеміне сүйене алатын еді, бірақ олармен тікелей келісім жасай *алмады,* жасай алмауының дәл себебі — ол бүкіл съезд бойына бұл топтарға қарсы бізден кем күрескен жоқ. Мартов жолдастың жағдайы қайғылы-күлкілі болуының мәні, міне, осында! Өзінің «Қоршау жағдайы» деген еңбегінде: «съезде «Южный рабочий» *кімге* бөтен болды екен?— деген сұраққа Ленин жолдастың тура жауап беруін ізетпен өтінеміз» (23-бет, ескерту) деген зәрлі сұрақ қойып, Мартов жолдас мені мұқатпақ болды. Ізетпен және тура жауап беремін: Мартов жолдасқа бөтен болды. Дәлел: мен искрашылдармен тікелей келісімді өте тез жасадым, ал Мартов жолдас «Южный рабочиймен» де, Махов жолдаспен де, Брукэр жолдаспен де тікелей келісім жасаған жоқ, жасай алмайтын да еді.

Тек осы саяси жағдайды анықтап алғаннан кейін ғана, атышулы «жалған» тізім туралы діңкеге тиген мәселенің «түйіні» неде екенін түсінуге болады. Істің нақты жағдайын байқап қараңыз: «Искра» ұйымы жіккө бөлінді, сондықтан біз өз тізімімізді жақтап, съезде еркін үгіт жүргіздік. Осы жақтау үстінде, толып жатқан жеке әңгімелерде бұл тізімдер сан саққа жүгіртілді, бестік орнына үштік белгіленді, бір кандидаттың орнына басқа бір кандидатты енгізу туралы түрліше ұсыныстар жасалды. Мәселен, көпшіліктің жеке әңгімелерінде Русов, Осипов, Павлович, Дедов жолдастардың кандидатуралары ұсынылғаны және талқыға салынып, талас туғызғаннан кейін қабылданбай қалғаны әлі есімде. Мен білмейтін басқа кандидатуралардың да ұсынылуы әбден мүмкін. Әңгіме кезінде съездің әрбір делегаты өз пікірін айтты, түзетулер ұсынды, таласты, т. т. Бұл тек көпшіліктің арасында ғана болды деп ойлау аса қиын. Азшылық арасында да дәл осылай болғаны тіпті күмәнсыз, өйткені олардың алғашқы бестігі (Попов, Троцкий, Фомин, Глебов, Травинский) орнына кейін үштік: Глебов, Троцкий, Попов ұсынылғанын біз

Мартов және Старовер жолдастардың хатынан көрдік, соның өзінде Глебов оларға ұнамады, сондықтан олар Глебовтың орнына Фоминді енгізе қойды (Лядов және Горин жолдастардың листогын қараңыз). Кітапша текстінде мен делегаттарды топ-топқа бөлгенде, бұл топтарды post factum жасалған талдау негізінде жіктегенімді ұмытпау керек: шынында, сайлау алдындағы үгіт кезінде бұл топтар енді-енді белгілене бастаган еді, сондықтан делегаттар арасында пікір алысу мүлде еркін болды; біздің арамызда ешқандай «дуал» болған жоқ, сондықтан әрбір адам, өзі қай делегатпен жеке сөйлескісі келсе, сол делегатпен сөйлесті. Мұндай жағдайда, алуан түрлі комбинациялар мен тізімдердің ішінде «Искра» ұйымы азшылығының тізімімен (Попов, Троцкий, Фомин, Глебов, Травинский) қатар, одан онша көп өзгешелігі жоқ тағы бір тізім: Попов, Троцкий, Фомин, Штейн, Егоров енгізілген тізім пайда болғанына таңданатын ештеңе жоқ. Кандидаттардың мұндай комбинациясының тууы мейлінше табиғи нәрсе, өйткені біздің кандидаттар, Глебов пен Травинский, «Искра» ұйымының азшылығына көріне көзге ұнамады (і параграфының текстіндегі олардың хатын қараңыз, мұнда олар Травинскийді үштіктен шығарған, ал Глебов жөнінде олар: бұл — компромисс деп тура айтады). Глебов пен Травинскийдің орнына Ұйымдастыру комитетінің мүшелері Штейн мен Егоровтың енгізілуі әбден орынды еді, қайта кандидаттарды осылай ауыстыру идеясы партиялық азшылық делегаттарының ешқайсысының ойына келмесе, бұл таңданарлық нәрсе болар еді.

Енді мына екі мәселені қарайық: 1) Егоров, Штейн, Попов, Троцкий, Фомин енгізілген тізім кімнен шықты? және 2) мұндай тізімнің өзіне таңылғанына Мартов жолдас неліктен қатты ашуланды? Бірінші сұраққа *дәл* жауап беру үшін бұл туралы съезд делегаттарының бәрінен сұрастырып шығу керек болар еді. Қазір бұл мүмкін емес. «Искра» ұйымының жікке бөлінуіне себеп болған тізімдер туралы съезде партиялық азшылықтың (оны «Искра» ұйымының азшылығымен шатастырмау керек) делегаттары не естіді екен? олар «Искра» ұйымының көпшілігі мен азшылығының бұл екі тізіміне

қалай қарады екен? олар «Искра» ұйымы азшылығының тізіміне қажетті өзгерістер енгізу туралы қандай да болсын болжамдар мен пікірлер ұсынбады ма екен және естімеді ме екен,— әсіресе осыны анықтап алу қажет болар еді. Амал не, мұндай сұрақтар, сірә, аралық сотта да қойылмаса керек, аралық сотқа (шешімнің текстіне қарағанда) «Искра» ұйымының қандай «бестіктер» жөнінде ажырасқаны да белгісіз күйінде қалған. Мәселен, Белов жолдастың (мен оны «центрге» қостым) «жауабына қарағанда, оның Дейчпен жолдастық қатынасы жақсы болған, съездің жұмысы жөнінде қандай пікірде екенін Дейч оған айтып жүрген, егер Дейч белгілі бір тізімді жақтап, қандай да болсын үгіт жүргізсе, ол бұл туралы Беловқа да айтқан болар еді». Дейч жолдас «Искра» ұйымының тізімдері жөнінде өзінің қандай пікірде екенін съезде Белов жолдасқа айтты ма екен? егер айтқан болса, Белов жолдас «Искра» ұйымы азшылығының бестік тізіміне қалай қарады екен? бұл тізімге қандай да болсын қажетті өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жасамады ма екен немесе естімеді ме екен?— бұлардың анықталмай қалғанына қынжылмасқа болмайды. Осы жағдайдың анықталмағандығынан, Белов және Дейч жолдастардың жауаптарындағы қайшылық, Горин және Лядов жолдастар атап көрсеткен қайшылық келіп шығады, атап айтқанда, Дейч жолдас өз сөзіне өзі қарсы келіп, «Орталық Комитеттің» «Искра» ұйымы ұсынған «белгілі бір кандидаттарын жақтап, үгіт жүргізді». Белов жолдастың бұдан әрі берген жауабына қарағанда, «съезде сөз болып жүрген тізім туралы ол жай әңгімеден, съезд аяқталудан бір-екі күн бұрын, Егоров, Попов жолдастармен және Харьков комитетінің делегаттарымен кездескеннен кейін білген. Бұл әңгіме кезінде Егоров Орталық Комитетке ұсынылған кандидаттардың тізімінде өз атының жүргеніне таңданатынын білдірген, өйткені оның, Егоровтың, пікірінше, съездегі көпшілік делегаттары арасында да, азшылық делегаттары арасында да оның кандидатурасы тілектестікпен қабыл алынбаған болар еді». Бұл жерде, сірә, *«Искра» ұйымының* азшылығы туралы айтылып отырған болса керек, мұның аса зор мәні бар, өйткені

партия съезінің қалған азшылығы арасында Ұйымдастыру комитетінің мүшесі және «центрдің» көрнекті шешені Егоров жолдастың кандидатурасы тілектестік таба алатыны былай тұрсын, тіпті, бәлкім, тілектестік табуға тиісті де еді. Амал не, партиялық азшылықтың «Искра» ұйымында жоқ мүшелерінің тілектестігі немесе тілектес еместігі туралы Белов жолдастан біз ештеңе біле алмаймыз. Ал оның бер жағында, осы мәселенің үлкен маңызы бар, өйткені Дейч жолдас бұл тізімнің «Искра» ұйымының азшылығына таңылғанына қатты ашуланды, ал тізімнің бұл ұйымда жоқ азшылықтан шығуы мүмкін еді!

Кандидаттардың мұндай комбинациясы туралы жорамалды ең әуелі кім айтқанын және біздің әрқайсымыз бұл туралы кімнен естігенімізді еске түсіру қазіргі уақытта, әрине, өте қиын. Мен, мәселен, мұны ғана емес, сондай-ақ өзім атаған Русовтың, Дедовтың және басқаларының кандидатураларын көпшіліктің ішінен ең алдымен нақ кім ұсынғанын да еске түсіре алмаймын: кандидаттарды түрліше комбинациялау туралы толып жатқан әңгімелердің, жорамалдардың, лақаптардың ішінен «Искра» ұйымында немесе көпшіліктің жеке жиналыстарында тікелей дауысқа қойылған «тізімдер» ғана менің есімде қалыпты. Бұл «тізімдер» біреуден біреуге көбінесе ауызекі айтылып жүрді (««Искра» редакциясына хатымда», 4-бетте, төменнен 5-жолда мен бес кандидаттың нақ сол жиналыста өзім ауызша ұсынған комбинациясын «тізім» деп атаған болатынмын), бірақ ылғи қағазға да жазылып, ол жазбалар, жалпы алғанда, съезд мәжілістері кезінде бір делегаттан екінші бір делегатқа жіберіліп отыратын және, әдетте, мәжілістен кейін жыртылып тасталатын.

Бұл атышулы тізімнің қайдан шыққаны туралы анық мәлімет болмағандықтан, тек былай деп жорамалдау ғана қалады: не бұл тізімдегі кандидаттардың мұндай комбинациясын партиялық азшылықтың «Искра» ұйымындағы азшылыққа белгісіз бір делегаты ұсынды, сөйтіп бұл комбинация ауызша және жазбаша түрде съезд делегаттарына тарап кетті; не бұл комбинацияны съезде «Искра» ұйымы азшылығының бір мүшесі ұсынды

да, кейін оны ұмытып кетті. Меніңше, соңғы жорамал дұрысырақ болса керек, оның себебі: Штейн жолдастың кандидатурасына «Искра» ұйымының азшылығы съезде-ақ тілектес болғаны *күмәнсыз* (менің кітапшамның текстінен қараңыз), ал Егоров жолдастың кандидатурасы туралы идеяға *бұл* азшылықтың съезден кейін келгені күмәнсыз (өйткені Лига съезінде де, «Қоршау жағдайында» да Ұйымдастыру комитетінің Орталық Комитет болып бекітілмегеніне өкініш білдірілген, ал Егоров жолдас Ұйымдастыру комитетінің мүшесі еді). Олай болса, Ұйымдастыру комитетінің мүшелерін Орталық Комитеттің мүшелеріне айналдыру туралы ауыздан-ауызға тарап кеткен бұл идеяны жай әңгімеде және партия съезінде азшылық мүшелерінің бірі ұсынған болар деп жорамалдау табиғи нәрсе емес пе?

Бірақ Мартов жолдас пен Дейч жолдас мән-жайды табиғи түрде түсіндірудің орнына, қалайда бір *күйе* жаққандық, арандатушылық, арам ниет, «масқаралау *мақсатымен көріне көзге* өтірік лақап» таратқандық, *«фракциялық күрестің мүдделері үшін қолдан жасап алғандық»,* т. т. тапқысы келеді. Мұндай кеселді әрекетті тек қана эмиграттық тұрмыстың қолайсыз жағдайларынан немесе жүйке тамырдың нашарлауынан туған нәрсе деп түсіндіруге болады, сондықтан, егер іс жолдасымыздың намысына тиетін лайықсыз жағдайға әкеліп соқпаған болса, мен бұл мәселеге мүлде тоқталмаған да болар едім. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: теріс хабардан, теріс лақаптан күйе жаққандық, жаман ниет іздестіруге Дейч және Мартов жолдастардың қандай дәлелі бар еді? Олардың дертке шалдыққан қиялына, бәлкім, мынадай бір елес көрінсе керек: көпшілік оларды азшылықтың саяси қатесін (1-параграф және оппортунистермен коалиция жасау) атап көрсету арқылы емес, «көріне көзге өтірік», «қолдан жасалған» тізімдерді азшылыққа таңу арқылы «масқаралап» отырған сияқты. Азшылық бұл жағдайды өздерінің қатесінен туған іс деп қарамай, көпшіліктің лас, арам, масқара тәсіл қолдануынан туған іс деп түсіндіруді тәуір көрді! «Теріс хабардан» жаман ниет іздеудің ешбір жөні жоқ, мұны біз жоғарыда істің жағдайын сипаттағанда көр-

сеттік: мұны жолдастық аралық сот та айқын көрді, ол ешбір жала, ешбір жаман ниет, ешбір масқаралық болмағанын атап айтты. Ақырында, мұны мына факт бәрінен де айқын дәлелдейді: партия съезінде-ақ, сайлаудан бұрын «Искра» ұйымының азшылығы теріс лақап туралы көпшілікпен түсініскен, ал Мартов жолдас тіпті хат арқылы түсінік берген, ол хат көпшіліктің барлық 24 делегаты жиналысында оқылды! Съезде пәлендей тізімнің қолдан-қолға көшіп жүргенін «Искра» ұйымының азшылығынан жасыру көпшіліктің ойына да келген жоқ: Ленский жолдас бұл туралы Дейч жолдасқа айтқан (соттың шешімін қараңыз), Плеханов жолдас мұны Засулич жолдасқа айтқан (Плеханов жолдас маған былай деді: «Засуличпен сөйлесу мүмкін емес, ол мені Трепов деп ойлайтын болса керек», кейін көп қайталанған бұл қалжың азшылықтың орынсыз ашуланғанын тағы да көрсетіп отыр), мен Мартов жолдасқа оның жауабына (тізімді оның, Мартовтың, ұсынбағаны туралы) қанағаттанғанымды айттым (Лига протоколдары, 64-бет). Мұнан кейін Мартов жолдас (Старовер жолдаспен бірге екені есімде) біздің бюроға, шамамен айтқанда, мынадай мазмұнда хат жіберді: ««Искра» редакциясының көпшілігі оған қарсы таратылып жүрген, оны масқаралайтын лақаптардың өтірік екенін әшкерелеу үшін, оны көпшіліктің жеке жиналысына қатыстыруды өтінеді». Плеханов екеуіміз сол хаттың өзінде былай деп жауап қайтардық: «Біз ешқандай масқаралайтын лақап естіген жоқпыз. Егер редакцияның жиналысын шақыру қажет болса, онда бұл туралы бөлек келісу керек. Ленин. Плеханов». Кешке көпшіліктің жиналысына келгеннен кейін, біз бұл туралы 24 делегаттың бәріне айттық. Әр түрлі қате түсініктердің болуына жол бермеу үшін бәріміз бас қосып, 24 кісінің атынан делегаттар сайлауға және оларды Мартов, Старовер жолдастармен түсінісу үшін өкіл етіп жіберуге шешім алдық. Сайланған делегаттар, Сорокин және Саблина жолдастар, оларға барып, бұл тізімді Мартовқа немесе Староверге, әсіресе олардың мәлімдемелерінен кейін, ешкімнің әдейі таңып отырмағанын және бұл тізім «Искра» ұйымының азшылығынан тараса да, не-

месе съездің бұл ұйымда жоқ азшылығынан тараса да, қалай болғанда да мұның түк мәні жоқ екенін түсіндірді. Шынында, съезде тергеу жүргізуге болмайды ғой! мұндай тізім жөнінде барлық делегаттардан жауап алуға болмайды ғой! Бірақ Мартов және Старовер жолдастар, оның үстіне, әлгі лақапты ресми түрде бекер деп бізге тағы бір хат жазды (і параграфын қараңыз). Біздің уәкілдеріміз, Сорокин және Саблина жолдастар, бұл хатты 24 делегаттың жиналысында оқып берді. Жанжалды бітті деп есептеуге,— тізімнің қайдан шыққанын іздестіру мағынасында емес (егер біреулер мұны қызық көретін болса), нендей бір «азшылыққа зиян келтіру» немесе біреуді «масқаралау» немесе «фракциялық күрестің мүдделері үшін қолдан жасалған» бірдеңені пайдалану ниеті туралы пікірдің қандайын болса да толық жою мағынасында бітті деп есептеуге болатын сияқты еді. Солай бола тұрса да, Мартов жолдас Лигада (63—64-беттер) дертке шалдыққан қиялдан ауыр азап шеккен бұл дауды тағы да жарыққа шығарды, соның өзінде ол бірқатар *теріс хабарламалар* жасады(бәлкім, қатты ашуланғандықтан болар). Оның айтуынша, тізімде бундшыл болыпты. Бұл дұрыс емес. Аралық сотта болған куәлардың бәрі, оның ішінде Штейн және Белов жолдастар да, тізімде Егоров жолдастың болғанын растады. Мартов жолдас тізімнің тікелей келісім жасау мағынасындағы коалиция екенін айтты. Бұл дұрыс емес, мұны мен жоғарыда түсіндірдім. Мартов жолдас «Искра» ұйымының азшылығынан тараған (және съездің көпшілігін бұл азшылықтан бездірерліктей болған) басқа тізімдердің «тіпті қолдан да жасалмағанын» айтты. Бұл дұрыс емес, өйткені Мартов жолдас пен К⁰-ден тараған және көпшілік мақұлдамаған кемінде үш тізім болғанын, партия съезінің көпшілігі түгел білетін (Лядов пен Гориннің листогын қараңыз).

Жалпы алғанда, Мартов жолдас бұл тізімге неліктен сонша ашуланды? Өйткені бұл тізім партияның оң қанатына қарай бұрылғандық болып табылған-ды. Ол кезде Мартов жолдас «оппортунизмге бой ұру жөніндегі жалған айыпқа» қарсы байбалам салды, «оның саяси позициясының теріс сипатталғанына» ашуланды, ал

қазір бұл әйгілі тізімнің Мартов жолдас пен Дейч жолдасқа қатысы бар-жоғы туралы мәселенің ешқандай саяси мәні болуы мүмкін емес екенін, *шынында, бұл тізімге де, ешқандай басқа тізімге де қарамастан,* бұл айыптаудың өтірік емес, шын екенін, саяси позицияның мүлде дұрыс сипатталғанын жұрттың бәрі және әркім көріп отыр.

Атышулы жалған тізім туралы бұл азап шеккен ауыр істің қорытындысы мынау:

1) «Фракциялық күрестің мүдделері үшін тізімді қолдан жасаудың масқаралық фактісі» туралы Мартов жолдастың айқай салып, Гусев жолдастың намысына тиюін, Горин және Лядов жолдастармен бірге, лайықсыз деп атамауға болмайды.

2) Жағдайды дұрыстау үшін және партия мүшелерін дертке шалдыққан қылықтардың қандайына болса да мән беру міндетінен құтқару үшін, мүмкін, үшінші съезде неміс социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұйымдық уставында бар мынадай ережені белгілеу жөн болар еді. Бұл уставтың 2-параграфында былай делінген: «Партия программасының принциптерін өрескел бұзу жөнінде немесе арам қылығы жөнінде айыпты болған адам партияда бола алмайды. Партияда одан әрі болу-болмау мәселесін аралық сот шешеді, оны партия басқармасы шақырады. Судьялардың жартысын сол адамды партиядан шығаруды ұсынған адам тағайындайды, қалған жартысын партиядан шығарылғалы отырған адам тағайындайды, ал председательді партия басқармасы тағайындайды. Аралық соттың шешімі жөніндегі шағым бақылау комиссиясына немесе партия съезіне беріледі». Мұндай ереже қандай болса да арамдық істегендігі жөнінде біреуге ұшқалақтықпен айып тағушылардың (немесе лақап таратушылардың) бәріне қарсы күрестің жақсы құралы бола алады. Мұндай ереже болса, онда айыптаушылардың *партия алдында* айыптаушы ролін атқарып, тиісті партия мекемесінің үкім шығаруын талап етуге рухани ерлігі жеткенше, мұндай айыптаулардың бәрі көңіл бөлуге тұрмайтын өсек-аяң деп есептелер еді.

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ

Қымбатты достар! Борис маған мынадай хабар айтты: менің Советте съезді жақтап дауыс бергенім үшін және съездің пайдасына үгіт жүргізгенім үшін Орталық Комитеттің бес мүшесі (ол, Лошадь, Валентин, Митрофан және Травинский) мені сөгіпті. Мен бұл бесеуінің әрқайсысы маған бұл фактіні дәлелдеуін немесе оны түсіндіруін өтінемін, өйткені коллегия мүшесі өз правосы мен өз міндеті бойынша іс істеді деп, оны *қалайша* сөгуге болатынын мен түсінбеймін. Онымен келіспеуге болады, оны Советтен кері шақырып алуға болады, бірақ оны «сөгу» таңқаларлық нәрсе, өйткені мен Советте бола отырып, өз пікірімше дауыс бермей *тұра алмадым*. Сондай-ақ съезді жақтап үгіт жүргізу партияның әрбір мүшесінің және Орталық Комитеттің әрбір мүшесінің правосы болып табылады, сондықтан коллегияның жеке мүше жөніндегі уәкілдігі біздің ешқайсымыздың бұл правомызды (ресми жағынан да, *моральдық жағынан да)* шектей алмайды. Мен Орталық Комитеттің жартысы немесе жартысынан көбі съезге қарсы екенін хабарлауға ғана міндеттімін.

Советке келетін болсақ, істің жайы былай болып отыр: Колдың орнына Борис тағайындалды (оның өз айтуы бойынша, бес дауыспен). Менің отставкам (оның айтуына қарағанда) қабылданбапты. Мен отставкамды қайтып алып, Советте қала беремін. Бұл жағынан даужанжал осымен реттелді, сондықтан мен тек «сөгу» жөнінде түсінік беруді ғана сұраймын.

Бірақ бұдан гөрі мына бір дау-жанжал маңыздырақ секілді: Борис маған былай деп мәлімдеді: егер мен (1) съезд шақыру жөніндегі үгітті тоқтатпасам және (2) съезге қарсы әрекет жасамасам, ол менің Орталық Комитетте қалуым мүмкін емес деп есептейді. Әрине, мен мұның екеуін де істей алмаймын, сондықтан Бориске былай деп жауап бердім: Орталық Комитеттегі әріптестердің *бәрімен* пікірлесемін, сонан соң *сізге жауап беремін,* ол жауап ***менің*** Орталық Комитеттен кететін-кетпейтінім жайында болады. Біздің біреуміздің (немесе тіпті Орталық Комитеттің екі бөлегінің біреуінің) отставкаға кетуімізге әкеп соғуы мүмкін бұл жанжал жөнінде мен асықпай-саспай және істің байыбына бара отырып, егжей-тегжейлі түсінісуді өте маңызды нәрсе деп есептеймін. Не *Советтің протоколдарын* (бұл өте маңызды!), не өзімнің *принциптік* позициямды анықтаған менің кітапшамды * оқымастан, маған «ультиматумын» қойғаны үшін мен Бориске қатты наразымын. Өте күрделі мәселені түсініп алмай тұрып, жанжалды шиеленістіру ақылға сыя ма?? Біз *негізінде* пікірлес болып отырғанымызда, оны шиеленістіру ақылға сыя ма (басқаны былай қойғанның өзінде, Валентин жазып, Орталық Комитеттің атынан бізге жіберілген, бірақ бізге *келіп жетпеген,* ол туралы маған Борис айтқан декларация азшылықтың оппортунистік позициясынан өзгеше, біздің ұйымдық мәселеде ортақ принциптік позициямыз бар екенін көрсетеді)? Тіпті съезд жөнінде де біз тек оның мерзімі жайында ғана келіспей отырмыз, өйткені Борис съезді $^1/_2$ жыл — бір жыл кейінірек шақыруға тіпті де уәде бермейді. Не болып шығатынын қарап көріңіз: заң бойынша съезд келесі жазда болуға тиіс; менің ше, жағдай *ең жақсы* болған күнде, біздің үгітіміз толық табысқа жеткен жағдайда, жарты жылдан бергі жерде съезд шақыру *мүмкін емес,* онан да әрі кетуі ықтимал. Біздің «алауыздығымыз» кезеңді анықтау мәселесіне келіп тірелген көрінеді! Осыған бола ажырасуға дейін баруымыз ақылға сыя ма? Іске таза саяси тұрғыдан қараңыздаршы: Борис съезді жақтап

---

* Қараңыз: осы том, 199—442-беттер. *Ред.*

үгіт жүргізу тиімді жұмысты нығайту ісімен үйлеспейді және біріншісі екіншісіне зиян келтіреді дейді. Бұл үйлесімсіздік жөніндегі көзқарасты мен мақұлдамаймын, бірақ Туристікі дұрыс деп-ақ көрейікші. Айталық, ол осы мәселе жөнінде өзінің пікіріне қосылмайтындарды Орталық Комитеттен кетіре алды делік. Мұның нәтижесі қандай болады? *Сөз жоқ,* үгіт адам айтқысыз қатты шиеленіседі, көпшіліктің Орталық Комитетпен қарым-қатынастары шиеленіседі, Борис үшін де съезге қарсы әрекет жасау жұмысы шиеленіседі, ал оған бұл жақсы тие қоймайды. Істі осылайша шиеленістіру тиімді ме? Борис: мен съезге қарсымын, өйткені съезд жікке бөлінушілік болып табылады дейді. Менің ойымша, бұл жерде Борис қазіргі және ертеңгі болатын жағдайды дұрыс есептеп отырған жоқ, ал егер тіпті Бористікі дұрыс болғанның өзінде, бізді Орталық Комитеттен кетіріп, ол мұнысымен жікке бөліну мүмкіншілігін онан сайын *күшейтеді,* атап айтқанда, жағдайды сөзсіз шиеленістіру арқылы осылай етеді. Орталық Комитеттің ішінде жанжалдың шиеленісуі қай тұрғыдан болса да тиімді емес.

Расында, біздің Бориспен келіспеуіміз *тек* мынада *ғана:* ол III съезде жікке бөліну болмай қоймайды дейді, ал мен олай болуы мүмкін емес деймін. Біз екеуміз де III съезде көпшілік біздің жағымызда болады деп ойлаймыз. Борис азшылық партиядан шығып кетеді деп ойлайды: біз де, Мартов та әсірелерді ұстап отыра алмаймыз дейді. Менің ойымша, Борис жағдайдың тез құбылуын, оның бүгін кешегіден өзгеше, ал ертең бүгінгіден басқаша болатынын ескермейді. Борис кешегі жағдай (арадағы кикілжің принциптерді кейін ысырған, алауыздықтарды жуып-шаюға, бүркемелеуге, жеке адамдар бір-біріне икемділік жасайды деп сенуге *болған кез)* тұрғысынан қарайды. Бұл жағдай өтіп кетті, мұны мен өз кітапшамда әбден дәлелдедім және жаңа «Искраға» жұрттың түгел (тіпті Россиядағы Орталық Комитет жанындағы әдеби топ сияқты өте жұмсақ адамдардың да) риза болмауы осыны дәлелдеп отыр. Бүгінгі жағдай енді басқаша: принциптер кикілжіңді ығыстырып келеді. Қазір мәселе кооптация жасауда болып

отырған жоқ, мүлде онда емес. *Жаңа «Искраніқі» принцип жағынан дұрыс па?* — мәселе, міне, осында. Жаңа «Искраның» принциптік позициясына наразылықтың нақ өзі, оның күннен-күнге сөзсіз өрши беретіндігі съезд шақыру жолындағы үгітті үдете түседі: Борис бұл жағдайды бағаламай отыр. Ертеңгі жағдай кикілжіңді бұдан да кейін ығыстырады. Бір жағынан, азшылық та моральдық және саяси жағынан партиядан шығып кете алмайды (бұл үшін Лига съезінен кейін болған қолайлы кезең *өтіп кетті).* Екінші жағынан, *менің бұдан бұрын Советте* айтқанымдай (қиын мәселені кесіп-пішуден бұрын, Совет протоколдарын міндетті түрде бәріңіздің оқып шығуларыңызды тағы да сұраймын), біз келісімге келуге тіпті де қарсы емеспіз. Мен (1) барлық ескі редакторлардың жазғанының бәрін өзгертусіз және ескертусіз-ақ партия есебінен бастырып шығаруға кепілдік беруге, (2) Орталық Комитеттің жергілікті комитеттерге жаңадан мүшелер енгізу және олардың мүшелерін шығару правосын IV съезге дейін тоқтата тұруға, (3) *азшылықтың* айрықша мәні бар праволарына ерекше қарармен кепілдік беруге және тіпті (4) — *шартты түрде, аса қажет болған жағдайда,* — «Искраны» бейтарап етуге, одан екі жақтың да айтысын (екі жақтан бөлінген практиктер комиссиясы және т. т. арқылы) шығарып тастауға *сөзсіз* әзір екенімді жұрттың бәріне және әркімге айтамын. Менің ойымша, III съездің азшылығы, шағын азшылық болғандықтан, мұндай жағдайда съезден кете алмайды. Менің ойымша, біз «қоршаудағы жағдай» сияқты елесті III съезде біржолата сейілтеміз, ресми шешімдермен сейілтеміз, сөйтіп таластың *тиімді жұмысқа бөгет болмай* жүргізілуіне жетеміз. Дағдарыстың түйіні осында болып отыр ғой! Советте мен осыны жақтадым, съездің $^{8}/_{10}$ бөлігі осыны жақтауы мүмкін! Бористің де осыны жақтайтынын мен өте жақсы білемін, бірақ съезсіз бұған жету мүмкін емес. Бористің біз (съезд шақыру жолында үгіт жүргізу арқылы) қысым жасай бастадық және осы себепті азшылық еліріп кетіп отыр деп ойлауы қате. Мұның керісінше: Советке дейін де, Советте де бірталай хаттар жазып, шақыру айтқаннан кейін ға-

на біз съезд шақыруды жақтап сөйледік және де біз өзіміздің күшімізді тек үгіт арқылы ғана біраз көрсеттік. Плехановтың адам күлерлік (егер тек адам күлерлік қана болса жақсы ғой) халіне (65-номердегі фельетонды оқыңыз) ұшырағысы келмеген адам күресте ашық және тікелей бір позицияны ұстауға тиіс. Съезд шақыру жолындағы үгітті қазір еш нәрсемен де тоқтатуға болмайды. Бұл үгітке шыдау керек, тіпті керек десеңіз, бейтарап болу керек, міне, сонда ол тиімді жұмысқа кедергі келтірмейді. Бұл үгітке қарсы елеуреудің пайдасы жоқ.

Орталық Комитеттегілердің *әрқайсысының* маған жауап беруін қатты өтініп сұраймын. Кейбір алауыздықтар болғанымен, дау-жанжалсыз және бір-бірімізді шығарып жібермей-ақ, бірігіп жұмыс істеу үшін біз міндетті түрде түсінісіп, істің анық-танығына жетуге тиіспіз.

1904 ж. 13(26) майда жазылған

Кейбір өзгертулер енгізіліп, 1904 ж. мына кітапшада басылған: Н. Шахов. «Съезд үшін күрес». Женева

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҮШ МҮШЕСІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Орталық Комитеттің үш мүшесі, Глебов, Зверев және Ленин, Орталық Комитет ішіндегі алауыздықтарды талқылай келіп, мынадай қорытындыға тоқтады; бұл қорытынды Орталық Комитеттің барлық мүшелеріне хабарлануға тиіс:

1) Алауыздық съезд шақыру туралы мәселеден басталды. Ленин мен Васильев Партия советінде съезд шақыруды жақтағаннан кейін *, Орталық Комитеттің көпшілігі (төрт дауысқа қарсы бес дауыс болды, оның бер жағында *Травинскийдің* даусы *Глебов* жолдасқа берілді) съезге қарсы шықты. Сонан соң *Ленин* мен *Васильев* өздерінің Советтен уақытша шыға тұратыны туралы мәлімдеді **. Қазіргі уақытта бұл жанжал бітістіріліп ***, *Глебов* пен *Ленин* Орталық Комитеттен Советтің мүшелері деп есептеледі.

2) Глебов жолдас Ленин жолдасқа мынаны мәлімдеді: егер Ленин съезд шақыру жолында (Орталық Комитеттен тысқары) үгіт жүргізуден бас тартпайтын болса және съезге қарсы әрекет жасамайтын болса, онда ол, Глебов, Орталық Комитеттен шығады. Мәселенің бұлай қойылуын теріс және принцип жағынан жол беруге болмайтын нәрсе деп есептеп, Ленин былай деп мәлімдейді; Орталық Комитет мүшелерінің әрқайсысының пікірін сұраймын, сонан кейін жауап беремін, ол жауап оның, Лениннің, Орталық Комитеттен кететін-

---

* Қараңыз. осы том, 155—156, 160—163-беттер. *Ред*

** Қараңыз· Шығармалар, 34-том, 234—235-беттер. *Ред.*

*** Бұл туралы Лениннің *Глебов* жолдас мақұлдаған хатын қараңыз, ол осымен қоса беріліп отыр. (Қараңыз: осы том, 443—447-беттер. *Ред.*)

кетпейтіндігі жайында ғана болады. (*Глебов* жолдастың көзқарасы бойынша, Ленинге қатысы бар нәрселердің Орталық Комитеттің Ленинмен келісетін мүшелерінің бәріне де қатысы бар.)

3) Орталық Комитеттің ішіндегі қазіргі алауыздықты дәл сипаттау үшін мынаны анықтау керек: өздерінің март айында жазылған және *Глебов* жолдас мақұлдаған декларациясында *Валентин* жолдас пен *Никитич* жолдас былай деп мәлімдеген болатын: 1) азшылықтың талабы бойынша кооптация жасауға олар үзілді-кесілді қарсы; 2) олар «Не істеу керек?» деген кітапшада * баяндалған ұйымдық көзқарастарға қосылады және 3) олар, немесе ең болмағанда олардың екеуі, партияның кейбір жазушыларының оппортунистік позициясын мақұлдамайды. Ал съезд жөнінде Глебов жолдас мынаған сенеді: 1) бұл мәселе жөніндегі алауыздық Орталық Комитетке екіұшты саясат енгізеді және 2) съездің жікке бөлінуге әкеп соғуы мүмкін. Бұған жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмегендіктен, ол өзінің Орталық Комитеттен шығатыны сөзсіз екенін мәлімдеп отыр. Ал Ленин былай деп ойлайды: Орталық Комитет есеп беріп отыратын коллегия болғандықтан, съезд туралы мәселеде бейтарап болуға, өзінің барлық мүшелеріне үгіт жүргізуге ерік беруге тиіс. Ал жікке бөліну мүмкін емес, өйткені көпшілік «Искраны» бейтарап етуге дейін барып, съезде принцип жағынан келісім жасай алады.

4) Осы айтылған жанжал шешілгенге дейін, *Глебов* жолдас пен Ленин жолдас ресми түрде іс жүргізеді және барлық ретте озара келісіп алу, бірігіп қол қою арқылы ғана Орталық Комитет атынан әрекет жасайды.

Женева, 26 май, 1904 ж.

Орталық Комитеттің мүшелері *Глебов*
Зверев
Ленин

Кейбір өзгертулер енгізіліп, 1904 ж. мына кітапшада басылған: Н. Шахов. «Съезд үшін күрес». Женева

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер. *Ред.*



В. И. Лениннің «Партняга» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1904 ж.

Кішірейтілген

ПАРТИЯҒА

I. Бонапартизм туралы өсектерге жауап. Бос сөз. Бұған жауап берудің өзіне арлануға болады. Съезд шақыру жолындағы үгітке ерік беру. Орталық Органнан өзгеше, Орталық Комитет, qua talis *, пікір айтпайды.

Комитеттер шешуге тиіс, ал Орталық Комитет оларды байсалдылықпен, абайлап, pro мен contra's**-ты салмақтауға, асықпай-саспай, өзінің партиялық міндеттерін түсіне отырып, екі жақты да тыңдауға, документтермен танысуға шақырады.

II. Тиімді жұмысты істеуге шақыру. Қазіргі кездің маңызы: соғыс. Орталық Комитеттің Советтегі делегаттарының үндеуі ***. Repetitio ****. Идеялық күрес тиімді жұмысқа бөгет жасамауға тиіс. Күрестің жол беруге болмайтын формалары. Алауыздықтар мен келіспеушіліктерді әсірелеп көрсетпеу керек.

III. Қанағат тұтарлық қатынастарды біртіндеп орнатуға тырысу. (К. Каутскийдің үндеуі [131].)

Орталық Комитет modus vivendi ***** жөнінде шарттар қояды:

(1) *6* кісінің бәріне жазғандарының барлығын партия есебінен бастырып шығару правосын беру.

(2) idem ****** — съезде өкілдігі бар әдебиет тобына да осындай право беру.

---

* — өз атынан. *Ред.*
** — қолдаушы мен қарсыны. *Ред.*
*** Қараңыз: осы том, 120—123-беттер. *Ред.*
**** — Қайталау. *Ред.*
***** — әрекет түрлері. *Ред.*
****** — сол сияқты. *Ред.*

(3) мүшелер алу мен шығаруды ұзақ уақытқа тоқтата тұру.

(4) азшылықтың кейбір праволарына ұзақ уақытқа кепілдік беру.

(5) комитеттің тілегі бойынша, *барлық* партиялық басылымдардың бөлініп және жеткізіліп тұруына кепілдік беру.

(6) кемінде $^1/_2$ жылдық мерзімге уақытша бітім жасау; осының нәтижесінде — тең ортаққа 16 беттік кітапша шығару. Соңғы сөзді азшылыққа беру.

1904 ж. майда, ерте дегенде 15(28) майда жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП СОВЕТІ

31 МАЙ және 5 ИЮНЬ (13 және 18 ИЮНЬ), 1904 ж.[182]

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында толық басылған

Протокол жазбасы бойынша басылып отыр

1

КҮН ТӘРТІБІНЕ ЕСКЕРТПЕ

31 МАЙ (13 ИЮНЬ)

Ленин екі партияның бірлескен күресінің негіздері мен жағдайларын талқылау үшін РСДРП мен Поляк социалистік партиясы өкілдерінің конференциясын шақыру қажеттігі жөнінде Поляк социалистік партиясы (P. P. S.) көтерген тағы бір мәселені күн тәртібінде тұрған мәселелердің тізіміне қосуға ұсыныс жасайды.

2

ПАРТИЯ АРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР [133]

31 МАЙ (13 ИЮНЬ)

1

Совет P. P. S. ұсынысын оқығысы келе ме? (Плеханов: «Иә, сол дұрыс болар еді».) «Ортақ жауымызға — патша өкіметіне қарсы күрестің неғұрлым табысты болуын көздеп, Поляк социалистік партиясы поляк және орыс социалистік лагерьлерінің өзара тығыз жақындасуын қашанда қажетті нәрсе деп санап келді. Амал не, осы күнге дейін бұл сияқты жақындасу іске аса алмады, мұның өзі екі жақтың да практикалық жұмысына бірсыпыра қолайсыздықтар туғызды. Осы себепті біз РСДРП-ның топтасқан бір бүтін болып қалпына келуін, оның барлық істеріне жауапты орталық мекемелерінің болуын қуанышпен құттықтаймыз, өйткені бұл біздің көптен бері алға қойып келген мақсатымызды жүзеге асыру жолында алғашқы қадам жасауымызға мүмкіндік береді. Сіздер мен біздің арамызда көптен бері дұрыс қарым-қатынастардың болмауы толып жатқан келіспеушіліктер мен қолайсыздықтар туғызғаны бізге айқын, бұлар бізге керекті келісімді біржолата ретке келтіре бастағанға дейін жойылып, түзетілуге тиіс. Сондықтан біздің Орталық жұмысшы комитетіміз сіздерге жақын арада шетелде конференция шақырайық деп ұсыныс жасауды ұйғарды, оған екі партияның бірігіп күрес жүргізуінің негіздері мен шарттарын біздің үш делегатпен бірге талқылау үшін сіздің партияңыздың делегаттары қатысар еді. Бұл конференцияның нәтижелері РСДРП мен ППС-тің тиісті орындары ара-

сындағы болашақ келісімінің негізі болар еді.— Мүмкіндігіне қарай, тез арада жауап күтеміз, т. т.».

Бұл хатқа жауап ретінде Орталық Комитет P. P. S.-тің мыналар жайында толығырақ мәлімет беруін сұрады: P. P. S. қандай конференция, атап айтқанда, қандай мекемелердің өкілдерінен, қашан және қай жерде шақыруды жобалап отыр. Сонымен қатар P. P. S. конференцияға поляк социал-демократтарының қатысуына қалай қарайтындығын хабарлау сұралды [134].

P. P. S. бізге мынадай хатпен жауап берді:

«Құрметті жолдастар! Сіздердің хатыңыз бізді біраз таңқалдырды, өйткені онда айтылған сұрауларға, біздің ойымызша, біздің бірінші хатымызда жауап берілген болатын. Біздердің партияларымыздың жақындасу негіздерін анықтау үшін біздің ұсынып отырған конференциямыздың дайындық сипаты болар еді; мысалы, ол тұрақты шарттың жобасын жасай алар еді.

Сіздермен келіс сөз жүргізу үшін біздің тарапымыздан үш делегатты Орталық Комитет тағайындады, ал ол біздің партиямызда съездер аралығындағы ең жоғары орын болып табылады. Сіздер бізбен келіс сөз жүргізу үшін өз партияңыздың тиісті орнынан, немесе мұндай келіс сөздер жүргізуге правосы және тиісті уәкілдігі бар мекемеден өз өкілдеріңізді тағайындайтын боларсыздар деп ойлаймыз.

Біз съезді шетелде шақыруды ұсынамыз. Съездің қайда өтетіні — оншалықты маңызды нәрсе емес, алайда бізге неғұрлым қолайлысы Вена болар еді. Біздің Орталық Комитет, Польша мен Литваның социал-демократиялық партиясымен емес, сіздердің партияңызбен келіс сөз жүргізу үшін делегаттар тағайындады, сондықтан Польша мен Литваның социал-демократиялық партиясы делегаттарының қатысуы туралы сөз болуы да мүмкін емес».

P. P. S.-тің біздің партияға сөз салуы жөніндегі барлық документтер осы. Менің өз ойымша, егер өзінің жобалап отырған конференциясына поляк социал-демократиясынан делегаттар шақырудан бас тартатын болса, онда P. P. S.-тің ұсынысын біз қабылдай алмаймыз. Финляндиялықтардың ұсынысына келетін болсақ, онда

біз оған алдын ала конференция шақыруға принцип тұрғысынан келісеміз деп жауап бере аламыз. Сондықтан, менің ойымша, біздің қарарымызды былай деп тұжырымдауға болар еді:

«РСДРП белгілі бір жеке мәселелер жөнінде келісімге келу үшін әр түрлі революциялық және оппозициялық партиялардың өкілдерімен алдын ала конференция шақыруға принцип жағынан келіседі».

Ал Мартов жолдастың тек социал-демократиялық топтардың ғана алдын ала конференциясын шақыру жөніндегі ұсынысына келетін болсақ, онда мұндай ұсыныс дұрыс бола қояр ма екен, неге десеңіз: Бундтан, поляк социал-демократиясынан және «Пролетариат» партиясынан [135] басқа, шет аймақтарда тағы да социал-демократиялық ұйымдар бар, бұларды қатыстыру онша ыңғайлы бола қоймас, ал олар конференцияға шақырылмаса, өкпелеуі мүмкін.

2

Аксельрод және Мартов жолдастар латыштарда екі фракция [136] бар дегенді айтады. (Мартов: «Екі ағым».) Енді былай болып шығып отыр: социалист-революционерлерге, «Освобождениеге» басын тығып, терроpға қарай (Аксельрод жолдастың айтуы бойынша) бой ұрып отырған фракциямен біз конференцияда жолығысуға тиісті екенбіз, ал екінші фракция — өте әлсіз екен. Істің жайы қалай болып отырғандығын дәлірек білу қажет. Егер бұл тек екі ағым ғана болса, ол уақытта біздің онда жұмысымыз жоқ, онда біз қазіргі латыш партиясымен бірігеміз. Ал егер онда фракциялар болса, онда біз дұрыс таңдай алмай, өте қолайсыз жағдайда қалуымыз мүмкін. Бұл фракциялардың күшін де, бағытын да алдын ала анықтап алу керек. Ал Кавказға келетін болсақ, меніңше, оны конференцияға қатыстыру қажет. Бұл үшін бізбен қол ұстасып, бірге жүре алатын социал-демократиялық ұйымдар онда бар-жоғын біліп алуымыз керек.

3

Мен латыш ұйымдарының екеуін де шақыру жөніндегі ұсынысқа қосыламын. Армян федералистік ұйымына [137] келетін болсақ, онда Мартов жолдас бұл ұйымның социалист-революционерлерге жақын екенін атап көрсеткеннен кейін, оны конференцияға шақыру туралы сөз болуы да мүмкін емес. Онан соң, финляндиялықтарға дереу жауап беру керек деп қатаң талап қойып отырған Плеханов жолдастың ұсынысы неде екені маған айқын емес.

4

Принциптік сипаты бар мәселелерді бірауыздан шешуді талап ету маған артықтау сияқты болып көрінеді [138]. Егер конференцияда нендей бір кісі қорқарлық шешім қабылданатын болса, онда социал-демократтардың қайсыбірі кетіп қалмайды деп мен ойламаймын.

3

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСТЕГІ РСДРП ӨКІЛДІГІ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

31 МАЙ (13 ИЮНЬ)

1

Мен Советтен де, жеке ұйымдардан да делегаттар жіберудің қолайлы-қолайсыздығын түсіндіруді сұраймын. Бұрын өткен конгрестерде басқа елдердің тәжірибесінде болған мұндай мысалдар бар ма? Меніңше, өкілдіктің мұндай тәсілі принцип жағынан да, практикалық жағынан да (финанс жағынан, т. б. ұсақ-түйектер тұрғысынан) белгілі бір қолайсыздықтар туғызады. Советтің онда in corpore * өкілдік еткені жақсы емес пе? Мен көпшілік дауыс бізге қарсы пайдаланылады деп ойламаймын. Біздің партияны ешкім дауыссыз қалдыра алмайды ғой!

2

Плеханов жолдас конгресте біздің партияның жеке өкілдігі болуына қолымыз жетпейді деп отырса, ал конгреске көп делегат жіберу өте қымбатқа түсетін болса, оның үстіне біз бұл жөнінде бәрібір бундшылдармен теңесе алмайтын болсақ, онда ең абзалы — конгрестегі партия өкілі тек Совет қана болсын.

3

Оның үстіне, мандаттар алу үшін біз барлық ұйымдармен хабарласып үлгіре алар ма екенбіз [139]. Осы себепті, мен Советтің жеке ұйымдармен хабарласпай-ақ, қажет болған ретте, олардың әрқайсысының өкілі болуын ұсынамын...

---

* — толық құрамында. *Ред.*

4

«ГНЧАКШЫЛДАР» ГАЗЕТІНЕ [140] БАҚЫЛАУ ЖАСАУ ҚАЖЕТТІГІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ

31 МАЙ (13 ИЮНЬ)

Ленин Мартов жолдастың ұсынысына қосылады және үнемі социал-демократтық бола бермеген «гнчакшылдар» газетін шығаруға бақылау керек екенін ескертеді.

5

ОРТАЛЫҚ ОРГАН МЕН ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ӨЗ ӨКІЛДЕРІН ПАРТИЯ СОВЕТІНЕН ШАҚЫРЫП АЛУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ МАРТОВТЫҢ ҚАРАРЫНА ТҮЗЕТУ ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

5(18) ИЮНЬ

Мартов жолдас өз ұсынысын нақты жағдайларға байланыстырмай және келешекте дау-жанжалдан аулақ болу үшін ғана жасап отырғанын ескертті. Сондықтан мен де ешқандай нақты жағдайларға тоқталмаймын, егер бұл қарар болашаққа белгілі бір ереже белгілеуді ғана көздейтін болса, онда мен бұл қарарға қарсы дау айтып жатпаймын. Мүмкін, оны қысқартып, коллегияға өз өкілдерін кері шақырып алу правосын берумен тындырса, ал съезд алдында жауапты болмау туралы сөздерді өшіріп тастаса, пайдалырақ болар еді.

6

КОМИТЕТТЕРГЕ КООПТАЦИЯ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ОЛАРҒА ЖАҢА МҮШЕЛЕР ЕНГІЗУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

5(18) ИЮНЬ

1

Бұл қарардың [141] практикалық қорытындысына қарамастан, мен оның бас жағын өзгертуді ұсынған болар едім. Шын мәнінде, мағлұматтар жеткіліксіз болғандықтан, біз Москвадағы жанжал туралы белгілі бір шешім шығара алмаймыз, сондықтан қарарды да бұдан бұрынғы жанжалдармен байланысты етпеу керек еді. Мен жалпы былай деп ұсыныс жасаған болар едім: егер ұйымның бір жағы оның екінші жағына наразы болып, шағым айтатын болса, онда екінші жақтың да өз пікірін білдіруіне мүмкіндік беру үшін бұл шағым туралы сол мүдделі жаққа хабарлау керек. Мысалы: Москвадағы жанжалдың жайы Мартов жолдас айтқандай болған жоқ. Менің мәліметтерім бойынша, бесеудің үшеуі комитетті екі жаңа мүшемен толықтырғысы келіпті, мұнымен қалғандары да келісіпті, бірақ бұлар өз жағынан тағы бір адамды енгізу, яғни басымдылықты сол күйінде қалдыру және тіпті оны күшейте түсу шартын қойыпты. Көпшілік жағы бұл айла-шарғыға келісуден үзілді-кесілді бас тартқаннан кейін ғана москвалық жолдастар уставқа сүйенуді ұйғарды. Егер Орталық Комитеттің бір мүшесі уставты комитет көпшілігінің түсіндіруін жақтаған болса, оның есесіне Орталық Комитеттің екінші бір өкілі мұндай түсінік беруге қарсы шықты.

Мен мұны тек анықтама беру үшін және протоколға енгізу үшін ғана баяндап тұрмын. Сөйтіп, Мартов жолдастың қарары алдағы уақытқа, келешекке белгілі бір

ереже белгілеу туралы болып отырғандықтан, мен оның бас жағын өзгертуді ұсынамын. Ал шын мәніне келетін болсақ, мен бөлшек атаулының бәрін бүтінге санауды жақтаған болар едім.

2

Мартов келтірген факт мен үшін мүлде жаңалық болып отыр [142]. Москва комитетінің азшылығы өзінің бір кандидатын кооптация жасауды ұсынғаны, сөйтіп бұл мәселені фракциялық айырмашылықтарымен байланыстырмағаны туралы бізде әбден айқын деректер бар. Онан соң, істің шын мәнін айтатын болсақ, мен бөлшек атаулының бәрін бүтінге санауды анағұрлым дұрыс және устав рухына анағұрлым сай келеді деп есептер едім; соның өзінде бұл мәселенің ұсақтығы соншалық, тіпті мен Мартов жолдастың қарарын жақтап дауыс беруге келісемін.

3

Бұл жанжал [143] тағы да мына пікірге әкеліп тірейді: белгілі бір жақтан шағым түсетін болса, ол туралы дереу екінші жаққа да хабарлап, оның түсінік беруіне мүмкіндік жасау қажет. Тек осы жағдайда ғана біздің шыға қалған дау-жанжалдар жөнінде белгілі бір қарар алуға мүмкіндігіміз болады. Біздің мәліметтеріміз бойынша, істің жайы былай болған. Николаев комитеті көпшілік өкілдерінен құралды. Сонан соң ол толық сәтсіздікке ұшырады. Бұдан кейін Орталық Комитет, немесе, мүмкін, оның өкілі, Николаев комитетіне үш мүше тағайындайды, олардың екеуі Николаевта болмаған адамдар да, біреуі онда бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан және толып жатқан байланыстары бар адам. Мүмкін, бұл бір адам да сәтсіздік кезінде Николаевта болмаған шығар. Орталық Комитеттің кандидаттары Николаевқа келген кезде, олар азшылықтың жұмыс істегісі келетін екі мүшесін кездестіреді, сөйтіп бұларды қабылдауға келіседі. Демек, үш адам екі адамды кооптация жасайды. Істің жайы осылай болған. Мұны тексеру үшін комитет мүшелерінен анықтама алуға бола-

ды, егер олар әлі сәтсіздікке ұшырамаған болса... (Мартов: «Сәтсіздікке ұшырап та қойды...»)

Біздің мәліметтеріміз бойынша, бұл фактілер мүлде басқаша сипатталады, сондықтан көпшіліктің екі мүшесі дұрыс істеген сияқты. Орталық Комитет тағайындаған кандидаттардың тұрған орны оларды қабылдамауға сылтау бола алмайды. Егер шағым түсетін болса, екі жақты да тыңдап алу туралы қарарды тағы да ұсынамын. Сонан соң, мәселенің мәніне келетін болсақ, онда мен Мартов жолдастың қарарымен принцип тұрғысынан келіспеймін. Орталық Комитетті өз кандидаттарын комитеттерге енгізу правосынан айыруға болмайды. Әрине, биліктің қандайы болса да теріс пайдаланылуы мүмкін, бірақ бұл кеселге қарсы күресу үшін бақылау бар,— мәселен, баспасөз немесе Советтің жұмысы, т. т. Мен жаңа мүшелерді кооптация жасау кезінде фракциялық сарындар туралы мәселе болмауға тиіс деген пікірге қосыламын. Орталық Комитеттің мүшелерді күштеп енгізген бірде-бір фактісін мен осы уақытқа дейін білмеймін. Күштеп мүше енгізу туралы бұл сияқты сөздердің бәрі Орталық Комитетті өте сақ болуға мәжбүр етеді және жай әдептіліктің өзі-ақ оған өз правосын пайдаланбауға жөн сілтейді.

4

Менің бірнеше ескертпе жасағым келеді. Ең алдымен мынаны атап өткен болар едім: Николаев комитетіне Одессадан немесе тіпті Одесса комитетінен екі кандидат жіберіліпті-міс деген пайымдау қайдағы бір түсініспеушілікке негізделген. Сірә, Одессада Орталық Комитеттің агенті болған шығар, сөйтіп ол Николаев комитетін сәтсіздікке ұшырағаннан кейін қайтадан қалпына келтіру үшін шаралар қолданған болар. Қалай дегенмен де, ол жерге үш адамды тағайындаған Орталық Комитеттен басқа ешкім емес екенін біз әбден жақсы білеміз. Оның бер жағында, мұны мен бұл арада түсініспеушілік болмауы үшін айтып отырмын. Екіншіден, Орталық Комитеттің өз кандидаттарын жергілікті комитеттерге күштеп енгізген бірде-бір жағдайы маған да

белгілі емес деген Мартов жолдастың мәлімдемесінің зор маңызы бар,— мұның маңызды болатын себебі — редакция партия ішіндегі істің жайын өз агенттері арқылы толық біліп отырады. Ал Мартов жолдастың айтуы бойынша, өзін дауысқа салмай-ақ Москва комитетіне енгізуді талап еткен бикешке келетін болсақ, онда бұл мысалдың белгілі бір маңызы бола қояр ма екен, өйткені істің мән-жайы да, бұл бикештің өкілдік дәрежесі де бізге белгісіз; айтпақшы, ақырында, бұл бикеш қайткенмен де дауысқа салынғаннан кейін комитетке алынды. Үшіншіден, Мартов жолдастың: дұрыс болған жағдайларда жергілікті комитеттердің құрамына Орталық Комитеттің жасайтын ықпалын шектеу мүмкін емес деген сөзіне тоқтала кетудің де аса зор маңызы бар деп есептеймін. Егер бұл арада Орталық Комитеттерді қолдан «жасап шығара береді» деп кінә тағу жайында айтылып отырған болса, онда мұндай наразылықтар Орталық Орган жөнінде де жиі айтылып жүр ғой. Бірақ іс жүзінде мұндай фактілер болған жоқ, мұны Мартов жолдастың өзі де айтып отыр және де мәселе мұндай фактілердің болу *мүмкіндігіне* ғана тіреліп отырғандықтан, менің ойымша, Орталық Комитеттің билігіне шек қою үшін бұл соңғы дәлел жеткілікті емес, оның үстіне, мәселені осылайша қоюдың өзі-ақ іс жүзінде белгілі бір наразылықтар туғызады. Мен Мартов жолдастың Николаев комитетінің ол айтып отырған екі мүшесі — өте бағалы революционер қайраткерлер деген пікіріне қосылуға дайынмын, бірақ комитетке нақ осы адамдар алынды ғой.

Жалпы алғанда, былай деуге болады: соңғы кезде нақ осы неше түрлі наразылықтар болғандықтан, Орталық Комитет аса зор сақтықпен қимылдады және жергілікті ұйымдарға жаңа мүшелер енгізу правосын пайдалануға асықпады. Орталық Комитет туралы жалған лақаптарды болдырмау және оларды тоқтату үшін сақтық жасау тактикасының уақытша ресми түрде орнығуына мен ешбір қарсы емеспін.

Сонан соң, шағым бола қалған күнде, екінші мүдделі жаққа хабарлау туралы өзіміз көтерген мәселеге келетін болсақ, мен бұл жөнінде мынадай қарар ұсынамын:

«Партия Советі ұйымның белгілі бір бөлігі партия Советіне шағым берсе немесе мәселе қойса, мұндай жағдайдың бәрінде бұл шағымның немесе бұл мәселенің мазмұнын ұйымның екінші бөлігіне дереу толық хабарлап отыруды партия ұйымдарынан сұрайды, өйткені таласты шешу үшін партия Советінде істі екі жақтың да баяндауы қажет. Бір ұйым екінші ұйымның үстінен шағым берген реттерде де осылай істеу сұралады» [144].

7

РСДРП III СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ КЕЗІНДЕ ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ ЖАЙЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

5(18) июнь

1

Ленин Тверь және Рига комитеттері дауыстарының күші заңсыз екені жайында Глебовтың пікіріне қосылады [145] және ұйымдарды олардың прокламациялар шығарған кезінен бастап емес, ал Орталық Комитет бекіткен кезден бастап өмір сүріп отырған ұйымдар деп есептеуді ұсынады. Оның үстіне, Мартов қарарының съезд кезеңіне сілтейтін жерін алып тастау керектігін көрсетеді. Одақтардың съезде қанша даусы болатынын олардың уставтары белгілейді. Әзірге олардың уставтары бекітілмегендіктен, екінші съездегідей тәртіппен есептеу керек. Мысалы, Кавказ одағына [146] алты дауыс беру қажет.

2

Съезд туралы дауыс беру кезінде 9 комитеттің правосы жайында, шынына келгенде, Мартов жолдас пен біздің ойымыз бір жерден шығады. Меніңше, Баку комитетіне жеке дауыс берудің керегі жоқ, өйткені ол Кавказ одағына кіреді. Барлық бес одақ жөнінде анықтама алу қажет, сонда барып тиісті шешімдер қабылдау керек.

3

Менің, шынына келгенде, Мартов жолдастың ұсынысына ешбір қарсылығым болмас та еді, бірақ бұл ресми жағынан теріс болады [147]. Съезд оларды бекіткен жоқ, демек, олар жөнінде съезді жақтап немесе қарсы болып

тек бір жылдан кейін ғана дауыс бере алады деген ережені қолдану керек. Солай бола тұрса да бұл туралы айтуға тұрарлық, өйткені бұл бір жыл мерзім қазірдің өзінде өтіп барады деуге болады. Ал Кавказ одағы жөнінде өте абай болған жөн: егер бұрынғы алты дауыстың орнына оған не бары екі-ақ дауыс берсек, біз оны өлердей ренжіткен болар едік. Оның үстіне, менінше, Мартов жолдас одақтарды комитеттерге теңеуді ұсынғанда, уставтың 3-параграфының екі пунктін (*д* мен *е*) шатастырып отыр. Сонымен, Кавказ одағы туралы мәселені кейінге қалдырып, Орталық Комитет арқылы анықтама алуды ұсынамын.

4

Мен Мартов жолдастың Кавказ одағы жөніндегі пікіріне қосыламын [148]. Сонан соң, съезд шақыру үшін қажетті дауыстарды жалпы есептегенде, Советтің дауыстарын қалай есептеу керектігі туралы тағы бір заң тұрғысындағы мәселе бар. Менінше, екі түрлі түсінік дұрыс болуы мүмкін: не ұйымдардың қажетті санын белгілегенде, барлық ұйымдарға жататын дауыстардың жалпы санына Советтің бес даусып енгізбей, есеп жасау керек, сонан соң Совет дауыстарының әрқайсысын жеке-жеке есептеу керек, немесе Советті қоспай, нақты бар ұйымдар санының тең жартысын алу керек те, ұйымдардың осы жартысын сол жолғы қажетті мөлшер деп есептеу керек. Мен Совет дауыстарының әрқайсысы жеке-жеке есептелетін болса, бәрінен сол дұрысырақ болар еді деп есептеймін.

8

«РАССВЕТ» [149] ГАЗЕТІ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

5(18) ИЮНЬ

Амал не, мен «Рассветті» қорғап, онша көп нәрсе айта алмаймын. Бұл тәжірибеден осы уақытқа дейін онша ештеңе шыға қоймағанын шын мойындауға тура келеді. Бонч-Бруевич — тәжірибесі жоқ әдебиетші және ол партиядағы басқа әдебиетшілерден комек аламын деп ойлады. Ол мұндай көмек ала алмады, сондықтан мұндай жағдайларда сәтсіздіктің бүкіл жауапкершілігін жалғыз оның мойнына арту әділетсіздік болады. Органның шыға бастағанына әзірге не бары бес-ақ ай өтті. Әсіресе, оған басқа әдебиетшілер көмектесетін болса, бұл органның әлі де түзелуі мүмкін. Дегенмен, бірдеңелер істелді: Америкада да, Россияда да сектанттар арасындағы байланыстар кеңейіп келеді. Сонымен қатар, бұл газеттің ақша жағынан партияға салмағын түсірмейтінін көрсете кету керек, өйткені «Рассвет» бөлек қаржыға шығады. «Рассветті» жауып тастауға ерте деп санаймын және тәжірибені одан әрі жалғастыра беруді ұсынамын.

9

ПАРТИЯ СОВЕТІ МӘЖІЛІСТЕРІНІҢ ПРОТОКОЛДАРЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

5(18) ИЮНЬ

1

Мен Мартов жолдаспен мүлде келіспеймін. Өткен мәжілістің протоколдары жөнінде қабылданған ережені Советтің барлық мәжілістері үшін қолдану дұрыс болар еді [150]. Жасырын жұмыс жағдайлары бұлай жариялауға кедергі жасай қояр ма екен, ал партия мүшелері үшін жоғары партия мекемесінде не болып жатқанын, мұнда екі жақтың да қандай пікірде екенін білудің аса зор маңызы болар еді.

2

Глебов жолдастың өткен мәжілісте болған шешім туралы мәселе көтеріп, енді оны қайта шешуді ұсынуы мені қатты таңдандырады. Меніңше, бүйтіп қайта шешуге ресми жағынан да, моральдық жағынан да жол беруге болмайды.

3

Бұларды жариялау туралы шешім Орталық Комитетте осы кезге дейін болған жоқ, сондықтан мен Орталық Комитет мұны керек деп тапқанда мұндай шешім қабылдауға оның *правосы* бар екенін ғана қорғап отырмын [151].

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ШЕТЕЛДІК ӨКІЛДЕРІНІҢ УӘКІЛДІКТЕРІН БЕРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Brunnen, den 28 Juli 1904.

Өзімнің Женевадан жүріп кетуім себепті және Глебов жолдастың кенет жүріп кетуі себепті, мен Орталық Комитеттің шетелдік өкілдерінің екеуінің де барлық істерін түгелдей оның агенттер комиссиясы, яғни Олин, Бонч-Бруевич және Лядов жолдастар басқаратыны өзінен-өзі түсінікті деп санаймын.

Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі *Н. Ленин*

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ ШЕТЕЛДІК ЛИГАСЫНЫҢ» II СЪЕЗІНЕ МАТЕРИАЛДАР

1

ЛИГА СЪЕЗІНДЕ РСДРП II СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ЖАСАЛАТЫН БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАР-КОНСПЕКТІСІ [152]

1. Баяндаманың желісі: α) *фактілерді баяндау*
   β) нәтижелерді *бағалау*.

2. *Искралық* съезге даярлық (Ұйымдастыру комитетінің *искрашыл* мүшелерінің жұмысы. Ұйымдастыру комитеті ішінде *Бундпен* және *«Южный рабочиймен»* күрес). Ұйымдастыру комитетінің комитеттерге ықпалы, кандидаттар белгілеу, делегаттарды *күн ілгері* жөнелту.

3. *Императивті мандаттардың* күшін жою. Редакциядағы азшылық пен көпшілік: *үштік жөніндегі емес әрекеттердің еркіндігі туралы мәлімдеме. 7-ні* (Игнатты) *сайлау.*

   Съезд программасы және *үштік* (жұрттың бәрінің жаңалау идеясын жақтайтыны және оны әр түрлі түсінуі) [153].

4. Жеке сипаттағы Vorversammlungen *. Мәселелері: Бунд, көпшілікке танылған газет, **2 орталық**, партия уставы *(менің ғана)*.

   Былықпайлар à la *Левицкий:* **ППС-ті қорғау;** (көпшілікке танылған газеттің және 1 орталықтың саяси маңызы).

5. Съездің ашылуы. Менің мандатым.

   Бюроны сайлау. Мартовтың қате жоспары.

* — Алдын ала жиналыстар. *Ред.*

Съезд регламенті (мейлінше толық).
Мандаттар жөніндегі комиссиядағы бундшылдар.

6. *Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал* (басталуы) — (съездің 3-мәжілісі)
   α) Ұйымдастыру комитетінің кенеттен жасаған мәлімдемесі. Терезе алдындағы мәжіліс.
   β) Рязановты шақыру. Бұл қадамның маңызы. Quasi-искрашылдар *Наталья (Ивановна)* (бундшылдардың масаттануы)
   γ) Игнат әшкерелеп сөйлейді
   δ) Мартов бізге қосылмақшы.
   ε) Ұйымдастыру комитетіне қарсы қарар. *Рязановтың өзін жақтап ешкім сөйлемеді.*

   Қорытынды: quasi-искрашылдар.

6. bis. Юрьевпен және Мартынмен сөйлесу.
   Наталья Ивановнаның «Искра» ұйымынан шығуы.

7. Бундпен күрес (Tagesordnung'-тің * 1-параграфы) (4-мәжіліс). Федерация қабылданбай тасталды. Саптары сетінемес пе екен.

NB
Ауытқымалы **Вейсман**

Троцкийдің әдепсіздігі жөнінде NN-нің ескертпесі. NB

8. Tagesordnung'-тің 2-параграфы. Программа. Ұшықиырсыз созылуы. Бундшылдар; Мицов — борьбашыл және Konfusionsrath **, *барып тұрған батпақ* (Sumpf). *Южно-рабочешылдардың* үнемі солқылдақтыққа салынуы (Плехановтың *жалпыға бірдей сайлау правосы* және оның сөзсіз еместігі туралы сөздері жөнінде олардың айқай-шу көтеруі [154]).
   Батпақтың төбесі көрінеді = *южно-рабочешылдар* + Sumpf тығыз мағынасында.

---

* — күн тәртібі. *Ред.*
** — былықпай. *Ред.*

Рабоче-делошылдар: *Мартынов, Акимов, Брукэр.*

Программаның с о з ы л ы п к е т у і.

Sic! *
20-мәжіліс — аграрлық программа!!
!! 21-мәжіліс — программа бітті.

Барлығы 35 (жуық) — 36 мәжіліс

9. Тілдердің тең праволылығы жөніндегі жанжал. (Съездің 16-мәжілісі!)

Бізді жақтап: дәйекті бағыттағы искрашылдар (24—6=)*18*

мартовшылдар
2+1 Троцкий +1 Загорский +1 Дейч + ? +1 *Б ю л о в*[155] =*6*

+2 Антон *26*

Қарсы: Бунд	— 5	Мицов *2+1* **Базиленков**+ + *1 Константинов*	=4
«Рабочее Дело»	— 3	+ 2 Левицкий +1 Вейсман	=3
«Оңтүстік жұмысшысы»	— 4	? Кавказ —	6
	12		13
	+ 13		
	2 5		

Дейч ауытқыды ма?

Жанжалдың мәні: «Искраның» *аңысын аңдау.*

Б а т п а қ т ү г е л і н е н «И с к р а ғ а» қ а р с ы.

10. **Батпақтың** жалпы сипаттамасы: *И и с у с* Сладчайший және *б о р ь б а ш ы л* — «Южный рабочийді» жақтайтын кәдуілгі өкілдер

Плехановқа қарсы айқай-шу (жалпыға бірдей сайлау правосы).

Қараңыз: ерекше листок [156].

* — Солай! *Ред.*

11. Tagesordnung'-тің 3-параграфы.
«Искраның» пайымдауы. *Мартовтың 24-параграф бойынша сайлау туралы Акимовке түсіндірмесі.*

12. Tagesordnung'-тің 4-параграфы. Баяндамалар.

13. Tagesordnung'-тің 5-параграфы.
Партия уставы.

Устав жобасын әзірлеу тарихы (Мартовтың жобасы және менің жобам). *Тіпті Женевада-ақ* делегаттар алдында менің жобамды қорғау (және Мартов та).

{ *«Искра» ұйымында* NN жөніндегі күрес. }

14. Уставтың 1-параграфы (съездің *22* және *23*-мәжілістері). Жоресизм
   1) партияны кеңейте түсу
   2) былықпай (партия мүшелерінен партиялық емес ұйымдар)
   3) бәрі де Ленинге сілтейді
4) «бұқара партиясы бұқарадан тыс».

15. Бунд Мартовты жақтайды. «Масқаралаушы лақаптар»[157] (Брукэр мені жақтайды және тіпті Иисус Сладчайший де!! (?)).

(Кейбір былықпай: біздің ішімізде кейбіреулер Мартовты жақтайды).
{ Рубен мен Леонов маған қарсы.
Брукэр мен Иисус Сладчайший мені жақтайды etc. }

16. *Коалиция:* Бунд (5) + рабоче-делошылдар (3) + южнорабоче-делошылдар (4) + батпақ (7) + мартовшылдар (8). Σ ** = 27.
Contra *** 24.

Es tut mir in der Seele weh, daß ich dich in der Gesellschaft seh! *

* Қараңыз: осы том, 291-бет. *Ред.*
** — Барлығы. *Ред.*
*** — Қарсы. *Ред.*

NB

16 bis:	Орталық Комитетке *тізім. «Искра»... ұйымындағы 16-ның жиналысы.*	NN 9, 4 және 3 — + 0 Тізім 10(11)+1(2)—

17. Орталық Органға және Орталық Комитетке екі жақтан кооптациялау
Советтің «бесінші мүшесі» — *(съездің 27-мәжілісі).*

18. Сайлау. 3 және 6 туралы мәселені съезге енгізу. Мартовшылдардың жеңіліске ұшырауы және редакциясыз қалу.

|| Делегаттардың бәрі үштік туралы бұрын (съезге дейін) білген болатын.

19. Мартовтың *«партиядағы қоршау жағдайы»* туралы сөзі, «Орталық Комитетке ықпал жасау үшін күрес».

20. Қалыс қалу, қағаз жазып беруден бас тарту және мартовшылдардың қарсылық білдіруі.

21. *Қарарлар* |№№ 18 және 19|
(Старовер мен Плехановтың).

22. Съезд нәтижелеріне баға беру. *Партияны формальды құру аяқталды.*

Ішкі жұмыстың іс бабындағы мәселелері *sehr schwach.* Cur *.

Аңысын аңдаушылыққа қарсы күрес:
Бунд аңысын аңдап отырды
«Рабочее Дело» »
«Южный рабочий» »
батпақ »
NN. »

* — *өте нашар.* Неге. *Ред.*

Жемісті жұмыс істеу үшін «аңысын аңдаушылықты» *батыл* құрту қажет.

Мартовтың «қоршау жағдайының» орынсыздығы.

Мартов саяси кезеңді, саяси жағдайды түсінбеді = Мартовтың *қатесі*

(бұраң жол)

Ұйымдастыру комитетін талқандау және Орталық Комитетте қалпына келтіру

Не оны түзеу, не сіресіп тұрып алу

α) *іштен* дәлелдеу

β) *сырттай* бойкот

! *Кітапша жазудан бас тарту*

съездің 1-жартысы

{ Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал }

тілдердің тең праволылығы { устав орталықтар }

съездің 2-жартысы

1903 ж. 27 сентябрь мен 14 октябрь (10 және 27 октябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

ЛИГА СЪЕЗІНІҢ БІРІНШІ МӘЖІЛІСІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР [158]

Бірінші дауыс беру 14 дауыс Бончты жақтайды, 16 дауыс қарсы.

17 дауыс Троцкийдің ұсынысын жақтайды (үш адамды сайлау) [159].

Председатель болып *Кольцов* сайланды (17 дауыс).

Вице: Засулич 17 қарсы { *Аксельрод* 15, Литвинов 14 }
Дан 16

Дан мен *Аксельрод* Л. И. Вице [160].

Кольцов. Регламент белгілеу.
Мәжіліс 3—8 с.
1 с. баяндамашыға және $^1/_2$ с. қорытынды сөзге.
Шешендерге 1) 10 м. және 2) 5 м.

Мәжіліс тәртібі туралы жақтаушы 1 және қарсы 1.

1) Ашық дауыс беру
2) мүшелік мандатпен дауыс беру.
3) Сайлау жасырын өткізіледі.

Бюро 2 секретарьды *бір ауыздан* сайлайды.
Бюро протоколдарды *бір ауыздан* бекітеді.

5 адам талап еткенде атап дауыс беру.

Дауыс берушілердің жай көпшілік болуымен дауыс беру. Қайтадан дауысқа қою.
Дауыс қақ бөлінгенде ұсыныс қабылданбады.

Орталық Комитеттің хаты оқылды[161]. (Жеке біреулер «ой пәлі».) Ешкім сөйлемейді.

Мандаттарды тексеру.

Россияда 7 адам

Лиза
Доливо
Канцель
Гурвич
Гольденберг

Мещеряков
Василий Иванович

Шетелдік мандаттардың бәрі бекітілді.

Орыс мүшелер туралы талас [162]. Қабылданбады

адамдар бойынша:
орыс дауыстарын жақтап 15 адам
қарсы 17 адам

3 айды жақтап 14 адам
қарсы 17 адам [163]

Бұдан былай мандатпен дауыс беріледі.

1. Әкімшіліктің есебі.
2. Делегаттың »
3. Устав.
4. Сайлау [164].

Біздікі [165]:
13+*Эттингер*+ Ида Исааковна+*Алексеев*
Гольден+ Кореневский (Эммануилов) = 18.

Мартовшылдар:

+18	1. Аксельрод	11. Старовер	
+18	Гуревич	Ушакова	
+ 6	Дейч	Блюм	Палинковский } Рейхесберг
42 дауыс.	Засулич	Дан	
	5. Мартов	15. *Шоуэр*	
	6. Троцкий	16. *Шергов*	
	Загорский	17. Дементьев	Тар } Тар
	Лесенко	18. Кольцов	Браун } Лейтейзен
	Островский		
	10. Гурский		

Бірінші рет 1928 ж.
Лениннің VII жинағында
басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

«ХАЛЫҚШЫЛДАНУШЫ БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ САСҚАЛАҚТАҒАН ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА МАТЕРИАЛДАР

1

Л.-дің «АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ» [166] ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНЫҢ КОНСПЕКТІСІ

Л. «Освобождениенің» 9(33)-номерінде.

α. Либерализм мен социализм ‖ (бернштейншілдік) «барабар және ажырағысыз»

β. (153) «әлеуметтік-экономикалық демократизм» (passim *) және таза либерализм
{ = «антидемократиялық» немесе буржуазиялық }

ι. (154) Помещиктік шаруашылық шаруалар шаруашылығының *шылауы ретінде-міс* (!)

γ. қарама-қарсы 2 көзқарас: 1) (маркстік) өнеркәсіптегідей: шоғырлану, жерсіздену
— тәжірибеге сай келмейді
— ғылыми дәлелденбеген
— жалпы дұрыс емес }
— европалық *социалистік* ‖ (бернштейншілдік) (курсив автордікі)
әдебиетте де барған сайын көбеюде

| 2) ?? **екіншісі қайсысы?** |

ε. Шаруалар шаруашылығы *өмірге бейім*, кооперациялар etc.

* — әр жерлерінде. *Ред.*

ζ. {**пролетарландыру** *тіпті де* «даму типі» емес}

δ. Өнеркәсіпте *техниканың объективтік дамуына* белгілі дәрежеде байланысты болуы мүмкін *«өзінен-өзі болатын* прогресс» егіншілікте жоқ (sic!!! *).

η. Француз шаруалары: революциядан кейін ашаршылық ұмытылды, прогресс etc. (біздің ауыл шаруашылық жұмысшыларымыз туралы *nil* **).

1903 ж. 29 октябрь мен 5 ноябрь (11 және 18 ноябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — солай!!! *Ред.*

** — *nihil* — *ештеңе емес. Ред.*

2

«ХАЛЫҚШЫЛДАНУШЫ БУРЖУАЗИЯ ЖӘНЕ САСҚАЛАҚТАҒАН ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

1

1. **А.** Либерал халықшылдық және бернштейншілдік. Олардың қосылуы ма, үйлену тойы ма немесе тек некелесуі ғана ма?

|*2.* **В.**| «Халықтық өндіріс» шаруалар мен капитализмді қарама-қарсы қою

(халықшылдықтың түйінді мәні)

|қайсысы бұрын құлайды?|

3. **С.** Екі аграрлық программа:

4. (α) жаңа құрылыстың буржуазиялылығын *баса көрсетумен* және таптық күресті *дайындаумен* крепостниктік тәртіптің қалдықтарын *революциялық* жолмен құрту.

5. (β) жаңа құрылыстың буржуазиялылығын *бүркемелеумен* (елемеумен) және тап күресін *мұқалтумен* (бүркемелеумен) крепостниктік тәртіптің қалдықтарын *реформаторлық* жолмен құрту.

Ал социалист-революционерлер ше??

6. Тұман. Крепостниктік правоның қалдықтары бар ма?? Бар да, жоқ та. Жаңа құрылыс буржуазиялық па? Иә — жоқ. Тап күресі? Бар — жоқ.

7. Принципсіздік:

Догмалар жоқ.
Тарих үшін кепілдік бере алмайды [167].

Социализмнің пролетариатпен байланыстырылатыны неліктен?

8. *Олардың (социалист-революционерлердің) «сыны»* [168]:
буржуазиялық үстемдікке ұқыпты қарау
әлеуметтік революцияны кейінге қалдыру
капитализмнің мұнан да гөрі толығырақ үстемдігін қолдау
социализмнің басты жауына белсене көмектесу
жерге жекеше меншік жасасын
кесінді жерлер жеткілікті ме?
деревняда социалистік насихат жоқ
буржуазиялық түйсіктерге жол берілсін.

9. *Социалист-революционерлер мен либерал-халықшылдар:*
әлеуметтік революция тек құрал ғана («шартты ұғым»)
сыншылар емес, ортодокстар емес
әкелер мен балалар принципті қарама-қарсылық емес [169]
саяси бостандық — дербес игілік
крепостниктік тәуелділіктің буржуазиялық тәуелділікке айналуы = «Искра» социализмі
буржуазия бізде саяси бостандық туралы ойламайды да.

β Әлеуметтік-экономикалық демократизм *

10. *Программа* [170]:

1) қоныс аудару еркіндігі

2) қауымнан шығу 3) қауым = ерікті одақ

4) шаруалық-демократиялық аграрлық саясат

---

* Қараңыз: осы том, 486, 492-беттер. *Ред.*

|| 5) жалпыға бірдей сайлау правосы ||

6) демократиялық алым-салық реформасы

| 7) жер меншігін демократияландыру
| 8) *мемлекет жердің еңбекшілер қолына көшуіне көмектесуге тиіс*

(α) шаруалар банкі
(β) мемлекеттік және удельдік жерлер
(γ) *ұсақ еңбек шаруашылықтарын құру*

| (δ) *кесінді жерлерді иесінен «сөзсіз дерлік» еріксіз алу*
| (ε) демократиялық аренда правосы.

1903 ж. 29 октябрь мен 5 ноябрь (11 және 18 ноябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2[171]

А. Либерал халықшылдық және бернштейншілдік αβγδ.
Б. Олардың некелесуі: халықшылдық пен бернштейншілдіктің жеке сипаттамасы.
В. «Освобождениенің» аграрлық программасы. 10.
Г. Оның социал-демократиялық программамен салыстырғандағы сипаттамасы. *2 аграрлық программа* (3). *5β:* +ε+ζ+η+ι

Сасқалақт. [172]

Д. Социалист-революционерлер? Маниловшылдық. Новобранцев және оның халықшылдық ұрандары | 2 В |
Е. Социалист-революционерлердің программаның 3 мәселесіне көзқарасы. 6.

Ж. Оларда программаның жоқтығы. Принципсіздік. 7.
З. Олардың сыны. 8.
И. Әкелер мен балалар. 9.

1903 ж. 29 октябрь мен 5 ноябрь (11 және 18 ноябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

Халықшылданушы буржуазия және сасқалақтаған халықшылдық [173]

1. *Россиядағы либерал-халықшылдық бағыт.*
   Оның классикалық, революцияшыл халықшылдықтан шығуы.
   Оның сипатты белгілері.
   Оның құлдырауы.
2. *Бернштейншілдік* = up to the date * батыс европалық либерализмнің жаңа сатысы. («Өз отанында пайғамбар болмайды».)
3. *Либерал-халықшылдық пен бернштейншілдіктің жақындасуы. Л.* «Освобождениенің» 9 (33)-номерінде= Россияда либерализмнің қалыптасуы және нығаюы (идеализм, экономикалық реформизм, саяси либерализм).

Шаруа

қауым

(α) Либерализм мен социализм барабар және ажырағысыз

(аграрлық мәселе)

(γ) Марксизмнің ғылыми еместігінің *социалистік* әдебиетте де мойындалуы [174].

* — қазіргі. *Ред.*

(β) Әлеуметтік-экономикалық демократизм
=либерализм
{қолында билігі жоқ министрлердің «қайырымдылығы».}

(δ) Егіншілік пен өнеркәсіп («техниканың өзінен-өзі» және «объективтік дамуы»).

4. *«Освобождениенің» аграрлық программасы.* Редакцияның Л.—мен ниеттестігі.— Программаның толықтығы.— Оның белгілері (қауым: елестерден бас тарту; жер мәселесі — *ұсақ* шаруашылықтар құру. (Салыстыр: David.)

5. *Социал-демократиялық және либералдық программаны салыстыру*

(*екі* программа)	социал-демократтар		либералдар
(α) Крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою:	*революциялық*		және *реформаторлық*
(β) Жаңа құрылыстың буржуазиялық сипаты:	*әшкерелеу*	—	*елемеу*
(γ) Тап күресі:	schüren *	—	бүркемелеу

Л.-дің программасы: француз революциясы және «прогресс» пролетарландыру заңды құбылыс емес шаруалар шаруашылығы *өмірге бейім.*

6. *Сасқалақтаған халықшылдық.*

I. *Н о в о б р а н ц е в* — оңтайлы эквилибристерден емес.
Оның халықшылдық ұрандары
{«халықтық өндіріс»
шаруалар мен капитализмді}

* — тұтату, жалынды лаулату. *Ред.*

{ қарама-қарсы қою }
{ қайсысы бұрын күйрейді? }

Бұл ұрандардың керегі не?

II. Ал социалист-революционерлер ше? Аралығында (салыстырыңыз: 5. α, β, γ): иә — жоқ, ал мәні сол либералдардыкіндей *(кооперация+социализация)*.

7. *Социалист-революционерлерде программаның жоқтығы. Принципсіздік.*

{ Догмалар жоқ. Тарихқа кепілдік бермейді. Социализмнің пролетариатпен байланыстырылатыны неліктен? } $\sum$ = дәл либерал-халықшылдардікіндей программа (кооперация және голланд социализмі), бірақ перде астында.

8. *Социалист-революционерлердің біздің программамызды сынауы.*

Әліпті таяқ деп білмейді.

(α) { Буржуазияға ұқыпты қарау
капитализмнің мұнан да гөрі толығырақ үстемдігін жақтау
социализм жауына белсене көмектесу
жерге жекеше меншік жасасын
буржуазиялық түсініктерге жол берілсін }

(β) кесінді жерлер жеткілікті ме?

(γ) әлеуметтік революцияны кейінге қалдыру

(δ) деревняда социалистік насихат жоқ

9. *Әкелер мен балалар. Әкелер мен балалар арасында принципті қарама-қарсылық жоқ* — осы жолы ғана шындықты айтты!

α. әлеуметтік революция — тек құрал ғана, «шартты ұғым»

β. сыншылар емес және ортодокстар емес

γ. саяси бостандық = дербес игілік

δ. буржуазия бізде саяси бостандық туралы ойламайды да

ε. крепостниктік тәуелділіктің буржуазиялық тәуелділікке айналуы = «Искра» социализмі

ζ. әлеуметтік-экономикалық демократизм («Освобождениенің») және социалист-революционерлердегі параллельдер.

Буржуазиялық демократияның екі фракциясы.

1903 ж. 29 октябрь мен 5 ноябрь (11 және 18 ноябрь) аралығында жазылған.

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ МАЗМҰНЫНЫҢ НОБАЙЫ *

Г. В. ПЛЕХАНОВТЫҢ «ИСКРАНЫҢ» 52-НОМЕРІНДЕГІ «НЕНІ ІСТЕМЕУ КЕРЕК» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫ ЖӨНІНДЕ

жарық молырақ болсын: «дәйексіздікті» және «ұсақ алауыздықты» талқылау

көсемдердің «жеңіліс табуы»; көсемдерді саналы түрде таңдау керек

батпақ à la Женева; бақаның бақылдауы әлі = «жікке бөліну» емес

«әркім «өз орнында» болуға тиіс. Нәзік үнді скрипка және зәрлі контрабас; самодержавиелік дирижер таяқшасы

Орталық Органның «меймандостығы».

1903 ж. 7 және 19 ноябрь (20 ноябрь және 2 декабрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 98—102-беттер. *Ред.*

«БІР АДЫМ ІЛГЕРІ, ЕКІ АДЫМ КЕЙІН» ДЕГЕН КІТАПҚА МАТЕРИАЛДАР

1

РСДРП II СЪЕЗІ ПРОТОКОЛДАРЫ КОНСПЕКТІСІНІҢ НОБАЙЫ [175]

32 б. Махов Бундты жақтайды (1-орынға ма, жоқ па?) [176] *46 б.:* Ұйымдастыру комитетін жақтайды (Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал)

33 б. Махов: централизм туралы қиын мәселе болуы мүмкін (NB).

Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал (40—47-беттер)

Ұйымдастыру Комитетін жақтаушы — Бунд (44 б.: Абрамсон) — 5
«Южный рабочий» (42 және 43 б.: Егоров пен Попов) — 4
«Рабочее Дело» (45 б.: Мартынов) — 3   51
Махов (46 б.) — 2   −32 (47 б.) [177]
══════   ══════
14   19

«*қайғылы* жанжал» (45 б.: Плеханов) [178]

«*ауыр* айып» *(45* б.: Мартынов)

NB ‖ { **«зор қате»** Мартов, 44
«ұсақ дәлелдер» (бұл да сол)
«жұрт не айтар екен» (44—45, бұл да сол)
«комиссияның баяндамасына және Ұйымдастыру Комитетінің бұрынғы ұсынысына *қарама-қарсы келетін* ұсыныс» } *Мартов*

73—74 б. Брукэр Бундтың *«демократиялық ұйымы»* туралы [179].

87 б.: Гофман: съездің *«тұтас көпшілігі»* [180].

| Мартов, 89 б. |

91 б.: *Мен* **«ұсақ-түйек** араласуға» қарсымын *.

153 б.: *Попов* 1 орталық жағында болды [181].
Акимов Орталық Органның ықпалын әлсірету *жағында.*

155 б. *Попов:* Советте 3 және 2 мүше болуы [182]
бұл екінші дәрежелі мәселе.

156 б.: *Либер:* сіз Орталық *Комитетті приказчик роліне* қоясыз! (салыстырыңыз: 334 б. Мартов «жай ғана шылау» туралы.)

157. б.: *Мартов* **тек** қана 2 мәселе жөнінде менімен келіспейді: 1) Совет 2+2+1; 2) $^4/_5$ немесе $^2/_3$ кооптация [183].

157 б.: *Акимов Советте «Орталық Органның басымдылығын»* көреді.

158 б. *Троцкий:* «Біздің» устав — бүтіннің бөлшектерге *«ұйымдасқан түрдегі сенімсіздігі».*

160 б. *Карский:* Егер Советте 2+2+1 болса, онда *Орталық Комитет приказчик болмайды.*

161 б.: *Гольдблат:* Лениннің уставы *жан шошырлық. Орталық Комитеттің* алдында *«тұлғасыз бейне»* (NB) [184] болады (салыстырыңыз: Аксельрод 55-номерде).

162 б.: *Либер:* егер ұйымның *«демократиялық принципі»* қабылданған болса, *«Искра-*

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 293—294-беттер. *Ред.*

ның» редакциясы партиядан шықпас па еді?
169 б. Егоров Плехановтың *демократиялық талаптардың абсолюттік емес сипаты* туралы сөйлеген сөзіне қарсы (ысқырады).

Тілдердің тең праволылығы [185].

172: Мартов *фетишизмге* қарсы күреседі.
Үш рет атап дауысқа қою.
181 б. съездің көпшілігін «отырғызып кету» (Егоров).
182: «сондай атмосфера» (Попов).
206 б. *Махов* аграрлық программа туралы (күлкі) [186].

§ 1 (238—253 б.).

263 б. *Царев* 1 орталықты жақтайды.
268: *Акимов* Орталық Комитетті Орталық органның жаныштауы туралы. ||| NB
272: *Егоров* және *Попов* Орталық Комитетке *шек қоюды* жақтайды. Мартов қарсы.
278—280. 4 рет дауысқа қою (48, 50, 49 және 47 дауыс) Мартов+ Бунд [187].
280: атап дауысқа қою (жоғалды).
283: Акимов: *«Мартов үміттендіреді»...* [188]
284. *Егоров* «Рабочее Делоны» *«өлтіру»* туралы.

2

ПРОТОКОЛДАР БОЙЫНША ДЕЛЕГАТТАРҒА БЕРІЛГЕН МІНЕЗДЕМЕ [189]

Егоров: I) Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал 1) үзіліс сұрайды: 36; 2) қорытынды сөз сұрайды: 40; 3) Павловичті айыптайды 42—43.— II) *Бундқа қарсы сөйленген сөз:* 93.— III) *«Искра» органын танудың маңызы:* 138, 140.— IV) *1 орталықты жақтайды, көпшілікке танылған органды жақтайды, Орталық Комитет компетенциясының шегін белгілеуді жақтайды:* 155.— V) шешендердің тізімін жабу — *формальды* түрде бұзғандық: 159 (Бундты жақтау) [190].— VI) Плехановқа ысқырады: 169—170.— VII) *тілдердің тең праволылығын жақтау:* 172, 174, 181 («съезді отырғызып кету» [191]).— VIII) *Аграрлық программа айқын емес* 192 (теориялық жағынан сендірді: 197). *«Редакцияның шаруалар қозғалысымен елігуінен алшақ»:* 205.— IX) 1-параграфта *түсініксіз:* 238 (1-параграф туралы жалғыз ғана сөйленген сөз).— X) Партия советі *түсініксіз:* 267 және 269 (орташа) [192].— XI) *Орталық Комитеттің билігіне шек қою: 272.* 273.— XII) *«Рабочее Делоны» «өлтіру және залдан шығып кету* [193], *283—284.* — XIII) *«Южный рабочий»* туралы

дауысқа қоюды талап ету 312, 313, 314 («Южный рабочий» = «Рабочая Мысльге» деу *«ж а л ғ а н»* *салыстырыңыз 356 (Бончқа қарсы).*— XIV) принциптер жоғалған (адамдар төңірегінде): *3 3 7.*—XV) *оппозицияны қолдау. Түсініксіз, 359.* [194]

Попов: *I) Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал:* 41. 43. 45. 55 (NB-нің *өкпесі*).—II) *«Искраны»* (Орталық Органды) жақтау — 140. 145.— III) 1 орталықты жақтап *1 5 4* (екінші дәрежелі мәселе, Советте редакциядан 3 немесе 2). Ешқандай маңызы жоқ (NB), Орталық Орган немесе Орталық Комитет (NB) *1 5 8* [195] — IV) тілдердің тең праволылығын жақтап *t e r**: 174. («Осындай атмосфера». *1 8 2).* — V) 1-параграф — Мартовты жақтап: 241 («Қай ұйымға жататындығын түсінудегі үлкен айырмашылық». NB).— VI) Орталық Комитеттің билігіне шек қоюды жақтап.— *272.*— VII) «Южный рабочийды» жақтап — 312. 314. 316 («енді бәрі айқын»[196]).— VIII) 6-лықты жақтап: «сыпайыгершілік тапсырмалар» [197]: *322.*— IX) Орталық Комитетке сайлаудан бас тарту *338.*

Махов: I) Бунд туралы мәселені 1-орынға қоюға қарсы: *3 2—3 3* («қиын мәселе»: демократизм немесе централизм NB).—II) жанжалда Ұйымдастыру комитетін жақтап: *4 6.*— III) тілдердің тең праволылығын жақтап t e r: *1 7 2 — 1 7 3.*—IV) аграрлық программа *«социал-демократиялық емес» 201,* демагогия, *202;* шаруаларды тап-тапқа — 202, id.** *2 1 6. Бүкіл* аграрлық программаға қарсы: 211. +Либер. 212 (NB 211 және басқалары: асқан былықпай [198]).— V) бүлікке ұқсайтын революция, 206 (күлкі).— VI) революциялық қозғалысты қолдауға қарсы (күлкі) — 226. Contra***: 229 (буржуазия да революцияшыл)!!— VII) 1-па-

* — *ү ш р е т. Ред.*
** idem — бұл да сондай. *Ред.*
*** — Қарсы. *Ред.*

раграф bis* Мартовпен.— VIII) Бунд туралы дауыс беруден қалыс қалады. 2-параграфты *жақтап* дауыс берер еді: *289—290* б. (Былықпай!!)[199].—IX) «Свободаны» жақтап[200]: *3 0 7.*— X) «ерсі» — редакцияны жақтап 323, i d. *3 2 8.*[201]

Львов: I) Бундқа қарсы: *3 3, 7 8* жəне *8 9* (жақсы сөйленген сөздер).— II) тілдердің тең праволылығын жақтап ter. *172.*— III) 1-параграф бойынша Мартовты жақтап bis — 254.— IV) «Свободаны» жақтап — *307* жəне *319.*

Царев: I) 1 орталықты жақтап: 263.— II) тілдердің тең праволылығын жақтап (2 қалыс қалды жəне 1 рет Мартыновты жақтап) — 172.— III) 1-параграф бойынша *м е н і* жақтап bis.— IV) редакцияны жақтап *324* (пасықтық NB).— V) 1 редакторды сайлау: 335.[202]

Белов: I) тілдердің тең праволылығы (1 рет бізді жақтап жəне 2 рет бізге қарсы).— II) 1-параграф Мартовты жақтап bis.— III) *«Южный рабочийді»* жақтап *3 0 8.*— IV) 6-лықты жақтап: *335.*

П а в л о в и ч:

1) «Борьбаға» қарсы. *39*
2) Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал. *41. 4 3. 45*
3) тілдердің тең праволылығы — бізді *жақтап*
4) 1-параграф — 247 — мені жақтап (жақсы сөз 247) салыстырыңыз: 255 — кекесін
5) Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуын жақтап — *264*
6) үштікті жақтап — *328.*

Сорокин:

1) «Борьбаға» қарсы — 39
2) тілдердің тең праволылығы бізді жақтап (ter)

---

* — екі рет. *Ред.*

3) 1-параграф мені жақтап (bis)
4) 6-лыққа қарсы — NB — 328
5) idem «Лениннің қастық ниеті туралы» [203] —339
6) — Дейчтің сөздері туралы *351 б.*

Лядов:

1) Бундқа қарсы (қысқа) — 70, 120
2) «Искраны» жақтап — 140
3) тілдердің тең праволылығы + + +
4) «кедей балаларды»[204] шығарып тастау—180
5) аграрлық программаға *ойланып жасалған* түзетулер — 188 (және *passim* *)
6) 1-параграф + +
7) «Южный рабочийге» қарсы (жақсы) — 316
8) 6-лыққа » — 326

Горин:

1) Мартыновқа жауап — 119 (салыстырыңыз: 121 мен 166) [205]
2) «Искраны» жақтап — 137 және 141
3) аграрлық программа, түзетулер — 191, 196, 212
4) тілдердің тең праволылығы + + +
5) 1-параграф + +
6) «Южный рабочийге» қарсы — 317
7) 6-лыққа » — 325

Глебов:

1) Орталық Комитеттің ықпалы... қызметіне[206] 158
2) «Южный рабочийді» таратуды жақтап—316
3) 6-лыққа қарсы — 328.

Ленский:

1) Воронеж комитетіне қарсы 50

* — *әр жерде. Ред.*

2) тілдердің тең праволылығы бізге *қарсы* 172, 173 (3-тен 2)
3) 1-параграф — маған *қарсы* bis.

Степанов:

1) 77 — Бундқа қарсы — 77
2) тілдердің тең праволылығы: қалыс қалды + bis бізді жақтап
3) 1-параграф — мені жақтап bis.

Горский:

1) тілдердің тең праволылығы—, 0,+ (+бізді жақтап)
2) 1-параграф + және + bis (мені жақтап).

Дедов Браун Герц	1) тілдердің тең праволылығы + + + 2) 1-параграф + +

Карский:

1) *Ұйымдастыру комитетіне қарсы* ескертпе (ұсақ) — 55
2) Бундқа қарсы 65, 81, 89

NB

3) Мартыновқа жауап **және партия туралы** — 126[207]
4) тілдердің тең праволылығы — — —
5) аграрлық программаны жақтап 207, 213, 222
6) 1-параграф сөйленген сөз 239(—). — —

Русов:

1) бундизмге қарсы 65 және 71, 104
2) тілдердің тең праволылығы — — —
3) аграрлық программа *ойланып жасалған түзету* — 225
4) 1-параграф — сөйленген сөз 247 — —
5) Совет. Мені жақтап — 265
6) жаңа бундизм туралы 296, *302*[208]

7) *«Южный рабочийге»* қарсы 314
8) 6-лыққа қарсы 325.

Беков:

1) Бундқа қарсы — 81
2) тілдердің тең праволылығы — — —
3) 1-параграф + +

Ланге:

1) «Борьбаға» қарсы: 38
2) Бундқа » 69
3) аграрлық [программа]. Кесінді жерлер айқын емес.
Барлық жерді неге экспроприацияламауға?||NB
Аграрлық программаға сүйсінбеген — 205.
Редакциялауға өзгеріс кіргізуді ұсынады: **225**
4) тілдердің тең праволылығы ter бізді жақтап
5) 1-параграф мені жақтап bis
6) Совет туралы маған қарсы (265) — ||NB
7) «Южный рабочийге» қарсы — 315 — жақсы — NB
8) 6-лыққа » — 327.— NB

Гусев:

1) тілдердің тең праволылығы ter бізді жақтап
2) аграрлық программа туралы *сөйленген сөз өте орынды* — **203**
3) 1-параграф мені *жақтап*
4) Орталық Комитетті Орталық Органның ықпалынан сақтап қалуға болмайды.— *265*
5) «Южный рабочийге» қарсы — *312* және 314 (NB)
6) 6-лыққа қарсы *сөйленген сөз* — **326.**

Муравьев:

1) Бундқа қарсы — ***76*** б.
2) «Искраны» жақтап — 139 және 141

3) тілдердің тең праволылығы — ter бізді жақтап
4) аграрлық программаны *жақтап* (ұсақ-түйек) — *216* және 217
5) 1-параграфты жақтап *(248)* және bis
6) «Южный рабочийге» қарсы — *3 1 3* және *3 1 5*
7) 6-лыққа » — *321* (мағынасы: 353 NB).

3

РСДРП II СЪЕЗІНДЕГІ «ИСКРА» ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРАМЫ [209]

1. *Плеханов*
Дейч
Мартов
Ленин
5. *Сорокин*
Павлович
Осипов
8. Фомин
9. *Дедов*
10. Троцкий
Аксельрод
Засулич
Старовер
Глебов
15. *Саблина*
16. *Герц*

16-ның жиналысы («Искра» ұйымы)

9 { 3+6 орыс
7 { 6+1 —»—

4

БАТПАҚ

?

(Чернышевті сүйреп әкел...) [210]

«Южный рабочий»	
1. Юрьев...	1) Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал 2) Бунд туралы ауытқушылық. Сары уайымшылдық. 3) Плехановқа қарсы айқай-шу (жалпыға бірдей сайлау правосы) 4) тілдердің тең праволылығы жөніндегі жанжал
2. Idem	
2. *Мартын* 5-параграф-тан басқасын	5) «Рабочее Делоның» «өлтірілуі» 6) Уставта централизмге шек қойылуы (ұйымдардың таратылуы etc.).
3. Анна Ивановна 4. Михаил Иванович	} idem

Липовпен қақтығыс жөнінде Мартовқа қарсы шатақ [211].

Мицов: (2 дауыс)	1) Бунд туралы мәселедегі ауытқушылық 2) программадағы былықпай және борьбизм [212].

	3) Плехановқа қарсы айқай-шу (жалпыға бірдей сайлау правосы) 4) тілдердің тең праволылығы.
Левицкий: (2 дауыс)	1) Vorversammlung-те * P. P. S.-ты жақтап 2) тілдердің тең праволылығы 3) *«Южный Рабочийді»* жақтап (көпшілікке танылған орган).
Вейсман (1 дауыс)	1) Бунд туралы ауытқушылық 2) тілдердің тең праволылығы 3) *«Южный Рабочийді»* жақтап көпшілікке танылған орган.
Базиленков: (1 дауыс)	1) тілдердің тең праволылығы 2) Бунд кеткен кезде қалыс қалу (??) 3) ұйымдық мәселедегі былықпай **«Южный Рабочийді» жақтап)**.
Константинов[213]: (1 дауыс) *мартовшыл*	1) тілдердің тең праволылығы 2) *«Южный Рабочийді»* жақтап (көпшілікке танылған орган)?

---

* — алдын ала жиналыста. *Ред.*

5

РСДРП II СЪЕЗІНДЕ ДАУЫС БЕРУДІҢ ТОПҚА БӨЛІНУІ ЖӘНЕ ТИПТЕРІ [214]

Дауыстар:

24
20
44
7
51

Бунд	— 5	8	Мартовшылдар:	9.	
«Рабочее Дело»	— 3		«Біздікі» :	24.	
«Южный рабочий»	— 4	10		33.	
батпақ	—6			+18.	
	18	18		51.	



дәйекті искрашылдар
дәйексіз искрашылдар
батпақ
«Южный рабочий»
Бунд+ «Рабочее Дело»
(24) α) табандылар
(9) β) солқылдақтар
(6) γ) батпақ
(4) δ) «Юрий»
(8) ε) Бунд+«Рабочее Дело»
Ұйымдастыру комитеті
32 және 16
(idem 319 б. «Южный рабочийдің» жабылуы)
тілдердің тең праволылығы
18
7
6
2
6
4
8
25 және 26
1-параграф
1
7
23 және 28
idem [215]
278—280-б.
27 және 21
26 және 24
24 және 23
27 және 22
сайлау
24 және 20

ДАУЫСҚА ҚОЮ ТИПТЕРІ

А) 1. Программа.
2. Бундтың кетуі.
3. Бунд туралы принципті [қарар].
4—6. «Искраны» мойындау.

Б) 1. Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал.
2. *«Южный рабочийдің»* жабылуы.
3. Аграрлық программа.
4. Аграрлық программа.
5. Одақтың жабылуы.
6. Бундтың орны туралы мәселенің 1-орынға қойылуы (30 жақтап, 10 қарсы).

((33-бет, яғни регламент қабылданғаннан *кейін,* 28 б.))

В) Тілдердің тең праволылығы
3 рет атап дауысқа қою (барлығы 16).

Г) 1-параграф (2 рет атап дауысқа қою)
{ Сол типте
орталықтарға кооптациялау
туралы 4.

Д) Сайлау

А) 6 рет дауысқа қою
Б) 6
В) 16
Г) 6
Д) 3
Σ* 37

* — барлығы. *Ред.*

6

КІТАПШАНЫҢ СОҢЫ[216]

13. Орталық орындарға сайлау. Съездің аяқталуы.
14. Съезде дауысқа қоюдың жалпы бейнесі.
15. Съезден кейін. Кім кімді «қоршауға алуда»?
16. Лига. Жікке бөліну қарсаңында.
17. Оппозициямен келісім.
18. Жаңа «Искра». Ұйымдық алауыздықтар.
19. Жаңа «Искра». Оппортунизмге жарамсақтану.
20. Екі төңкеріс.

7

КӨПШІЛІК ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ 18 АВГУСТАҒЫ ЖЕКЕ ЖИНАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА[217]

18 августағы жеке жиналыс, менің есебім бойынша, сейсенбі күні кешке съездің *28*-мәжілісінен кейін болды.

Сенбі	15 август —	22 және 23-мәжілістер (§ 1)
жексенбі	16 август —	24-мәжіліс
дүйсенбі	17 август	съездің 25 және 26-мәжілістері
сейсенбі	18 »	27 және 28
сәрсенбі	19 »	29 және 30
бейсенбі	20 »	31 және 32
жұма	21 »	33 және 34
сенбі	22 »	35 және 36

1904 ж. январьдың екінші жартысында — февральда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

««ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНАН КЕТУІМНІҢ МӘН-ЖАЙЫ ТУРАЛЫ» ХАТТЫҢ ҮЗІНДІ-НҰСҚАСЫ *

Егер Плеханов жолдас өзінің жеке әңгімелерімен жұртты таныстыру сияқты қызықты да өнегелі іске кіріскен болса, ол мұнысын жалғастыра берер деп сенеміз. Ол бәлкім, өзінің мына екі әңгімесін барынша байыптылықпен және егжей-тегжейлі айтатын болар. Біріншісінде ол grève générale des généraux ** туралы, бейшара адамдар туралы айтқанда, «er ist ein Mann, und sie sind alte Weiber» *** деген сөздерді мән бере цитатқа алғанда, ол сөзсіз, міне көрерсіздер, сөзсіз «Кішкене рюмка судағы термидор» деген атпен кітапша жазам, деп сендірген болатын. Екіншісінде, көпшілік уәкілдік бергендердің сол көпшілік алдындағы адамгершілік жауапкершілігін дәлелдеген және партия мекемелері құрам жағынан өзгермейді деп санайтын адамдарды құйрығымен тұтаса біткен егеуқұйрықтармен салыстырған болатын. Бұл екі әңгіменің екеуі де ол цитатқа келтіргеннен екі күн бұрын, Ландольт ресторанында *ондаған* тыңдаушылардың алдында айтылғанын Плеханов жолдастың есіне салайық [218].

1904 ж. 7 (20)
февральдан ертерек жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің
X жинағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 187—193-беттер. *Ред.*
** — генералдардың ең басты стачкасы. *Ред.*
*** — «ол — еркек, ал олар — кәрі қатындар». *Ред.*

ПАРИЖ КОММУНАСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАНЫҢ ҮШ КОНСПЕКТІСІ[219]

1

Париж коммунасын еске түсіру

19-ғасырдағы асқан ұлы жұмысшы көтерілісін салтанатпен атап өту. Тарихи очерк.

1. *III Наполеон тұсындағы Франция.*

Империализм. (S. 45) — VI. 48 үшін кек алу. III Наполеон.
— Бандиттер шайкасының Францияны экспроприациялауы.

α. Бонапартизм { жұмысшылардың әлі қолынан келмейді
буржуазия енді басқара алмайтын еді [220] }

β. Өнеркәсіптің шапшаң дамуы. Плутократия жын-ойнақтары. Жалдаптықтың өріс алуы. Сатқындық.

γ. — *Жұмысшы қозғалысы* —
I. A. A.[221] 1862 Лондон көрмесі [222]
— 1864 құрылуы

{ прудонизм
бланкизм } S. 10

2. *Династиялық соғыс.* Авантюристер шайкасын құтқарып қалу — *шовинизм.*

Рейннің сол жағалауы. A Berlin * (әсіресе 1866 жылдан кейін) [223]

---

* — Берлинге. *Ред.*

19. VII. 70 соғыс жарияланды.
Неміс мәлімдемелері (I Вильгельмнің): Verteidigungskrieg *. (S. 20 таққа отырғанда сөйленген сөздегі: соғыс француз халқымен *емес,* III Наполеонмен; бұл да 11. VIII. 70 шекарадан өткенде французтарға арналған манифесте).

3. *Жұмысшылардың қарсылықтары.*

Интернационалдың Бас Советінің 1-адресі:

— Француз манифесі 12. VII. 70 (S. 16) (және провинциядағы қарарлар 22. VII. 70)
(S. 16—17) Интернационалдың париждік мүшелерінің манифесі — 12. VII
— неміс қарсылығы (*Хемництегі* жиналыс) (S. 18)
(Брауншвейгтегі жиналыс 16. VII. 70 (S. 18) — Интернационалдың Берлин секциясы.
— Интернационалдың *Бас Советінің* адресі 1) *23. VII. 70* соғысқа қарсы.

4. *Соғыстың тынымы.*

Седан 2. IX. 70. III Наполеонның тұтқынға түсуі. Débâcle [224].

Сатқындық тәртіптің құлауы.

Парижде жұмысшылардың 4. IX. 70. республиканы жариялауы.

Өкімет *алаяқтардың,* Луи Филипптің полицей-министрі — *Тьердің,* генерал *Трошюдің* қолдарында. *Жюль Фавр, Жюль Ферри, Эрнест Пикар.* (өкімет — заң шығару корпусындағы Париждеп болған делегаттарға берілсін)

...«*Ұлттық қорғаныс үкіметі*»...

> Ұлттық қорғаныс = жұмысшыларды қаруландыру = революция. Халыққа опасыздық ету үкіметі.
> Қорғаныс... *Париж жұмысшыларынан.*

* — қорғаныс соғысы. *Ред.*

5. *Интернационал Советтері.*

Бас Советтің 2-адресі (9. IX. 70) (S. 25).

Қорғаныс соғысын шабуылды соғысқа айналдыру.

Неміс социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық комитеті Эльзас-Лотарингияны қосып алуға қарсылық жасады [225]. (Бракkенің және басқалардың тұтқындалуы.)

«Ашынған есуастық» жасауға өзіңді арандатуға жол бермеу.

1792 ж. ұлттық естеліктер арқылы адасушылыққа ұрынбау.

«Сабырлы және батыл түрде *өз табын ұйымдастыру»*, с. бостандықты пайдалану [226].

6. *Париждің қоршауда қалуы. Трошю* (еш уақытта!) мен *Жюль Фавр* (бір сүйем де жері!) комедиясы [227].

Париждің тізе бүгуі. 28. I. 71.

Қорғаныс комедиясы: Гио Сюзанға оның қамқорлығындағылардың бірі жайында былай деп жазды: зеңбіректерден оқ жаудырғансып жатқан Mont Valerien-ге барсыншы [228].

7. *Бордодағы Ұлттық жиналыс.*

— Юнкерлер палатасы. *Реакционерлер.*

— Парижбен бітім жасау комедиясы. *Парижді қарусыздандыруға тырысушылық* («революцияны қарусыздандыру» 4. IX. 70) Парижге қарсы неміс армиясымен одақтасу.

Тізе бүгудің шарттары бойынша (28. I. 71) (S. 34), Ұлттық жиналыс *8 күн ішінде* шақырылуға тиіс (!).

Тьердің *реакцияшыл жиналыс* үшін үгіттеуі, легитимистер etc. (750 мүшеге 450 монархист).

Парижге қарсы заговор: *Тьердің шаралары* (S. 35).

Ұлттық гвардияның зеңбіректері мемлекеттікі-міс! Өтірік! S. 36—37.

1) Ұлттық жиналыстың республикаға қарсы демонстрациясы

2) Тьер сөздерінің екі ұштылығы

3) Парижге қауіп төндіру (décapiter décapitaliser *)

4) республикалық газеттерге тыйым салу

5) Бланкидің өлім жазасына кесілуі

6) *Винуаның* — Париж губернаторы, *Валантеннің* полиция префекті, *Д'Орель де Паладинніц* ұлттық гвардияның бастығы болып тағайындалуы.

8. *Зеңбіректерді тартып алуға әрекет жасау. 18. III. 71.*

(ұлттық гвардиядан). {Винуа. Сәтсіздік} Коммуна.

Манифест **18. III:** S. 43. 18. III. 71. Ұлттық гвардияның *Орталық комитеті*

18. III. Үкіметтің Версальға қашуы.

26. III. 71. Коммуна.

(клерикалдар, бонапартистер, жандармдар.)

Леконт пен Клеман Томның, бонапартшыл офицерлердің атылуы, Коммунаның емес, ашынған солдаттардың ісі.

Апрельдің басынан Париждің Версальмен соғысы.

Бисмарктан әскерлерді (тұтқындарды) жалбарынып сұрау (S. 57—58).

* — басшысыз қалдырып, астана атағынан айыру. *Ред.*

9. *Коммунаның істері.*

Оның *минустары:*

— *санасыздық* (прудонистер, бланкистер)

— **ұйымдаспағандық** (банкті алмады, Версальға аттанбады)

— *ұлтшылдық және революциялық сөздермен әуестену*

10. *Оның плюстері:*

A) *Саяси реформалар*

α. шіркеуді мемлекеттен бөлу (2. IV. 71). Шіркеу мүліктерін экспроприациялау. Шіркеуге мемлекеттік төлемдердің бәрін жою. Халыққа тегін білім беру (S. 46).

β. тұрақты армияны жою (30. III. 71) (S. 46.)

Жұмысшы табының үкіметі γ. бюрократизмді жою. *Жұмысшылар үкіметі* (S. 49). Regierungsfähig *.
(1) барлық чиновниктердің сайланып қойылатыны және ауыстырылатыны (S. 46). 1. IV. 71

(2) Жалақының жоғары болмауы — ең көбі 6000 frs. (S. 46)

чиновниктердің бұрынғы санының $^{1}/_{4}$ бөлігімен-ақ амалдады: Лиссагаре, S.

δ. Шетелдіктердің толық праволылығы (30. III. 71)
бір неміс — Коммунаның министрі [229] (S. 53)
Поляктардың қатысуы (Домбровский, Врублевский).

Коммуна туы — бүкіл дүние жүзілік республиканың туы

ε. Қауымдардың өзін өзі басқаруы.

* — Басқаруға қабілетті. *Ред.*

11. Б) *Экономикалық реформалар.*

Арамтамақтар мен сауыққұмарлардың Парижін жұмысшы Парижі етіп өзгерту (S. 55—56).

— Бөлкешілердің түнгі жұмысына тыйым салу (20. IV.) (S. 53).
— Штрафтарға тыйым салу (S. 53).
— III Наполеон *күйзеліске ұшыратқан* (дамыту керек) толып жатқан париждік ұсақ буржуаларды Коммуна өзіне тартты (борыштарды кейінге қалдыру) (S. 51). *Коммуна* **шаруаларға** *сөз* салады (S. 51).
— Иесіз қалған фабрикаларды жұмысшы серіктіктеріне беру 16. IV, (S. 54): фабрикаларға статистикалық *санақ* жүргізу.

12. *Ақырғы күрес.*

— Федераттардың ерлігі (Ұлттық жиналысқа қарсы мэрлердің сайлауы 30. IV. Тьер Бисмаркқа көнеді: 10. V Франкфуртта бітім шартына қол қойылды. 21. V. Ұлттық жиналыс бекітті).

— Қанды апта 21 — 28. V. 71. (S. 62).
Мылтық жеткіліксіз митральеза.

— Баланс 35 000_____ 20 000 өлді.
15 000 жер аударылды etc.

[*Соттар* бірнеше жыл жұмыс істеді.]

Жалалар хоры (S. 64—66).

13. *Қорытындылар мен сабақтар.* Буржуазияның кек алуы. *Тіпті «ұлттық соғыстың» өзі саяси алаяқтыққа айналды* (S. 67)
Отанға опасыздық жасалды (немістермен одақтасу: S. 66).

Буржуазиялық демократияның тұрақсыздығы.
Пролетариат диктатурасы.
Бисмарк 1871. Confer * *1904.*

1904 ж. 9(22) марттан ертерек жазылған

Бірінші рет 1934 ж. Лениннің XXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Теңдестір, салыстыр. *Ред.*

2

1. III Наполеон тұсындағы Франция		Бонапартистер үкіметі. Өнеркәсіптік өрлеу. Жұмысшы қозғалысы — {Прудонизм мен бланкизм} I. A. A.
2. Династиялық соғыс. (19. VII. 70)	NB	Шовинизм A Berlin. Рейннің сол жағалауы.— (Неміс мәлімдемелері: *Verteidigungskrieg)*
3. Жұмысшылардың қарсылықтары (жұмысшы табының көзқарасы)	NB	— француз манифесі. (Қарарлар) — неміс қарсылығы — Интернационалдың Бас Советінің *адресі* — *жұмысшыларды сақтандыру:* ұйымдасыңдар, *арандатушылыққа берілмеңдер.*
4. Соғыстың барысы мен тынымы.		— Сатқындық тәртіптің құлауы. Парижді қоршауда қалуы.

— *Республиканы жариялау 4. IX. 70.* Француз жұмысшылары — олардың ісі — буржуаларды пайдаланды.
«Ұлттық қорғау (қорғаныс)» үкіметі. (Оның ішіндегі алаяқтар.)

5. Парижді қорғау. Жюль Фаврдың (Трошю) *комедиясы.*— оның тізе бүгуі.

6. Пролетариатты қарусыздандыру әрекеті. 18. III. 71. *Коммуна.*

7. *Версаль үкіметі.* Юнкерлердің, помещиктердің палатасы (Ruraux, Krautjunker).
— Парижбен «бітім» жасау комедиясы
— Бисмаркпен саудаласу
— пролетариатқа қарсы неміс армиясымен одақтасу.

8. *Коммуна...* Оның минустары
— санасыздық (прудонизм мен бланкизм)
— ұйымдаспағандық {банкті алмады Версальға аттанбады}
— ұлтшылдық элементтердің орайласып кетуі

9.+А) *Саяси бостандық*
— *шіркеуді мемлекеттен бөлу*
— тұрақты армияны жою
— бюрократизмді жою
— шетелдіктердің толық праволылығы. Поляктардың қатысуы
— қауымдардың өзін өзі басқаруы *(Коммуна).*

10. Б) *Экономикалық реформалар*
— бөлкешілердің түнгі жұмысына тыйым салу
— штрафтарға тыйым салу
— борыштарды кейінге қалдыру
— бос фабрикаларды жұмысшыларға беру
— әйелмен *қандай да болса* бірге тұрудың (асыраудың etc.) міндеттілігі
— жесір әйел *атаулыға* қаржы (пенсия?) беру.

11. *Ақырғы күрес:*
Федераттардың ерлігі.
Қанды апта.
Баланс: *35 000.*
Террор.

12. *Қорытындылар мен сабақтар:*
Буржуазияның кек алуы.
Ұрысқа шақыру.
Бисмарк 1871 және 1904.

1904 ж. 9 (22) марттан ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. 18 мартта «Правда» газетінің 63-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

I. 1. III Наполеон және оның бандасы.
2. Францияның масқара болуы.
3. *Буржуазияның* кінәсы III Наполеонда.

II. 1. Германиямен династиялық соғыс.
2. Француз жұмысшыларының қарсылығы (Париж жұмысшыларының қарсылығы 12. VII және Интернационалдың манифесі 23. VII).
3. I Вильгельмнің салтанатты уәдесі (11. VIII). Оның алдауы.
4. Неміс жұмысшыларының қарсылығы (5/IX. 70) және оларды тұтқындау.

III. 1. Республика 4. IX. 70. Париж жұмысшыларының жеңіп алған республикасы.
2. Өкімет билігін *ұры-қарылардың* басып алуы (Фавр, Трошю, Тьер — ticket of leave men [230]).
3. «Халықтық қорғаныс үкіметі» = халыққа опасыздық істеу үкіметі. Француз *жұмысшыларымен* күрес.

IV. Маркстің сақтандыруы (Интернационалдың манифесі 9. IX. 70).
Дюпонның хаттары [231].

V. 1. Құл иеленушілер мен монархистердің Парижді қарусыздандыру жөніндегі заговоры.
2. Бордо және Ұлттық жиналысты *Версальға* көшіру.

3. Винуаны, Валантенді және де Паладинді Парижге жіберу.
4. «Деревенщина» жиналысында сөйленген монархистік сөздер.

VI. Тьердің азамат соғысын бастауы: зеңбіректерді тартып алу 18. III. 71 (Леконт пен Клеман Томның өлтірілуі).

VII. 18. III. 71. *Коммуна.*
1. Республика + өзін өзі басқару.
2. *Коммунаның шаралары.*
3. {{ Оның 2 қатесі }} (Версальға аттанбады / Банкті алмады)

VIII. Коммунамен соғыс: Бисмарктен жалбарынып солдаттар сұрау, масқаралық бітім. Қанды апта 21—28. V. 71.

Өлгендер — 35 000 | 20 000 буржуазиялық газеттердің *есебі бойынша*

Соттардың соттағандары — 13 450 (оның ішінде 157 әйел) [232] (! 18. III-тан кейін де $5^1/_2$ *жыл* бойы сот жүріп жатты!).

1904 ж. 8 (22) марттан ертерек жазылған

Бірінші рет 1934 ж. Лениннің XXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(1903 жылғы сентябрьдің екінші жартысы — 1904 жылғы июль)

1903 ж.

КИЕВКЕ ТУЫСТАРЫНА ЖАЗҒАН ХАТТАР

М. И. Ульянова 1903 жылғы 25 декабрьде (1904 жылғы 7 январьда) В. И. Ленинге жолдаған хатында былай деп жазды: «Хатыңды алдық, бірақ сен онда айтып отырған және, бәлкім, менің хаттарыма жауап ретінде жазған хатың, сірә, жоғалып кетсе керек. Сол хатыңда Водовозовадан алған ақшаң туралы не жазғаныңды жазып жіберші» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архиві). Сірә, Ленин 1903 жылғы 26 декабрьде (1904 жылғы 8 январьда) (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 298-бет) М. А. Ульяноваға жазған хатында осы хаттардың бірі жайында айтса керек.

1903—1904 жж.

БЕРЛИНГЕ М. Н. ЛЯДОВҚА ЖАЗҒАН ХАТТАР

1903 жылғы сентябрь — 1904 жылғы февраль

М. Н. Лядов өзінің В. И. Ленин туралы естеліктерінде былай деп жазды: «Владимир Ильич пен Надежда Константиновна жиі-жиі хат жазып, меньшевиктердің әрбір қадамы туралы, Россиядан алынған әрбір жаңалық туралы маған хабарлап тұрды. Амал не, мен мұқият сақтап жүрген осы хаттардың бәрі бірнеше жылдан кейін Берлинде тінту кезінде тартып алынды; бір кезде оларды Берлин полициясының архивтерінен тауып алудың сәті түсе ме, жоқ па — мұны айта алмаймын. Ильич хаттарында тамаша саяси хабар ғана беріп қойған жоқ, сонымен бірге жасырын әдебиетті тасымалдау жөнінде бірқатар практикалық нұсқау берген еді... Ильич егжей-тегжейлі жауап талап етіп, аса құнды ақыл-кеңес айтатын. Ол сондай-ақ бір-бірімізбен сол кезде табысқан Карл Либкнехт екеуіміз Берлинде қолға алған жұмыс жөнінде де көптеген құнды нұсқаулар берді. Атап айтқанда: мен Ильичтің нұсқауы бойынша герман жұмысшыларын біздегі жұмысшы қозғалысымен кең түрде таныстыру

қажеттігіне ол кезде әлі жас Карл Либкнехттің көзін жеткіздім» (Ленин туралы. Естеліктер. II кітап, М., [1925], 84—85-беттер).

1904 ж.

РОССИЯҒА РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ Ф. В. ЛЕНГНИКПЕН БІРЛЕСІП ЖАЗҒАН ХАТ

Хатта Орталық Комитет мүшелеріне РСДРП III съезін дереу шақыру туралы мәселені шешу, П. А. Красиков пен П. Н. Лепешинскийді Орталық Комитетке кооптация жасау және Орталық Комитеттің атқару тобын сайлау ұсынылды. Бұл хаттың мазмұны Л. Е. Гальпериннің В. И. Ленин мен Ф. В. Ленгникке 1904 жылы 16(29) февральда жазған хатынан белгілі (қараңыз: Лениннің X жинағы, 352—353-беттер).

РСДРП III СЪЕЗІН ШАҚЫРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ РОССИЯҒА ЖЕРГІЛІКТІ ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖАЗҒАН ХАТТАР

«Бір жапырақ қағаздарга өте ұсақ, моншақтай әріптермен» жазылған бұл хаттар туралы өз естеліктерінде М. Н. Лядов хабарлайды; оған 1904 жылы көктемде Россияға қайтуына байланысты бұл хаттарды тиісті жерлерге жеткізу жүктелген болатын (қараңыз: М. Лядов. Партияның 1903—1907 жылдардағы өмірінен. М., 1956, 27-бет).

ПАРИЖГЕ А. А. БОГДАНОВҚА ЖАЗҒАН ХАТ

В. И. Ленин 1908 жылғы 12(25) февральда А. М. Горькийге жазған хатында өзінің А. А. Богдановпен таныстығы туралы айта келіп, былай деп атап көрсетті: «...мен дереу (1904 жылы көктемде немесе жаздың басында) оған Женевадан Парижге хат жазып, ол өзінің жазғандарымен мені өз көзқарастарының дұрыстығына мүлдем сенуден қалдыратындығын және Плехановтың көзқарастарының дұрыстығына өте-мөте сендіретіндігін айттым» (Шығармалар, 13-том, 458-бет).

Э. МАХТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ СЫНАЛҒАН ТЕЗИСТЕР

Кішкене блокноттың 11 бетіне жазылған бұл тезистер туралы Н. Валентинов былай деп хабарлайды: «Бұл документте, in spe, бастапқы күйінде, Лениннің 1908 жылы жазылған «Материализм

және эмпириокритицизм» деген кітабының барлық негізгі қағидалары тұжырымдалған... Бірінші бетте — асты екі рет сызылған бас тақырып ретінде ірі әріптермен былай деп жазылған: «Idealistiche Schrullen»*, ал бұдан кейін Махтың философиясы — объективті, бізге тәуелді емес, материалдық дүниенің өмір сүруін теріске шығаратын надандық «сандырақ» екеніне дәлел келтірілген...».

---

* — «Идеалистік айла-шарғылар». *Ред.*

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ИСКРА» ГАЗЕТІ

№ 49 — 1 октябрь, 1903 ж.
№ 50 — 15 октябрь, 1903 ж.
№ 51 — 22 октябрь, 1903 ж.

ШЕТЕЛДІК ЛИГА МҮШЕЛЕРІНЕ АШЫҚ ХАТ

«Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» мүшелеріне ашық хат (1903 жылғы 7(20) октябрьде жазылған). Бұл хатқа көпшілікті жақтайтын мына адамдар қол қойған: Ортодокс (Л. И. Аксельрод), Бонч-Бруевич, Перова (В. М. Величкина), Инсарова (П. И. Кулябко), Инсаров (И. Х. Лалаянц), Конягин (Л. Е. Гальперин), Ленин, Литвинов, Петров (В. С. Бобровский), Плеханов, С. Сарафский (Н. Э. Бауман), Шарко (Н. К. Крупская). 1903 жылы «Орыс революциялық социал-демократиясы Шетелдік лигасының кезекті 2-съезінің протоколдарында» (Женева) басылған. Қараңыз: сондай-ақ Лениннің VII жинағы, 72—76-беттер.

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МЕНЬШЕВИКТІК ОППОЗИЦИЯҒА УЛЬТИМАТУМЫ

РСДРП Орталық Комитетінің меньшевиктік оппозицияға 1903 жылғы 12(25) ноябрьдегі ультиматумы (Орталық Комитеттің Староверге (А. Н. Потресовқа) азшылықпен келісім жасау шарттары туралы хаты). 1904 жылы Л. Мартовтың «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы «қоршау жағдайына» қарсы күрес» (Женева) деген кітапшасында басылған. Қараңыз: сондай-ақ Лениннің VII жинағы, 257—259-беттер).

РСДРП-дағы ПАРТИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСТЫ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛ

M. Lydin. Material zur Erläuterung der Parteikrise in der Sozialdem. Arbeiterpartei Rußlands. Genf, 1904, S. 85 (М. Лидин [М. Н. Лядов]. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясындағы партиялық дағдарысты анықтауға арналған материал. Женева, 1904, 85-бет). Орыс тіліне аударылған бұл кітапша 1924 жылы: М. Лядов. «Амстердамдағы халықаралық социалистік конгреске большевиктердің баяндамасы (1904 жылы)» және 1932 жылы — «Большевизм халықаралық аренада. 1904 жылғы Амстердам конгресіне большевиктердің баяндамасы» деген атпен жарық көрді. 1932 жылғы басылымға арналған алғы сөзінде М. Н. Лядов былай деп жазды: В. И. Ленин «төрт бөлімнен тұруға тиіс баяндама жоспарының нобайын жасады. Ол бір тарауды өзі жазбақ болды да, қалғандарын жазуды Воровскийге, Красиковқа және маған тапсырды. Ильичтің дәл қай тарауды жазғаны, өкінішке қарай, қазір есімде жоқ. Ильич барлық тарауларды мұқият редакциялады». Қолжазбаның болмауы (кітапша әуелі орыс тілінде жазылды, неміс тіліне М. Лядов аударды) баяндаманың қай тарауын В. И. Ленин жазғанын анықтауға мүмкіндік бермей отыр.

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ТҰТҚЫНДАЛҒАНДАРДЫҢ СТАТИСТИКАСЫ ЖӨНІНДЕ»

«Искра» газетінің 1903 жылғы 22 октябрьдегі 51-номерінде жарияланған «Тұтқындалғандардың статистикасы жөнінде» деген заметка.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде тұтқындалғандардың фамилиясы, жасы, кәсібі, не үшін және қашан тұтқындалғаны көрсетілген тізім сақтаулы. Тізімге В. И. Ленин мынадай белгі салған: «Одессадан. 8/X алынды» және бөлек қағазға, сірә, өзі үшін болса керек, былай деп жазған: «Осының негізінде заметка жазса. Статистика етіп өңдесе». Бұдан әрі болашақ заметканың: *«Тұтқындалғандардың статистикасы»* деген тақырыбын көрсетеді.

Осы тізімнің негізінде жазылған заметка мынадай сөздермен басталады: «Бізге Одесса түрмесінің еркектер бөлімшесінде отырғандардың тізімі әкелінді...» Демек, заметканың авторы, сірә, газет редакциясы мүшелерінің бірі болса керек. «Искраның» 51-номері В. И. Ленин мен Г. В. Плехановтың редакциялауымен шықты.

Марксизм-ленинизм институтының Архивінде тұтқындалғандардың статистикасына Лениннің зор ынта қойғанын, осы мәселе жөнінде «Искраның» редакциясына түскен материалдардан үзінділер жиып отырғанын көрсететін документтер бар.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 *«РСДРП II съезі туралы әңгімені»* В. И. Ленин партияның II съезінен кейін меньшевиктердің жікшілдік, іріткі салушылық әрекетіне қарсы большевиктер шиеленіскен күрес жүргізген кезде жазған. Бұл документ меньшевиктердің оппортунистік тактикасын әшкерелеп, көпшілікті жақтаушыларды топтастыруда зор роль атқарды. Съезд протоколдары жарияланғанға дейін (1904 жылдың январында) «Әңгіме» II съездің қорытындылары және РСДРП-ның жікке бөліну себептері баяндалған бірден-бір партиялық документ болды. «Әңгімеде» баяндалған идеялар В. И. Лениннің одан кейінгі мақалаларында, хаттарында, сөйлеген сөздерінде және әсіресе «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында (қараңыз: осы том, 199—442-беттер) одан әрі дамытылды.—*1.*

2 В. И. Ленин бұл арада съездің 1903 жылғы 18(31) июльдегі 2-мәжілісінде мандат комиссиясының баяндамасы жасалған кезде қолда бар мәліметтерді пайдаланып отыр. Бұл уақытта съезге шешуші дауыспен 42 делегат қатысты: 33 делегаттың әрқайсысында бір дауыстан, 8 делегаттың әрқайсысында екі дауыстан («екі қолдылар») болды, сондай-ақ Бундтың шетелдік комитеті бір делегатының уақытша, екінші өкіл келгенге дейін, екі даусы болды. 22 июльден (4 августан) бастап, съезге бұл өкіл де келгеннен кейін шешуші даусы бар 43 делегат болды, бұлардан 35 делегаттың бірден, 8 делегаттың екіден даусы бар еді. Съезге кеңесші дауыспен 14 адам қатысты. Съездің барлық мүшелері 57 адам болды, ал поляк социал-демократиялық партиясының екі өкілі бірнеше мәжіліске ғана қатысты.— *5.*

3 *«Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы»* 1894 жылы «Еңбекті азат ету» тобының инициативасы бойынша және «Одақ» мүшелерінің бәрі топтың программасын мойындауы шартымен құрылды. «Одақтың» басылымдарын редакциялау топқа жүктелді, ал 1895 жылы мартта топ өз баспаханасын

«Одақтың» пайдалануына берді. 1895 жылы жазда, В. И. Лениннің шетелде болған кезде, «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауымен «Одақтың» «Работник» деген жинақтарын шығаруы туралы шешім қабылданды, «Одақ» «Работниктің» 6 номерін, «Листок «Работниканың»» 10 номерін, В. И. Лениннің «Штрафтар туралы заңды түсіндіру» (1897) деген еңбегін, Г. В. Плехановтың «Орыс социал-демократиясына қарсы жаңа жорық» (1897) деген еңбегін және басқаларын басып шығарды.

РСДРП I съезі (1898 жылғы март) «Одақты» партияның шетелдегі өкілі деп таныды. Одан арғы жерде «Одақта» оппортунистік элементтер — «экономистер», немесе «жастар» деп аталатындар басым болды. «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» 1898 жылы ноябрьде Цюрихте болған I съезінің оппортунистік көпшілігі РСДРП I съезінің «Манифесіне» ынтымақтастық білдіруден бас тартты. «Одақтың» I съезінде «Еңбекті азат ету» тобы «Работниктің» басуға әзір тұрған 5—6-номері мен В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» және «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаларын қоспағанда, «Одақтың» басылымдарын редакциялаудан бас тартатынын мәлімдеді. 1899 жылы апрельде «Одақ» «Рабочее Дело» журналын шығаруға кірісті, бұл журналдың редакциясына «экономистер» Б. Н. Кричевский, В. П. Иваншин және П. Ф. Теплов енді. «Одақ» Э. Бернштейннің, мильераншылдардың, т. т. атына тілектестік мәлімдемелер жасады. «Одақтың» өз ішіндегі күрес оның II съезіне (1900 жылғы апрель, Женева) дейін бәсеңдемеді, съезд үстінде одан әрі жалғастырылды. Соның салдарынан «Еңбекті азат ету» тобы мен оның пікірлестері съезден кетіп қалды да, өз алдына «Социал-демократ» ұйымын құрды.

РСДРП II съезінде «Одақтың» өкілдері («рабочеделошылдар») нағыз оппортунистік позиция ұстады және съезд «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» партияның шетелдегі бірден-бір ұйымы деп танығаннан кейін съезден кетіп қалды. РСДРП II съезінің шешімімен «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» таратылды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 85-бет).— *5*.

4 Бұл арада әңгіме «экономистердің» қолында болған және өзін Петербургтегі «Күрес одағы» деп атаған Петербург «Жұмысшы ұйымының» делегаты туралы болып отыр. Бұл ұйымның делегаты Л. П. Махновец (съездің протоколдары бойынша — Брукэр) болды.— *5*.

5 *«Южный рабочий»* тобы (құпия хат-хабарда — «Юрий») — құпия шығып тұрған аттас газеттің төңірегінде 1900 жылдың күзіне қарай Россияның оңтүстігінде құрылған социал-демократиялық топ (РСДРП Екатеринослав комитеті

«Южный Рабочийдің» бірінші номерін 1900 жылы январьда, соңғы, 12-номерін 1903 жылы апрельде шығарды). Топтың құрамына және газеттің редакциясына әр кезеңде И. Х. Лалаянц, А. Виленский, О. А. Коган, Б. С. Цейтлин, Е. Я. және Е. С. Левиндер, В. Н. Розанов және басқалары кірді.

«Южный рабочий» тобы «экономистерге» қарама-қарсы, пролетариаттың саяси күресін, самодержавиені құлатуды аса маңызды міндет деп санады, терроршылдыққа қарсы шықты, бұқаралық революциялық қозғалысты өрістету қажеттігін жақтады және Россияның оңтүстігінде революциялық зор жұмыс жүргізді. Сонымен бірге бұл топ либералдық буржуазияның ролін асыра бағалады, шаруалар қозғалысына мән бермеді. Революцияшыл социал-демократтарды «Искраның» төңірегіне біріктіру жолымен бір орталыққа бағындырылған маркстік партия құрудың искралық жоспарына «Южный рабочий» тобы облыстық социал-демократиялық бірлестіктер құру жолымен РСДРП-ны қалпына келтіру жоспарын қарсы қойды. 1901 жылдың декабрінде Россияның оңтүстігіндегі РСДРП комитеттері мен ұйымдарының съезі шақырылып, онда «РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының» құрылуы, ал «Южный Рабочий» газетінің оның органы болуы осы жоспарды жүзеге асырудың нақты әрекеті еді. Бұл әрекет өмірге икемді болмады («Южный рабочий» тобының бүкіл ұйымдық жоспары сияқты), сөйтіп 1902 жылдың көктеміндегі жаппай сәтсіздіктерден кейін «Одақ» тарап кетті. «Южный рабочий» тобының тұтқыннан аман мүшелері 1902 жылдың августында Россия социал-демократиясының бірлігін қалпына келтіру жөнінде бірлесіп жұмыс істеу туралы «Искраның» редакциясымен келіс сөздер жүргізді. Топтың «Искрамен» ынтымақтасу туралы мәлімдемесінің (1902 жылы 1 ноябрьде «Искраның» 27-номерінде және 1902 жылы декабрьде «Южный Рабочийдің» 10-номерінде жарияланды) Россияның социал-демократиялық күштерінің бірігіп, нығаюы үшін зор маңызы болды. 1902 жылдың ноябрінде «Южный рабочий» тобы «Искраның» орыстық ұйымымен, РСДРП Петербург комитетімен және «РСДРП солтүстік одағымен» бірге партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін құруға, ал кейін оның жұмысына да қатысты. Алайда «Южный рабочий» тобының мүшелері бұл кезеңде де дәйекті-революциялық позицияда болған жоқ; олардың қызметінде сепаратистік тенденциялар байқалып отырды (мәселен, олар «Искрамен» қосарландыра жалпы россиялық газет шығару жоспарын ұсынды), В. И. Ленин «Южный рабочий» тобын ««Искраны» басшы орган деп сөз жүзінде ғана танып, іс жүзінде өздерінің ерекше жоспарларын көздеген және принцип жағынан тұрақсыздығымен көзге түскен ұйымдардың» (осы том, 207—208-бет) қатарына жатқызды. Партияның II съезінде «Южный рабочий» тобының делегаттары «центрдің» (Ленин «центр-

дің» өкілдерін «орташа оппортунистер» деп атады) позициясында болды.

РСДРП II съезі, барлық дербес өмір сүріп келген басқа социал-демократиялық жеке топтар мен ұйымдар сияқты, «Южный рабочий» тобын да таратуға қаулы етті.— 5.

6 РСДРП II съезін шақыру жөніндегі *Ұйымдастыру комитеті*, 1902 жылы мартта Белосток конференциясында құрылған Ұйымдастыру комитетінің ескі құрамы екі мүшесі қамауға алынғандықтан жұмысқа кірісе алмағаны анықталғаннан кейін, 1902 жылы 2—3 (15—16) ноябрьде Псковта өткен кеңесте құрылды. Жаңа Ұйымдастыру комитетін құру инициативасы бүтіндей искрашылдардан шықты. Псков кеңесінде Ұйымдастыру комитетін мына құрамда құру ұйғарылды: В. П. Краснуха — Петербург комитетінен, И. И. Радченко — «Искраның» орыс ұйымынан және «Южный рабочийден» Е. Я. Левин. Ұйымдастыру комитетіне сондай-ақ П. А. Красиков, Ф. В. Ленгник, А. М. Стопани, П. Н. Лепешинский және Г. Н. Кржижановский кооптацияланды. Кеңесте Ұйымдастыру комитетінің құрылуы туралы «Хабардың» тексті қабылданды (ол Россияда 1902 жылы декабрьде жеке листок болып басылды, ал 1903 жылы 15 январьда «Искраның» 32-номерінде жарияланды, оған В. И. Ленин соңғы сөз жазды — қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 95—99-беттер).

Псков кеңесі өткеннен кейін келесі күні Ұйымдастыру комитетінің үш мүшесі — искрашылдар И. И. Радченко, В. П. Краснуха және П. Н. Лепешинский қамауға алынды. Бұл жағдай Ұйымдастыру комитетінің бұдан былайғы жұмысына ауыр зардабын тигізді, өйткені искрашылдардың Ұйымдастыру комитетіндегі ықпалы біраз әлсіреді, ал оның құрамы біртектес болмаған еді.

«Хабар» жарияланғаннан кейін Ұйымдастыру комитетін оның атқаратын барлық қызметі жөнінен Петербург, Москва, Киев, Харьков, Екатеринослав, Дон, Тифлис, Баку, Тула, Саратов, Брянск комитеттері, Солтүстік одақ, Сибирь одағы және кен заводы жұмысшыларының одағы таныды. Ұйымдастыру комитетін таныған Одесса және Николаев комитеттері оның Орталық Комитеттің кейбір функцияларын атқаруын қажетсіз деп тапты. Тек Воронеж комитеті ғана Ұйымдастыру комитетіне дұшпандық позиция ұстады, ол «Искра» мен Ұйымдастыру комитетіне қарсы бағытталған листок шығарды.

1903 жылы февральдың алғашқы күндерінде Орелде Ұйымдастыру комитетінің екінші кеңесі болды, онда Р. С. Гальберштадт, Е. М. Александрова («Искраның» орыс ұйымынан), «Южный рабочийдің» өкілі В. Н. Розанов, Бундтың өкілі К. Портной Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Искрашылдар Б. И. Гольдман, А. П. Доливо-Добровольский, Р. С. Землячка және бундшыл И. Л. Айзенштадт

Ұйымдастыру комитетіне кандидаттар болып бекітілді. Кеңесте съезд уставының жобасы мен съезге қатысуға праволы ұйымдардың тізімі жасалып, қабылданды. Съезд уставының жобасы жер-жердегі социал-демократиялық ұйымдарға жіберілді, бұдан соң Ұйымдастыру комитетінің мүшелері жергілікті комитеттерді аралап шықты. Ұйымдастыру комитетінің бюросы жергілікті ұйымдарда устав жобасын талқылаудың қорытындысын шығарып, Ұйымдастыру комитеті съезге қатысуға правосы бар ұйымдар тізіміне кіргізген 16 ұйымның кемінде үштен екісі устав жобасының әрбір пунктін қабылдауды жақтап дауыс бергенін анықтады. Сонымен, съездің уставы жергілікті ұйымдарда қабылданып, бекітілді. Осы устав негізінде Ұйымдастыру комитеті партияның II съезін әзірлеу жөніндегі жұмысты одан әрі өрістетті.

Ұйымдастыру комитетінің ойдағыдай жұмыс істеуі нәтижесінде съезді шақыруға қол жетті, мұның өзі Россиядағы искрашылдардың жұмысына басшылық еткен В. И. Ленин бастаған «Искра» редакциясы мен ұйымы орыс революцияшыл социал-демократтарын біріктіру жолында жүргізген орасан зор жұмыстың нәтижесінде ғана мүмкін болды. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында былай деп жазды: «Ұйымдастыру комитеті *негізінен* съезд шақыратын комиссия, Бундқа дейінгі әр түрлі сарындардың өкілдерінен әдейі құрылған комиссия болды; ал партияның ұйымдық бірлігін *жасау* жөнінде нақты жұмысты толығынан «Искра» ұйымының бір өзі атқарды» (осы том, 283-бет).— *6.*

7 *«Искра»* («Ұшқын») — тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет; 1900 жылы Ленин негізін қалаған; газет Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарды.

Полицияның қудалауы салдарынан Россияда революциялық газет шығару мүмкін болмағандықтан, ондай газетті шетелде шығарудың жоспарын барлық егжей-тегжейіне дейін Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде-ақ ойластырған болатын. Жер аударылу мерзімі біткен соң (1900 жылғы январь) Ленин осы жоспарды іске асыруға дереу кірісті. 1900 жылдың февралында Петербургте Ленин шетелден астыртын түрде келген В. И. Засуличпен «Еңбекті азат ету» тобының жалпы орыстық маркстік газетті шығаруға қатысуы туралы келіс сөз жүргізді. 1900 жылғы марттың аяғында — апрельдің басында В. И. Лениннің, Л. Мартовтың (Ю. О. Цедербаумның), А. Н. Потресовтың, С. И. Радченконың «жария марксистермен» — П. Б. Струвемен және М. И. Туган-Барановскийлмен «Псков кеңесі» деп аталатын кеңесі болды, онда жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журналдың («Заря») программасы мен міндеттері туралы редакция мәлімдемесінің Ленин әзірлеген жобасы талқыланды. Ленин Россияның бірқатар қалаларында (Моск-

ва, Петербург, Рига, Смоленск, Нижний Новгород, Уфа, Самара, Сызрань) болып, социал-демократиялық топтармен және жеке социал-демократтармен байланыс орнатты, олармен болашақ «Искраны» қолдау жөнінде келісті. 1900 жылдың авгусында, Ленин Швейцарияға келген соң, газет пен журналдың программасы мен міндеттері, болашақ қызметкерлері, редакцияның құрамы және оның орналасатын жері туралы Ленин мен Потресовтың «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен кеңесі болды; бұл келіс сөздер екі жақтың ажырасуымен тына жаздады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 362—382-беттер), алайда келіс сөздердің аяғына қарай барлық даулы мәселелер жөнінде келісімге қол жетті.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте, келесі номерлері Мюнхенде шықты; 1902 жылғы июльден — Лондонда, 1903 жылдың көктемінен — Женевада шықты; «Искраны» шығаруды ұйымдастыруда герман социал-демократтары: К. Цеткин, А. Браун және басқалары, сол кезде Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич кірді. Редакцияның секретары әуелі И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен Н. К. Крупская болды; Н. К. Крупская сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен хат-хабар алысып тұру ісін басқарды. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы әрі басшысы болды. Ол «Искраға» партия құрылысының, Россия пролетариаты таптық күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып, халықаралық өмірдің аса маңызды оқиғаларына үн қосып отырды.

«Искра» партияның күштерін біріктіретін, партия кадрларын топтастырып, тәрбиелейтін орталыққа айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және басқалары) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада өткен съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқаларының тікелей басшылығымен құрылып, жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искраның» редакциясы партия программасының жобасын («Искраның» 21-номерінде жарияланды) әзірледі және РСДРП II съезін дайындады. Съезд шақырылған кезге

дейін Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искра» жағына шығып, оның тактикасын, программасы мен ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд арнаулы қаулысында партияны құру жолындағы күресте «Искраның» атқарған айрықша ролін атап көрсетті, оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады. II съезде «Искраның» редакциясы бекітілді, оның құрамына Ленин, Плеханов және Мартов кірді. Бұрынғы алты редактордың бәрін де сақтауды талап еткен Мартов, партия съезінің шешіміне қарамастан, редакция құрамына кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциялауымен шықты. Көп кешікпей Плеханов меньшевизм позициясына көшіп, съезд мақұлдамай тастаған ескі меньшевик-редакторлардың бәрін «Искра» редакциясының құрамына енгізуді талап етті. Ленин мұнымен келісе алмады, сөйтіп 1903 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искраның» редакциясынан шықты; ол кооптациялау жолымен Орталық Комитетке өтіп, осы жерден оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциялауымен шықты. 1903 жылы 13(26) ноябрьде Плеханов жеке өзі съездің ұйғарымын бұзып, кооптациялау жолымен «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторларын кіргізді. Меньшевиктер 52-номерінен бастап «Искраны» өздерінің органына айналдырды.— 7.

8 *«Күрес»* тобы 1900 жылы жазда Парижде құрылды, оның құрамында Д. Б. Рязанов, Ю. М. Стеклов, Э. Л. Гуревич болды. Топ 1901 жылы майда «Күрес» деп аталды. Орыс социал-демократиясындағы революциялық және оппортунистік бағыттарды бітістіруге тырысып, «Күрес» тобы шетелдік социал-демократиялық ұйымдар — «Искра» мен «Заря» редакциясы, «Социал-демократ» ұйымы, Бундтың шетелдік комитеті және «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» өкілдерінің Женева конференциясын шақыру (1901 жылғы июньде) инициативасын өзіне алды және РСДРП шетелдік ұйымдарының Цюрихте (1901 жылғы 21—22 сентябрьде (4—5 октябрьде)) болған «Бірігу» съезінің жұмысына қатысты. 1901 жылғы ноябрьде топ «Социал-демократиялық «Күрес» тобының басылымдары туралы хабарландыру» деп аталған өзінің программалық хабарландыруын жариялады. «Күрес» тобы өз басылымдарында («Партия программасын жасауға арналған материалдар», I—III кітаптар, ««Күрес» тобының жедел листогы» және басқалар) марксизмнің революциялық теориясын бұрмалап, оны доктринерлік-схоластикалық рухта түсіндірді, партияны құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне дұшпандық көзбен қарады. Социал-демократиялық көзқарастар мен тактикадан ауытқығаны, іріткі салушылық әрекеттер жасағаны жә-

не Россиядағы социал-демократиялық ұйымдармен байланыс жасамағаны себепті топ II съезге жіберілмеді. II съездің шешімі бойынша «Күрес» тобы таратылды.— *8.*

9 *«Тұрлаусыз»* — И. В. Чернышев, ол әуелі «экономист» болды, одан соң «Искраның» шетелдік ұйымына ауысты, ал бұдан кейін қайтадан «экономистерге» қосылды.— *8.*

10 *«Рабочее Дело»* («Жұмысшы Ісі»)— «экономистердің» журналы, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» мерзімді емес органы. 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Женевада Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктың), В. П. Иваншиннің, кейін А. С. Мартыновтың редакциялауымен шығып тұрды. 12 номері (тоғыз кітабы) шықты. «Рабочее Делоның» редакциясы «экономистердің» («рабоче-делошылдардың») шетелдік орталығы болды. «Рабочее Дело» марксизмді «сынауға еркіндік берілсін» деген бернштейншілдік ұранды жақтады, орыс социал-демократиясының тактикасы мен ұйымдық міндеттері жөніндегі мәселелерде оппортунистік позицияда болды, шаруалардың революциялық мүмкіндіктерін жоққа шығарды және т. с. «Рабоче-делошылдар» пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындырудың оппортунистік идеяларын насихаттады, жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иді және партияның басшылық ролін теріске шығарды. «Рабочее Дело» редакторларының бірі (В. П. Иваншин) ашық «экономистердің» «Рабочее Дело» қолдап отырған органы — «Рабочая Мысльді» редакциялауға қатысты. РСДРП II съезінде «рабоче-делошылдар» партияның барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты болды.— *8.*

11 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде құрылды; көбінесе Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд РСДРП құрамына «тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес автономиялы ұйым ретінде» кірді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россиядағы жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылдың апрелінде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген ұйымдық қатынастарды жою жөнінде пікір білдірді. Бұл съезд өзінің қарарында Бунд РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайтынын, Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруге тиіс екенін мәлімдеді.

РСДРП II съезінде Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану жөніндегі талабы қабылданбай тасталғаннан кейін Бунд партиядан шықты. 1906 жылы партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) ұдайы қолдап, большевиктер мен большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпиндік реакция жылдарында Бунд жойымпаздық позицияда болды, Август антипартиялық блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясын ұстады. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бунд басшылары контрреволюция күштерімен қосылып кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бет бұрыс байқалды. 1921 жылдың мартында Бунд өзінен-өзі тарап кетті, оның мүшелерінің біразы жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.— *11.*

Бұл арада әңгіме партияның II съезінің 23-мәжілісінде Акимовтың (В. П. Махновецтің) сөйлеген сөзі туралы болып отыр.— *14.*

«Еңбекті азат ету» тобы — 1883 жылы Швейцарияда Г. В. Плеханов ұйымдастырған орыстың тұңғыш маркстік тобы. Топқа Плехановтан басқа П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, В. Н. Игнатов кірді.

«Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді насихаттау жөнінде үлкен жұмыс атқарды. Ол К. Маркс пен Ф. Энгельстің: «Коммунистік партияның манифесі», «Жалдама еңбек және капитал», «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген және басқа еңбектерін орыс тіліне аударып, шетелде бастырып шығарды және Россияда таратты, сондай-ақ өз басылымдарында да марксизмді насихаттады. «Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді тарату және социал-демократиялық қозғалысты дамыту жолында басты идеялық кедергі болған халықшылдыққа елеулі соққы берді. «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885) деген және басқа еңбектерінде Г. В. Плеханов халықшылдардың реакциялық көзқарастарын (Россияның капиталистік емес жолмен дамуы жөніндегі көзқарасты, пролетариаттың революциялық қозғалыстағы алдыңғы қатарлы ролін теріске шығаруды, халықшылдардың жеке адамның тарихтағы роліне субъективтік-идеалистік көзқара-

сын, т. б.) маркстік сынға алды. Г. В. Плеханов жазып, «Еңбекті азат ету» тобы басып шығарған орыс социал-демократтары программасының екі жобасы (1883 және 1885) Россияда социал-демократиялық партияны құруға дайындықтағы және оны құрудағы маңызды қадам болды. Әсіресе маркстік көзқарастарды таратуда, диалектикалық және тарихи материализмді негіздеуде және қорғауда Плехановтың (Н. Бельтовтың) «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген кітабының зор маңызы болды, осы еңбекпен «орыс марксистерінің бүтіндей бір ұрпағы тәрбиеленді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 16-том, 283-бет). Топ «Социал-Демократ» жинағының 4 кітабын, сондай-ақ жұмысшылар үшін көпшілікке арналған сериялы кітапшалар шығарып, Россияға таратты.

Ф. Энгельс «Маркстің экономикалық және тарихи ұлы теорияларын адалдықпен және ешқандай ескертусіз қабылдаған» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 461-бет) «Еңбекті азат ету» тобының пайда болуын құттықтады. Г. В. Плеханов пен В. И. Засулич Ф. Энгельспен достық байланыста болды және көп жыл бойы онымен хат алысып тұрды. «Еңбекті азат ету» тобы халықаралық жұмысшы қозғалысымен байланыс орнатты және II Интернационалдың 1889 жылғы (Париж) бірінші конгресінен бастап, өзі өмір сүрген уақыттың бәрінде оның барлық конгрестерінде Россия социал-демократиясының өкілі болды.

«Еңбекті азат ету тобы», Россиядағы практикалық жұмысшы қозғалысымен байланысты болмағанымен, орыс жұмысшы табының революциялық сана-сезімін қалыптастыруда зор роль атқарды. В. И. Ленин «Еңбекті азат ету» тобы «социал-демократияны тек теория жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар, 20-том, 281-бет) деп көрсетті. Топ мүшелері елеулі қателерге де жол берді: олар либерал буржуазияның ролін асыра бағалады, пролетарлық революцияның резерві ретінде шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады. Бұл қателер Плехановтың және топтың басқа да мүшелерінің болашақ меньшевиктік көзқарастарының негізі болды.

1894 жылы «Еңбекті азат ету» тобының инициативасымен «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» құрылды. 1900 жылы топ мүшелері мен олардың жақтастары «Одақтан» шығып, революциялық «Социал-демократ» ұйымының негізін қалады. Топ мүшелері Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод және В. И. Засулич «Искра» мен «Заряның» редакциясына енді. 1903 жылы августа РСДРП II съезінде «Еңбекті азат ету» тобы өзінің өмір сүруін тоқтатқанын мәлімдеді.— *15.*

14 Съезд кезінде «Искра» ұйымының мүшелері Орталық Комитетке ұсынылатын кандидаттардың мынадай негізгі тізімдерін талқылады: 1) Көпшіліктің «ымыраға келу» тізімі: В. Н. Розанов («южнорабочешыл», «азшылыққа ұнамды»), Л. Д.

Троцкий («азшылықтың айбынды мүшесі»), В. А. Носков («съездегі тартысқа тек оның аяғында ғана» қатысушы), Ф. В. Ленгник және Г. М. Кржижановский, съезге қатыспағандар; 2) азшылықтың тізімі: Розанов, Троцкий, В. Н. Крохмаль, Носков, Кржижановский; 3) көпшіліктің «айбынды» тізімі: Носков, Кржижановский, Розанов; 4) азшылықтың «айбынды» тізімі: Носков, Розанов, Троцкий. Сайлау кезінде Розанов көпшіліктің «айбынды» тізіміне кіруден бас тартты, сондықтан Ленгникпен ауыстырылды. Орталық Комитеттің мүшелері болып көпшілікті жақтаушылар Носков, Кржижановский және Ленгник сайланды, құпиялықты сақтау үшін бұлардан съезге тек қана Носков аталды; бұл кезде Россияда болған Кржижановский мен Ленгник Орталық Комитетке сырттай сайланды.— *15.*

15 *«Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы»* В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1901 жылы октябрьде құрылды. Лигаға «Искра» мен «Заря» ұйымының шетелдік бөлімі және «Социал-демократ» ұйымы (оған «Еңбекті азат ету тобы» да кіретін) енді. Лиганың міндеті революциялық социал-демократияның идеяларын тарату және социал-демократиялық айбынды ұйым құруға көмектесу еді. Лига (өзінің уставына сәйкес) «Искра» ұйымының шетелдік бөлімі болды. Ол шетелдегі орыс социал-демократтарының ішінен «Искраның» жақтастарын тартты, газетке материалдық көмек көрсетті, оның Россияға жеткізілуін ұйымдастырды және көпшілікке арналған маркстік әдебиет шығарды. РСДРП II съезі Лиганы комитеттің уставтық правосымен пайдаланатын шетелдегі бірден-бір партия ұйымы ретінде бекітті және оны РСДРП Орталық Комитетінің басшылығымен және бақылауымен жұмыс істеуге міндеттеді.

РСДРП-ның II съезінен кейін Шетелдік лигада меньшевиктер бел алып, Ленинге қарсы, большевиктерге қарсы күрес жүргізе бастады. Лиганың 1903 жылы октябрьде өткен екінші съезінде меньшевиктер РСДРП II съезінде қабылданған партия уставына қарсы бағытталған Лиганың жаңа уставын бекітті. Осы уақыттан бастап Лига меньшевизмнің тірегіне айналды; 1905 жылға дейін өмір сүрді.— *17.*

16 *Tagesordnung жөніндегі түсінік* деп В. И. Ленин партияның II съезінің күн тәртібі мен регламенті жобасына жасаған өз ескертпелерін айтып отыр, бұларды ол «РСДРП кезекті II съезінің программасы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 426—433-беттер) деп атады.— *17.*

17 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; оны 1901—1902 жылдарда Штутгартта «Искраның» редакциясы шығарып тұрған. «Заряның» барлығы төрт номері (үш кітап): 1901 жылы апрельде (іс жүзінде жаңаша 23 мартта шықты) — 1-номері, 1901 жылы декабрьде — 2—3-номері, 1902

жылы августа — 4-нөмері шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған «Искра» мен «Заря» мәлімдемесінің жобасында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде туған алауыздықтар мен жанжалдар кезінде Плеханов журналды газеттен бөлу жобасын ұсынды (ондағы ойы «Заряны» редакциялауды өзіне қалдыру болатын), бірақ бұл ұсыныс қабылданған жоқ, сөйтіп бұл органдардың редакциясы ұдайы екеуіне ортақ күйінде қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынап, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Заряда» В. И. Лениннің: «Кездейсоқ заметкалар», «Земстволы қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», «Аграрлық мәселедегі «сыншы» мырзалар» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы», сондай-ақ Г. В. Плехановтың: «Біздің сыншыларға сын. 1-бөлім. П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген және басқа еңбектері басылды.— *18.*

18 *Партия Советі* (1903—1905) РСДРП II съезінде қабылданған партия уставына сәйкес ең жоғары партиялық мекеме ретінде құрылды, ол Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясының жұмысын үйлестіріп, біріктіріп отыруға, бұл мекемелердің бірінің бүкіл құрамы қатардан шығып қалған жағдайда Орталық Комитетті және Орталық Органның редакциясын қалпына келтіруге, сондай-ақ басқа партиялармен қарым-қатынас жасағанда партияның өкілі болуға міндетті болды. Совет партия съездерін устав белгілеген мерзімде немесе бәрі бірігіп съездегі дауыстардың тең жартысын алуға праволы партия ұйымдарының талап етуі бойынша мерзімінен бұрын шақыруға міндетті еді. Партия Советі бес мүшеден құрылды, олардың біреуін партия съезі, ал қалғандарын — Советке әрқайсысы екі мүшеден жіберетін Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы тағайындады. РСДРП II съезі Советтің бесінші мүшесі етіп Г. В. Плехановты сайлады. В. И. Ленин Советке әуелі Орталық Орган редакциясы атынан, ал «Искра» редакциясынан шыққаннан кейін Орталық Комитет атынан кірді. Плеханов оппортунизмге бет бұрып, меньшевиктер Орталық Орган редакциясын қолға түсіріп алғаннан кейін партия Советі меньшевиктердің большевиктерге қарсы күресінің қаруына айналды. В. И. Ленин меньшевиктердің іріткі салушылық, жікшілдік әрекетін әшкерелей отырып, Советте партияны топтастыру жолында дәйекті күрес жүргізді. РСДРП III съезі қабылдаған устав бойынша партия Советі таратылды.— *20.*

Социалист-революционерлер (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы» және басқалар) бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғында — 1902 жылдың басында құрылды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органдары болды. Эсерлердің көзқарастары халықшылдық идеялар мен ревизионизм идеяларының эклектикалық қосындысы еді; эсерлер, Лениннің айтуынша, «марксизмді сәнді оппортунистік түрде «сынау» арқылы халықшылдықтың кемістіктерін жамап-жасқап түзетуге тырысады» (Шығармалар, 9-том, 315-бет). Эсерлер пролетариат пен шаруалар арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалар арасындағы таптық жіктелу мен қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы жетекші ролін жоққа шығарды. Эсерлер самодержавиемен күрестің негізгі әдісі ретінде уағыздаған жеке дара террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен зиян келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды, жердің теңгерме негізде пайдалану үшін қауымдардың қарамағына көшуін, сонымен бірге кооперациялардың қандайын болсын дамыта беруді көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» программасы ретінде көрсетуге тырысқан бұл программада социалистік ештеңе де болмады, өйткені тек жерге ғана жеке меншікті жою, Лениннің көрсетіп бергеніндей, капиталдың үстемдігі мен бұқараның қайыршылығын жоя алмайды. Эсерлердің аграрлық программасының іске асуы мүмкін және тарихи жағынан прогресті мазмұны помещиктік жер иеленуді жою жолындағы күрес болды; бұл талап объективті түрде буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі шаруалардың мүдделері мен талпыныстарын бейнеледі.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінгісі келген әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жүргізу үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке дара террор жасау тактикасының жұмысшы қозғалысына зияндылығын ашып беріп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте белгілі бір жағдайларда эсерлермен уақытша келісім де жасады.

Сайып келгенде, эсерлер партиясындағы идеялық-саяси тұрлаусыздыққа, ұйымдық бытырандылыққа, олардың либералдық буржуазия мен пролетариат арасында ұдайы ауытқып отыруына шаруалардың таптық жағынан біртектес болмауы себеп болды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оң қанаты бөлініп шығып, өзінің көзқарастары жағынан кадеттерге жақын жария «Халықтық-социалистік еңбек партиясын» (энестер) құрады, ал оның сол қанаты жартылай анархистік «максималистер»

одағы болып қалыптасты. Столыпиндік реакция кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңіп шыққаннан кейін меньшевиктермен және кадеттермен бірге эсерлер контрреволюцияшыл буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) оның құрамына кірді. Эсерлердің сол қанаты шаруалардың революцияшылдануы ықпалымен 1917 жылғы ноябрьдің аяғында солшыл эсерлердің дербес партиясын құрды. Шаруалар бұқарасы арасындағы өзінің ықпалын сақтауға тырысып, солшыл эсерлер сөз жүзінде Совет өкіметін танып, большевиктермен келісімге келген болды, бірақ көп ұзамай олар Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық бүлдіру әрекетін жүргізді, интервенттер мен ақгвардияшылдарды белсене қолдап отырды, контрреволюциялық астыртын әрекеттерге қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террор ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және ақгвардияшыл эмиграция ордасында Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеттерін одан әрі жүргізді.— *20.*

20 *Иван Иванович* пен *Иван Никифорович* — Н. В. Гогольдің «Иван Ивановичтің Иван Никифоровичпен қалай жанжалдасқаны туралы повесть» деген шығармасының кейіпкерлері.— *21.*

21 *«Последние Известия»* («Соңғы Хабарлар») — Бундтың шетелдік комитетінің бюллетені; 1901—1906 жылдары Лондон мен Женевада шығып тұрды.— *25.*

22 *Сионизм* — еврей буржуазиясы арасында XIX ғасырдың аяғында пайда болған реакцияшыл, буржуазиялық-ұлтшылдық ағым. Сионистер өздерінің ұлтшылдық теорияларында барлық елдердің еврейлері «біртұтас еврей ұлтын» құрайдымыс деп дәлелдеуге тырысады; сионизм өкілдері барлық еврейлердің «таптық ынтымақтастығын» жақтап, сол арқылы еңбекші еврейлердің назарын буржуазияға қарсы тап күресін жүргізуден, демократиялық бостандықтар мен социализм жолында басқа ұлттардың еңбекшілерімен бірлесіп күресуден бұрып әкетеді.— *29.*

23 В. И. Ленин құпиялықты сақтау үшін Орталық Комитет туралы «ол әлі туған жоқ» деп жазады. Шынында бұл уақытта Орталық Комитет болған — ол 1903 жылғы 7(20) августа РСДРП II съезінде сайланған-ды.— *30.*

«Орталық Комитеттің және Орталық Орган редакциясының оппозиция мүшелеріне арнаған үндеуі жобасының» екі нұсқасы бар. Үндеу жобасының бірінші нұсқасында (қараңыз: Лениннің VI жинағы, 308—310-беттер) қорытынды бөлімі жоқ. Осы томда басылып отырған екінші нұсқа неғұрлым толық нұсқа саналады.

Партиялық борышты орындауға шақырған бұл үндеуді меньшевиктік оппозицияның басшылары: Л. Мартовқа, П. Б. Аксельродқа, В. И. Засуличке, А. Н. Потресовқа, Л. Д. Троцкийге және басқаларға жіберуге ұйғарылған болатын. Алайда үндеу жіберілмей қалған, бұған, сірә, 1903 жылы октябрьдің ортасында өткен «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» съезінде меньшевиктік оппозициямен шиеленіскен күрес жүргізілуі себеп болса керек.— *31.*

Орталық Комитет мүшесі — Ф. В. Ленгник.— *31.*

«Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» екінші съезі 1903 жылы 13—18 (26—31) октябрьде Женевада өтті. Съезд меньшевиктердің талап етуі бойынша шақырылды; олар бұл съезді РСДРП II съезіне қарама-қарсы қойғысы келді. Шетелдік лиганың съезін шақыруға қарсы болып, В. И. Ленин былай деп жазды: «Лиганың съезі *қазір төбелес* үшін керектің бәрін де береді, ал іс үшін, яғни шетелдегі жұмыс үшін дәнеңе де бермейді» (Шығармалар, 34-том, 172-бет).

Шетелдік лиганың съезінде көпшілікті жақтаушы 18 даусы бар 15 адам (екінші мәжілістен кейін — 14) болды (В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Н. Э. Бауман, Н. К. Крупская, В. Д. Бонч-Бруевич, М. М. Литвинов және басқалар) және 22 даусы бар 18 меньшевик (екінші мәжілістен кейін — 19) болды (П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, Л. Мартов, Л. Д. Троцкий және басқалар). Съезге қатысушы бір адам, К. М. Тахтарев (2 дауыс), большевиктерге де, меньшевиктерге де қосылмады. Съезд мына мәселелерді талқылады: 1) Шетелдік лига әкімшілігінің баяндамасы (Л. Г. Дейч пен Н. К. Крупская); 2) Лига делегатының партияның II съезіндегі баяндамасы; 3) Лига уставы; 4) әкімшілікті сайлау.

Лиганың партия съезіне қатысқан делегаты — В. И. Лениннің баяндамасы күн тәртібінің негізгі мәселесі болды. Ленин өзінің баяндамасында РСДРП II съезінің жұмысын шолып шықты және меньшевиктердің оппортунизмін әшкерелеп, олардың съездегі әрекетінің принципсіздігін көрсетті. Шетелдік лига съезінде өзінің көпшілік екендігін пайдаланған оппозиция Лениннен кейін іле-шала қосымша баяндама жасау үшін Мартовқа сөз беруге шешім қабылдады. Мартов өзінің қосымша баяндамасында меньшевиктердің РСДРП II съезіндегі әрекетін қорғап, большевиктерге жалақорлық айыптар тақты. Ленин және көпшілікті жақтаушылар оппо-

зициямен бұдан әрі айтысудың мүлдем мүмкін еместігін және бос нәрсе екенін көрген соң бұл мәселе жөнінде бұдан былайғы жарыс сөздерге қатысудан бас тартып, съездің мәжілісін тастап шығып кетті. Съездің меньшевиктік көпшілігі партияның орталық мекемелерін қолға түсіріп алуға тырысып, күн тәртібінің екінші пункті бойынша үш қарар қабылдады, бұларда Лениннің ұйымдық мәселелер жөніндегі позициясына қарсы шықты және большевиктерге қарсы үнемі күрес жүргізуге шақырды.

Съезд сонымен бірге Шетелдік лиганың уставын қабылдады, оның бірқатар пункттері (Лиганың жалпы партиялық әдебиет шығаруы туралы, Лига әкімшілігінің Орталық Комитет пен Орталық Органның сыртынан басқа ұйымдармен қарым-қатынас жасауы туралы және басқалар) партия уставына қарсы бағытталды; оның үстіне, меньшевиктер Лига уставын РСДРП Орталық Комитетінің бекіту правосына шәк келтірді. Съезде болған РСДРП Орталық Комитетінің өкілі Ф. В. Ленгник Орталық Комитет атынан Лига уставының партия уставымен сәйкестендірілуін талап етті, ал оппозиция бұл талапты орындаудан бас тартқаннан кейін ол жиналысты заңсыз деп жариялады. Партия Советі Орталық Комитет өкілінің әрекетін мақұлдады (қараңыз: осы том, 66-бет.)

В. И. Ленин Шетелдік лиганың съезін «оппозицияның орталық орындарға қарсы шабуылының шырқау шегі» (осы том, 107-бет) деп атады. Лиганың II съезінен кейін меньшевиктер Лиганы партияға қарсы күрестің тірек пункті етті.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде Лениннің Шетелдік лиганың II съезінің жұмысына қатысты екі документі берілген: Лениннің Шетелдік лига съезінде РСДРП II съезі туралы жасаған баяндамасының конспект-жоспары және Лениннің Шетелдік лига съезінің бірінші мәжілісінде жасаған жазбалары.— *37*.

27 В. И. Лениннің бұл ескертпесі Л. Г. Дейчтің күн тәртібінің 3-пунктіне: «уставты жасау» деген сөздердің орнына — «уставты өзгерту» деп жазылсын деген ұсынысына жауап болып табылады. Лиганың *жаңа* уставын жасау туралы мәселенің принципті маңызы бар еді. Іс жүзінде әлі біртұтас партия болмаған кезде жасалған Лиганың ескі уставы (1901 жылғы) жаңа талаптарға сай келмейтін. РСДРП II съезінде қабылданған партия уставы правосы жағынан Лиганы партия комитеттеріне теңеді, алайда мұндағы бір айырмашылық сол — Лига орыс революциялық қозғалысына көмекті тек Орталық Комитет ерекше тағайындаған адамдар мен топтар арқылы ғана көрсете алатын болды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 73-бет). Ленин РСДРП II съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолында дәйектілікпен күресе отырып, Лига-

ның партия уставына сәйкес келетін жаңа уставын жасауды талап етті.— *39.*

28 Бұл арада әңгіме Л. Мартовтың партияның II съезі туралы қосымша баяндама жасау жөнінде өзіне рұқсат сұраған ұсынысы туралы болып отыр.— *39.*

29 Бұл арада Л. Мартовтың мына пайымдауы туралы айтылып отыр: партия съезінде Г. В. Плехановтың әрекеті түсініксіз болды: ол «Искраның» жеке мәжілістерінде бір нәрсені айтса, съезде екінші нәрсені айтты.— *42.*

30 Бұл арада әңгіме, сірә, Шетелдік лиганың екі мүшесінің бірі туралы: М. Н. Леман немесе П. Г. Смидович туралы болып отырса керек; бұлар Лиганың съезінен сәл бұрын Россияға қайтты да өз дауыстарын Н. Э. Бауманға беріп кетті.— *42.*

31 РСДРП II съезі күн тәртібінің жобасында 23-пунктті В. И. Ленин кейінірек 24-пункт етіп түзеген (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 432-бет).— *44.*

32 *Ұлт мәселесі жөніндегі рефератты* В. И. Ленин кейінірек «Искрада» бастыру үшін «Біздің программамыздағы ұлт мәселесі» деген мақала етіп дайындады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 258—268-беттер).— *44.*

33 *ППС* — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшылдық партия. Тәуелсіз Польша жолындағы күрес ұранымен қимыл жасай отырып, Пилсудский мен оның жақтастары басшылық еткен ППС поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді және оларды самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден бұрып әкетуге тырысты.

ППС-тің бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар пайда болып отырды. Олардың кейбіреулері кейін поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы ППС Поляк социалистік партиясы-«солшылдарға» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«революциялық фракция» дейтінге бөлінді.

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ ПК мен ЛСД-ның (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы) ықпалымен бірте-бірте дәйекті революциялық позицияларға көшті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» басым көпшілігі интернационалистік позиция ұстады және 1918 жылғы декабрьде ПК мен ЛСД-мен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (1925 жылға дейін Польша Коммунистік партиясы осылай аталып келді).

Оңшыл ППС бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұлтшылдық-шовинистік саясатты жүргізе берді; ол Галицияда поляк легиондарын құрып, олар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты.

Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылған соң оңшыл ППС 1919 жылы Польшаның бұрын Германия мен Австрия басып алған территориясында болған ППС бөлімдерімен бірікті, сөйтіп қайтадан ППС деп аталатын болды. Үкімет басына келген соң бұл партия өкіметтің поляк буржуазиясының қолына көшуіне көмектесті, содан кейін ұдайы антикоммунистік насихат жүргізіп, Совет еліне қарсы агрессия жасау саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдап отырды. ППС-тің бұл саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып жатты.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен кейін (1926 жылғы май) ППС формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, ал іс жүзінде фашистік тәртіпке қарсы белсенді күрескен жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты жүргізе берді. ППС-тің солшыл элементтері бұл жылдары поляк коммунистерімен ынтымақтасып, бірқатар науқандар кезінде біртұтас майдан тактикасын қолдады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде ППС тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деген атқа ие болған реакцияшыл, шовинистік бөлігі Лондондағы реакцияшыл эмиганттық поляк «үкіметіне» қатысты. ППС-тің өзін «Польша социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлігі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы халықтық күрес майданына қосылды, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді және СССР-мен достық байланыстар орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлігі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт азаттығы комитеті құрылғаннан кейін, ПСЖП тағы да ППС деген ат алып, ПЖП-мен бірге халықтық-демократиялық Польшаны құруға қатысты. 1948 жылы декабрьде ПЖП мен ППС бірікті де, Польша біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *44.*

34 *«Искраның» орыс ұйымы* Россияда жұмыс істейтін искрашылдарды біріктірді. Газетті шығаруға әзірлік кезінің өзінде және ол шыға бастаған алғашқы жылы (1900 жылғы декабрь — 1901 жылғы декабрь) «Искра» агенттерінің жүйесі құрылған болатын, Россияның әр түрлі қалаларында жұмыс істеген бұл агенттер — П. Н. және О. Б. Лепешинскийлер, П. А. Красиков, А. М. Стопани, Г. М. және З. П. Кржижановскийлер, С. И. және Л. Н. Радченколар, А. Д. Цюрупа, Н. Э. Бауман, И. В. Бабушкин және басқалар. Бірқатар қала-

ларда (Петербург, Псков, Самара, Полтава және басқалар) «Искраға» жәрдемдесу топтары құрылды.

Искрашылдардың қызметі «Искраны» шығаруға ақша жинау, «Искра» редакциясына хат-хабарлар жіберу, газетті тасымалдау, тарату және «Искраны» Россияда бастыруға қажетті техниканы ұйымдастыру болды. Бұл дәуірде искралық топтардың да, жеке агенттердің де бір-бірімен байланысы әлі нашар еді, сондықтан негізінен «Искра» редакциясымен тікелей қатынас жасады.

Революциялық қозғалыстың өсуі, сондай-ақ практикалық жұмыстың өскелең көлемі искрашылдардың күштерін біріктіріп, олардың жұмысына жоспарлылық пен ұйымшылдықты енгізу қажеттігін қатты алға қойды, мұның өзі басты міндетті шешуге —«экономистер» таратып отырған майдагерлікті жойып, социал-демократиялық комитеттерді «Искра» жағына шығарып алуға жәрдемдесетін еді. Осыған байланысты Ленин Россияның социал-демократиялық ұйымдарын біртұтас орталықтанған маркстік партияға біріктіру ісін әзірлейтін жалпы россиялық искралық ұйым құру жоспарын ұсынды. Бұл жоспарды Ленин әуелі «Неден бастау керек?» (1901 жылғы май) деген мақалада баяндады, ал содан кейін ол «Не істеу керек?» (1901 жылдың күзі —1902 жылдың февралі) деген кітапшасында егжей-тегжейлі талдау жасады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 1—13-беттер және 6-том, 1—211-беттер).

Россияда біртұтас искралық ұйым жоспарын жүзеге асырғанда Ленинге және оның жақтастарына жекелеген искрашыл-практиктер арасындағы жергілікшілдік (облысшылдық) тенденцияларды жеңуге тура келді. «...Мынаны айтуға тиіспіз,— деп жазды Ленин 1901 жылғы июльде С. О. Цедербаумға жолдаған хатында,— затында «Искраның» россиялық ұйымының қандай да болсын аудандық немесе жергілікті орган шығару жөніндегі қандай да болсын жоспарын біз сөзсіз теріс және зиянды жоспар деп есептейміз. «Искра» ұйымы күштерді бұл ұйымсыз да керегінен көп болып отырған *бөлшектеу* үшін емес, «Искраға» көмек етіп, дамыту үшін, осы арқылы партияны *біріктіру* үшін өмір сүреді» (Шығармалар, 34-том, 66-бет).

1902 жылы январьда Самарада искрашылдардың съезі болды, оған Г. М. және З. П. Кржижановскийлер, Ф. В. Ленгник, М. А. Сильвин, В. П. Арцыбушев, Д. И. және М. И. Ульяновтар және басқалар қатысты. Осы съезде «Искраның» россиялық ұйымының бюросы құрылды. Қабылданған шешімдерде «Искра» ұйымы мүшелерінің өзара және «Искра» редакциясымен байланыс жасау тәртібі, ақша жинау және қаржы бөлу тәртібі, искрашылдардың социал-демократиялық комитеттер мен жергілікті баспасөз органдары жөніндегі міндеттері белгіленді. Негізгі міндетті — комитеттерді «Искра» ұйымдарына қосып, оны жалпы партиялық орган деп тану міндетін — жүзеге асыру үшін Россияның әр түрлі аудандарын

аралап шығу ұйғарылды. «...Сіздердің бастамаларыңыз,— деп жазды В. И. Ленин съезді ұйымдастырушыларға,— біздерді қатты қуантты. Ура! Нақ осылай болуы керек! Кеңірек қамтыңыздар! Дербесірек, белсендірек әрекет етіңіздер — бірінші болып, бұлай кеңінен бастаған сіздерсіздер, демек, жалғасы да табысты болады!» (Лениннің VIII жинағы, 221-бет).

Съездің шешімдерін жүзеге асыру 1902 жылы февральда бірқатар искрашылдардың қамауға алынуынан қиындады. Соған қарамастан, Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабымен қаруланған искрашылдар партияны құрудың лениндік жоспарын насихаттап, жүзеге асыру жөніндегі жігерлі қызметті өрістете түсті. «Искраның» россиялық ұйымы революциялық марксизм принциптері негізінде партия ұйымдарының іс жүзіндегі бірлігін жасауда зор нәтижелерге жетті. 1902 жылдың аяғына қарай аса маңызды социал-демократиялық комитеттердің бәрі дерлік өздерінің «Искрамен» ынтымақтас екенін мәлімдеді.

Искрашылдардың мейлінше белсене қатысуымен 1902 жылы 2—3 (15—16) ноябрьде Псковта болған кеңесте партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитеті құрылып, искралық ұйымдар өз байланыстарының бәрін осы комитетке табыс етті. «Искраның» партияның II съезіне дейін өмір сүрген россиялық ұйымы Россияда революциялық маркстік партияны құрған съезді әзірлеу және шақыру ісінде маңызды роль атқарды.— *45.*

35 Бұл арада әңгіме съездің делегаты Е. Я. Левин (Егоров) туралы болып отыр.— *46.*

36 В. И. Ленин бұл мәлімдемені Шетелдік лиганың II съезінің 3-мәжілісінде Л. Мартов қосымша баяндама жасағаннан кейін іле-шала оқып берді. Кейіннен, Мартов 1903 жылғы 16(29) ноябрьде жазған хатында Лениннің адалдығы мен ақниеттілігіне өзінің күмәнданбайтыны жөнінде мәлімдеме жасауға мәжбүр болған соң, Мартовтың жалақорлық мәлімдемелерін тексеретін аралық сот туралы мәселе алынып тасталды.— *56.*

37 Бұл арада әңгіме Троцкийдің сөйлеген сөзі туралы болып отыр, ол Лиганың талқыланып отырған уставының жобасын РСДРП Орталық Комитетінен тыс бекітуге Шетелдік лиганың праволы екенін әр түрлі софизмдер арқылы және партия уставын бұрмалап түсіндіру арқылы дәлелдеуге тырысты.— *58.*

38 Бұл арада партияның II съезінде қабылданған РСДРП уставының 6-параграфы туралы айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 72-бет).— *58.*

39 Л. Е. Гальпериннің (Конягиннің) қарарында Лига уставы оны Орталық Комитет бекіткен кезден бастап қана күшіне енеді деп жазылған, мұны большевиктер жақтады. РСДРП уставына сәйкес жазылған бұл қарар партиядағы демократиялық централизм принциптерін қорғады.

Лига съезінің оппортунистік көпшілігі қабылдаған Мартовтың қарары Шетелдік лига өз ұйымының уставын партияның Орталық Комитеті оны алдын ала бекітпей-ақ қабылдауға праволы дегенге сүйенді.— *60.*

40 *«Тапсырылмаған мәлімдемені»* В. И. Ленин Мартовтың РСДРП II съезі туралы қосымша баяндамасында большевиктерге тағылған жалақорлық айыптарға байланысты Шетелдік лиганың II съезіне енгізу үшін жазған. Лига съезінің 1903 жылғы 16(29) октябрьде болған мәжілісінде Ленин қысқаша ауызекі мәлімдеме жасаумен шектелді (қараңыз: осы том, 57-бет). Документтің атын Ленин кейініректе қойған.— *61.*

41 Бұл арада әңгіме Ф. В. Ленгник туралы болып отыр, ол съезд қабылдаған Лига уставын РСДРП уставымен сәйкестендіруді Шетелдік лига съезінің 1903 жылғы 18 (31) октябрьдегі мәжілісінде Орталық Комитеттің атынан талап етті. Оппозицияның бұл талапты орындаудан бас тартуы себепті Ленгник жиналысты заңсыз деп жариялап, өзге большевиктермен — Лига мүшелерімен бірге съезден кетіп қалды.— *66.*

42 *«Партия Советінің мүшесі және Орталық Орган редакциясының мүшесі қызметінен бас тартқаным туралы мәлімдемені»* В. И. Ленин Г. В. Плеханов меньшевиктерге көріне бет бұрып, «Искраның» РСДРП II съезі қабылдамай тастаған бұрынғы редакторларының бәрін редакцияға кооптациялауды ұсынғаннан кейін тапсырған болатын.

Ленин Орталық Орган редакциясына өзінің редакциядан шығатыны туралы мәлімдемені «Искрада» басу жөнінде 5 (18) ноябрьде өтініш жасады (қараңыз: осы том, 91-бет). Редакцияның өз құрамындағы өзгерістер туралы хабары меньшевиктік жаңа «Искраның» 1903 жылғы 25 ноябрьдегі 53-номерінде басылды.— *67.*

43 *«Die Arbeiterstimme»* («Жұмысшы Үні») — газет, Бундтың орталық органы, 1897—1905 жылдары Россияда еврей тілінде шығарылып тұрды (№ 14 шетелде басылды). Барлығы 40 номер шығарылды. Ұзақ үзілістен кейін Бундтың жария апталық органы түрінде 1917 жылы қайта шыға бастады. Шығарылуы 1918 жылы тоқтатылды.— *68.*

44 Бұл арада РСДРП I съезінің Бунд «партияға автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының

қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан баспасы», 1971, 14-бет) деген қарары туралы айтылып отыр. — *68.*

[45] Ленин Гётенің «Фаустынан» Мефистофельдің шәкіртіне айтқан сөзін келтіріп отыр (қараңыз: Гёте. Шығармаларының он үш томдық жинағы. V том. М., 1947, 118-бет).— *74.*

[46] Бундтың РСДРП Екатеринослав комитетіне қарсы күресінің бір оқиғасын В. И. Ленин «Еврей пролетариатына «дербес саяси партия» керек пе?» деген мақаласында баяндап берген-ді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 126—132-беттер).— *74.*

[47] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 416-бет.— *75.*

[48] *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығарылып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін — К. Каутский, одан кейін — Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген және басқа еңбектері тұңғыш рет жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына кеңесін беріп, үнемі көмектесіп отырды және журналда марксизмнен ауытқушылыққа жол берілгені үшін оны талай рет сынады. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғындағы — XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Г. В. Плеханов, П. Лафарг және басқалары жазып тұрды. 90-жылдардың екінші жартысынан былайғы жерде, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын ашқан Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары үнемі басылып келді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал іс жүзінде социал-шовинистерді қолдай отырып, центристік позицияда болды.— *76.*

[49] Бұл арада Альфред Накэнің «Дрюмон мен Бернар Лязар» деген мақаласынан цитат алынып отыр, бұл мақала 1903 жылғы 24 сентябрьде француз социал-реформистерінің сол кездегі органы — Париждің «La Petite République» («Шағын Республика») газетінде жарияланды. Газет 1875 жылдан шығарыла бастады. Газетке Ж. Жорес, А. Э. Мильеран және басқа француз саяси қайраткерлері қатысып тұрды.— *76.*

50 *«Халықшылданушы буржуазия мен сасқалақтаған халықшылдық»* деген мақаласында В. И. Ленин либералдардың Л.-дің мақаласында («Освобождение» № 9(33), 19 октябрь (1 ноябрь), 1903 жыл) баяндалған аграрлық программасын және социалист-революционерлердің П. Новобранцевтің мақаласында («Революционная Россияның» 1903 жылғы 15 (28) сентябрь мен 1(14) октябрьдегі 32 және 33-номерлері) баяндалған халықшылдық аграрлық программасын сын көзбен талдамақшы болды. Алайда Ленин өз жоспарының тек алғашқы бөлегін ғана жүзеге асыра алды: мақаланың (Новобранцевтің көзқарастарын сынаған) жалғасы жазылмады. Халықшылдық аграрлық программаны сынаған материал мақала жоспарларының сақталған нұсқаларында бар (қараңыз: осы том, 488—494-беттер). КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде «Халықшылданушы буржуазия мен сасқалақтаған халықшылдық» деген мақалаға арналған дайындық материалдар арасында осы мақала аттарының Ленин жазған мынадай нұсқалары бар:

«Буржуазиялық халықшылдық пен халықшылдық маниловшылдық.

Халықшылданушы буржуазия мен халықшылдық утопия.

Халықшылдық либерализм мен халықшылдық утопия.

Буржуазиялық байсалдылық пен халықшыл маниловшылдық.

Халықшылданушы буржуазия мен сасқалақтаған халықшылдық».

Мақала атының екінші нұсқасында «халықшылдық утопия» деген сөздер сызылып, ал үшінші және төртінші нұсқалары толық сызылып тасталған.

«Халықшылданушы буржуазия мен сасқалақтаған халықшылдық» деген мақала Лениннің «Искрада» басылған соңғы мақаласы болды.— *81.*

51 *«Освобождение»* («Азаттық»)— 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін шетелде П. Б. Струвенің редакциялауымен екі аптада бір рет шығарылып тұрған журнал. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды да, баяу-монархияшыл либерализмнің идеяларын дәйекті түрде жүзеге асырып отырды. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» топтасты (және 1904 жылы январьда қалыптасты), ол 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. «Освобождениешілдер» конституцияшыл-земствошылармен бірге Россиядағы негізгі буржуазиялық партияның — 1905 жылы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттер партиясының) ұйтқысы болды.— *82.*

52 *«Революционная Россия»* («Революцияшыл Россия»)— эсерлердің құпия газеті; 1900 жылдың аяғынан бастап Рос-

сяда «Социалист-революционерлер одағы» шығарып тұрды (1900 жылы шықты деп көрсетілген 1-номері іс жүзінде 1901 жылы январьда шығарылды). 1902 жылдың январынан 1905 жылдың декабріне дейін шетелде (Женева) социалист-революционерлер партиясының ресми органы ретінде шығып тұрды.— *83.*

53 *«Басып шығарылмаған мәлімдеме»* — РСДРП Орталық Комитеті қарарының Орталық Комитеттің 1903 жылғы 14(27) ноябрьдегі мәжілісінде В. И. Ленин ұсынған жобасы. Орталық Комитеттің кейбір мүшелерінің меньшевиктерге ымырашылдықпен қарауы салдарынан бұл қарар жүзеге асырылмады. Кейініректе бұл документті Ленин басып шығарылмаған мәлімдеме деп атаған.— *92.*

54 *Орталық Комитеттің ультиматумы* меньшевиктерге 1903 жылы 12(25) ноябрьде қойылды. В. И. Ленин 1903 жылғы 22 октябрьдің (4 ноябрьдің) өзінде-ақ Орталық Комитетке хат жолдап, меньшевиктерге мынадай шарттар қоюды ұсынды: 1) Орталық Органның редакциясына бұрынғы үш редакторды коопациялау; 2) Шетелдік лигада бұрынғы жағдайды қалпына келтіру; 3) партия Советінде меньшевиктерге бір дауыс беру. Бұл әуелгі шарттарды Орталық Комитеттің ымырашыл бөлегі қолдамады. Дәл сол хатында Ленин ультиматумның негізгі пункттерін, яғни Орталық Комитет тарапынан меньшевиктерге берілуі мүмкін практикалық жеңілдіктерді белгілеп, бір мезгілде бекітуді, бірақ әзірше меньшевиктерге хабарламауды ұсынды, ол пункттер мыналар: 1) «Искра» редакциясына бұрынғы төрт редакторды кооптациялау; 2) Орталық Комитеттің қалауы бойынша Орталық Комитетке оппозицияның екі мүшесін кооптациялау; 3) Шетелдік лигада бұрынғы жағдайды қалпына келтіру; 4) партия Советінде меньшевиктерге бір дауыс беру. «Ультиматумды қабылдамаған күнде,— деп көрсетті Ленин,— ақырына дейін соғысу. Қосымша шарт: 5) партияның II съезінде және одан кейін болған дау-шар жөніндегі даттаудың, керістің және әңгімелердің бәрін тоқтату» (Шығармалар, 34-том, 183-бет). Лениннің бұл ұсыныстары (қосымша шарттан басқасы) Орталық Комитеттің 12(25) ноябрьдегі ультиматумының мазмұнына енгізілді, бірақ Орталық Комитеттің ымырашыл пиғылдағы мүшелері біршама жұмсартыңқырап жіберді.

Г. В. Плеханов көп көмек көрсеткен меньшевиктер осы ультиматумнан кейін келесі күні Орталық Органның редакциясына ескі редакторлардың бәрін кооптациялап, Орталық Комитеттің ультиматумын жоққа шығарды, сөйтіп партия көпшілігіне қарсы ашықтан-ашық күресу жолына түсті.

Орталық Комитеттің ультиматумына В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында баға берді (қараңыз: осы том, 389—390-беттер).— *92.*

55 *«Шетелдік лига әкімшілігіне, партияның көмектесуші топтарына, партияның шетелдегі барлық мүшелеріне РСДРП Орталық Комитеті хатының»* жобасында Ленин мынадай сөздер (сірә, Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі Ф. В. Ленгникке арналған болуы керек) жазған: «Хаттың жобасын оқығаннан кейін қайтарып жіберерсіз, ешкімге көрсетпеңіз». Сірә, хат жіберілмей қалса керек, бірақ Россиядағы революциялық қозғалысты шетелден қолдап отырудың осы хатта белгіленген жоспары асылында Орталық Комитеттің шетелдегі жұмысының арқауы болды.— *94.*

56 *««Искра» редакциясына хатты»* В. И. Ленин Г. В. Плехановтың «Искраның» 1903 жылғы 7 ноябрьдегі 52-номерінде басылған «Нені істемеу керек» деген мақаласына жауап ретінде жазды. Томның «Дайындық материалдар» бөлімінде Лениннің осы хаты мазмұнының нобайы келтірілген.— *98.*

57 *Пошехонье* — патриархтық ескі әдет-ғұрып пен тұрмыс салты жайлаған провинциялық меңіреу түкпірдің синонимі. Бұл сөз М. Е. Салтыков-Щедриннің «Пошехонье ескілігі» деген шығармасы арқылы тарап кеткен; бұл шығармада «Пошехоньенің меңіреу түкпіріне тығылып алып, кіріптар адамдардан ың-жыңсыз алым жинап, жайлап өсіп-өрби берген» поместьелік дворяндардың тұрмысы суреттелді. Ұлы сатирик надандық пен зорлық-зомбылық жайлаған дүниені ащы тілмен келемеждеп, әшкерелеген-ді.— *100.*

58 В. И. Лениннің «Искра» редакциясына жазған *«Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?»* деген хаты меньшевиктердің РСДРП II съезіндегі және съезден кейінгі кезеңдегі оппортунистік тактикасын, солардың іріткі салушылық әрекетін әшкерелеуде үлкен роль атқарады. «Хатты» Орталық Органның меньшевиктік редакциясы «Искрада» басудан қорқақтықпен бас тартқаннан кейін большевиктер оны 1903 жылы декабрьде Женевада бөлек листок етіп шығарды. Осы документтің жарыққа шығуына байланысты В. И. Ленин Н. Е. Вилоновқа былай деп жазды: ««Искра» редакциясына хатты» (Мен редакциядан неліктен шықтым?) жеке листок етіп басып шығарттым — мен онда өзіміздің не үшін айрылысқанымызды қысқаша баяндадым, сөйтіп «Искраның» 53-номерінде істің қалай теріс суреттелінгенін көрсетуге тырыстым (53-номерден бастап редакцияда азшылықтың төрт өкілі және де Плеханов болды). Бұл хат (8 беттік бір кішкене баспа табақ) жақында Сіздің қолыңызға тиіп қалар деп сенемін, өйткені Россияға оны алып кетті де, оны тарату да, сірә, қиын бола қоймас» (Шығармалар, 34-том, 203-бет).

Лениннің «Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?» деген хаты Россияда кеңінен тарады, мұнда хат жасырын түрде қайтадан басып шығарылған-ды. Полицияның 1904—1905 жылдардағы документтерінде бұл «Хаттың» тін-

ту және тұтқындау жүргізілген кездерде Москвада, Харьковта, Тулада, Томскіде, Ригада, Николаевта, Полтавада, Астраханьда, Донбаста табылғандығы айтылған.— *103.*

59 Бұл арада РСДРП II съезі мен Шетелдік лиганың II съезі протоколдарының (съезге жергілікті жерлерден тапсырылған баяндамалар ғана алынып тасталып, «толық күйінде») алдағы уақытта жарыққа шығатыны жайында «Искраның» 1903 жылғы 25 ноябрьдегі 53-номерінде жарияланған хабар туралы айтылып отыр.— *104.*

60 Л. Мартов қолдап отырған кандидатура — меньшевик Е. М. Александрова; «искрашыл емес элементтердің бір лидері»— В. Н. Розанов, «искрашыл азшылықтың бір лидері»— Л. Д. Троцкий.— *105.*

61 РСДРП II съезінен кейін көп кешікпей, меньшевиктер партияға басшылықты қолға түсіріп алуға тырысып, өздерінің партияға қарсы астыртын ұйымын құрды. 1903 жылы сентябрьде Женевада партия көпшілігі мен басқарушы орталықтарынан жасырын түрде Мартов, Потресов және басқа оппозиция лидерлері бастаған 17 меньшевиктің фракцияшылдық кеңесі болды. Троцкий мен Мартов жазған қарарда партия көпшілігіне және РСДРП II съезі сайлаған партия орталықтарына қарсы күресу жоспары белгіленді. Кеңес оппозицияның ықпалын күшейту және партияның жоғары мекемелерінің құрамын өзгерту ниетін көздеп, күрестің қандай құралдарын қолданудан болсын тартынбауды ұсынды. Оппозиция мүшелеріне Орталық Комитеттің басшылығымен жұмыс істеуден бас тарту, «Искраға» бойкот жасау, редакцияның ескі құрамын қалпына келтіруге тырысу ұсынылды. Кеңесте «Искраның» бұрынғы редакторларынан әдебиетшілер тобы құрылды, оның мақсаты меньшевиктерді біріктіру және меньшевиктік оппозицияның оппортунистік идеяларын насихаттау болды.— *106.*

62 *«Aus der Weltpolitik»*— («Дүние жүзілік Саясат Саласынан») — Парвус басып шығарып келген апталық листок; 1898 жылдан 1905 жылға дейін Мюнхенде шығарылып тұрды.— *107.*

63 Бұл арада РСДРП Орталық Комитетінің 1903 жылғы 16(29) ноябрьде Шетелдік лига әкімшілігіне жолдаған хаты туралы айтылып отыр; бұл хатта былай делінген: «Лига жөнінде қолданылған шаралар қазір қажетсіз болып қалған ерекше жағдайлардан туған еді» (Лениннің VII жинағы, 286-бет). Орталық Комитет осы хат арқылы Лига әкімшілігіне Лиганың II съезінде қабылданған уставтың кейбір пункттерінің тұжырымдарымен келіспейтінін, «әйткенмен, мұнда партияның ұйымдық уставына сәйкес келмейтін принципті ештеңе де жоқ деп білетінін» (бұл да сонда) хабарлады. Іс жүзінде мұ-

ның мәнісі Шетелдік лиганың уставын бекіту және Лиганың II съезінде сайланған оның әкімшілігін тану деген сөз еді. Орталық Комитеттің ымырашыл бөлегі тарапынан меньшевиктерге жасалған бұл жеңілдік партияда татулық орнауына жеткізген жоқ, сондықтан мұны большевиктер саяси қате деп бағалады.— *107.*

64 Әңгіме В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін (Біздің партиямыздағы дағдарыс)» (қараңыз: осы том, 199—442-беттер) деген кітабы туралы болып отыр.— *111.*

65 *«Партия мүшелеріне»* деген үндеудің бұл жобасының жазылуына «Искраның» 1904 жылғы 1 январьдағы 56-номерінде басылған Л. Мартовтың «Кезекте. (Үйірме ме әлде партия ма?)» деген мақаласы тікелей түрткі болды. «Партия мүшелеріне» деген үндеу ол кезде жарияланбаған.— *113.*

66 *РСДРП Советінің* 1904 жылғы 15(28) январьдан 17(30) январьға дейін Женевада өткен мәжілісі «Орталық Комитет пен Орталық Органның партия әдебиетін шығару жөніндегі қызметін үйлестіру шараларын талқылау мақсатымен Орталық Орган өкілдерінің инициативасы бойынша шақырылған еді» (Лениннің X жинағы, 181-бет — Совет мәжілістерінің протоколдары). Советтің мәжілістеріне В. И. Ленин, Ф. В. Ленгник, Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод және Л. Мартов қатысты.

Лениннің ұсынысы бойынша партия Советі әуелі партияда татулықты қалпына келтіру шаралары туралы мәселені күн тәртібіне қойып, талқылауды шешті. Орталық Комитеттің атынан Ленин 15(28) январьда осы мәселе жөніндегі қарардың жобасын енгізді (қараңыз: осы том, 120—123-беттер). Жарыс сөзде бұл қарарға меньшевиктердің теріс көзқарасы анықталған кезде, Ленин мен Ленгник 16(29) январьда партияда татулықты қалпына келтіру жөніндегі қарардың басқа жобасын ұсынды (қараңыз: осы том, 153-бет); бұл жобаны Совет үш дауыспен (Ленин, Ленгник, Плеханов) қабылдады, екі дауыс (Мартов, Аксельрод) қарсы болды. Алайда партияда татулықты қалпына келтіру жөніндегі мәселені нақты талқылаудың орнына, Лениннің қарсылық білдіруіне қарамастан, Совет Плехановтың қарарын дауысқа қоюға көшті; бұл қарарда Орталық Комитетке меньшевиктерді кооптациялау талап етілген-ді. Қарар Плехановтың, Мартовтың және Аксельродтың дауыс беруімен қабылданды. Осыған байланысты Орталық Комитеттің өкілдері (Ленин мен Ленгник) 17(30) январьда партияның II съезі көпшілігінің еркін ескерусіз қалдырған Плехановтың қарары айыпталған ерекше пікірлерін ұсынды. Ерекше пікірдің текстін В. И. Ленин жазды (қараңыз: осы том, 155—156-беттер).

Меньшевиктер партияда татулық орнауын көздеген әрекеттердің бәрін іске асыртпай тастағаннан кейін Ленин туып

отырған жағдайдан шығудың бірден-бір жолы ретінде партияның III съезін шақыру туралы қарардың жобасын ұсынды (қараңыз: осы том, 164-бет). Плеханов, Мартов және Аксельрод бұл қарарды қабылдатпай тастады, сөйтіп партия съезін шақыруға қарсы Мартовтың қарары қабылданды.

Орталық Комитет өкілдері мен меньшевиктер арасында партия әдебиетін шығару туралы мәселе жөнінде де келісімге қол жетпеді. Бұл мәселе жөнінде В. И. Ленин ұсынған қарарларды қабылдамай, партия Советі меньшевиктік «Искра» редакциясының жікшілдік, іріткі салушылық қызметін мақұлдаған қарарды қабылдады.

Советтің 1904 жылғы январьдағы мәжілістері Плехановтың меньшевиктер жағына шығуына байланысты РСДРП Советі меньшевиктердің партияға қарсы күресу құралына айналғанын көрсетті.— *117.*

67 Бұл арада («Искраны» меньшевиктер тартып алғаннан кейін) Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі Ф. В. Ленгниктің арасында меньшевиктердің жікшілдік әрекетіне байланысты жазысқан хаттар туралы айтылып отыр.— *124.*

68 Әңгіме Г. В. Плеханов қарарының жобасы туралы болып отыр, бұл жобада меньшевиктерді Орталық Комитеттің құрамына кооптациялау ұсынылған-ды.— *129.*

69 1903 жылғы 12(25) ноябрьдегі ультиматумда Орталық Комитет азшылықтың екі мүшесін Орталық Комитеттің құрамына кооптациялауды ұсынды. Ол кезде Орталық Комитетке В. И. Ленин, Ф. В. Ленгник, Г. М. Кржижановский, В. А. Носков, Ф. В. Гусаров, Р. С. Землячка, Л. Б. Красин, М. М. Эссен мен Л. Е. Гальперин кірген еді.— *133.*

70 *«Орталық Комитеттің қағазы»* (сондай-ақ *«Орталық Комитеттің актісі», «25 ноябрьдегі документ»)*— Орталық Комитеттің 1903 жылғы 12(25) ноябрьдегі ультиматумы.— *140.*

71 Бұл арада әңгіме партия Советінің председателі Г. В. Плехановтың В. И. Ленин сөйлеп тұрған кездегі теріс қылығы туралы болып отыр. Плеханов Лениннің сөзін бөліп тастап, күн тәртібі жөнінде ұсыныс енгізу үшін сөз сұрайды-мыс деген сылтаумен Мартовқа сөз берген-ді.— *141.*

72 Орталық Комитеттің мүшесі Ф. В. Ленгник (Васильев) «Искра» редакциясына жіберген 1903 жылғы 29 ноябрьдегі (12 декабрьдегі) хатты В. И. Ленин жазды (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 209—210-беттер).— *143.*

73 Орталық Комитеттің бұл мүшелері Орталық Комитеттің шетелдегі ресми өкілі Ф. В. Ленгник және 1903 жылғы ноябрьде меньшевиктермен келіс сөз жүргізу үшін Швейцарияға арнайы барған Г. М. Кржижановский еді.— *144.*

74 Бұл ескертпенің В. И. Лениннен бұрын сөйлеген П. Б. Аксельродтың сөздеріне қатысы бар. Жеке әңгімелерге сілтеме жасауға Лениннің қарсылығын еске сала келіп, Аксельрод тек қағаз бетіне түсірілген келісімдер ғана күшінде болады деген мәлімдемені қорлаушылық деп есептейтінін айтты.— *145*.

75 Мәселен, Саратов және Одесса комитеттері Шетелдік лигаға жеңілдік жасағаны үшін Орталық Комитетті мінеп өтті, Лиганың II съезіндегі әрекеті үшін меньшевиктерді сынады. Бұл комитеттердің қарарлары Н. Шаховтың мына кітапшасында жарияланды: «Съезд үшін күрес», Женева 1904, 28-бет.— *147*.

76 Бұл арада Г. В. Плехановтың сөйлеген сөзі туралы айтылып отыр, ол Г. М. Кржижановский (Травинский) менімен келіс сөз жүргізгенде редакцияға меньшевиктерді кооптациялаған күнде Орталық Орган редакциясының құрамы дұрыс болатынын мойындады деді. Өзінің осы пайымдауына орай Плеханов былай деп мәлімдеді: «Ал егер менің сөздерімнің ақиқаттығы күдік тудыратын болса, онда мен баяғыда бір министрдің сөздеріне дау айтқан Луи Филиппке оның берген жауабын айтамын: мен бұл осылай болған деймін. Сіз олай емес дейсіз. Францияның кімге сенетінін көрейік» (Лениннің Х жинағы, 238-бет).— *149*.

77 Бұл арада партияда татулықты қалпына келтіру шаралары жөніндегі қарардың жобасы туралы айтылып отыр. Ленин өз қарарының РСДРП Орталық Комитетінің құрамына меньшевиктерді кооптациялауды ұсынған Г. В. Плехановтың қарарынан бұрын дауысқа қойылуын талап етті.— *152*.

78 Бұл арада әңгіме В. И. Ленин мен Г. В. Плехановтың қарарларына дауыс беру мәселесі жөнінде Л. Мартовтың сөйлеген сөзі туралы болып отыр. Лениннің өз қарарын дауысқа бірінші етіп қоюды талап етуге заңды правосын мойындай келіп, Мартов сонымен қатар мәселенің қойылысын былайша өзгертуді ұсынды: 1) партияның барлық мүшелеріне арнап үндеу басып шығару керек пе екен? 2) Плехановтың нақты ұсынысы.— *152*.

79 Л. Мартовтың қарары Г. В. Плехановтың меньшевиктерді РСДРП Орталық Комитетіне кооптациялау туралы қарарын партия Советінің қабылдауына байланысты Орталық Комитеттің өкілдері В. И. Ленин мен Ф. В. Ленгниктің 1904 жылғы 17 (30) январьда ұсынған ерекше пікіріне (қараңыз: осы том, 155—156-беттер) қарсы бағытталды. Мартов өзінің қарарында Ленин мен Ленгниктің ерекше пікір ұсынғанын олардың бетіне басуды ұсынды. Жарыс сөздің барысында Мартов өзінің қарарын қайтып алуға мәжбүр болды, сөйтіп Плехановтың формасы жағынан біршама өзгешелеу қарары-

на қосылды, бұл қарар меньшевиктердің дауыс беруімен қабылданды.— *159.*

[80] Бұл арада РСДРП II съезі партияның программасын қабылдағаннан кейін Г. В. Плехановтың сөйлеген сөзі туралы айтылып отыр (қараңыз: «РСДРП екінші съезі. Протоколдар». М., 1959, 258-бет).— *162.*

[81] Бұл арада Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі Ф. В. Ленгниктің «Искра» редакциясына жіберген 1903 жылғы 19 декабрьдегі (1904 жылғы 1 январьдағы) және 1903 жылғы 26 декабрьдегі (1904 жылғы 8 январьдағы) хаттары туралы айтылып отыр (Лениннің X жинағы, 124 және 130—132-беттер). Бұл хаттардың алғашқысын Ленгник, екіншісін Ленгникпен бірлесіп Ленин жазған (Ленин жазған хаттың бір бөлігін — қараңыз: Шығармалар, 34-том, 220 — 221-беттер).— *165.*

[82] В. И. Ленин И. Х. Лалаянцтің Н. К. Крупскаяға 1903 жылғы 24 декабрьде (1904 жылғы 6 январьда) жазған хатынан үзінді келтіріп отыр. Төменде Л. Б. Красиннің РСДРП Орталық Комитетінің шетелдік бөліміне 1904 жылғы 1 (14) январьда жазған хатынан үзінді келтірілген.— *167.*

[83] Бірінші хатта Орталық Комитет экспедициясының меңгерушісі М. Лейбович меньшевиктік «Искра» редакциясынан мынаны өтінді: редакция алып тұратын «Искраның» 50 данасы қайда жіберіледі, Орталық Комитетке есеп беру үшін осыны маған хабарлаңыздар. Редакция бұл деректерді хабарлаудан бас тартып, жіберілетін газеттердің санын көбейте түсуді талап етті. Екінші хатта Орталық Комитет экспедициясының меңгерушісі мартовшылдарға Орталық Комитеттің рұқсатынсыз «Искраны» редакцияға бөлінетін 50 данадан артық беруден бас тартты.— *168.*

[84] В. И. Ленин Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі Ф. В. Ленгниктің атынан «Искра» редакциясына 1903 жылғы 14 (27) декабрьде жолданған хаттан үзінді келтіріп отыр. Хатты Ленин жазған (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 209—210-беттер).— *169.*

[85] *«Vorwärts* («Алға») — күнделік газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; 1884 жылдан шығарылып келген «Berliner Volksblatt»» («Берлиндегі Халық Газеті») газетінің жалғасы ретінде «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен партияның Галль съезінің қаулысы бойынша Берлинде 1891 жылдан шыға бастады. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts» редакциясы

партияның оң қанатының қолында қалды, сөйтіп онда оппортунистердің мақалалары үзбей басылды. РСДРП-дағы оппортунизмге және ревизионизмге қарсы күресті бір жақты көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», ал партия жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерді жақтады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басып, Ленин мен большевиктердің ол мақалаларды теріске шығаратын және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалайтын мақала бастыруына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *169.*

86 В. И. Ленин Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі Ф. В. Ленгниктің атынан «Искра» редакциясына 1903 жылғы 26 декабрьде (1904 жылғы 8 январьда) жіберілген хаттан үзінді келтіріп отыр. Хаттың үзінді келтірілген бөлігін Ленин жазған (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 220—221-беттер).— *170.*

87 *Староверdің ультиматумы* — А. Н. Потресовтың 1903 жылы 21 октябрьде (3 ноябрьде) Г. В. Плехановқа жазған хаты. Бұл хатта меньшевиктік оппозицияның атынан сөйлеген Потресов «Искраның» ескі редакциясын қалпына келтіруді, Орталық Комитет пен партия Советіне меньшевиктерді кооптациялауды және Шетелдік лиганың екінші съезі шешімдерінің заңдылығын мойындауды талап етті.— *171.*

88 *«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитетінен»*—«Инициаторлар тобының» Женевада «РСДРП Орталық Комитеті жанынан кітапхана мен архив» құру жөніндегі шешіміне байланысты В. И. Ленин жазған документ. Бұл документ «Инициаторлар тобының» партия кітапханасы мен архивін ұйымдастыруға көмек көрсету туралы үндеуімен бірге «Барша жұртқа» деген листокта (Женевадағы партия баспаханасының басылымы) басылды.

1904 жылдың 7 (20) февралында В. И. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі ретінде «РСДРП Орталық Комитеті жанындағы кітапхана мен архив туралы ережеге» (документ В. Д. Бонч-Бруевичтің қолымен жазылған) қол қойды, ереже жаңа мекеме жұмысының мынадай негіздерін белгіледі:

«Мына жолдастар: А. И. Ильина, Ф. Ф. Ильин, В. М. Величкина, П. Н. Олин, Н. Н. Замятин, В. Д. Бонч-Бруевич кірген кітапхана тобы осы топтың қаржысына ұйымдастырылған кітапхананы дербес басқаратын партия ұйымы болады.

Орталық Комитет кітапхана тобына жалпы жұртшылық, әсіресе партия мүшелері кітапханамен мүмкіндігінше неғұрлым кең көлемде пайдалана алатын болғанда кітапхананы «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының

Орталық Комитеті жанындағы кітапхана мен архив» деп атауға право береді.

Орталық Комитет топқа ақшалай көмек көрсетуге міндеттенбейді және оның міндеттемелері үшін жауап бермейді. Орталық Комитет топқа тек партия кассасының халі жақсарған жағдайда бір жолға несие немесе Орталық Комитеттің табыстарынан бөлінген қаржы түрінде ғана көмек көрсете алады» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

Кейініректе (1904 жылдың аяғында немесе 1905 жылдың бас кезінде) В. И. Ленин РСДРП кітапханасын Көпшілік Комитеттері Бюросына беру туралы «Женевада РСДРП кітапханасын құрған инициаторлар тобының мәлімдемесін» жазды (қараңыз: Лениннің XXVI жинағы, 417-бет).— *175.*

89 *«Партияға»* деген үндеудің осы жобасын жазуға Г. В. Плехановтың «Искраның» 1904 жылғы 15 январьдағы 57-номерінде басылған «Өкінішті түсініспеушілік» деген мақаласы тікелей себеп болды. «Партияға» деген үндеу ол кезде жарияланған жоқ.— *176.*

90 Партия Советінен Л. Е. Гальперин шықты.— *178.*

91 Орыс-жапон соғысы басталғаннан кейін бір апта өткен соң В. И. Ленин жазған РСДРП Орталық Комитетінің *«Орыс пролетариатына»* атты листогы партия комитеттері дереу көшіріп бастырып, таратуы керек деген нұсқаумен Россияның бірқатар қалаларына жіберілді. Н. К. Крупская 1904 жылдың 3 (16) және 4 (17) февралында И. Х. Лалаянцке, Л. Б. Красинге, Л. М. Книповичке жазған хаттарында осы листоктың жіберілгені туралы хабарлайды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві және Лениннің X жинағы, 323, 324-беттер). Н. К. Крупская 1904 жылғы 16 (29) февральда Р. С. Землячка мен Л. Е. Гальперинге былай деп жазды: «Қарт (В. И. Ленин. *Ред.)* соғыс туралы листок жазды, мұнда ол таратылған жоқ, көшіріп бастыру үшін Томскіге, Москваға, Одессаға, Питерге, Самараға, Саратовқа, Нижний мен Екатеринославқа жіберді» (Москвадағы Орталық мемлекеттік тарихи архив). Марксизм-ленинизм институтының кітапханасында РСДРП Орталық Комитетінің «Орыс пролетариатына» деген листовкасының көптеген даналары бар: РСДРП Орталық Комитетінің мөрі, РСДРП Москва және Екатеринослав комитеттерінің мөрлері басылған листовкалар сақталған; бұл листокты Нижегород (тиражы 7 700 дана), Тверь, Саратов комитеттері, Киевтегі студенттер көшіріп, бастырды және таратты. Сонымен бірге 1904 жылдың 5 (18) мартында листок «Искраның» 61-номерінде көшіріп басылды. «Орыс пролетариатына» листогы В. И. Лениннің Шығармаларында бірінші рет басылып отыр.— *182.*

92 1895 жылы жапон-қытай соғысының (1894—1895 жылдар) нәтижесінде Симоносек шартына қол қойылды; бұл шарт бойынша Қытай Ляодун түбегін, Пэнхуледао және Тайвань аралдарын Жапонияға беруге мәжбүр болды, 200 миллион лян контрибуция төлеуге міндеттенді (кейін контрибуция 230 миллион лянға дейін көбейтілді), сондай-ақ Жапонияға бірқатар экономикалық артықшылықтар берді. Жапонияның күшейіп кетуінен қауіптенген Россия, Франция және Германия Симоносек шартының жасалуына байланысты наразылық білдірді, осыдан кейін Жапония Ляодун түбегін аннексиялаудан бас тартуға мәжбүр болды.— *186*.

93 В. И. Лениннің бұл хаты меньшевиктердің «Орыс революциялық социал-демократиясының Шетелдік лигасының кезекті 2-съезінің протоколдарына» қарама-қарсы осы протоколдар жөніндегі «Түсініктерді» шығарған большевиктер тобына (В. Д. Бонч-Бруевичке, В. М. Величкинаға, Н. К. Крупскаяға, М. Кореневскийге, М. М. Литвиновқа, Н. Э. Бауманға, В. С. Бобровскийге, О. А. Пятницкийге, П. И. Кулябкоға, И. Х. Лалаянцке) арналды.

Осы томдағы «Дайындық материалдар» бөлімінде ««Искраның» редакциясынан кетуімнің мән-жайы туралы» хаттың үзінді-нұсқасы келтіріліп отыр.— *187*.

94 Бұл арада әңгіме В. И. Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін (Біздің партиямыздағы дағдарыс)» (қараңыз: осы том, 199—442-беттер) деген кітабы туралы болып отыр.— *192*.

95 Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» және «Ревизор» деген шығармаларының кейіпкерлері.— *193*.

96 *«Бірінші май»* прокламациясы РСДРП Орталық Комитеті мен Орталық Органы атынан жеке листок болып басылды. Листовканы партияның Москва, Нижегород, Тверь комитеттері де көшіріп басты. Басылған листоктың текстінде осы томда беріліп отырған Ленин қолжазбасының алғашқы нұсқасымен салыстырғанда кейбір өзгерістер бар.— *194*.

97 *«Бір адым ілгері, екі адым кейін (Біздің партиямыздағы дағдарыс)»* деген кітапты В. И. Ленин РСДРП II съезінің 1904 жылғы январьда басылып шыққан мәжіліс протоколдары мен қарарларын, әрбір делегаттың сөйлеген сөздерін, съезде қалыптасқан саяси топтарды, сондай-ақ Орталық Комитет пен партия Советінің документтерін мұқият зерттей отырып, бірнеше айда әзірледі. Осы томдағы «Дайындық материалдар» бөлімінде «Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітабын жазу кезінде Лениннің орасан зор әзірлік зерттеу жұмысын жүргізгенін дәлелдейтін лениндік документтер («РСДРП II съезі протоколдары конспектісінің желісі», «Протоколдар бойынша делегаттарға берілген мінездеме», «РСДРП II съе-

зінде дауыс берудің топқа бөлінуі және типтері» және басқалар) келтіріліп отыр. 1904 жылдың апрелінде «Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітабын жазу аяқталуға жақындап қалады. 8 апрельде (жаңаша) Н. К. Крупская Нижегород комитеті мүшелерінің біріне жазған хатында былай деп хабарлайды: «Осы айдың аяғында Лениннің съезд және партиядағы істің жағдайы туралы кітапшасы (көлемді, 8—9 табақ) дайын болады. Ол көпшіліктің позициясын толығынан айқындайды деп ойлауға болады, мен тіпті кітапша қазір партияда белең алып отырған теориялық абыржушылықты біраз бәсеңдетеді деген сенімдеміп» (Лениннің XV жинағы, 15-бет). Лениннің бұл кітабы 1904 жылғы майда басылып шықты.

Ленин бұл шығармасында меньшевиктердің ұйымдық мәселелердегі оппортунизміне күйрете соққы берді. Кітаптың орасан зор тарихи маңызы ең алдымен мынада: Ленин бұл кітапта партия туралы маркстік ілімді одан әрі дамыта отырып, пролетарлық революциялық партияның ұйымдық принциптерін жасады; марксизм тарихында тұңғыш рет ұйымдық оппортунизмді жеріне жеткізе сынады, ұйымның маңызын төмендету жұмысшы қозғалысы үшін аса қауіпті екенін көрсетті.

Кітапқа меньшевиктер ызалана шабуыл жасады. Плеханов Орталық Комитеттен Лениннің кітабынан іргені аулақ салуды талап етті, ал Орталық Комитеттегі ымырашылдар кітаптың басылып, таратылуын бөгеуге әрекеттенді.

Оппортунистердің барлық әрекеттеріне қарамастан, Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген еңбегі Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшылары арасында кеңінен таратылды. Полиция департаментінің мәліметтеріне қарағанда, қамау, тінту жүргізілген кездерде бұл кітап Москвада, Петербургте, Киевте, Ригада, Саратовта, Тулада, Орелде, Уфада, Пермьде, Костромада, Щигрыда, Шавлиде (Ковно губерниясы) және басқа қалаларда табылған.

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабын Ленин 1907 (титул парағында: 1908) жылы «12 жыл ішінде» деген жинақта қайта бастырды. Сол жинақтың алғы сөзінде Ленин былай деп жазды:

««Бір адым ілгері, екі адым кейін» кітапшасы 1904 жылдың жазында Женевада шықты. Ол меньшевиктер мен большевиктердің арасындағы, екінші съезде басталған (август, 1903 жыл) жіктің бірінші сатысын суреттейді... Меніңше, мұндағы мәнді нәрсе, тактикалық және басқа көзқарастардың екінші съездегі күрестерін талдау және меньшевиктердің ұйымдастыру көзқарастарымен айтысу: біздің революцияда жұмысшы партиясының бүкіл ісіне өзінің ықпалының белгісін қалдырған ағымдар ретінде меньшевизм мен большевизмді түсіну үшін осының екеуі де қажет» (Шығармалар, 13-том, 99-бет).

Осы томда еңбектің тексті кітаптың Лениннің қолжазбасымен салыстырылған 1904 жылғы бірінші басылымы бойынша басылып отыр және автордың 1907 жылғы басылымына енгізген қосымшалары сақталды.— *199.*

98 *1902 жылғы конференция* — РСДРП комитеттері мен ұйымдары өкілдерінің конференциясы, 1902 жылы 23—28 мартта (5—10 апрельде) Белостокта болды. Конференцияға РСДРП Петербург және Екатеринослав комитеттерінің, «РСДРП-ның оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының», Бунд Орталық Комитеті мен оның Шетелдік комитетінің, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» және «Искра» редакциясының («Искраның» өкілі Ф. И. Данның «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасынан» мандаты болды) өкілдері қатысты. Конференцияны ұйымдастырушылардың—«экономистердің» кінәсінан «Искра» редакциясының делегаты Дан конференцияның ашылуына кешігіп қалды, ал «Искраның» орыс ұйымының өкілі Ф. В. Ленгник Белостокқа уақытында келгенімен конференцияға мүлдем қатыса алмады; Белостокқа Даннан бұрын келген Нижегород комитетінің («Искра» бағытындағы) өкілі А. И. Пискунов «Искра» бағытындағы ұйымдар өкілдерінің конференцияға қатыспауы жөнінде наразылық білдіріп, көп кешікпей кетіп қалды. «Экономистер» және оларды қолдаған бундшылдар конференцияны РСДРП II съезіне айналдыруға тырысты, сөйтіп орыс социал-демократиясының қатарында өз жағдайын нығайтуды және «Искраның» өсіп отырған ықпалын тоқтатуды көздеді. Алайда конференция құрамының біршама аздығына (Россияда жұмыс істеген РСДРП ұйымдарының төртеуі-ақ қатысты), сонымен бірге конференцияда байқалған принциптік зор алауыздықтарға байланысты бұл әрекет іске аспады; атап айтқанда, «Искраның» делегаты конференцияны партия съезіне айналдыруға батыл қарсылық білдірді, ол мұндай съезді ашуға ешкім право бермегенін және съездің әзірленбегенін дәлелдеді.

Белосток конференциясында айқындалу туралы қарарлар және Бунд Орталық Комитетінің делегаты ұсынып, «РСДРП-ның оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының» өкілі түзету енгізген принципті қарар қабылданды (принципті қарардың өз жобасын ұсынған «Искраның» делегаты бундшылдың жобасына қарсы дауыс берді); сонымен бірге Бірінші май листогының тексті бекітілді, оның негізіне «Искра» редакциясы әзірлеген жоба алынды. (Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, 1971, 40—44-беттер). Конференция партияның II съезіне әзірлік жасау үшін Ұйымдастыру комитетін сайлады, оның құрамына «Искраның» (Ф. И. Дан), «РСДРП-ның оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының» (О. А. Ерманский) және Бунд Орталық Комитетінің (К. Портной) өкілдері енді. Конференция-

дан кейін көп ұзамай-ақ оның делегаттарының көпшілігін, оның ішінде Ұйымдастыру комитетінің екі мүшесін полиция тұтқынға алды. РСДРП II съезіне әзірлік жүргізу үшін 1902 жылы ноябрьде Псковта РСДРП Петербург комитеті, «Искраның» орыстық ұйымы және «Южный рабочий» тобы өкілдерінің кеңесінде жаңа Ұйымдастыру комитеті құрылды.— *206.*

99 *«Жұмысшы ойы»* — «экономистердің» тобы; аттас газет шығарып тұрды. Газет 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шықты; оны К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады. 16 номері жарық көрді.

«Жұмысшы ойы» тобы ашық оппортунистік көзқарастарды уағыздады. Топ жұмысшы табының саяси күресіне қарсы шықты, оның міндеттерін «минуттық мүдделермен», көбінесе экономикалық сипаттағы кейбір жеке реформалардың талаптарымен шектеді. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығына табынған «Жұмысшы ойының» өкілдері дербес пролетарлық партия құруға қарсы шықты. Олар революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетіп, социалистік идеология стихиялы қозғалыстан тууы мүмкін деп пайымдады.

Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында, «Не істеу керек?» деген кітабында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер және 6-том, 1—211-беттер), сондай-ақ «Искра» газетінде жарияланған мақалаларында халықаралық оппортунизмнің орыс топырағындағы бір түрі саналатын «Жұмысшы ойы» тобының көзқарастарын сынаған болатын.— *223.*

100 Меньшевиктік «Искра» редакциясы «Искраның» 1902 жылғы 15 январьдағы 57-номеріне қосымшада бұрынғы «экономист» А. Мартыновтың мақаласын басты, ол осы мақаласында большевизмнің ұйымдық принциптеріне қарсы шығып, В. И. Ленинге тиісті. «Искра» редакциясы Мартыновтың мақаласына берген ескертуінде, автордың кейбір пікірлерімен келіспейтіні жайында формальды түрде сөз еткенімен, тұтас алғанда бұл мақаланы мақұлдап, Мартыновтың негізгі қағидаларымен келісті.—*225.*

101 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, 1971, 69-бет.— *239.*

102 Революцияшыл халықшылдардың *«Жер және ерік»* деген ұйымы 1876 жылдың күзінде Петербургте құрылды; әуелі «Солтүстік революцияшыл-халықшылдық топ» деп аталды, ал 1878 жылдан «Жер және ерік» қоғамы деген атпен белгілі. Оның мүшелері Марк және Ольга Натансондар, Г. В. Плеханов, О. В. Аптекман, А. Д. және А. Ф. Михайловтар,

А. А. Квятковский, М. Р. Попов, С. М. Кравчинский, Д. А. Клеменц, А. Д. Оболешев, С. Л. Перовская және жетпісінші жылдардағы басқа да аса көрнекті революционерлер болды. Түпкі мақсат ретінде социализмнен бас тартпаса да, «Жер және ерік» ұйымы «дәл осы сәттегі халық талаптары», яғни «Жер және ерік» алу талаптарын жүзеге асыруды ең таяудағы мақсат етіп қойды. «Бұл формула,— делінген оның программасында,— *тек күшпен төңкеріс жасау арқылы ғана* жүзеге асырылуы мүмкін екені өзінен-өзі түсінікті», ал бұл төңкерісті әзірлеу үшін «халықтың наразылығын» күшейту және «мемлекет күштерінің берекесін кетіру» міндеттері алға қойылды. Шаруалар арасында үгіт жүргізу үшін жерерікшілер әсіресе Поволжьенің және қара топырақты Орталықтың егіншілікті губернияларындағы деревняларда «қоныстар» ұйымдастырды. Олар сонымен бірге жұмысшылар мен оқушы жастар арасында үгіт жүргізді, 1876 жылы 6 (18) декабрьде жерерікшілер Петербургтегі Қазан алаңында болған әйгілі демонстрацияны ұйымдастырды. Жерерікшілер, кейбір жұмысшы үйірмелерімен байланысты болғанымен, жұмысшы қозғалысына басшылық жасай алмады және басшылық жасағылары келмеді, басқа халықшылдар сияқты, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы ролін теріске шығарды. Олар саяси күрестің маңызын да түсінбеді. Жерерікшілердің пікірі бойынша, саяси күрес революционерлердің күшін алаңдатады және олардың халықпен байланысын әлсіретуі мүмкін.

70-жылдардың бірінші жартысындағы халықшыл топтардай емес, жерерікшілер қатаң түрде бір орталыққа бағыну мен тәртіп принципіне негізделген сындарлы ұйым құрды. Ұйым «негізгі үйірмеден», сондай-ақ территориялық және арнаулы топтардан (шаруалар мен жұмысшылар арасында жұмыс жүргізетін, «ірітқі салушы» және т. с. топтардан) құрылды: «негізгі үйірмені» «әкімшілік» («комиссия») басқарды, ол топтардың қызметін бақылады, оларды әдебиетпен, қаражатпен және т. с. жабдықтап отырды. 1876—1877 жылдың қысында қабылданған қоғам Уставы азшылықтың көпшілікке бағынуын, ұйымның әрбір мүшесінің «өзінің барлық күшін, қаражатын, байланысын, сүйініші мен күйінішін, тіпті өмірін де» ұйымның пайдасына сөзсіз жұмсауын, ұйымның барлық ішкі істері жөнінде толық құпиялықты сақтауды және т. б. талап етті. 1878—1879 жылдары жерерікшілер «Земля и Воля» журналының 5 номерін шығарды.

1879 жылы шаруалар арасындағы социалистік үгіттің сәтсіздікке ұшырауы және үкімет тарапынан жазалаудың күшеюі салдарынан жерерікшілердің көпшілігі өздерінің программасын жүзеге асыру жолындағы күрестің негізгі әдісі ретінде саяси террорға бой ұра бастады. Бұрынғы тактиканы жақтаушылар (Г. В. Плеханов бастаған) мен террорды жақтаушылардың (А. И. Желябов және басқалары) ара-

сындағы алауыздық Воронеж съезінде (1879 жылғы июнь) «Жер және ерік» ұйымының жікке бөлінуіне әкеліп соқтырды; біріншілері «Қаралай бөліс» қоғамын, екіншілері «Халық еркі» ұйымын құрды.

Қаралай бөлісшілер (Г. В. Плеханов, М. Р. Попов, П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, Я. В. Стефанович, В. И. Засулич, О. В. Аптекман, В. Н. Игнатов, А. П. Буланов және басқалар) өздерінің программалық талаптарында негізінен алғанда «Жер және еріктің» платформасын қорғады. Россияда және шетелде (1880 жылы Плеханов, Дейч, Засулич, Стефанович және басқалар шетелге эмиграцияга кеткен болатын). «Черный передел» журналы және «Зерно» газеті шығып тұрды. Кейінірек қаралай бөлісшілердің бір бөлігі марксизмге бет бұрды (Плеханов, Аксельрод, Засулич, Дейч және Игнатов 1883 жылы орыстың тұңғыш маркстік ұйымын — «Еңбекті азат ету» тобын құрды), басқалары 1881 жылғы 1 марттан кейін (II Александрдың өлтірілуі) халық ерікшілеріне қосылды.— *260.*

103 *«Халық еркі»* — «Жер және ерік» деген халықшылдық ұйымның екіге бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа пайда болған халықшыл-террористердің құпия саяси ұйымы. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамында А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский және басқалар болды. Халықшылдардың утопиялық социализмі позициясында қала отырып, халық ерікшілері самодержавиені құлатып, саяси бостандықты жеңіп алуды ең маңызды міндет деп есептеп, саяси күрес жолына түсті. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» ұйымдастыруды, демократиялық бостандықты жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына көшірудің шараларын белгілеуді көздеді. «Халық ерікшілері,— деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы бір адым алға басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар, 8-том, 61-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы қаһармандық күрес жүргізді. Бірақ «белсенді» қаһармандар мен «енжар» тобыр жөніндегі қате теорияға сүйенген олар халықтың қатысуынсыз, өз күштерімен, жеке-дара террор жолымен, үкіметке үрей туғызу, іріткі салу жолымен қоғамды қайта құрмақшы болды. 1881 жылғы 1 марттан кейін үкімет аяусыз қуғындау, атып-асу, арандату арқылы «Халық еркі» ұйымын жойып жіберді.

80-жылдар бойы «Халық еркін» қайта қалпына келтіруге жасалған әрекеттер нәтиже берген жоқ. Мысалы, 1886 жылы А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) пен П. Я. Шевырев бастаған және «Халық еркінің» дәстүрін ұстаған топ пайда болды. 1887 жылы III Александрды өлтіру әрекеті сәтсіздік-

ке ұшырағаннан кейін бұл топ ашылып қалды да, оған белсене қатысушылар дарға асылды.

Халық еріктілерінің қате, утопиялық программасын сынай келіп, В. И. Ленин «Халық еркі» мүшелерінің патша үкіметіне қарсы жанқиярлық күресіне зор құрмет білдірген пікір айтты, 1899 жылы «Россия социал-демократтарының наразылығында» ол былай деді: «Бір шоғыр ерлерді қолдаған қоғамдық топтар өрісінің тарлығына қарамастан, қозғалыс туы революциялық теория болмағанына қарамастан бұрынғы «Халық еркінің» қайраткерлері орыс тарихында аса зор роль атқара білді» (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 188-бет).— *260.*

104 Бұл арада 122 тас қалаушы тобының қылығына байланысты 1900 жылы Гамбургте болған жанжал туралы айтылып отыр; олар «Тас қалаушылардың ерікті одағын» құрып, орталық бірлестіктің тыйым салуына қарамастан, стачка кезінде кесімді ақы төленетін жұмысын істей берген. Тас қалаушылар бірлестігінің Гамбургтегі бөлімшесі жергілікті партия ұйымдарының алдына социал-демократтардың, топ мүшелерінің штрейкбрехерлік қылықтары туралы мәселе қойды, ал олар бұл мәселені талқылап шешу үшін герман социал-демократиясының Орталық Комитетіне берді. Орталық Комитет тағайындаған партиялық аралық сот социал-демократтардың, «Тас қалаушылардың ерікті одағы» мүшелерінің бұл қылығын айыптады, бірақ оларды партиядан шығару туралы ұсынысты қабылдамай тастады.— *267.*

105 С. Зборовскийдің (Костичтің) съезд қабылдамай тастаған қарарында партия уставы 1-параграфының мынадай тұжырымы ұсынылды: «Партияның программасын мойындайтын, партия ұйымдарының бірінің басшылығымен партияға материалдық қаражатпен көмек көрсетіп, өз басы үнемі жәрдем беретін әрбір адамды партия ұйымы партия мүшесі деп есептейді» («РСДРП екінші съезі. Протоколдар». М., 1959, 281-бет).— *272.*

106 РСДРП II съезінде «Искра» ұйымының 16 мүшесі болды, олардың 9-ы (В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Н. К. Крупская, Р. С. Землячка, Л. М. Книпович, Н. Э. Бауман, Д. И. Ульянов, П. А. Красиков, В. А. Носков) — Ленин бастаған көпшілікті жақтаушылар және 7-уі (Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов, В. И. Засулич, Л. Г. Дейч, Л. Д. Троцкий, В. Н. Крохмаль) — Мартов бастаған азшылықты жақтаушылар еді.— *283.*

107 *Авгий атқорасы* — грек мифологиясы бойынша Элида патшасы Авгийдің көп жыл бойы тазартылмаған үлкен атқорасын батыр Геракл тазартыпты, ол бұл ерлікті бір күннің ішінде жасаған көрінеді. «Авгий атқорасы» деген сөз —

түрлі лас атаулының көбейіп кетуінің немесе істің өте былығып, бейберекет болуының баламасы.— *286.*

108 *Герман социал-демократиясының 1895 жылғы съезі* 6—12 октябрьде (жаңаша) Бреслауда өтті. 1894 жылғы Франкфурт съезінің шешімі бойынша құрылған аграрлық комиссия ұсынған аграрлық программаның жобасын талқылау съездің негізгі көңіл бөлген мәселесі болды. Аграрлық программаның жобасында елеулі қателіктер бар еді, атап айтқанда, бұл жобадан пролетарлық партияны «жалпы халықтық» партияға айналдыру тенденциясы байқалды. Бұл жобаны оппортунистермен қатар А. Бебель мен В. Либкнехт те қорғады, сол үшін оларды 1895 жылғы съезде партиялас жолдастары қатты айыптады. Съезде аграрлық программаның жобасын К. Каутский, К. Цеткин және басқа социал-демократтар қатты сынады. Съезд комиссия ұсынған аграрлық программаның жобасын көпшілік дауыспен (63 дауысқа қарсы 158 дауыспен) қабылдамай тастады.— *290.*

109 Бұл — Гётенің «Фаустындағы» Маргаританың сөздері (Маргарита Фаусты Мефистофельмен достастың деп кінәлайды); бұл сөздерді герман социал-демократиясының съезінде сөйлеген сөзінде К. Цеткин жатқа айтқан.— *292.*

110 Бұл арада П. Аксельродтың большевизмнің ұйымдық принциптеріне қарсы бағытталған «Россия социал-демократиясының бірлестігі және оның міндеттері» («Искра», 1903 жылғы 15 декабрьдегі 55-номері) деген мақаласы туралы айтылып отыр.— *298.*

111 Бұл арада әңгіме Г. М. Кржижановский туралы болып отыр.— *317.*

112 Бұл арада В. И. Ленин «экономист» В. П. Акимовтың РСДРП II съезінде сөйлеген сөзі туралы айтып отыр; Акимов «Искра» ұсынған партия программасының жобасын сынай келіп, программада «пролетариат» деген сөздің бастауыш ретінде емес, толықтауыш ретінде тұрғанына қарсылық білдірген-ді. Бұдан, Акимовтың пікірі бойынша, партияны пролетариат мүддесінен алыстату тенденциясы байқалады-мыс.— *343.*

113 *Гора* мен *Жиронда* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезіндегі буржуазиялық екі саяси топтың аты. Абсолютизм мен феодализмді жоюдың қажеттігін жақтаған, өз дәуірінің революцияшыл табы — буржуазияның неғұрлым батыл өкілдерін Гора — якобиншілдер деп атады. Якобиншілдерге қарама-қарсы жирондистер революция мен контрреволюция арасында ауытқумен болды және монархиямен келісім жасау жолына түсті.

Ленин социал-демократиядағы оппортунистік ағымды «социалистік Жиронда» деп, революцияшыл социал-демократтарды пролетарлық якобиншілдер, «Гора», деп атады. РСДРП большевиктер және меньшевиктер болып бөлінгеннен кейін Ленин меньшевиктер жұмысшы қозғалысындағы жирондистік ағым болып табылады деп талай рет атап көрсетті.— *354.*

[114] *Петербург «Жұмысшы ұйымы»* — «экономистердің» ұйымы, 1900 жылдың жазында құрылды. 1900 жылдың күзінде «Жұмысшы ұйымы» Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағымен» бірікті, сөйтіп РСДРП Петербург комитеті деп танылды. Петербург партия ұйымында искралық бағыт жеңгеннен кейін «экономизмді» жақтаушылардың ықпалында болған Петербург социал-демократтарының бір бөлігі 1902 жылдың күзінде Петербург комитетінен бөлініп шығып, дербес «Жұмысшы ұйымын» құрды. «Жұмысшы ұйымының» комитеті лениндік «Искраға» және оның маркстік партияны құру жөніндегі ұйымдық жоспарына дұшпандық позицияда болды. Өзін партияға қарсы қойған «Жұмысшы ұйымының» комитеті демагогтыққа салынып, жұмысшы табының әрекет жасауға қабілеттілігі жұмысшы қозғалысын дамытудың және күрестің табысқа жетуінің ең маңызды шарты болып табылады, деп мәлімдеді. РСДРП-ның бірқатар жергілікті ұйымдары Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» атынан өз бетімен пікір айтқан «Жұмысшы ұйымы» комитетінің шешімдеріне қарсылық білдірді. 1904 жылдың басында, партияның II съезінен кейін, «Жұмысшы ұйымы» өмір сүруін тоқтатып, жалпы партиялық ұйымға қосылды.— *355.*

[115] *Орталық Комитеттің жаңа мүшесі* — Россиядан Женеваға 1903 жылы сентябрьде келген Ф. В. Ленгник.— *365.*

[116] Бұл арада әңгіме, сірә, көпшілікті жақтаушылар мен азшылықты жақтаушылар тұрған Женева маңындағы Carouge және Cluse деген екі мекен туралы болып отырса керек.— *383.*

[117] *Базаров* — И. С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» деген романының басты кейіпкері.— *387.*

[118] Бұл арада әңгіме Ф. В. Ленгник туралы болып отыр.— *387.*

[119] «Искраның» 1903 жылғы 25 ноябрьдегі 53-номерінде В. И. Лениннің ««Искра» редакциясына хатымен» (қараңыз: осы том, 98—102-беттер) бірге редакцияның Г. В. Плеханов жазған жауабы да басылған болатын. Ленин өз хатында большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы принципті алауыздықтарды газет бетінде талқылауды ұсынған еді. Ал

Плеханов бұл алауыздықтарды «үйірмелік өмірдің кикілжіңдері» деп атап, оларды талқылаудан бас тартып жауап берді.— *388.*

120 Бұл арада Г. В. Плехановтың «Күлкілі түсініспеушілік» («Искраның» 1903 жылғы 15 декабрьдегі 55-номері) және «Өкінішті түсініспеушілік» («Искраның» 1904 жылғы 15 январьдағы 57-номері) деген мақалалары туралы айтылып отыр.— *388.*

121 Бұл арада «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі П. Б. Струвенің көзқарасы туралы айтылып отыр, ол 1894 жылы «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген кітап жазған болатын. Струвенің осы алғашқы еңбегінің өзінен-ақ оның буржуазиялық-апологеттік көзқарасы анық көрінді. Струвенің және басқа «жария марксистердің» көзқарастарына қарсы 1894 жылдың күзінде Петербургтегі марксистер үйірмесінде В. И. Ленин «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы» деп аталатын рефератын оқыды. Кейін бұл реферат Лениннің 1894 жылдың аяғында — 1895 жылдың басында жазылған «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген мақаласына негіз болды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 1-том, 367—563-беттер).— *395.*

122 Бұл арада Л. Мартовтың «Искрада» басылған «Біз дұрыс әзірленіп жатырмыз ба?» деген мақаласы туралы айтылып отыр, ол бұл мақаласында бүкіл россиялық қарулы көтерілісті әзірлеуге қарсы шығып, мұндай көтеріліске әзірленуді бос қиял және заговоршылдық деп қараған болатын.— *398.*

123 В. И. Ленин бұл арада М. Ю. Лермонтовтың «Журналист, оқушы және жазушы» деген өлеңінен (қараңыз: М. Ю. Лермонтов. Шығармаларының алты томдығы, 2-том, 1954, 147-бет) алынған сөздерді келтіріп отыр.— *399.*

124 «Заряның» 1-номерінде (1901 жылғы апрель) «Нарцис Тупорылов» деп қол қойылып жарияланған сатиралық «Ең жаңа орыс социалисінің гимнінен» алынған сөздер. Өлеңде стихиялық қозғалысқа бейімделе қалған «экономистер» әжуаланды. «Ең жаңа орыс социалисі гимнінің» авторы Л. Мартов болатын.— *406.*

125 Бұл арада Л. Мартовтың 1904 жылғы 25 февральда «Искрада» басылған «Кезекте» деген мақаласы туралы айтылып отыр. Бұл мақалада Мартов жергілікті комитеттердің адам құрамы жөніндегі мәселені шешкенде жергілікті партия комитеттерінің РСДРП Орталық Комитетінен «тәуелсіз» болуын жақтады және бұл мәселені талқылағанда партияуста-

вының 9-параграфына сәйкес Москва комитетін Орталық Комитеттің барлық нұсқауларына бағындыру туралы қарар қабылдаған Москва комитетіне тиісті.— *412.*

126 *Герман социал-демократиясының Дрезден съезі* 1903 жылғы 13—20 сентябрьде (жаңаша) болды. Съезде партияның тактикасы туралы және ревизионизмге қарсы күресу туралы мәселеге баса назар аударылды. Съезде Э. Бернштейннің, П. Гёрэнің, Э. Давидтың, В. Гейненің және басқа кейбір неміс социал-демократтарының ревизионистік көзқарастары сыналды. Съездің басым көпшілік дауыспен (11 дауысқа қарсы 288 дауыспен) қабылданған қарарында былай делінген: «Партия съезі біздің сыннан өткен, жеңістерге жеткізген, тап күресіне негізделген байырғы тактикамызды өзгертуге, өзгерткенде жауымызды талқандау жолымен саяси билікті жеңіп алу орнына өмір сүріп отырған құрылысқа кеңшілік жасау саясатын қою мағынасында жасалған ревизионистік әрекетті барынша батыл айыптайды» (қараңыз: «Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903». Berlin, 1903, S. 418). Мұндай қарар қабылдаудың белгілі бір дәрежеде жақсы маңызы болды. Алайда съезд ревизионизммен күресте жеткілікті дәйектілік көрсете алмады; герман социал-демократиясының ревизионистері партиядан шығарылмады, олар съезден кейін де өздерінің оппортунистік көзқарастарын насихаттай берді.— *413.*

127 *«Sozialistische Monatshefte»* («Социалистік Әрайлық»)—журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық оппортунизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позицияда болды.— *414.*

128 *«Франкфурт Газеті»* («Frankfurter Zeitung») — күнделікті газет, ірі неміс биржашыларының органы, 1856 жылдан 1943 жылға дейін Майндағы Франкфуртта шығып тұрды. 1949 жылдан «Франкфурттік Жалпы Газет» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайта шыға бастады; Батыс герман монополистерінің жаршысы.— *419.*

129 *«Министериалистік» тактика,* «министериализм» (немесе «министрлік социализм», яки «мильеранизм») — социалистердің буржуазияның реакциялық үкіметтеріне қатысуының оппортунистік тактикасы. Француз социалисі Мильеранның 1899 жылы Вальдек-Руссоның буржуазиялық үкіметінің құрамына енуіне байланысты шыққан термин.— *421.*

130 Бұл арада Л. Мартов қалжың түрінде жазған және оның «Кезекте» деген мақаласына («Искраның» 1904 жылғы 25

январьдағы 58-номері) қосымшада басылған «РСДРП-ның қысқаша конституциясы» туралы айтылып отыр. Большевизмнің ұйымдық принциптерін мысқылдай және меньшевиктерге әділетсіз қарайды-мыс дегенді айта отырып, Мартов өз «конституциясында» большевиктер мен меньшевиктерді тұспалдап, «мұқатушылар» мен «мұқалушылар» туралы жазған болатын.— *423.*

131 Бұл арада РСДРП-дағы ішкі партиялық күрес туралы мәселе жөнінде К. Каутскийдің М. Н. Лядовқа жазған хаты туралы айтылып отыр, ол хат «Искраның» 1904 жылғы 15 майдағы 66-номерінде жеке мақала болып жарияланған-ды. Меньшевиктерді жақтай отырып, Каутский сонымен бірге күресуші екі жақты «өзара қырқысуды» тоқтатуға шақырды және партияда «уақытша бітім жасалғанша» большевиктер мен меньшевиктер арасындағы алауыздықтарды талқылау үшін партия съезін шақырмауды ұсынды.— *453.*

132 *РСДРП Советі* Женевада 1904 жылғы 31 май және 5 июнь (13 және 18 июнь) күндері мына құрамда мәжіліс құрды: В. И. Ленин, Г. В. Плеханов (председатель), В. А. Носков, П. Б. Аксельрод және Л. Мартов. Совет алғашқы мәжілісінде Россиядағы революциялық және оппозициялық партиялардың партия аралық конференциясын шақыру туралы және алдағы уақытта Амстердамда болатын халықаралық конгресс туралы мәселелерді талқылады. Екінші мәжіліс партияның мынадай ішкі мәселелерін талқылауға арналды: 1) партияның орталық мекемелерінің (Орталық Орган мен Орталық Комитеттің) өз өкілдерін партия Советінен шақырып алу правосы туралы; 2) комитеттерге кооптациялау туралы және Орталық Комитеттің оларға жаңа мүшелер енгізу правосы туралы; 3) партияның III съезін шақыру туралы мәселе жөнінде партия ұйымдарының дауыс беру тәртібі туралы; 4) Совет мәжілістерінің протоколдарын жариялау туралы және басқалар.

Советтің бес мүшесінің үшеуі (Плеханов, Аксельрод және Мартов) меньшевиктік оппозицияның өкілдері, ал Носковтың ымырашылдық позицияда болуына байланысты партия Советі партияның аса маңызды ішкі мәселелері жөнінде меньшевиктік шешімдер қабылдады.— *455.*

133 *Россияның оппозициялық және революциялық ұйымдарының партия аралық конференциясы* 1904 жылдың аяғында өтті, оны шақырудың инициаторы «Финляндияның белсенді қарсылық көрсету партиясы» болды. РСДРП-ның және Россияның басқа да кейбір социал-демократиялық партиялары мен ұйымдарының өкілдері 1904 жылы августа Амстердамдағы халықаралық социалистік конгресс ашылар алдында кездесіп, партия аралық конференцияға қатыспауға ұйғар-

ды. РСДРП бұл шешімді Партия советінің 1904 жылғы 21 августағы (3 сентябрьдегі) мәжілісінде бекітті.— *458.*

134 Орталық Комитеттің Поляк социалистік партиясына жолдаған хатының авторы В. И. Ленин болатын (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 236-бет).— *459.*

135 *«Пролетариат» поляк социалистік партиясы* 1900 жылы Поляк социалистік партиясынан (ППС) бөлінген топтардан құрылды. Социал-демократиялық программаны жалпы мойындаумен қатар бұл партия жеке-дара террор тактикасын және ұйымның федералистік принципін жақтады. «Пролетариат» партиясы поляк революциялық қозғалысын Россиядағы революциялық қозғалыспен жақындастыруды жақтады; ол күрестің ең таяудағы мақсаты ретінде Россияда демократиялық конституция болуы, ол бойынша Польшаға автономия берілуі талабын қойды. «Пролетариат» партиясы поляк революциялық қозғалысында елеулі роль атқара алмады; 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін өмір сүруін тоқтатты.— *460.*

136 Бұл арада, сірә, «Прибалтика латыш социал-демократиялық жұмысшы ұйымы» мен «Латыш социал-демократиялық одағы» туралы айтылып отырған болуы керек.

«Прибалтика латыш социал-демократиялық жұмысшы ұйымы» бірнеше социал-демократиялық ұйымның бірігуі нәтижесінде 1902 жылы апрельде құрылды. Соның негізінде 1904 жылғы 7—9 (20—22) июньде болған латыш социал-демократиялық ұйымдарының I съезінде «Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы» құрылды, ол 1906 жылы IV (Бірігу) съезде РСДРП құрамына енді.

1900 жылдың күзінде шетелде *құрылған «Латыш социал-демократиялық одағы»* өздерінің талаптары жағынан орыс социалист-революционерлеріне жақындады және едәуір дәрежеде ұлтшылдық тенденциялары болды. 1905 жылы «Одақ» шаруалардың бір бөлігі арасында уақытша біраз беделге не болды, бірақ көп ұзамай оны «Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы» ығыстырып шығарды. Бұдан әрі «Одақ» елеулі роль атқарған жоқ.— *460.*

137 Бұл арада әңгіме РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай армян ұлтшыл-федералист элементтері ұйымдастырған *«Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы»* («спецификтердің») туралы болып отыр. Бундшылдар сияқты «спецификтер» де партияны құрудың федерациялық принципін, яғни пролетариаттың ұлттық бөлінісін талап етті, сөйтіп өздерін армян пролетариатының бірден-бір өкіліміз деп жариялады. Өздерінің ұлтшылдығын ақтау үшін олар «әрбір ұлттың ерекше жағдайларын» сылтау етті. В. И. Ленин Россиядағы социал-демократиялық ұйымдардың 1905 жылғы

сентябрьде шақырылатын конференциясына байланысты РСДРП Орталық Комитетіне жолдаған хатында былай деп жазды:

««Армян с.-д. федерациясы» жөнінде ерекше сақтандырам. Егер сіздер оның конференцияға қатысуына келісім берген болсаңыздар, онда *үлкен* қате жасағансыздар, оны *қайткенде де* түзету керек. Олар женевалық қос іріткішілер, бұлар осында, Кавказбен ешбір *елеулі* байланыстары болмай-ақ, мүлдем түкке тұрғысыз бірдеңелер бастырып шығарып жүр. Ол — кавказдық бундизмге нәр беріп отыру үшін әдейі ойлап шығарылған, *Бундтың қойған адамдары*, басқа түк те емес... Кавказдық жолдастардың күллісі әдебиетшілердің-іріткішілердің бұл шайкасына қарсы...» (Шығармалар, 34-том, 340-бет).— ***461.***

138 Бұл арада Л. Мартовтың партия Советінің алғашқы мәжілісінде партия аралық конференцияда принципті шешімдер тек бірауызды болғанда ғана қабылдансын деп күн ілгері қаулы ету керек деген ұсынысы туралы айтылып отыр.— *461.*

139 Бұл ескертпені В. И. Ленин Л. Мартов ұсынған қарарға байланысты жасаған болатын, бұл қарарда барлық партия ұйымдары партия Советіне өздерінің II Интернационалдың Амстердам конгресіне мандаттарын жіберуі, сондай-ақ жалпы есеп жасау үшін жергілікті қызмет туралы есеп беруі қажеттігі ұсынылған-ды. Мартовтан соң Г. В. Плеханов сөз сөйлеп, жергілікті жерлердің баяндамаларын күтуге уақыт жоқ екенін айтты, сондықтан біреуге баяндама әзірлеуді дереу тапсыруды ұсынды.— *462.*

140 Бұл арада әңгіме армянның ұсақ буржуазиялық ұлтшыл «Гнчак» партиясының органы, 1903—1904 жылдары Рущук (Болгария) қаласында шығып тұрған «Верацнутюн» («Қайта өркендеу») газеті туралы болып отыр.— *463.*

141 Бұл арада Л. Мартов ұсынған қарардың жобасы туралы айтылып отыр, жобада партия Советінің комитеттерге жаңа мүшелерді кооптациялау жөнінде түсінік беруі ұсынылғанды. Түсінікте былай деп айту ұсынылды: уставтың 12-параграфының талабына сәйкес комитет мүшелерінің нақты санының $^{2}/_{3}$-сі бөлшегі бар бүтінге тең шыққан жағдайда ол бөлшек $^{1}/_{3}$-ге тең болса есепке алынбайды, егер $^{2}/_{3}$-ге тең болса бір бүтінге есептеледі. Қарар жобасының басында былай деп көрсетілді: мұндай түсініктің қажеттілігі устав бойынша кооптациялау үшін қажет дауыс санын анықтау кезінде туған түсінбеушіліктерге байланысты болды. Мысал ретінде Мартов Москва партия комитетіндегі дауыс беруді айтты. Алайда Мартов бұл мәселеге тікелей байланысты кө-

ңілге қонарлық фактілер келтіре алмады. Қарар В. И. Ленин ұсынған түзетуімен қабылданды.— *465.*

Бұл арада Москва комитетінің азшылығы өз тарапынан кооптациялау үшін бір емес, екі мүшені ұсынды деген Л. Мартовтың сөзі туралы айтылып отыр.— *466.*

Бұл арада әңгіме Николаев комитетіндегі жанжал туралы болып отыр, партия Советінің екінші мәжілісінде В. И. Ленин сөйлер алдында Л. Мартов бұл жөнінде хабарлама жасады.— *466.*

Партия Советі қарарды бірауыздан қабылдады.— *469.*

РСДРП II съезінде қабылданған партия уставы бойынша съезге дейін кемінде бір жыл бұрын бекітілген ұйымдардың ғана съезге өкіл жіберуге правосы бар. Осының негізінде В. А. Носков (Глебов) партия Советінің екінші мәжілісінде Тверь және Рига комитеттерінің дауыстары партияның III съезін шақыру туралы мәселені шешкенде заңды күшіне кіре алмайды деп көрсетті.— *470.*

РСДРП Кавказ одағы 1903 жылы мартта Тифлисте өткен Кавказ социал-демократиялық ұйымдарының I съезінде РСДРП Тифлис және Баку комитеттерінің инициативасы бойынша құрылды. Съезге Тифлис, Баку, Батуми, Кутаиси және Закавказьенің басқа да социал-демократиялық ұйымдарынан 15 делегат қатысты. Съезд Одақтың басшы органын — құрамында 9 адам бар РСДРП Кавказ одақтық комитетін сайлады. Оған Б. М. Кнунянц, Ф. Е. Махарадзе, И. В. Сталин, М. Г. Цхакая, А. Г. Цулукидзе және басқалар енді. Съезд лениндік «Искраның» саяси бағытын мақұлдады, «Искра» мен «Заря» жасаған партия программасының жобасын Закавказье социал-демократиялық ұйымдары қызметінің негізі ретінде қабылдады. Грузин социал-демократиялық «Брдзола» («Күрес») газеті мен армян социал-демократиялық «Пролетариат» газетін «Пролетариатис брдзола» («Пролетариат Күресі») деген атпен бір газет етіп біріктіру ұйғарылды.

РСДРП II съезіне Кавказ одағынан 3 делегат жіберілді. Кавказ одағы әлі ұйымдық жағынан қалыптасу кезеңінде болғандықтан, делегаттар съезге үш дербес комитеттің өкілдері ретінде сайланды: Б. М. Кнунянц — Баку комитетінен, А. Г. Зурабов — Батуми комитетінен, Д. А. Топуридзе — Тифлис комитетінен. Делегаттарға партия съезінде лениндік «Искраның» программалық, ұйымдық және тактикалық принциптерін қорғау тапсырылды.

РСДРП Кавказ одақтық комитеті өз қызметінің ең басынан В. И. Ленинмен тығыз байланыс орнатты және меньше-

виктік оппозицияға қарсы күресте большевиктердің берік тірегі болды.

Одақ РСДРП III съезін әзірлеуге белсене қатысты. Лениндік бағытты қолдаған және меньшевиктерді партияда іріткі салушылар ретінде айыптаған Кавказ одағының III съезі (1904 жылғы май) мен РСДРП Кавказ комитеттерінің большевиктік ноябрь (1904 жылғы) конференциясы Закавказье большевиктік ұйымдарының партияның III съезін шақыру жолындағы күресіндегі маңызды кезеңдер болды. Кавказ одағының өкілдері партияның III съезіне практика жүзінде әзірлік жүргізген Көпшілік Комитеттері Бюросының құрамына енді.

Бірінші орыс революциясы қарсаңында және революция кезінде Закавказьеде жұмысшы қозғалысын ұйымдастыруда бұл одақ маңызды роль атқарды. Кавказ одағы жасырын газеттер, кітаптар, кітапшалар бастырып шығарды, Закавказьенің Баку, Тифлис, Батуми және басқа аса ірі пролетарлық орталықтарында жұмысшылардың қимыл-әрекетін ұйымдастырып және үйлестіріп отырды. Одақ көп ұлтты Кавказ жұмысшыларын пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуде үлкен еңбек сіңірді.

1906 жылғы февральда РСДРП Кавказ одағы большевиктік және меньшевиктік фракциялардың біріккен комитеттерінің құрылуына байланысты өмір сүруін тоқтатты.— *470.*

147 Бұл арада Л. Мартовтың партия Советінің екінші мәжілісіндегі Самара, Смоленск, Брянск және Астрахань комитеттерін съезге қатысқан комитеттерге теңеу, яғни партия съезін шақыру туралы мәселені шешкенде олардың дауыс беру правосы болуы жөніндегі ұсынысы туралы айтылып отыр.— *470.*

148 Л. Мартов Кавказ одағына съезді жақтап дауыс беру правосын 1903 жылғы сентябрьден, яғни оның уставы бекітілген уақыттан бастап беруді ұсынды.— *471.*

149 *«Рассвет»* («Таң сәулесі») — сектанттарға арналған социал-демократиялық листок; РСДРП II съезінің шешімі негізінде Женевада В. Д. Бонч-Бруевич шығарып тұрды. Бірінші номері 1904 жылы январьда шықты. Партия Советі 1904 жылғы 5(18) июньдегі мәжілісінде листокты партия органы ретінде одан әрі шығарып тұруға қарсылық білдірді (бірақ Бонч-Бруевичке листокты өз атынан шығарып тұруға право берілді). 1904 жылы күзде «Рассветті» шығару тоқтатылды. Барлығы 9 номері жарық көрді.— *472.*

150 Бұл арада партия Советі январь (1904 жылғы) сессиясының совет мәжілістерінің протоколдарын жариялау жөніндегі шешімі туралы айтылып отыр.— *473.*

151 Меньшевиктердің — Г. В. Плехановтың, Л. Мартовтың П. Б. Аксельродтың және ымырашыл В. А. Носковтың (Глебовтың) дауыс беруі нәтижесінде партия Советі 1904 жылғы 5(18) июньдегі мәжілісінде Совет мәжілістерінің протоколдарын жариялауға қарсы шықты.— *473.*

152 Бұл документ Шетелдік лига съезінде В. И. Лениннің РСДРП II съезі туралы жасаған баяндамасының егжей-тегжейлі жоспар-конспектісі болып табылады. Мазмұны және баяндалу барысы жағынан бұл документ негізінен баяндаманың протоколдағы жазбасына сәйкес келеді (қараңыз: осы том, 43—55-беттер). Алайда конспектінің кейбір тезистері баяндаманың протоколдағы жазбасында келтірілмейді және, керісінше, жазбаның кейбір тармақтарында конспектіде жоқ қағидалар дамытылған.

РСДРП II съезінің бұл документте көрсетілген фактілерін, оқиғаларын, топтарын және жекелеген делегаттардың мінез-құлқын Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында (қараңыз: осы том, 199—442-беттер) және сол кездегі басқа да шығармаларында егжей-тегжейлі талдады.— *477.*

153 Бұл арада әңгіме РСДРП II съезінде Орталық Орган редакциясын сайлау туралы (бұл туралы қараңыз: осы том, 315—332-беттер) болып отыр.— *477.*

154 Партияның II съезінің 16 мәжілісінде сөйлеген сөзінде Г. В. Плеханов былай деп мәлімдеді: егер революцияның табысты болуы үшін белгілі бір демократиялық принциптің әрекетін уақытша шектей тұру қажет болса, онда мұндай шектеуден бас тарту қылмыс болар еді. Ол былай деп атап көрсетті: социал-демократтар қанаушы таптардың саяси праволарын шектеу үшін жалпыға бірдей сайлау правосына қарсы шығатын жағдайдың болуы мүмкін.— *478.*

155 Бұл жерге қойылған сұрақ белгісі мынаны білдіреді: бұл конспекті жазылған кезде В. Е. Мандельбергтің (Бюлов, съезд протоколдары бойынша — Посадовский) қалай дауыс бергені туралы В. И. Лениннің, сірә, дәл деректері болмаса керек, өйткені бұл кезде РСДРП II съезінің протоколдары әлі жарияланбаған еді. Шынында, бұл арада айтылып отырған атап дауыс беру кезінде Мандельберг Лениннің ұсынысына қарсы дауыс берген болатын. Лениннің ұсынысын қолдап барлығы 25 дауыс берілді, 26 дауыс қарсы болды. Партияның II съезінің протоколдары жарияланғаннан кейін жазылған «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында Ленин осы атап дауыс беруді айта келіп, Посадовскийдің антиискрашылдармен бірге дауыс бергенін көрсетеді (қараңыз: осы том, 231-бет).— *479.*

156 Қай листок туралы әңгіме болып отырғаны анықталмаған.— *479.*

157 Бұл жерде Л. Мартовтың сөзі келтіріліп отыр. Бұл жөнінде осы томның 51—52-беттерінде толығырақ айтылған.— *480.*

158 *Лига съезінің бірінші мәжілісіндегі заметкалар* 1903 жылғы 13(26) октябрьдегі мәжілістің барысындағы фактілердің, дауыс берудің, шешімдердің қысқаша баяндалған мазмұны, сондай-ақ Шетелдік лига съезіндегі большевиктер мен меньшевиктік оппозиция күштерінің нақты ара қатынасының сандық және жеке алынған есебі болып табылады.— *483.*

159 В. И. Ленин айтып отырған бірінші дауыс берудің В. Д. Бонч-Бруевичтің съезд бюросын үш адамнан сайлау жөніндегі ұсынысына қатысы бар. Бонч-Бруевич бюроға бір адамды РСДРП II съезіндегі көпшілікті жақтаушылар, екіншісін — азшылықты жақтаушылар, үшіншісін — Лига жиналысы сайласын деп ұсыныс жасады. Сайлаудың мұндай тәртібіне меньшевиктер қарсы шықты; Лига съезінде көпшілік болып отырғанын пайдалануға және бюроға меньшевик кандидаттарды өткізуге тырысқан олар сайланатын адамның партия съезіндегі көпшілікті жақтаушыларға немесе оппозицияны жақтаушыларға жататын-жатпайтынына қарамастан бюроға үш адам сайлауды ұсынды. Троцкий өзінің сөзінде қолдаған бұл ұсынысты Мартов жазбаша тұжырымдаған соң ол Бонч-Бруевичтің ұсынысымен қатар дауысқа қойылды.— *483.*

160 *«Вице»* деген белгі бірінші жағдайда съездің вице-председательдерін сайлау процесіне, екінші жағдайда — осы сайлаудың нәтижесіне қатысты. Лига съезі протоколдарының деректеріне қарағанда М. М. Литвиновты жақтап 13 дауыс берілген.— *483.*

161 Бұл арада әңгіме РСДРП Орталық Комитетінің өкілі Ф. В. Ленгниктің Шетелдік лига съезіне жолдаған хаты туралы болып отыр. Хатта Лига партия уставын басшылыққа ала отырып, өзіне жаңа устав жасайды, оны РСДРП Орталық Комитеті бекітеді деген сенім білдірген.— *484.*

162 Бұл арада Шетелдік лиганың Россияда жүрген мүшелеріне съезде даусы болу правосын беру-бермеу туралы мәселе жөніндегі ұзақ айтыс туралы айтылып отыр. Большевиктер олардың дауыс беру правосы болуын жақтады, меньшевиктер бұған қарсы шықты. Істің мәні мынада еді: съезд болар алдында Россияға жүріп кеткен Шетелдік лиганың екі мүшесі,— сірә, бұлар М. Н. Леман (Лиза) мен П. Г. Смидович (Василий Иванович) болса керек,— өз дауыстарын большевик Н. Э. Бауманға берген. Бұл жағдай партияның II съезіндегі көпшілікті жақтаушылардың дауыс санын көбейтіп жібереді деген сақтықпен меньшевиктер Россияға кеткен мүшелердің уәкілдіктерін тануға қарсы күресті.— *484.*

163 Бұл арада айтылып отырған дауыс берудің М. Кореневскийдің (Эммануиловтың) бұдан кем дегенде 3 ай бұрын Россияға жүріп кеткен Шетелдік лига мүшелерінің дауыс беру правосы сақталатын болсын деген ұсынысына қатысы бар.— *484.*

164 Бұл арада аталып отырған мәселелер — Шетелдік лига съезінің қабылданған күн тәртібі.— *484.*

165 *«Біздікі»* және *«Мартовшылдар»* деген тақырыптағы заметкалар большевиктер мен меньшевиктердің Шетелдік лига съезіндегі күштерінің арасалмағының нақты есебін білдіреді. Бұл жерде аттары жеке-жеке аталмаған 13 большевиктің ішінде «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының мүшелеріне ашық хатқа» (қараңыз: Лениннің VII жинағы, 72—76-беттер) қол қойған 12 адам және О. А. Пятницкий бар болатын.

Оң жақтағы (шеткі) төменгі бағанада Шетелдік лиганың ұстаған позициясы алғашқы мәжілісте әлі жеткілікті айқындала қоймаған алты мүшесінің аттары көрсетілген. Съездің бұдан былайғы мәжілістерінде аталған адамдардың төртеуі өздерін меньшевиктік оппозицияны жақтаушылар етіп көрсеткені, ал А. А. Якубованың (Тар) даусына да ие болған К. М. Тахтаревтің (Тар) бейтарап позицияда болғаны анықталды.— *485.*

166 Бұл документте Л.-дің «Аграрлық мәселе жөнінде» деген мақаласынан жеке қағидалар мен қысқа үзінділер келтіріліп отыр, бұлар орыс буржуазиялық либералдарының бернштейншілдермен де, сондай-ақ эсерлермен де идеялық туыстығын дәлелдейді. В. И. Ленин «Халықшылданушы буржуазия және сасқалақтаған халықшылдық» деген мақаласында Л. мақаласының осы конспектіде тұсына белгі соғылған жерлерін егжей-тегжейлі талдап, сынға алады.— *486.*

167 Осы және мұның алдындағы ескертпелердің «Революционная Россияның» 1903 жылғы 15(28) сентябрьдегі 32-номерінде жарияланған П. Новобранцевтің «Орыс революциялық программасының негізгі мәселелері» деген мақаласына қатысы бар, бұл мақалада тарихи процестің стихиялылығы туралы, социалист-революционерлердің қолында «догмалардың» жоқтығы, сондықтан да олар тарих үшін кепілдік бере алмайтыны туралы сөз болады. Келесі сөз тіркесінің де Новобранцевтің айтқандарына қатысы бар.— *488.*

168 Сегізінші пунктте П. Новобранцевтің мақаласындағы В. И. Лениннің «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» («қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 331—378-беттер) деген мақаласында баяндалған РСДРП-ның аграрлық мәселе жөніндегі программалық қағидаларына оның қарсы шыққан жерлері көрсетілген.— *489.*

169 Бұл жазудың П. Новобранцев мақаласының мына жеріне: «Освобождение» «балалары» (социалист-революционерлер) «революциялық іс жолындағы жан қияр күрескерлер болып табылатын» интеллигенциядан шыққан «әкелерді» біріктірді, сондықтан «әкелер» мен «балалардың» арасында принципті қарама-қарсылық жоқ деген жеріне қатысы бар.— *489.*

170 Оныншы пунктте либералдардың аграрлық программасының негізгі қағидалары Л.-дің «Аграрлық мәселе жөнінде» деген мақаласында баяндалғанындай етіп алынған.— *489.*

171 Бұл жоспар мұның алдындағы екі документпен салыстырғанда В. И. Лениннің «Халықшылданушы буржуазия және сасқалақтаған халықшылдық» деген мақаласын жазудағы келесі кезеңді бейнелейді және осы мақалаға қажетті басқа да дайындық материалдармен тығыз байланысты. α, β, ν, δ әріптері «А» пунктінің Л. мақаласының нақ осы әріптермен белгіленген конспектісіндегі пункттердің мазмұнын қамтитынын көрсетеді. «Б» пункті алдыңғы документтің «А» пунктінің екінші бөліміне сәйкес келеді. Жоспардың пункттеріндегі цифрлар бұл пункттер мазмұны жағынан алдыңғы документтің нақ осындай цифрлармен белгіленген пункттеріне байланысты екенін көрсетеді. «Г» пунктінің «(3). 5 β» сілтемесі арқылы алдыңғы документпен және $\varepsilon+\zeta+\eta+\iota$ әріптері арқылы Л. мақаласы конспектісінің тиісті пункттерімен байланысы бар.— *490.*

172 Ленин *«Сасқалақт.»* деген қысқарған сөзбен осы жоспарында өз мақаласының екінші бөлімін (Д, Е, Ж, З, И пункттерін) көрсеткен, мұнда «сасқалақтаған халықшылдықтың» көзқарастарын, яғни социалист-революционерлердің көзқарастарын егжей-тегжейлі сынау ниетінде болған.— *490.*

173 «Халықшылданушы буржуазия және сасқалақтаған халықшылдық» деген мақалаға арналған дайындық материалдардың қатарында бұл документ, сірә, осы мақала жоспарының ең соңғы нұсқасы болса керек. Мұны осы документтің бұрынғы документтермен салыстырғанда өте көп өңделгендігінен, сондай-ақ оған мақаланың жарияланғандағы ең соңғы тақырыбы қойылғандығынан аңғаруға болады.— *491.*

174 Бұл арада «Аграрлық мәселе жөнінде» деген мақаланың авторы «марксизмнің ғылыми еместігі» туралы өзінің ревизионистік пікірлерін дәлелдеу үшін сілтеме жасаған бернштейншілдік әдебиет туралы айтылып отыр.— *491.*

175 В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабын жазу үстінде 1904 жылы январьда Женевада басылып шыққан РСДРП II съезінің протоколдарын мұқият зерттеді, олардан көшірме жасады, делегаттардың сөйлеген сөздерінің

мазмұнын қысқаша жазып алып, қажетті тұсын бөліп көрсетіп қойды, түрлі сайлаулар кезінде берілген дауыстардың қалай бөлінгенін есептеп шығарды. «Партия съезінің протоколдары,— деп жазды Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының бірінші басылуына арналған алғы сөзінде,— дәлдігі, толықтығы, жан-жақтылығы, байлығы және айнымас шындығы жағынан алғанда, біздің партиямыздағы шын жағдайды көрсететін, қозғалысқа қатысушылардың өздері бейнелеген көзқарастарды, пиғылдар мен жоспарларды көрсететін, партия ішіндегі саяси сарындарды, олардың салыстырмалы күштерін, олардың өзара қарым-қатынастарын, олардың күресін көрсететін, іздесең таптырмайтын бірден-бір дерек» (қараңыз: осы том, 203-бет).

Бұл документке Ленин съездің протоколдарын оқи отырып бет сайын белгі салған (белгілер съезд протоколдарының бет тәртібіне сай жасалған). РСДРП II съезі протоколдарының беттеріне жасалған сілтеменің бәрі Ленин конспектісі нобайының текстінде протоколдардың 1904 жылы Женевадағы басылымы бойынша берілген.— *496.*

176 Бұл жерде Бундтың партиядағы орны туралы мәселені күн тәртібінің қай пункті етіп қою туралы мәселе жөнінде Д. П. Калафатидің (Маховтың) съездің 2-мәжілісінде сөйлеген сөзі көрсетілген. Калафати бұл мәселені бірінші орынға қоюға қарсы шыққан Бундтың өкілін қолдады. Ол өзінің келесі сөзінде де (бұл да Ленин конспектісінің нобайында көрсетілген) бірінші кезекте талқылауды керек ететін басқа да қауырт мәселелер, мәселен, демократизм туралы немесе централизм туралы мәселе бар дей келіп, Бунд туралы мәселені бірінші орынға қоюға тағы да қарсы шықты.— *496.*

177 Бұл бағанадағы цифрлар мандат комиссиясын сайлап алғаннан кейінгі жерде съездің құрамына Ұйымдастыру комитетінің коллегия ретінде ықпал жасау правосын жою туралы Б. А. Гинзбургтің (Кольцовтың) қарарын дауысқа қойған кездегі берілген дауыстардың шамамен алғандағы арасалмағын көрсетеді. Бұл қарарға искрашылдардың бәрі дауыс берді. Съездегі жалпы саны 51 дауыстан 32 дауыс Гинзбургтің қарарын жақтап берілді.— *496.*

178 Г. В. Плеханов «Қайғылы жанжал» деп Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжалды айтқан. Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал туралы мәселеге сонымен қатар А. Мартынов пен Л. Мартовтың сөйлеген сөздерінен алынып, осы белгіден кейін тікелей келтіріліп отырған жеке сөздердің де қатысы бар. «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «в) Съездің басталуы.— Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал» дейтін бөлімінде В. И. Ленин Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжалдың мазмұнына (қараңыз: осы том, 211—221-беттер) егжей-тегжейлі тоқталады.— *496.*

179 Осы және келесі екі ескертпенің Бундтың партиядағы орны туралы мәселенің съездің 5 және 6-мәжілістерінде талқылануына қатысы бар.— *497*.

180 Бұл арада М. Я. Левинсонның (Гофманның) партия съезінде Бунд жөнінде «жақ ретінде» пікір айтқан «тұтас көпшілік» құралды деген мәлімдемесі туралы айтылып отыр. Бұл мәлімдемеге жауап бере келіп, В. И. Ленин партия съезінде Бундтың РСДРП-дағы орны туралы сөйлеген сөзінде былай деді:

«Мен ең алдымен Гофманның сөзіне және оның «тұтас көпшілік» дегеніне тоқтаймын. Гофман жолдас бұл сөздерді айтқанда кінә таға сөйлейді. Меніңше, съезде тұтас көпшілік болып отырғанына біз ұялмауымыз керек, қайта мақтануымыз керек. Егер біздің партиямыз түгелдей тұтас және ең тұтас 90 процент көпшілік болса, тіпті де қуана түсеміз» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 292-бет).— *497*.

181 «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «к) Устав туралы жарыс сөздің жалғасы. Советтің құрамы» дейтін бөлімінде В. И. Ленин В. Н. Розановтың (Поповтың) съездің 14-мәжілісінде сөйлеген осы сөзіне (қараңыз: осы том, 295—298-беттер) тоқталады.— *497*.

182 Бұл арада әңгіме партия Советіне Орталық Органнан 3 мүше және Орталық Комитеттен 2 мүше енуі туралы болып отыр.— *497*.

183 Л. Мартовтың партия Советіне Орталық Комитет пен Орталық Органнан 2 мүшеден енсін, бұлар Орталық Комитеттің немесе Орталық Органның құрамынан бесінші мүшені бір ауыздан сайлауға тиіс деген ұсынысы бірінші пунктте көрсетілген. Екінші пункттің партиялық коллегиялар мен орталық орындарға жаңа мүшелерді кооптациялау туралы мәселеге қатысы бар. Мартов бір ауыздан кооптациялауға қарсы шығып, дауыстың $^4/_5$ немесе тіпті $^2/_3$ көпшілігімен кооптациялау жөнінде пікір айтты.— *497*.

184 В. Д. Медемнің (Гольдблаттың) съездің 15-мәжілісіндегі бұл сөзін (сондай-ақ Л. Мартов пен П. Б. Аксельродтың съезден кейінгі сөйлеген сөздерін де) «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «з) Искрашылдар ішінде жік шыққапға *дейін* централизм туралы болған жарыс сөз» дейтін бөлімінде В. И. Ленин жалған сөзуарлық (қараңыз: осы том, 252-бет) деп атады.— *497*.

185 Тілдердің тең праволылығы туралы мәселе жөнінде Л. Мартовтың, Е. Я. Левиннің (Егоровтың), В. Н. Розановтың (Поповтың) төменде көрсетілген сөздеріне және тап осы мәселе бойынша атап дауыс беруге В. И. Ленин «Бір адым ілгері,

екі адым кейін» деген кітабының «д) Тілдердің тең праволылығы жөніндегі жанжал» дейтін бөлімінде (қараңыз: осы том, 226—232-беттер) тоқталады.— *498.*

186 Д. П. Калафатидің (Маховтың) съездің 19-мәжілісінің соңында сөйлеген бұл сөзіне В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «е) Аграрлық программа» дейтін бөлімінде (қараңыз: осы том, 235—236-беттер) тоқталады.— *498.*

187 Бұл арада әңгіме Л. Мартовты үнемі қолдап келген бундшылдар қатысқан сайлаулардағы орталық орындарға кооптация жасау туралы мәселелер жөнінде берілген дауыстар туралы болып отыр. Жақша ішінде әрбір сайлаудағы дауыстардың жалпы саны көрсетілген. «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «л) Устав туралы жарыс сөздің аяқталуы. Орталық орындарға кооптация жасау. «Рабочее Дело» делегаттарының кетуі» дейтін бөлімінде (қараңыз: осы том, 308—310-беттер) В. И. Ленин осы төрт сайлау туралы егжей-тегжейлі сөз етеді.— *498.*

188 В. П. Акимовтың съездің 27-мәжілісінде сөйлеген бұл сөзіне және Е. Я. Левиннің (Егоровтың) нақ сол мәжілісте сөйлеген, төменде көрсетілген сөзіне В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «л) Устав туралы жарыс сөздің аяқталуы. Орталық орындарға кооптация жасау. «Рабочее Дело» делегаттарының кетуі» дейтін бөлімінде (қараңыз: осы том, 309—313-беттер) тоқталады.— *498.*

189 *«Протоколдар бойынша делегаттарға берілген мінездемеде»* съездің негізгі мәселелерін талқылау және дауысқа салу барысында жекелеген делегаттардың ұстаған позициясы туралы съездің протоколдарына жазылған деректер жиналып, топтастырылған. В. И. Ленин осы документте 23 делегаттың съезде жасаған әрекеттері туралы деректер (протоколдардың беттеріне сілтеме жасай отырып) келтіреді. Осы жазбалар негізінде съездегі топтардың позицияларын да байқауға болады. «Южный рабочий» тобының делегаттары мен «батпақ» деп аталатын топтың өкілдері туралы барынша толық анықтамалар берілген. Документтегі анықтамалардың саны бойынша искралық көпшілік мейлінше толық көрсетілген. Бұл документте «рабоче-делошылдарға», Бунд делегаттары мен искралық азшылық өкілдеріне мінездеме мүлде берілмеген.— *499.*

190 Мұнда Е. Я. Левиннің (Егоровтың) съездің 14-мәжілісінің соңында сөйлеген сөзі көрсетілген. Осы мәжілісте уставтың жобасы жөнінде жалпы жарыс сөзге қатысқан шешендердің тізімі жабылсын деген ұсыныс жасалған кезде, Бунд өкілдері В. Д. Медем (Гольдблат) мен М. И. Либер Бунд

туралы мәселе талқыланып отырған пункттің бір бөлігі, сондықтан бұл мәселе талқыланбайынша, шешендердің тізімін жабуға болмайды деп қарсылық білдірді. Бундшылдардың тілегіне қарамастан шешендердің тізімін жабу туралы ұсынысты съезд қабылдап қойғаннан кейін Левин Бундты қолдап былай деді: шешендердің тізімін жабу съезд тарапынан күн тәртібінің екінші пункті жөніндегі өз қаулысын формальды түрде бұзғандық болды-мыс.— *499.*

191 Бұл арада партия программасы саяси талаптарының (халыққа білім беру туралы айтылатын) 14-параграфына «ана тілінде» деген сөздерді қосу керек деген Мартовтың ұсынысы жөніндегі Е. Я. Левиннің (Егоровтың) ескертпесі туралы айтылып отыр. Левин бұл қосымша маңызды мәселені ұсақ-түйекке айналдырып жібереді дей келіп, Мартовтың ұсынысынан «съездің көпшілігін арандату ниеті айқын көрініп тұр» деді. Председательдің ескертпесінен кейін Левин бұл сөздерін қайтып алды.— *499.*

192 Бұл жерде Е. Я. Левиннің (Егоровтың) (ол устав комиссиясы мүшелерінің бірі болды) партия Советін құру әдісі туралы съездің 25-мәжілісінде сөйлеген екі сөзі көрсетілген. Левин партия Советі туралы устав параграфының өзі ұсынған тұжырымы уставтық комиссия мүшелері ұсынған басқа екі тұжырымды біріктіруге, сөйтіп мәселенің келісілген, орташа шешімі болуға тиіс деп есептеді.— *499.*

193 Бұл арада әңгіме Б. М. Кнунянцтің (Русовтың) «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» бірден-бір шетелдік ұйым деп тану жөніндегі ұсынысы съездің 27-мәжілісінде талқыланған кездегі Е. Я. Левиннің (Егоровтың) көрсеткен мінезі туралы болып отыр. Бұл оқиғаға В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «л) Устав туралы жарыс сөздің аяқталуы. Орталық орындарға кооптация жасау. «Рабочее Дело» делегаттарының кетуі» дейтін бөлімінде (қараңыз: осы том, 311—313-беттер) тоқталады.— *499.*

194 Бұл арада съездің 37-мәжілісінде социалист-революционерлер туралы қарардың жобасы талқыланған кезде Е. Я. Левиннің (Егоровтың) сөйлеген сөзі туралы айтылып отыр. Ол либералдар мен социалист-революционерлердің қозғалысына социал-демократтардың теріс көзқарасын РСДРП Россияда өмір сүріп отырған қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған оппозициялық және революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдайды деген партия программасының қағидасымен қалай сыйыстыруға болады деп таңқалды. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «е) Аграрлық программа» дейтін бөлімінде Левиннің сөйлеген бұл сөзін (қараңыз: осы том, 240—241-беттер) сынға алды.— *500.*

195 Бұл арада В. Н. Розановтың (Поповтың) Советті партияның басшы органы деп танып болсақ, онда өкілдер Орталық Органнан көп бола ма немесе Орталық Комитеттен көп бола ма деген мәселеде ешқандай маңыз жоқ деген мәлімдемесі туралы айтылып отыр.— *500.*

196 В. Н. Розановтың (Поповтың) бұл сөздерінің мәнін В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «г) «Южный рабочий» тобын тарату» дейтін бөлімінде (қараңыз: осы том, 223-бет) түсіндіреді.— *500.*

197 В. Н. Розановтың (Поповтың) бұл сөзіне В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «м) Сайлау. Съездің соңы» дейтін бөлімінде (қараңыз: осы том, 323—324-беттер) тоқталады.— *500.*

198 В. И. Ленин «асқан былықпай» деген ескертпені Д. П. Калафатидің (Маховтың) съездің 20-мәжілісінде аграрлық программаның жобасын талқылау кезінде сөйлеген сөздеріне байланысты айтқан. Калафати алғашында аграрлық программаны түгелдей қабылдамай тастауды ұсынып, кейін программада тек жалпы бөлімді ғана беріп, нақты пункттерді алып тастау керек деген М. И. Либердің ұсынысына қосылды. Ал бұл ұсыныс қабылданбай қалғаннан кейін аграрлық программаға мүмкін болғанның бәрін қосу қажет деп мәлімдеді; ақыр аяғында, ол шаруаларға сатып алу төлемдерін қайтару жөніндегі пунктке қарсы шықты. Съезд Калафати енгізген ұсыныстардың бәрін қабылдамай тастады.— *500.*

199 Д. П. Калафатидің (Маховтың) Бунд уставының 2-параграфын дауысқа салған кезде не себепті қалыс қалғанын түсіндірмек болған бұл сөзіне В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының «в) Съездің басталуы.— Ұйымдастыру комитеті жөніндегі жанжал» дейтін бөлімінде (қараңыз: осы том, 213-бет) тоқталады.— *501.*

200 Бұл жерде В. И. Ленин Д. П. Калафатидің (Маховтың) съездің 29-мәжілісінде партияның жеке ұйымдары туралы мәселені талқылаған кезде, съездің бекітуіне немесе таратуына жататын ұйымдардың тізіміне «Свобода» тобын кіргізуді жақтап сөйлеген сөзін көрсетіп отыр. И. Н. Мошинский (Львов) қолдаған бұл ұсынысты съезде қабылдамай тастады.
«Свобода» тобын 1901 жылы май айында Е. О. Зеленский (Надеждин) құрған болатын; топ өзін «революциялық-социалистік» топ деп атады. Ленин «Свобода» тобын «берік елеулі идеялары да, программасы да, тактикасы да, ұйымы да, бұқара ішінде негіздері де» болмаған «негізсіз топтар» қатарына жатқызды (Шығармалар, 20-том, 367, 368-беттер). Топ Швейцарияда «Свобода» журналын шығарды (екі номері шықты: 1901 ж. № 1; және 1902 ж. № 2). Сонымен қатар

топ мыналарды шығарды: «Революция қарсаңы. Теория және тактика мәселелеріне мерзімді емес шолу», № 1; «Отклики» деген газет-журнал, № 1; «Россияда революционизмнің қайта жандануы» деген программалық кітапша және басқалар. «Свобода» тобы терроризм мен «экономизм» идеяларын уағыздады, Петербург «экономистерімен» одақтасып, «Искраға» және РСДРП Петербург комитетіне қарсы шықты. Топ 1903 жылы өмір сүруін тоқтатты.— *501.*

201 Д. П. Калафатидің (Маховтың) бұл жерде көрсетілген, съездің 30-мәжілісінде сөйлеген екі сөзі (съезд протоколдарының 323 және 328-беттері) Орталық Орган редакциясында «Искраның» ескі алтылығын сақтап қалуға бағытталған болатын.

«Ерсі» деген сөздің «Искра» редакциясының мүшелерін мәжіліске шақыру мүмкіндігі туралы жарыс сөзде көтерілген мәселеге байланысты Калафатидің жасаған ескертпесіне қатысы бар; олар редакция сайлауы туралы мәселені талқылау кезінде қатысып отыруды қолайсыз деп тапқандықтан, осының алдында залдан кетіп қалған болатын. Калафати «Искра» редакциясының мүшелерін бұл мәжіліске шақыру туралы мәселені дауысқа қоюдың өзін ерсі деп есептеді.— *501.*

202 Бұл жерде А. С. Локерманның (Царевтің) «бүкіл редакцияны кооптациялап толықтыратын бір ғана редактор» сайлау туралы съездің 31-мәжілісінде енгізген ұсынысы көрсетілген.— *501.*

203 Бұл жерде Н. Э. Бауман (Сорокин) Л. Мартовтың екі үштікті (Орталық Органның үш мүшесі мен Орталық Комитеттің үш мүшесін) сайлау жобасын В. И. Ленин «Искра» редакциясының басқа мүшелерінің қатысуынсыз және келісімінсіз жеке өзі жасады-мыс деген өрескел өтірігі туралы айтып отыр.— *502.*

204 Бұл ескертпенің партия программасының саяси талаптары жөніндегі 14-параграфтың жарлы балаларды тамақпен, киіммен және оқу құралдарымен мемлекет есебінен жабдықтау туралы айтылатын тұсын талқылауға қатысы бар.— *502.*

205 Бұл жерде В. Ф. Гориннің съездің 8, 9 және 16-мәжілістерінде партия программасының жобасын талқылау кезінде сөйлеген сөздері көрсетілген.— *502.*

206 Бұл арада әңгіме В. А. Носковтың (Глебовтың) съездің 14-мәжілісінде партия уставының жобасын талқылау кезінде сөйлеген сөзі туралы болып отыр. Носков уставта Орталық Комитеттің атқаратын міндеттерін түгел атап жату артық, өйткені устав жалпы пошалай түрінде құрастырылуға тиіс, ал

Орталық Комитеттің ықпалы түгелдей оның қызметіне байланысты болады және оған устав жүзінде ғана кепілдік беріледі. деген болатын.— *502.*

Бұл арада Д. А. Топуридзенің (Карскийдің) съездің 9-мәжілісінде программа жобасы бойынша жалпы жарыс сөзде сөйлеген сөзі туралы айтылып отыр. Бұл сөздің алғашқы бөлімінде ғылыми социализм теориясын жұмысшы табының өзі стихиялы түрде жасайды деген А. Мартыновтың пікірі сыналған болатын. Д. А. Топуридзе сөзінің бұл жерде В. И. Ленин атап корсетіп отырған екінші бөлімінде тап пен партияның өзара қатынастары туралы мәселе талданып, онда былай делінген болатын: «жұмысшы табының ортасынан күрескер, саналы күш—партия бөлініп шығады, ол социалистік мұраттарды таратушы және жүзеге асырушы болады, сондықтан партия шындығына келгенде «жұмысшы табынан» жоғары болмай тұра алмайды, өйткені саналы бөлік санасыз немесе санасы кем бөліктің басшысы болып табылады» («РСДРП екінші съезі. Протоколдар». М., 1959, 129-бет).—*503.*

Бұл жерде Б. М. Кнунянцтің (Русовтың) съездің 28-мәжілісінде аудандық ұйымдар туралы мәселені талқылау кезінде сөйлеген екі сөзі көрсетілген. Оның бірінші сөзінде Кавказдағы социал-демократиялық ұйымдар комитеттері одағының өмір сүруін сақтап қалу ұсынылған болатын. Кнунянцтің бұл жерде көрсетілген екінші сөзі съезді туындап келе жатқан жаңа бундизмнен сақтандырған, Кавказ одағы өкілдерінің көзқарасынан осындай қауіпті көрген Е. Я. Левиннің (Егоровтың) сөзіне қайтарылған жауап еді. Лениннің пікіріне қарсы шыққан Кнунянц Бунд пен Кавказ одағы қызметінің сипаты арасындағы айырмашылықты түсіндірді.— *503.*

Бұл жерде партияның II съезі жұмыс істей бастағаннан бергі «Искра» ұйымының соңғы, төртінші мәжілісіне — «16-ның жиналысы» дейтінге қатысқан «Искра» ұйымы мүшелерінің партияның II съездегі толық құрамының кестесі келтіріліп отыр (бұл мәжіліс туралы осы томның 14—16-беттерін қараңыз). Курсивпен белгіленгендер (қолжазбада асты сызылғандар) — «табанды» искрашылдар. Үшінші бағанада «Искра» ұйымының съездегі құрамына цифрлы талдау жасалады. 9 «табанды» искрашылдың үшеуі «Искраның» шетелдік ұйымының өкілдері, алтауы Россиядан келген практиктер еді; 7 «солқылдақ» искрашылдың алтауы шетелдік өкілдер, ал біреуі Россиядан келген болатын.— *506.*

Бұл арада, сірә, РСДРП II съезі ашылар қарсаңда болған Орталық Комитет мәжілісі туралы айтылып отырса керек. Бұл мәжілісте рабоче-делошыл И. В. Чернышевты съезге шақыру туралы мәселе айтысқа түскен болатын (қараңыз: осы том, 8—9-беттер).— *507.*

211 Нақты қандай факт туралы сөз болып отырғаны анықталмаған.— *507.*

212 *Борьбизм* — Рязань қаласындағы «Борьба» тобының атынан шыққан термин. Бұл топ социал-демократиялық программаны тұрпайы түрде сынаған болатын. Съезде РСДРП программасының жобасы жөнінде «батпақтың» өкілі Д. П. Калафати (Мицов, съезд протоколдарында — Махов) дәл осындай сын айтты. Бұл жерде «борьбизм» деген термин соған арналып айтылып отыр.— *507.*

213 Алғашында С. Зборовскийдің (Константиновтың, съезд протоколдарында — Костич) сөздері туралы ескертпе «батпақ» тобы жөнінде жасалған болатын, кейіннен В. И. Ленин Зборовскийдің съездегі позициясын анықтап, оған мартовшыл деген сипаттама берді. Кейіннен қарындашпен «мартовшыл» деп жазып, оны басқа текстіден бөліп көрсетуі де осыны дәлелдейді.— *508.*

214 Бұл документте РСДРП II съезінің протоколдары негізінде В. И. Ленин съезде дауыстардың жеке топтар бойынша және топтық коалициялар бойынша бөлінуін келтіріп отыр. Осы материалды егжей-тегжейлі талдай келіп, Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында съездегі күрестің жалпы көрінісін береді және дауыс берудің топқа бөлінуі мен типтерін сипаттайды (қараңыз: осы том, 344—359-беттер).— *509.*

215 Бұл жерде орталық орындарға кооптация жасау мәселелері жөніндегі төрт рет дауысқа қою көрсетілген. Бундшылдар дауыс беруге қатысқан сайын Мартовты жақтап отырған. Бұл дауыс берулерді В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында (қараңыз: осы том 308—310-беттер) талдайды.— *510.*

216 В. И. Ленин өзінің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының екінші жартысына («л) Устав туралы жарыс сөздің аяқталуы. Орталық орындарға кооптация жасау. «Рабочее Дело» делегаттарының кетуі» дейтін бөлімнен кейін) *«Кітапшаның соңы»* деп ат қояды. Бұл ат бастапқы нұсқасы болып табылады, автор оны кейін, тегінде, бөлімдердің мазмұнының өзгеруіне сәйкес өзгерткен болуы керек (көптеген заголовоктардың текстіне өзгеріс енгізіліп, кейбір бөлімдер біріктірілген, бөлімдердің цифрмен берілген рет саны әріптермен алмастырылған).— *512.*

217 РСДРП II съезі жұмыс істеген кезде ***көпшілік делегаттарының 18 августағы жеке жиналысы туралы анықтаманы*** В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында келтіреді (қараңыз: осы том, 286—288-беттер). Бұл

анықтаманы Ленин өзі жазған «РСДРП II съезі мәжілістерінің күнделігі» негізінде жасаған. Күнделікте жиналыстың болған күнін есептеп шығарған кесте осыны дәлелдейді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 455-бет).— *513.*

218 Бұл жерде Г. В. Плехановтың 1903 жылы 17 (30) октябрьде Шетелдік лигаға мүше большевиктердің Лига мүшелігіне өздері кандидат етіп белгілеген адамдармен бас қосқан жеке кеңесінде сөйлеген сөздері туралы айтылып отыр.— *514.*

219 Бұл жерде келтіріліп отырған конспектілер В. И. Лениннің Париж Коммунасы туралы 1904 жылы 9 (22) мартта Женевада жасаған баяндамасына негіз болған. Ол конспектілер К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегін (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Екі томдық таңдамалы шығармалар, I том, Алматы, 1956, 456—533-беттер) мұқият зерттеу негізінде жазылған. Бұл еңбектің беттеріне жасаған сілтемелерінің бәрін Ленин 1891 жылғы Берлин басылымы бойынша берген. Конспектілерде сондай-ақ Лиссагаренің «1871 жылғы Коммунаның тарихы» деген кітабы мен Вейльдің «Франциядағы әлеуметтік қозғалыстың (1852—1902) тарихы» деген кітабынан алынған фактілер де пайдаланылған.

Ленин осы конспектілер негізінде 1905 жылы «Коммуна туралы баяндама жоспарын» (қараңыз: Шығармалар, 8-том, 206—209-беттер) жасаған. Париж Коммунасы туралы мәселені талдауға Ленин кейін де бірнеше рет оралған (мәселен, мыналарды қараңыз: «Коммунаның сабақтары», «Коммунаны еске түсіру» деген мақалалары, «Мемлекет және революция» деген кітабының III тарауы — Шығармалар, 13-том, 487—490-беттер, 17-том, 122—127-беттер, 25-том, 428—449-беттер).— *515.*

220 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1956, 459-бет. — *515.*

221 *I. A. A.* (Internationale Arbeiter Association) — Жұмысшылардың халықаралық серіктігі (I Интернационал) — пролетариаттың халықаралық тұңғыш бұқаралық ұйымы, 1864 жылы Лондонда, ағылшын және француз жұмысшылары шақырған халықаралық жұмысшылар жиналысында құрылған. I Интернационалдың құрылуы — К. Маркс пен Ф. Энгельстің жұмысшы табының революциялық партиясын құру жолындағы көп жылғы табанды күресінің нәтижесі. К. Маркс I Интернационалдың ұйымдастырушысы және басшысы, оның «Құрылтай манифесінің», уставының және басқа программалық, тактикалық документтерінің авторы болды. В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, I Интернационал «жұмысшылардың капиталға қарсы революциялық тегеурінін дайындау үшін олардың халықаралық ұйымының іргесін қалады», «социализм жолындағы пролетарлық, халықаралық

күрестің іргесін қалады» (Шығармалар, 29-том, 302, 303-беттер).

Жұмысшылардың халықаралық серіктігінің Бас советі Интернационалдың орталық басшы органы болды. К. Маркс ол советтің тұрақты мүшесі болып қалды. Сол кезде жұмысшы қозғалысында басым болған ұсақ буржуазиялық ықпалдар мен сектанттық тенденцияларды (Англиядағы тред-юнионизмді, роман елдеріндегі прудонизм мен анархизмді, Германиядағы лассальшылдықты) жеңе отырып, Маркс Европа мен Американың алдыңғы қатарлы жұмысшыларын ғылыми социализм принциптерінің төңірегіне топтастырды. I Интернационал әр түрлі елдердегі жұмысшылардың экономикалық және саяси күресіне басшылық етті, олардың халықаралық ынтымағын нығайтты. Марксизм ілімін насихаттау ісінде, социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастыруда I Интернационалдың атқарған ролі орасан зор.

Париж Коммунасы жеңілгеннен кейін жұмысшы табының алдына I Интернационал ұсынған принциптер негізінде бұқаралық ұлт партияларын құру міндеті қойылды. «Европадағы істердің жағдайын еске ала келіп,— деп жазды К. Маркс 1873 жылы,— мен Интернационалды формальды түрде ұйымдастыруды уақытша кейінгі қатарға жылжыту сөзсіз пайдалы деп есептеймін» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, 310-бет). 1876 жылы Филадельфия конференциясында I Интернационал ресми түрде таратылды.— *515.*

222 *1862 жылғы Лондон көрмесі* — бүкіл дүние жүзілік өнеркәсіп көрмесі, онда француз жұмысшыларының делегациясы ағылшын жұмысшыларымен кездескен.— *515.*

223 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1956, 459-бет.— *515.*

224 *La débâcle* — Э. Золяның француз-пруссак соғысын бейнелеуге арналған «Күйреу» (1892) атты романы.— *516.*

225 Бұл арада әңгіме Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық комитетінің 1870 жылғы 5 сентябрьдегі (жаңаша) манифесі туралы болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1956, 481-бет).— *517.*

226 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1956, 482-бет.— *517.*

227 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1956, 485-бет.— *517.*

228 Париж армиясының артиллерия командашысы Альфонс Симон Гио артиллерияның дивизиондық генералы Сюзаннға

былай деп жазды: сіздің қамқорлығыңыздағы кісіні өз штабыма алар едім, бірақ мұнда ол жұмыссыз зерігеді, немесе Мон-Валерьенге жіберер едім, ондағылар зеңбіректен оқ атқылағансиды. «Journal Officiel de la Republique Française» («Француз Республикасының Ресми Газеті») 1871 жылғы 25 апрельдегі 115-номерінде Коммуна жариялаған бұл хат «ұлттық қорғаныс үкіметінің» Парижді қорғаған сияқты елес қана туғызып жүргенін дәлелдеді. Бұл туралы сондай-ақ мынаны қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1956, 486-бет.— *517.*

229 Бұл арада әңгіме зергер жұмысшы, Франциядағы неміс жұмысшылары одағы басшыларының бірі, венгер және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, тұңғыш венгер социалистік жұмысшы партиясының негізін қалаушы Лео Франкель туралы болып отыр.— *519.*

230 К. Маркс «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінде Тьер үкіметінің министрлері туралы айта келіп, былай дейді: «ондай адамдар tickets-of-leave-ні тек Парижідің қираған орнынан ғана ала алды; олар Бисмарктің көздеген мақсатына дөп келе қалды. «tickets-of-leave» деген сөзге К. Маркс мынадай түсінік береді: «Англияда қылмысты адамдар тартқан жазасының көбін өтегеннен кейін, оларға кейде бостандық билеті беріледі, сол билеттерімен олар полицияның бақылауы арқылы бостандықта тұра алады. Міне сондай билеттер tickets-of-leave (бостандық билеті) деп аталады, ал ондай билеті бар адам — ticket-of-leave men деп аталады» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1956, 487-бет.— *525.*

231 Интернационалдың Бас Советінің корреспондент-секретары *Дюпонның хаттары* Вейльдің «Франциядағы әлеуметтік қозғалыстың (1852—1902) тарихы» деген кітабында келтірілген (орысша аудармасын қараңыз: М., 1906, 138-бет). «Коммуна туралы баяндама жоспарында» В. И. Ленин Дюпонның 1870 жылғы 7 сентябрьде (жаңаша) жазған хатын атайды (қараңыз: Шығармалар, 8-том, 207-бет).— *525.*

232 Сотталған коммунарлардың саны туралы деректер Лиссагаренің «1871 жылғы Коммунаның тарихы» деген кітабынан алынған. М., 1905, 479-бет.— *526.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аксельрод, П. Б. Объединение Российской социал-демократии и ее задачи. Итоги ликвидации кустарничества.— «Искра», [Женева], 1903, № 55, 15 декабря, стр. 2—5; 1904, № 57, 15 января, стр. 2—4. —*298, 381, 392—393, 394—401, 406, 409—410, 418, 497.*

— *Объединение Российской социал-демократии и ее задачи.* Итоги ликвидации кустарничества.— В кн.: «Искра» за два года. Сборник статей из «Искры». Ч. II. Спб., тип. Клобукова, 1906, стр. 122—147. — *393.*

— *Резолюция о социалистах-революционерах* — қараңыз: О социалистах-революционерах.

Аксельрод, П. Б. и др.— қараңыз: Резолюция меньшевиков (Аксельрода, Старовера, Мартова и Засулич)...

В Центральный Комитет РСДРП. [Письмо редакции ЦО. 9 (22) декабря 1903 г.][1].— *168—169.*

[*Воровский, В. В*] *Комментарий к протоколам второго съезда Заграничной лиги русс. революционной социал-демократии.* Женева, тип. партии, 1904, 40 стр. (РСДРП).— *92—93, 107—108, 133—134, 140—141, 156, 170—171, 187, 390—391, 392.*

**Воронежский комитет Российской социал-демократической рабочей партии. Листок 12-ый.* [Воронеж], январь 1904 г. Гект.— *353, 356, 424—426.*

---

[1] Бірінші рет Лениннің X жинағында басылған, 1929, 90—92-беттер.

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер мен мақалалар жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

Дейч, Л. Г. Открытое письмо членам Заграничной лиги русской рев. соц.-демократии.— В кн.: Протоколы 2-го очередного съезда Заграничной лиги русской революционной соц.-демократии. Под ред. И. Лесенко и Ф. Дана. Изд. Заграничной лиги русской революц. социал-демократии. [Женева, 1903], стр. 10—13. (РСДРП).— *370.*

Доклад сибирского делегата.— қараңыз: Троцкий, Л. Д. Второй съезд Рос. соц.-дем. рабочей партии...

Доклад «Южного рабочего» [23 июля (5 августа) 1903 г. на II съезде РСДРП][1],— *224.*

Достоевский, Ф. М. Униженные и оскорбленные.— 338.

«Заря», Штутгарт.— *18.*

— 1901, № 1, апрель, стр. 152—153.— *406.*

— 1902, № 4, август, стр. 1—39, в отд. А; стр. 152—183, в отд. 2.— *11—12, 86—90.*

Заявление делегации Бунда Второму съезду Росс. соц.-дем. рабочей партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 391—393. (РСДРП). Подписи: Либер, Абрамсон, Гольдблат, Юдин, Гофман.— *154.*

Заявление мартовцев. [8—9 октября 1903 г.]. Подписи: Зас[улич] и др.[2].— *20—21, 31, 367—368.*

[*Заявление редакции «Искры» о скором выходе протоколов Второго съезда РСДРП и II съезда «Заграничной лиги русской революционной социал-демократии»*].— «Искра», [Женева], 1903, № 53, 25 ноября, стр. 8, в отд.: Почтовый ящик.— *104.*

Заявление ЦК РСДРП [о необходимости утверждения устава Лиги Центральным Комитетом РСДРП, зачитанное Ф. В. Ленгником на заседании II съезда «Заграничной лиги русской революционной социал-демократии» 18(31) октября 1903 г.].— В кн.: Протоколы 2-го очередного съезда Заграничной лиги русской революционной соц.-демократии. Под ред. И. Лесенко и Ф. Дана. Изд. Заграничной лиги русской

[1] Бірінші рет мына кітапта басылған: РСДРП Екінші съезіне социал-демократиялық комитеттердің баяндамалары, 1930, 156—168-беттер.

[2] Бірінші рет Лениннің VI жинағында басылған, 1927, 303-бет.

[1] Бірінші рет Лениннің X жинағында басылған, 1929, 152—154-беттер.

[1] Н. К. Крупскаяның қолымен жасалған, В. И. Ленин белгі салған көшірме бірінші рет Лениннің X жинағында басылған, 1929, 142-бет (3-ескерту).

[2] Н. К. Крупскаяның қолымен жасалған, В. И. Ленин белгі салған көшірме бірінші рет Лениннің X жинағында басылған, 1929, 142—143-беттер (4-ескерту).

[3] Бірінші рет Лениннің X жинағында басылған, 1929, 124, 50—51, 98. 131, 188—190-беттер.

---

[1] Бірінші рет мына кітапта басылған: [Малинин, Н. И.] Шахов, Н. Съезд үшін күрес. (Документтер жинағы). Женева, 1904, 83-бет.

---

[1] Бірінші рет Лениннің VI жинағында толық басылған, 1927, 299—301-беттер.

[2] Бірінші рет мына кітапта басылған: [Малинин, Н. И.] Шахов, Н. Съезд үшін күрес. (Документтер жинағы). Женева, 1904, 84—85-беттер.

— [*Первое выступление при обсуждении устава партии 4 (17) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— Там же, стр. 267.— *295—296.*

— *Письмо в редакцию* [*«Искры»*].— «Искра», [Женева], 1903, № 53, 25 ноября, стр. 8, в отд.: Из партии.— *391.*

— *Письмо в редакцию «Искры»*. [Почему я вышел из редакции «Искры»?] Женева, тип. партии, декабрь, 1903. 8 стр. После загл. авт.: Н. Ленин.— *187, 207, 281—282, 283, 287—288, 289, 299—300, 315, 327, 369, 391, 392, 438—439.*

— *Письмо к товарищу о наших организационных задачах — қараңыз:* Ленин, В. И. О революционной работе в организациях Российской социал-демократической рабочей партии.

— *Г. В. Плеханову*. 24 октября (6 ноября) 1903 г.[1]— 190.

— *По поводу заявления Бунда.*— «Искра», [Лондон], 1903, № 33, 1 февраля. стр. 4.— *25, 28.*

*— *Последнее слово бундовского национализма,*— «Искра», [Женева], 1903, № 46, стр. 2.— *24, 25.*

*— [*Послесловие к «Извещению об образовании «Организационного комитета»»*].— «Искра», [Лондон], 1903, № 32, 15 января, стр. 1. — *206.*

— *А. Н. Потресову*. 31 августа (13 сентября) 1903 г.[2]—*142—143, 361—364, 385.*

— [*Почему я вышел из редакции «Искры»?*] — *қараңыз:* Ленин, В. И. Письмо в редакцию «Искры».

— *Программа II очередного съезда РСДРП.* [Вторая половина июня — первая половина июля 1903 г.][3] — *12—13, 17, 44, 63—65, 105—106, 307—308, 315—346.*

— [*Проект организационного устава РСДРП, внесенный на II съезд РСДРП*][4]—*13—14, 50—52, 243—244, 245—246, 267—268, 270, 477.*

— [*Проект резолюции о мерах по восстановлению мира в партии, внесенный 15 (28) января 1904 г. на заседании Совета*

---

[1] Бірінші рет мына кітапта басылған: ««Еңбекті азат ету» тобы». № 4 жинақ, 1926, 341—342-беттер.

[2] Бірінші рет Лениннің VI жинағында толық басылған, 1927, 215—217-беттер.

[3] Бірінші рет Лениннің VI жинағында басылған, 1927, 54—60-беттер.

[4] Жоба сақталмады.

РСДРП][1].— *125, 126, 128—129, 133—134, 141—142, 143, 144, 145, 146, 149—150, 151, 152.*

— [*Проект резолюции о созыве III съезда партии, предложенный на заседании Совета РСДРП 17 (30) января 1904 г.*][1].— *446—447.*

— [*Проект устава РСДРП.* Первоначальный проект].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 393—394. (РСДРП). Загл. указано ошибочно: Проект организационного устава Росс. СДРП, внесенный на съезд Лениным.— *244—245, 301—302, 480—481.*

— *Рабочая партия и крестьянство.* — «Искра», [Мюнхен], 1901, № 3, апрель, стр. 1—2.— *233—234.*

[*Ленин, В. И. Речь по вопросу о месте Бунда в РСДРП 20 июля (2 августа) 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип, партии, [1904], стр. 90—92. —*29—30, 49—50, 497—498.*

— [*Речь при выборах редакции «Искры» 7 (20) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— Там же, стр. 332—334.— *19—20, 258—259, 324—325, 328, 329—331, 337—338.*

— [*Речь при обсуждении порядка дня съезда 18 (31) июля 1903 г. на II съезде РСДРП*].— Там же, стр. 31.— *211.*

*— *С чего начать?*—«Искра», [Мюнхен], 1901, № 4, май, стр. 1.— *241, 242.*

— [*Третья речь о мерах по восстановлению мира в партии 16 (29) января 1904 г. на заседании Совета РСДРП*][2]— *149.*

— *Центральному Комитету ППС.* 25 января (7 февраля) 1904 г.[3].— *459.*

— [*Четвертое выступление при обсуждении устава партии 4 (17) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 276—277. (РСДРП).— *301—302, 303.*

---

[1] Бірінші рет мына кітапта басылған: [Малинин, Н. И.] Шахов, Н. Съезд үшін күрес. (Документтер жинағы). Женева, 1904, 81—83, 85-беттер.

[2] Бірінші рет Лениннің X жинағында басылған, 1929, 231—235-беттер.

[3] Бірінші рет Лениннің XV жинағында басылған, 1930, 12-бет. Уақыты қате көрсетілген: 1904 ж., 25 март (7 апрель).

— *Что делать?* Наболевшие вопросы нашего движения. Stuttgart, Dietz, 1902, VII, 144 стр. На тит. л. авт.: Н. Ленин.— *13—14, 242, 263, 265—267, 268, 270, 276, 380, 449.*

— *Шаг вперед, два шага назад.* (Кризис в нашей партии.) Женева, тип. партии, 1904. VIII, 172, стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *111, 192, 243—250, 361—364, 366—367, 385, 386, 433, 436, 440—441, 444—445.*

Лермонтов, М. Ю. Журналист, читатель и писатель.— 399.

Лядов, М. Н.— қараңыз: Горин, В. Ф. и Лядов, М. Н. Четвертое лицо в третейском суде.

[*Макадзюб. М. С.*] *К вопросу о наших партийных задачах.* Об организации.— «Искра», [Женева], 1904, № 57, 15 января. Приложение к № 57 «Искры», стр. 1—2. Подпись: Практик.— *205, 404—405, 406.*

Маленькие недостатки большого съезда.— «Революционная Россия», [Женева], 1903, № 37, 1 декабря, стр. 7—16. — *388.*

Манифест Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка.] Б. м., тип. партии, [1898]. 2 стр.—*68, 72, 73.*

Мартов, Л. Борьба с «осадным положением» в Российской социал-демократической рабочей партии. С прил. писем Н. Ленина, Г. Плеханова и Ф. Дана. (Ответ на письмо Н. Ленина.) Женева, Pfeffer, 1904, VIII, 96 стр. (РСДРП).— *57, 92—93, 106, 107—108, 109—110, 133—134, 156, 170—171, 187, 188, 190—192, 193, 245—246, 281—282, 283—284, 292—293, 296, 299—300, 322—323, 337—338, 355—356, 366—367, 368, 369, 370, 372, 377—378, 379, 384, 386—387, 389—390, 391, 392, 414—415, 422, 423, 435, 438—440, 446—447.*

— *Гимн новейшего русского социалиста.*— «Заря, Stuttgart, 1901, № 1, апрель, стр. 152—153. Подпись: Нарцис Тупорылов.— *406.*

— *Еще раз в меньшинстве.* Без тит. л. 20 стр. Стеклогр.— *106—107, 109—110, 168, 353, 414, 429.*

— *Красное знамя в России.* Очерк истории русского рабочего движения. С предисл. П. Аксельрода. Изд. рев. организации «Социал-демократ». Женева, 1900. XII, 64 стр. — *366—367.*

— *Красное знамя в России.* Очерк истории русского рабочего движения. Изд. ЦК. Б. м., 1904. 72 стр. (РСДРП).— *366—367.*

---

[1] Бірінші рет Лениннің X жинағында басылған, 1929, 125—126-беттер.

[2] Бірінші рет Лениннің VI жинағында толық басылған, 1927, 304—305-беттер.

Отчет делегации Бунда [*о II съезде РСДРП*]. Б. м., [1903]. II, 68 стр.— *104*.

Павлович — қараңыз: Красиков, П. А.

[*Пешехонов, А. В.*] *Новобранцев, П. Основные вопросы русской революционной программы.*— «Революционная Россия», [Женева], 1903, № 32, 15 сентября, стр. 4—7; № 33, 1 октября, стр. 6—8.— *89—90, 488—491, 492—494*.

Письмо редакции ЦО в ЦК РСДРП — қараңыз: В Центральный Комитет РСДРП.

Письмо ЦК — қараңыз: Ленгник, Ф. В. Съезду Лиги русской революционной соц.-демократии.

Письмо ЦК к тов. Староверу. [12 (25) ноября 1903 г.].— В кн.: [Воровский, В. В.] Комментарий к протоколам Второго съезда Заграничной лиги русс. революционной социал-демократии. Женева, тип. партии, 1904, стр. 26—28. (РСДРП). То же в кн.: Мартов, Л. Борьба с «осадным положением» в Российской социал-демократической рабочей партии. С прил. писем Н. Ленина, Г. Плеханова и Ф. Дана. (Ответ на письмо Н. Ленина.) Женева, Pfeffer, 1904, стр. 49—50. (РСДРП).— *92—93, 107—108, 133—134, 140—141, 156, 170—171, 389—391, 392*.

[*Письмо*] *ЦК РСДРП администрации Загр. лиги рус. рев. социал-демократии.* 16 (29) ноября 1903 г.— В кн.: Протоколы 2-го очередного съезда Заграничной лиги русской революционной соц.-демократии. Под ред. И. Лесенко и Ф. Дана. Изд. Заграничной лиги русской революц. социал-демократии. [Женева, 1903], стр. 132. (РСДРП).— *107—108*.

Плеханов, Г. В. Грустное недоразумение.— «Искра», [Женева], 1904, № 57, 15 января, стр. 1—3.— *176, 180, 392*.

— [*Замечания редакции «Искры» на «Письмо в редакцию» В. И. Ленина*].— «Искра», 1903, № 53, 25 ноября, стр. 8, в отд.: Из партии.— *112, 388, 392*.

— [*Ф. В. Ленгнику.* 28 октября (10 ноября) 1903 г.] [1].— *190—192*.

— [*Ф. В. Ленгнику.* 4 (17) ноября 1903 г.] [1].— *190*.

— [*В. И. Ленину.* 26 октября (8 ноября) 1903 г.] [1].— *190*.

[1] Бірінші рет Лениннің VII жинағында басылған, 1928, 228, 237, 217-беттер.

[*Потресов, А. Н.*] *Старовер.* [*Письмо Г. В. Плеханову.* 21 октября (3 ноября) 1903 г.].— В кн.: Мартов, Л. Борьба с «осадным положением» в Российской социал-демократической рабочей партии. С прил. писем Н. Ленина, Г. Плеханова и Ф. Дана. (Ответ на письмо Н. Ленина.) Женева, Pfeffer, 1904. стр. 46. (РСДРП).— *170—171, 355—356, 384.*

— *Резолюция о либералах — қараңыз:* Об отношении к либералам (Старовера).

«Правительственный Вестник», Спб., 1902, № 72, 30 марта (12 апреля), стр. 1—2.— *180—185.*

Практик — қараңыз: Макадзюб, М. С.

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *12—13, 23, 121, 209, 238, 241, 346—349, 350, 402—403, 404—405, 478—479.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари».) — «Заря», Stuttgart, 1902, № 4, август, стр. 1—10, в отд. А.— *11—12.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари».) — «Искра», [Мюнхен], 1902, № 21, 1 июня, стр. 1—2.— *11—12.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. Б. м., тип. «Искры», 1903. 71 стр. (РСДРП).— *11—12.*

Проект устава II-го съезда Росс. соц.-дем. раб. партии, выработанный Орг. Ком.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 379—381. (РСДРП).— *46, 122, 205—207, 215—216, 337.*

Протоколы 2-го очередного съезда Заграничной лиги русской революционной соц.-демократии. Под ред. И. Лесенко и Ф. Дана. Изд. Заграничной лиги русской революц. социал-демократии. [Женева, 1903]. VIII, 136 стр. (РСДРП).— *39, 40—42, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 65, 106—108, 114, 178, 187, 191—192, 193, 207—208, 214—215, 217—218, 219—220, 226, 227, 239, 242, 243, 244—245, 250, 257, 269, 273, 274—276, 279—280, 281—284, 286—288, 290—291, 292, 299—300, 301, 302, 304, 307—310, 315, 336, 341, 342, 343, 351—352, 368—369, 370, 371—374, 375—376, 377—380, 381—382, 384—385, 386, 387, 411—412, 414—415, 418, 438—440, 441—442, 483, 484.*

[1] Бірінші рет Лениннің X жинағында басылған, 1929, 181—277-беттер.
[2] Бірінші рет Лениннің XV жинағында басылған, 1930, 45—84-беттер.

ской революционной социал-демократии» 16 (29) октября 1903 г.].— Там же, стр. 84.— *374—376, 414—415.*

Резолюция [*о группе «Южный рабочий», принятая II съездом РСДРП 6 (19) августа 1903 г.*].— Там же, стр. *313—221.*

Резолюция [*о кооптировании третьего члена редакции двумя выбранными, принятая на II съезде РСДРП 7 (20) августа 1903 г.*].— Там же, стр. 336.— *19—20.*

Резолюция о признании «Искры» Центральным Органом — қараңыз: О Центральном Органе партии.

[*Резолюция об опубликовании протоколов заседаний Совета РСДРП, принятая на заседании Совета 17 (30) января 1904 г.*][1].— *473.*

[*Резолюция об уставе Лиги, принятая на II очередном съезде «Заграничной лиги русской революционной социал-демократии» 7(30) октября 1903 г.*].— В кн.: Протоколы 2-го очередного съезда Заграничной лиги русской революционной соц.-демократии. Под ред. И. Лесенко и Ф. Дана. Изд. Заграничной лиги русской революц. социал-демократии. [Женева, 1903], стр. 101. (РСДРП).— *60.*

[*Резолюция по поводу заявления Мартынова и Акимова об отказе от участия в работах съезда, принятая II съездом РСДРП 5(18) августа 1903 г.*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 295. (РСДРП).— *314, 358.*

[*Резолюция по поводу инцидента с ОК, принятая II съездом РСДРП 18(31) июля 1903 г.*].— Там же, стр. 46.—9—10, *219—220, 478—479.*

**Резолюция 5-го съезда о положении Бунда в партии перед судом патриотов искровской фирмы.* 22 (9) сентября 1903 г. Изд. Заграничного комитета Бунда. [Листовка.] London, Nathanson, [1903]. 4 стр.— *24—30.*

Резолюция товарищеского третейского суда. 2(15) марта 1904 г. [Листовка. С послеслов. Л. Мартова.] Б. м., [1904]. 2 стр.— *433, 437—438, 439—442.*

[*Резолюция товарищеского третейского суда, состоявшегося 19 февраля (3 марта) 1904 г.*].— «Искра», [Женева], 1904, № 62, 15 марта. Приложение к № 62 «Искры», стр. 2.— *433, 437—438.*

[1] Бірінші рет Лениннің X жинағында басылған. 1929, 276-бет.

тии. — В кн.: Протоколы 2-го очередного съезда Заграничной лиги русской революционной соц.-демократии. Под ред. И. Лесенко и Ф. Дана. Изд. Заграничной лиги русской революц. социал-демократии. [Женева, 1903], стр. 3—5. (РСДРП).— *369—370.*

Четвертый съезд Всеобщего еврейского рабочего союза в Литве, Польше и России. Б. м., [1901]. 21 стр. (РСДРП).— *29—30.*

«Южный Рабочий», Екатеринослав и др. —*236—237, 253, 508, 511.*

«Aus der Weltpolitik», München, 1903, Jg. V. N 48, 30. November, S. 1—10. —*106—107.*

«Deutsch-Französische Jahrbücher», Hrsg. von A. Ruge und K. Marx. Paris, 1844, Lfrg. 1—2, S. 71—85.— *75—76.*

«Frankfurter Zeitung». Abendblatt, 1904, N 97, 7. April.— *391.*

Göhre, P. Drei Monate Fabrikarbeiter und Handwerksbursche. Eine praktische Studie. Leipzig, Grunow, 1891. 223 S.— *413.*

Göthe, J. W. Faust.— 73—74.

Heine, W. Demokratische Randbemerkungen zum Fall Göhre.— In: «Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1904, Bd. I. Hft. 4, April, S. 281—291.— *413—416, 420.*

«Iskra» o kwestyi polskiej.— In: «Przedświt», Kraków, 1903, N 9, s. 361—373. —*79—80.*

Kautsky, K. Franz Mehring.— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1903—1904, Jg. XXII, Bd. I, N 4, S. 97—108. —*332—334.*

— *Die Intelligenz und die Sozialdemokratie.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1894—1895, Jg. XIII, Bd. II. N 27, S. 10—16; N 28, S. 43—49; N 29, S. 74—80.— *272.*

— *Die Krisis in Österreich.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1903—1904, Jg. XXII, Bd. I, N 2, S. 39—46.— *75—76.*

— *Wahlkreis und Partei.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1903—1904, Jg. XXII, Bd. 2, N 28, S. 36—46.— *415—418, 420.*

Lissagaray, P. O. Histoire de la Commune de 1871. Bruxelles, Kistemaeckers, 1876. 516, XXX, [2] p.— *519—520.*

Marx, K. Der Bürgerkrieg in Frankreich. Adresse des Generalrats der Internationalen Arbeiter-Assoziation. 3-te deutsche Aufl. verm. durch die beiden Adressen des Generalrats über den deutsch-französischen Krieg und durch eine Einleitung von F. Engels. Berlin, «Vorwärts», 1891. 71 S.— *515—526.*

Marx, K. Zur Kritik der Hegel'schen Rechts-Philosophie. Einleitung. — In: «Deutsch-Französische Jahrbücher». Hrsg. von A. Ruge und K. Marx. Paris, 1844, Lfrg. 1—2, S. 71—85. —*75.*

Naquet, A. Drumont et Bernard Lazare.— In: «La Petite République», Paris, 1903, N 10023, 24 septembre, p. 1.— *76.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart.— *169.*

— 1894—1895, Jg. XIII. Bd. II, N 27, S. 10—16. —*272.*

— N 28, S. 43—49.— *272.*

— N 29, S. 74—80. — *272.*

— 1903—1904, Jg. XXII, Bd. 1, N 2, S. 39—46. — *75—76.*

— N 4, S. 97—108. —*332—334.*

— Bd. 2, N 28, S. 36—46. —*415—418, 420.*

Organisation der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Mainz 1900.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, «Vorwärts», 1901, S. 6—8.— *441—442.*

Parvus, A. L. Der Anfang vom Ende?— In: «Aus der Weltpolitik», München, 1903, Jg. V, N 48, 30. November, S. 1—10. — *106—107.*

«La Petite République», Paris, 1903, N 10023, 24 septembre, p. 1.— *76.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Breslau vom 6. bis 12. Oktober 1895. Berlin, «Vorwärts», 1895. 223 S.— *290—292.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, «Vorwärts», 1901, S. 6—8. — *441—442.*

«Przedświt», Kraków, 1903, N 3, s. 81—88.— *79—80.*

— N 6, s. 228—238.— *79—80.*

—N 9, s. 361—373.— *79—80.*

Renan, E. Discours et conférences. 3-me éd. Paris, Lévy, 1887. V, 412 p. — *77—78.*

— *Le judaïsme comme race et comme religion.* Conférence faite au cercle Saint-Simon, le 27 janvier 1883. Reproduktion sténographique.— In: Renan, E. Discours et conférences. 3-me éd. Paris, Lévy, 1887, p. 341—374.— *77—78.*

«Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1904, Bd. I, Hft. 4, April, S. 281—291. — *413—416, 420.*

Stosunek socyalnej demokracyi rosyjskiej do kwestyi narodowosciowej.— In: «Przedświt», Kraków, 1903, N 3, s. 81—88.— *79—80.*

«Vorwärts», Leipzig — Berlin.— *169.*

Wr. A. «Bund».— «Przedświt», Kraków, 1903, N 6, s. 228—238.— *79—80.*

Zola, E. La débâcle.— 516—517.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялар көрсетілген.

дықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды насихаттады.— *13, 18, 42, 125, 129, 130, 139, 141—144, 192, 202, 217, 239—241, 247, 252, 257—263, 265, 267, 270—272, 276, 281, 291, 296, 299, 323, 326, 341, 351, 355—356, 357—358, 366, 374—375, 380, 381, 384, 385, 393—399, 400—401, 405—407, 410, 411, 414—415, 418, 419, 420—423, 427, 460, 483, 485, 497, 506.*

Александров — «Ұйымдық мәселелер. (Редакцияға хат)» деген мақаланың авторы. Мақала 1904 жылы 1 январьда «Искраның» 56-номеріне қосымшада басылған.— *403, 408.*

Александрова, Е. М. (Наталья Ивановна, Штейн, N, NN) (1864—1943) — 80-жылдардың аяғында «Халық еркі» ұйымына кірді, 1890 жылдан бастап Петербургтің жұмысшы үйірмелерінде насихат жүргізді, «Халық ерікшілері тобына» енді. 1894 жылы тұтқынға алынды, сонан соң Вологда губерниясына 5 жылға жер аударылды. Айдауда жүргенде социал-демократтарға қосылды, 1902 жылы, шетелде жүрген кезінде, «Искра» ұйымына кіріп, кейін оның агенті ретінде Россияда жұмыс істеді. РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Орелде болған кеңесінде (1903 жылғы февраль) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезге Ұйымдастыру комитетінің атынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды; съезден кейін — белсенді меньшевик, 1904 жылы меньшевиктер оны Орталық Комитетке кооптациялады. 1905 жылғы октябрьден бастап меньшевиктердің Ұйымдастыру комиссиясының секретары болып істеді. Реакция жылдарында саяси қызметке белсене қатысқан жоқ. 1910—1912 жылдары Москва мен Петербургте жұмыс істеді, веналық «Правда» (Троцкийдің) тобына қосылды, 1912 жылы жойымпаздардың август конференциясын шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінде осы топтың өкілі болды. 1913—1914 жылдары Троцкийдің «Борьба» журналы редакциясының секретары әрі мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін мәдени-ағарту мекемелерінде жұмыс істеді.— *8—12, 15, 48, 51, 105, 284, 433, 436, 439, 441, 478.*

Алексеев, Н. А. (1873 ж. туған)—социал-демократ, искрашыл, РСДРП II съезінен бастап большевик, дәрігерлік білім алған. Революциялық қызметті 90-жылдардың аяғында Петербургте бастады. 1897 жылдың көктемінде Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді. 1898 жылдың басында тұтқынға алынып, Вятка губерниясына (Слободск қаласына) 4 жылға жер аударылды, одан 1899 жылы шетелге қашып кетті. 1900 жылдан 1905 жылға дейін Лондонда тұрды, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағына», одан соң «Орыс революциялық социал-демократтарының шетелдік лигасына» мүше болды. РСДРП II съезінен кейін — большевиктердің Лондондағы өкілі. РСДРП III съезіне кеңесші дауыспен қатысты,

съездің секретары (Андреев деген фамилиямен) болды. 1905 жылы декабрьде Петербургке қайтып оралды, «Вестник Жизни», «Волна» және басқа да большевиктік басылымдарға қатысты, насихат және үгіт жұмысын жүргізді. 1911 жылдан 1917 жылға дейін Иркутскіде дәрігер болып істеді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Иркутскіде біріккен социал-демократиялық ұйымда әскери депутаттар Иркутск Советі полктік комитетінің мүшесі болып жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясына қатысты. Азамат соғысы жылдарында Лена бойында колчакшыларды құлатуға қатысты, Киренск ревкомының председателі болды. Саяси-ағарту мекемелерінің Бас басқармасында, Коминтернде істеді, Москва мемлекеттік 2-университетінде ВКП(б) тарихынан сабақ берді, совет және партия органдарында жұмыс істеді. Алексеев К. Маркстің және Ф. Энгельстің бірқатар еңбектерін аударды.— *485.*

Алексеев, П. А. (1849—1891)— 70-жылдардағы белгілі революционер, мамандығы тоқымашы-жұмысшы. 1873 жылы Петербургте, Нева заставасының ар жағындағы революциялық жұмысшылар үйірмесінде болды; 1874 жылдың ноябрінен бастап Москвада жұмысшылар арасында революциялық насихат жүргізуге белсене қатынасты. 1875 жылдың апрелінде тұтқынға алынып, 1877 жылы «50-дің процесі» бойынша сотталды. Сотта қорғаушыдан бас тартты, 10 (22) мартта өзінің атақты сөзін сөйледі; бұл сөзін патша самодержавиесі сөзсіз құлайды деп сенім білдірумен аяқтады. Алексеевтің сөзі кейіннен көптеген жасырын басылымдар арқылы таратылып, Россиядағы революциялық қозғалысқа елеулі әсер етті. В. И. Ленин оны «орыс жұмысшы-революционерінің ұлы көрегендігі» (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 407-бет) деп атады. 1877 жылғы 14 (26) мартта Алексеев 10 жыл каторгаға кесілді, 1884 жылы қоныстануға шығып, Якутияда тұрды; сонда 1891 жылдың 16 (28) августында қарақшылардың қолынан қаза тапты.— *265.*

Анна Ивановна — қараңыз: Левина, Е. С.

Антон — қараңыз: Макадзюб, М. С.

Б

Базиленков — қараңыз: Локерман, А. С.

Басовский, И. Б. (Дементьев) (1876 ж. туған)— 1896 жылы Одессадағы социал-демократиялық үйірмелерге кірді, одан соң «Искраны» шетелден Россияға астыртын әкелуді ұйымдастырушылардың бірі болды. 1902 жылы февральда «Искра» мен РСДРП Киев комитетінің ісі бойынша тұтқынға алынды; 1902 жылы 18 (31) августа Н. Э. Бауман, В. Н. Крохмаль және басқалармен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен қашып шығып,

«Искраны» тасып жеткізуді ұйымдастыру ісімен қайта айналысты. РСДРП II съзінен кейін меньшевиктерге қосылды, Харьков пен Екатеринославтың социал-демократиялық ұйымдарында жұмыс істеді, партияның IV съезіне кеңесші дауыспен қатысты; реакция жылдарында белсенді саяси қызметтен қол үзіп кетті. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Воронеждегі меньшевиктік ұйымда жұмыс істеді. Мемлекеттік және Демократиялық кеңестерге қатысты; Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзіп, Москвада шаруашылық жұмыста болды.— *485.*

Бауман, Н. Э. (Сорокин) (1873—1905) — профессионал революционер, большевиктік партияның аса көрнекті қайраткері. Революциялық қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында Қазанда бастады, 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» жұмысына белсене қатысты, Нарва ауданындағы жұмысшылар арасында насихат жүргізді. 1897 жылы тұтқынға алынып, Петропавл қамалында 22 ай қамауда отырғаннан кейін Вятка губерниясына жер аударылды; 1899 жылдың октябрінде Швейцарияға эмиграцияға кетіп, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағына» кірді, «экономизммен» күреске белсене қатысты. 1900 жылы «Искра» ұйымының негізін қалаушылардың бірі болды; 1901—1902 жылдары Москвада «Искраның» агенті болып жұмыс істеді; 1902 жылы февральда тұтқынға алынды, 18 (31) августа социал-демократтар тобымен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен қашып шықты. РСДРП II съезіне Москва комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. 1903 жылы декабрьде Москваға қайтып келіп, партияның Москва комитетін басқарды, сонымен бір мезгілде партияның Орталық Комитетінің Солтүстік бюросына басшылық етті, өз пәтерінде астыртын баспахана ашты. 1904 жылы июньде тұтқынға алынып, 1905 жылы октябрьде босатылды; 18 (31) октябрьде Москва комитеті ұйымдастырған демонстрация кезінде оны қаражүздіктер өлтірді. Бауманды жерлеу орасан зор халықтық демонстрацияға айналды. «Пролетарий» газетінің 24-номерінде Н. Э. Бауманды еске түсірген некролог жарияланды, оны В. И. Ленин жазды (қараңыз: Шығармалар, 9-том, 453—454-беттер).— *214, 323, 441—442, 501, 506.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913)— герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; бірнеше рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті, рейхстагтың мінбесінен кайзерлік үкіметтің реакцияшыл ішкі және сыртқы саясатын әшкереледі. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік бағыт ұстап, Париж Коммунасын қолдады.

жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күресу деп жариялады, «ең бастысы қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бернштейннің және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практика жүзіндегі оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей опасыздық жасауға әкеліп соқты, ал мұның ақыры II Интернационалдың күйреуімен бітті. Одан кейін де Бернштейн марксизмге қарсы күресін тоқтатқан жоқ, империалистік буржуазияның саясатын қолдауға шақырды.— *83, 384, 398, 421.*

Бисмаркс (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» деп аталған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас герман империясын құру Бисмарктің негізгі мақсаты болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. 1871 жылдан 1890 жылға дейін Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салуға тырысқан әрекеттен нәтиже шықпады. 1890 жылы мартта орнынан түсті.— *518, 521, 523, 524, 526.*

Бланки (Blanqui), *Луи Огюст* (1805—1881) — француздың аса көрнекті революционері, утопиялық коммунизмнің белгілі өкілі, Париж көтерілістеріне және 1830—1870 жылдар ішіндегі революцияларға қатысты, бірқатар құпия революциялық қоғамдарды басқарды. Бланки өз өмірінің 36 жылдан астамын түрмеде өткізді. Революционер-заговоршылардың шағын тобымен өкіметті басып алуды мақсат еткен ол революциялық күрес үшін бұқараны ұйымдастырудың шешуші ролін түсінбеді. Бланкидің революциялық қызметін жоғары бағалай отырып, Маркс пен Ленин сонымен бірге оның қателерін және заговорлық тактикасының жарамсыздығын қатаң сынға алды. «Бланкизм,— деп жазды Ленин,— тап күресін теріске шығаратын теория. Бланкизм адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың тап күресі арқылы құтқаруды күтпейді, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды күтеді» (Шығармалар, 10-том, 395-бет).— *518.*

Блюм — қараңыз: Блюменфельд, И. С.

Блюменфельд, И. С. (Блюм) (1865 ж. туған) — социал-демократ, «Еңбекті азат ету» тобының белсенді қызметкерлерінің бірі, кейін «Искра» ұйымының мүшесі; мамандығы — әріп теруші. «Еңбекті азат ету» тобында және «Искрада» баспахананы және транспорт жағын басқарды. 1902 жылы мартта «Искра» басылымдарының транспортымен шекарада (Радзивиловта) тұтқынға алынды да, Киев түрмесіне қамалды, одан 1902 жылдың август айында шетелге қашты. РСДРП II съезінде болған жікке бөлінуден кейін меньшевиктерге қосылды. 1903 жылдың декабрінен бастап меньшевиктік «Искра» редакциясының секретары болды, содан әрі Россияда және шетелде меньшевиктік ұйымдарда жұмыс істеді. 1917 жылы Уақытша үкімет кезінде меньшевиктік «Рабочая печать» баспасын ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді.— *31, 485.*

Бонапарт, Луи — қараңыз: III Наполеон.

Бонч-Бруевич, В. Д. (Бонч) (1873—1955) — профессионал революционер, большевик; тарихшы әрі әдебиетші. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғынан бастап қатысты, Россияда маркстік әдебиет шығару жөнінде зор жұмыс жүргізді, 1896 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетті. Шетелде «Еңбекті азат ету» тобының жұмысына араласты, кейін «Искраға» қатысып тұрды. РСДРП II съезінен кейін — большевик; 1904 жылы Орталық Комитеттің экспедициясын басқарды, ал кейін большевиктік әдебиетті бастыруды ұйымдастырды («В. Бонч-Бруевич пен Н. Ленин» баспасы). Одан кейінгі жылдарда большевиктік газет, журналдар мен партиялық баспаларды ұйымдастыруға белсене қатысты, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. Россиядағы діни-қоғамдық қозғалыстарды, әсіресе сектанттықты зерттеді, оның бірқатар еңбектері сектанттық тарихына арналған; 1904 жылы сектанттарға арнап социал-демократиялық «Рассвет» листогын шығарып тұрды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін «Известия Петроградского Совета» редакциясының мүшесі (1917 жылғы майға дейін) болды; кейінірек большевиктік «Рабочий и Солдат» газетін редакциялады. Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық Комиссарлар Советінің іс басқарушысы (1920 жылдың октябріне дейін), «Жизнь и знание» баспасының бас редакторы болды. 1930 жылдан Москвада өзі ұйымдастырған Әдебиет музейін басқарды, 1946 жылдан СССР Ғылым академиясының Ленинградтағы Дін және атеизм тарихы музейінің директоры болды.— *472, 474, 483, 500.*

Борис — қараңыз: Носков, В. А.

дың жазында қашып кетті. 1902 жылдан бастап Екатеринославта астыртын баспаханалар ұйымдастыру және социал-демократиялық әдебиеттер тарату жұмысымен айналысты. РСДРП II съезінде — Екатеринослав комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — большевик. 1905 жылы РСДРП-дан шығып, анархист-коммунистер ұйымына кірді, анархистік «Бунтарь» журналы редакторларының бірі болды. 1907 жылы тұтқынға алынып, 4 жылға Турухан өлкесіне жер аударылды; айдаудан қайтып оралғаннан кейін саяси қызметтен шеттеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Одессада Совет өкіметін ұйымдастыруға қатысты, жұмысшы-шаруа инспекциясы органдарында жұмыс істеді; 1922—1924 жылдарда Москвада Өнеркәсіп банкі басқармасының секретары болды, кейіннен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында істеді.— *231, 440, 480, 502.*

I Вильгельм (Wilhelm) (1797—1888) — Пруссия королі (1861 жылдан); герман императоры (1871—1888).— *516, 525.*

Винуа (Vinoy), *Жозеф* (1800—1880) — француз генералы, бонапартшыл, Париж Коммунасы кезінде Версаль армиясының қолбасшысы, коммунарларды қанға бояп жазалауды басқарушының бірі.— *518, 526.*

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — экономист және публицист, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдардың идеологтарының бірі, «Россиядағы капитализмнің тағдыры» (1882), «Біздің бағыттарымыз» (1893), «Теориялық экономия очерктері» (1895) және басқа кітаптардың авторы; бұл кітаптарында ол Россияда капитализмнің дамуын жоққа шығарды, ұсақ товар өндірісін мадақтады, шаруалар қауымын дәріптеді. Патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздады және марксизмге үзілді-кесілді қарсы шықты. Воронцовтың көзқарастары В. И. Лениннің көптеген еңбектерінде аяусыз сыналды.— *81, 88.*

Врублевский (Wróblewski), *Валерий* (1836—1908) — көрнекті поляк революционері, 1871 жылғы Париж Коммунасының генералы. Петербургтің орман институтында оқыды, онда орыстың революцияшыл демократтарының идеяларымен танысты. Польшаға қайтып оралғаннан кейін шаруалар арасында революциялық үгіт жүргізді. 1863—1864 жылдардағы Поляк азаттық көтерілісі кезінде көтерілісшілер отрядтарын басқарып, ауыр жараланды. 1864 жылғы январьда Парижге кетіп, онда поляк эмиграциясының демократияшыл қанаты басшыларының бірі болды. Париж Коммунасы жарияланғанда Врублевский батыл түрде көтерілісшілер жағына шықты; оған коммунарлардың II армиясына қолбасшы болу жүктелді. Врублевский Париж пролетарларының қатарында Коммунаның соңғы күндеріне дейін ерлікпен шайқасты. Коммуна талқандалғаннан кейін Лондонға эмиграцияға кетті, I Интернационалдың Бас советіне коопта-

цияланды, бакуниншілдермен күреске белсене қатысты, Маркс пен Энгельстің тактикалық бағытын қолдады; 1880 жылғы амнистиядан кейін Францияға қайтып оралды. Врублевский өмірінің ақырына дейін социализм мен халықаралық ынтымақ идеяларына адал болып қалды.— *519.*

Г

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшынның саяси қайраткері, 80-жылдарда социал-демократиялық федерацияның және Британ социалистік партиясының (1911) негізін салушылардың бірі. 1900—1910 жылдарда Халықаралық социалистік бюроның мүшесі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде әуелі антимилитаристік позиция ұстауға тырысты, бірақ көп кешікпей ашық социал-шовинист болды; империалистік соғысты жақтаған насихаты үшін 1916 жылы партиядан шығарылды. Гайндман Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Советтік Россияға қарсы интервенция жасауды жақтады.— *384.*

Галкин, В. Ф.— қараңыз: Горин, В. Ф.

Гальперин, Л. Е. (Валентин, Игрек, Конягин, Ру) (1872—1951) — социал-демократ, революциялық қозғалысқа 1898 жылдан бастап қатысты. Астрахань губерниясында айдауда жүрген кезінде «Искра» ұйымымен байланыс орнатты, сөйтіп 1901 жылдың көктемінде оның агенті ретінде Бакуге жіберілді, онда РСДРП Баку комитетін, астыртын баспахана құру жөнінде, астыртын әдебиетті шетелден тасып жеткізу және оны Россияда тарату ісін ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізді. 1902 жылдың басында Киевте демонстрацияға қатысып, тұтқынға алынды; 18(31) августа бір топ искрашылдармен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен шетелге қашып кетті, сөйтіп Россияға партиялық әдебиетті жеткізу ісін ұйымдастыру жөніндегі жұмысын онан әрі жүргізе берді. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, біраз уақыт Орталық Орган редакциясынан партия Советінің құрамына кірді, кейін Орталық Комитет құрамына кооптацияланды. Меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады, партияның III съезін шақыруға қарсы болды; 1905 жылы февральда тұтқынға алынды. 1906 жылдан бастап белсенді саяси қызметтен шеттеді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевик-интернационалистерге қосылды, Мемлекеттік кеңеске қатысты. 1918 жылдың көктемінен бастап шаруашылық жұмыста істеді.— *60, 66, 137, 138, 139, 178, 390, 391, 392, 443, 444, 449.*

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың

аяғы мен XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің шыңы болды. Гегельдің тарихи еңбегі мынада: ол диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі болған идеалистік диалектиканы терең әрі жан-жақты талдап жасады. Гегельдің пайымдауынша, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үздіксіз қозғалыста, өзгерісте, қайта өзгерісте және дамуда болады; алайда ол объективтік дүниені, өмір шындығын «абсолюттік рухтың», «абсолюттік идеяның» жемісі деп қарады. В. И. Ленин «абсолюттік идеяны» идеалист Гегельдің теологиялық ойдан шығарған өтірігі деп атады. Диалектикалық метод пен шын мәнінде дамуды тоқтатуды талап еткен консервативтік, метафизикалық система арасындағы терең қайшылық — Гегель философиясына тән сипат. Әлеуметтік-саяси көзқарастары жөнінен Гегель реакционер болды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин Гегельдің диалектикалық методын сын көзбен қайта қарап, объективтік дүние мен адамның ой-пікірі дамуының неғұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің басты шығармалары: «Рух феноменологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817); «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген еңбектері: «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836) және «Эстетика жөніндегі лекциялар, немесе өнер философиясы» (1836—1838).— *429.*

Гейне (Heine), *Вольфганг* (1861—1944) — немістің саяси қайраткері, социал-демократ, мамандығы — адвокат. Социал-демократиялық партияда барып тұрған оппортунист-бернштейншілдер қатарында болды. 1898 жылы рейхстагқа сайланды, бірақ көп ұзамай социал-демократтар ұйымдастырған саяси демонстрацияға қатысудан бас тартқаны үшін мандатынан айрылды. «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының қызметкері болды. Ревизионистік сипаттағы мақалалары үшін Бебель, Меринг және басқалары тарапынан қатты сынға алынды. Германиядағы 1918 жылғы революциядан кейін Гейне юстиция министрі, ал 1919—1920 жылдарда Пруссия үкіметінің ішкі істер министрі болды. 1920 жылдан кейін саяси қызметтен шеттеп, адвокаттық істермен айналысты.— *414, 415, 416, 420.*

Гельфанд, А. Л.— қараңыз: Парвус, А. Л.

Герц — қараңыз: Ульянов, Д. И.

Гёрэ (Göhre), *Пауль* (1864—1928) — немістің саяси қайраткері әрі публицисі, В. И. Ленин оған «барып тұрған оппортунист» деген сипаттама берді. Университетті бітіргеннен кейін Гёрэ Саксонияда пастор болды. Ол жұмысшылардың тұрмыс жағдайын зерттеу үшін әр түрлі фабрикаларда 3 ай жұмыс істеді, содан кейін 1896 жылы «Drei Monate Fabrikarbeiter und Handwerkbursche» («Үш ай мастерге қолбала және фабрика жұ-

мысшысы») деген кітап жазды. 1891—1899 жылдарда «Евангелиелік-әлеуметтік конгрестің» бас секретары болды, кейінірек социал-демократтарға қосылды. 1903 жылы социал-демократиялық партиядан рейхстагқа сайланды, бірақ буржуазиялық басылымдарға қатысқаны үшін үш айдан кейін депутаттық уәкілдігін тапсыруға мәжбүр болды. 1918 жылы Германиядағы революцияның бастапқы кезінде соғыс министрінің орынбасары қызметін атқарды, ал кейінірек 1923 жылға дейін Пруссия үкіметінің мүшесі болды.— *413, 414.*

Гинзбург, Б. А.— қараңыз: Кольцов, Д.

Гио (Guiod), *Альфонс Симон* (1805 ж. туған) — француз генералы, 1870—1871 жылдары Парижды қоршау кезінде артиллерия командашысы болды.— *517.*

Глебов — қараңыз: Носков, В. А.

Гольдблат — қараңыз: Медем, В. Д.

Гольден — қараңыз: Мальцман, Б. С.

Гольденберг, И. П. (1873—1922) — социал-демократ, искрашыл, РСДРП II съезінен кейін большевик; социал-демократиялық қызметін 90-жылдардан бастады, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» мүшесі болды. Барлық большевиктік басылымдардың редакциясы құрамына еніп, 1905—1907 жылдардағы революция кезінде көрнекті роль атқарды, Орталық Комитеттің басқа партиялармен және ұйымдармен байланыс жасау жөніндегі өкілі болды. 1907 жылы РСДРП V съезінің жұмысына қатысты, онда Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1910 жылдың январында Орталық Комитеттің Орыс Бюросының құрамына енді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде қорғанымпаздарға, Плехановтың жақтастарына қосылды. 1917 — 1919 жылдарда «Новая жизнь» тобына қосылды. 1920 жылы большевиктер партиясына қайтадан кірді.— *484.*

Гольдендах, Д. Б.— қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Гольдман, М. И.— қараңыз: Либер, М. И.

Горин (Галкин), В. Ф. (1863—1925) — профессионал революционер, большевик. 80-жылдардың алғашқы жартысында Симферопольдің, кейін Харьковтың, Могилевтің, Одессаның халық ерікшілері үйірмелеріне кірді. 1887 жылы октябрьде «Оңтүстік халық ерікшілері ұйымының» ісі бойынша тұтқындалып, Якутияға жер аударылды; 90-жылдардың орта шенінде социал-демократтарға қосылды. Айдау мерзімі аяқталғаннан кейін (1900) Верхоянскіде, кейін Иркутскіде тұрды, Сибирь социал-демократиялық одағын ұйымдастыруға қатысты. 1902 жылы Саратов

социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді, сол ұйымнан РСДРП II съезіне делегат болып қатысты. Съезде — көпшілік жағындағы искрашыл, большевиктерден съезд протоколдарын редакциялау жөніндегі комиссияға енді. Съезден кейін меньшевиктермен күреске белсене қатысты. 1910 жылы Н. Грабовский деген бүркеншік атпен оның «Материализм жойылсын! (Эмпириокритикалық сынға сын)» деген кітабы шықты; ол марксизмді махистік тұрғыдан ревизиялауға қарсы бағытталды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға қайтып оралып, Петроград Әскери-революциялық комитетінде жұмыс істеді, Октябрь қарулы көтерілісін дайындауға қатысты. 1918—1920 жылдары Қызыл Армияда саяси жұмыста болды. 1920 жылдан бастап Всевобучта жұмыс істеді.— *222, 237, 238, 433—434.*

Горский — қараңыз: Шотман, А. В.

Гофман — қараңыз: Косовский, В.

Граднауер (Gradnauer), *Георг* (1866 ж. туған) — неміс социал-демократы, философия докторы, ревизионист. 1890 — 1896 жылдары Дрезденде «Sächsische Arbeiterzeitung»-тің («Саксония Жұмысшы Газетінің») редакторы; 1897—1905 жылдары Берлиндегі «Vorwärts»-тің («Алға») редакторы; 1906 жылдан 1918 жылға дейін «Dresdene Volkszeitung» («Дрезден Халық Газетінің») бас редакторы болды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Граднауер сыртқы істер министрі, ал 1919 жылғы марттан 1920 жылғы майға дейін Саксонияның министр-президенті болды; 1921 жылғы майдан октябрьге дейін — империяның ішкі істер министрі болды. Кейінірек ол Берлиндегі орталық үкімет жанында Саксонияның елшісі болды.— *169.*

Гринберг, В. Д.— қараңыз: Медем, В. Д.

Гурвич, Ф. И.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Гуревич, А. Г.— социал-демократ, искрашыл, РСДРП II съезінен кейін меньшевик. 90-жылдардың басында Нижний Новгородтың алғашқы социал-демократиялық үйірмелеріне қатысты. 1897 жылы шетелге кетті; 1899 жылы «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» мүшелігіне алынды. 1900—1902 жылдары экспедиция және транспорт ісі жөнінде «Искраға» көмектесті. «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» мүшесі болды; Лиганың II съезіне меньшевиктер жағынан қатысты (съезд протоколдары бойынша—Попов).— *485.*

Гурский, М. Г. (1874 ж. туған) — социал-демократ, искрашыл, РСДРП II съезінен кейін меньшевик. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғында араласты. 1901 жылы тұтқынға алынып,

астыртын баспахана ұйымдастырды, РСДРП Киев комитеті қатарында болды деген айып бойынша жандармдық тергеуге тартылды. 1902 жылы августа 11 искрашылдың қатарында Киев түрмесінен қашып шығып, шетелге эмиграцияға кетті; «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» мүшесі болды; Лиганың II съезіне меньшевиктер жағынан қатысты.— *485.*

Гусаров, Ф. В. (Митрофан) (1875—1920) — социал-демократ, РСДРП II съезінен кейін большевик; мамандығы — әскери дәрігер. 1903 жылы Вильнода жұмыс істеді. Сол жылдың күзінде Орталық Комитетке кооптацияланды, онда 1904 жылдың орта шеніне дейін істеді. 1906 жылы I Мемлекеттік дума таратылып, Кронштадта көтеріліс болған кезде округтік ауданды ұйымдастырушылардың бірі және Петербург комитетінде әскери ұйымның өкілі болды; 1906 жылы 20 июльде тұтқынға алынды; 1907 жылы 4 жылға каторгаға кесілді, кейінірек каторга Сибирьде тұруға жер аударумен ауыстырылды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Красноярскіде, Иркутскіде, Омскіде партия және совет жұмыстарын жүргізді.— *443.*

Гусев, С. И. (Драбкин, Я. Д.) (1874—1933) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады, 1897 жылдың көктемінде тұтқынға алынып, Оренбургке жер аударылды. 1899 жылдан бастап Дондағы Ростовта тұрды, РСДРП Дон комитетінің жұмысына белсене араласты, 1902 жылғы стачка мен 1903 жылдың мартындағы демонстрация басшыларының бірі болды. РСДРП II съезінде — Дон комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл; съезден кейін Россияның оңтүстігінде бірқатар қалаларды аралап, съезд туралы баяндамалар жасады. 1904 жылы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты. 1904 жылғы декабрьден 1905 жылғы майға дейін Көпшілік Комитеттері Бюросының және партияның Петербург комитетінің секретары, сонан соң Одесса большевиктік ұйымы басшыларының бірі болды. 1906 жылғы январьдан бастап — РСДРП Москва комитетінің мүшесі; IV съезге Москва ұйымынан делегат болды. 1906 жылы тұтқынға алынып, сонан соң Тоболь губерниясына жер аударылды, ол жерден 1909 жылы қашып шықты; реакция жылдарында жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы шықты. 1917 жылғы октябрь күндерінде Петроград Әскери-революциялық комитетінің секретары болды; 1918 жылдан Қызыл Армияда саяси жұмыс атқарды, 1921—1923 жылдары Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі және Саяси басқармасының бастығы болды; 1923 жылдан — РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының секретары және Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының коллегия мүшесі, 1925 жылдан — РКП(б) Орталық Комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі болды. 1928—1933 жылдары — Коммунистік Интернационал Атқару

комитеті Президиумының мүшесі; партия тарихы, әскери және шаруашылық мәселелер жөнінде, халықаралық жұмысшы қозғалысы мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды.— *221—223, 237, 289, 299, 433—434, 442, 504.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, мамандығы — экономист. 1894 жылы партияның аграрлық программасын дайындау жөніндегі комиссияға кірді, аграрлық мәселе жөніндегі маркстік ілімді ревизиялау позициясында болды, капитализм тұсында ұсақ шаруалар шаруашылығының тұрақтылығын дәлелдеді. Ревизионистік «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметінің құрамына кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі, герман империализмінің реваншистік пиғылдарын қолдады, СССР-дің жауы болды.

Ленин Давидті «бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған» оппортунист деп сипаттады (Шығармалар, 21-том, 272—273-беттер.— *85, 491—492.*

Дан, Ф. И. (Гурвич, Ф. И.,——н) (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі, мамандығы — дәрігер. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді. 1896 жылы августа тұтқынға алынып, 2 жылға жуық түрмеде отырды, 1898 жылы Вятка губерниясына 3 жылға жер аударылды; 1901 жылы жазда шетелге қашып кетіп, «Искраға» көмек беретін Берлин тобына кірді. 1902 жылы «Искраның» агенті ретінде Белостокта РСДРП II съезін дайындау жөніндегі конференцияға қатысты, конференциядан кейін қайтадан тұтқынға алынып, Шығыс Сибирьге жер аударылды, 1903 жылы сентябрьде шетелге қашып кетіп, онда меньшевиктерге қосылды. Дан РСДРП IV, V съездеріне және бірнеше конференцияға қатысты. Реакция жылдарында шетелде жойымпаздар тобына басшылық етті, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде барып тұрған қорғанымпаз болды; 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің жауы. Совет мемле-

Дюпон (Dupont), *Эжен* (1831—1881) француз революционері, жұмысшы — музыка аспаптарының шебері; Франциядағы 1848 жылғы июнь көтерілісіне қатысушы; содан соң Лондонда эмигрант; I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі (1864—1872), Маркстің жақтасы; Франция жөніндегі корреспондент-секретарь (1865—1871). Дюпон Интернационалдың барлық дерлік конференциялары мен конгрестеріне қатысты, Лозанна (1867) конгресінің председателі, Брюссель (1868) конгресінің вице-председателі болды. 1870 жылы июльде жұмыс іздеп Лондоннан Манчестерге көшіп келді, мұнда Интернационалдың жергілікті мүшелері арасындағы жұмысқа белсене қатысты. Дюпонның қызметі Маркс пен Энгельс тарапынан жағымды бағаға ие болды. 1874 жылы Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетті.— *525.*

Е

Егоров — қараңыз: Левин, Е. Я.
Ефимов — қараңыз: Носков, В. А.

Ж

Желябов, А. И. (1850—1881) — орыстың аса көрнекті революционері, «Халық еркі» партиясының ұйымдастырушысы және көсемі. Желябов патша өкіметіне қарсы саяси күрестің қажеттігін, бұл күресті революционерлердің ерекше ұйымы ғана ойдағыдай жүргізе алатынын халықшылдардың ішінде алғашқылардың бірі болып түсінді. Талантты ұйымдастырушы болған Желябов патша өкіметінің саясатына наразы адамдардың бәрін «Халық еркі» партиясының төңірегіне біріктіріп, студенттер арасында, армия мен флотта астыртын топтар құруға тырысты. Желябов қала жұмысшылары арасында жүргізілетін революциялық жұмысқа зор маңыз берді, оның инициативасы бойынша Россияда тұңғыш рет жұмысшыларға арналған газет шығарылды, ол ««Халық еркіне» мүше жұмысшылардың программасы» авторларының бірі болды. Алайда Желябов жұмысшы табының тарихи ролін әлі түсінбеді, ғылыми социализмнен алыс болды, патша самодержавиесіне қарсы күресте жеке-дара террор тактикасының шешуші ролі бар деп есептеді. Оның басшылығымен II Александрға бірнеше рет қастандық жасалды. 1881 жылғы 1 мартта жасалған қастандықтан екі күн бұрын тұтқынға алынған Желябов жолдастары тұтқынға алынғаннан кейін өзінің патшаны өлтіруді ұйымдастыруға қатысқаны туралы мәлімдеме жасады. Сотта қорғаушыдан бас тартып, өзінің сөйлеген сөздерін революциялық үгіт үшін пайдаланды. Соттың үкімі бойынша Желябов пен оның жолдастары — халық еркшілері Перовская, Кибальчич, Михайлов және Рысаков 1881 жылы 3(15) апрельде Петербургтегі Семенов алаңында дарға асылды.— *265.*

Жордания, Н. Н. (Костров) (1870—1953) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдары бастады. Грузиядағы тұңғыш маркстік «Месаме даси» тобына кірді, онда оппортунистік қанатты басқарды. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысып, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. Съезден кейін — Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады, буржуазиялық-демократиялық революциядағы большевиктік тактикаға қарсы шықты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. РСДРП IV съезінің жұмысына қатысты; V съезде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция жылдарында формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына қатысып тұрды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант.— *237, 343.*

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, Француз социалистік партиясының реформистік оң қанатының басшысы, философ, атақты шешен, бірқатар тарихи еңбектердің авторы. Ол XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі француз буржуазиялық революциясының төрт томдық тарихында осы революцияның әлеуметтік-экономикалық тарихының мәселелерін қоюға және шешуге тырысты. Өзінің философиялық көзқарасы бойынша— идеалист-эклектик. 1885 жылдан парламент мүшесі — солшыл радикал, 1902 жылдан парламенттік социалистік фракция лидерлерінің бірі; пролетариат пен буржуазияның таптық ынтымағын реформистік позициядан уағыздады. Жорес 1904 жылы Француз социалистік партиясының орталық органы «L'Humanité» («Юманите») газетін ұйымдастырып, оны өмірінің ақырына дейін редакциялады. 1920 жылдан газет Француз коммунистік партиясының орталық органы болды. Жорес отарлық экспансияға, милитаризм мен соғысқа қарсы жан аямай күресті. Бірінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында (1914 жылы 31 июльде) шовинистердің қолынан қаза тапты.— *416, 420.*

З

Загорский — қараңыз: Крохмаль, В. Н.

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың көрнекті қатысушысы болған әйел. Революциялық қызметін 1869 жылы бастады. Ол «Жер және ерік», «Қаралай бөліс» халықшылдық ұйымдарына кірді. 1878 жылы 24 январьда саяси тұтқын Бого-

любовты қорлауға қарсы наразылық белгісі ретінде Петербургтің қала бастығы Треповқа қастандық жасады. 1880 жылы эмиграцияға кетті, шетелде көп ұзамай халықшылдықтан қол үзіп, марксизм позициясына көшті. 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 80—90-жылдары К. Маркстің «Философия қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың Халықаралық қоғамы тарихының очеркі» деген және басқа еңбектер жазды; «Еңбекті азат ету» тобының басылымдарына, «Новое Слово» және «Научное Обозрение» журналдарына қатысып тұрды, оларда бірқатар әдеби-сын мақалаларын жариялады. 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі болды, меньшевиктік «Искра» редакциясына кірді. 1905 жылы Россияға қайтып оралды. Реакция кезеңінде жойымпаздарға қосылды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстады. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *9, 18, 139, 295, 323, 366, 418, 440, 483, 485, 506.*

Зборовский, М. С. (Константинов, Костич) (1879—1935) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 1898 жылы Одессада бастады. РСДРП II съезіне — Одесса комитетінен делегат, азшылық жағындағы искрашыл. Бірінші орыс революциясы жылдарында кең көлемді жұмысшы съезін шақыру жөніндегі жойымпаздық идеяны қолдады. 1905 жылы жұмысшы депутаттары Петербург Советі Атқару комитетінің мүшесі. Петербург Советінің басқа басшыларымен бірге тұтқынға алынып, жер аударылды; 1906 жылы айдаудан Швейцарияға қашып кетті. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1908 жылы жойымпаз-меньшевиктердің шетелдегі органы — «Голос Социал-Демократа» газетін ұйымдастыруға қатысып, оның техникалық бөлімін басқарды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға келіп, Одессада жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, 1919 жылдың аяғында шетелге эмиграцияға кетіп, онда меньшевиктік ұйымдарда одан әрі жұмыс істеді.— *231, 238, 271, 479, 508.*

Зверев — қараңыз: Эссен, М. М.

Зеленский, Е. О.— қараңыз: Надеждин, Л.

Землячка, Р. С. (Осипов) (1876—1947) — профессионал революционер, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалыс жолына 1893 жылы түсті; 1896 жылы шетелден қайтып оралған соң РСДРП Киев комитетінің құрамына енді. 1901 жылы «Искраның» агенті ретінде Одесса мен Екатеринославта жұмыс жүргізді. РСДРП II съезінде — Одесса комитетінен делегат, көпшілік жағындағы

искрашыл. Съезден кейін большевиктерден Орталық Комитетке кооптацияланды, меньшевиктермен күреске белсене қатысты. 1904 жылы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысып, Көпшілік Комитеттері Бюросына сайланды. Петербург партия ұйымының секретары болып істеді, партияның III съезіне осы ұйымнан делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде — РСДРП Москва комитетінің секретары. Талай рет патша үкіметінің жазалау шараларына ұшырады. 1909 жылы Баку большевиктік ұйымының секретары болып істеді, содан кейін эмиграцияға кетті. 1915—1916 жылдары — партияның Орталық Комитеті Москва бюросының мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва комитетінің секретары. Москвадағы Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде Рогожск-Симоновск ауданы жұмысшыларының күресіне басшылық етті. 1918—1921 жылдары — Солтүстік және Оңтүстік майдандарда армиялардың саяси бөлімдерінің бастығы; одан кейінгі жылдарда басшы партия және совет қызметінде болды. Партияның барлық (I және V съездерден басқа) съездерінің делегаты. РКП(б) XIII съезінен бастап — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі. XVII съезде Советтік бақылау комиссиясының мүшесі, XVIII съезде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1939 жылдан бастап және Ұлы Отан соғысы жылдарында — СССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. Өмірінің соңғы жылдарында — ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы председателінің орынбасары; бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты.— *338*, *435*, *506*.

Зингер (Singer), *Пауль* (1844—1911) — герман социал-демократиясы көсемдерінің бірі, А. Бебельдің, В. Либкнехттің серігі, II Интернационалдың маркстік қанатының көрнекті қайраткері. 1887 жылдан — герман социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі, ал 1890 жылдан (Галле съезінен кейін) — партия басқармасының председателі. 1884 жылдан 1911 жылға дейін — рейхстаг мүшесі және социал-демократиялық фракцияның председателі. 1900 жылдан Халықаралық социалистік бюроның мүшесі және оның сол, маркстік қанатында болды. Зингер неміс жұмысшы партиясының қатарындағы оппортунизмнің ымырасыз жауы болды, өз өмірінің ақырына дейін революциялық-демократиялық саясатты дәйекті жүргізуші болып қала білді. В. И. Ленин Зингерді пролетариат ісі жолындағы ымырасыз күрескер ретінде жоғары бағалады.— *169*.

Зурабов, А. Г. (Беков) (1873—1920) — революциялық қозғалысқа 1892 жылдан бастап қатысты, 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді, 1899 жылдан бастап РСДРП Тифлис комитетінде белсенді жұмыс жүргізді, 1902 жылы «Армян социал-демократтары одағын» және оның органы «Пролетариат» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1903 жылы РСДРП Кавказ одағы комитетінің құ-

Бас комитеттің жұмысына қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Орталық статистика басқармасында (ЦСУ) істеді, оқытушылық және әдеби жұмыстар атқарды. Негізгі еңбектері: «Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе» (1884), «Ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі лекциялар» (1897), «Россияда шаруалар шаруашылығының даму жағдайлары туралы» (1899), «Саяси экономия» (1918) және басқалар.— *85.*

Калафати, Д. П. (Махов, Мицов) (1871—1940) — социал-демократ, меньшевик. 1891 жылдан Москвада, ал кейін Николаевта социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатысты. 1897 жылы «Оңтүстік орыс жұмысшы одағының» қызметіне қатысты, 1901 жылы РСДРП Николаев комитетінің құрамына енді. 1902 жылы тұтқынға алынып, содан соң Вологда губерниясына жер аударуға үкім етілді, бірақ шетелге қашып кетті. РСДРП II съезінде — Николаев комитетінен делегат, центр позициясында болды; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. 1905 жылы меньшевиктік «Искра» баспасының техникалық-финанс істерін басқарды. 1906 жылы Россияға қайтып оралды, социал-демократиялық «Новый мир» жария баспасының меңгерушісі болды. 1913 жылдан бастап саяси қызметтен шеттеп кетті. Октябрь социалистік революциясынан кейін бухгалтер және экономист болып істеді.— *212—213, 217, 220, 222—223, 227, 231—233, 235—240, 335—336, 349—351, 356, 361, 372, 423, 429, 435, 478, 479, 496, 498, 500, 507.*

Канцель, Л. О.— социал-демократ әйел, искрашыл, РСДРП II съезінен кейін меньшевик. 1898 жылы Петербургтің социал-демократиялық «Жұмысшы туы» тобына кірді. 1901 жылы мартта шетелге кетті, ал бір жылдан кейін «Искра» редакциясының тапсыруы бойынша Москваға жұмысқа келіп, мұнда басқалармен бірігіп, «Искра» тобын ұйымдастырды. 1902 жылы майда тұтқынға алынып, 1903 жылы Якутск облысындағы Олекминскіге 5 жылға жер аударылды; 1905 жылы амнистиядан кейін эмиграцияға кетті. 1905 жылы ноябрьде Россияға қайта келіп, Петербургте меньшевиктік ұйымдарда 1907 жылдың жазына дейін қызмет етті, содан соң қайтадан эмиграцияға кетті. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Россияда тұрды.— *484.*

Карский — қараңыз: Топуридзе, Д. А.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы, герман социал-демократиясының теориялық «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдік

пен анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсетті, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынады. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде: «Карл Маркстің экономикалық ілімі» (1887), «Аграрлық мәселе» (1899) деген және басқа бірқатар еңбектер жазды, бұл еңбектер, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда жақсы роль атқарды. Кейініректе, революциялық қозғалыс кең өрістеген кезде, оппортунизм позициясына көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында центрист болды, соғыс кезінде өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы бос сөздермен бүркемелеп, революциялық марксизмнің ашық жауларының лагеріне өтті. Әсіре империализм теориясының авторы, бұл теорияның реакциялық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген және басқа еңбектерінде әшкерeледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. В. И. Ленин каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет.) — *76, 77, 78, 169, 272, 292, 332, 334, 416, 417, 418, 420, 483.*

Книпович, Л. М. (Дедов) (1856—1920) — профессионал революционер әйел, большевик. Революциялық қызметін 70-жылдардың аяғында Гельсингфорстың халық ерікшілері үйірмелерінде бастады. 1889 жылдан Петербургте тұрды, халық ерікшілері ұйымдарындағы қызметін жұмысшылар арасындағы зор мәдени-ағартушылық жұмыспен ұштастыра атқарды, 90-жылдарда социал-демократияға қосылды. 1895 жылдың жазында Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» мен «Халық ерікшілері тобының» арасындағы Лахти баспаханасын пайдалану туралы мәселе бойынша жүргізілген келіс сөздерде делдалдық міндет атқарды, бұл баспадан В. И. Лениннің «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген кітапшасы басылып шықты. 1896 жылы тұтқынға алынды да, кейін Астраханьға жер аударылды. «Искра» мен Россиядағы жергілікті ұйымдар арасында байланыс орнатуда көрнекті роль атқарды; айдаудан оралғаннан кейін Тверьде жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Солтүстік одақтан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл.

циясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінде еңбек комиссары. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Құрылтай жиналысына — қорғанымпаз-меньшевиктерден кандидат. 1918—1919 жылдарда Петроградта кооперация саласында қызмет істеді.— *19, 218, 219, 319, 366, 483, 485.*

Константинов — қараңыз: Зборовский, М. С.

Конягин — қараңыз: Гальперин, Л. Е.

Кореневский, М. (Эммануилов) — социал-демократ, мамандығы—дәрігер; «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» мүшесі. РСДРП II съезінен кейін большевик; Лиганың II съезіне қатысты.— *485.*

Косовский, В. (Левинсон, М. Я., Гофман) (1870—1941) — Бунд лидерлерінің бірі. 90-жылдардың орта шенінде Вильноның социал-демократиялық үйірмелеріне кірді. 1897 жылы Бундтың құрылтай съезіне қатысты, Орталық Комитетке сайланды және Бундтың орталық органы «Die Arbeiter Stimme» («Жұмысшы Үні») газетінің бас редакторы болып тағайындалды. РСДРП II съезінде — Бундтың Шетелдік комитетінен делегат, антиискрашыл; съезден кейін — меньшевик. Реакция жылдарында жойымпаздардың «Наша Заря» журналы мен «Луч» газетіне қатысып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, революциядан кейін эмиграцияға кетіп, Польшадағы Бунд ұйымдарында жұмыс істеді. 1939 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті.— *497.*

Костич — қараңыз: Зборовский, М. С.

Костров — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Красиков, П. А. (Игнат, Павлович, Т.) (1870—1939) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1892 жылы Петербургтің маркстік жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болып бастады; нақ сол жылы Швейцарияға кетіп, онда «Еңбекті азат ету» тобымен байланыс орнатты. 1893 жылы тұтқынға алынып, 1894 жылы Сибирьге жер аударылды. Айдауда жүргенінде В. И. Ленинмен және Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басқа да қайраткерлерімен танысты. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін 1900 жылы Псковқа жер аударылып, сонда «Искра» ұйымына кірді. РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псковтағы кеңесінде (ноябрь, 1902) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде — Киев комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл; В. И. Ленинмен және Г. В. Плехановпен бірге съезд бюросына (президиумына) енді. Съезден кейін

меньшевиктермен күреске белсене қатысты, бірқатар шетелдік орталықтарды аралап, съезд туралы баяндама жасады, съездің қорытындылары жайында «Жолдастарға хатты» жазды. 1904 жылы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, жұмысшы депутаттары Петербург Советі Атқару комитетінің мүшесі болды. Талай рет патша үкіметінің қуғындауына ұшырады.

1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мүшесі, Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде — контрреволюциямен күрес жөніндегі тергеу комиссиясының председателі, социалистік революциядан кейін — СССР Юстиция халық комиссариаты коллегиясының мүшесі; 1924 жылдан бастап — Жоғарғы соттың прокуроры, ал 1933 жылдан 1938 жылға дейін— СССР Жоғарғы соты председателінің орынбасары. Бірқатар сайлауларда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. — *7, 8—10, 11, 44, 45, 47—48, 214, 217, 220, 222, 278—279, 283, 291, 298, 302. 304, 314, 317, 319, 328, 433, 435, 477, 478, 499, 501, 506.*

Красин, Л. Б. (Лошадь, Никитич) (1870—1926) — социал-демократ, большевик, Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1890 жылы Петербургте Бруснєвтің социал-демократиялық үйірмесінің мүшесі болды. 1891 жылы полиция Красинді Петербургтен Қазанға, кейін Нижний Новгородқа жер аударды. 1895 жылы қайтадан тұтқынға алынып Иркутскіге 3 жылға жер аударылды. Жер аударылу мерзімі аяқталғаннан кейін (1897) Харьковтың технологиялық институтына түсіп, оны 1900 жылы бітірді. 1900—1904 жылдарда Бакуде инженер болып істеді, онда В. З. Кецховелимен бірге «Искраның» астыртын баспаханасын ұйымдастырды, РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, онда меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, меньшевиктердің үш өкілін Орталық Комитетке кооптациялауға көмектесті; бірақ көп кешікпей меньшевиктерден қол үзді. Красин РСДРП III съезіне қатысты; съезде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1905 жылы — большевиктік бірінші жария газет — «Новая Жизньді» ұйымдастырушылардың бірі, Орталық Комитеттің өкілі ретінде жұмысшылар депутаттарының Петроград Советіне енді. РСДРП IV съезінде Орталық Комитеттің мүшелігіне қайтадан сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Реакция жылдарында біраз уақыт шақырымпаздардың «Вперед» тобында болды; кейінірек Красин саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың бірі, содан соң Халық Шаруашылығы Жоғары Советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдары халық комиссары. 1919 жылдан дипло-

лымдарына қатысты. 90-жылдардың аяғында — «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі, 1899 жылы Одақтың «Рабочее Дело» журналының редакторы болып, бұл журналдың беттерінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады. РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан қол үзді.— *401, 403, 420.*

Крохмаль, В. Н. (Загорский, Фомин, Z) (1873—1933)— социал-демократ, меньшевик. 90-жылдардың орта шенінде Киев социал-демократиялық үйірмелерінде болды, 1898 жылы Уфаға жер аударылды, онда жергілікті социал-демократиялық топта белсенді роль атқарды. 1901 жылдан— «Искра» агенті, Киевте жұмыс істеді, 1902 жылы тұтқынға алынды, 1902 жылы 18 (31) августа Киевтегі Лукьянов түрмесінен бір топ искрашылдармен бірге шетелге қашты, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» кірді. РСДРП II съезінде — Уфа комитетінен делегат, азшылық жағындағы искрашыл. 1904 жылдың аяғында РСДРП Орталық Комитетіне меньшевиктер жағынан кооптацияланды, 1905 жылы февральда тұтқынға алынды, РСДРП IV съезінде меньшевиктер жағынан Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевиктік «Рабочая Газетаны» редакциялады, Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинградтың әр түрлі мекемелерінде қызмет істеді.— *172, 309, 352, 372, 374, 427, 433—436, 479, 485, 506.*

Крупская, Н. К. (Саблина) (1869—1939) — профессионал революционер, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері; В. И. Лениннің әйелі.

Революциялық қызметін 1890 жылы Петербургте студенттердің маркстік үйірмелерінде бастады. 1891 жылдан 1896 жылға дейін Нева заставасының сыртындағы жексенбілік кешкі мектепте мұғалім болды, жұмысшылар арасында социал-демократиялық насихат жүргізді. 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. 1896 жылы августа тұтқынға алынып, 3 жылға жер аударуға үкім шығарылды, жер аударылу мерзімін Шушенское селосында, содан соң Уфада өтеді. 1901 жылы эмиграцияға кетті, «Искра» редакциясының секретары болып істеді. РСДРП II съезін дайындауға белсене ат салысып, оған кеңесші дауыспен қатысты. Съезден кейін большевиктік «Вперед» және «Пролетарий» газеттері редакцияларының секретары болды. Партияның III съезін дайындау жөнінде белсене жұмыс жүргізді. Шетелде жұмыс істей жүріп, Россиядағы партия ұйымдарымен кең түрде хат-хабар алысып тұрды. Реакция жылдарында жойымпаздармен және шақырымпаздармен күреске белсене қатысты. 1911 жылы Лонжюмодағы партия мектебінде жұмыс істеді: РСДРП Прага конференциясынан (1912) кейін Россиядағы партия ұйымдарымен, «Правда» газетімен және IV Мемлекеттік думаның большевиктік фракциясымен байланыс

1898 жылы Харьковтың баспахана жұмысшылары арасында насихат жүргізу жөніндегі іс бойынша тұтқынға алынып, 1899 жылы полицияның жария бақылауымен Полтаваға жер аударылды. «Южный Рабочий» газетіне қатысып тұрды; «Южный рабочий» тобының қызметіне белсене араласты, оның «Искра» ұйымымен бірігуі туралы келіс сөздер кезінде (сентябрь — ноябрь, 1902) бірігуге қарсы шықты. РСДРП II съезінде —Харьков комитетінен делегат, центр позициясында болды. Съезден кейін меньшевиктерге қосылды, көп ұзамай саяси қызметтен қол үзді. *—231, 507.*

Левинсон, М. Я.— қараңыз: Косовский, В.

Левицкий — қараңыз: Мошинский И. Н.

Лейбович, М. — социал-демократ, большевик; 1904 жылдың 1 февралына дейін Женевада РСДРП Орталық Комитетінің шетелдік экспедициясын басқарды; 1904 жылдың көктемінде Екатеринослав комитетінде, ал сол жылдың жазында Николаев комитетінде жұмыс істеді.— *168, 171—172.*

Лейтейзен, Г. Д. (1874—1919) — социал-демократ, искрашыл, «Искра» мен «Зараның» қызметкері. Революциялық қызметін 90-жылдарда Екатеринославта бастады; 900-жылдардың басында шетелге эмиграцияға кетті, онда «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, одан соң «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» мүшелігіне де алынды. 1900 жылы апрельде Одақтың II съезіне (Женева) қатысты. РСДРП жікке бөлінгеннен кейін большевиктерге қосылды; «Вперед», «Пролетарий» газеттеріне және басқа да большевиктік органдарға қатысып тұрды. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін Лейтейзен Тулаға келіп, онда дәрігер болып істеді және сонымен бірге жұмысшылар арасында революциялық жұмыс жүргізді. Февраль революциясынан кейін біраз уақыт интернационалистер позициясында болды, «Новая жизнь» тобына қосылды. 1918 жылы Лейтейзен большевиктік партияның қатарына қайта келді; 1919 жылы январьда Шығыс майданда қаза тапты.— *485.*

Леконт (Leconte), *Клод Мартин* (1817—1871)—француз генералы, 1871 жылы 18 мартқа қараған түнде ұлттық гвардияның артиллериясын басып алуды көздеп, Монмартрға шабуыл жасағандардың бірі. 1871 жылы 18 мартта (Париж Коммунасының бірінші күні) халық жағына шыққан әскерлер өлтірді. — *518, 526.*

Леман, М. Н. (Лиза) (1872—1933) — социал-демократ, искрашыл, РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Революциялық қозғалысқа 90-жылдары араласты. 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» істеді; 1896 жылы августа тұтқынға алынды; 1901 жылы апрельде шетелге кетті. 1902 жылдың аяғында «Искра-

цияға кетті. «Искра» газетін таратуға белсене қатысты, Лиганың II съезіне қатысты; РСДРП III съезіне Рига ұйымынан делегат болды. 1905 жылы большевиктік бірінші жария газет — «Новая Жизньді» шығаруға қатысты. 1907 жылы Штутгарттағы Халықаралық социалистік конгрестің делегаты және Россия делегациясының секретары болды; 1912 жылы шетелдік социал-демократиялық топтардың Берн конференциясына қатысты; Халықаралық социалистік бюрода большевиктік секцияның делегаты болды. 1915 жылы февральда Лениннің тапсыруы бойынша Лондонда Антанта социалистерінің конференциясында сөз сөйлеп, социалистердің буржуазиялық үкіметтен шығуын және империалистерден біржолата іргені аулақ салуын талап етті. Октябрь революциясынан кейін, Англияда жүрген кезінде, аманат ретінде тұтқынға алынды, одан соң Локкартпен алмастырылды. 1918 жылы сыртқы істер Халық комиссариаты коллегиясына мүше болып тағайындалды; Генуядағы халықаралық конференцияда совет делегациясының мүшесі, Гаагадағы конференцияда совет делегациясының председателі болды. 1921 жылдан — Литвинов сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1930 жылдан 1939 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдарда сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және Америка Құрама Штаттарындағы СССР елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары.— *483.*

Локерман, А. С. (Базиленков, Царев) (1880—1937) — социал-демократ, меньшевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 1898 жылы араласты, Дондағы Ростовта жұмыс істеді, РСДРП Дон комитетінің құрамына енді. РСДРП II съезінде — Дон комитетінен делегат, центр позициясында болды; съезден кейін — меньшевик. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевиктерден Орталық Атқару Комитетінің құрамына енді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті. 1917 жылдан 1920 жылға дейін меньшевиктердің Дон комитетінің мүшесі. Контрреволюциялық қызметі үшін сотталды.— *231, 281, 294, 321, 479, 498, 501, 508.*

Лошадь — қараңыз: Красин, Л. Б.

Луи-Филипп (Louis Philippe) (1773—1850) — француз королі (1830—1848); Франциядағы 1848 жылғы Февраль революциясы кезінде тақтан құлатылды, Англияға қашып кетіп, сонда өлді.— *516.*

Львов — қараңыз: Мошинский, И. Н.

Лядов, (Мандельштам), М. Н. (1872—1947) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1891 жылы Москваның халықшылдық үйірмелерінде бастады; 1892 жылы

1905—1907 жылдардағы революциядан кейін эмиграцияға кетті. 1919 жылы Россияға қайтып оралды, 1920 жылы РКП(б)-ға қабылданды, Ленинградта кәсіподақ және шаруашылық жұмысында болды.— *222, 223, 338.*

Махновец, В. П.— қараңыз: Акимов, В. П.

Махновец, Л. П. (Брукэр) (1877 ж. туған) — социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғынан бастап қатысқан әйел, «экономизмнің» өкілі. РСДРП Воронеж комитетінде басшы роль атқарды, бұл комитет РСДРП II съезіне әзірлік кезінде «Искраның» позициясына қарсы шықты. Съезде — Петербург «Жұмысшы ұйымынан» делегат, антиискрашыл. В. И. Ленин Махновец пен оның ағасы В. П. Махновецті (Акимовты) «съезде бүкіл бағыт жөнінен партияның революциялық қанатына қарсы күрескен және... ондаған рет оппортунистер қатарына қосылған» делегаттар деп сипаттады (осы том, 425-бет). 1905 жылы Воронеж социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді, кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. — *51, 209, 210, 213, 214, 224, 270, 279, 280, 282, 312, 335—336, 349, 351, 352, 356, 372, 384, 424, 435, 479, 480, 497.*

Махов — қараңыз: Калафати, Д. П.

Медведев — қараңыз: Николаев, Л. В.

Медем, В. Д. (Гринберг, В. Д., Гольдблат) (1879—1923) — Бунд лидерлерінің бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 1899 жылдан бастап қатысты; 1900 жылдан бастап Бундтың Минскідегі ұйымында жұмыс істеді; 5 жылға Сибирьге жер аударылды, сол жақтан 1901 жылы шетелге қашып кетті. РСДРП II съезінде — Бундтың Шетелдік комитетінен делегат, антиискрашыл. 1906 жылы Бунд Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, РСДРП V съезінің жұмысына қатысты, меньшевиктерді қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Польшадағы Бунд ұйымдарын басқарды; 1921 жылы Америка Құрама Штаттарына кетіп, онда еврей оңшыл социалистік «Vorwards» («Алға») газетінің беттерінде Советтік Россияға қарсы жалақорлық мақалалар жазды.— *226, 252, 293, 336, 396—397, 497.*

Мещеряков, Н. Л. (1865—1942) — социал-демократ, искрашыл; РСДРП II съезінен кейін большевик, әдебиетші, 1885 жылдан жұмысшылар үйірмелерінде насихатшы ретінде халық ерікшілері қозғалысына қатысты. 1893 жылы білімін көтеру үшін Бельгияға кетті; 1901 жылы шетелде жүріп, «Искраға» қосылды және «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» кірді. 1902 жылдың күзінде Москваға оралды, Москва партия комитетіне енді, бірақ көп кешікпей тұтқынға алынып, Якутск облысына 4 жылға жер аударылды; 1905—1907 жылдардағы революция кезінде айдаудан босады. 1905 жылы январьда

Москва округтік партия комитетіне енді, сол жылдың жазында Москва облыстық бюросының мүшесі болып сайланды; 1906 жылдың күзінде тұтқынға алынып, 3 жылдай түрмеде отырды, қайтадан Сибирьге (Енисей губерниясына, содан соң Ангарскіге) жер аударылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мещеряков бірқатар партия, совет баспасөз органдарында редакторлық жұмыс атқарды. 1927 жылдан 1938 жылға дейін — Кіші совет энциклопедиясының бас редакторы және Үлкен совет энциклопедиясы бас редакторының орынбасары, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын шығару жөніндегі редакцияның мүшесі. 1939 жылдан — СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.— *484.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері; 80-жылдары — ұсақ буржуазияшыл радикал, 90-жылдарда социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакцияшыл буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасын жаныштаған жендет генерал Галифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік тамырларын ашып көрсетті.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге «тәуелсіз социалистер» партиясын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды; 1920—1924 жылдары — француз республикасының президенті. 1924 жылы июньде солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен бірге қызмет істеуден бас тартқаннан кейін орнынан түсуге мәжбүр болды. 1925 және 1927 жылдары сенатор болып сайланды.— *420.*

Митрофан — қараңыз: Гусаров, Ф. В.

Михаил Иванович — қараңыз: Николаев, Л. В.

Мицов — қараңыз: Калафати, Д. П.

Мишенев, Г. М. (Муравьев) (1906 ж. қайтыс болған) — социал-демократ, РСДРП Уфа комитетінің мүшесі, содан партияның II съезіне делегат болды. Съезде — көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — большевик; меньшевиктерге дәйекті түрде қарсы шықты, меньшевиктік «Искра» редакциясына Урал комитеттері өкілдері жазған хаттың авторларының бірі болды, ол хатта партия құрылысының лениндік жоспары қорғалды және жаңа искрашылдардың позициясы сыналды. Урал ұйымының

жұмысы туралы Н. К. Крупскаямен хат жазысып тұрды. 1905 жылдан бастап Саратов социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді.— *222, 305—306, 319, 320, 323, 326, 504.*

Мошинский, И. Н. (Левицкий, Львов) (1875—1954) — социал-демократ, меньшевик. 1892—1893 жылдары Киевте маркстік жұмысшы үйірмелерін ұйымдастырушылардың бірі болды, 1894—1895 жылдары ПК мен ЛСД (Польша Корольдігі мен Литва Социал-демократиясы) астыртын ұйымына кірді; 1897 жылы Киевтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» жұмыс істеді, 1898 жылы 3 жылға Вятка губерниясына жер аударылды. 1901 жылдан бастап Ростовта жұмыс істеді, РСДРП Дон комитетіне енді, жергілікті «Искра» тобын және кен заводы жұмысшыларының астыртын одағын ұйымдастыруға қатысып, РСДРП II съезінде сол одақтан делегат болды. Съезде центр позициясын ұстады, съезден кейін меньшевиктерге қосылды; Дондағы Ростовта, Петербургте және Варшавада жұмыс істеді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — меньшевик-интернационалист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. 1925 жылдан Москвада заң қызметінде болды.— *230, 477, 479, 501, 508.*

Муравьев — қараңыз: Мишенев, Г. М.

Мышкин, И. Н. (1848—1885) — халықшылдық қозғалыстың көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен топограф. 1873 жылы Москвада жария баспахана ашты, мұнда тыйым салынған әдебиет жасырын түрде басылды. 1875 жылы Н. Г. Чернышевскийді айдаудан босатып алуға әрекет жасады, онысы сәтсіз болды, өзі қашып шықты, бірақ тұтқынға алынып, «193-тің процесі» бойынша сотқа тартылды. Сотта ол жалынды революциялық сөз сөйледі, 10 жыл каторгаға кесіліп, Сибирьге айдалды. Жолда, 1881 жылдың күзінде, Мышкин халықшыл-революционер Л. А. Дмоховскийді жерлеген кезде сөз сөйледі, бұл үшін тағы да 15 жыл каторгаға кесілді. 1882 жылы Карийск каторгалық түрмесінен қашып шықты, бірақ Владивостокта тұтқынға алынды. Кейін Мышкин Петропавл қамалына, ал 1884 жылы Шлиссельбург қамалына ауыстырылды, мұнда 1885 жылы 26 январьда (7 февральда) ол түрме қызметшісіне тіл тигізгені үшін атылды.— *265.*

Н

— — н—қараңыз: Дан, Ф. И.

Надеждин, Л. (Зеленский, Е. О.) (1877—1905) — саяси қызметін халықшыл ретінде бастады; 1898 жылы Саратов социал-демократиялық ұйымына кірді. 1899 жылы тұтқынға алынып, Вологда губерниясына жер аударылды; 1900 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, онда «Свобода» «революциялық-социалис-

тік тобын» (1901—1903) ұйымдастырды. «Свобода» журналында, «Революция қарсаңы» (1901), «Россияда революционизмнің қайта тууы» (1901) деген және басқа кітапшаларында «экономистерді» қолдады, сонымен бірге террорды «бұқараға қозғау салудың» пәрменді құралы деп уағыздады; лениндік «Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктік басылымдарға қатысты.— *263.*

Накэ (Nagket), *Альфред Жозеф* (1834—1916) — француздың буржуазиялық саяси қайраткері, мамандығы — дәрігер, Палермода және Парижде химия профессоры болды. III Наполеон үкіметіне қарсы күресуді өзінің алдына міндет етіп қойған жасырын саяси топтың қатарында болғаны үшін Накэ 1865 жылы профессорлық атақтан айрылып, түрмеге жабылды. 1869 жылы ол қайтадан қуғынға ұшырады, бірақ Испанияға қашып үлгірді. 1870 жылы амнистиядан кейін Накэ Францияға қайтып оралды. 1871 жылы Ұлттық жиналысқа сайланды, жиналыста ең солшыл қанаттан орын алды; кейінірек радикалдар лидерлерінің бірі болды. 1883 жылы сенатқа сайланды; 1889 жылы республикашылдардан қол үзіп, буланжистік қозғалысты қолдады; өзінің шығармаларында ұлтшылдық идеяларды дамытты.— *76.*

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, 1 Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция талқандалғаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады, К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегі (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 221—318-беттер) осы төңкеріске баға беруге арналған.— *515, 516, 520, 521.*

Наталья Ивановна — қараңыз: Александрова, Е. М.

Никитин, И. К. (Степанов) (1877—1944) — социал-демократ, большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Революциялық қозғалысқа 1897 жылдан бастап қатысты, Киевте маркстік жұмысшы үйірмесін басқарды, прокламациялар таратып, ереуілдерге қатысты. 1901 жылы тұтқынға алынып, полицияның жария бақылауымен Калугаға жер аударылды. РСДРП II съезінде — Киев комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден қайтып оралғаннан кейін тағы да тұтқынға алынды; Киевте 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысты. Кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москвадағы Сокольники вагон жөндеу заводында жұмыс істеді. 1925 жылы РКП(б)-ға қабылданды.— *231, 503.*

Никитич — қараңыз: Красин, Л. Б.

Николаев, Л. В. (Медведев, Михаил Иванович) — социал-демократ, 90-жылдардың орта шенінде Харьковтың социал-демо-

О

адвокат. 1870 жылы «ұлттық қорғаныс үкіметінде» финанс министрі, 1871 жылы—Тьер үкіметінде ішкі істер министрі; Париж Коммунасын жаныштаған жендеттердің бірі болды. —*516*.

Пикер, А. С. — *қараңыз:* Мартынов, А.

Плеханов, Г. В. (Валентинов) (1856—1918)—орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы, 1875 жылы, студент кезінде-ақ Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы «Жер және ерік» халықшылдық ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге ол «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, партия программасының жобасын жасауға, РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. Съезде «Еңбекті азат ету» тобынан делегат болды, көпшілік жағындағы искрашыл, съездің бюросына (президиумына) кірді.

Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде көптеген еңбектер жазды, олар материалистік дүние танымды қорғауда үлкен роль атқарды және ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болды. Плехановтың аса маңызды шығармалары: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және т. б. «20 жыл ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді» (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі ең таңдаулы еңбектер деп атады.

Алайда, сол кездің өзінде-ақ, Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; пролетариаттың гегемондығы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде так-

Р

Вестфаль Жұмысшы Газеті») редакторы. 1898—1903 жылдары рейхстаг депутаты. — *413.*

Ру — қараңыз: Гальперин, Л. Е.

Рубен — қараңыз: Кнунянц, Б. М.

Русов — қараңыз: Кнунянц, Б. М.

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (1870—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Одесса мен Кишиневте жұмыс істеді. 1900 жылы шетелге кетті, «Күрес» әдеби тобын ұйымдастырушылардың бірі болды, бұл топ «Искра» жасаған партия программасы мен партияны құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне қарсы шықты. РСДРП II съезі «Күрес» тобының съезге қатысуына қарсылық білдіріп, оның өкілі ретінде Рязановты съезге шақыру туралы ұсынысты қабылдамай тастады. 1907 жылы Петербургте кәсіподақтардың Орталық бюросында жұмыс істеді, кейін шетелге кетіп, онда «Die Neue Zeit»-ке («Жаңа Заманға») жазып тұрды, I Интернационалдың тарихын зерттеумен шұғылданды. 1909 жылы фракциялық «Вперед» тобының Капридегі мектебінде лектор болды; Лонжюмодағы партия мектебінде кәсіподақ қозғалысы туралы лекция оқыды; Германия социал-демократиялық партиясының тапсыруы бойынша К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларын баспаға әзірледі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, меньшевиктік-троцкистік «Голос» және «Наше Слово» газеттеріне қатысты. Партияның VI съезінде (1917) «аудан аралықшылармен» бірге РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақ қозғалысында жұмыс істеді; К. Маркс пен Ф. Энгельс Институтын ұйымдастырушылардың бірі және 1931 жылға дейін оның директоры болды. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе бойынша келіспеушіліктің себебінен уақытша партиядан шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сөйтіп кәсіподақтарда жұмыс істеуден шеттетілді. 1931 жылдың февралында меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды. — *8—11, 19, 48, 216, 218, 327, 478.*

С

Саблина — қараңыз: Крупская, Н. К.

Смидович, И. Г. (Лесенко) — социал-демократ әйел, искрашыл. «Искраның» ұйымдасқан күнінен бастап, Н. К. Крупская 1901 жылы апрельде Женеваға келгенге дейін редакцияның секретары міндетін атқарды, содан кейін әдебиетті шекарадан өткізу ісімен шұғылданды. 1902 жылы Кременчугте тұтқынға

алынып, Киевтегі түрмеге қамалды; 1903 жылы январьда Киев жандарм басқармасынан қашып шығып, көп ұзамай шетелге эмиграцияға кетті. «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» II съезіне меньшевиктер жағынан қатысты, Лига әкімшілігінің секретары болды. Реакция жылдарында саяси қызметтен шеттеді.— *485.*

Смидович, П. Г. (Василий Иванович) (1874—1935) — социал-демократ, искрашыл; РСДРП II съезінен кейін — большевик, мамандығы инженер-электрик. Революциялық жұмысын 90-жылдардың аяғында Петербургте бастады, әуелі «экономизмге» бой ұрды, содан соң «Искраға» қосылды. 1900 жылдың аяғында тұтқынға алынып, 1901 жылы шетелге қуылды; «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» мүшесі болды. 1905 жылы Москва округтік партия комитетінде істеді. Смидович өзінің революциялық қызметі кезінде әлденеше рет тұтқынға алынып, түрмеге қамалды, жер аударылды; 1917 жылғы Февраль және Октябрь революцияларына белсене қатысты. Октябрь революциясынан кейін жауапты совет және шаруашылық жұмыстарында істеді. Москва Советінің председателі, Халық Шаруашылығы Жоғары Советі Президиумының мүшесі, Москва губерниялық халық шаруашылығы советінің председателі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды.— *484.*

Сорокин — қараңыз: Бауман, Н. Э.

Староверқ — қараңыз: Потресов, А. Н.

Степанов — қараңыз: Никитин, И. К.

Степанов, С. И. (Браун) (1876—1935) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1895 жылы Тула қару-жарақ заводында токарь болып істеп жүрген кезінде бастады. РСДРП II съезінде — Тула комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Россияға қайтып оралғаннан кейін тұтқынға алынып, 1905 жылы босатылды; Тулада, Петербургте және Москвада жұмыс істеді. 1915 жылы тағы да тұтқынға алынып, Иркутск губерниясына жер аударылды, одан 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін оралды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Тулада заводтарды национализациялауға басшылық етті, 1919 жылы Тула патрон заводының директоры болып тағайындалды. 1925 жылдан бастап — Тула губерниялық атқару комитетінің председателі. 1930 жылдан бастап Москвада облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары, облыстық бақылау комиссиясы партия коллегиясының секретары болып істеді. 1933—1935 жылдары — Москва облыстық сотының председателі. Партияның XIII съезінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі, XIV және XV съездерде Орталық Комитеттің Тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *338, 485, 503.*

Стопани, А. М. (Ланге) (1871—1932) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1892 жылы Қазанда бастады, 1893 жылы маркстік үйірме ұйымдастырды, 1894—1898 жылдары Ярославльде социал-демократиялық жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болды. 1899 жылдан бастап Псковта жұмыс істеді, сонда 1900 жылы В. И. Ленинмен танысты; «Искраны» шығарудың әзірлігіне қатысты, Солтүстік жұмысшы одағын ұйымдастырушылардың бірі болды; 1902 жылы ноябрьде РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псков кеңесінде Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде — Солтүстік жұмысшы одағынан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін Орталық Комитеттің тапсыруымен Ярославльде жұмыс істеп, астыртын баспахана ұйымдастырды, ол сәтсіздікке ұшырағаннан кейін 1904 жылдың жазында Бакуге кетіп, большевиктердің Баку комитетін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1905 жылдың күзінен бастап Костромада жұмыс істеді, жұмысшы депутаттарының Кострома Советін және «Северный Рабочий» астыртын газетін ұйымдастыруға қатысты, РСДРП Кострома комитетінің секретары және партияның V съезінде оның делегаты болды. Съезден кейін Бакуде жұмыс істеді, жария түрде шығып тұрған большевиктік «Гудок» газетінің жауапты секретары болды, ереуілдер ұйымдастыруға қатысты. Талай рет тұтқынға алынды, полицияның бақылауында болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Бакуде азық-түлік комитетінің председателі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — басшы партия және совет жұмыстарында істеді, 1930—1932 жылдары Қарт большевиктердің бүкіл одақтық қоғамы председателінің орынбасары болды.— *214, 222, 237—238, 321, 324, 504.*

Страхов — қараңыз:— Тахтарев, К. М.

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, либералдық-монархиялық кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның Экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың асқан шебері» деп атады (Шығармалар, 13-том, 503-бет). Струве буржуазиялық-либералдық «Азаттық одағын» (1904—1905) ұйымдастырушылардың және оның теоретиктерінің бірі, одақтың астыртын органы — «Освобождение» журналының (1902—1905) редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан ке-

Т

нап аластады. 1918—1921 жылдары Грузияда меньшевиктер үстемдік жүргізген кезде Құрылтай жиналысының финанс-бюджет комиссиясының председателі, Кутаисидің қала бастығы болды. Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін финанс комиссариатында жұмыс істеді, ғылыми-публицистикалық жұмыспен айналысты.— *237, 280, 314, 497, 503.*

Травинский — қараңыз: Кржижановский, Г. М.

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. РСДРП II съезінде — Сибирь одағынан делегат, азшылық жағындағы искрашыл; съезден кейін социалистік революцияның теориясы мен практикасының барлық мәселелері жөнінде большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы—антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, соғыс, бітім және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудан аралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық-әскери советінің председателі; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияның басшысы болды, 1923 жылдан бастап социализм орнатудың лениндік программасына қарсы, партияның сара жолына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. — *15, 46, 105, 212, 214, 237, 239, 253, 277, 286, 289, 302, 314, 319, 321, 328, 354, 358, 365, 366, 372, 374, 427, 433—436, 478, 479, 483, 485, 497, 506.*

Трошю (Trochu), *Луи Жюль* (1815—1896) — француз генералы, бонапартшыл. «Ұлттық қорғаныс үкіметінің» председателі (сентябрь, 1870 — февраль, 1871) және 1871 жылы Париждің генерал-губернаторы; Париж Коммунасын жаныштаған жендеттердің бірі. 1872 жылы отставкаға шығып, саяси қызметтен шетгеді. — *516, 517, 523, 525.*

Тьер (Thiers), *Адольф* (1797—1877) — француздың буржуазиялық реакцияшыл саяси қайраткері әрі тарихшы; мамандығы — адвокат. Саяси қызметін либерал-буржуазиялық оппози-

цияның қайраткері ретінде XIX ғасырдың 20-жылдарының аяғында бастады, 1830 жылғы буржуазиялық Июнь революциясынан кейін бірқатар министрлік қызметтер атқарды, үкімет басында болды. 1834 жылы Лион мен Париждегі республикалық көтерілістерді аяусыз басып-жаншудың ұйымдастырушысы. Екінші республика дәуірінде (1848—1851) — контрреволюциялық монархиялық «тәртіп партиясы» басшыларының бірі. Екінші империя жылдарында (1851—1870) саяси өмірге айтарлықтай қатысқан жоқ. 1863 жылы баяу-либералдық оппозицияға қосылды. Екінші империя құлағаннан кейін (4 сентябрь, 1870 жыл) — реакциялық үкіметтің іс жүзіндегі басшыларының бірі, 1871 жылы 17 февральда үкімет басына келді. Тьердің бұйрығы бойынша Париждің ұлттық гвардиясын қарусыздандыруға әрекет жасалды, содан 1871 жылы 18 мартта көтеріліс шықты. Азамат соғысын ашудың, Париж Коммунасын басып-жаншудың басты ұйымдастырушыларының бірі болды. Тьердің Франция тарихындағы ролін К. Маркс «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінде толық сипаттайды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 461—467-беттер).— *516, 517, 520, 525, 526.*

У

Ульянов, В. И.— қараңыз: Ленин, В. И.

Ульянов, Д. И. (Герц) (1874—1943) — профессионал революционер, большевик, білімі жөнінен дәрігер; В. И. Лениннің інісі. Революциялық қызметін 1894 жылы Москвада студенттердің маркстік үйірмелерінде бастады, 1897 жылы ноябрьде Москва Жұмысшы одағының ісі бойынша тұтқынға алынып, 1898 жылдың күзіне дейін түрмеде отырды, одан соң полицияның жария бақылауында болды; 1900 жылы «Искра» ұйымына кірді. РСДРП II съезінде — Тула комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін — Орталық Комитеттің агенті, 1904 жылы январьда Киевте тұтқынға алынып, 11 ай түрмеде отырды. 1905—1907 жылдары — большевиктердің Симбирск комитетінің мүшесі, одан кейін Серпухов пен Феодосияда дәрігер болып істеді, большевиктердің орталық ұйымдарымен үзбей байланыс жасап тұрды. 1914 жылы армияға алынып, солдаттар арасында революциялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қырымда партия және совет қызметінде болды, 1921 жылдан Москвада Денсаулық сақтау халық комиссариатында, 1925—1930 жылдары — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университетте, 1933 жылдан Кремльдің емдеу-санитарлық басқармасында жұмыс істеді. В. И. Лениннің Орталық музейінің жұмысына белсене қатысты.— *294, 295, 503, 506.*

Ушакова — қараңыз: Потресова.

Ф

Фавр (Favre), *Жюль* (1809—1880) — француздың буржуазиялық саяси қайраткері, мамандығы — адвокат, 1870—1871 жылдардағы Франция-Пруссия соғысы кезінде «ұлттық қорғаныс үкіметінің» мүшесі; Тьер үкіметінің сыртқы істер министрі, Париж Коммунасын қанға бояп басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. 1871 жылы июньде шетел үкіметтеріне үндеу жазып, онда коммунарларды қылмыстылар ретінде ұстап беруді талап етті және Интернационалға қарсы Крест жорығын жасауға шақырды. 1871 жылы августа отставкаға шығып, саяси қызметтен шеттеді.— *516, 517, 523, 525.*

Ферри (Ferry), *Жюль* (1832—1893) — француздың саяси қайраткері, буржуазиялық республикашыл, адвокат, публицист. 1870 жылғы сентябрь революциясынан кейін «ұлттық қорғаныс үкіметінің» секретары, содан соң Париждің мэрі, Париж Коммунасын басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі болды.— *516.*

Фишер (Fischer), *Рихард* (1855—1926) — неміс социал-демократы; 1880—1890 жылдары Цюрих пен Лондонда социал-демократиялық баспаханаларда істеді; 1890—1893 жылдары социал-демократиялық партияның секретары болды, 1893—1903 жылдары партиялық социал-демократиялық кітап баспасын басқарды, партияның орталық органы «Vorwärts»-тің («Алға») шығарушысы және әкімі болды.— *169.*

Фольмар (Vollmar), *Георг Генрих,* (1850—1922) — Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, журналист. 70-жылдардың орта шенінде социал-демократияға қосылды, 1879—1880 жылдары партияның Цюрихте құпия шығып тұрған органы «Der Sozialdemokrat»-ты («Социал-Демократ») редакциялады; рейхстагтың және Бавария ландтагының депутаты болып бірнеше рет сайланды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін Фольмар 1891 жылы Мюнхенде екі мәрте сөз сөйледі; бұл сөздерінде ол партияның қызметін реформалар жүргізу жолындағы күреспен шектеуді ұсынды, үкіметпен келісім жасауға шақырды. Бернштейнмен бірге Фольмар реформизм мен ревизионизмнің идеологы болды. Ол тап күресін шиеленістіруге қарсы шықты, мемлекеттік социализмнің артықшылықтарын дәлелдемек болды, социал-демократияны либералдармен одақтасуға шақырды; партияның аграрлық программасын талдап жасаған кезде ұсақ жер иелерінің мүдделерін қорғады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Фольмар социал-шовинизм позициясында болды, өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *290, 292, 360, 420, 421.*

Фомин — қараңыз: Крохмаль, В. Н.

Франкель (Frankel). *Лео* (1844—1896) — венгер және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, мамандығы — зергер-жұмысшы. 60-жылдарда жұмыс іздеп Германияға келді, содан соң Парижге көшті, онда жүріп Франциядағы неміс жұмысшылары одағы басшыларының бірі болды. Франкельдің инициативасымен бұл ұйым I Интернационалға қосылды. 1871 жылы мартта Франкель Париж Коммунасының мүшелігіне сайланды; оның атқару комиссиясының құрамына енді, содан кейін еңбек, өнеркәсіп және сауда істері жөнінде делегат (министр) болды. Коммуна жеңіліске ұшырағаннан кейін Лондонға эмиграцияға кетті, онда I Интернационалдың Бас советі құрамына енгізілді және 5 жыл бойы Австрия-Венгрия және Чехия бойынша корреспондент-секретарь болып істеді. I Интернационалдың Лондон конференциясының (1871) және Гаага конгресінің (1872) делегаты болды, онда бакунистерге қарсы шығып, Маркс-ті қызу жақтады. 1875 жылдың аяғында Венаға келді, бірақ көп ұзамай тұтқынға алынып, түрмеге қамалды, тек жұртшылықтың талабы бойынша ғана 1876 жылы мартта босатылды. Франкельдің және оның жауынгер жолдастарының тынымсыз революциялық қызметінің нәтижесінде 1880 жылы апрельде Венгрияда тұңғыш социалистік жұмысшы партиясы құрылды. Өмірінің соңғы жылдарында Франкель француз және неміс социалистік баспасөзіне белсене қатысты, II Интернационалды құруға белсене ат салысты, II Интернационалдың Құрылтай конгресінің председателі орынбасарларының бірі болды (1889).— *519.*

Х

Халтурин, С. Н. (1856—1882) — орыстың тұңғыш жұмысшы революционерлерінің бірі, кәсібі мебель жасаушы шебер. 70-жылдардың орта шенінен бастап жұмысшы қозғалысына белсене қатысты, Петербургтегі жұмысшы үйірмелерін біріктіруге тырысқан халықшылдық «Достар қоғамына» кірді. Бірақ халықшылдардан өзгеше, Халтурин саяси күресті революциялық қозғалыстың басты міндеті деп есептеді, ал жаңа туып келе жатқан пролетариатты революциялық қозғалыстың шешуші күші деп білді. Екінші бір аса көрнекті жұмысшы-революционер слесарь В. П. Обнорскиймен бірге Халтурин 1878 жылы астыртын «Орыс жұмысшыларының солтүстік одағын» құрды, дербес жұмысшы газетін шығаруға әзірлік жүргізді. 1879 жылы «Одақ» мүшелерінің көпшілігі тұтқынға алынды. Одан аман қалған Халтурин «Халық еркі» партиясымен және оның басшысы А. И. Желябовпен жақындасты. Ол кезде Қысқы сарайда ағаш шебері болып істеп жүрген Халтурин халық еріктілерінің ықпалымен патшаға қастандық ұйымдастырды; 1880 жылы 5(17) февральда патша сарайында жарылыс болды, алайда патшаның өзі де, оның семьясы да зардап шеккен жоқ. Полицияның қуғындауына түскен Халтурин Россияның оңтүстігінде революциялық жұмыс жүргізе берді. 1882 жылы ол өзінің жол-

дасы Н. А. Желваковпен бірге Одессада өзінің аса қаталдығымен аты шыққан әскери прокурор, генерал Стрельниковқа қастандық жасады. Қастандық жасау үстінде екеуі де тұтқынға алынып, әскери-дала соты оларды өлім жазасына кесті.— *265.*

Ц

Царев — қараңыз: Локерман, А. С.

Цедербаум, Ю. О.— қараңыз: Мартов, Л.

Цейтлин, Л. С. (Белов, Вейсман) (1877 ж. туған) — 1898 жылдан бастап Витебск социал-демократиялық жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болды. 1901 жылдан Москвада жұмыс істеді, «Южный рабочий» тобымен байланысты болды. 1902 жылы ноябрьде Москва комитеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Москва партия ұйымын қалпына келтіру жолында жұмыс істеді, «Искра» ұйымына қосылды. РСДРП II съезінде — Москва комитетінен делегат, центр позициясын ұстады; съезден кейін меньшевиктерге қосылды, Одессада, Москвада, Витебскіде жұмыс істеді. 1907 жылдан кейін белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Москва Советі жанындағы редакция-баспа бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейінгі кездерде редакция-баспа орындарында қызмет істеді.— *222, 231, 437—438, 441, 478, 479, 501, 508.*

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Германия Коммунистік партиясын құрушылардың бірі, дарынды жазушы, жалынды шешен әрі трибун. Революциялық қозғалысқа 70-жылдардың аяқ кезінен араласты, 1881 жылы Герман социал-демократиялық партиясына кірді, партия ол кезде астыртын жағдайда еді. 1882 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, Цюрихте орналасты, онда герман социал-демократиялық партиясының құпия органы «Der Sozialdemokrat»-қа («Социал-Демократ») белсене қатысып тұрды және оны Германияда таратуға көмектесті. Герман социал-демократиясының сол қанатында болған Цеткин Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге Бернштейн және басқа оппортунистермен күреске белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — революцияшыл интернационалист, социал-шовинизмге қарсы шықты. 1915 жылы мартта Бернде әйелдердің халықаралық социалистік конференциясын дайындауға белсене қатысты. 1916 жылы «Интернационал» тобына, содан соң «Спартак» одағына енді. 1919 жылдан — Германия Коммунистік партиясының мүшесі; партияның Орталық Комитетіне сайланды. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерн Атқару Комитетіне сайланды. Коминтерннің халықаралық әйелдер секре-

Ч

Ш

Съезден кейін Костромада және Иваново-Вознесенскіде жұмыс істеді, РСДРП Солтүстік комитетінің мүшесі болды, Петербургте және Одессада 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысты. 1911—1912 жылдары Фин социал-демократиялық жұмысшы партиясы, Гельсингфорс комитетінің құрамына енді; 1912 жылы Балтық флотындағы әскери ұйым туралы баяндаманы алып Париждегі В. И. Ленинге барды. РСДРП Орталық Комитеті Поронинода өткізген партия қызметкерлерінің «август» кеңесінде (1913) РСДРП Орталық Комитетінің және Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. 1913 жылы ноябрьде Екатеринославта тұтқынға алынып, Нарым өлкесіне жер аударылды. 1917 жылғы Февраль революциясына Томскіде қатысты, ал сол жылғы июньнен бастап партияның Петроград округтік комитетінің мүшесі болды, В. И. Лениннің Финляндияға өтуін ұйымдастырды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты, революциядан кейін — жауапты шаруашылық, совет және партия жұмыстарында істеді; 1923—1924 жылдары — Карел АССР Орталық Атқару Комитетінің председателі, 1926—1937 жылдары — Халық Шаруашылығы Жоғары Советінің кадрлар бөлімінің меңгерушісі және Бүкіл одақтық Орталық Атқару Комитеті Президиумының ерекше істер жөніндегі өкілі. Партияның XIII, XIV, XV және XVI съездерінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *231, 503.*

Шоуэр, М. М.— социал-демократ, искрашыл; 1900 жылы айдалу мерзімін Уфада өткізді, 1900 жылы жазда шетелге кетіп, Цюрихте тұрды; «Орыс революциялық социал-демократтары шетелдік лигасының» мүшесі болды, Лиганың II съезіне меньшевиктер жағынан қатысты.— *485.*

Штейн — қараңыз: Александрова, Е. М.

Э

Эльм (Elm), *Адольф* (1857—1916) — неміс социал-демократы, кооперация және кәсіподақ қайраткері, реформист, мамандығы — темекі өңдеуші жұмысшы. Герман кәсіподақтары жалпы бірлестігі лидерлерінің бірі, 1894—1906 жылдарда рейхстаг депутаты болды. Ревизионистердің органы «Sozialistische Monatshefte»-ге («Социалистік Әрайлыққа») қатысып тұрды, онда социал-демократияның революциялық программасы мен тактикасына қарсы күрес жүргізді. Эльмнің жұмысшы кооперациясы жөнінде 1910 жылғы Копенгагендегі халықаралық конгресте сөйлеген сөзі В. И. Ленин тарапынан қатты сынға алынды (қараңыз: Шығармалар, 16-том, 289—297-беттер).— *420.*

Эммануилов — қараңыз: Кореневский, М.

Эссен, М. М. (Зверев) (1872—1956) — социал-демократ әйел, искрашыл, РСДРП II съезінен кейін—большевик. Революциялық

Ю

Я

N

Z

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Сентябрь, 1903 — июль, 1904)

1903

1903 жылғы сентябрь — 1904 жылғы июль.	Ленин Женевада тұрады (1903 жылғы апрельдің аяғынан).
Сентябрьдің бірінші жартысы.	Ленин «РСДРП II съезі туралы әңгімені» жазады.
16 (29) сентябрь **мен 1(14)** *октябрь аралығында.*	Ленин фабрика старосталарының сайлауына бойкот жасауға байланысты Одессадан алынған корреспонденцияны «Искрада» жариялауға әзірлейді және осы корреспонденцияға редакциялық ескертпе жазады. Одессадан келіп түскен корреспонденция мен оған Ленин жазған редакциялық ескертпе 1903 жылы 1 октябрьде «Искраның» 49-номерінде жарияланды.
17(30) сентябрь.	Ленин А. М. Калмыковаға хат жазып, онда меньшевиктердің РСДРП II съезінен кейінгі іріткі салушылық әрекеттері туралы әңгімелейді.
21 сентябрь (4 октябрь).	Ленин Г. В. Плехановпен және Ф. В. Ленгникпен бірге Орталық Органда бірлесіп жұмыс істеудің шарттары туралы Л. Мартовпен, П. Б. Аксельродпен, А. Н. Потресовпен және В. И. Засуличпен келіс сөз жүргізеді. Келіс сөз нәтижесіз аяқталды.
22 сентябрь (5 октябрь).	Ленин Орталық Комитеттің мүшелері Г. М. Кржижановскийге және В. А. Носковқа жазған хатында меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеттері туралы хабарлап, олармен батыл күрес жүргізуге әзірленуді, комитеттерде

өз ықпалын нығайтуды ұсынады; көпшіліктің жақтастары Л. Е. Гальперин мен П. А. Красиковты Орталық Комитетке кооптациялауға кеңес береді.

23 сентябрь (6 октябрь).

Ленин Орталық Комитеттің атынан РСДРП II съезінің протокол комиссиясына съезде қабылданған программаның, ұйымдық уставтың және барлық қаулылар мен шешімдердің текстін жеткізіп беруді сұрап, хат жазады.

Ленин Орталық Орган редакциясының атынан Л. Мартовқа, сондай-ақ «Искраның» басқа да бұрынғы редакторларына «Искра» мен «Заряға» қатысып тұруға шақырып хат жазады.

26 сентябрь мен 13 октябрь (9 және 26 октябрь) аралығында.

Ленин Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясының меньшевиктік оппозицияның аса көрнекті өкілдеріне арналған үндеуінің жобасын жазады; мұнда оларды партиялық борышын атқаруға және орталық мекемелерге бойкот жасауды тоқтатуға шақырады; принципті алауыздықтарды партияның барлық мүшелері алдында шешіп алуды ұсынады.

27 сентябрь (10 октябрь).

Ленин «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» әкімшілігінің мүшесі Г. Д. Лейтейзенге жазған хатында Лиганың II съезін шақыруға қарсы екенін білдіреді.

27 сентябрь мен 13 октябрь (10 және 26 октябрь) аралығында.

Ленин Шетелдік лиганың екінші съезінде РСДРП II съезі туралы жасайтын баяндамасының жоспар-конспектісін әзірлейді, Орталық Комитеттің Лига мүшелеріне арналған нұсқау хатына және Лиганың ескі уставына өз қолымен белгілер салады, Лига мүшелерінің тізімін жасап, онда осы ұйымның алдағы съезінде большевиктер мен меньшевиктер күштері арақатынасының алдын ала есебін шығарады және т. б.

Сентябрьдің екінші жартысы — 22 октябрьге (4 ноябрьге) дейін.

Ленин «Искрада» редакторлық жұмыс атқарады, Россиядағы жұмысшы қозғалысы туралы, тұтқынға алынғандардың жағдайы туралы, фабрика старосталарын сайлау туралы және басқалар жайындағы бірқатар корреспонденцияларды қарап шығып, газетке жариялауға әзірлейді.

1(14) октябрь. «Искраның» 49-номерінде Лениннің «Асқан ұятсыздық пен болмашы логика» деген мақаласы жарияланды.

7(20) октябрь. Ленин Г. М. Кржижановскийге хат жазып, онда меньшевиктердің комитеттердегі іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы Орталық Комитеттің неғұрлым батыл қимылдауын талап етеді, Кржижановскийдің Женеваға келгені жөн болар еді деген пікір білдіреді, Л. Мартовты Орталық Комитетке кооптациялаудың В. А. Носков ұсынған жоспарын теріс деп санайтынын білдіреді.

Ленин Кавказ одағы комитетіне хат жазып, онда меньшевиктер жағына шығып кеткен Д. А. Топуридзені жұмыстан шығару туралы Одақ комитетінің шешімін мақұлдайды және партия көпшілігінің бағытын берік жүргізе беруге шақырады.

Ленин «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» мүшелеріне арналған ашық хатты жазуға қатысады және Лиганың мүшелері — 12 большевиктің қатарында бұл хатқа қол қояды. Хатта Лиганы қайта құрудың және жаңа уставты жасаудың қажеттігі көрсетілді, сондай-ақ Лига әкімшілігінің мүшесі Л. Г. Дейч тарапынан партиялық тәртіпті өрескел бұзушылыққа қарсы наразылық білдірілді.

13—17 (26—30) октябрь. Ленин «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» Женевада өткен II съезінің мәжілістеріне қатысады.

13(26) октябрь. «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» II съезінің бірінші мәжілісінде Ленин күн тәртібі жөніндегі жарыс сөзге қатысады. РСДРП II съезі туралы баяндама жайлы алдын ала ескертпелер жасап сөз сөйлейді, сондай-ақ жарыс сөздің барысы туралы ойларын жазып қояды.

14(27) октябрь. Ленин Лига съезінің екінші мәжілісінде партияның II съезі туралы баяндама жасайды.

15(28) октябрь. Ленин Лига съезінің үшінші мәжілісінде Мартовтың өз баяндамасында қолданған күрестің лайықсыз тәсілдеріне және ойдан шығарған өрескел өтіріктеріне қарсы батыл наразылық білдіреді; көпшіліктің жақтастары-

мен бірге Ленин съезд мәжілісін тастап кетіп қалады.

16(29) октябрь. Ленин Лиганың съезінде Мартов жасаған баяндамада большевиктердің атына айтылған жалақорлық айыптауларға қарсы жазбаша наразылықты (кейін «Тапсырылмаған мәлімдеме» деп тақырып қойылған) жазады.

Ленин Лига съезі төртінші мәжілісінің басында Мартовтың партияға жат тәртібіне байланысты партияның II съезі туралы баяндама бойынша жарыс сөзге қатысудан және қорытынды сөз сөйлеуден бас тартатынын білдіріп, мәлімдеме жасайды.

Бұл мәлімдемені Лигаға мүше большевиктер коллектив болып жазбаша наразылық білдіріп қолдайды, олар наразылықтарын білдірген соң съезд мәжілісін тастап кетіп қалады.

17(30) октябрь. Ленин Лига съезінің бесінші мәжілісінде Лиганың уставы туралы сөз сөйлейді. Ол Орталық Комитет бекіткенге дейін Лига уставы күшіне кіре алмайтынын атап көрсетеді. Съезд Лиганың уставын Орталық Комитеттің бекітуі міндетті емес деген Мартовтың қарарын қабылдаған соң Ленин көпшілікті жақтаушылардың атынан партия уставын мұндай өрескел бұзушылыққа қарсы наразылық білдіреді. Кешқұрым Шетелдік лига съезінің бесінші мәжілісінен кейін, Ленин Лигаға мүше большевиктердің Лига мүшелігіне өздері белгілеген 11 жаңа кандидатпен бірлескен жеке жиналысына қатысады. Жиналыс Женевада Ландольт ресторанының үйінде өтеді.

18 (31) октябрьдің кеші және 19 октябрьдің (1 ноябрьдің) таңертеңі. Ленин Ф. В. Ленгниктің және Л. Е. Гальпериннің көзінше Г. В. Плехановпен әңгімелесіп, мартовшылдардың айтқанына көнуге болмайтынына, ескі редакторлардың Орталық Органға кооптациялануына жол беруге болмайтынына оның көзін жеткізгісі келеді. Плехановтың меньшевиктерге икемділік жасағысы келген ниетіне байланысты Ленин өзінің «Искра» редакциясынан шығатыны туралы мәселе қояды.

19 октябрь (1 ноябрь). Ленин РСДРП Советінің мәжілісінде Шетелдік лиганың Орталық Комитетпен жанжалы туралы мәселе жөніндегі партия Советінің қаулысын әзірлеуге қатысады.

Ленин Г. В. Плехановқа хат жазып, одан мартовшылдардың айтқанына көнуден бас тартуды сұрайды және бұл көнгіштіктің партияға қандай үлкен зиян келтіретінін атап көрсетеді.

Ленин өзінің партия Советінің мүшесі және Орталық Орган редакциясының мүшесі міндетінен бас тартатыны туралы мәлімдемесін Г. В. Плехановқа тапсырады.

21 октябрь (3 ноябрь). Ленин Ф. В. Ленгникпен бірге Г. В. Плехановпен кездеседі. Плехановтың мартовшылдардың айтқанына көнгісі келетіні туралы мәлімдемесіне жауап ретінде Ленин өзінің Орталық Орган редакциясынан шығуға ұйғарған шешімін тағы да растайды. Ленин сондай-ақ Плехановқа, егер Орталық Комитеттің барлық мүшелерінің келісімі алынатын болса, өзінің РСДРП Орталық Комитетіне кіретінін хабарлайды.

22 октябрь (4 ноябрь). Ленин мен Ф. В. Ленгник Г. В. Плехановпен кездеседі; Плеханов оларға меньшевиктік оппозициямен бітімге келудің мартовшылдар ұсынған шарттары туралы хабарлап, Орталық Комитет тарапынан икемділік жасалуын талап етеді. Ленин мен Ленгник Плехановқа меньшевиктік шарттардың қабылдауға келмейтіндігін мәлімдеп, Орталық Комитеттің басқа мүшелерінің пікірін сұрап білудің қажеттігін атап көрсетеді. Нақ сол күні Ленин мен Ленгник Лиганың II съезіндегі және одан кейінгі оқиғалардың барысымен Орталық Комитеттің мүшелерін таныстыру жөнінде тапсырма беріп, И. Х. Лалаянцты Россияға жібереді.

Ленин Г. М. Кржижановскийге хат жазып, онда Г. В. Плехановтың меньшевиктер жағына ауғанын хабарлайды және Г. М. Кржижановский мен В. А. Носковтың Женеваға келуі қажеттігін көрсетеді.

Ленин Орталық Комитетке хат жазып, онда меньшевиктік оппозициямен бітімге келудің мартовшылдар ұсынған шарттарын хабарлайды және Орталық Комитетке меньшевиктерге өз шарттарын қоюды ұсынады.

«Искраның» 51-номерінде Лениннің «Бундтың партиядағы жағдайы» деген мақаласы жарияланады.

23 октябрь (5 ноябрь). Ленин Орталық Комитеттің мүшелері В. А. Носков пен Г. М. Кржижановскийге жазған хатында Орталық Комитеттің мартовшылдарға қарсы батыл күрес жүргізуі қажеттігін көрсетеді және осы күрестегі Орталық Комитеттің бағытын белгілеу үшін Кржижановский мен Носковтың мүмкіндігінше тезірек Женеваға келуін сұрайды.

24 октябрь (6 ноябрь). Ленин Г. В. Плехановқа хат жолдап, оған редакцияның барлық істерін өткізетінін және Орталық Орган редакциясының материалдарын жібергелі отырғанын хабарлайды.

24 немесе 25 октябрь (6 немесе 7 ноябрь). Ленин большевиктердің Женева тобының жиналысына қатысады, бұл жиналыс партиялық көпшілікке опасыздық жасағаны үшін Г. В. Плехановтың айыбын бетіне басып, оны сөккен болатын.

26 октябрь (8 ноябрь). Ленин Г. М. Кржижановскийге жазған хатында өзінің «Искра» редакциясынан біржолата шығатыны туралы хабарлайды, Орталық Комитет үшін, оны меньшевиктердің басып алуына қарсы күресу қажеттігін көрсетеді; Орталық Комитеттің неғұрлым ықпалды мүшелерінің шетелге келуін талап етеді.

28 октябрь (10 ноябрь). Ленин М. Н. Лядовқа хат жазады (хат жіберілмей қалған), онда Лига съезінде және съезден кейін болған күрестің барысын егжейтегжейлі суреттейді. Хатта Ленин большевиктердің енді Орталық Комитет үшін және тез арада партияның жаңа съезін шақыру үшін күресуі керек екенін айтады.

5 (18) ноябрь Ленин Г. В. Плехановқа «Халықшылданушы буржуазия және сасқалақтаған халықшылдық» деген мақаланы жібереді. Мақала 1903 жылы 1 декабрьде «Искраның» 54-номерінде жарияланады.

Ленин Орталық Органның редакциясына Г. В. Плехановқа 1903 жылғы 1 ноябрьден (жаңаша) бастап өзінің «Искра» редакциясынан шығатыны туралы мәлімдеме жібереді.

6—8 (19—21) ноябрь. Ленин Орталық Комитеттің құрамына кооптацияланады.

7 және 19 ноябрь (20 ноябрь мен 2 декабрь) аралығы.	Ленин «Искра» редакциясына хат жазады (Г. В. Плехановтың «Искраның» 52-номеріндегі «Не істемеу керек» деген мақаласы жөнінде). Хат 1903 жылғы 25 ноябрьде «Искраның» 53-номерінде жарияланады.
12 (25) ноябрь.	Ленин Орталық Комитеттің Женевадағы мәжілісіне қатысады. Лениннің ұсынысы бойынша Орталық Комитет ультиматумды талдап жасайды, онда меньшевиктердің алдына партияда татулық орнатудың шарттары қойылады.
14 (27) ноябрь.	Ленин Г. В. Плехановтың «Искра» редакциясына бұрынғы меньшевик-редакторларды кооптациялауына қарсы наразылық білдірген мәлімдеменің жобасын Орталық Комитеттің мәжілісіне ұсынады.
16 (29) ноябрь.	Ленин Орталық Комитеттің ұсынуы бойынша РСДРП Орталық Комитетінен партия Советіне кіреді.
Ерте дегенде 16 (29) ноябрь.	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік Лига әкімшілігіне, партияға көмектесу топтары мен партияның шетелде жүрген барлық мүшелеріне арналған хатының жобасын жазады. Хат, сірә, жіберілмеген болса керек.
20 ноябрь (3 декабрь)	Ленин Орталық Орган редакциясына екі хат жазады, онда өзінің ««Искра» редакциясына хатын» жариялауды кешіктірмеуді және бұл хатты газеттің 53-номерінде басып шығаруды сұрайды.
25 және 29 ноябрь (8 және 12 декабрь) аралығында.	Ленин меньшевиктік «Искраға» «Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?» деген ашық хат жазады, редакция бұл хатты жариялаудан бас тартқан соң, ол 1903 жылы декабрьде жеке листок болып шығарылады.
27 ноябрь (10 декабрь).	Ленин Россияға Орталық Комитеттің мүшелеріне жазған хатында партияның III съезін шақыру талабын ұсынады.
29 ноябрь (12 декабрь).	Ленин Орталық Орган редакциясына хат жолдап, онда меньшевиктік оппозицияның мүшелерін фракциялық күресті тоқтатуға шақырады.
5 (18) декабрь.	Ленин Г. М. Кржижановскийге хат жазып, онда Орталық Комитеттің жекелеген мүшеле-

рінің партияға іріткі салушы мартовшылдар жөніндегі ымырашылдық пиғылдарын қатаң сынға алады және партия съезін әзірлеуге дереу кірісуді ұсынады.

Кеш дегенде 9 (22) декабрь. Ленин Н. Е. Вилоновқа жолдаған хатында партия ішіндегі күрестің аса маңызды оқиғалары туралы, меньшевиктердің Орталық Орган редакциясын басып алғаны және олардың Орталық Комитетке қарсы бүлдіру әрекеттері туралы айтады.

9 (22) декабрь. Ленин Орталық Комитетке жазған хатында Орталық Комитеттің атынан комитеттерге жіберілген хабарға қарсы наразылық білдіреді; бұл хабарда шиеленіскен партиялық күрес сипай көрсетіліп, меньшевиктер жөнінде ымырашылдық саясат уағыздалған болатын.

11—14 (24—27) декабрь. Ленин Орталық Комитеттің шетелдік өкілінің атынан «Искра» редакциясына хат жазады. Онда Лениннің «Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?» деген хатына байланысты Орталық Орган редакциясы қабылдаған қарарға наразылық білдіреді.

17 (30) және 20 декабрь (1904 жылғы 2 январь). Ленин Орталық Комитетке хат жазып, онда партия съезін шақыру туралы мәселе жөнінде Орталық Комитет мүшелерінің позициясын анықтауды талап етеді және меньшевиктерге қарсы белсене күрес жүргізуге шақырады. Хат Россияға 1903 жылы 23 декабрьде (1904 жылы 5 январьда) жөнелтілді.

22 декабрь (1904 жылғы 4 январь). Ленин Г. М. Кржижановскийге жазған хатында Орталық Комитеттің Россиядағы жекелеген мүшелерін олардың ымырашылдық мінез-құлқы үшін қатаң сынға алады, меньшевиктерге қарсы аяусыз күрес жүргізуді және партия съезін шұғыл түрде шақыруды талап етеді.

26 декабрьден (1904 жылғы 8 январьдан) ертерек. Ленин Надежда Константиновна Крупскаямен және Ф. В. Ленгникпен бірге Женева маңындағы Салэв тауына саяхат жасайды.

26 декабрь (1904 жылғы 8 январь). Ленин мен Ф. В. Ленгник «Искра» редакциясына хат жазады; ол хат Орталық Комитеттің шетелдік өкілі Ленгниктің атынан жіберіледі. Хатта «партияның барлық мүшелеріне орта-

лық орындарды сынау еркіндігін беру» қажеттігі атап көрсетіледі.

Ленин анасы Мария Александровна Ульяноваға хат жазып, онда Салэв тауына саяхаттан алған әсерін ортаға салады, Сеченовтың «Ойлау элементтері» деген кітабын және орыс-француз сөздігін сатып алуын сұрайды.

Декабрьдің екінші жартысы. Ленин «Жаңа «Искраның» позициясы туралы заметканы» жазады.

Декабрьдің екінші жартысы — 1904 жылғы январь. Ленин «Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хат» деген кітапшаны қайта басып шығаруға әзірлейді, оған алғы сөз және соңғы сөз жазады.

Жылдың аягы. Ленин Сибирьде айдауда жүрген И. В. Сталинге хат жазады.

1903 жыл. Ленин Fr. Ueberweg. «Grundriβ der Geschichte der Philosophie». Berlin, 1876—1880. 3 Bde. (Фр. Ибервег. «Философия тарихының очеркі». Берлин, 1876—1880. 3-том) және Fr. Paulsen. «Einleitung in die Philosophie». Berlin, 1899 (Фр. Паульсен. «Философияға кіріспе». Берлин, 1899) деген кітаптар жөнінде конспект түрінде заметкалар жазады.

Ленин әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі ағылшын, неміс және француз кітаптарының тізімін жасайды, «Hand and machine labor». Vol. I—II. Washington, 1899. Thirteenth annual report of the commissioner of labor. 1898 («Қол және машина еңбегі». I—II том, Вашингтон, 1899. Еңбек жөніндегі уәкілдің он үшінші жылдық есебі. 1898) деген кітапты конспектілейді, P. Meuriot. «Les agglomérations urbaines dans l'Europe contemporaine». Paris, 1897 (П. Мёрио. «Осы заманғы Европадағы қалалық мекендер». Париж, 1897); «Summary of production by hand and machine methods» («Өндірістің машиналы және қол әдістерінің тізімі»); «Recensement général des industries & des métiers (31 octobre 1896)». Vol. I—II, IV—V. Bruxelles, 1900—1901 («Жаппай өнеркәсіп және қолөнер санағы (1896 ж. 31 октябрь)». I—II, IV—V том. Брюссель, 1900—1901) деген кітаптардан көшірмелер жасайды.

1903—1904 жылдар.	Ленин H. Rider Haggard. «Rural England. Being an account of agricultural and social researches carried out in the years 1901 & 1902». In two volumes. London, 1902 (Х. Райдер Хэгард. «Селолық Англия. 1901 және 1902 жылдарда жүргізілген ауыл шаруашылық және әлеуметтік зерттеулер туралы есеп». Екі том. Лондон, 1902) деген кітапты конспектілейді.

1904

4 және 10 (17 және 23) январь аралығында.	Ленин «Партия мүшелеріне» деген үндеудің жобасын жазады.
7(20) январь.	Ленин М. А. Ульяноваға хат жазып, одан 1904 жылы январьда Киевте тұтқынға алынған туыстары — А. И. Ульянова-Елизарованың, М. И. және Д. И. Ульяновтардың денсаулығын сұрастырады.
10(23) январь.	Ленин партия Советінің председателіне Советтің алда болатын сессиясына байланысты ресми хаттың текстін жазады. Хат Орталық Комитеттің шетелдік өкілі Ф. В. Ленгниктің атынан Плехановқа жіберіледі; Ф. В. Ленгник хаттың текстіне болмашы түзетулер енгізеді.
14(27) январь.	Ленин партия Советінің председателі Г. В. Плехановқа хат жазып, онда Советтің алда болатын сессиясының секретарьлығына Орталық Орган редакциясының Ф. И. Данды ұсынуына қарсы Орталық Комитет өкілдерінің атынан наразылық білдіреді.
15—17 (28—30) январь.	Ленин Женевада партия Советінің мәжілістеріне қатысады.
15 (28) январь.	Ленин партия Советінің бірінші мәжілісінде партияда татулықты қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы мәселені талқылауды ұсынады, осы мәселе жөнінде қарар жобасын енгізеді және бірнеше рет сөз сөйлейді.
16 (29) январь.	Ленин партия Советінің екінші мәжілісінде партияда татулықты қалпына келтіру туралы бірнеше рет сөз сөйлейді, бұл мәселе жөнінде жаңа қарардың жобасын енгізеді, күн тәртібі жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин Женевадағы партия кітапханасы мен архивін ұйымдастырушыларға көмек көрсетуге шақырып «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитетінен» деген үндеуді жазады.

17 (30) январь. Ленин партия Советінің үшінші мәжілісінде меньшевиктерді Орталық Комитетке кооптациялау туралы Г. В. Плехановтың қарарын Советтің қабылдауына қарсы Орталық Комитет өкілдерінің атынан наразылық білдірілген ерекше пікірді оқып береді; партияның III съезін шақыру туралы мәселені талқылауды ұсынады, бұл мәселе жөнінде бірнеше рет сөз сөйлеп, қарар жобасын енгізеді, партиялық әдебиетті шығару және басқа мәселелер жөнінде сөз сөйлейді.

Январьдың екінші жартысы — февраль. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітаптың дайындық жұмысына кіріседі (партияның II съезінің протоколдарын зерттейді, олардан көшірмелер жасайды, делегаттардың сөйлеген сөздерінің ерекше жерлерін белгілеп қояды, түрлі мәселелерді дауысқа қою кезіндегі дауыстардың бөлінуін есептеп шығарады және т. с.).

18 (31) январь. Ленин Орталық Комитетке жазған хатында негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік шешімдер қабылдаған партия Советі сессиясының нәтижелерін хабарлайды және Орталық Комитет мүшелерінің партия съезін дереу шақыру үшін батыл күресуін талап етеді.

Кеш дегенде 18 (31) январь. Ленин «Партияға» деген үндеудің жобасын жазады.

20 және 25 январь (2 және 7 февраль) аралығында. Ленин Орталық Комитеттің мүшесі Г. М. Кржижановскийге жазған хатында меньшевиктердің Орталық Комитетті басып алу қаупі жайында ескертеді және меньшевиктік Орталық Органның іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы жергілікті комитеттердің батыл қарсы шығуы қажеттігін көрсетеді.

25 январь (7 февраль). Ленин Орталық Комитеттің атынан Поляк социалистік партиясының Орталық Комитетінен РСДРП мен Поляк социалистік партиясы өкілдерінің конференциясын шақыру туралы Поляк социалистік партиясының ұсынысы

	жөнінде неғұрлым егжей-тегжейлі мәліметтер беруді сұрайды.
27 январьдан (9 февральдан) кешірек.	Ленин басталған орыс-жапон соғысы және болашақ революция туралы Женевадағы митингте сөз сөйлейді.
Январьдың аяғы.	Ленин В. В. Воровскиймен, С. И. Гусевпен, Н. Валентиновпен Н. Г. Чернышевскийдің творчествосы туралы әңгімелеседі.
Февральдың басы.	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Оңтүстік бюросын құру идеясын қолдайды және партияның III съезін шақыру қажеттігі туралы Одесса комитеті қарарының жобасын мақұлдайды.
3 (16) февраль.	Ленин орыс-жапон соғысы туралы РСДРП Орталық Комитетінің «Орыс пролетариатына» деген листогын жазады.
7 (20) февраль.	Ленин «Орыс революциялық социал-демократиясының Шетелдік лигасы екінші съезінің протоколдарына түсінік» деген кітапшаны әзірлеушілерге өзінің «Искра» редакциясынан кету себептерін баяндап хат жазады және бұл хатты «Түсініктің» қосымшасында басып шығаруды сұрайды.
	Ленин РСДРП Орталық Комитеті жанындағы кітапхана мен архив туралы В. Д. Бонч-Бруевич жасаған ережеге қол қояды.
13 (26) февраль.	Ленин Орталық Комитеттің шетелдік өкілінің атынан «Искра» редакциясына Орталық Комитеттің шетелдік бөлімінің жазысқан хат-хабарларын редакцияның басып алуына байланысты ресми наразылық жолдайды.
16 (29) февральдан ертерек.	Ленин мен Ф. В. Ленгник Россиядағы Орталық Комитеттің мүшелеріне партияның съезін дереу шақыру туралы мәселені шешуді, Орталық Комитетке П. А. Красиков пен П. Н. Лепешинскийді кооптациялауды және Орталық Комитеттің атқару тобын сайлауды ұсынып хат жолдайды.
Февраль.	Ленин Россиядағы Орталық Комитет мүшелеріне хат жазып, онда олардың ымырашылдық позициясын қатаң сынға алады, жікке бөліну

	мен берекесіздік жағдайынан шығудың бірден-бір жолы партияның III съезін шақыру болып табылатынын атап көрсетеді, Орталық Комитетті партияның ішкі саясатында батыл бағыт ұстауға және меньшевиктерге қарсы бітіспес күрес жүргізуге шақырады.
Февраль — май, 6 (19) майдан ертерек.	Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабын жазады.
1 (14) март.	Ленин партия Советінен уақытша шығатыны туралы мәлімдейді.
9 (22) март.	Ленин социал-демократтардың Женевадағы жиналысында Париж Коммунасы туралы баяндама жасайды.
Март.	Ленин Россиядағы жергілікті партия қызметкерлеріне РСДРП III съезін тез арада шақыру қажеттігі туралы хаттар жазып, ол хаттарды М. Н. Лядов арқылы жөнелтеді.
Март — апрель.	Ленин партия уставын оқып-үйрену жөніндегі социал-демократиялық үйірмеге басшылық етеді.
2 (15) апрель.	Ленин партияның Орталық Комитеті мен Орталық Органының қолы қойылып шыққан Бірінші май листогының жобасын жазады.
6 (19) май.	Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін (Біздің партиямыздағы дағдарыс)» деген кітабы баспадан шығады.
13 (26) май.	Ленин Орталық Комитеттегі алауыздықтардың шиеленісуі жөнінде Орталық Комитеттің мүшелеріне хат жазады. Хатта ол өзінің партия Советіне оралатыны жөнінде хабарлайды.
	Ленин «Орталық Комитеттің үш мүшесі мәлімдемесінің» текстін жазады, бұл мәлімдеме бойынша В. А. Носков (Глебов) пен Лениннің арасында барлық жағдайда тек ортақ келісім бойынша және бірлесіп қол қою арқылы ғана Орталық Комитеттің атынан қимыл жасауға келісілген болатын. «Орталық Комитеттің үш мүшесінің мәлімдемесі» Носковтың, М. М. Эссеннің (Зверевтің) және Лениннің қолдары қойылып, Россияға РСДРП Орталық Комитетінің барлық мүшелеріне жіберіледі.

	Ленин Ф. В. Ленгникке жазған хатында Ленгник пен Р. С. Землячканың Орталық Комитеттің құрамынан шықпауын және Орталық Комитеттің ішінде большевиктер бағытының жеңісі үшін күресуін талап етеді.
Ерте дегенде 13 (26) май.	Ленин Орталық Комитеттің мүшелері Г. М. Кржижановский мен Л. Б. Красинге хаттар жазып, оларды партия өмірінде болып жатқан оқиғалардың жай-жапсарын анықтап білуге және меньшевиктерге қарсы күресте принципті позиция ұстауға шақырады.
15 (28) майдан кешірек.	Ленин «Партияға» деген үндеудің жоспарын жазады.
31 май мен 5 июнь (13 және 18 июнь).	Ленин партия Советінің мәжілістеріне қатысады.
31 май (13 июнь).	Ленин партия Советінің бірінші мәжілісінде партия аралық конференция туралы, халықаралық социалистік конгрестегі РСДРП-ның өкілдігі туралы сөз сөйлейді; жарыс сөздердің барысында ескертпелер жасайды.
5 (18) июнь.	Ленин партия Советінің екінші мәжілісінде комитеттерге кооптация жасау туралы және Орталық Комитеттің оларға жаңа мүшелер енгізу правосы жөнінде, РСДРП III съезін шақыру туралы мәселені шешкен кезде дауыс беру тәртібі туралы, «Рассвет» газеті жайында, партия Советі мәжілістерінің протоколдарын жариялау және басқа мәселелер туралы сөз сөйлейді.
Май немесе июнь.	Ленин А. А. Богдановқа оның «Эмпириомонизм» деген кітабын сынап хат жазады.
6 (19) июнь.	Ленин Россияға, Орталық Комитеттің мүшелері Ф. В. Ленгник пен Е. Д. Стасоваға жазған хатында Орталық Комитеттің шетелде шақырылмақ болып отырған пленумы туралы сұрастырады және пленумда ымырашылдардың үстем болуы мүмкіндігіне қарсы шаралар қолдануды өтінеді.
Кеш дегенде 8 (21) июнь.	Ленин, Н. К. Крупская және М. М. Эссен қала сыртына саяхат жасайды: олар пароходпен Монтрёге дейін барады, Шильон замо-

гында болады, Дан-дю-Миди төбесіне көтеріледі.

11 немесе 12 (24 немесе 25) июнь. Ленин Орталық Комитеттің мүшесі, ымырашыл Носковтың «Искра» редакциясына кіру және Орталық Комитетке екі меньшевикті кооптациялауға келісім беру туралы ұсынысын қабылдамай тастайды.

12 немесе 13 (25 немесе 26) июнь. Ленин мен Н. К. Крупская Швейцарияны аралауға саяхатқа шығып, Женевадан Лозаннаға барады.

12 немесе 13 июньнен 20 июньге (25 немесе 26 июньнен 3 июльге) дейін. Ленин мен Н. К. Крупская Лозаннада дем алады.

20 июнь (3 июль) — июльдің бірінші жартысы. Ленин Н. К. Крупскаямен бірге Швейцарияны аралап, саяхат жасайды: олар Лозаннадан Монтрё жағына барады, Монтрё үстіндегі тауға шығады, Рона аңғарына түседі, өзеннің жоғарғы жағына барады, Гемми асуы арқылы Оберландқа өтіп, Бриенц көліне дейін жетеді, бірнеше күн Изельтвальдте аялдаған соң саяхатты одан әрі жалғастырады.

25 июнь (8 июль). Ленин Фрутигеннен М. А. Ульяноваға Кандерштегтің көрінісі бар открытка жібереді.

3 (16) июль. Ленин мен Н. К. Крупская М. А. және М. И. Ульяновтарға Бриенц көліндегі Изельтвальдтің көрінісі бар открытка жібереді.

7 (20) июль. Ленин мен Н. К. Крупская М. А. Ульяноваға Кіші Шейдегтің және Юнгфраудың көрінісі бар открытка жібереді. Открыткада Ленин өздерінің Юнгфрауға баратын жаңа жолда болғанын және Мейринген арқылы Люцернге бара жатқанын хабарлайды.

13 (26) июль. Ленин Женевадағы В. Д. Бонч-Бруевичке большевиктердің шетелдегі жұмысының кезектегі міндеттері туралы хат жазады, меньшевиктермен қарым-қатынаста бұрынғы тактиканы ұстау қажеттігін көрсетеді.

15 (28) июль. Ленин Брунненнен Женеваға ресми хабар жолдап, онда В. И. Ленин мен В. А. Носков

болмаған уақытта Орталық Комитеттің шетелдік өкілдерінің уәкілдік правосын Орталық Комитеттің шетелдік агенттерінің коллегиясына (П. Н. Лепешинскийге, В. Д. Бонч-Бруевичке, М. Н. Лядовқа) беру туралы ұсыныс жасайды.

22 немесе 30 июль (4 жэне 12 август) аралығында. Ленин II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктердің баяндамасын әзірлеу жұмысына басшылық етеді, баяндаманың жоспарын белгілейді, баяндаманы жазуға қатысып, оны түгел редакциялап шығады.

28 июль (10 август). Ленин РСДРП Советінің секретары Л. Мартовқа жазған хатында II Интернационалдың Амстердам конгресіне Мартов ұсынған кандидатуралар: Л. Г. Дейчке, В. И. Засуличке және Ф. И. Данға дауыс беруден өзінің бас тартатынын мәлімдейді; конгресте Советтің барлық мүшелерінің өкілдігі жөнінде партия Советінің шешімі болғаны туралы еске салады және өзінің орнына М. Н. Лядов пен П. А. Красиковты жіберуді ұсынады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Л е н и н, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1975.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы).

Т. 8. Сентябрь 1903 -- июль 1904.
732 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған:
В. В. Горбунов

Дайындаушының көмекшісі *Б. М. Яковлев*

Есімдер көрсеткішін дайындаған:
Т. М. Зеленов

Әдебиет көрсеткішін дайындаған:
Н. Е. Перова

Редактор: *К. А. Остроухова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 19/VIII-1974 г. Подписано к печати 15/VIII 1975 г.
Формат 84×108¹/₃₂. Физ. печ. л. 45,75+1 вклейка ¹/₁₆ печ. листа.
Усл. печ. л. 38,45. Учетно-изд. л. 34,25.
Тираж 15000 экз. Цена 65 коп. Бумага тип. № 1.

Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 2084. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул., Пастера, 39.